





**ЖАМБЫЛ**



1 кв. - 1.2  
 1 кв. 0.3  
 0,25 кв. 1.6.4  
 1 кв. - 5

Бел. кв.

В2-31-83 Мелкобуквенный Цепной

Вальцовый

Совин ст. 1  
ст. 1.2

Мелкобуквенный Цепной

Бухгалтерия КО-41-01 Уша  
 Александровна

Г1-31-57






Жамбыл Жабаев  
(1846—1945)

*Н. Карловскийдің суретінен*









## ШЫҒАРУШЫЛАР АЛҚАСЫНАН




амбылдың бұл толық шығармалар жыйнағы ұлы ақынның туғанына 100 жыл толу мерекесіне арналып шығарылып отыр.

Жамбылдың өлең жырлары мен оның ақындық есімі 1931-жылға дейін көп мәлім емес еді, тек 1924-жылы Сарыбаев Шамғали Жетісудағы ақын, жыршылар туралы жазған қысқа мақаласында („Терме“—әдебиет құрамы, 1924-жыл, Ташкент) Жамбылдың өмірімен шығармалары жайлы біраз мәлімет берген.


Одан соң 1931-жылы басылған „Қазақ әдебиетінің нұсқалары“ (Алматы) деген кітапта Жамбыл мен Құлмамбеттің айтысы қысқа түрде басылған (өзгерістері осы кітаптың комментариясында айтылады). „Жастар алдындағы сөз“ деген шағын бір жыры 1934-жылы „Лениншіл жас“ газетінде жарияланған, одан кейінгі бірқатар өлеңдері „Сталинге арналған жыры“ деген кітапшда басылды (1936-жыл, Алматы).

Әртүрлі жыйнақтарда, журнал, газеттерде басылғаны да комментарияда көрсетілді. Өз алдына жеке кітап болып шыққан Жамбылдың басты-басты өлеңдер жыйнағы мыналар:

1. „Жамбылдың өлеңдері“ Қазақстан Көркем Әдебиет Баспасы, 1937-жыл, Алматы, қазақ тілінде.

- 
2. „Песни и поэмы“ 1937 г., КИХЛ Алма-Ата. Орыс тілінде.
  3. „Песни и поэмы“, Москва, „Советский писатель“, 1937 г. Орыс тілінде.
  4. „Жамбыл“ (өлең-жырлары). Жамбылдың ақындығына 75 жыл толу тойына арналған жыйнағы. Қазақстан Көркем Әдебиет Баспасы, 1938-жыл, Алматы — Москва, қазақ тілінде. Редакциясын басқарған Жақан Сыздықов жолдас.
  5. „Песни и поэмы“, перевод П. Кузнецова. Москва, Гослитиздат, 1938 г. Орыс тілінде.
  6. „Путешествие на Кавказ“, Гослитиздат, Москва, 1938 г. Орыс тілінде.
  7. „Стихи и песни“ Издат. „Правда“, 1938 г. Орыс тілінде.
  8. „Суранши батыр“ — Поэма және өлеңдер. ССРО Ғылым Академиясының филиалы бастырған, Қазақстан Көркем Әдебиет Баспасы, Алматы, 1939-жыл. Редакциясын басқарып, кіріспе сөз жазған Е. Исмаилов жолдас, қазақ тілінде.
  9. „Жамбыл шығармалары“, I том, ССРО Ғылым Академиясының Қазақстандық филиалы бастырған. Қазақстан Көркем Әдебиет Баспасы. Ақынның өмір тарихы мен түсініктерді жазған Е. Исмаилов жолдас. 1940-жыл, Алматы, қазақ тілінде.
  10. „Суранши батыр“ — поэмы и стихи, Алма-Ата, КИХЛ, 1940 г. Орыс тілінде.
  11. „Болат төнды батыр“ — Қазақтың Біріккен Мемлекет Баспасы, 1941-жыл, Алматы, қазақ тілінде.
  12. „Майдан жыры“, Қазақтың Біріккен Мемлекет Баспасы, 1942-жыл, Алматы, қазақ тілінде.
  13. „Атынбас қамал“, ССРО Отан Қорғау Халық Комиссариатының баспасы, Москва, 1943-жыл, қазақ тілінде.
  14. „Песни войны“, Гослитиздат, Москва, 1944 г. Предисловие С. Муқанова. Орыс тілінде.
  15. „Камал бұзған қаһарман“, Қазақтың Біріккен Мемлекет Баспасы, 1945-жыл, Алматы. Редакциясын басқарған Ә. Тәжібаев, қазақ тілінде.






Ұлы ақынның бұрынғы басылғандары мен осы жыйнақта басылған шығармаларының арасындағы болған бірлі-жарым өзгерістер, қосымшалар туралы кітаптың соңына берілген комментарияда түсіндірілді. Өлеңдердің жеке сөздеріне арналған түсініктер кітаптың әр бетіне,\*\*\* таңбаларымен берілді, ал, әрбір өлеңдері туралы түсініктер кітаптың аяғына берілді, оған арап цифры таңбалары алынды.

Жыйнақ негізгі 6 бөлімнен құралды. Бірінші бөлімге Жамбылдың революциядан бұрынғы өлеңдері енді. Екінші бөлімге айтыстары берілді. Бұл екі бөлімге негізінен революциядан бұрынғы, баспа жүзінде жарияланбаған шығармалары кіріп отыр. Үшінші бөлім — революциядан кейінгі өлеңдері (1920—1940). Төртінші бөлім — Ұлы отан соғысы кезіндегі шығармалары (1941—1944). Бесінші бөлімге дастандары берілді. „Менің өмірім“, „Менің бахытым“ деген Жамбылдың өз өмірі туралы қара сөз араласқан ұзақ өлеңі де осы дастандар бөліміне берілді. Алтыншы бөлімге Жамбыл шығармалары мен кісі аттарына берілген түсініктер енді.

Жамбылдың революциядан бұрынғы шығармаларының көбінің айтылған жылдары белгісіз, шамамен ғана берілгендіктен жыл белгілері қойылмады. Жыйнақтың соңындағы түсініктерде ол өлеңдердің айтылу мерзімін шамамен көрсетіп отырдық.

Жыйнақты баспаға дайындағандар: Жамбылдың әдеби хатшысы **Ғали Орманов**, Қазақ ССР Ғылым Академиясы Тіл, Әдебиет Институтының ғылыми қызметкері **Бозтай Жақыпбаев**, **Мәриям Хакімжачова**; соңғы екі жолдас бұрынғы басылған кітаптарымен осы жыйнақтың текстерін салыстырып, жеке сөздеріне түсінік жазып, жөндеп шықты. Кіріспе сөзді жазған — **Сәбит Мұқанов**. Кітапқа жаңа кірген өлеңдер туралы бір қатар мәліметтер берген — **Ғали Орманов**. Жамбыл шығармаларына жалпы түсініктерді (комментарияны) және кісі аттарына берілген түсініктерді жазғандар: филология ғылымының кандидаты **Есмағамбет Исмаилов** пен Қазақ Мемлекеттік Университетінің аспиранты **Құрман Тұрғанбаев**.

Жалпы редакциясын басқарған **Әбділда Тәжібаев**.



дан» бастап, Советтер Одағындағы барлық тілдегі газеттерде басылып отырды.

Жәкеннің аузынан шыққан жырлардың бәрі 1936-жылдың бер жағында ғана түгел жазылып отырды. «Туған елімді» ең алғаш жазып алған—қазақтың белгілі ақыны Әбділда Тәжібаев. Одан кейін, 1936—1938-жылдары үнемі Жәкеннің қасында боп, жырларын жазып отырған ақынымыз—Қалмақан Әбдіқалыров. 1938—1940-жылдардың арасында Жәкеннің шағымаларын ақын Тайыр Жароков жазып ап жүрді. 1940-жылдан бастап, Жәкен дүниеден көзін жұмғанша үнемі қасында боп, барлық жырларын жазып отырған ақынымыз—Ғали Орманов.

1936—1941-жылдардың арасында Жәкеннің барлық жырларын орыс тіліне аударған Павел Николаевич Кузнецов. Осы еңбегі үшін 1940-жылы П. Н. Кузнецовқа «Хұрмет белгісі» ордені берілді. 1941-жылдың июнь айында П. Н. Кузнецов өзі тіленіп майданға кеткеннен кейін, Жәкеннің Отан соғысына арналған барлық өлеңдерін орыс тіліне Марк Аркадьевич Тарловский аударды.


Жәкеннен 1936-жылы жазылып алынған жырдың саны—16, өлең жолы—1350 шамалы; 1937-жылы жазылып алынған жырдың саны—40, өлең жолы—4500 шамалы, солардың ішінде «Клим батыр», «Өтеген батыр» сыяқты ұзақ екі поэма бар.

Бұл шифрлардан көрінетін нәрсе: егер жазып алушы кісі болса, Жәкеннің жырды қалай өндіріп айтатындығы еді. 92 жасында, бір жылда 4500 жолдай жыр айтқан Жәкен, 25, я 30 жастарында бір жылда қанша жыр айта алатынын шамалауға болады.

Біздің бұл арада айтайын деп отырғанымыз: Жәкеннің қай жылда қанша жыр айтқанын есептеу емес, оның революциядан бұрын, тіпті 1936-жылға дейін айтқан жырларының көбі ұмытылғанын оқушы көпшіліктің есіне салу.

1936-жылдан бастап, газеттерде басылуынан басқа, қазақ, орыс және Советтер Одағындағы басқа бауырлас елдер тілінде Жәкеннің жырларының жыйнақтары кітап боп шыға бастады. Бірақ, бұл жыйнақтардың көпшілігінде Жәкеннің Совет өмірінен алған жырлары ғана басылды да, революциядан бұрынғы жырлары басылмады. Сондықтан, Жәкеннің оқу-





шылары «бұл Жамбыл революциядан бұрын не айтқан?»—деген сыяқты заңды сұраулар беріп жүрді.


Бұл сұрауға қазақ тілінде бірінші жауап — 1940 жылы берілді. Осы жылы ССРО Ғылым Академиясының Қазақстандық филиалының Жамбыл атындағы тіл-әдебиет секторы Жәкеңнің жырларының I томын жариялады. Бұл томға, бірінші рет Жәкеңнің бұрын баспаға шықпаған, революциядан бұрынғы бірнеше ұсақ өлендері, айтыстары, дастандары кірді; Жәкеңнің революциядан бұрынды-соңды шығарған жырларының көбіне комментария берілді. Томның басына бірінші рет Жәкеңнің өмір баяны жарияланды.

Бұл томның Жәкеңнің өмірін және шығармаларын тануда маңызы зор. Бірақ, сонымен қатар, кемшілігі: ең алдымен, өмір баянының материалы жеткіліксіз, кей жерде үстірт, шалағай болуы; екіншіден, «I том» деп аталмағанмен, II томға кіретін материалдардың филиалдың қолында жоқтығы; үшінші, революциядан бұрынғы жырлардың, әлі де болса, аз жыйналғаны еді.

1936-жылдан бастап, Жәкеңнің революциядан бұрын да, соң да шығарған жырларын жыйып алу міндеті түгелімен Қазақстан Жазушылар Одағына жүктелді. Жәкеңнің жырларын жазып алуға Жазушылар Одағының Әбділда, Қалмақан, Тайыр, Ғали сыяқты қазақ жазба поэзиясының көрнекті ақындарын бөлуі де осыдан. Жоғарыда айтылған I томға кірген материалдар түгелімен сол төрт ақынымыздың жазып алғандары деуге болады.

I том жарияланғаннан кейін, ондағы олқылықты көрген Жазушылар Одағы Жәкеңнің өмір баяндық материалдарын жыйнай түсуге, революциядан бұрынғы жырларынан Жәкеңнің есінде қалғанын жазып алуға кірісті.

Осы игілікті жұмыс бастала бергенде, Ұлы Отан соғысының өрті лаулап жүре берді. Отаншыл ақын — Жәкең, жасым 96ға келді деп отырмады, жастың қайратын бойына жыйнап, Отан қорғау темасына жыр артынан жыр шығарды да отырды. Ескі жырларын еске түсіруге ақында уақыт болмады. Сондықтан, соғыс жылдарында Жәкеңнің қасында болған ақынымыз Ғали Орманов уақытының көбін Жәкеңнің соғыс темасына шығарған өлендерін жазып алуға жұмсап,



революциядан бұрын, я 1936-жылға дейін айтқан жырларын жазып алуға уақытты аз тапты.

Әйткенімен, Ғалидың табысы да аз болған жоқ. Ол Жәкеннің революциядан бұрын айтқан ұсақ жырларынан 40 шақтысын жазып алды; Айкүміспен айтысын, Нұриламамен ақындардың айтысын және Жамбылдың берген төрелігін тапты. Булардың бәрі—Жәкеннің ақындық бейнесін айқындай түсуге аса қажетті материалдар. Сонымен, 1946-жылы, Жәкеннің 100 жасқа толу мерекесінің қарсаңында шыққалы отырған Жәкен жырларының бір томдығы, ақынның әзірге толық жыйнағы. Бұл жыйнаққа ақынның Отан соғысына арнаған барлық өлеңдері де кірді.

Әрине, мұнымен Жәкеннің жырлары түгел жыйналып болды,—деуге болмайды. Ел арасында шашыраған оның өлең-жырлары әлі де көп болуы керек, оларды жыйнау—әлі аяқталмаған міндет.

Жәкен ақындығының үстіне зор әңгімеші кісі еді. Қазақ елінің, көршілес шығыс елдерінің басынан өткен кейбір қызғалықты оқыйғаларды айтқанда, тыңдаушылар көркем повесть, я роман оқығандай кұмары қанып отыратын. Бірақ, зор өкініші сол—әңгімелердің ешқайсысы жазылып алынбады. Егер осы әңгімелерді, я Жәкен ертеде айтатын ұзақ поэмаларды білетіндер болса, оны жазып алу, — аса қымбатты еңбек болар еді.


Оқушы көпшілікке ұсынылып отырған бұл еңбектің алдына қойған міндеті — ақын туралы жыйналған мәліметтерге сүйене отырып, оның ата тегімен, өмір баянымен, ақындық қызметімен қысқаша таныстыру.

## II

### ЖӘКЕННІҢ ӨМІРІ ТУРАЛЫ

Жамбылдың әкесі Жапа орта дәулетті болған деседі. Жапаның тұсында Жетісудағы Ұлы жүз (Жәкеннің руы—Үйсін, Үйсін ішінде Шапырашты, оның ішінде азғана тұқым Екей аталады) Қоқан хандығына бағынып тұрған. Ол кездің ханы Құдыяр аса қыянатшыл жауыз болады. Құдыярдың ха-





лыққа көрсеткен қорлығы, Жәкеңнің «Сураншы батыр» деген поэмасында толық сыпатталады.

Қоқан қорлығына шыдамаған Ұлы жүз елі көтеріліс жасағанда, Жәкеңнің әкесі Жапа ерлігімен көзге түскен батыр жігіттердің бірі болады.

Жапаның Ұландай дейтін әйелінен үш ұл туған: Тәйтi, Жамбыл, Коман.

Жәкең Шу өзенінің бойындағы Жамбыл тауының етегінде туғандықтан, әкесі атын Жамбыл қойыпты. «Жамбыл» монғолша «сарай» деген сөз болса керек, Жамбыл тауы да, барлық Жетісу өлкесі де XIX ғасырға шейін монғол және түрік тұқымдас рулардың кезек жауласып алған жері болған.

Тентек атанған бала Жамбыл, кішкене күнінде әкесі Жапа ауылдағы молдаға сабаққа берем дегенде, қашып ұстатпай жүреді. 17 жасқа келгенде жақсы көретін ағасы Тәйтiнің өтінішімен Жәкең молдаға сабаққа барады. Қадим оқуының барлық молдалары сыяқты, бұл молда да оқытқан балаларын дүрелейді екен. Сол дағдымен дүреге жыққанда, Жәкең молданы боқтайды да, кетіп отырады.

— Бұл жолы бетіммен қашпай арызымды әкеме өлеңмен айттым,—дейтін еді, Жәкең.


Жәкең бұл өлеңінде, әкесінен «оқуға бар деме» деп өтінумен қатар, бойында ақындық дарын барлығын, енді осы жолға түсуіне рұхсат етуін сұрайды.

— Әкем ақын болғанымды ұнатпады,—дейтін Жәкең, «оқуға бармасаң барма, бірақ ақын болмай-ақ қой» деді. Неге деп ем, «Екейде елу бақсы, сексен ақын» деген атақ аз боп жүр ме? Сексен бірінші боп қайтесін», деді.

— Содан кейін сабаққа бармадым,—дейді Жәкең,— өмір бойы әліпті таяқ деп білмейтін боп қалдым. Бірақ, ақындыққа құмартудан тынбадым. Әкемнен жасырып, ауыл арасында қыз-қырқынмен айтыса бердім.

Бір күні Жәкеңнің ауылына қазақ халқына белгілі, атақты Сүйімбай ақын келеді. Оның келуіне себеп: осы кезде, Екей руынан Айдос баласы Сарыбай деген шығып, бытыраған Екейді жыйнауға кіріседі.

Жетісу елін патша өкіметі XIX ғасырдың 50-жылдарында



басып алған ғой. Осы жорықты бастаған генерал Қолпаков-скийге Сарыбай жәрдемші боп, біраз елді жанжалсыз бағындырған екен, сол себепті Қолпаковскиймен жақын болған екен. Сол жақындығына сүйеніп, Сарыбай бытыраған руы — Екейді жыйнайды да, қазіргі Узынағаш деревнясы мен Қараыстақ деген өлкенің екі арасынан ол араны бұрын мекендеген Ескожа руын сырғытып, қоныс алады. Ескожа жерін бергісі келмегенмен, Қолпаковскийге сүйенген Сарыбай, белдесіп келгенде, шыдатпай, жеңе береді. «Алты қасқыр андай шабады, ақсақ қасқыр жандай шабады» деген мақал осы кезде шығады. Алты қасқыр — Ескожаның ру басы алты адамы болса керек. Ақсақ қасқыр — Сарыбай еді, деседі, Сарыбайдың оң аяғы ақсақ екен. Сарыбайдың баласы Қыйсыбаймен қалжындап айтысканда, Жәкен —

Қыйсыбай, әкең де ақсақ, шешен де ақсақ,

Екі ақсақтан туысың сен боп жақсы-ақ, —

деп мысқылдайды.

Сүйімбай (1827—1895) ақын, ақындығының үстіне, елге беделді, тоқтаулы адамның бірі болса керек. Алғашқы кезде ол Сарыбаймен бақ-күндестеу, араздау боп жүріпті. Екеуін шақырып ап татуластырып, елді бірігіп жыйнағандар деуші Дүйсен деген кісі екен дейді.

Бытыраған Екейді жыйнап жүріп, Сүйімбай Жапаның үйіне кеп қонғанда, Жапа «осы елге үйреніп қалып ек, қалай көшеміз» деп толқыйды, сонда, 18 жасар Жамбыл: кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол деген емес пе, әке? Көшейік, — депті.


Көнген Жапаны Сүйімбай көшіріп әкеп, Майтөбе деген жерге орналастырыпты. Сол арада Жапа ауылы 1930-жылы ел колхоз болғанға дейін отырып, колхоз болғанда, қасына жылжып қонады.

Ақын болам деуге әкесінен бата алмай, Жәкен, ауылы Майтөбеге кеп орныққаннан кейін, көбіне Сүйімбайды сағалап, соның қасына еріп жүреді де, ол кезде бүкіл Екей руына аға болған Сарыбайға 20 жасында кеп өленмен арыз айтады. Арызында өз тұсындағы адамдарының әр түрлі кесіпте екенін айта кеп, аяғын:

Қайсысың маған соның еп көресіз?

Әкетсем өзім тандап өкпелерсіз.





Сүйекемнің сүйгенін ойласаңыз,  
«Өлең болсын серігің» — деп берерсіз, —  
деп бітіреді. Сарыбай бұл тілегін қабылдап, Жапаға: «балаң  
ақын екен, бетін қақпа» — дейді. Сол күннен бастап, Жәкең  
ақындық жолға біржола түседі. Бірақ, бұл жолында ол өз  
бетімен кете бермей, Сүйімбайды ұстаз етеді, одан үйренеді.  
Жаныс деген ақынға —

Меңің пірім — Сүйімбай,  
Сөз сөйлемен сыйынбай,  
Сырлы, сұлу сөздері  
Маған тартқан сыйындай —


дейді, Жәкең.

Еңбекші семьяда туып, болашақта мандайына халық  
ақыны болу жазылған Жәкеңнің Сүйімбайды пір тұтуы —  
жәй тұту емес.

Ақын атаулының бәрі бір қалыпта болмаған, олардың  
ішінде байлардың асына ар-намысын сатып, байды мақтап  
тамақ асырайтындары да болған, байлардың, әкімдердің  
мінін бетіне айтып, халық мұңын жоқтаушылар да болған.  
Сүйімбай соңғы жүйеге жатады. Бір мысал алайық: Сүйім-  
байдың тұсында бүкіл Жетісу өлкесін Тезек төре Абылай-  
ханов билеген. Осы Тезек амандаспақ боп үйіне сұраусыз  
кіріп барған Сүйімбайды сабатпақ болғанда, Сүйімбай:

Келіп едім, хан Тезек, көрейін, — деп,  
Пайғамбардың сәлемін берейін, — деп,  
Аттандырған екі ұрын жылқы ап келмей,  
Хан, тұлғанып тұрмысын өлейін, — деп?  
Кесіп алсаң, бас міне, батыр Тезек,  
Өлмейтұғын адам жоқ темір өзек.  
Сәлемге келген жанды қыра берсең,  
Ұры төре, саған да келер кезек...  
Атандың осы күнде Тезек төре,  
Елден жылқы қоймаған кезеп төре,  
Телі менен тентекті тыяд десе,  
Өзің ұрлық қыласың әттегене...  
Ұрыларын басымды кесіп алар,  
Қанжығаға өткізіп тесіп алар,  
Шапырашты, Дулатым қаптап кетсе,  
Отыз үйлі төренің несі қалар!.. —

депті. Тезек Сүйімбайдан қаймығып, қабылдап, өле-өлгенше  
сыйлап өтіпті.



Сүйімбай Тезекті ғана емес, халықты қанаушылардың бәріне осылай қарсы боп өткен, үнемі бұқарашылдық бағытта болған ақын. Жәкеннің жасынан халықшыл, қанаушы тапқа қарсы боп өсуіне Сүйімбайдың әсері ерекше тигенін Жәкен айтып отыратын, «оны пірім дейтінім, басында мені бай мен манапқа қарсы баулып өсірген Сүйекең» — дейтін.

Сүйімбайды пір тұтып, 15 жасынан ақындық майданына түскен Жәкен 99 жасқа кеп өлгенше әлеумет тұрмысына өлеңнен басқа іспен араласпаған, сондықтан, Жәкеннің 15-тен кейінгі өмір баянын біз, көбінесе, оның ақындық тұрғысынан іздейміз.

Жапа—малжандылау, саран кісі болса керек, сондықтан, үлкен ұлы Тәйтіні үйлендіріп, Жамбылға көп уақытқа дейін қалың бере қоймайды. Осы кезде Жәкен көрші ауылдағы Қадыр дегеннің Бұрым атты қызымен көңіл қосады.

Сүйген Бұрымды алып қашқан Жәкен басқа паналар жер таппай, Сарыбайдың інісі Саржанға кеп қорғалайды. Саржан болмыстық правитель болғанмен, тізгіні Сарыбайда екен.

Қыздың төркіні де, қайын жұрты да іздеп жүріп, бірер айдан кейін Бұрымның Саржан үйінде екенін біледі де, Сарыбайға айтады. Егер қызды қайтарып бермесе, жаңа ғана курастырған елі бытырап кететінін көрген Сарыбай Жәкенді еріксіз көндіріп, Бұрымды әкесіне қайтарып береді.

— Сол қызды аса ұнатып ем, — дейтін Жәкен, — айрылғанға қатты қайырдым. Өмірлік есімде қалды.

Жәкен 27 жасында Айкүміс деген ақын қызбен айтысқан. Сонда Жәкеннің мұқатпақ боп:

Барасын бір жамағға өзін қор боп,  
Отырсын қарқарадай әзір зор боп,  
Көзіне көк шыбынды үймелегер,  
Көргенің өле-өлгенше ылғый сор боп, —

дегеніне, Айкүміс:

Жамбыл-ау, күбінесін неге сонша,  
Қутқарып қыз біткенді қалған жанша?  
Қолазғы қаршығаннан неге айрылдың,  
Тутқасы дүниенің сенде болса? —

деген жауап береді. Сонда қаршығасы — Бұрымнан айрылған күйікті Жамбыл —





Жалғанның сорлысы екен қыз бен жігіт,  
Жүрмеген бірге ойнап, бірге күліп,  
Арыны басылмаған арысыз көңіл  
Тағы да етіп отыр сенен үміт, —

дейді.

— Сол Айкүмісті де жақсы көріп ем, — дейтін еді Жәкең, — сондықтан, аз уақыт өлеңмен әзілдесіп отырып, сөзімді былай аяқтап ем:

Айкүміс, амалым жоқ, хош ендеше,  
Кетелік сыр білдірмей жат пендеше.  
Атыңды, ақ жүзіңді ұмытпаспын,  
Кеудемнен қашан менің от сөнгенше.

Бұрымнан айрылған Жамбылға әкесі қалың беріп, Момын атты қызды айттырады. Ол қызды аларда Жәкең бармаймын деп қашып кетіп, Жапаның ағасы Қазыбай ұстап әкеледі де, Момынды еріксіз қосады.

— Оны өмір бойы сүймей өттім, кескіні тұрпайы, өзі салақ кісі еді, — дейтін Жәкең.

Әрі әйеліне көңілі толмаған, әрі ақындық қысқан Жәкең домбырасын бөктеріп, 1874-жылы ел аралап кетеді. Осы жолында ол қазіргі Талдықорған облысындағы Жалайыр руының атақты ақыны — Бақтыбайға жолығып, екеуі ұзақ салғыласып айтыспағанмен, өлеңмен аздап қағысады. Бақтыбай жасап қалған ақын екен, ол сонысын алдына сала сөйлегенде, Жәкең кішілік қып:

Әуелі сәлем берейін,  
Жасыңыз үлкен аға, — деп...  
Майкеменен айтысып,  
Мәлім болған өзіңсің,  
Абақ, Тарақ арасын  
Аралаған серімсің...  
Егер сөзім унаса,  
Оң батаныз беріңсің.  
Унамаса өлеңім,  
Онда менен жеріңсің... —

дей кеп, ақындық жолында өзінің кімдерден үлгі алғанын көрсетеді:

Қаздай қалқып, еріңбей,  
Өлең тердім жасымнан.  
Майкөт ақын, Құлмамбет  
Орын берді қасынан.



Майлықожа, Құлыншақ —  
Пірім елі бас ұрған.

Бұл сөздеріне карағанда, Жәкен Бактыбайға кездескен 29 жасында, қазіргі Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Талдықорған 4 облысты түгел аралап, барлық атақты ақындардан да үлгі алғаны көрінеді. Жәкен қазақтың ауыз әдебиетін аса көп білетін. Соларды қазақтың атақты ақындарынан үйрендім дейтін. Осы сапарында Жәкен Өзбекстан мен Қырғызстанның көп жерін аралайды, ақындарымен кездеседі, әдебиетшілерімен танысады. Қырғыздың эпосы «Манасты», «Шаһнаманы», «Тотының 90 тарауының» көп хикаяларын жырлайтын Жәкен, «бұл әңгімелерді сол сапарымда естіп ұққан едім» — деп отыратын.

Отыз жастың ар жағына шыққанмен, асқақ көңілі төмендемей, кесібі өлең, аңсағаны махаббат боп, «Кемшат қызға» сыяқты аса көркем лирикалы өлеңдермен шұғылданған Жәкен, аралап жүрген елінде тап қайшылығын да айқын көріп, 1879-жылы, 33 жасында, «Кедей күйі» деген өлең шығарады. Мұнда ол:

Ғызнағаш, Каратас,  
Қалқабайдай қайран жас,  
Бекеттен изн қоймайды,  
Жалаң аяқ, жалаң бас.  
Оған ауыз жарымас,  
Сондадағы ар қалмас,  
Қалт-құлт етіп жүргені,  
Қысы-жазы қарны аш, —

деп, кедейдің қайыршылық халін суреттеумен қатар:


Қайтып жаның ашымас?  
Негізген заман қатыбас! —

деп заманды тілдейді.

Қатыбас заман — байлардың үстемдігі жүрген заман екенін, байдың байлығы еңбекші халықты қанаудан құрала-тынын Жәкен сол кезде-ақ түсінген. Сол кезде бір бай үйіне жыйналған ақындарға, есік алдында жатқан итін көрсетіп, «осы итімді мақтаңдаршы» депті. Кейбір ақындар мақтамақ болғанда, Жәкен оларға ұрсып, байға былай депті:

Итін жаман демеймін,  
Күзетіп жүр малыңды,





Көпшілікті бүлдіріп,  
Ұрлап алғандарымды;  
Айтсам, сөзім нәзімді,  
Өлеңім оттай жалынды,  
Сенен жұртқа ит жақсы,  
Күзеткен қотан — ауылды.

1881-жылы Жамбыл атақты Құлмамбет акынмен кездеседі, айтысады.

— Ол айтыс Ұзынкөпірдің қасында болыпты, — дейді Жәкеңнің ауылындағы Ыбырай қарт, — сол жерде бүкіл Жетісу елінің билері, болыстары жыйналып, үй тігіліп, көп жұрт жыйналған. Жамбылды шақырып ап, Құлмамбетпен айтыстырған Есқожа руының Құдайберген деген кісісі.

Айтыстың көлемі 600 жолдай. Сол айтыстан бір екі мәселені ғана оқушының есіне сала кеткіміз келеді.

Бірінші — бұрынғы кездескен ақындарымен сөз қағысудан әрі бармайтын, өзін ілгері ақындардың шәкірті көретін Жәкеңнің Құлмамбетпен айтысы оның өзіндік акындық бет ала білгендігін, есейген акын болғанын дәлелдейді.

Екінші — ол кездегі, және одан бұрынғы қазақ ақындарының айтыстарынан ерекше орын алатын сарын — екі жағының да өз руларының байларын мақтау болушы еді. Мына айтыста Құлмамбет сол ескі даңғылығымен тарта жөнелгенде, Жамбыл тыңнан салған сүрлеудей бір жол табады, онысы:

Адамдықты айт, ерлікті, батырлықты айт,  
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.  
Қарымбайдай сараңдар толып жатыр,  
Оны мақтап әуре болмай, жөніне қайт.

Жамбылдың «ерлікті, батырлықты айт» дегеніне Құлмамбеттің таптым деген тәсілі:

Ақыры Саурық, Сұраншы жаудан өлген,  
Көзіме де ілмеймін ендігіңді. —

дейді. Оған Жәкеңнің жауабы:

Батыр Сұраншы, Саурық жаудан өлген,  
Халық үшін шәйт болып жанын берген,  
Елді қорғап өлгеннің арманы не,  
Қалың қазақ хұрметпен соңына ерген.

Жәкең 40 жасында, 1885-жылы, Тілеукабыл қызы Қанымжанды еркімен, өзі сүйіп, айттырып алады. Бұл кезде

алғашқы әйелі Момын өледі. Момынның үстіне, ағайын-туғаны, Жәкеннің өлген інісі Команның әйелін қосқан екен. Одан Аққұлы деген ұл, Ақбала деген қыз туған. Қаным-жанды алған соң, Жәкен келіндей алған әйеліне рұхсат беріп, өзі сүйген әйелімен тұрып қалады.

Құлмамбетпен айтысып, оны жеңгеннен кейін, бүкіл Жетісу еліне зор ақын деген данқы жайылған Жәкен, атағым шықты деп тасымайды. 1886-жылы жоғарыда атаған Екей руының басын қосқан Сарыбай өліп, соған 1887-жылы бір болыстың халқын түгел шақырып ас бергенде, Шымкент жағынан атакты Майкөт ақын келген. Сонымен дидарласқанда, Жәкен:

Сіз бе елі ақын аға, Майкөт деген?  
Бір сөз бір сөзінен қайта өтпеген.  
Саңқылдап сарайынан өлең шыкса,  
Именін өзге ақындар бәйпектеген.

Келдіңіз біздің елге әдейі іздеп,  
Мейманды хұрметтейтін кәдеміз ед.  
Сүйреңдеп алдымызда сөз сөйлемей,  
Етейін деп ойладым әдеп-ізет. —


дейді. Майкөттің үнемі қасында бол, онымен сөз жарыстырмай, бетке какпай, елінен хұрметпен аттандырады.

Жәкен ел тіршілігінің тақырыбына ұсақ өлеңдерді көп айтатын болған. Бертін келе, ол кісі қара сөз сөйлемей, ылғый өлеңмен сөйлейді екен. Ол өлеңдерден өзінің есінде қалған бірен-сарандары болмаса, өзгесі сақталмаған. Оның Майкөтпен дидарласқанынан кейінгі күрделі өлеңі — 1895-жылы Дулат руынан шыққан Сарбаспен айтысы. Көлемі мың жолдан артық бұл айтыс өлеңнің тақырыбында Құлмамбет пен Жамбылдың айтысынан айырма жоқ. Ішкі мазмұнындағы айырма: Сарбас, Құлмамбетке ұқсап, елінің байларын мақтай береді, ал Жәкен Құлмамбетпен айтысқандағысындай байға батырды қарсы қоя сөйлейді. Бірақ, бұл жолғы Сарбаспен айтысында Жәкен:

Батырым Суранши, Саурық жаудан өлген,  
Халық үшін құрбан болып жанын берген. —

деген сыяқты, мәселені бетінен жеңіл қалқымай, мақтайтын батырларының батыр аты не себепті шыққанын терең қазды. Саурықты Жәкен былай сыйпаттайды:





«Ал, ал, Саурық» дегенде,  
Қалтырамады қандай жау?  
Қарсыдасып келгеннің  
Қайтқаны бар ма одан сау?

«Саурықтың жауы кім?» — деген сұрауға Жәкеңнің берер жауабы:

Жетісуда қазақтың,  
Көрген күні кем еді:  
Жан-жағынан күнде жау,  
Елге тыйыштық бермеді.  
Бір жағынан қалмақтың  
Урылары талады.  
Бір жағынан қырғыздың  
Орман ханы ойқастап,  
Күнде мазаны алады.  
Үшінші жақтан Қоқанның  
Бегдер бегі қоқандап,  
Әскерлері топырлап,  
Ауыр салмақ салады.  
Күнде тонау, шабыстан  
Ел тыйтығы құрыды,  
Мал мен жаннан түңілді,  
Жер мен судан қуылды,  
Қатын, бала, жас, кәрі  
Беті жаспен жуылды...

«Халықты осы апаттан арашалаған кім еді?» — деген сұрауға Жәкең:

— Саурық еді — ардагер, —  
деп жауап береді.


Сұраншы батырдың да алысар жауы сыртқы жау — қазақ елін жаулап алып қорлықта ұстаған Қоқан хандығы. Жәкең Сұраншыны:

Үш күн, үш түн соғысып,  
Жауды шөптей жапырды,  
Қырып-жойып қалғанын  
Ел шетіне қашырды, —

деп мақтай кеп, Сарбас ақынды:

Кәне, осындай ерді айтпай,  
Жатқа намыс бермеген,  
Күр созасын өңешті,  
Байларын айтып еліңнің,  
Түк келмейтін қолынан! —

деп сөгеді.



Сұраншы мен Саурықтың ерлігіне Жәкең көп шығармаларын арнаған. Жәкеңнің «Сұраншы батыр» дейтін дастаны оқушы көпшілікке белгілі. Ол дастан Жәкең Сұраншының Қоқан басқыншыларына қарсы күресін жырлағанда, Сұраншының батырлық қыймылдарынан басқа, дастанға және бір арқау кіргізеді, ол — орыс пен қазақтың достығы. Дастанда Сұраншының Жағор дейтін досы, қанды көйлек серігі бар. Дастанда акын:

Сап түзесіп солдаты,  
Сатырласып арбасы,  
Серейіскен зеңбірек —  
Бетке ұстаған айбаты, —

деп патша өкіметінің қазақ даласын отарлауға келген әскерін жек көре отыра, кейбір ақындардай, орыс атаулының бәрін жаман демейді, орыстың досы мен қасын айыра жырлайды:

Патшаның қашқан солдаты,  
Алтыстан асқан бар жасы,  
Бастығы Жағор ораалдық,  
Сегіз орыс, бір татар,  
Бірге келген жолдасы.


Осы топ, Жәкеңнің жырлауынша, қазақ халқының Қоқан басқыншыларына қарсы күресінде, Сұраншы бастаған халықпен бірге жүріп соғысады, бірге жеңіседі.

«Сұраншы батыр» реализм негізінде құрылған дастан. «Өтеген батыр» дейтін дастанын Жәкең мифологиялық негізге құрған. Ол дастанда Өтегенмен алысатын жаулар: айдаһар, әбжылан, жезтырнак. Дастанның түрі ертегі болғанмен, мазмұны — қазақ халқының XVIII ғасырда бостандығы, тәуелсіздігі үшін күресуі. Өтеген—тарихта болған адам.

— «Сұраншы батырды» да, «Өтеген батырды» да бірінші жырлаған — мен емес, Сүйімбай, — дейтін еді Жәкең, — мен соның негізінде жырлаймын. Бұл жырларды мен жас кезімнен айттым. Қай жасымнан бастағаным да есімде жоқ. «Саурық батыр» деген де ұзақ жыр айтушы ем, оны ұмытыпшы.

1902-жылы Жәкең Жалайыр руынан шыққан Досмағамбет ақынмен айтысады. Досмағамбет ақындығының үстіне молда екен. Жәкең онымен шайқасын отырып, былай дейді:





Молда емессін, соқырсын,  
Зікір айтып зарлаған.  
Жаназа оқып өлгенге,  
Педия алып жалмаған.  
Шариғат жолы — мынау, — деп,  
Қараңғы надан халықты  
Көзді жұмып алдаған.  
Кедей өлсе, үйіне  
Күңіреніп бармаған.  
Аттана шауып, бай өлсе,  
Қыйрағаттап кұранды,  
Күні-түні сарнаған.

Досмағамбет Жәкенді:

Сен — Абақтың жүйрігі,  
Мен — тұлпары Тарақтың,  
Бәрекелді Жамбылым,  
Салты осы ма еліңнің?  
Қаскелеңнік жігіті  
Босатпас алдын қабақтың.  
Арақ десе, жымындар,  
Кұлқыны құрып қылмындар —

деп кемітпек болғанда, Жәкен:


Елінде бұзық жоқ болса,  
Қожақан ішті неге арақ?  
Сол Қожақан болысың,  
Мекеге барды қажы боп,  
Боза, арақ ішкен сон,  
Айтасын несін қажы деп?  
Пара тағы жейді екен,  
Ел ішінде қазы боп... —

деп жауап береді.

Осылай халықты қанаушыларды сынау, мінеу, сықактаумен, халық зарын айтумен, халықтың тарихында болған ардақты ұлдарын дәріптеумен, жалынды жырын жайып, ат жетер жерді аралаумен Жәкеннің өмірі өтіп жатады. 1909-жылы Жәкен Орталық Қазақстандағы Арғын руының атақты ақыны Шашубаймен айтысады.

1913-жылы, февраль айында, Ресей патшасы — Романовтардың таққа отырғанына 300 жыл толған тойы жасалады. Сол тойға тарту-таралғы алып, Жетісу облысынан атақты қазақ байы Құдайберген Маманов кетеді.

Жетісудың губернаторы той жасауға әзірленеді: Алма-



тыдағы қазір Советтер Одағының панфиловшыл 28 Батырының атындағы паркте көрме (выставка) жасалады.

Бұл тойға бүкіл Жетісу елінің атақты байлары, әкімдері түгел жыйналады. Тойды мақтау мақсатымен барлық акындар шақырылады. Жәкен де келеді. Жәкеннің бірінші рет акындар арасында суретке түсуі осы жолы. Сол сурет тойға арнап шығарған фото-альбомға кірген және Жәкеннің 1940-жылы шыққан шығармаларының I томдығында басылды (18-б.).

Сонда айтқан өлендерінен есімде қалғаны деп Жәкен «Өстепкеде» («Выставкада» дегені) өлеңін айтып отырушы еді. Бұл жырда Жәкен:

Үйсін, Найман санлағы,  
Өстепкеге жыйналдым...  
Елде жүрген есейлер,  
Қалада құр ұйып дін,  
Ғалым көрсен, ұйлығып,  
Желді күнгі қамыстай  
Жапырылып пілдім...  
Келтірдіңдер намысты,  
Бек қорланып күйіндім... —

деп келеді.

1916-жылғы қазақ даласында болған оқийғаны Жәкен халықпен бірге қабырғасы қайыса қарсы алады. Көтеріліс жасаған халықпен бірге жүріп, халық зарын жырға айналдырады, халықты бостандық алу жолындағы күресте қажымауға шақырады.

Осындай характерте жүргенде Жәкен бір топ адамымен қуғыншылардың қолына түседі, қасындағы адамдарымен абақтыға жабылады. Бұл халін Жәкен, «Менің өмірім» деген жырында былай жырлайды:

Ақын, әнші, күйші қыруар жан,  
Аймағын Жетісудың жыйнап алған,  
Сабаннан төсек, ерден жастық істеп,  
Жатарға жай салғызды ат-қорадан,  
Сорпасы қапустаның «ыстығына»,  
Сөткесіне кісіге бір қара нан...  
«Үгіт айт, патшаны мақта!»—дейді,  
«Бодып жатқан соғысты жақта!»—дейді.





«Жыр айтсаң, құдай менен пайғамбарды айт,  
Онан басқа жырынды айтпа!» — дейді.

Бұл жырын Жәкең былай аяқтайды:

Ұстаған қанды тырнақ елді қысты,  
Кім болмақ ызаланса елден күшті?  
Жамбыл қарт жетпіс екі жасағанда,  
Николай ұрған топтай тақтан түсті.  
Жабырқаған халықтың көңілі өсті,  
Ленин менен Сталин ұлы есімі  
Кулакка сапырылды күшті-күшті.

Революция жылдарында айтқан Жәкеңнің жырлары сақталмаған.

— Тілі бар кісі сөйлейтін заман туғанда, мен нелер жыр айтпады дейсін, балалар, — дейтін еді Жәкең, — талай жырлар айтылған да, айтылған орнында қалып қойған.

1919-жылдың көктемінде Жәкең бір қызық айтысқа қатынасады. Бұл жылы Жәкең 73 жаста. Жәкеңді бұл кезде бүкіл ел боп зор ақын деп, ақсақал ақын деп аса хұрметтейді, Жәкеңнің қасында жас ақындар топталып жүріп, одан үлгі алады.

Бір жолы, 1919-жылдың көктемінде, Жәкеңді көршілес Дулат руының бір бұтағы — Жаныс елі қонаққа шақырады. Жәкеңнің қасына Шапыраштының бірнеше жас ақындары ере барады. Қонақ болған ауылға Дулаттың ақындары жыйналады.


Осы мәжілісте: «осы елде Нұрила атты ақын келіншек бар, ешбір ақынды айтыста тең қелтірмейді» — деседі.

Келіншекті шақыруға кісі барса, оның босанғанына 3-ақ күн болған екен. Сонда да, Жәкең шақыртады деген соң, Нұрила бармасам ренжір деп, баласын үйіне тастап, жыйынға келеді. Жәкең Нұрилань қасындағы ақындармен айтыстырады.

Бұл айтыс бұрын ешқайда басылмаған. Айтысты жатқа білетін — қазіргі орденді ақын Саяділ Керімбеков.

Саяділ де Нұриламен он бір ақынның айтысының көбін ұмытып қалған екен, жазып бергенде, 400 жолдан аз-ақ артық болды. «Түгел есте сақтағанда 1500 жолдай болар еді» — дейді Саяділ.

Айтыс өте көркем және айтушы ақындардың бәрін Нұрила жеңе береді. Нұриламен он бірдің соңғысы боп айтыс-



қан қазіргі бар ақын — Үмбетәлі Кәрібаев (1889-жылы ту-  
ған), Нуриланы жеңер басқа дәлел таба алмаған соң, Үмбе-  
тәлі қазақтың «байтал шауып бәйгі алмас» деген мақалына  
жабысады. Сонда, Үмбетәлінің сасқанын көрген Нурила:

Жеңілсін Үмбеттің Жәкең біліп,  
Байқауымша маған бір қалды ұмтылып,  
Талайдың-ақ шапанын шешіндіргем,  
Айттыспакқа ынтасын жұлқындырып,  
Ал, Жәке, Үмбетәлің тері тулып,  
Қауыптыққан ішіне бір сабан тығып,  
Түбінде бір керегі болар десен,  
Апарып босағаға қойғын іліп.  
Қару өлек бұл сөзге қайдан тапсын,  
Жүйрігінің Нурила басын тартсын,  
Кім жеңді, осы арада кім жеңілді,  
Қазылық енді соған Жамбыл айтсын, —

дейді. Сонда Жәкең, Нуриланы «байтал» деген Үмбетәліні  
сөгіп:

Жамбыл сөзін бастаса бастан айтар,  
Түйіп түгел соңына тастап айтар,  
Бақ берген маңдайына бас бармақтай,  
Жүзде аламы әр жерде жүйрік байтал.  
Бағы жанса, байталдың бағасы зор,  
Аласқанын Үмбеттің байқады ол,  
Бұл жердегі айтыстың мезебінен  
Нурилага беретін теңеуім сол, —

дейді де:

Жүйрік озы жүйріктен құлаштаған,  
Көрген жұрт көз мөрімен растаған.  
Көрі демей, жас демей айтысатын  
Сүйімбайдан соңғыға мирас қалған, —


деп, Нуриламен айтысуға өзі қызығады. Бірақ, Жәкеңе сыр-  
тынан хұрмет ететін, оны ақындардың ақсақалы көретін  
Нурила:

..Сіз — дарқан, сізден үлкен ақын бар ма,  
Жасым кіші әйелмін, жолым — нәзік.  
Даусымды неше түрлі әсемдейсіз,  
Желдетіп, дауылыңнан бәсеңдейсіз,  
Сіздің бетке мен қарсы тұра алмаймын,  
Әділден адына алған әжемдейсіз, —

деп, айтыспайды. Сонда Жәкең Нурилага:

Сөзіңнен сорғалаған тамады алтын,  
Аңқылдаған адамға көңілің жарқын.





Бала жастан өлеңге Жамбыл кумар,  
Басылатын жайым бар әнмен мауқым.  
Тебіреткен жүрегімді жас баладай,  
Құлағымда тұрады осы даусың.  
Барғын, балам, аман бол жолыққанша,  
Бөрекемді, үстіңе көп нұр жаусың, —

деп бата береді.

Жәкең кейін, қазақ халқы өз алдына отау тіккен соң, 1924 жылы «Қазақстан тойына» деген жыр шығарады:


Халықтың енді міне жетілгені,  
Құрыштың бқінбейді кетілгені,  
Атанды, Қазақстан ел боп туып,  
Үй тігіп, ірге қалап бекінгені..  
Болайық өкіметке, кедей, ұйтқы,  
Секілді темір тіреу көпірдегі..  
Сенімен, туған елім, біте қайнап,  
Жан емен әңгіменің шетіндегі, —

дейді. Ақынның халқы ерікті ел болуына қалай қуануына, республиканың, халықтың, өзінің міндеті не екенін тануына бұл өлең айқын дәлел.

Жәкең осы бетінен қайтпай келе жатқанда, осы 1924-жылы Түркстандағы қазақ облыстары Қазақстанға қосылып, бүкіл қазақ халқы тұтас бір республика болады. Үш жылдан кейін, 1927-жылы Қазақстан өмірінде бір кезенді оқыйға кездеседі: осы жылы, өкіметтің ерекше декретімен, қазақ байларының егіндік, шабындық жерлері кедейлерге бөлініп беріледі. Сол науқанға байланысты, Жәкеңнің ауылына жақын жердегі Узынағаш деревнясында кедейлердің жыйналысы болады. Осы жыйналыста Жәкең «Замана ағымы» деген ұзақ жыр айтады. Бұл жыр түгел сақталған. Көлемі 1000 жолдан артық.

Жыр қазақ халқының өмірбаяны сыяқты. Жәкең жырында қазақтың кәрі заманынан бастап, Социалистік Октябрь революциясына шейін басынан кешкен халін ұзақ толғап өтеді. Бұл толғаудан шығатын қортынды: Октябрь революциясы қазақ халқына жат емес, осындай революция болу қазаққа қажет еді, егер бұл революция болмаса қазақ халқы құрып кетер еді. Октябрь революциясы болғаннан кейінгі қазақ өмірі туралы ақынның айтары:

Осы жолды өмірлік  
Ленин бізге бастаған.



Жуандарды жұмсартып,  
Өш алған бай, молдадан.  
Большевиктің тұсында  
Елдің бәрі бірігіп,  
Араларын аспаған.  
Бір ауызға қараған,  
Бір ауыздан мақұлдап,  
Тоқтам қылып тараған...  
Жер мен суды қолға алып,  
Жетісіп тұр енді елім,  
Сексен бірге келгенде,  
Осы менің көргенім...  
Ленин туын қолға алған,  
Қалың қайрат көзгалған,  
Жалшы, кедей — досым-ай.  
Күн де туды сен үшін,  
Ай да туды сен үшін,  
Зап жасалды сен үшін,  
Серпіде түс, серпіле,  
Бұрынғыдай жасымай!..

Бұл жыйыннан кейін де Жәкен жасым сексеннен асты демей, халық арасында да, ұлы жыйындарда да жаңа өмірдің жаршысы болады. 1934-жылы 16-июнь күні Алматы қаласында жас көркем өнершілердің слеті болғанда, Жәкен «Жастар алдында» деген жыр айтып береді. 1935-жылы, Алатаудың биік басын жайлап отырған колхоздардың отарын аралап жүріп, «Жайлау» атты жырын шығарады.

1936-жылы көктемде Алматы қаласында қазақ ақындарының республикалық бірінші слеті болды. Осы слетте Жәкен «Туған елім» деген дүние жүзіне әйгілі жырын айтты. Бұл жыр Жәкен шығармаларының ғана емес, бүкіл совет поэзиясының ең биік шыңы еді, сондықтан да бұл жыр Советтер Одағындағы барлық тілге аударылды, сондықтан да бұл жырды барлық совет елі күні бүгінге шейін үлгі есебінде қолданады.

«Туған елімде» Жәкен қазақтың революциядан бұрынғы барлық өмірін, революция болып теңдескенін айта кеп, еңбекші адам баласының көсемі, ең сүйікті досы Сталин жолдастың бейнесін жасауға ерекше тоқтайды:

Лениндей басшы інкәрім —  
Бүгінгі дана — Сталин.






Жырлауға оған сөз жетпес,  
Шебер ақын, устаның.  
Пайғамбарға теңеуге  
Сүндет, уәжіп, парыздан  
Артық көрем уставын.  
Асқар тау биік,—дер едім,  
Көрініп тұр төбесі.  
Ақылы дария,—дер едім,  
Бірақ кейде дарияның  
Қайырлайды кемесі.  
Шайқалған жорға,—дер едім,  
Ат та шаршап болдырар,  
Кездесіп жердің белесі.  
Домбыраны алғанда,  
Сталинге тең таппай,  
Қыйналған Жамбыл жері—осы.  
Туған айдай,—дер едім,  
Түнде бар да, күндіз жоқ,  
Жанған күндей,—дер едім.  
Күндіз бар да, түнде жоқ.  
Темір қазық,—дер едім,  
Тек тұрғаны болмаса,  
Онда тіл де, үн де жоқ.  
Ең жарығым—Сталин,  
Түнде де бар, күндіз бар,  
Жанып тұрған жалынды от.

Сталин жолдастың бейнесін мұндай жасаған поэзияны біз әлі көргеніміз жоқ.

1936-жылдың көктемінде Москвада қазақ көркем өнерінің декадасы болды. Сол декадаға бірге барған Жәкен Лениннің мавзолейін, Сталинді, Ворошиловты көргенде, соларға арнап бірнеше жырлар шығарды. 91 жасқа шыққан қарт ақынның бұл сыяқты қаркындай шабуын қарсы алған Одақтық өкімет Жәкеңе Енбек Қызыл Ту орденін сыйлады. Сол сыйлықты Кремльде Жәкеннің кеудесіне қадап тұрып, ССРО Орталық Атқару Комитетінің Председателі Михаил Иванович Калинин былай деді:

«Көркем өнердің ең жоғарғы, ең талантты, ең данышпан түрі — халық көркем өнері; басқаша айтқанда, халықтың көңілінде қалған, халық сақтап келген, халықтың әлденеше ғасырлардан бергі бірден-бірге қалдырып келген көркем өнері, бұл күмәнсіз. Өздеріңізге мәлім, құны жоқ көркем өнер халықта сақталмайды.



Халық та — бір, алтын іздеуші де — бір. Ол ең бағалы, ең данышпан нәрсені ғана іріктеп алып, өңдеп, әлденеше ондаған жылдар ұстайды... Сөз жоқ, халық та нағыз, артықша көркем және данышпан шығармалар туғызып, бұрынғыдан да әрі желісті етіп өңдейді». («Социалистік Қазақстан», 29/V, 1936-ж.).

1936 жылдан бастап, Жәкеңнің жырын өркендетуге ерекше жағдай жасалғанынан кейін Жәкең социалистік құрылыстың жетістіктеріне, күнделік болып жатқан саяси, шаруашылық, мәдени науқандарға дауысын мынадай жағдайда қосты:

1. Жәкең радио тыңдағыш еді. Көңілін қозғайтын бір хабарды Жәкең естісе, хатшыларынан, немесе маңайына көп үйрелетін мектеп оқушыларынан сол естігенін толығырақ баяндауын өтінетін. Содан кейін, естіген жаңалығы көңіліне әбден қонған соң, жырлауға кірісетін.

2. Жәкең газет оқытуды ұнататын еді және «нендей қызық жаңалығы бар?» — деп сұрар еді. Хатшыларының бірі, мектеп оқушылары, я сауатты колхозшылар оқып берген газеттен өзінің көңілін қозғаған жаңалықты жырға айналдырар еді.


3. Жәкең 97 жасына дейін атқа салт мініп жүрді. 1942-жылға дейін салт атпен Алатаудың биігіндегі Құлансаз деген жайлауға да шықты.

— Машинаға мініп жүрміз ғой, — деді Жәкең 1936-жылдың жазында, үйіне сәлем бере барып отырған өкімет адамдарына, — бірақ, оның тас жолға, құрғақ жолға, жазық жолға жүйрік екен. Мен өзім таудың биігін жайлап өскен кісімін. Оған шықпай, көңілім көншімейді. Машина бергендеріне тәңір жарылғасын, енді маған бір жақсы ат тауып беріндер — өзі жорға, өзі жуан, өзі жуас ат болсын.

Жәкеңе ондай ат табылды. 1936-жылдың жазында өкімет сатып әперген Күрең жорғаны Жәкең тауға 1941-жылдың күзіне дейін мінді, ауыл арасына 1944-жылға дейін мініп жүрді.

— Бұл атты еске алып отырған себебіміз, Жәкең салт жүріп табиғаттың көрінісі мен құбылысын, колхоздың даласында жайылған малдарды, егінмен байланысты еңбектерді көруге құмар еді де, сезімін қозғаған көрініс пен істі жырға айналдырар еді.





Жәкеңнің қасына ергендер мұндай тақырыпта оның аузынан талай тамаша жырлар естіді, бірақ, өкініш—олардың көбі жазылып алынбады, ат үстінде жазып алуға мүмкін де болмады.

1937-жылдың декабрінде грузин халқының атақты ақыны Шота Руставелидің туғанына 750 жыл толуы тойланды. Сол тойға Қазақстаннан барған делегацияны Жәкең бастады.

Грузин халқы Жәкеңді ерекше хұрметпен қарсы алды. Осы сапарында Жәкең Сталин жолдастың туған жері—Гори қаласында болады. Бұл сапарында көрген тамашаларына арналған Жәкеңнің бірнеше жырлары бар.

Кавказға барып қайтқан сапарында көргендерін Жәкең қызық әңгіме ғып айтып отыратын.

1938-жылы 20-май күні, Жәкеңнің әдебиетпен айналысуына 75 жыл толу хұрметіне, Алматыда және Жәкеңнің аулында той болды. Тойға Советтер Одағындағы барлық ұлттарынан жазушылар келді, Жәкеңнің атына Советтер Одағының барлық елдерінен, шет елдерден (Америка, Австралия, Қытай, Франция, Чехословакия т. б.) кұттықтау телеграммалар келді.


Осы мерекемен байланысты, Жәкеңді Одақтық өкімет Ленин орденімен наградтады.

1936-жылмен Ұлы Отан соғысы басталудың екі арасында Жәкең 10 000 жолдан артық жыр шығарды. Соның бәрі социалистік Ұлы Октябрь революциясының арқасында, Ленин—Сталин партиясының жолымен, Сталин жолдастың бастауымен социалистік қоғам құрып, бахытты дәурен сүрген халқымыздың шаттық тұрмысын, қуанышты көңілін сыйпаттауға, халықтар достығын баяндауға арналған.

Халықтың, Совет өкіметінің ерекше хұрметтеуімен, 1936-жылдан бастап қайта жасарғандай болған Жәкең 1940-жылдың бер жағында кәрілікке мойындай бастады. Осы кезде Жәкең өзімен істес ақын—Қалмақан Әбдіқадыровқа:

Насыбай бер,  
Насыбайың бар болса, жасырмай бер.  
Саулық қойдың жасындай жасым қалды,  
Біреп жылға Жамбылды асырай бер. —

деп қалжындапты.



— «Ар жасы жүз» деп еді, — дейтін болды содан кейін Жәкен. — жүзге де ілуде біреу-ақ келетін еді, сол жүзді адымдап қалдым балалар. Көздің қарашығы бұлдырап барады, көз' алдымдағы кісі. — кісі емес, оның көленкесі сыяқтанып болды; оң құлағым жабылды, сол құлағым әрең естиді; бірер жыл бұрын атқа мінетін басым, енді орнымнан, кісі сүйемесе, тұра алмаймын; осы айнала тонаудың арты қайда соққалы келе жатқанын білесіндер ме, балалар? «Атаның жоралғысы жақын, балалар. Шырақтарым, қамдана беріңдер...»

Жәкеннің үйінде тұрып ден саулығын қарайтын дәрігер Рақымбай Досымбековтен басқа, 1936-жылдан бастап Жәкенді үнемі бақылап отыратын — Қазақстандағы атақты дәрігердің бірі — Хабиб Барлыбаев болатын.

Х. Барлыбаевтың айтуынша, Жәкеннің өзге денесі қартайғанмен, жүрегі — жас, оның жүрегі 100 жасты еркін көтереді.

Жәкеннің ден саулығын жеке қарау, — Алматы қаласындағы қазіргі Министрлер Советі ауруханасының міндеті болды. Осы аурухананың алдыңғы қатардағы дәрігерлері Барлыбаев және Зотова жолдастардың ақылымен, 1940-жылдан бастап Жәкен диетаға көшті. Сол күннен бастап, Жәкен дүниеден көзін жұмғанша, диета даярлап беретін Фатима Файзрахманованы Жәкен аса жақсы көріп, «мені емізген екінші шешем — осы» — деп, қалжыңдап отыратын еді.

Өзінің күнделік қызметкерлерінен Жәкеннің және бір жақсы көретіні — шофері, өз ауылының жігіті — Нағашымбек Байсабаев болды. Ту-сырты еліктің артқы сандары сыяқты тіп-тік болып, балаша елгезектеніп ұшады да жүреді, байғұс, бұл да мені кезеңді жерде балаша арқалап әкетеді, — дер еді Жәкен Нағашымбек туралы.

Өз тумысқандарынан, өз балаларымен қатар, Жәкеннің ерекше жақсы көргені — туған ағасы Тәйтінің баласы — Сатыш.

Тәйти Меккеге қажылыққа кеткен, жолда өлді, — дер еді Жәкен, — қажылыққа аттанарда, үш жастағы жалғыз баласы осы Сатышты қолынан жетектеп маған алып келіп: қудай алдында сенің қолыңнан алам, — деп еді, жарайды деп уәде бергенмін. Содан бері осы шіркін өз балаларымнан кем көрінбейді.



Жәкең оған да, қалжындағанда, аш күзендей бураңым деуші еді.

Жәкең ауылы Жамбыл колхозы деп аталады. Сол колхоз ұйымдасқаннан бүгінге дейін Жәкеңнің немере інісі Турап Мыржиев үздіксіз бастық боп келеді.

— Бұл шаруаға жүйрік, — дер еді Жәкең ол туралы, — бірақ қулау, түлкінің іні сыяқты, ішінде қалтарысы көп.

Ауылында Жартыбай Қырықбаев дейтін шамалылау бір ақынды «осы суыр сыяқты: әрі жалтақ, әрі бақырауық» дейтін еді.

Жәкеңмен біраз жұмыс істеген ақын Қалмақанның екі танауы көтеріңкі, делдендеу кісі. Оны Жәкең «шеміршек болған жылқыдай, танауы делбендеуін қарашы» — деп қалжындайтын еді.

Өмірзақ ақын қара кескінді, ақ шашты, ақ сақалды адам. «Басын ұнға тығып алған қара мысық сыяқты» деп ойнар еді Жәкең онымен.

Оңтүстік Қазақстанда тұратын қарт ақын Орынбай Тайманұлы жіңішке дауысты және шырылданқырап сөйлейтін кісі, оны Жәкең «Таукүдірет» дейтін еді.


Семей облысында ақын Нұрлыбек Баймұратов зор денелі, зор мұрынды адам. Жәкең бір күні соған қарап: жабылған үйірін шыңның басында күзеткен арқардың қошқары сыяқты екен, — деді.

Осылар сыяқты, жаратылысында, мінезінде өзгешеліктер бар адамдар туралы Жәкеңнің беретін сын-мінездемесі аса көп болатын.

— Шіркін көз-ай! — деп өкінетін болды Жәкең, 1940-жылдың бер жағында көзі бұлдырлана бастаған соң, — «қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар; қара көзден нұр тайса, бір көруге зар болар» деген—осы. Көзге не ілексе, сол қызық көрінетін дүние-ай!

Осылай қартайғанына арнап, 1941-жылдың көктемінде шығарған өлеңінде Жәкең былай дейді:

Сақалым темір күрек борға малған,  
Селеудей шашым селдір, зорға қалған.  
Аузыма ақ жабағы жапсырғандай,  
Кәрілік немді қойды қорламаған.  
Құлпырған қызыл шырай түсімді алды.



Аузымды опырайтып тісімді алды,  
Босатып бұйымның шегелерін,  
Сынырып тулабойдан күшімді алды...

Содан кейін айтқан бір өлеңінде:

Жетіпін жүре-жүре қыр басына,  
Жол екен таусылмайтын бір ғасырға,  
Ербінеп екі аяғым дірілдейді,  
Көз жетпей тұрары ма, тұрмасы ма, —

дейді. Осындай халге түскен Жәкен, дәрігерлеріне былай деп наз айтады:

Тамырдың тілі қалай, дәрігерім?  
Жамбылаға турасын айт, сыр жасырма.  
Жетелеп біраз күнге жүріндерші,  
«Көз болдық қайлан, — демей, — бір масылға».

Жәкен осылай кәрілікке мойындаған кезде, 1941-жылдың 22-июнь күні Ұлы Отан соғысы басталды. Бұл басқыншылыққа ызаланған Жәкен:

Асқар таулай еліме,  
Байтақ жатқан жеріме,  
—Шанты фашист,— дегенде,  
Ашуменен аралас,  
Жыр да келді көмейге,  
Қаһар құлап денемде! —

деп бастап, «Ата жаумен айқастық» деген ұзақ жыр айтты.

Ұлы Отан соғысының тақырыбына соғыстың төрт жылында Жәкен 3000 жолдан артық жыр шығарды. Халқымыздың отаншылдық намысын күшейте түсуде, совет адамдарының елдегі, майдандағы тамаша ерліктерін сыйпаттауда Жәкеннің бұл жырларының тарихи маңызы аса зор.

Мысалға «Ленинградтық өрендерім» деген жырын алайық. Бұл жырды Жәкен, Ленинградтың халі аса бір ауыр шақта, — сүйікті Ленин қаласы жаудың қоршауында қалған кезде — шығарды. Осы кезде Жәкеннің жырының күші қандай болғанын, Ленинград Жазушылар Одағының қазіргі председателі, Ленинградты қорғауда ерекше көзге түскен адамның бірі, орыстың белгілі ақыны Александр Андреевич Прокофьев былай дейді:

— Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры жарияланған кез Ленинградтың халінің аса бір ауыр шағы еді. Бұл шақта, немістің қоршауында қалған Ленин-





градта азық өте аз болды: күніне жұмыс істейтін адам 250 грамм, жай кісі 150 грамм нан алды; ет, май дегенді халық өте аз және өте сирек көрді, басқа азықты көрген жоқ. Үйлерге кіретін су тоқтатылды, канализация істемеді, отын атымен болмады. Жау атқан снаряд пен бомбалардың салдарынан шынысы қыйрап, терезе біткен аңырайып ашық тұрды, электр жарығы да нашар жанды, тіпті қаладағы үйлердің көбінде болған жоқ. Қалаға жаудың оғы үздіксіз жауып тұрды.

Осындай халде Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры газеттерде жарияланды. Халықтың рухын көтеруде ерекше күші көрінген бұл жырды Ленинградтың радиосы күніне әлденеше рет оқып тұрды. Жыр үлкен әріппен басылып, көшелерде плакат боп ілінді. Сол плакатты үймелесіп оқысып, көздерінен жастары сорғалаған талай адамдарды көрдім. Немістердің самолеттері төбеде ұшып бомба тастап жүргенде, бомбоубежищеге тығылудың орнына, Жамбылдың жыры басылған газетті сатып алуға көшеде өшіретте тұрған адамдарды талай көрдім.


Прокофьев жолдас сөзін аяқтай келіп, Жамбылдың бұл өлеңінің Ленинград халқын және оның жауынгерлерін жігерлендіруде өте зор қызмет атқарғанын айтады.

«Ленинградты қорғау» деген атпен шыққан қалың кітапта Жәкеңнің «Ленинградтық өрендерім» деген өлеңі көрнекті орын алды.

Жәкеңнің Ұлы Отан соғысына арнаған жырларының күші Жәкеңнің атына жүздеп-мындап келген хаттардан да байқалады:

Жәкеңнің жырына 1941-жылдың 13-сентябрь күні өлеңмен жауап қайтарған, армияға өзі тіленіп барған, Ленинградтық бірінші атқыштар полкының жауынгері, соғыстан бұрын Ленинград технологиялық институтының профессоры— Всеволод Зубганинов былай деп жазады:

— Ленинградтық сенің балаларың,  
О, Жамбыл, мақтанышы Отанның,  
Саған сәлем жолдайды  
Соғыстың қорқыныш жылында.  
Мен тіпті ақын емеспін,  
Менде жоқ сөзге шеберлік,



Менің сөздерім көмескі жарқылы ғана  
Сенің нажағайдай жырынның.  
Сенің өлеңің маған қадірлі,  
Себебі, ол жалған жарқылдауық емес,  
Одан мен сеземін іздерін.  
Ойлы, ұйқысыз түндердін.

Зубганинов жолдас рас айтады: оның бұл сөзбе-сөз аударылған өлеңі шын мағнасындағы өлең емес, бұл, үйлестіріп айтқан жабайы сөздер; бұл сөздердің хасиеті — шын жүректен шыққандығы.

\* \* \*

«Қазақ ұлы Сейтов Дүйсекей, оның командирі орыс ұлы Сахаров Борис, осы хатты Сізге жолдап отырған блиндаждан кейін шегінбейді, фашистерді талқандауға ілгері басады.

Бізге ардақты жырларыңызды жіберіп тұрыңыз, олар бізге жәрдемші. Адресіміз: Майдандағы армия п.п. — 130,94—С.1 10/III, 1942 ж.».

\* \* \*

#### «Сүйікті Жамбыл!»

Сенің балаң Алғадайдың майданда көрсеткен ерлігіне сүйсініп шығарған жырыңды «Конногвардеец» деген әскери газетке басып ек, маңызы өте зор болды. Осы сыяқты жырларды тағы жазуыңды өтінеміз.

Редактор — Рабцун  
20/1, 1943-жыл».

\* \* \*

#### «Сүйікті Жамбыл!»

Майданға қазақтың артистері келіп кетті, сенің жырыңды айтты. Тамаша екен. Мың рахмет.


Коневалюк, Гобатадзе.  
п.п 03677—А».

\* \* \*

#### «Жамбыл ата!»

Бұл хатты жазып отырған жауынгерлер: қазақ — Несіпбаев Мұкат, бурят — Одонов Роман, біз разведчик боп қыз-





мет істейміз... Сіздің жырларыңыз жауды женуде аса зор құрал. Сол құралды көбірек жібере көріңіз. Біздің адресіміз: п.п. 833, бөліміміз — 435».

\* \*  
\* \*

Майдандағы жауынгерлерден, командирлерден, саяси қызметкерлерден Жәкеңнің атына келген хаттардың түрлері осы мысалға алғандар сыяқты.

Ұлы Отан соғысындағы Қызыл Армияның әрбір жеңісіне Жәкең ерекше шаттанар еді, атағы шыққан ерлерді көруге құмартар еді. Сөйтіп жүргенде, 1943-жылдың жазында, майданнан Советтер Одағының батыры деген зор абыройлы атаққа ие боп, қазақ халқының ардақты ұлының бірі Мәлік Ғабдуллин Алматыға келді.

Мәлік Жәкеңге сәлем беріп қайтуға аулына барды. Оның баратыны Жәкеңге телефон арқылы хабарландырылып қойылған еді.

Өзге қонақтарын Жәкең үйінің ішінде қабылдайтын. Ымшық-шымшығы көп қарт адам, көңілі келмей отырған жағдайда, қашан өзі бабына келіп, алмай, үстіне кіруге ұлықсат етпейтін. Көңілі түсе қоймаса, қабылдамай жіберетін адамдары да болатын.


1940-жылдың бер жағында, төсекте отырып қалған Жәкеңнің көбірек сергітін уақыты сәскелік асын ішкеннен кейін болушы еді. Түскі астан кейін Жәкең ауырлап, кешке қарай жатып қалатын да, содан, келесі сәскеге шейін, өзін күтетіндерден басқаларды маңына жолатпайтын.

Мәлік Жәкеңнің үйіне күн бата жетті. Дағдылы күнде бұл Жәкеңнің жатып қалатын шағы.

Мәлік барса, Жәкең үлкен ағаш үйінің алдындағы көгалда, кілемнің үстінде отыр екен, қолында — домбырасы.

Сәлем беріп қолын алған Мәліктің қолын Жәкең ұстап тұрып, оның батырлық істерін естігені, көруге ғашық болғаны туралы ұзақ жыр айтты.

— «Мәлік келеді дегенді сіздер таңертең хабарладыңыздар ғой, — деді Жәкеңнің баласы Тезекбай бізге, — содан бері Тәтем осы арада отыр. Үйде неге отырып қарсы ал-



майсыз?—десек,—сөзбе екен сол? Бұрын батыр дегенді құлақ естіп, шіркін соларды көрмеген екеміз деп өкінетін ек, сол батыр, енді үйге келсе, оны үйде отырып қарсы алу кісілік бола ма? Әттен, не керек, шөгіп отырған күнім, әйтпесе, шауып алдынан шығар ем,—деді. «Машина деген жүйрік тыз етіп келіп қап, қапы қалармын»—деп Жәкең ұзақты күнге үйге кірген жоқ, асты да далада ішіп, далада қалғыпты.

Амандықтан кейін Мәлікті үйіне кіргізіп, Жәкең оның күтіміне де ерекше көңіл бөлді, бас тартты.

Мәлік те, оның серіктері де кешкі астан кейін, ұйқтауға Жәкеңнің алма бақшасының ішіне жатқан едік. Оны Жәкең байқаған жоқ-ты.

Бақшада Мәлікпен қатар ұйқтап жатсам, мені біреу оятады. Басымды көтерсем, ай жарық екен, оятқан колхоз бастығы Турап Мыржиев.

— Сізді Жәкең шақырады, — деді ол.

Барсам, Жәкең өзінің ұйқтайтын бөлмесінде, шам жақтырып, төсекте кнііп отыр екен.

— Оларын қалай, — деп ренжіді Жәкең, — жыланы бар жер бұл, қапыда жылан шақса қайтесіндер батырды? Көрпесі ашылып қап, салқын тисе қайтесіндер? Ай жарықта шыбын-шіркей көп болады; олар маза да бермей жатқан болар. Безгектің масасы бар десіп жүр ғой осы жақта, сондай маса шағып ауыртып алсаңдар, қайтесіндер?.. Батырды үйге жатқызындар.

Мәлік үйге кеп жатты.

Панфиловшыл 8-гвардиялық дивизияның даңқты қолбасшысының бірі, полковник Бауыржан Момышұлы үйіне қонаққа барғанда да, Жәкең Мәлікке жасаған хұрметін көрсетті.

Жәкеңнің белінен алты ұл болған: Қожамберді, Қожаш, Аққұлы, Ізтілеу, Алғадай, Тезекбай. Бастапқы екеуі ертерек өліпті. Соңғы тірі төртеуінің екеуі — Ізтілеу мен Алғадай — армия қатарына алынды. Майданда Алғадайдың көрсеткен ерліктерін айтып, бөлім бастығы хат жазғанда, Жәкең аса қуанды. 1942 жылдың күзінде Алғадайдың өзі әкесіне хат жазып, ерлік қыймылдарымен таныстырды. Соған қайтарған жауабында Жәкең:

Хатыңды, балам, оқидым,  
Қалыңды білдім сапардан.





Куанып соған отырмын,  
Гвардеец атанған.  
Сұраншы, Саурық секілді  
Болыпсың, балам, қаһарман... —

деп, ерлігіне сүйіне отыра:

Есінде, балам, бар шығар.  
Айтқаным Отан әмірін,  
Шегінбе жаудан, жанды сал,  
Шешілмек содан тағдырың! —

деп, баласына әлі де болса, рух бере түседі. Бұл жырын Жәкең:

Достарыңа сәлем айт!  
Жауларыңды жеңіп қайт! —

деген тілекпен бітіреді.

Жәкең Алғадайды аса жақсы көріп: «өзге балаларым — бір төбе, бұл — бір төбе» — деп отыратын еді.

1943-жылдың жазында Жәкеңнің сол аса жақсы көретін ұлы Алғадайдың ерлікпен қазаға ұшырауы туралы хабар келді. Аулына барып, бұл хабарды Жәкеңе Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Қазақбаев Әбдісәмет жолдас бастаған комиссия естіртті.


— Әттең, дүние-ай! — деді ұзақ уақыт сазарып отырып қалған Жәкең, басын көтеріп, — бұл қайғыны қалай көтерем енді?..

Қайғы Жәкеңе аса ауыр соқты. Бір жырында ол Кенен мен өзінің әдеби хатшасы Ғалиға мұңын былай деп шағады:

Алатауды айналсам,  
Алғадайды табам ба?  
Сарарқаны сандалсам,  
Саңлағымды табам ба?  
Өлім деген — у екен  
Мендей көріп адамға.  
Күнде үйімде күңіренем,  
Көзіме жас алам да.

Алғадай майданға аттанғаннан 7 күн кейін әйелі Жәмеш босанып, ұл тауып, Жәкең оның атын Куаныш қойған. Алғадайдың өліміне бүгіле қайғырған Жәкеңнің бір жұбанышы осы Куаныш болды. Ол туралы Жәкең былай дейді:

Ал Куаныш, Куаныш,  
Сені етейін жұбаныш.  
Алғадайым өлгелі,



Сөз

Бол кетіп ем жылағыш.  
«Ата, ата»—деп келсең,  
Айналайын, алайын.  
Ақ бетіңмен өпкен сон,  
Жүрегімді жамайын.

«Жамайын»—дегенмен, Жәкеңнің қайғыдан жыртылған жүрегі жамалмады. Ол енді құладырай қартайды: 1944-жылдан бастап, көзі көруден, құлағы естуден қалды. (Сол құлағы ғана әлсіз естіді), кісі сүйемей, төсектен басын көтере алмайтын болды. Ғали Орманов бір барғанда, сондай халде отырған Жәкең былай деп екі ауыз өлең айтыпты:

Сендің бе, жарқыраған шам-шырағым?  
Қалдың ба тас бекіліп, қос күлеғым?  
Жатсам да төсек тартып, дәрменім жоқ,  
Сен болып сөйлетесің жалғыз жағым.  
Қадыппын не болмай өзіме-өзім,  
Әлім жоқ, күш-қайратты өтті кезім.  
Балалар, өлгенімше асырай бер,  
Сендерге сол-ақ айтар соңғы сөзім.

«Соңғы сөзім»—дегенмен, көңіл көтеріңкі минуттарында Жәкең қарап отырмай, бірлі-жарымды ауыз өлең айта берді. Оның ең соңғы көлемді жыры фашистік Германияның біржола қыйрап жеңілуін 9-май күні Советтер Одағының Генералиссимусы Сталин жолдас жариялағаннан кейін шығарылды. Бұл хабарға қуанған Жәкең үйіне жыйналған жұртқа ұзақ жыр айтып, жырын: «Енді өлсем де, арман жоқ» — деп аяқтапты. Бұл жырды жазып алар кісі болмағандықтан, сақталмаған.

Жәкең жеңіс тойынан кейін ұзақ жасамады: 1945-жылдың 15-июнь күні сырқаттанып, ауылынан Алматыдағы қазіргі Министрлер Советінің ауруханасына кеп түсіп, 22-июнь күні, таңертең, дүниеден біржола қоштасты.


Көп тілді, бір мазмұнды совет әдебиеті, Жәкеңнің өлімін түгел азалады. Қазақстан Жазушылар Одағының атына ССРО, Украина, Белоруссия, Латвия, Литва, Ленинград, Өзбекстан, Қырғызстан, Грузия, Тәжікстан, Татарстан, Дағыстан, Карело-Фин, тағы басқа совет елдерінен жүздеген көңіл айту телеграммалар келді. Ардақты алып ақынның өліміне бүкіл Советтер Одағы түгел қайғырды.


Сәбит Мұқанов.





БІРІНШІ БӨЛІМ









## РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ӨЛЕНДЕР




### ШАҒЫМ <sup>1</sup>

Шып-шып етіп молданың  
Қолындағы тобылғы;  
Қозғалтпайды жон жағым,  
Талай дүре соғылды.  
Торсылдатып танадай,  
Жыртар болды тонымды...  
Тілің ащы бала деп  
Қайнатты әбден сорымды.  
Оқымай-ақ кетейін,  
Байламаңыз жолымды.  
Алдыңыздан өтейін:  
Не жазып ем сол ғұрлы?!


\* \*  
\*

Оқымайын молдадан,  
Екі ыйығын қомдаған,  
Бала келсе сабаққа  
Жем аңдыған дорбадан.  
Ақ сәлдесі басында  
Боз інгендей боздаған.



Кайтп сабак береді,  
Айтканы ішке қонбаған?  
Оқымайын енді одан,  
Домбыраны қолға алам,  
Өлең кірген түсіне  
Жөргегінде, мен болам.  
Қыйнама әке, қыйнама,  
Болмас енді зорлаған.





## ӘКЕМЕ<sup>2</sup>




өртiнiң урлап қара атын,  
Жазықсыз қыйып қанатын;  
Жапанда жаяу қалдырып,  
Жайым жоқ қарғыс алатын;  
Ел арасын егер қып,  
Ойым жоқ шұрқан\* салатын.  
Қоныстан елдi бастырып  
Немiз бар ендi шабатын!  
Өлең мен сөздi дос қылып  
Құрамын ақын санатын.

Батаңды маған бер әке,  
Тiлiме менiң ер, әке,  
Жапаның ұлы ақын боп  
Жақсы iстептi... дер әке.  
Домбыра алып сөйлейiн,  
Күнде жасап мереке.  
Мерекелi болған соң  
Елде болар береке.  
Ұрлық түбi — қорлық деп,  
Болармыз құр келеке.



\* Шұрқан — бүлік, жапжал мағнасында.





САРЫБАЙҒА <sup>3</sup>



ар-еке салдым бір сөз сыныңызға,  
Сіздің сын таразы ғой сырымызға:  
Қолыма домбыра алып талап қылдым,  
Бересіз қандай баға ұлыңызға?


Жаманның көңілі көкте, жерде басы,  
Алыс қой аңғарғанға екі арасы...  
Жақсының өзі кішік, ойы биік,  
Бірдей ме екеуінің мәртәбәсі?

Біреулер малмен бәрін бөктеріп жүр.  
Айтқанды ақыл, нұсқа жек көріп жүр.  
Көтеріп дүниенің көң-қоқырын,  
Апарып қай шұқырға төккелі жүр?

Біреулер «қайтемін» деп қалтандап жүр.  
Әркімнің аузына жалтандап жүр...  
Біреулер біліп тұрып жете алмайды,  
Аяғын қандай нәрсе арқандап жүр?

Көңілі кейбіреудің бұлтта жүр,  
Устауға күн мен айды жуықтап жүр.  
Біреулер кара сөзді қамшы қылып,  
Куды мініп, кұланды кұрықтап жүр.


Қайсысын маған соның еп көресіз?  
Әкетсем өзім таңдап өкпелерсіз...  
Сүйекемнің сүйгенін ойласаңыз,  
Өлең болсын серігін деп бересіз.




## ЖАНЫС АҚЫНҒА <sup>4</sup>



Менің пірім — Сүйімбай,  
Сөз сөйлемен сыйынбай,  
Сырлы, сұлу сөздері  
Маған тартқан сыйындай.  
Сүйімбай! — деп сөйлесем.  
Сөз келеді бұрқырап,  
Қара дауыл құйындай.  
Екпініме кезіккен  
Қетер ме екен жығылмай.  
Құлаштап бір кетейін  
Көбен \* құсап тығылмай.  
Қашсаң қуып жетейін  
Бізге жабы \*\* бұйым ба-ай!  
Селтендеген ақынды  
Көрмеуші едім шыбындай.  
Кәне, сөйлеп жіберші,  
Айтыспағың шының ба-ай?!  
Деп келдің бе Жамбылды  
Күнде жеңген Шыбылдай \*\*\*



\* К ө б е н — арықтап жүріп ет алған жылқы.  
\*\* Ж а б ы — қарапайым жылқы.  
\*\*\* Ш ы б ы л — Ұлы жүздегі ру аты.



## ПҰШЫҚТЫҢ ҰРЫҒА АЙТҚАНЫ<sup>5</sup>




ығып ем бүгін мініп көк байталға,  
Кез болдым екеуіңе көк қайқанда,  
Көк байтал өзі семіз, өзі буаз,  
Жануар шаба алмаса өкпе айтам ба!

Екеуің келе сала пұшықты алдың,  
Өкпесін өзі дімкәс қысып та алдың,  
Қалғандай қағындысы күрттан әлі,  
Пұшықты бартылдатып ұшықтадың.

Олжалап кетерсіндер байталымды,  
Қалмайын мен де бүгіп айтарымды,  
Осы өлең қайда барсаң қыйқу салып,  
Қуалар бойларынан сайтаныңды.


Білемін бірің Манас, бірің Сырым,  
Пұшықты тонағаның жаман ырым,  
Атыңды біреуіңнің бірің атап,  
Көріп пе ең адам тонап бұдан бұрын.

Ала бер байталымды Сырым, Манас\*,  
Байталға мейлің өліс, мейлің талас,  
Атыңды екеуіңнің біліп алдым,  
Аржағы керегі жоқ, болды қалас!



\* Сырым, Манас — Қасқарау елінен шыққан ұрылар.






## ЖЫЛҚЫШЫ <sup>6</sup>

**С** ары түнге сарылып, кірпік ілмей,  
Салқын күзде бір жылы үйді білмей,  
Сахарада салақтап күндіз, түні,  
Бұралқы итпен малшының сыйқы бірдей.

Саяқ іздеп Саркемер, Сартау құмнан,  
Табылса деп, жонымыз бір тілінбей,  
Байтал түгіл бас қайғы болып жүріп,  
Қайтпекші едік төсектен біз түңілмей!





## КЕМШАТ ҚЫЗ <sup>7</sup>




ер мыйық Кемшат қыздың көрдік көркін,  
Қондырған шекесіне құндыз бөркін.  
Секілді алтай түлкі сылаң қағып,  
Шеніне келтірмейді-ау емін-еркін.  
Қырандай қыяннан-ақ ілер едім,  
Қырқада қызыл жүзін бұрса бертін.

Шан жүклас шашасына сандақ едім,  
Шалдықпай шаршы төске самғап едім,  
Құмайдай жұрт андымай, қыяға ұшып,  
Алатын тоятымды таңдап едім.  
Айдыңның ақ шортанын жібермейтін,  
Жасымнан жаза баспас қармақ едім.

Болғанмен сыртым қораш, ішім сұлу,  
Сол ғана тұлабойға берген жылу,  
Ажары бет пен іштің бірдей емес,  
Қерек-ау Кемшат соны пайым қылу.

Солмай ма көктемдегі әдемі гүл?  
Оңбай ма арудағы ал қызыл тұр?  
Еңкейіп екіндіге күн құласа,  
Көріксіз көрінбей ме дүние бір?  
Осының бәрі мысал ойлағанға,  
Кемшат қыз ойлан, ойлан ба, оны өзін біл.  
Көңілге келіп бір сөз қалғаннан соң,  
Тынар ма айтып өтпей қу қызыл тіл!..




\* \*  
\* \*

Сыртың бір сұлу жан екен,  
Сыпайы көзге көрінген.  
Сыр-мінезін бар екен  
Сөйлесуге ерінген.  
Қамқа қамзол киініп,  
Қас-қабағың керілген.  
Қарапайым адамнан  
Қомытсынып жерінген.  
Жұбайыңды есіттім  
Таңдап тапқан еліңнен:  
Өзі қарау, тарыншақ  
Қас Қарымбай делінген..  
Салғаныңды көрермін  
Соған барып серуен.  
Сөйлесермін оралып  
Сонда Кемшат сенімен!








Ел едін құт дарыған Есім-Малай,<sup>8</sup>  
Қыдырып қызығынды көрдім талай.  
Арқанда үрлеп ішіп, шайқап төктім,  
Қайтқалы бет түзедім елге қарай.

Кең біткен етек-жеңі ағайын ең,  
Беріпті саған дәулет соған жарай.  
Балаңа бесіктегі белгілі ғой,  
Сапатқа ілінбеген Қожан қалай?

Барармын баян қылып бәрін төске  
Бейілің, берекеңмен болар есте.  
Адамның алыс жүрсе аңсары ауып,  
Көруге кұмартары сол емес пе?

Жан екен жағын сауған аларманда...  
Артымнан мен кеткен соң солай деспе.  
Ат міндім, атан алдым, шекпен кидім,  
Жөнім жоқ сені мақтап сөйлемеске.

Ағайын-туған есен бол,  
Алшайып атқа мінейін.  
Енді айналып келгенше  
Аңсай-аңсай жүрейін.  
Шүйгініне сонылап,  
Шынарына түнедім.  
Қош аман бол хұрметті ел,  
Қадірінді білейін.




## ҚУҒЫН<sup>9</sup>

**Е**кі жылқы алдырдым  
Майтөбенін \* жонынан.  
Бергенім жоқ қолымнан,  
Ұры әкетті торыған.  
Ізі осылай ойысты,  
Қуып келем соңынан.  
Сөзім емес, Бәйеке  
Сізді ұрыға жорыған,  
Қыдыр шалған жылқыңның  
Қаратыңыз тобынан!  
Табылмаса тобыннан,  
Көрейін өз сорымнан.




\* Майтөбе — Жамбыл ауылының жайлауы.




## ШӘБДЕНГЕ <sup>10</sup>



а, шаһибаз, хан Шәбден!  
Атым арып келді әбден.  
Тоным тозып жүдедім,  
Орын бермей жан төрден.  
Ак ордаңа енейін,  
Аман сәлем берейін,  
Аз дамылдап алайын,  
Өзіме-өзім келейін.  
Жан таң калған сөзімді  
Алдыңа бір төгейін.  
Күн қыядан батқанша,  
Ай қыядан асқанша,  
Ағыл-тегіл тер болып,  
Жорғалайын, желейін.  
Басы биік Алатау,  
Жер өмірден көрінер,  
Арнап келдім батыр-ау,  
Амандасып қолың бер!  
Ауыл алыс болса да  
Атағыңды көрдім бел.  
Атым арық, тон тозық,  
Қысып келді аштық, шөл.  
Жерімізде жұт болып,  
Өспей қалды быйыл төл.  
Бұйымтайым, мұным да  
Әзірше айтар сізге сол.







## КЕДЕЙ КҮЙІ <sup>11</sup>



зын ағаш, Қара тас.  
Қалқабайдай қайран жас,  
Бекеттен \* нан қоймайды  
Жалаң аяқ, жалаң бас.

Оған ауыз жарымас,  
Сондадағы ар қылмас.  
Қалт-күлт етіп жүргені  
Қысы, жазы қарыны аш.

Қайтіп жаның ашымас?  
Неткен заман қатыбас?  
Еткен еңбек, төккен тер  
Қалай түкке татымас?

Болмайды ішкен асың ас,  
Қайтіп сүйек жасымас?  
Мұныменен Қалқабай,  
Сордан көзің ашылмас.

Ағайынмен бар, сырлас:  
Тегін тамақ татырмас!  
Жарылқары жалғыз-ақ:  
«Жетерсің» дер, «басың жас!»

\* Бекет — Ұзын ағаш бекеті.



## СЫРТТАНҒА <sup>12</sup>

**К**ыдыралы, Құлшашан  
Құлаш ұрған Сырттаным.  
Жерді болжап күн шалған  
Жүргенінді ұққамын.  
Қыдыралы, Есімбек,  
Эрентальды сабаған.  
Ер туған ұл десін деп  
Бір кәдеге жараған!..  
Маманының өрені  
Тыйын-тебен санаған.  
Құтылғалы кетіпсін  
Солар жапқан жаладан.  
Енді ниет етіпсін  
Кім кірмеген қаладан.  
Сендей қазақ аз шығар  
Үміт қылған баладан.  
Екі балаң жетілсе  
Құтыларсын табадан.  
Дәметемін жетімше  
Сендей білгір ағадан.





Сыздык атың жайылды  
Бул өңірге жасыңнан;  
Айбатыңды көргенде,  
Душпандарың бас ұрған.

## СЫЗДЫККА <sup>13</sup>



Әлем бердім, алдияр,  
Орын бердің қасыңнан.  
Сен бір қалған көз едің  
Кенесары асылдан.

Сыздык атың жайылды  
Бул өңірге жасыңнан;  
Айбатыңды көргенде,  
Душпандарың бас ұрған.


Даңқынды естіп жүрушем,  
Шар-тарапқа шашылған.  
Ақ жүзінді көрген соң  
Енді мауқым басылған.

Ауылға жүр қонақ бол,  
Атан алып, ат мініп,  
Ағайынға беріп қол,  
Аттанарсыз Сыдеке.  
Ата жолы деген сол!

Арнап келіп алғаның  
Алтын жүзік, сар-қасқа ер,  
Атаңыздың аруағын  
Сыйлайды екен бір тайпы ел.  
Екеуінің \* қалғаны  
Он бір жыра деген жер,


\* Екеуі — Кенесары мен Наурызбай батыр. Сүйектері «Он бір жыра» деген жерге көмілген екен.





Оны да айтты ағайын,  
Іштең шықты қайғы-шер.  
Атаның не арманы  
Іздеп келіп артынан,  
Бата қылса сіздей ер!






## ҚЫЙСЫБАЙҒА <sup>14</sup>

**Е**

й, Қыйсыбай, Қыйсыбай!  
Бері қарашы қымсынбай.  
Шапаныңды бергенше,  
Көңілім тұр тыншымай.  
Етігінді қоса бер,  
Жүрсін десең шымшымай!






## СӘТ САЙЛАНАРДА <sup>15</sup>



ашын кұстай таранып  
Сыртын сұлу көрінген,  
Неңді медеу саналық,  
Жел еседі жеріңнен.  
Қайымады түйелер,  
Қысырады биелер,  
Қыста қырсыз жұт болдың!  
Елге жүгінді үйе бер:  
Шығынмен де шаршаттың,  
Енді қайтіп күй енер?!  
Көргеніміз сол болса,  
Неміз қалды сүйенер!  
Қазбасам да мен онша,  
Елдің өзі-ақ жүйелер.







## ТІЛЕМІСКЕ <sup>16</sup>



й, Тілеміс, Тілеміс!  
Тілің мірдің оғындай.  
Тиіп кетсе күйдірген  
Сексеуілдің шоғындай.  
Қарсы келген жан болса  
Құтылмайды соғылмай.  
Құр сүлдесі қалғанша,  
Қара терге шомылмай!  
Қебекбай мен Ноғайбай,  
Тіліннен-ақ именіп  
Жүр ғой сені соғалмай!..






## АБЫШКА <sup>17</sup>



Мамбетали аулында  
Атандым мен абышка\*,  
Абышка деп мына кыз  
Тийип кетти намыска.  
Абышканын сақалы  
Элде буган таныс па?  
Абышканы байкасам  
Емес екен алыста.  
Абышка ма, карашы,  
Биздин эсем дауыска.  
Узак таңга карлыкпас,  
Улы дубир шабыста.  
Айткан сөзим шет болса,  
Сынатайык калыска.  
Не болмаса жөнде өзиң,  
Тулгаң тузу жан екен,  
Түсінетин эр нууска...



\* Абыш — кыргызша шал деген сөз.




## МӘНКЕ ТУРАЛЫ <sup>18</sup>




анғойлық болысы пысық келеді,  
Мұрындары пұшық келеді.  
Екі арадан ептеп жерінде,  
Көздерін қысып келеді.

Сөздерін ұзарта келеді,  
Өңешін қызарта келеді.  
Өнімі азырақ жерде  
Үстіне тұз арта келеді.

Ыңыранып отырып алады:  
Әр алуан қырға салады...  
Ақыры кұдай жарылқап,  
Қалталарын толтырып алады...







ЖИӨСИЕТ 19 М

**О**й-хой, дүние серуен!  
Адам бір көшкен керуен.  
Дүниені кызык қалдырып,  
Асамыз өмір белінен.  
Кірсе лебіз — шыкса жок,  
Хауіп етіндер өлімнен.  
Кылышбайдан таралып  
Сөз нұсқасы келінген.  
Дос-жаранға, кем-тарға  
Қайырлы бол делінген!  
Кылған қайыр болмаса,  
Не әкетесің өмірден?  
Дәулетіннен не пайда  
Таусылмастай көрінген!  
Жалғыз мұран сол болар  
Қол қайырың берілген.  
Басқа дүние бірі де  
Көмілмейді кебінмен.






Жамбыл халық ақындары мен өнерпаздар ортасында

(1930 жылғы сурет)







## ШАЛТАБАЙҒА <sup>20</sup>




алқын келіп тоң-торыс  
Сыртқа сыздап қарайсың.  
Сенен басқа жоқ болыс, —  
Деп өзінді санайсың...  
Шарға \* түсер шағында  
Қара тер боп сабылдың.  
Аялған жоқ малың да,  
Ақжем болып шабылдың.  
Елге сөзің жеткенше:  
«Жамағат!..» деп жалындың.  
Қол билікке жеткен соң  
Салғырттыққа салындың.  
Сан рет кеп алдында  
Сағым сынып сарылдым:  
Сазаратын Жамбылға —  
Саған сонша не қылдым?!  
Бақсы басы қаңғырар  
Бабын таппай тамырдың.  
Жанды есінен тандырар,  
Қыйынын-ай бабыңның!..

Әбелкірі.




\* Шар (орысша) — домалақ нәрсе, болыс сайланарда елубасылардың қолына кішірек домалақ тасты береді, ол тасты әрбір сайлаушы болмысты сайлауға арналған ортасы бөлінген жәшікке апарып салады, жәшікте екі уя болады, бірі сайлайтын жағы, бірі сайламайтын жағы. Осыны халық шар салу деп атаған.




## КАЛЫЙҒА <sup>21</sup>

Е

й, Ордабай ұлы Қалыйым!  
Үстінде тұр ақ үйін,  
Қасында тұр кара үйін.  
Атағынды білемін,  
Сыртыңнан-ақ танийым.  
Атан сұрап, ат сұрап  
Деп келгем жоқ жарыйын.  
Байдабектің бірі едің,  
Сар бәйбіше ұлы едің.  
Сартау кұмды мекендеп  
Баяғыдан жүр едің.  
Сахарада қонысың,  
Малға толы өрісің.  
Сойылыңды соғып тұр  
Болысың мен орысың.  
Біздей жаһан кезбені  
Қомытсынсаң қомытсын.  
Бірақ, айтып кетейін,  
Жүзім қайтып көрген жоқ,  
Сенең қорқып нетейін,  
Күле-күле жүрсін ел,  
Мен-менсіген бейліңді.  
Елге жайып өтейін.







## КӨКІМГЕ <sup>22</sup>



Бері отыршы, Көкімім,  
Қандай екен өкімін?  
Елді билеп алуға  
Қай арадан бекідін?  
Әлде бекіп келдің бе,  
Арын сатып бетіңнің?  
Бір тояйын дедің бе  
Ақысын жеп жетімнің?  
Әлде ғарып көз жасын  
Көрейін деп бекіндің?  
Ашып жауап қайыршы,  
Көкім сенен өтіндім!








## МӘМБЕТКЕ <sup>23</sup>



а, кадірлі Мәмбетім  
Ауылында алты күн  
Дамыл алмай әндеттім.  
Ән мен күйді тоғылтып,  
Айналанды сәнді еттім.  
Атән беріп, ат беріп  
Ақырында дәндеттін.  
Алты ай өтіп арада,  
Ауылыма сен жеттің.  
Жамбыл үйі жаман деп  
Атақ жайып сен кеттің.

Үйім жаман болғанмен  
Сөзімді жүрт сыйлайды.  
Айтқандарым жаққан соң  
Алыс, жақын тыңдайды.  
Сен жамандап кетсең де  
Мені жүртым қыймайды.  
Бай есіркеп бермейді,  
Айтқаныма ұлайды.  
Қайтармасаң бодауын  
Тағы артынан тулайды...  
Айтпасыма болмайды,  
Қыдығы ішке сыймайды:  
Түк қайыры болмаса  
Несіне мал жыйнайды?!






## ӨСТЕПКЕДЕ <sup>24</sup>



Йсін, Найман сандағы  
Өстепкеге \* жыйылдың;  
Жолдың ұшып шандағы,  
Алматыға күйылдың...  
Елде жүрген егейлер,  
Қалада кұр үйілдің;  
Ұлық көрсең ұйлығып  
Желді күнгі қамыстай  
Жапырылып иілдің.  
Жүріппіз сыр алыспай,  
Жайларыңды түйіндім...  
Келтірдіңдер намысты  
Бек қорланып күйіндім.  
Бүйтіп қызық көргенше,  
Өзі жақсы үйімнің;  
Шұлығымаймын сендерше,  
Керегі жоқ сыйыңның.  
Қор болмаймын өлгенше,  
Өлеңіме-ақ сыйыңдым. ✓



\* Өстепке — көрме — выставка. 1913-жылы Алматы қаласында Ресей патшасы — Романов тұқымының таққа отыруына 300 жыл толу хұрметіне ұйымдастырылған көрме.



## ПАТША ӘМІРІ ТАРЫЛДЫ <sup>25</sup>

(1946-жылғы оқуыға)

**К**


ызығынды көп көрдім,  
Карабастау. Күлан саз\*.  
Күндерімді өткердім  
Сенде жүріп ұзақ жаз.  
Көк-орайға жайылған  
Секілді едік үйрек, қаз.  
Ештеңе жоқ уайымнан  
Жүрүші едік көңіл маз.  
Патша әмірі тарылды,  
Оған қылар бар ма ылаж?!  
Ішке толған зарымды  
Кімге айтармын қылып наз!

Көген көзді қосақтап  
Қалай қыйып берерміз?  
Көздің жасы моншақтап  
Көңіл шер боп өлерміз.  
Көк жайлауды қалдырып  
Қайда көшіп кетерміз?  
Көкіректі зар қылып,  
Қорлықпен қайтып өтерміз?

«Бес үйден бір жігіт!» — деп  
Болыстар жүр шапқылап.  
Жасауыл үй тінтпек  
Қылыштары жарқылдап.

\* Карабастау, Күлан саз — жайлау аттары.






Бүйтіп көрген күн кұрысын  
Жапырақтай қалтырап!  
Таусылғандай тынысын,  
Күн де жүрек қансырап...

Дүниенің кеңдігі —  
Жүргенінде басың бос.  
Жан қысылса белгілі,  
Табалмайсың жарқын дос.  
Өз араңнан шыққандар  
Таяқ соғар өзіне.  
Әр нәрсеге бір зауал  
Дейтін еді кезінде...  
Би, болысты тәңрі атты  
Ел қорғауға жарамай,  
Ағайынды еңіретті  
Көз жасына қарамай.  
Енді ойласақ: не қалды,  
Ата жұрттан кету бар.  
Жолға тігіп не жанды  
Тәуекелге беку бар.  
Не болмаса шыбындап  
Тағдырына көну бар,  
Көнсен күнде шығындап,  
Ит қорлықта өлу бар!..





## ЗІЛДІ БҮЙРЫК <sup>20</sup>

**В**ерный\* ден жандаралдар бұйрық қылды,  
Күйрығы бұйрығының тіпті зілді.  
«Отыз бір — он тоғызды алад» деген  
Суық хабар халықты бұлқындырды.

**Ж**ылады сорлы халық малын айтып,  
«Кеткен соң қолдан шығып келмес қайтып», —  
Дейді де еңіреді, егіледі,  
Қайғының күндіз-түні күйін тартып.

«Верный»дың қадам баспай қаласына,  
Кемпір, шал жылап жатыр баласына.  
Ешбір ем табылмады іздесе де,  
Халықтың жүректегі жарасына.

Пристов келіп қалды бала сұрап,  
Ел жатыр бермейміз деп қойдай шулап,  
«Қырсаң да баламызды бермейміз» — деп,  
Тайсалмай әке-шеше жатыр сұлап.

Пристов ашуланды «аламыз» деп,  
(Жігіттер тұр: «бармаймыз, қаламыз» деп).  
«Егерде бұл түрінді өзгертпесен,  
Басына бір ойранды саламыз» деп.

Ел-ел боп жыйылды кеп әрбір сайға,  
Ал әлеумет, қарандар мына жайға,

\* «Верный» — Алматының революциядан бұрынғы орысша аты.



Сендей болып соғылып толқындады  
«Бір сая бола ма — деп — шыбын жанға?»

Жыйылды бозбалалар бір кезеңге,  
«Қарғалы» деген тасқын бір өзенге,  
Пристов кетті — «еріксіз аламын» деп,  
Көресің бұл істі деп кезегінде.

Бәрін де ол пристов жаттап алды,  
Басшыларын қағазға хаттап алды,  
Аттандырып бұл елге солдаттарын,  
Басты-басты кісіні саптап алды.

Күн ыстық қайнап тұрған сарша тамыз,  
Жанында қан, малында қалмай маңыз,  
Оразаның күні еді сол уақытта,  
Бұл күнде оразаны не қыламыз!

Суында Қарғалының ауыз ашты,  
Бір бәлекет халыққа душарласты,  
Басшылары кеткен соң тағат алмай,  
Жыйылған жұрт дағдарып жанталасты.


Келді де алып кетті жақсыны айдап,  
Барады боздақтардың көзі жайнап,  
Күн ыстық, қайнап тұрған сарша тамыз,  
Жөнелді абақтыға соры қайнап.

Жақсыдан жақсы қоймай алды санап,  
Қамалды абақтыға қырғыз, қазақ,  
Білмеді не болғанын сырттағы ел,  
Қамалғандар тірідей тартты азап.

Шулайды абақтыға қамалған көп,  
Сырттағы жүр: «біз енді қайтеміз?» деп,  
Губернатор, жандарал жауапқа алды:  
«Жайлауда ту көтеріп шапқан кім?» деп.

Ешқайсысы айтпаған соң айғай сап кеп,  
Өзі айтты жандаралдың «Бекболат!» деп,





Бекболат бола қалса ту көтерген,  
 Бұйрық қылды: «дарыға асып тарт!» деп.

Калиқұлды бірге жазды дарасына,  
Байбосын қоса кетті арасында,  
Абактыда қалғандар естен танды,  
Көзінің қамшы тиіп қарасына.

Әкетті байғұстарды арбаға сап:  
 «Иманынды айтатын молданды тап,  
 Үндерінді шығарма, өңкей надан,  
 Мұнан былай сөйлеме, аузыңды жап!»

Самсаны \* алған екен Ботпай қамап,  
 Оларға жігітімен кетті сабап,  
 Тұтқындарды босатып ала алмады,  
 Бір бәлеге екінші бәле жамап.


Пристов та Самсаға барған екен,  
Жаныбектің мешітін қамап алған екен,  
Жаныбек қажы жанына ара тұрды,  
Бір болыс ел жыйналып барған екен.

Ала алмай күні бойы әлек болды,  
Жаныбек пристовқа себеп болды,  
 Ертеңінде кұтылып Ұзын ағашқа —  
 Шайдатып келе жатты қара жолды.

Бөлек-бөлек топтанып шоқтай солып,  
Бай көлесті өлтірді Ботпай болып,  
 Қолына онан басқа түк түспеді,  
Кезсе де бұл маңайды әбден шолып.

Ақыры ұлыққа түк қыла алмастан,  
 Не боларын бұл істің біле алмастан,  
 Күш жыйнамай қарусыз ұрыс қылып,  
 Бозбаланы бітірді кек алмастан.

\* Самса — жер аты.




«Шейібен»де \* әскерлермен ұрыс болды,  
Сол ұрыста топ басы Саттар өлді,  
«Саттар өлді, ел қашты» деген хабар,  
Ел-елдерге жайылды оң мен солды.

Шұбырып тауға карап ел жөнелді,  
Не боларын сонының кім біледі?  
Тауға шығып өрмелеп тасқа бұғып,  
Елдің бәрі жанынан түңілді енді.

Ертеңінде ел-елге әскер барды,  
Шапшаң түсіп келсін деп хабар салды,  
«Қашқандарды аталы» дегеннен соң,  
Таудағылар кірер жер табалмады.

...Аттандық ұлығының қонысына,  
Елді сорған борсықтай болысына,  
Көп ерлер қаза тапты жауға аттанып,  
Көксеген азаттықтың соғысында.



\* «Шейібен» – жер аты.



## ЖОЛ ҮСТІНДЕ <sup>27</sup>



Ақмырзаның баласы \*  
Ежелден едік сыр-десте \*\*,  
Атым арық, қарашы!  
Амалым жоқ мінбеске.


Жол үстінде болдырып  
Ант еткендей жүрмеске,  
Айдалаға қондырып,  
Кетер ме екен бір кеште.

Сыр-десте адам осыны  
Айттырмай-ақ білмес пе!  
Кеусенім \*\*\* деп тарыдан  
Берсе қайтер бір десте?!




\* Ақмырза — Екейден шыққан бір атаның аты.  
\*\* Сыр-десте — сырлас.  
\*\*\* Кеусен — қырман иесінің таныстарына беретін сыбағасы.





ЕКІНШІ БӨЛІМ



THE UNIVERSITY OF CHICAGO  
LIBRARY

---

PHYSICS DEPARTMENT

---


PHYSICS DEPARTMENT  
5712 S. UNIVERSITY AVE.  
CHICAGO, ILL. 60637



## АЙТЫС

### ЖАМБЫЛДЫҢ АЙКҮМІСПЕН АЙТЫСЫ <sup>28</sup>

Ж а м б ы л:

дейі ат терлетіп келдім тойға,  
Айкүміс, әуелден-ақ болдың ойда.  
Әуірі \* басылмаған албырт едім,  
Асығыс айтқанымға кінә қойма!

А й к ү м і с:

Аптығып ә, дегеннен амандаспай,  
Әдепті үйренбепсің, Жамбыл, жастай.  
Асылға арсыдағы \*\* қол жетпей ме,  
Ақылмен қыймылдасаң аспай-саспай?..


Ж а м б ы л:

Айкүміс, асықпауға шамам бар ма?  
Жасшылық ұрындырды талай жарға...  
Сен үшін жатсам, тұрсам арманым көп,  
Жем болып кете ме деп жамандарға.

\* Әуірі — көңілдің кұмары, желігі.

\*\* Арсы (арапша арсы-ғаршы) — жеті қат көк үстінде так орыны. Қудайға лайықты хұрметті орын мағнасында.





А й к ү м і с:

Біле ме пенде шіркін өз кемісін,  
Ел кезіп есер мінез сен де жүрсің...  
Жаралған жат жұрттыққа ұрғашымыз,  
Жарқыным, өкінбеші сен мен үшін!

Ж а м б ы л:

Барарсың бір жаманға өзің қор боп,  
Отырсың қарқарадай әзір зор боп.  
Көзіне көк шыбынды үймелетер,  
Көргенің өле-өлгенше ылғи сор боп.

А й к ү м і с:

Жамбыл-ау, күбінесің неге сонша?  
Кутқарып қыз біткенді қалған жанша...  
✓ Қолдағы қаршығаннан неге айрылдың \*  
Тұтқасы дүниенің сенде болса?!

Ж а м б ы л:

Жалғанның сорлысы екен қыз бен жігіт,  
Жүрмеген бірге ойнап, бірге күліп!  
Арыны басылмаған арсыз көңіл,  
Тағы да етіп отыр сізден үміт.

А й к ү м і с:

Жігітке көрінеді үміт жеңсік,  
Жарымас ол мінезге көңіл көншіп?  
Жарқыным, одан қайта қолқанды айтшы,  
Әр нені тере бермей, құр білгенсің!..

Ж а м б ы л:

Түйме емес, тоғыз емес тілегенім,  
Жубатпас көңіліңді құр өлеңім.

\* Жамбыл алып қашқан қызды Сарыбай би төркініне қайтарып берген.



Болмасаң сөзге қашақ, ішке тосаң,  
Сырымды айттырмай-ақ білер едің...

А й к ү м і с:

Жамбыл-ау, жан екенсің сөзге сараң,  
Жақпады қай мінезім бүгін саған?  
Дітінді \* білтелемей, білдіре айтшы,  
Саласың қандай қолқа тегі маған?

Ж а м б ы л:

Ауылым жайлап отыр Көксеңгірді,  
Көз сүзіп сіздің жаққа еңсем кұрды.  
Колыма бір ұстатсаң түсінерсің,  
Томпайған төсіндегі өртенгірді.

С. б. к.

А й к ү м і с:

Жамбыл-ау, ұстатпаймын, кінә қойма,  
Кетейін қайтып ардан мына тойда.  
Жақсы сөз жан семіртер деген бар ғой,  
Әдепті мінездерің жүрсін ойда...


Ж а м б ы л:

Айкүміс, амалым жоқ, қош ендеше,  
Кетелік сыр білдірмей жат пендеше...  
Атынды, ақ жүзінді ұмытпаспын,  
Кеудемнен қашан менің от сөнгенше...



С. б. к.

\* Дітінді — ойынды, пікірінді мағнасында.



## ЖАМБЫЛДЫН БАКТЫБАЙ АКЫНМЕН ТАНЫСУЫ <sup>29</sup>


**Б**

Бактыбай:

іздің ауыл Қаратал  
Шапырақтың бойында.  
Мен үйімнен шыққанда  
Сен бар едің ойымда.  
Өзін қандай, мен қандай,  
Жалыным аз бойымда;  
Көне тартқан шағым бар,  
Көзінді сал, пайымда.  
Қойшыны құдай атарда  
Шопанға тиер таяғы,  
Қырсау тартқан кісімін,  
Мен өлеңнің саяғы.  
Күй мен сөзді ағытқан,  
Қайратым жоқ баяғы.

Ол күнімде іздеушем  
Тоятымды алыстан.  
Он бір ақын Найманда  
Бірінің аты Арыстан.  
Арыстанмен мен едім  
Күні-түні алысқан.  
Алысқан соң жарай ма,  
Қатарыңнан қалысқан?  
Сол бір ұлы дүбірде  
Таубап едім шабыстан.  
Көп сыяқты кәріміз,  
Енді аяғы шалысқан...  
Бір сөйлейін деп келдім






Естіп сені дабыстан,  
Қожақанның үйінде,  
Ақын Жамбыл өзіңмен,  
Кезім осы табысқан...

Ж а м б ы л:

Әуелі сәлем берейін,  
Жасыңыз үлкен аға деп,  
Өлең-сөзге желейін  
Тұрғанында шама кеп.  
Бойда қайрат барында,  
Ойдан өлең төгілсін.  
Сыйласуды көргенде  
Жұрт көңілі егілсін.  
Майкеменен айтысып  
Мәлім болған өзіңсін.  
Абак, Тарақ арасын  
Аралаған серімсін;  
Алыс, жақын бәрін де  
Саралаған ерімсін.  
Алдыңызда сөйлейін  
Өлең бойы көрінсін.  
Егер сөзім унаса  
Оң батаңыз берілсін.  
Ұнамаса өлеңім:  
Онда менен жерірсін.  
Мен жөнiмдi айтайын:  
Шапырашты елінде,  
Қара-Қастек қонысым,  
Майтөбенің төрінде.  
Өлеңменен шырқадым  
Алатаудың беліне.  
Тастап кеттім бір сарын  
Қырғыз, қазақ еліне.  
Қаздай қалқып ерінбей  
Өлең тердім жасымнан,  
Майкөт ақын, Құлмамбет  
Орын берді қасынан.



Майлы қожа, Құлыншақ  
Пірім еді бас ұрған.  
Айтқандары нұсқа еді,  
Сөз жаралған асылдан!  
Айтар сөзім қысқа еді,  
Тоқтатайын осыған.



БӨЛЕКТИҢ ҚЫЗЫНЫҢ  
ЖАМБЫЛМЕН КАҒЫСУЫ <sup>30</sup>



Қыз:

Көк шолақпен тепектеп,  
Тор шолақты жетектеп,  
Жанай берме көшімді,  
Түйелерім шошыйды.

Жамбыл:

Әсем басқан кұла атын,  
Өзінді де ұнаттым.  
Жақындағым келеді  
Жақсы көрген жүратым.

Қыз:


Кашан кұда болып ең Балғалымен?  
Күн өткізген түрің бар сандалумен...  
Балғалының батасы бұйырмайды,  
Қол қусырып келсең де мал, жаныңмен.

Жамбыл:

Қарға тамыр ел едік қашаннан-ақ,  
Жекжатымен ел өсіп жасандамақ,  
Ел аруағын сыйламас есер қыздар  
Жеңіл сөйлеп орынсыз шошандамақ.

Жолаушылап келемін, өзім жүдеп,  
Қиім тозған, сәнім жоқ, жолға түнеп.





Жылы көріп жүзінді жақындап ем,  
Қомытсынып сөйледім үдеп-үдеп...

К ы з:

Жолаушы адам, білемін, жүдеп келер,  
Еру елден бірдене тілеп келер.  
Көш қасынан қалмайсың қосанжарлап,  
Аулақ жүрсен, жарқыным, кім өкпелер!

Ж а м б ы л:

Оның рас, жолаушы жүдеп келер,  
Жүдесем де мен емес қыз өткерер.  
Көк шолақпен көшінде бір жүрмесем,  
Балғалыда Бөлектің қызы өкпелер...

Қ ы з:


Құла қасқа — бәсірем \* көшке мінген,  
Құлақ жымса атынды сескендірген.  
Қапелімде қаларсың күлкі болып,  
Кетсең деймін жарқыным көш шеніпен.

Ж а м б ы л:

Не қылсаң да кетпеймін мен қасынан,  
Сүйкімді боп барарсың алғашқыдан.  
Ат тістесе атымды қуанамын,  
Тәңірімнің ісі деп жармастырған...



\* Бәсірем — өзіне меншікті, төл аты.



САРЫ АҚЫНМЕН  
ҚАҒЫСУ <sup>31</sup>



С а р ы:


а, шырақтар, мен едім  
Сары Үйсіннің Сарысы.  
Сарыбайды сыйлаған  
Екейдің жас, кәрісі.  
Жолы болар жігіттің  
Оңға барар бәр ісі.  
Түбі жаман дерттің  
Ем болмайды дәрісі.  
Уа, Сарыбай айтып бер  
Осы сөздің не болмақ  
Ойлағанға: мәнісі?

*Аздан соң:*

Екейдегі Сарыбай,  
Қойға қораш, ойға бай!  
Әлгі сөздің мәнісін  
Отырмысың ойламай?

Ж а м б ы л:


Саркемді састырып  
Сүйекемнен сүрінген, —  
Сізге жауап берейін  
Жақтырсаңыз, бүгін мен:  
Ақындарды жеңгенде  
Ісіңіз оңға жүгірген.  
Сүйекемді көргенде,  
Жүрегіңіз түнілген.  
Соның емін табалмай,



Ой алысқа үңілген.  
Жеңілгенді намыс кып  
Аш беліңіз бүгілген;  
Сүйекем жоқ бұл жерде  
Дәрі берер тілінен.  
Сол емес пе шешуі,  
Өзіңізге-ақ жүгінем.







## МАЙКӨТПЕН ДИДАРЛАСУ <sup>82</sup>



М а й к ө т:


апар тартып келіп ем  
Сарыбайдың асына.  
Отыз кісі елімнен  
Еріп еді қасыма.  
Шырқайын деп шығып ем  
Майтөбенің басына.  
Жаңғырықсын дауысым  
Алатаудың тасына.  
Естушедім дабысын  
Жамбыл бар деп осында.  
Ақын болса келмейді  
Неге менің қасыма?  
Неге сәлем бермейді  
Мендей көрі досына?

Ж а м б ы л:

Сәлем уағалайкүм, Майкөт аға!  
Есітіп дауысыңды көлдім жаңа.  
Алдынан үлкендердің өтпейін деп  
Аялдап әдеп еттім біраз ғана.

Сіз бе еді — ақын аға Майкөт деген,  
Бір сөзі бір сөзінен қайта өтпеген.  
Саңқылдап сарайыңнан өлең шықса,  
Именіп өзге ақындар бәйпектеген.

Келіпсіз біздің елге әдейі іздеп,  
Мейманды хұрметтейтін кәдеміз ед.



Сүйрендеп алдыңызда сөз сөйлемей,  
Етейін деп ойладым әдеп-ізет.

Сөйлеген аға тұрып ініден без,  
Ежелден елде сондай бар еді сөз,  
Аралау ағайынды бір бұл емес,  
Әлі де сізбен талай болармыз кез.

М а й к ө т :


Бәрекелді, Жамбылым,  
Сөз жүйесін келтірдің.  
Аңғарынды таныдым,  
Көтеріліп желпіндім.  
Аталы сөз мәні мол  
Жылағымды келтірдің.  
Тал бойында бар екен  
Алыс шабар серпінің.  
Ұлы жүзді аралап  
Елдің жайын көп білдім:  
Жасы үлкенді ағалап  
Мен де қызмет көп қылдым.  
Тауып айтқан сөзіне  
Селт еттім де серпілдім.  
Мейірім түсті өзіне  
Бата берсем деп тұрмын.

Ж а м б ы л :

Әуміні, батаңызға көтердім қол,  
Етейін сізге қызмет мен осы жол.  
Той қылып тобымызды отырыңыз,  
Менің де Майкөт аға тілегім сол.

М а й к ө т :


Жан-жағымға қарайын,  
Жағалай көз салайын,  
Аман-есен жүрмісің,




Алыс жатқан ағайын.  
Алдарыңа келгенде  
Әнге шырқап салайын.  
Узақ күнге самғасам,  
Саңқылдасын сарайым.  
Қаздандатып саусақты  
Қос ішекті қағайын.  
Алатаудың төсінде  
Аршындап бір шабайын.  
Айта жүрсін сөзімді  
Әңгіме ғып маңайым.

Аман-есен жүрмісің,  
Шапырашты, Екейім,  
Ауылыңды ду етіп  
Ән таратып кетейін.  
Сәудегерден бөз қалар,  
Ақындардан сөз қалар —  
Айта жүрер артымда  
Сөзімді аяп нетейін!..

Жамаат








## ЖҮНІСБАЙҒА ЖҮГІНУ <sup>33</sup>

**Е** Шыбыл шалдың айтқаны:  
кейде елу бақсы, сексен акын,  
Жаратып мінеді екен, ерттеп атын.  
Кобызы, домбырасы үнін қосып  
Гулейді жын қаққандай кешке жақын.

Сен бе едің Жамбыл акын соның бірі,  
Домбыра қолындағы дию-пері.  
Жоқ екен үкісі мен сылдырмағы,  
Көрейін қандай өзі, берші бері!

Ж а м б ы л:

Ей, не дейсің Шыбылым!  
Кеуденде жоқ шыбының,  
Құмға біткен селеудей  
Селдір екен шығуың.  
Әр рудың жүрмісін  
Төлөгелі шығының.  
Шілше тозып кетіпсін,  
Шашылып жүр сынығың.  
Бір басына жетерлік  
Былығы мен шылығың.  
Жүнісбайға жүгінем,  
Сөзді салсын сарапқа.  
Шыбыл-Шыбыл болғалы  
Бір кәдеге жарап па?




Төрт асылдың баласы\*  
Төрт құлақты кемедей,  
Ортасында Шыбыл жүр  
Өрт өшірген немедей.  
Қайтеін деп осыны  
Кетер едім елемей,  
Елемеске болмады  
Жабысқан соң кенедей!..



Handwritten text in Arabic script, likely a translation or commentary on the poem above. The text is written in blue ink and is somewhat slanted.

\* Төрт асылдың баласы — Асылдан тараған Теке, Төлеміс, Құрман, Орымбет деген елдер. Бұлар кісілікті болған да, Шыбыл руы соның әрқайсысының шылауында шашырап жүреді екен. Шыбыл шал: Жамбыл елі, Екейде ақындар көп болатынын айтқан көрінеді.



## АЛБАН ЕЛІНДЕ <sup>34</sup>

**К** Жамбылдын айтканы:  
еліп ем туғаным деп Қызылбөрік \*,  
Кеткелі өленіме қылып жерік.  
Қаңғырып қайтайын деп келгенім жоқ,  
Қып-қызыл билеріңнің жүзін көріп.

Бермедің қалы кілем, бұлқын ішік,  
Тамағым салқын тиіп қалыпты ісіп.  
Бақайдың \*\* берекелі Дәркембайы  
Көрген жоқ бұрын саған ісім түсіп.

Біздің ел Алатаудың бауырында,  
Сіздің ел Асы жайлау \*\*\* сауырында.  
Атаңның қыдыр шалған қонысында,  
Жақсы ма жолыққаным ауыруға?

Дәркембай дәрісін тап, жібер емдеп,  
Қалыпшын көңіл сынып, қатты дендеп.  
Алыстағы ағайыннан не алды екен,—деп  
Жүрмесін жетегіме жұрт телмендеп...


Уа, Бөлтірік, Бөлтірік!  
Сөз мәуіртін келтіріп  
Бір сөйлесен нетеді,

\* Қызылбөрік — Албан ішіндегі ру аты.

\*\* Бақай — ру аты.

\*\*\* Асы — атақты жайлау.






Сүйегімді жасыттың,  
Кетейін бе өлтіріп!  
Қалай жасып қайтайын,  
Осы өңірде сен тұрып.  
Ақын атың бар еді  
Сөйлесеңші серпіліп,  
Жасыл жайлау, ақ орда  
Қалсын біраз желпініп.  
Неге отырсын үндемей,  
Дәркембайдың алдында,  
Дәтің бармай іркіліп?

Бөлтіріктің айтқаны:

Ой, Жамбыл-ай, Жамбыл-ай  
Қашан кұлақ салды бай!  
Сөз асылын таный ма,  
Өзі ақынша қаңғымай?  
Енші беріп, үй тіксе,  
Әлі келмей жатқан жоқ,  
Екей елі бұл өрдің  
Келіп дәмін татқан жоқ.  
Мата бір топ Жамбылға,  
Мал таусылып жатқан жоқ.  
Думан қылды аулында,  
Сөзін бұлдап сатқан жоқ.  
Өлең беріп жорға алса,  
Жамбылдан бір сөз қалса,  
Тарамай ма мақтан боп...  
Ер көнілін таппасақ,  
Үстіне ішік жаппасақ,  
Қызылбөрік Бақайды,  
Өр мінезді бұл Жамбыл  
Жұртқа жаман атайды!..





## КҰЛМАМБЕТ ПЕН ЖАМБЫЛДЫҢ АЙТЫСЫ <sup>85</sup>




Кұлмамбет:

Кұлмамбет менің атым құлан аян,  
Менің құлан екенім тәнірге аян,  
Албан, Дулат жыйылып бата берсе,  
Кеңес айтып жырдайын етіп баян.  
Қара күннің баласы Ысты бақыр,  
Кім өлсе соған түсер заман ақыр,  
Жамбыл деген бар дейді бір немесі  
Ақын болса ол неме қайда жатыр?  
Бүгінгі күн елеусіз қалғанменен,  
Ертенгі күн шаужайдан алар ақыр.  
Сейтбаттал, Ер-Әлінің соғысындай,  
Не болса да болып қалсын, жылдам  
шақыр!

Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,  
Еркек қойдай күйрығын салмақтайды,  
Ақын болса қайда отыр ол немесі,  
Көрелік оны неге ардақтайды.

Күдеке кісі жібер Жамбылына,  
Жамбылды болар ма екен алдыруға?  
Албан, Дулат тобында мен бір жорға,  
Менімен жарар ма екен шалдыруға?  
Тең жорға төрт аяғым бірдей шалыс,  
Менімен жарар ма екен салдыруға?  
Топтан озған о дағы жүйрік болса,  
Кешікпей шапшаңырақ шақыр мұнда!



Жамбылды Күдайберген алып келді,  
Жыйылған халайықтың бәрі көрді,  
Жамбылды ол Құлмамбет көргеннен соң,  
Жамбылға сүйкенісіп сөйледі енді.  
Сондағы Құлмамбеттің сөзі мынау,  
Арам тер талай ақын болды булау.  
Жамбылға сонда тұрып былай деді,  
Басқасы болмаған соң аяқ ылау.

— Болғанда жол ағадан, тон жағадан,  
Арлан бөрі соғады тау сағадан,  
Бас қосып бағландармен қалмақ үшін  
Ізденіп келіп тұрмын Қарқарадан.  
Аузында сәлемің мен аманың жоқ,  
Үлгісіз көргенім жоқ сендей надан.  
Жүрмегін омақасып орға түсіп,  
Өмірі кішілікке баспай қадам.


Өлеңші өршеленген толып отыр,  
Бірі көшіп, біреуі қонып отыр.  
Мысалы дүниенің сол секілді,  
Бәрі де көрмегендей болып отыр.  
Өлеңші толып отыр көбелектей,  
Тоғыз ақын толғанып төніректей,  
Тоғыз тұрмақ ақының он бір болса,  
Немене бәріңді де басып өтпей.  
Камалып қам теріге \* бүрмеленбе,  
Қысты күн қар астында қалған шөптей.  
Мені шын жеңемін деп желікпей-ақ  
Қойындар абыйұрды шашпай, төкпей.

Апырмай, Құлмамбеттің келді кезі,  
Қалай теріс болады айтқан сөзі,  
Албан, Дулат бәрі кеп атқа мінсе,  
Шапырашты дегенің немене өзі?!

Шапырашты дегенің некесі жоқ,  
Бай болады диканшы тамағы тоқ,

\* Қ а м (арапша) — хам — жас, бұл жерде шикі тері мағнасында.





Албан, Дулат бәрі кеп атқа мінсе,  
Дегенің Үштаңбалы керегі жоқ.

Албан аға болғанда Дулат іні,  
Сөзінде Кұлмамбеттің бар ма міні;  
Албан, Дулат бәрі кеп айғай салса,  
Шапыраштының не болар көрген күні.  
Домалақтың төрт ұлы есен болса,  
Сірә жеңбей қоймаспын бүгін сені.

Жөнделіп жүйткушем жөнсіз жерден,  
Мен жауға алдырмаушем әлсіз жерден.  
Мылтыққа түтеп тұрған қарсы шауып,  
Асықсаң ажалына келші бермен!

Болғанда мен аксұңқар сен бір тауық,  
Сен әтеш айғайлағыш ауық-ауық,  
Болмаса аты шыққан Сүйімбайың,  
Баскасын қою керек жылы жауып.  
Ажал түртіп жүрмесін аңдамастан  
Оқтаулы ақ пернеге қарсы шауып.

Жамбыл-ау, Албан да ағаң, Дулат та  
ағаң,


Не қылса да артық дүр сенен бағам.  
Қасқарау Нұрқанның жылқысын мен

қаптатсам,

Қырылар Шапырашты бұзау, танаң.

Бұлбұл қабақ бастанған Екейім-ай,  
Жулып алып басыңды кетейін бе-ай,  
Не деп айтқалы отырсың бұл өленді,  
Түбіне таза тақыр жетейін бе-ай.

О, Жамбыл бүгін болар ұрын тойың,  
Ертеңгі күн болады дәл шын тойың,  
Тобықтай түзу жерден жол таппайсың,  
Бабаның мен қаптатсам қалың қойың.



Аңлашы, Албан бай ма, Дулат бай ма?

Сенің байың Шолақбай, Дулаттай ма?

Қалың жатқан келейін Майлы байға,

Мұнан соң мен барамын Бектембайға,

Тарпаң мен Токсейіттей бегің қайда?

Жүз мың теңге сандықта шіріп жатыр,

Баласы Ниязбектің Сәрсембайда.

Дәме еткен сары майдан кеудең қайда, +

Жамбылым, енді келдің ұрар сайға. +

Ойың бар айтыспаққа меніменен,

Түбінде кімге зыян, кімге пайда.

Баласы Өтегеннің Нурақан бай,

Хан Шәйбек қарауың көрде жатыр былай.

Көбікбай, Қарабаймен алыс жатыр,  
Сатыбалды, Қанайды қайтесің-ай.

Және бар Тілеуқабыл, Үсембайым,

Сөйлейді шаршы топта бұлбұлдайын, +

Алма тартқан кісіге ат береді,

А Жамбыл, білуші мең мұның жайын?

Тағы бар Жайылмыста молла Сәтім,

Бақ пен қыдыр іздеп кеп жалғасатын.

Дәулеті Сегізбектің серке болды

Салмағы қорғасындай қол басатын.

Бай болған Ормақайға қызыр дарып,

Смайыл келген еді қажы барып.

Солардың үлгі көрген ұрпағы еді,

Соғайын ер Мәңкені ауызға алып.

Алпыспай Мәлікпенен тағы да бар,

Қалай айтсам сыйғандай шағы да бар.

Ыдырыс қос тотым мен ер Шуманак,

Кең бейіл, кетпес дәулет бағы да бар.

Аманжол Қасқарауда, бек Ноғайбай,

Түп-түгел мал мен бастың бәрі де сай.

Ерте жатып, кеш тұрған өңшен сабаз,

Ішкені шай бұлардың, жегені май.

БН  
С, А  
1, 5, 1



Атасы кызыр шалган Малдыбайдан,  
Пірім мәдет тіледім Әжібайдан;  
Күйкі тұғыр секілді бір немені алып келдің  
Әйтеуір біреуімізден төгілді айран.

Шапырашты сөйлесен жаманың жоқ,  
Шуу десең бәрің жүйрік шабаның жоқ,  
Тантайлаған қырғызды бөкселеген  
Баяғыдай кеулеген заманың жоқ.  
Кіріп келіп есіктен үндемейсің,  
Үлкенге сәлемің жоқ, аманың жоқ.

Үндемей кіріп келдің тайпақ кара,  
Өзің қандай, мен қандай байқап кара,  
Үлкенге сәлемің жоқ, аманың жоқ,  
Не басына күн туды дүзі кара.

Ей Жамбыл, үндемейсің дертің бар ма?  
Үндемеске қылған бір сертің бар ма?  
Шапқанмен к... мәлім Шапырашты,  
Ұстасар меніменен кертін \* бар ма?

Мен айтсам айтам қалың байлығымды,  
Дулаттан жыйып жүрсің шайлығыңды;  
Албан, Дулат жыйылып бата берді,  
Бузбайды жандарал да жарлығымды;  
Ашулансаң аспанды тастап жібер, —  
Сен де аянбай қыймылда барлығыңды!..

Ж а м б ы л:

Қызғанша айғай шығып, едім салғыр,  
Сөйлесең әр немені тілің шалғыр;  
Келген жерден сөйлейсің тура тістеп,  
Қалайша шайқақтайсың тәңірі алғыр?

Сөйлесем өлеңімді түптен бермен  
Күйылар сөз нөсері көктен, жерден;

\* Керт — әл, куат мағнасында.



Мылтықта түтеп тұрған мен бір пестон  
Асықсаң ажалыңа келші бермен.


Шуу десе жүйрік озар мынау қолдан,  
Демей көр, ескі аруақ алып қолдан.  
Қарасай дем бере гөр, менің бабам,  
Сөйлейін будақтатып оң мен солдан.

Құлмамбет сен жақсы да мен жаман ба?  
Ақында сен жүйрік те, мен шабан ба?  
Қарасайлап қосылсам бір бүйірден,  
Ақырында кетерсің бас аманға!

Ушалмас қара бүркіт қалықтамай,  
Құлмамбет сөз сөйлейсін анықтамай;  
Айтатұғын кісінің өзіне айтқын,  
Делбе кезек кісідей шалықтамай!

Ерлігім ерлігіне дөп келеді,  
Байлығыңа байлығым еп келеді.  
Кісіні дым білмейтін тапқандай-ақ,  
Есіріп көрген жерден ентеледі.

А Құлмамбет, Құлмамбет,  
Ағып жатқан сумен кет!  
Сумен кетсең ел ішер,  
Судан шыққан бумен кет!  
Онда да кесірің тиеді,  
Қызарып батқан күнмен кет!  
Күн де қайтып шығады,  
Оттан шыққан күлмен кет!  
Күлден ауру жұғады,  
Қаранғы тұман түнмен кет!  
Түн де қайтып келеді,  
Асқаралы таумен кет!  
Тауды да халық мекендер,  
Кесірің жұғар, Құлмамбет,  
Қу пәлекет арман кет!  
Таз Құлмамбет сен болсаң,



Мен де алдына тартайын  
Мақтан қылар жайымды,  
Арқаларсың уайымды,  
+ Ел байлығын қаптатсам,  
Болатын әлі-ақ тойын бар.  
Жылқысының бір шеті,  
Алматының өзенінде,  
Бір шеті Қара кыстақ  
Кәстектің кемерінде,  
Несі болмас кұданың берерінде.  
Бұған қайтып жетесін,  
Жалған сөйлеп не керек,  
Айтайын сөздің төтесін.  
Жылқысының шетінен  
Жарамды атпен сабаулап,  
Он күнде әрең өтесін.

*с т у а і с і*

Қ ұ л м а м б е т:


Осыны түлен түртті ғой, кұдай тала,  
Жапанда жалғыз қурай болмас пана!  
Беглік пенен байлықтан сөз қозғасам,  
Көткеншектен қашарсын байғұс бала.

Қалайша болып отырсың ырғай мойын,  
Аз кідірсең болады сенің тойың —  
Жалпы Дулат бұл жақта жата тұрсын,  
Бабаның мен қаптатсам қалың қойын.

Тұра тұр, тағы айтайын көптігімді,  
Көптіктен айтсам үземін шеттігіңді,  
Шапырашты күйіммен байлық айтып,  
Өрлікпенен көрсетпе өттігіңді!

Ж а м б ы л:

Мен барайын төменгі  
Асыл менен Шыбылға,  
Мықты болсаң Құлмамбет



Күрескеннен жығылма!  
 Бұ жақтағы Дулатты  
Тастай бере асығып,  
Бабаға барып тығылма!..  
Бабаң қойын бу қылып  
Аруаққа ұрынба!..

Кристини таста  
 қай болма

9

Ишнәрсе қанша айтқанмен ете алмайсың,  
 Бұлтарып мен тұрғанда кете алмайсың.  
 Арамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты  
айт,

Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.  
Қарынбайдай сараңдар толып жатыр,  
Оны мақтап әуре болмай жөніңе қайт!

Құлмамбет:

О, жазған, Албан бай ма, Дулат бай ма?  
 Бабаны айттым тұрсын деп, Дулат жайға,  
 Сенің елің адамы байғұс екен:  
 Қазыналы ойлаған Дулаттай ма?

650  
 650

650  
 650


Жеті мың қой қорада шулап жатыр,  
Бес мың құлын желіде тулап жатыр,  
Он түйеге көшкенде жамбы артады:  
Абекемнің тіккені жібек шатыр.

Бұл жерден сені жеңбей кетемін бе?  
Ақшаға толтырармын етегінді.  
 Албан жағы тоқтасын мұныменен,  
 Қасқараудан салайын Өтегенді.

Баласы Өтегеннің Нарақан бай.  
 Білемісің мың жылқылы жатыр қандай,  
 Сатыбалды, Естімес, Алмақ-Салмақ,  
 Бәрін бірдей айтамын біржолата-ай.  
 Шенет қалды тағы да бұ жағында  
Жаратқан оны да артық патша күдай.

Handwritten notes at the bottom of the page, including the number 19 and various illegible script.





Ж а м б ы л:

Керек болса акшаны  
Көп қапқа салып алдырған,  
Ел көшкенде қазынасын  
Алпыс нарға арттырған.  
Асыл кілем жаптырған,  
Жібектен арқан тарттырған,  
Әлемді алып байлығы,  
Әсемдігін арттырған.  
Олай болса өктемдеп,  
Алатауды бөктерлеп,  
Бұдан да сырғып өтейін;  
Қалай айтсаң олай айт,  
Құлмамбет саған төтейін.  
Бұдан шығып аяндап,  
Кәстекке барып жетейін.  
Ол Кәстекті жерлеген,  
Ересі судай өрлеген,  
Сұраншы, Саурық батырым,  
Шеніне дұшпан келмеген.  
Ақ кіреуке жамылып,  
Ат кетпеген кемерден.  
Садағын белге байланып,  
Жауға қылыш сермеген,  
Қамын ойлап халқының  
Тар кезенді бермеген.  
Тоятын тілеп алыстан,  
Туғырда тұрып жем жеген.

Барайын енді аяндап Сыпатайға,  
Айтпай оны кетпеймін тегі жайға;  
Ұлы жүздің тірегі батырым ғой,  
Бір болмаған ығай мен сығайыңа.  
Қайыры қарашыға сондай жақсы,  
Қандырар сусындатып қант пен шайға.

Байлық, бахыт тек оның ерлігінде:  
Ерлікпен ел намысын берді кімге?



Өңкей сасык байларын сен мақтаған  
Колдарынан боқ келмей жүр өмірде.

Кімін бар Сыпатайдай төңеректе,  
Арғымак мінгізеді ал керекке.  
Түгендеп бір жұмада бола алмайды,  
Көсілтіп қамшы басып көксерекке.  
Ерлігі мен жомарттығы жаннан асқан,  
Пайдасы тиіп жатыр күнде көпке.

Кім мақтамас қайырымды ер Сыпатайды,  
Дәулетімен ораған Алатауды,  
Қанша халық аралап жүрсем дағы  
Жалғанда көргенім жоқ ондай жанды.

Бұл сөзді мұнда тастайын,  
Сабыр қылып саспайын,  
Теріскей тұрсын жайына,  
Күнгеі жақтан бастайын.  
Ол күнгеіді жерлеген,  
Желмая мініп желмеген,  
Өрге салсаң өрлеген,  
Жер жәннәтін жерлеген,  
Байтелі, Камен, Дәулетті,  
Жапек пенен төртеуі  
Бәрі ерлер әулетті.  
Өнері асып әр жаннан,  
Түзеген көшін сәулетті.  
Асықпай тыңда, Құлмамбет,  
Беремін кезек нәубетті\*.  
Онан бері асайын,  
Теріскейге қадам басайын, —  
Жоғарғы шеті Мырзабек,  
Бәрі де өңшең қаракөк,  
Арғы атасы Қашке — қарадан  
хан болған,  
Қылған ісі Әбілпейіске  
таң болған.

\* Нәубет (арапша) — кезек, мұрша мағнасында.



Аруакты ер болып,  
Алкабымен ел болып,  
Сондай-сондай жан болған.

Төменгі шеттен айтайын:

Әлі менен Нурабай —

Ер Кашкенің тұқымы,

Атасы жауға аттанып,

Жауды көрсе шаттанып,

Ат күйрығын бұлады,

Елінің басын құрады.

Онан былай өтейін,

Көзіңді сенің көр қылып,

Көлденендеп кетейін.

Ертерек жүріп ентелеп

Серек тасқа жетейін.

Серек тасты жерлеген,

Байлығы тасып көл деген,

Кийлыбай ұлы Қожамбет,

Көк берендей түтеген,

Көйрегіне құдайым,

Тоқымай нұрды бітеген.

Айға білеп азуын

Аспанға қолын сілтеген.

Көтерілсе талайым,

Түстік жерге тоқтамай,

Орынсыз мылтық оқтамай,

Өтеген, Қазбекке барайын.

Сол жерде жатқан өтем деп,

Атамыз қылған мекен деп,

Ыбырайымның алты ұлы,

Алтауы да арыстан.

Дұспанын табанына жанышқан,

Қазақтың қамқор ерлері,

Қарулымен қағысқан,

Азулымен алысқан.

Уа Құлмамбет, сөз тыңда,

Байларым деп салмақтап,

Не қыласың құр мақтап


Өңкей ақмақ есекті.

С. Әлі, р. 46

С. Әлі

С. Әлі, р. 46





Елдің сыйқын кетірген  
Кесіп қып өтірік-өсекті.  
Мен сөйлесем қаларсын  
Ашылмас тұман ескекке.  
Баймын деп сендей тасыман,  
Кедеймін деп жасыман!  
Берекелі елді айтам,  
Ел тұтқасы ерді айтам,  
Басымнан сөз асырман!

нәзік

Қ ұ л м а м б е т:

Барайын Қасқарауда Бекет байға,  
Тарпаң мен Тоқсейіттей байың қайда?  
Саралалы, көк жылқы өзенде бар,  
Қожамберді атасы Телді тайда.

Сұлтан жатыр Шоқпардың қайқысында,  
Жазған-ау, өлер жерің өзің ойла.  
Барайын Жолсейітте Шоранбайға,  
Шоманақ пен Шәкейдей байың қайда?

нәзік

нәзік,  
нәзік,  
нәзік,  
нәзік

Шапырашты басыңмен байлық айтып,  
Сен кезікпей жатырсың құлар сайға,  
Қалай-қалай сөйлейсің байғұс шолақ,  
Сары майдан дәмәткен кеуден қайда?

Өлеңді бір соғайын түйдегімен,  
Әжібайлап тиейін бүйрегіңнен,  
Не деп айтқалы отырсың бұл өлеңді, —  
Сен тұрмақ үміт көрмен үйдегіңнен.

Шапырашты, мақтанба, к... белгілі,  
Әркім-ақ тұрған шығар — беп-белгілі,  
Құладыңды қайырып қуға салсақ,  
Тышқан алған көрушек бөктергіні.

Салғалы отырсың ба көптігіңді,  
Тіпті керек қылмаймын септігіңді,



Айыл жіптеп тартып кел шеттігінді,  
Ерегіссең үземін көпшігінді.

Ж а м б ы л:

Сыпатайдын артында Қақаман бар,  
Қақаманның артында тақаман бар,  
Кіжіктің үлкен үйін көріп пе едің,  
Тоқсан тұлып алтын боз жасаған бар.


Екейден мен айтайын Байсалбайды,  
Тен жорға төрт аяғым, тайпалмайды.  
Анырып әніме андар қалатұғын,  
Өленді бүйтіп жыршы айталмайтын.  
Апыршы Албанды сонша мақтап,  
Кұлмамбет неменеден сайтандайды!

Біздің елдің адамы өнері асқан,  
Өнерімен талайдың көңлін басқан.  
Жерді көрген, ел көрген, қала барған,  
Бір кем емес байыңнан асып, тасқан.

Алматының шәһәрінде  
«Көк күмбез» үйді салдырған,  
Қарасаң көзді талдырған.  
Арғы шетін айтайын:  
Қызылжар мен Семейден,  
Мына шетін айтайын:  
Ташкент пенен Наманган  
Эндіжан мен Марғұлан,  
Ақша деген неменді  
Қапқа салып алдырған.  
Жігіттер бар жетілген,  
Орыс, қазақ ұжым боп \*  
Тізе қосып бекінген.  
Бұларды айтсам мақтанып,  
Жерім бар ма шалдырған.

\* У ж ы м — бірлік, ынтымақ мағнасында.





Қ ұ л м а м б е т:

Ертеде өтіп кеткен Ыбырайым,  
Шуу десе көкбестідей зымырайын,  
Есқожаға тығылған жаман екен,  
Бір сапарға елінде жоқ па байың?

Айтасың Шапырашты ерлігінді,  
Шыр айналып соқтырдым белдігімді;  
Секендеген серкенің ажалы деп,  
Ақыры Саурық, Сұраншын жаудан өлген,  
Көзіме де ілмеймін ендігінді.  
Сұраншың сарттан өлген Сайрамдағы,  
Ерліктен тапқан олжа, пайдандағы.  
Қамалға қан тартқан соң қойып кетіп  
Жайқалды Сарыбайдың саймандары.

ақпарат

Сұраншың сарттан өлген Сайрамдағы

Сарыбайдың саймандары

Саймансыз Сайрамдағы сарттан өлген,  
Шоқпарлы Сарыбаздан жәбір көрген.  
Ерлікте батырлықпен нең бар жазған,  
Быт-шыт қып денелерін жерге көмген.  
Жамбасы Сарыбаздың сонда шыққан,  
Дәлелді сөзім осы естіп ұққан,  
Иман айтып, жаназа шығармастан,  
Апарып екі бүктеп жерге тыққан.  
Алдымнан айғақ болып шығады-ау деп,  
Жүрмесен күрбелектеп қорқып сұқтан.

топел

Ж а м б ы л:

Жақсылық-жамандықты тексереді,  
Кім жүйрік, кім шабаны екшеледі,  
Елімнің ерлігімен мақтанамын,  
Сырт дұшпан көрген бізді сескенеді.

Жалғыз-ақ сен болмасаң таз Құлмамбет,  
Қай ақынға бұл Жамбыл дес береді.  
Батыр Саурық, Сұраншы жаудан өлген,  
Халық үшін шәйіт \* болып жанын берген.

\* Шәйіт (арапша) — дін жолында соғысып өлу.





Елді қорғап өлгеннің арманы не:  
Калың қазақ хұрметтеп соңына ерген.  
Қожалық қып кетті ме Мақсұт ағаң,  
Ағайынмен ұрысып даудан өлген?

Шапырашты Дулаттың бәрі куә,  
«Шытыр» жеген өгіздеі аунап өлген  
Мақтаған байларыңның оңғаны жоқ,  
Төкіректің төрт бұрышын жалмап өлген.

Түлен \* тұртіп отыр ма, таз Құлмамбет,  
Керікұл мен Сақаудан аз Құлмамбет.  
Алақандай басыңның бір қылы жоқ,  
Боласың неменеге мәз Құлмамбет.

Құлмамбет, мен білемін, түбің Уак,  
Арқадан кісі өлтіріп келдің шұбап.  
Басыңды осы арада кесіп алсам,  
Кісі жоқ қылмысыңнан алар ақтап.

Үстіңе жайдың оғын жайлатармын,  
Екі қолыңды артыңа байлатармын.  
Арамызда кісі өлтірген қашқын жүр деп,  
Жұртыңа здавайттап \*\* айдатармын.


Құлмамбет ақын Шаншар суандалдың \*\*\*  
Нашар едің, бұл күнде жуандандың.  
Сенің де мақтанатың жайың да жоқ,  
Қуарып үш бешпентпен қуандадың.

Құлмамбет Суандадың Албанменен,  
Албандай бай болмадың алғанменен.  
Байғұс-зу, қай жеріңмен мақтанасың,  
Есің жоқ шаның жұртта қалғанменен.

\* Түлен — шайтанның аты.


\*\* Здавать (орысша — славать) — беру, тапсыру мағынасында.

\*\*\* Бұрын түбің Шаншар еді, енді Албан-Суан болдың дегені.



Арқадан ауып келген Ақтабансын,  
Елді алдап ақынмын деп мақтанғансын.  
Таз Албанның баласы Құлмамбет деп,  
Дүйсенбай, Сәт, Мәңке жанын, беріп  
ақтап алсын.

Жамбылдың жеңіп бәйге алған жері,  
Жеңіліп Құлмамбеттің қалған жері,  
Ішегі Құлмамбеттің үзіліп қап,  
Осы екен бір азғантай арман жері.





## САРБАС ПЕН ЖАМБЫЛДЫҢ АЙТЫСЫ <sup>36</sup>



С а р б а с :

Мен келдім домбырамды колыма ала,  
Бір сөзді өзім тұрып айттым жаңа,  
Мен келген соң бұл жерде неге тұрсың,  
Қара сыйрақ, қалбағай қара бала.


Ішінде Қасқараудың Сарбасың мен,  
Шапырашты кенеңнен \* Дулатым ден,  
Домалақтай енеңе тіл тигізсең,  
Аруақ пен құдайға жолықтың сен.

Қасқараудың ішінде атым Сарбас,  
Жақсылап сөйле дейсін, алдияр бас.  
Бұл жерден жарты ауыз сөз  
алдырмаймын,  
Былжырамай сен өзің еліңе қаш!


Дулат деген ел едім,  
Мені байқап қарасаң,  
Орнап жатқан көл едім,  
Шапырашты ел ме екен,  
Ойқастау саған жөн бе екен,  
Мен Майкөттің сегіз ұлының бірімін.  
Мен сендейдің бәрін де  
Жаныштап жастап жүр едім.  
Шақырған соң қауымым,  
Бұл жыйынға кеп едім.

\* К е н е — кенедей, кішкентай мағнасында.






Нағашым Жалбыр Он қабан,  
Осал жерден шықты демегін,  
Қабанның арғы атасы Әлік аман,  
Біреу жүйрік болғанда, біреу шабан.  
Біреу жақсы болғанда, біреу жаман,  
Қара баланы әдейі жалтақтатып,  
Сақтап па едіңдер, бектер маған?  
Сыртыңнан сені бағармын,  
Қазықтай жерге қағармын,  
Талай-талай мінің бар,  
Іздеп жүріп табармын.  
Көптігімді айтайын  
Жарықшақтың үш ұлы,  
Дулат, Албан, Суанды,  
Қоңырбөрік ішінде,  
Кездестірдің жуанды,  
Узын ағаштағы егінші,  
Бұл араға келгенге  
Неменеге қуанды?  
Шапырашты сенен — Дулат көп едім,  
Бәрі бай, бәрі мырза бек едім.  
Тіленшінің құнындай,  
Берекесіз ел едің,  
Үміт қылып келіпсін,  
Мені алдырар демегін  
Төрт Дулаттың баласы,  
Албан жатыр алыста,  
Суан жатыр арыста,  
Менімен түстің жарысқа,  
Өңкей бектер қарап тұр,  
Бәрің бірдей қалысқа.  
Озбаспенен жарыспа,  
Күш жетпеспен алыспа!  
Дулаттап ұран шақырсам,  
Ноғайбай мен Байбұлан,  
О да келер намысқа.  
Құр бекерге жарбаңдап,  
Болмас жерде жабыспа!  
Елімнің шетін айтайын,



Жаркентті барып жерлеген,  
Малы жерді кернеген,  
Байлық пенен көптікке,  
Ішкімге намыс бермеген.  
Сарбас ақын бұл жерде,  
Көл дүкендей орнаған.  
Нағашы атам Мақтамазам


әулне,

Кысылған жерде қолдаған,  
Домалақтай енеме  
Тіл тигізген онбаған.  
Бейнет айдап келді ме  
Шапырашты осында?  
Сарбас ақын қасында  
Аз елге сірә күй бар ма?  
Бұл сөзімде мін бар ма,  
Мен бір жүйрік бәйгілі,  
Шапқанымда сын бар ма?  
Төрт Дулаттың баласы  
Жер дүниеге сыймаған,  
Айдап малын жыйнаған,  
Ерегіскен душпанды,  
Еңкейтіп жүріп қыйнаған.  
Есепсіз қылып мал берген.  
Қыйсапсыз қылып жан берген,  
Дулат деген еліңмін,  
Асуы жоқ беліңмін.  
Көптігіме қарасаң —  
Тастаса ине жерге түспейді.  
Бектігіме қарасаң —  
Жамаң тамақ ішпейді.  
Кербездігі осыныша —  
Ат үстінен түспейді,  
Ақылына қарасаң —  
Қайратпенен істейді.  
Көшсе түйе тіздеген,  
Душпанды көрсе қарысқап,  
Алтыннан қылыш сілтеген.  
Қалың Дулат ішінде




Бай десең де менде көп,  
Бек десең де менде көп,  
Көп десең де менде көп,  
Жер қайысқан мал да көп,  
Ақыл айтар шал да көп.  
Бестеректен шыққан Сәлімбай,  
Бендеден тілін тартпаған.  
Бетінен қаны тамылған,  
Сөйлескен кісі жағынған,  
Қорыққан кісі бағынған,  
Ерлігіне қарасаң —  
Кіреуке сауыт жамылған,  
Кербездігіне қарасаң —  
Етек, жеңін қағынған.  
Сағаты жеткен ер екен,  
Көрген кісі сағынған.  
Күнту деген елінен —  
Намаз деген ер шыққан,  
Төмен жатып құмсаған,  
Қырық жігітті жұмсаған,  
Қан көрмесе қылышы,  
Қылышы жаман сусаған.  
Күнтудан шыққан ер Намаз  
Дұшпанның қолын шегелеп,  
Естіген кісі шошынған,  
Талапкер болған жігіттер  
Кеткен емес қасынан.  
Үшінші Ботбайға келейін,  
Атасы болған Ботбайдан,  
Жеті жылдай қыз қарап,  
Сұлуды күшқан оқтайдан.  
Бұл Дулатқа тіл тигізбе,  
Адам татқан, жұрт ерің  
Бейіс шекер тақтайдан  
Үсенбай шықты жасынан,  
Майемердің қасынан —  
Көрген кісі шошынған;  
Бұлбұлдай тілі сайраған,  
Елдің қамын ойлаған.





Аңрақайды жерлеген,  
Тілегі бар ма бермеген.  
Қасқарауда Қарабай,  
Жасынан шыққан бөлініп,  
Туған айдай көрініп,  
Тартқан жайдай керіліп,  
Майлыбайдың ұлы еді.  
Кәрім шықты жасынан,  
Қайратын жұрттан асырған.  
Елін жауға бермеген,  
Сөзін дауға бермеген.  
Кісісі жоқ батырдың  
Сөзіне ешкім ермеген.  
Батырлықпен ол кетті,  
Шешендікпен ол кетті,  
Ана пішкен тон кетті.  
Жау ашпаған есігін,  
Кеудесін тұнық жаратқан,  
Шешен өзі кісі екен  
Жанды аузына қаратқан.  
Кәрім батыр атанып,  
Елдің шетін шетнетіп,  
Ерегіскен дұшпанға,  
Даяр болып ержетіп,  
Кебекпай шықты жасынан  
Қызыл тілі сүрінбей,  
Ер сасатын жерінде,  
Ақыл тапқан бүгілмей.  
Ерегіскен дұшпандар  
Кеткен емес кездессе,  
Бір жанынан түңілмей.  
Жан таң қалған сөзіне,  
Кім шақ келген өзіне?!  
Заманында болған жан,  
Уақытымен толған жан,  
Сөйлеп кетсе сөзіне,  
Келтірсе кұдай кезіне,  
Дуа берді өзіне,  
Жақсы көрген кісіге,




Оң сөзімен қараған.  
Нәсілі пұрдан жараған.  
Үлкен съез, топ болса,  
Жан аузына қараған.  
Жақсы көрген жігітті  
Өз көңліне санаған,  
Ерегіскен дұшпанды  
Қөктырнадай талаған.  
Тәуір болған жігіттер  
Қебекене жараған.  
Жылағанды күлдірген,  
Әділдігін білдірген,  
Әділдікке келгенде,  
Қара қылды қақ тілген.  
Бір құдайды хақ білген,  
Ақылы толып кіріскен,  
Атты мінген жүрістен,  
Сұлуды күшқан, сүйіскен.  
Тамағына бал жеген, —  
Шекер менен күріштен.  
Топ ішіне барғанда,  
Сөз бастаған дұрыстан,  
Заманында ешкім аспаған  
Әділсіз сөзді айтпаған,  
Айтқан сөзден қайтпаған,  
Жамбыл сенің дәмеңе —  
Айтысам деп келгенге —  
Жалпы Дулат күледі.  
Шапырашты ел едің —  
Үш жүз үйге толмаған.  
Қыдыр мен бақ ол баста  
Саған тіпті қонбаған.  
Егескендер менімен  
Бармақтарын тістеген.  
Теңім болса айтар ем,  
Оңым келсе байқар ем,  
Қара бала көнбесең,  
Қысылады тақымың.  
Жарылкамыс, Жанту ұлымын,  
Басылады қарқының.



Ерегіспе менімен —  
Езіледі алқымын.  
Ерегіссең менімен,  
Ісім туссін сенімен.  
Тілімді алсаң қор болмай,  
Жүре бергін жолыңмен.  
Енді не деп айтасың,  
Алдырмаймын қайтесің?  
Алатұғын жерінді айт,  
Ішіндегі шерінді айт,  
Кетпейтұғын жөніңді айт,  
Женетұғын елінді айт!  
Ат жүздіріп келемін,  
Айдын шалқар көліме,  
Менің күлкім келеді,  
Шапырашты еліне,  
Еліме енді қарасаң —  
Адамұлы батар ма!  
Шабынып қылыш шабар ма,  
Шамырқап мылтық атар ма!  
Мұның бәрін есітіп,  
Тірі адам тыныш жатар ма?!  
Мен жетпестен қоймаспын  
Өзім айтқан сертіме.  
Жүйрік пен жорға жетелеп,  
Сөз сөйлеші төтелеп,  
Қоп Дулаттың ішінде  
Мен туып ем өктеген,  
Шапырашты сықылды  
Қолы қысқа мен емес.  
Қысқа жібі шолтандап,  
Күрмеуіне жетпеген.  
Бағып едің салықты  
Бір көрмедің жарықты,  
Жүгіремін алысқа,  
Жүйрік тартар дабысқа.  
Терісінде шәлі жоқ,  
Керіліп жатқан елі жоқ,  
Күр бекер не айтады,  
Іштеменің жөні жоқ.





Кеңірдектен алайын,  
Саған тісті салайын,  
Айтып қара еліңді,  
Қай айтатын елің бар,  
Қай сөйлейтін жөнің бар?  
Айталмасаң еліңді,  
Дыбысыңды шығарма,  
Кетпеймісің қасымнан,  
Ерегіссең менімен,  
Шапыраштым, абайла,  
Жеңбей тұрман қасыңнан!..

1

Ж а м б ы л


Алматы деген шәһәрда  
Жұрт жыйналып жатқанда,  
Қырбай, Қожамберлі болыстың  
Сәскеде жетіп үйіне,  
Би, болыстар жыйналып,  
Қол, аузы етке майланып,  
Табакқа қол қойғанда,  
Домбырамды өңгере,  
Кіріп келдім еркіндеп.  
Ноғайбай мырза шіренген:  
— Домбыра алған бұл кім? — деп  
Теріс көзбен қарады,  
Танып тұрып танымай,  
Екі көзі жеп барады.  
Осы неме екен деп,  
Түрімді көріп Ноғайбай,  
Деді бекер: — шошыма!  
Өңкей дәудің қасында  
Сөйлемесің мұнаймай.  
Сүйімбайым бір күнде,  
Былай өлең айтқан деп,  
Бір ағашты құшақтап,  
Отырды кеп шынтақтап.  
— Жамбыл деген неменіз



Екейдегі осы ма?  
Ноғайбайдың алдында  
Сөз сөйлеші ашыла!  
Орын тауып айтпасаң,  
Қамшы тиер басыңа!  
Сағынып жүрген немедей  
Отырдың тақап қасыма.  
Бір ауыз сауал сұрайын,  
Айта алмасаң өленді,  
Шыкпыртайын басыңа.  
Кожамберлі мақтайды,  
Бұл неліктен жақтайды.  
Кейбіреу айтса өленді,  
Бекер аузын боктайды.  
Сүйімбайға іні деп,  
Парасат қып мақтайды.  
Сүйімбайдан басқа өленші  
Сірә маған жақпайды.  
Домалақтан қозғашы!  
Жарықшақтан озбашы.  
Бет алдына бакырып,  
Таңдайыққан тозбашы.

## II


Жамбылдың келді кезегі,  
Мықты Мазамқызы екен —  
Домалақтай енеміз.  
Хасиетті енеден  
Енді сөйлей келеміз.  
Домалақтай енеміз —  
Үш қатынның бірі екен.  
Сары бәйбіше мықты кеп,  
Бай қарамай жүр екен.  
Байлықпен байдың жылқысы  
Есебі жоқ көп екен.  
Жұлым үйі бар екен,  
Жұлым үйден саңлау көрінді...




Домалак енем қасында,  
Қушактасып сүйісіп,  
Әзілмен ойнап күлісіп,  
Отыр екен бір қожа.  
Жүзінен нұр тамғандай,  
Мейірі жанның қанғандай,  
Сүйкімді бір жан екен.  
Түн қойнында оранып,  
Бәйбішеден ұрланып,  
Түнөп жүрген шағында  
Жүкті болып қалады.  
Айы жетіп тұрғанда,  
Ел көшпекші болады.  
Толғатады анамыз,  
Ертең көшіп барамыз,  
Деп жұртында түнейді.  
Таң атады күн шығып,  
Бесін уақыт болғанда,  
Қырғыздан шыққан Аққошқар,  
Шаппак болып келеді.  
— Байдабектің мен бүгін  
Көп жылқысын аламын.  
Батанды бер, Домалак,  
Сенің батанды аламын.  
— Қалағаным берсеңіз,  
Қуанышы сенде болсын деп,  
Түп қазығы менде болсын деп,  
Қол жайып батасын береді.  
— Қандай бата мұның, деп,  
Аққошқар кетті аттанып.  
— Барасын, барасын да  
аласын,

Қуанышы сенде деп,  
Таңға жуық болғанда  
Сан жылқыны шулатып,  
Тай, құлынын тулатып  
Айдап алып жөнелді.  
Домалак тысқа шығады  
Аққошқар тағы келеді,





Қалағанын бар ма деп,  
Келіп сөйлей береді.  
Көп жылқының ішінде  
Тоқсан екі кұлынды  
Бір сары айғыр бар еді,  
Енесінің шуынан  
Басқаны тіпті көрмеген,  
Шыбыннан басқа қонбаған,  
Желден басқа мінбеген,  
Мойнына кұрық тимеген,  
Соны ғана бергін деп  
Солай жауап кылады.  
Асауды қалай ұстайсын  
Жүген, кұрық тимеген?  
Ұстасам ұстап алайын,  
Ұстамасам қалайын.  
Кұр, құр, құр жануар!  
Күтың менде жануар,  
Бері келші бізге деп,  
Күдерінді үзбе деп,  
Қазығын қалды менде деп,  
Кұрайттады Домалақ.  
Айғыр сонда келеді,  
Омырауын іскеп,  
Алды айғырды жүгендеп,  
Айдады жылқының өзгесін,  
Аққошқар батыр түгендеп.  
Екі аяқты тұсады,  
Тырып етпеді жануар,  
Жуас малға ұсады.  
Түс мезгілі болғанда,  
Сегіз ұл келді артынан,  
Айғырды нағып байладың,  
Топ жылқылар қайда деп,  
Домалақтан сұрады.  
Домалақ жайын айтыпты:  
— Балалар оған бармандар,  
Түп қазығы бізде деп,  
Таңға жуық болғанда




Жылкың қалар мұнда кеп.  
Арттан қуып барсаңдар,  
Мерт боларсын балалар,  
Шылбырына оралып,  
Жалына анам айтады.  
Бірақ тілін алмады,  
Барамын деп болмады,  
Сегізі бірден жөнелді,  
Сағаға таман келеді,  
Саға судан өтеді.  
Сонда қырғыз қуады,  
Бұқтырма қойып жүз кісі,  
Бір тасаға тығады.  
Алдына аңдып түсіріп,  
Сегізін ұстап алады.  
Сегізін бірдей бауыздап,  
Жосадай қып салады.  
Байдабек бар артынан  
Бір тобымен келеді.  
— Балаларың тіл алмай,  
Осы жерден жөнелді.  
Балаларың мерт болды,  
Қайтпайтұғын серт болды,  
Барып қара өлікті,  
Жалған деме мұнымды...  
Байдабек те жөнелді,  
Қайта оралып келеді:  
Балалар тегіс өліпті...  
Деп жауабын береді.  
Домалақ енем бас болып,  
Сүйреткі сап айғырға,  
— Өлгенге енді қайғырма,  
Деп жұбатып әл беріп,  
Дереу жыйнап өлікті,  
Бір жерге әкеп көміпті.  
Домалақтай енемнің  
Хасиеті көп еді.  
Таңға жуық болғанда,  
Жылқы келер деп еді...



Түн ортасы болғанда  
Кұрайт салды Домалак,  
Сары айғырдың даусына  
Тас жаңғырды домалап.  
Таң сарғайып келгенде  
Қалың жылқы шұрқырап,  
Келеді шаны бұрқырап.  
Көшіп ауыл жөнелді,  
Сегіз күндей көшеді,  
Күні-түні тыным жоқ,  
Тыным қылған күні жоқ,  
Кіші жүз бен Орта жүз  
Манайына қонды кеп.  
Домалак сонда толғатты,  
Сырық, бақан орнатты,  
Бебеулетіп ананы  
Бала келді дүниеге.  
Қуанды ана масайрап,  
Қолына алып баланы  
Бар денесін қарады:  
Еркек бала туыпты.  
Бірақ басы жаралы —  
Ана болды назалы.  
Сар бәйбіше қылғанын  
Сонда ақылмен табады.  
Кіші жүз бен Орта жүз  
Байдабекті көшіріп  
Аламыз деп ауылға  
Ат терлетіп келеді.  
Кіші жүзде көпке аян  
Бір оташы бар еді,  
Кейде еміп, кейде ембей  
Талып жатқан баланы  
Оташы кеп көреді.  
Суық қолдың орны деп  
Көзінше айтып береді.  
Жарық жерін басының  
Ойып алып оташы,  
Тасбаканың сүйегін







Жамап соған егеді.  
Бала оналды үш айда,  
Жарык төбе болды деп,  
Жарықшақ ат қойды көп...  
Жарықшақтан туды үш ұл:  
Бірі Дулат, бірі Албан,  
Бірі Суан білсең бұл.  
Бұрынғыдан есіткен  
Ата жайы, ел сөзі.  
Домалақтай ананың  
Бізге дастан әр кезі.  
Ата жайын ұқпастан  
Құр мақтанға жармасқан  
Сен Дулаттың бір езі.

### III

Сарбас ақын менмін деп,  
Нан пісіріп кеудене,  
Неге мұнда келдің деп,  
Ақыйландың сен неге?  
Аузы-басың қуарған,  
Урты-басың суалған,  
Қайда атаң мен түп бабаң,  
Тұлпар мініп, ту алған?  
Бір жақсылық көрмеген,  
Артынан ешкім ермеген.  
Мен Шапырашты ұлы едім  
Алтыннан қылыш сермеген.  
Көп Дулаттың баласы,  
Рас сенен аз едім,  
Аз да болса батыр ем,  
Топты жерге барғанда,  
Саулап тұрған сөз едім...  
Жаулы жерге барғанда,  
Атамын деп оқталған  
Көк берен болат кезедім.  
Келді менің кезегім,  
Келсе айтайын шешіліп,




Кезекті бермей манадан  
Өртенді менің өзегім.  
Сакалыңмен жалпылдап  
Тересің Жамбыл тезегің.  
Шапырашты мен едім,  
Қалың Дулат сен едің,  
Аз да болсам әуелі  
Ширегіме келмедің.  
Бір кадалған жерімнен  
Қан алмай кетер демегің.  
Есқожа деген елімнен  
Кім кетті екен ерлікпен,  
Кім жүрген менің шенімнен.  
Асыл, жауһар кеткен жоқ  
Әсте менің жерімнен.  
Саурық шыққан басынан  
Көк шыбықтай іліп,  
Ерлік қылған жасынан  
Әкен Саурық дегенде,  
Күндік жерден дұшпаның  
Дабылымен қашырған!  
Ал, ал Саурық дегенде,  
Қалтырамады қандай жау,  
Қарсыласып келгеннің  
Қайтқаны бар ма одан сау?  
Мінген атын жаратқан,  
Жұртты өзіне қаратқан,  
Қылышы қыя шабылған,  
Жүйрік аттың бәрі де  
Пушпағынан сабылған.  
Найзасың тасқа түйреген,  
Мақтапбағың Сарбас жан,  
Қалың Дулат ішінде,  
Дәу Сыпатай басында,  
Андасы бар қасында,  
Әлі төре жанында,  
Қасқарауда Қарабай  
Бет-жүзіне қарамай,  
Қасқарау Қырбас батырды




Шылбыр тағып мойнына,  
Қан тамшылап қойнына,  
Маңайына бара алмай,  
Сонда Дулат қарғадай  
Шулап жылап күнренген,  
Сонда батыр Сұраншы:  
— Екі-ақ кісі қырамыз,  
Барып ойран саламыз! —  
Өзгені ертпей артынан,  
Тек қасына серікке  
Сұраншы еді сүйреген.  
Атамкұлды-ақ шақырған.  
Атамкұл келді қасына,  
Қылышы бар бұлқынған,  
Дұшпанды жерді көргенде  
Арыстандай жұлқынған!  
Қалың Дулат көргенде  
Қорқып бұққан сыйқынан.  
Сұраншыдай батырдың  
Жан жүрмеген шенінен.  
Алмастан соққан ақ қылыш  
Еш кетпеген белінен.  
Ашуланған кісіге  
Қабағы жаман түксиген,  
Досы қатты сүйінген,  
Дұшпаны жаман күйінген.  
Сұраншыны көргенде  
Аузын ешкім ашпаған,  
Аяғын қадам баспаған.  
Қарсы келген кісіні  
Сүйретіп жерге тастаған.  
Сабырлықпен іс қылып,  
Көлденең жатқан мылтықтан  
Жан сауғалап қашпаған.  
Тілеуқабыл, Майемер  
Саркемерде шабылған.  
Қоқанның ханы Күдиярға  
Албан, Дулат жыйылып,  
Көп болғанда не қылған?






Үш бөлінді бұл Дулат,  
Бір бөлігі Іле өтті,  
Айсаның қарын өрледі...  
Батыр деген Сыпатай  
Жау карасын көрмеді.  
Сыпатайдай батырын  
Қашқаннан соң өлгені!  
Сарбалақтың басында,  
Анрақайдың қасында,  
Қоянға ұсап ерлері,  
Сол жерінен келмеді,  
Тойшыбек пұшық түксіп,  
Қасқарау Кәріммен қас екен.  
Қырғызда Жантай, Жанғараш,  
Кәрімменен дос екен.  
Шап деген екен Кәрімді  
Досына енді болысып  
Сені шауып алар деп  
Қабар айтқан оған кеп.  
Түнделетіп сол Кәрім,  
Үш күн, үш түн жосылып,  
Көше берген төмендеп,  
Ақтоғайға құдыйды,  
Тілеуқабыл, Майемер  
Іле бойын жағалап,  
Бір түбекке тығылды.  
Қоқан қолы қокандап,  
Сала берді дығырды.  
Қыз бен жігіт тізіліп  
Су шетіне жығылды.  
Жаудан ұшып зәресі,  
Суға кетті сорлылар,  
Берді құмға денені.  
Қыз, келіншек дегенді  
Мінгестіріп түйеге  
Жаулап алып жөнелді.  
Мал-мүлікке талаңған  
Қоқан қолы кенелді.  
Сонда к... ашылды,




Мал мен мүлкің шашылды.  
Жауға біткен асыл ер,  
Найзасын тасқа таянды,  
Қасқарауда Кәрібоз  
Сұраншыға барады.  
— Сенен қайрат болмаса,  
Тағы да жау шабады.  
Біздің Дулат көп жылап,  
Сенен басқа пана жоқ,  
Баруыңды түр сұрап.  
Батыр деген Сыпатай  
Жалғыз басын жүр ұрлап.  
Сенен қайрат болмаса  
Ел намысын, ел кегін  
Жоқтар кісі болмады.  
Шағатайдай халықты  
Жібермеді Тойшыбек,  
Ойлағаны оның тек  
Өз қамы ғой, оңбады!..  
Жауды көрсе қуанған,  
Тұлпар мініп, ту алған,  
Дұшпанды жерді көргенде  
Мыйықтан күліп қуанған  
Сұраншыдай батырға  
Қасқарауда Кәрібоз,  
Бәуке келіп жылаған...  
Жүр батыр деп сұраған,  
Жаулы жерде бақ берген,  
Дұшпанға жетер жақ берген,  
Таңдайына сөз берген,  
От ұшқынды көз берген,  
Құтылар ма сенен жау  
Қан майданда кез келген.  
Қатын, бала кетті деп,  
Жарамдысын алды деп,  
Сенен қайрат болмаса —  
Бердік жауға арды деп,  
Айтқан сырын оңаша.  
Көп Дулаттың баласы,




Көп болғанмен күші жок,  
Қарсы келер кісі жок,  
Көп Дулаттың ежелден  
Шабылған елде ісі жок.  
Сенен қайрат болмаса,  
Дулаттың өңі, түсі жок.  
Кұлағың сал сөзіме:  
Баққа біткен батырсын,  
Қырылып біз жатқанда  
Қайтіп шыдап жатырсын?  
Найзанды тастан өткізген,  
Артық туған ұл едің;  
Сенен қайрат болмаса  
Ажалымыз жетті деп,  
Қыз, келіншек, қыруар мал,  
Жау қолында кетті деп,  
Сенен рахым сұраймын,  
Айтпай қалай шыдаймын,  
Қалың Дулат дегенмен,  
Жауды көрсе жасыған.  
Бахыт Серген жігіт ең  
Даңқың шыққан жасыңнан.  
Қырық мың қолға қаймықпай,  
Қарсы шығар ешкім жок,  
Атыңа мін батырым,  
Жәрдем берер бір құдай.  
Қырық мың қолға қарасаң:  
Іледен бері қаптаған,  
Жас әйеллі таптаған,  
Қарсы келер кісі жок,  
Ел қалмады шаппаған,  
Желісін қыйып жылқы алды,  
Ойран қылып мүлік алды,  
Сенен басқа бұл жерде  
Жауға шабар кім қалды?  
Қалың Дулат белгілі,  
Ерлігінен саны көп,  
Жауға шабар жаны жок,  
Жаудан қорқып жосыды,






Аңрақайда тағы боп,  
Жылап, шулап біздің ел,  
Деді саған хабар бер!  
Мұны естіген батырдың  
Түгі шықты сыртына.  
Жаудың көріп қырғанын,  
Жаны ашыды жұртына.  
Қол ұстасып келгенде  
Қалың қазақ өз елім,  
Ел намысын қорғамау —  
Ер жігітке өзі өлім,  
Ашуы кеп батырдың  
Даусы шығып ақырды,  
Жолдастарын шақырды.  
Қасына үш жүз қол ертіп,  
Ақ тұяққа мінеді,  
Он мың қолға тиеді.  
Үш күн, үш түн соғысып,  
Жауды шөлдей жапырды,  
Қырып-жойып: қалғанын  
Ел шетінен қашырды.  
Жау шапқанда өз елін,  
Жымыйып қашқан қояндай  
Дулаттың батыр дегенін  
Сол уақытта сақтаған  
Сұраншы біздің ер еді.  
Кәне осындай ерді айтпай,  
Жатқа намыс бермеген,  
Құр созасын өңешті.  
Байларын айтып еліңнің  
Қолынан боқ келмеген,  
Дулат деген ел екен,  
Жадағай, жайдақ дер екен,  
Шапырашты ел екен,  
Батыр туған дер екен.  
Ерегіскен дұшпанды,  
Найзаменен шанышқан,  
Күні-түні тынбаған,  
Дұшпаннан сағы сынбаған.



Шын ашуы келгенде  
Мұрты кетер түксіп,  
Такыясын шашы көтерген,  
Намысынды әперген,  
Жауды көрсе тап берген,  
Мандайына бак берген,  
Шешен қылып жақ берген,  
Өзіне еркін шақ берген,  
Қырық жасқа келгенше  
Сөзін жаман демеген,  
Ешбір төре еріксіз  
Шеніне оның келмеген.  
Ерлік пенен намысқа  
Ат сауырсын бермеген.  
Жандаралдың алдында  
Қаймықпай сөзін жөндеген.  
Төре, кара жыйылып,  
Құм төбедей үйіліп,  
Ешбір адам болмады  
Сұраншы білсін демеген!  
Қайрап қойған ақ болат,  
Сермегенде жау кесер,  
Жаудан асып тау кесер,  
Тастан өтер қылышы.  
Қырық тоғызға келгенше,  
Ерлігі оның өрлеген.\*

#### IV

Есқожа деген елімнен  
Ерлер шыққан еіреген.  
Кім жүрген менің шеніме?!  
Саурық та менің батырым,  
Он жеті жасқа келгенде  
Аттың қонды беліне,  
Белгілі болды еліне.  
Жетісуда қазақтың  
Көрген күні кем еді.




Жан-жағынан күнде жау  
Елге тыныштық бермеді.  
Бір жағынан — қалмақтың  
Урылары талады.  
Бір жағынан — қырғыздың  
Орман ханы ойқастап,  
Күнде мазаны алады.  
Үшінші жақтан — Қоканның  
Бегілер бегі қокандап,  
Әскерімен топырлап  
Ауыр салмақ салады.  
Күнде тонау, шабыстан  
Ел тыйтығы кұрыды.  
Мал мен жаннан түңілді.  
Жер мен судан қуылды.  
Ел басына күн туды,  
Қатын, бала, жас, кәрі  
Беті жаспен жуылды.  
Міне, сондай заманда,  
Екіталай күн туып,  
Ел қыспақта тұрғанда:  
Ел намысын жоқтаған  
Батыр туған кім еді?  
Ел шетінен жау қуып,  
Ерлікпен қайрат жұмсаған  
Батыр туған кім еді?  
Қалың жаудан қаптаған,  
Қаймығып беті қайтпаған,  
Ел тыныштығын сақтаған,  
Халқы сүйіп мақтаған,  
Ардагер батыр кім еді?  
— Саурық еді арыстан,  
Туысы оның Шапыраштан,  
Дулатпын деп мақтанба,  
Кеше елді жау шапқанда,  
Сақтап қалған кім еді  
Қырғын, талау, шабыстан?!  
— Саурық еді ардагер,  
Ел қорғасқан сондай ер.






Дулатпын деп көпсінбе!  
Бай, бекпін деп тепсінбе!  
Саурықтай болат батырдың  
Алтын нұр толған ішіне.  
Жаулы жерге барғанда  
Кіреді екен күшіне,  
Мың қарғаның тұяғы  
Бір тұйғынға өтпейді.  
Ашуы келген жерінде  
Бір ойран салмай кетпейді.  
Тамам қарға жыйылса,  
Бір сұңқарға жетпейді.  
Саурықтай ер батырым,  
Мандайына бақ берген,  
Душпанды көрсе өшігіп,  
Талқандауға тап берген!  
Амалменен ер Саурық  
Шөгіп жатқан Орманды \*  
Бәнде қып алдына әкелген.  
Көбелектей көп Дулат,  
Көптігінмен ісің жоқ,  
Душпанға қылар күшің жоқ,  
Мың болсаң да бір ғана  
Саурықтай берен кісің жоқ!  
Жау жағына ел бермей,  
Дау жағына сөз бермей,  
Қай дұшпаның кетіп ед  
Саурық ерге бой бермей?  
Сауыт-сайман сайланып,  
Жалаң қылыш байланып,  
Найзасын тасқа түйреткен  
Саурыққа ерден кім жеткен?  
Ашулы жерді көздеген,  
Жігіттің бәрін түзеген.  
Саурықтай күшті батырға  
Дулат түгіл қазақта

\* Қырғыздың атақты манабы Орман ханды Саурық жалындырып,  
айып төлетіп алдына келтірген.



Кім бар еді шақ келген?!  
Шапырашты, ол рас,  
Сенен тегінде аз едім.  
Аз да болсам татымды,  
Сенен Дулат баз\* едім.  
Даулы жерге барғанда,  
Саулап жатқан сөз едім,  
Жаулы жерге барғанда,  
Найзаның ұшын безедім  
Келді ме менің кезегім,  
Кезегімді бір бермей,  
Өртедің менің өзегім.  
Шапырашты мен едім —  
Елдің шетін қыстаған,  
Көлденең найза ұстаған,  
Дұшпанынан қашпаған,  
Ақыл, қайрат іс қылып,  
Кезенді жерде саспаған,  
Ерегiскен дұшпанды  
Тарттырған қара текедей,  
Шоқытып қана тастаған.  
Шапырашты мен едім —  
Етімде бар тірлігім,  
Бойымда бар бірлігім,  
Ерегiспе менімен,  
Қай жауыңнан қаймығып,  
Жәкетай деп жалынып,  
Қайда саған айтып ем?!  
Ақ найзаның басына  
Желекті ту байладым.  
Қайнаған қалың жауыңды  
Бір шыбықпен айдадым.  
Уа қауым жұрт жыйылған!  
Ақылменен ойлаймын;  
Ешкімнен сағым сынбады!  
Ерегiскен дұшпанды  
Түбіне жетпей тынбадым.


\* Б а з (фарсыша — паз) — қаршыға сыяқты асыл едім деген мағынада.



Сен Қасқарау осында  
Қашан қара дауыл ең?  
Малдыбай мен Қоныспайдың  
Қашан туған бауыры ең?  
Сен Қордайдың астында  
Көбік құрттап жатыр ең  
Қанша малың болса да,  
Нағыз сірі тақым ең.  
Үстің айғыз кір едің,  
Сан тимеген сасықтың  
Кеше ғана бірі едің,  
Сен Қасқарау ішінде  
Сұлтан келді бөкенсін,  
Атып салған текемсін.  
Өзіңе өзін сұқтанып,  
Өз түбіне жетерсің.  
Өз малыңды міне алмай,  
Өз асыңды іше алмай,  
Өсерсін бәсе, өсерсін!  
Шапыраштым ішінде  
Тіленшімдей екенсің.  
Аузы-басың бүрісіп,  
Кол-аяғың құрысып,  
Көрінгенмен ұрысып,  
Долы қатын сыяқты  
Кұдайдың ұрғаны екенсің.  
Мен отырмын сөз сөйлеп,  
Нұрым қызыл шоктай боп,  
Жаныс, Сыйқым, Ноғайбай  
Тағы да мырза Ботпай боп,  
Екі бетте тамтық жоқ;  
Бұршак ұрған жайлауда  
Былжырайсың боктай боп.

Ағыным ақ-боз аттың арынындай,  
Дауысым аққан судың сарынындай  
Екі бетте тамтық жоқ құдай ұрған,  
Қазып алған қурайдың орынындай.  
Мен сөйлейін адырдың ішіндей боп,







Үлкен үйдің орыным төріндей боп,  
Сен отырсын шал болып, шөкімдей боп.  
Мен отырмын жас жігіт өрімдей боп.  
Жан біткенді бойыңа қомсынбайсын,  
Майлыбайдың баласы Кәрімдей боп.

Жұртқа аян менің дабысым,  
Кеткен жоқ жанға намысым,  
Би, болыстан кем емес,  
Жөні келсе танысым.  
Бәйге атынан кем емес,  
Екпіндесе шабысым.  
Мактана берме сен Сарбас,  
Ерегісіп Саурықпен,  
Байұзақтай батырдың  
Қокандай ілескер Құсбегі\*,  
Терекке байлап атылған,  
Бәлеге басы шатылған.  
Сөз мәнісін қарашы:  
Кешегі дәу Сыпатай  
Ол Ботпайдың баласы,  
Оны ілескер Құсбегі,  
Таңып алып арбаға  
Өлтірем деп әуре еткен -  
Өлім десіп жазасы.  
Сыпатайдың «жазығы» —  
Қалмаққа қашып кетті деп,  
Дулаттың салған жаласы.  
Сонда сенің Дулатың  
Саурыққа кеп жалынды.  
Сенен қайрат болмаса —  
Сыпатай батыр кетті деп,  
Сыпатай бұған не етті деп,  
Саурық батыр барыңыз,  
Зарға кұлақ салыңыз,  
Деген сөзді есітіп,

\* Ілескер Құсбегі — Қоканның әскер басы. бегі деген мағынада.



Саурық барды артынан.  
Сыпатайды босатып,  
Алғыс алды халқынан.  
Саурықтай шын батырым  
Көзінді оттай жандырған,  
Ерегіскен кісіні  
Ес-тұсынан тандырған.  
Жігіт жыйған өнерден —  
Жаландатқан найза ұшын,  
Қай дұшпанға ел-елде  
Кетіп еді намысын?  
Жер жарады дабысың,  
Саурықтан асып нең кетті,  
Қолындағы асылдың  
Білмейсін ғой мәнісін!  
Саурықтай біздің батырдан.  
Қозғайын оның затынан,  
Саурық барып жауды алса,  
Қыюлы шешіп дауды алса,  
Ілесушең артынан.  
Мойны озған ерлер ғой  
Қатардағы халқынан;  
Ол батырлар ұмтылса,  
Етек-жеңін қымтанса,  
Турамай сірә кетпейді,  
Айбаты оның кем емес —  
Темірден соққан талқыдан.  
Жауды көрсе тоқтатқан,  
Дауды көрсе сөз қатқан,  
Елге залал қылмаған,  
Шашылғанын жыйнаған,  
Меймандарын сыйлаған,  
Қай ісі бар Саурықтың  
Бұл халыққа сыймаған?  
Қасқараудың ішінде  
Малдыбай мен Қоныспай  
Сен қай уақта бір едің:  
Сен қай уақта Дулаттың  
Жығылғанын сүйедің?




Кой болғанда ұры едің,  
Түн жамылып жүр едің.  
Адамзаттың қоры едің,  
Жылқы болса торы едің,  
Аузыңнан қағынған,  
Тұлабойың кұрысқан,  
Жеке басың тырысқан,  
Жүрген жермен ұрысқан,  
Бәлекетті бастаған,  
Басыңа бәле жастаған,  
Екі бетте тамтық жоқ,  
Кісі демей Қасқарау  
Сені жолға тастаған.  
Аузы-басың шошандап,  
Өсектен басқа айтпаған,  
Бәлекеттен қайтпаған,  
Уялатын бетің жоқ,  
Устасатын к... жоқ,  
Өсек болды айтқаның,  
Дардай кісі боп қалдың,  
Жақсы емес пе шіркін-ау,  
Жаман сөзден қайтқаның!  
Басың жаман — жалқау бас,  
Бұл сөзді менің айтқаным  
Бойың сенің кұрыс боп,  
Жүрген жерің ұрыс боп,  
Катынша өсек айтқаның.  
Уялатын түсің жоқ,  
Сүйенетін кісің жоқ,  
Қырық-елуге кеп қапсын,  
Адамшылық пішін жоқ,  
Кісілік сенің арың жоқ,  
Бұл ұяттан сақтанған.  
Арыңды байлап беліңе,  
Етек-жеңің жұланып,  
Қармағыма іліндің,  
Аяғыңнан сүріндің,  
Сөз қадырын білмейтін,  
Сөзің жаман кісі екен.






Жатқандай ін түбінде,  
Көзін жаман кісі екен,  
Аузыңды сөзбен кілттеймін,  
Енді өленді айтпағын,  
Осы да жарар өзіне,  
Келдің қарпыр кезіме,  
Жүйрік бауыр жазғандай  
Жок еді тізгін тартпағым.  
Айтар сөзім көп еді,  
Әдейі артық айтпадым.  
Қызыл тілге келгенде,  
Бөкендейін желгенде,  
Ашсаң енді аузыңды  
Күрулы тұр қақпаным.

Қарбас қайтып сөз айта алмай жеңілді.






## ЖАМБЫЛ МЕН ЖАЛАЙЫР ДОСМАҒАМБЕТ АҚЫННЫҢ АЙТЫСЫ <sup>87</sup>



Ж а м б ы л:

Самғаймын қанатымды ал аспанға,  
Дүбірлеп даусым кетсін таласқанда;  
Ирем сені сөзбен Досмағамбет,  
Аяғың тисін жерге анда-санда.  
Сен мені жеңе алмайсың арбасаң да,  
Төрт бұрышын төңіректің жалмасаң да.  
Жалаңдап аш бөрідей келдің қайдан,  
Жақсылық Жалайырдан алмасаң да.  
Арғы атам аруақты ер Қарасай,  
Теңселген дүбіріне тау менен сай.  
Пірім бар жыр нөсерін аспанға атқан,  
Сұңкардай саңқылдаған ер Сүйімбай.  
Ілгерде Шөже, Балта заманда өткен,  
Асекең \*, Бұхар жырау арманда өскен.  
Солардың аруағы маған конып,  
Ел мұның жырмен толғап нөсерлеткем.  
Сөйлеймін ерегісsem өктем-өктем,  
Түскендей жайдың оғы саған көктен.  
Шын қызсам сөзім жалын, домбырам  
найза,  
Құрсаулы сауыт болар маған шекпен,  
Баласы Улы жүздің Абақ—Тарақ,  
Көтерген ақылғөйге мені балап,  
Аш бөрідей қаңғырған ақын келсе,  
Бұл Жамбыл жіберетін сөзбен сабап.  
Құйындап көкке шапқан мен бір пырақ,

\* Асекең — Асанқайғы.




Арамыз екеуміздің тым-ақ жырак,  
Төменде шыкылдаған сен торғайсын,  
Айтыспа меніменен ақын шырак.

Д о с м а ғ а м б е т :

Ай Жамбыл-ау, Жамбыл-ау,  
Сөз сөйлейін мен саған  
Таудан аққан бұлақтай.  
Жас өспірім баламын,  
Жапырағы жайқалған  
Көлге біткен құрақтай,  
Лақ текедей бақылдап,  
Мазамды алдың шыдатпай.  
Койдағы азбан кошқардай,  
Сөзінді мен отырмын  
Сірәда сенің ұнатпай.  
Өлеңінді қысқартқын,  
Мұнан былай ұзатпай.  
Буындырам мен сені  
Бір шығармай үніңді,  
Жілігіңнен түскен дұзақтай.  
Жаудыратам көзіңді,  
Қалдырамын сөзіңді,  
Қараңғы түн болғанда  
Алдында жанған шырақтай.  
Ақында шайыр ақпанмын,  
Аспанға ұшқан пырақтай.  
Сөзінде сенің асыл жоқ,  
Күбылып тұрған сынаптай.  
Меніменен айтысып,  
Жете алмайсын мұратқа-ай!  
Шалмайсын мені қуғанмен,  
Белді қынай буғанмен,  
Арғымақтан туғанмен,  
Сұлыға тойған қазан ат,  
Маған қайтіп жетерсін,  
Енді маған нетерсін,  
Меніменен айтыссаң,  
Түбіңе өзің жетерсін.






Бұл арадан кетерсін,  
Ала алмасаң алысып,  
Арманда болып өтерсін,  
Ақындығың шамалы,  
Ала қашпа екенсін.  
Талауға түскен ұрыдай,  
Ат-тонынан айрылған,  
Қанатынан қайрылған,  
Жасыған жездей майрылған,  
Басында сенің бөркің жоқ,  
Адам көрер көркің жоқ,  
Ақынмын деп мақтанба,  
Сөзінде қуат серпің жоқ.  
Өз пыйғылыңнан тапқандай,  
Кейпің жаман Кейқуат,  
Байдың малын баққандай,  
Құлаққа маза бермедің,  
Дауылпаз дауыл қаққандай,  
Алдында жыйған малың жоқ,  
Қу кедейсін қаңғырған,  
Жауласарға әлің жоқ.  
Жыршы емессің, бақсысын,  
Дүниеге тапшысын.  
Бақсы да сірә болмадың,  
Өлең айтып оңбадың,  
Ел ішінде азыпсын,  
Бір құдайға жазыпсын,  
Шекпенің жоқ сенің де,  
Сен бір жүрген зәлімді,  
Бір бойыңда сәнің жоқ.  
Аралап Абақ жүрсең де,  
Үш күн жатар жайың жоқ  
Жаман тамды салдырған,  
Жатқа жерді алдырған,  
Ағайын көңлің қалдырған,  
Еліңде бір байлық жоқ,  
Қазан асқан жеріне  
Сабан-топан жаптырған,  
Кеште ойнаған бақсыдай.



Саған кобыз шалдырған,  
Сені көріп отырмын,  
Өзімнен өзім қапалап,  
Түсіне сенің қарасам,  
Жүні түскен жапалақ.  
Жаратқан тәңір жасаған,  
Нағашы жұртым ер екен,  
Көтерген сені ақын деп.  
Біздің елде бұл болса,  
Аяқ жолын таба алмай,  
Кетер еді қанғырып.  
Еркек болсаң қашпағын,  
Қайратыңды қарыштап,  
Өнеріңді бастағын,  
Урысқақ қатын секілді,  
Аузыңнан от шашпағын,  
Мен де айтып беремін,  
Ақын Жамбыл саспағын,  
Асқанға тосқан кезекті,  
Алдын ала баспағын.  
Армансыз болып ақыным,  
Ақындығың болмаса,  
Жоқ екен басқа накылың.  
Кім жығылып, кім жығар,  
Байқармыз сөздің ақырын.  
Қартайғанша қақылдап,  
Жел сөзге бір тоймайсын,  
Женемін деп ойлайсын,  
Қонақ қонса үйіңе,  
Тышқан мұрнын қанатып,  
Тышқақ ылақ соймайсын.  
Өзінді өзің көтеріп,  
Өрге неге бойлайсын,  
Бергеніне кұдайдың  
Қанағат қылып тоймайсын.  
Елден елге тіленіп,  
Жамбастай жатып шіреніп,  
Жасыңнан қылған кәсібің,  
Тентіреуді қоймайсын.




Астыңа мінген ерің жоқ,  
Қол берген мықты пірің жоқ,  
Не басыңа күн туды,  
Бір жаныңда тыным жоқ.  
Көп сөзіңнің ішінде,  
Бір дәлелді шының жоқ,  
Есігің бар, төрің жоқ,  
Алысып әлің келе алмас,  
Ылдыйың кеткен, өрің жоқ.  
Бір өткен соң өмірің,  
Қайта айналып келу жоқ,  
Қорықпайсың бейшара  
Өлеріңнің шағынан,  
Кетер ем ұрып бір жерге.  
Азырақ қорқып отырмын,  
Сақалыңның ағынан.  
Отырсын ғой қушыйып,  
Қой баққандай қу кедей,  
Байлығын айтсам Тарактың,  
Қаларсын сей үндемей,  
Қалдай, Маман, Қөлібай,  
Байлығы тасқан күнде үдей.  
Іледен арман көсілген,  
Жерлерін қаптап малдар жүр,  
Кім айтар мұны шын демей,  
Қалдайдың бағы жанып тұр,  
Жарқырап ашық шілдедей.  
Жылқы мен қой есепсіз,  
Жұрттан асқан байлықпен,  
Түйесін жүр жүндемей  
Елімдегі байлықты  
Айта берсем сөз жетпес,  
Сусап қалар тіл-көмей.  
Ақын болсаң ашық айт,  
Еліңдегі байлықты,  
Біздің елді күндемей.  
Елің сенің оңбаған,  
Енді не деп айтамын,  
Кедейлікті мін демей.






Жамбыл:

Солай ма, бала солай ма!  
Зығырына Жамбылдың  
Тисен саған оңай ма!  
Қуырамын енді мен,  
Ақындықтың апшысын,  
Көргенім жок өмірде,  
Жел сөздің мен тапшысын.  
Өлеңім асау теңіздей,  
Өрге қарай шапшысын.  
Толкындай сөзді сапырып,  
Арыстандай ақырып  
Шығайын енді айтысқа,  
Нажағайдай сөзімді  
Жаркылдатсам алдында,  
Есің шығып адасып,  
Біле алмассың әкеннің  
Өлгендігін қай тұста.  
Сөз білмейтін баласын,  
Ақындыкка шаласын,  
Меніменен айтыспа,  
Кемітесін кедей деп,  
Басқа сөзді таппайсын,  
Жетісіп жүрген немедей,  
Елінді кұр мақтайсын,  
Малды санап мақтанбан,  
Малында емес ел бағы,  
Қорғаған жаудан халықты,  
Ерлікпенен даңқты  
Елімнің күшті аруағы,  
Елімде болды батырлар:  
Қарасай атты ұранды,  
Асынып жау-жарағын,  
Еліме шапқан қалмаққа  
Ориатып қара тұманды,  
Салатұғын ыланды,  
Зәһәріне шыдамай,  
Қалмақ кезген шығанды.




Кылышынан өткізген,  
Қара кесек Қағанды;  
Жауынан жерді босатып,  
Осындай атақ кім алды?  
Бүгінгідей сөзіме,  
Ол да саған күмәнді,  
Көп сөзіңнің ішінде,  
Бір сөзің жоқ ұнамды,  
Байқалып әбден сыналды,  
Елден алғыс алмайсын,  
Көтеріп кітап, құранды.  
Меніменен ұстасып,  
Білмейсін құдай ұрарды.  
Ерлігің болса мақтанған,  
Жауын қуып қашырған,  
Айдарымен жел есіп,  
Алатаудан асырған,  
Айбалта, қылыш асырған,  
Жанындағы жабдығы,  
Нар кескен, қанжар асылды.  
Қарасайдай батырлар,  
Қыйқу салып аттанса,  
Еліме тиген жаулардың,  
Алмадай басы шаншылған.  
Айтшы осындай ерлерді,  
Елінде данқын асырған.  
Айталмасаң бұндайды,  
Айтыспа сен антұрған.  
Қорықсаң неге айтыстың,  
Ағарған сақал, шашымнан?  
Ата-ана сыйлап көрмеген,  
Бей-әдеп өскен жасыңнан.  
Сен бір жүрген сауысқан,  
Кесірің үлкен басыңнан,  
Меніменен айтысқан,  
Сендей талай көппенің,  
Көкрегі басылған  
Уа, қу тандай Жалайыр!  
Менен асқан елінде,




Бар ма сіре бір шайыр?  
Жамбыл жырау толғанса,  
Домбырасын қолға алса,  
Пар келтірмес ешкімді,  
Сөз дауылмен соғушы ем,  
Сендей ақмақ мүскінді,  
Ауылына алып бар,  
Шашылған бізден ұшқынды.  
Сүйімбай ақын ұстазым,  
Сөз қанжарын суырып,  
Дұшпанға осылай күш қылды.  
Кұдай атқан қу молда,  
Берекенді ұшырып,  
Кетірейін пыстынды!  
Арба өткелдің түбінде,  
Бір күн, бір түн шайқасып,  
Өнерін әбден байқасып,  
Құлмамбет те жеңген жоқ,  
Жеңбек тұрмақ Құлмамбет,  
Нысанаға келгенде,  
Қара керей түбекте,  
Жалайырда Қарқабат,  
Бұ да айтысып көрген жоқ.  
Жамбыл, Жамбыл болғалы,  
Жамбыл атқа қонғалы,  
Жеңіліп намыс берген жоқ.  
Көпшілікке бет бұрып,  
Азғырушы адамға,  
Қараспайтын қабанға,  
Ежелден Жамбыл көнген жоқ.  
Еңбегім сініп еліме,  
Ел ішінде еріме,  
Сол үшін бағым сөнген жоқ.  
Тарта сөйле тіліңді,  
Танымайсың піріңді,  
Танымасаң піріңді,  
Айтайын сенің мініңді.  
Әдеппенен сөйлегін,  
Ғалым болсаң білімді,






Сен сықылды молдалар  
Бетіне ұстап кұранды,  
Өтірік айтып елді алдап,  
Таратқан қыйсық ұранды.  
Аятын оқып ышқынып,  
Ауруға дем үшкіріп,  
Молдалар ұқсап жыланға,  
Балуан болсаң белсеніп,  
Шық күреске сыбан да,  
Барың болса қарышта,  
Емеспін саған кұда анда,  
Сен күйкентай, мен түйғын,  
Жүр жайыңа бұдан да,  
Әліңді білмей асылып,  
Аптығып сөйлеп асығып,  
Жолықтың қырсық ылаңға!  
Арқа тұтып ақырып,  
Бұл Абақтың баласын  
Жаңғырықтырып мен шықсам,  
Алатаудың саласын.  
Қу ауызды қу молда,  
Қарамды көрмей қаласын,  
Қайтер екен десем мен,  
Өршеленіп барасын.  
Тіл тигізсең бабама,  
Өртке күйіп жанасын,  
Ажырата сөйлегін,  
Бай, кедейдің арасын.  
Құр көпкеннен пайда жоқ,  
Сөйлегін сөздің данасын,  
Жығылғанды, жыққанды,  
Сонда білер әр адам,  
Өзінің білсе шамасын,  
Ұзын сонар жүйрікпін,  
Отымнан жырды тербетсем.  
Ақылыңнан танасың,  
Албыр жиен Жалайыр,  
Дедің маған кедейсің,  
Мен қорғасын сақамын,



Сен утылғыш кенейсін,  
Мен бір соққан дауылпаз,  
Сен салмақсыз к... бос,  
Ебелек қакқан ебейсін,  
Бір ұстасып қалсам деп,  
Күшінді байқап шенейсін.  
Қысы, жазы ау салып,  
Іледен балық қоймадың,  
Шіріген сүйек жесең де,  
Қарның шығып тоймадың.  
Тұздап балық қақтадың,  
Сары майдай сақтадың,  
Жайың қалай болар деп,  
Дарияны жақтадың.  
Өз малыңды өргізіп  
Жерінде мал бақпадың.  
Тайдың майың бермейтін,  
Байды несін мақтадың,  
Би мен болыс қолына  
Шығын болып кетеді  
Жазы, қысы тапқаның.  
Ел байлығы өзімде,  
Тіл байлығы сөзімде,  
Малы жоқ тақыр кедей деп,  
Өтірік жала жаппағын.  
Ерегіссең менімен,  
Мен ұстассам сенімен,  
Шығып кетер аптабың!  
Молда емессің, соқырсың,  
Зікір айтып зарлаған,  
Жаназа оқып өлгенге  
Педия алып жалмаған.  
Шариғат жолы мынау деп  
Қараңғы надан халықты,  
Көзді жұмып алдаған.  
Кедей өлсе үйіне,  
Күнреніп бармаған,  
Аттана шауып бай өлсе,  
Қыйрағаттап құранды,



Күні-түні сарнаған,  
Жақсы көрсе молданы,  
Көз бояушы зұлым деп,  
Көпшілік неге қарғаған!

Д о с м а ғ а м б е т:

Кезекпенен сөйлелік,  
Сөзімді тосқын Жамбылым.  
Дабысты жүйрік Жамбылым,  
Алпысқа \* жасың келгенде,  
Төгілген тасып дариядай,  
Басылып қалған Жамбылым,  
Молдалығым айып па,  
Үйреткен саған құдайды,  
Құран сөзін ұқпаған,  
Сендей надан оңбайды,  
Зекет алса молдалар,  
Ужмаққа жұртты жолдайды,  
Молда өтірік айтпайды,  
Оны құдай қолдайды.  
Елеуретіп сөйлейсің,  
Алақтатып көзіңді,  
Әзезілден сабақ ап,  
Бүлдіріпсің сөзіңді,  
Құранға тіл тигізсең,  
Күпір \*\* деймін өзіңді.  
Мен де асқақтап сөйлейін,  
Жалайырдың бегінен,  
Белгілі ата тегінен,  
Айтуға тура кеп отыр.  
Абақ — Тарақ шегінен,  
Нокта ағасы, қол басы,  
Дулаттан бізге не пайда,  
Құмырысқадай көбінен,  
Теріп айтып келемін,


\* Алпыс деп үлкендігің асыру үшін айтқан.

\*\* Күпір (арапша) — діннен шығу, дін жолынан адасу.





Меркіден арғы еліңнен,  
Әулие-Ата, Шымкенттен,  
Бозадан баска асы жоқ,  
Жар-жатақтың астында,  
Күнге күйіп түскендей,  
Кыздарының шашы жоқ,  
Бірін-бірі көптескен,  
Бозақормен ептескен,  
Жақыннан баска қасы жоқ,  
Меркіден бергі туғаның  
Салған қыстақ қаланы  
Үй басына бес тауық,  
Кірсін боп қарады,  
Қыстығүні болғанда,  
Таудан бұта алады,  
Базарға әкеп салады,  
Бес тыйыннан ақша алса,  
Жерден алтын тапқандай,  
Қуанып үйіне барады,  
Енді айтайын Жамбылым,  
Меркіден бергі еліңді,  
Өткенді айтып мен-менсіп,  
Көтересің көңіліңді,  
Ол күндегі батырлар  
Бәрі жерге көмілді,  
Енді міне бүлдіріп,  
Жайлады жау жерінді,  
Айта бермей өткенді,  
Шығармай құмар шерінді,  
Айтсайшы Жамбыл тағы да,  
Абақтан енді ұл бар ма,  
Қутқаратын еліңді?  
Сеінен қорқып қайтпаспын,  
Қорқып бұғып қалмаспын,  
Егер қырсық шалмаса,  
Алдыма жүйрік салмаспын  
Шапқан жерін қыятын,  
Күшін қолға жыятын,  
Өткір қылыш — алмаспын.



Тарлан тартып қалыпсын,  
Азуыңнан шалыпсын,  
Буыныңды бекітіп,  
Аяғыңды дәл басқын,  
Құмар болса айтысу  
Жыққанымыз алуға,  
Жұртқа олжа салуға,  
Бәйгіге тігіп мал, басты,  
Айтысам деген ойда жоқ,  
Келе-ақ өзін жармастың,  
Сендей-сендей көп ақын.  
Көргенде мені өтінген,  
Меркіден бергі туғаның,  
Он-он үйден біріксе,  
Әрбір тауға бекінген,  
Шекаралас болған соң,  
Қырғыз тиген шетіңнен,  
Сенің тиіп кесірің.  
Көштерің басып жыл сайын,  
Берекемді кетірген.  
Сыя салдым сауытқа,  
Ақыным Жамбыл ауытпа,  
Елің кедей болған соң,  
Қызыңды саттың зайыпқа.  
Ақыным Жамбыл талықпа,  
Асығып өлең айтам деп,  
Бір киіге жолықпа.  
Мал табалмай қыз сатқан,  
Менің жеген балығым,  
Мұнан жаман болып па?  
Асқан жүйрік емессің,  
Бұл арада біз көрген,  
Мен-менсіген сендейді,  
Біз де ақынбыз дүз көрген.  
Үйіңнен жылан қуғандай,  
Жаз кетсе қаңғып күз көрген,  
Байлығын сенің қайда бар,  
Мал орнына қыз берген.  
Бір жарамды жігітің,




Дулаттағы Алпыспай,  
Күнде арақ ішкені,  
Төренің үйі түскені,  
Жегені жасық кыйрадан,  
Алдында тақтай үстелі,  
Сен Абақтың жүйрігі,  
Мен тұлпары Тарақтың,  
Бәрекелді, Жамбылым,  
Салты осы ма еліңнің?  
Қаскеленнің жігіті,  
Босатпас алдын қабақтың.  
Арақ десе жымындар,  
Құлқыны құрып қылмындар,  
Ішпесе басы ауырар,  
Еліңнің басшы адамы,  
Қалаға жақын қонысы,  
Күнде салып салықты,  
Зар қақтырып халықты,  
Мойнынан түспес борышы,  
Жеріңді сатып ұлыққа,  
Тарылған жұрттың өрісі,  
Оразалы дегенің,  
Қарындасын өзі алып,  
Естімеген жол салып,  
Бір тентектің кесірінен  
Шулады Дулат қызғалып,  
Көп ұзартып созбалық,  
Бұ да жетер басыңа,  
Әділдіктен озбалық.


Ж а м б ы л:

Албыр жиен Жалайыр,  
Елінде бузық жоқ болса,  
Қожақан ішті неге арақ,  
Әулме, сопы көп болса,  
Көпке тиер кесірін,  
Қожа мен молда бек болса,  
Дәулетті ата тек болса,






Бойында арам кек болса,  
Молда емес ол эзәзіл,  
Сүйкімсіз, жұртқа жек болса.  
Сол Қожақан болысың  
Мекеге барды қажы боп,  
Боза, арақ ішкен соң,  
Айтады несін қажы деп.  
Пара тағы жейді екен,  
Ел ішінде қазы боп.  
Арамтамақ, ақ білек,  
Қол астын жемей, қолдай ма,  
Басшы әділ болмаса,  
Жұртқа әділдік орнай ма?  
Ел қорғайтын ұл туса,  
Елді дұшпан торлай ма,  
Шаңымды менің шалмайсың,  
Урсаң да қамшы борбайға!  
Қырсық шалса жолыңды,  
Ісіңді кұдай оңдай ма,  
Төрт түлік мал тұрғанда  
Сойдырып шошқа соғымға,  
Шарифат жолы сондай ма?  
Сен білмейсің, мен айтам,  
Қойшыбайдың атасы,  
Қайырсыз бай Қалдайын,  
Тоғайдан торай қоймаған  
Адалдан жыйған малдайын,  
Ажырата білмеген,  
Адал мен арам қандайын.  
Шарифаттың жолында  
Арам жемек бар ма екен?  
Тағы да жайың мынадай:  
Жасын кәміл толтырып,  
Қызды өсірдің бұладай,  
Алыстан келген сәудегер,  
Керегіңді сатып ап,  
Қыздарыңмен жатып ап,  
Зауыққа сая қылады-ай...  
Желпінген көңіл басылып,




Желіккен жүйрік тынады-ай.  
Сәудегер, молла зұлымсын,  
Халықтың көзін бояды,  
Қайыр басқан тұмадай,  
Алты ауызды ала боп,  
Басынды төре сұрады-ай,  
Мен боламын ханың деп,  
Хандығым жұртқа мәлім деп,  
Елінді қысты қынадай.  
Ханнап көріп қысымды,  
Күйзеліп жұртың жылады-ай.  
Көтерген жұртқа бас қылып.  
Қайрымы жұртқа тимеген,  
Қаны қара залымды,  
Залымдығы мәлімді,  
Алдына тура бара алмай,  
Барып жауап ала алмай,  
Айталмадың зарынды.  
Жылқы, түйе, сыйыр мен  
Қой, ешкіні сойып ап,  
Тартуға тарттың барынды.  
Тартып алды еріксіз,  
Жүк тартатын нарынды,  
Көз жасына қарамай,  
Жылатып кемпір, шалынды.  
Хан жарлығы солай деп,  
Бұқара бізге онай деп,  
Өрісі қатты тарылды.  
Ел қорғайтын ерлерің,  
Алдына барып бас ііп, —  
Алдияр! — деп жалынды.  
Арамтамақ құзғындар,  
Жоқтамай намыс, арынды,  
Мал, басында ерік жоқ,  
Жауға бердің елінді,  
Қаны қара сұмырай,  
Қатты басты белінді,  
Үн шығармай түншықтың,  
Шығара алмай шерінді.




Ханның сесін қайырып,  
Еліңді даудан айырып,  
Алмадың қалай кегінді?  
Әулие болса қайда еді,  
Ескелді би жалпағың,  
Төреге елін сұратып,  
Нашарларын жылатып,  
Қадірін білмей халқының,  
Байтақ жатқан кең елге,  
Тиді кесір шарпының.  
Елеурейсін еңтігіп,  
Басылар қазыр қарқының.  
Ат-тоныңды олжа қып,  
Қайт, еліңе жарқыным.  
Жалайырдың ішінде,  
Сенің бабаң Балғалы,  
Балғалының байлығың,  
Отырсың ба салғалы,  
Байлығың сонша көп болса,  
Не ғып жүрсің бұл жакта?  
Зекет, құшыр алғалы,  
Антұрған деп айтады,  
Жалайырда қарғалы,  
Сөзімнің жоқ жалғаны,  
Әлі де айтып беремін,  
Тағы да болса қалғаны.  
Ауыз бірлік қыла ма,  
Ашулы болған кектісің,  
Байдан кедей бөлініп,  
Байға қара көрініп,  
Кедей ашу етпесін!  
Аузың бармай отыр ма —  
Айтуға Көлбай, Маманды?  
Мырза күшік Жалайыр,  
Аңдысты зұлым әмәнді,  
Кедейге жаны ашымай,  
Жақсылық іздеп басына,  
Жоламай бәнде қасына  
Маман берер сазанды,






Қарсы жауап айтуға,  
Келтірмеген шаманды,  
Жалақор деп айтамыз,  
Жұртына бүлік салғанды.  
Би мен болыс, бай, манап,  
Пристов, князь, чиновник,  
Шулатып бала-шағанды,  
Қай жақсың бар оларға,  
Қарсы тұрған табанды.  
Қариямын, сұраймын,  
Сөзіме жауап бер деймін,  
Сыйқыршы, залым, қу молда,  
Бұған жауап бермесен,  
Қыс к... мен деймін.  
Ашып қара көзіңді,  
Сөз несі мен деймін.  
Бола алмайсың сен сірә,  
Меніменен тең деймін.  
Сендей-сендей ақынның,  
Сөзбен жанын емдеймін,  
Өлеңмен шын тасысам,  
Ағып бір жатқан селдеймін,  
Айтайын мен білмесен,  
Өлеңменен пара-пар,  
Қу басыңды кірлесен,  
Көмусіз бір күн каларсың  
Көпшілікті тілдесен.  
Көпшілік дария көлдейін,  
Сол дариядан қақсам деп,  
Әркім-ақ аңсап шөлдейтін,  
Бахыты жұрттың өрлесе,  
Мәңгі калар сенбейтін,  
Есеңгіреп жүрмесен,  
Елді неге даттайсың,  
Екі жүзді болмасаң,  
Байды неге мақтайсың?  
Қайыры көпке тимеген,  
Әкімдікпен билеген,  
Жарлы жалшы сүймеген,



Ханды неге жақтайсың?  
Жегенің көп шашыңнан,  
Қылмысың үлкен басыңнан,  
Халыққа тиген пайдаң жоқ,  
Қайтіп тұзыңды ақтайсың?  
Екі ұртыңды қампыйтып,  
Сөйлейсін сен аптығып,  
Елінде ер бар ма деп,  
Сұрайсын және шаптығып.  
Зығырданы қайнаған  
Елім кірді кеңеске,  
Ерлік туған емес пе,  
Жердің шелін сел жуар,  
Елдің кегін ер жуар,  
Дауыл тұрса бұлт қуар,  
Жердегі жауды жұрт қуар,  
Ерліктің оты лапылдап,  
Аспанға шығар күн туар.  
Сол майданда жалындап,  
Қолына алмас қару ап,  
Алатаудан ақырған,  
Жауын жеңіп жапырған,  
Карасайда ұл туар.





## ШАШУБАЙ МЕН ЖАМБЫЛДЫҢ АЙТЫСЫ <sup>38</sup>

Алматы қаласындағы Байбұлан байдың үйінде үлкен жыйын болады. Бұл жыйында ел кезіп, серілік қып Арқадан келген Шашубай ақын да болады. Осы жыйында отырып Шашубай былай өлең бастайды:

Ақынның сүйір келер тіл мен жағы,  
Іркілмей осы күнде сөйлер шағы,  
Көрмекке бізге уажып \* нұр дидарың,  
Жетісу, аманбысың, өң саңлағым?  
Жайылды Шашубай боп менің атым,  
Кеудемде саудырлап тұр жазған хатым.  
Бұл жерде дәм-тұз айдап, жүз көрістік  
Жүрмісің жалпы тегіс, асыл затым?


Жүрмісің аман-есен, батыр Сәтім,  
Ілгері болыстардан салтанатың,  
Суңқар болып туыпсың Найзабектен,  
Тарайды Есенқұлдан арғы затың.

Және де жардам болған бабан Жаныс,  
Ер дейді қазы болған жұртқа қалыс,  
Шашубай күнде бүйтіп келе бермес,  
Теңіздің аяғында, жерім алыс.

Жүрмісің есен-аман, өң саңлақтар,  
Көк мұзда тағасыз ат тайғанақтар.  
Сарыжан, сайма-саймен аманбысың,  
Аш-арық, кембағал мен сізді жақтар.

\* У а ж ы п (арапша) — істеуге міндетті болған іс.





Жайындай өрге жүзген кадамдысың,  
Әр жерден атағың бар хабарлысың  
Дулатта мойны озған жігіт дейді,  
Алпысбай, Мәңкеке менен аманбысың?

Сөйлейді, сөйле десен, бұл Шашубай,  
Дәреже өз басыма берген құдай.  
Алматының саңлағын тегіс жыйып,  
Той қылды компания Байбұлан бай.

Сұрасаң, менің атым Шашубаймын,  
Болғанмен үйде кедей, түзде баймын.  
Баласын Орта жүздің айдап жедім,  
Қалтамның түбі тесік байымаймын.  
Желге ұқсап ұйытқып соққан зуылдаймын  
Ешнәрсе сонда дағы тындырмаймын,  
Саңлағын Жетісудың көргеннен соң  
Сағынды өлең жақтан сындырмаймын.  
Сайратқан Орта жүздің бұлбұлымын,  
Табаным қызған сайын бұлдырлаймын.

Абданда о да өткен Абак, Жайнақ,  
Өтіпті Сайым бөлек саңлақ айдап,  
Саңлағын Жетісудың көргеннен соң,  
Сөйлейді бұл Шашубай тамашалап.

Мен келдім Орта жүзден теңізді өрлеп,  
Қыдырып сөз қозғадым көлденеңдеп,  
Жол басып он сегіз күн зорға жеттім,  
Саңлағын Жетісудың көрейін деп.

Бәрің де аманбысың есен-аман,  
Шуу десе жүйрік озар мыңнан-саннан.  
Отырмыз қаныбетпен жүз көрісіп,  
Отырмын тамаша етіп жоқтан, бардан.

Дуаным Қараөткел мен Қарқаралы,  
Барады кешкі базар тарқағалы,



Алған соң еті қызып тоқтата алмас,  
Өленді тағы да отыр шайқағалы.

Шашубай елен жаққа қадам басты,  
Бұл күнде сіздермен кеп амандасты,  
Жүйріктің топтап озған біреуімін,  
Келдім де қалың шаңға араластым.

Желгенде жер қалмайды Күрең аттан,  
Жолаушы жолым алыс келе жатқан,  
Жүйріктің шар-тараптың тұзын татқан,  
Өлеңмен сөзді желдей күйындатқан.


Шашубай менің атым, елім қырда,  
Сол қырдан дәм бұйырып келдім мұнда,  
Кәрі аруақтың орнында бір шырқашы,  
Қалың ел аманбысың Жетісуда?

Сұраншы қарсы шыққан атқан оққа,  
Шашубай көп сөйлеген талай топқа,  
Компания Байбұлан той қылыпсың,  
Бізбенен қармасарға ақын жоқ па?

Біреуді Жамбыл деген мақтайсындар,  
Жасырып оны қайда сақтайсындар?  
Ақын болса тез алдыр Байбұлан бай,  
Әйтпесе ел намысын таптайсындар.

Орта жүз Ұлы жүзден көп келеді,  
Ішкені Ұлы жүздің шөп келеді.  
Орта жүздің ішкені кұнан қымыз, дөнен  
қымыз,  
Ұлы жүз көженің қоюына өкпелейді.

Орта жүз Ұлы жүзден бай келеді,  
Ірбіттен сірісімен шай келеді,  
Бәйгені алса Орта жүз жүйрігі алар,  
Шолағы Ұлы жүздің қай келеді!



Бар екен Орта жүздің төрт баласы,  
Халайық мен айтайын, сен санашы,  
Төртеуінің арасы он күндік жол,  
Келеді осылайша шекарасы.

Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын,  
Халқымның топтан озған жүйрігімін,  
Ұлы сарын жүйріктің біреуімін,  
Жұртыма нарық көрсеткен үлгілімін.

Байбұлан кісі жібер Жамбылыңа,  
Жамбылды болар ма екен алдыруға?  
Тағалы, төрт аяғы мен бір жорға,  
Ылайық тар көшеге салдыруға.  
Ақын болса тез келсін бұл араға,  
Бізбенен жарар ма екен пар қылуға

Уруым Орта жүздің деген жері,  
Жалпы отыр Жетісудың кемеңгері,  
Жүрексініп тұрғандай не бар мұнда,  
О, шіркін, ақын болса келсін бері.

Біздің кеп айта берсе толып жатыр,  
Бірі көшіп біреуі қонып жатыр.  
«Сейітбаттал, Ер Әлінің соғысындай»  
Неде болса, боп қалсын; бері шақыр!

Бұдан кейін Байбұлан бай кісі жіберіп Жамбылды шақыр-  
тады. Байбұланның өз үйіндегі ең «сыйлы» қонақтары —  
байлар арақ ішкен қызу еді. Шашубай да ішіп алған, қызу,  
Жамбылды көре салып өлеңді ағындатып қоя береді:

Әрине, Шашубайдың айтар сөзі:  
Көп көрген мұндай топты шарай жүзі,  
Сырлы ағашын қолына ұстаған боп,  
Келіпті азап айдап, бұл кім өзі?

Сонда отырғандардың бірі: «Сенің іздеп шақыртқан Жам-  
былың осы» — дейді. Онан сайын екпіндеп Шашубай сөйлеп  
кетеді:





Алматы — тауы адыр, жері дала,  
Шашубай, сөз сөйлейді, жеке, дара,  
Үлкенге сәлемің жоқ, аманың жоқ,  
Күн туды не басына дүзі қара?!

Жүрмісін аман-есен, акын Жамбыл,  
Өлеңге жастайыңнан болдың данғыл,  
Үндемейсің ұнжұрғаң түскендей-ақ,  
Күн туды не басына тәңір алғыр!

Шашубай арақ ішіп желдеп отыр,  
Қайдағы асыл сөзден тергелі отыр,  
Ерден шыққан қатындай неме екенсің,  
Ауылшылап келмесең сөйлей отыр!


Орта жүз, Ұлы жүзден көп келеді,  
Бәрі де Орта жүздің бек келеді,  
Аянбай барың болса қамдана бер,  
Шапандай қанжығаға бөктереді.

Бәрі де көрініп тұр беп-белгілі,  
Сақтанба, көрмегендей, к... белгілі;  
Ақсұнқардай қырандай мен тұрғанда,  
Тышқан алған мақтайды бөктергіні.

Арқада мен айтайын салдығымды,  
Мұнда келсе айтайын бек, төре,  
хандығымды,  
Ашулансаң аспанды тастап жібер,  
Сен де аянбай қыймылда барлығыңды.  
Барлыбек, Тұрлыбекпен аман болса,  
Жандарал да бұзбайды жарлығымды.

Жамбыл жан танымайсың мен баяғы,  
Қолында Асай-Мұсай шал таяғы \*  
Ағат кеткен сөзім жоқ, отырған көп,  
Тең тиер өлеңімнің төрт аяғы.

\* А с а й - М ұ с а й — шығыс елдерінде дінге байланысты айтылатын Мұса пайғамбардың хасиетті таяғы.



Бір көзі Сәмі жанның қысық екен,  
Байбатшаң Мәңкіменен пұшық екен.  
Бірің ойқы болғанда, бірің шойқы,  
Бәрің де қосылыпсың ойдан, қырдаң,  
Күйкі тұғыр сыяқты сұсы бөтен.

Ж а м б ы л:

Сөйлесіп мен сықылды кемеңгерге,  
Асалмас құлаш ұрдың асқар белге.  
Шұбырып, Ақтабан боп келген Арғын,  
Желіктің өз-өзіңнен неменеге?

Сорынды бүйте берсең қайнатармын,  
Бент \*қылып қол-аяғыңды байлатармын;  
Без билет \*\* шұбырынды жаман Арғын,  
Жеріңе часабаймен \*\*\* айдатармын.

Халқымда мен бір жүйрік озып жүрген,  
Әр жерге құлашымды созып жүрген;  
Арқадан ауып келген Ақтабансың,  
Желігіп өз-өзіңнен мақтанасың;  
Шұбырынды Арғынсың тозып жүрген.

Арқадан ауып келген жалаң аяқ,  
Сен дағы қыймылдадың аянбай-ақ,  
Бұл жаққа жан бағуға келдің қаңғып  
Тиіп кетіп жүрмесін саған таяқ.

Ажалдың оғы келгенде,  
Қорғаны болмас көбенің,  
Түсі суық келеді,  
Төрт қырлы көк жебенің,  
Аптықпай сөйле, Шашубай,  
Сынып қалар бедерің.

\* Бент (фарсыша — бәнд) — бекіту, байлау мағнасында.  
\*\* Без билет — билетсіз деген сөз.  
\*\*\* Часабай (орысша) — часовой — күзетші.



Қаңғып келген, аш-арық,  
Тойынып кеткен екенсің!  
Білдім жаңа себебін,  
Тойындырған талайды  
Берекелі ел едім,  
Қаңғып өткен Арғын-ау,  
Қашан маған тең едің?

### Ш а ш у б а й:

Ей батыр, Арғын деген ағаң енді,  
Алдыңа жол салдырған дадаң енді,  
Ашулансам, желкенді жермен қыям,  
Шығарма дыбысыңды, бәлем, енді!  
Шашубай сөйлеп кетсін інін енді,  
Ініңнен соң не болар күнің енді!  
Желкенді ашулансам жермен қыям,  
Аузыңды байқап сөйле бүгін енді.


Төгіліп менің сөзім келе жатыр,  
Қолыңда бектерімнің алтын шатыр,  
Өзіңді өзін көтеріп желікпегін,  
Аузыңды бағып сөйле, Жамбыл батыр!  
Қайсымыз жеңсек те сынға түсіп,  
Арт жағы болып қалсын ақыр-тақыр.

Бұл күнде дәуірлеп тұр Байбұлан бай,  
Жал мен жая жегені қант пенен шай.  
Барлыбек, Тұрлыбек, Бақья тамам төре,  
Бұлар да неше мұқам\* білген айлай.  
Жетісудың тілеуі тағы боп тұр,  
Бұлар да заманында бір шар айнай.

Ұлық боп Ұлы жүзге болған төре,  
Не қылғанмен бұлардың орны өзге.  
Басшы боп Ұлы жүзді карап тұр ғой,  
Ие боп осы күнде сіздерге де.

\* М у қ а м (арапша — мақам) — сөзді ырғағына келтіріп айту.





Жарығы түсіп тұр ғой барша көпке,  
Бұлардың шар-тарапқа даңқы кеткен.  
Көшедегі орнатқан панардай боп,  
Бұл күнде қазы боп тұр әрекетпен.


Сөйлесе сөз келеді Шашубайдан,  
Сен оңайсың Жамбылым ішкен шайдан;  
Байлығым мен бектігім сенен артық,  
Бір зырқырап жүгірейін әлдеқайдан.

Қараөткел дуанында менің жайым,  
Әртүрлі өнері бар Шашубайдың;  
Емеспін Жетісудың шолағындай,  
Өлеңге соғып тұрған борандаймын!

Қайырлы Байбұландай байың қайда?  
Бұлардың нұры балқыр туған айдай,  
Күрсілдек омырау соқпа неме екенсің,  
Мұнымен жеңемін деп ойламағын,  
Дәметкен сеніңдағы кеудең қайда?  
Басамын осыменен қарқыныңды,  
Аузымнан шығарайын алтынымды,  
Ерден шыққан қатындай неме екенсің,  
Езермін бала кұстай алқымыңды.

#### Ж а м б ы л:


Енді Жамбыл сөйлейді,  
Ескен желдей гулейді,  
Елірме, батыр, сен, — дейді!  
Желіксең де мінекей,  
Мен аса алмас бел дейді.  
Өзінді өзің көтеріп,  
Мақтай бердің есіріп,  
Мақтансаң да батыр-ау,  
Сендей неме ежелден,  
Ширегіме келмейді!  
Сөйледің сен де аямай,  
Ал Жамбылдан сөз шығар,  
Асылдан ұшқан қылаудай.



Өлеңнің дария кенімін,  
Еділ менен Жайықтай,  
Зырқырап Жамбыл сөйлесін,  
Өрге жүзген қайықтай,  
Сынға түссін сөзіміз,  
Осы отырған халыққа-ай.  
Бак, дәулетім басылмай,  
Жетісудың саңлағы,  
Тегіс отыр қасымда-ай,  
Бағып сөйле аузыңды,  
Еліре берме, Шашубай.  
Ерегіссен менімен,  
Тауып ұстас теңіңмен,  
Ерегіссен, Шашубай,  
Еңсеңді үзіп кетермін,  
Аспаннан түскен жасыңдай,  
Қара Керей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгембай,  
Шапырашты Наурызбай,  
Соларға кезек бермеген,  
Ұлы жүздің ішінде  
Ұраным менің Қарасай.  
Қарасайдың ұлымын,  
Айтулының бірімін,  
Нар кілемнің түрімін,  
Қызыл тілін безеген,  
Найзасын тасқа егеген,  
Алды-артыңды буамын.  
Сені асырмай кезеңнен!

Мен дағы тоқтамаймын айтар сөзге,  
Аса алмас құлаш ұрдың асқар белге,  
Бай болған деп мақтайсын Байбұланды,  
Есіріп ақ суына әлденеге.


Байбұлан мініп келген Қарала атты,  
Келді де біздің жердің дәмін татты.  
Алматы Тастағында, қара лашық  
Тікті де, көң қоқырда үш жыл жатты.




Тексеріп сұрай берсең тегін арғы,  
Арқадан ауып келген ұры-қары,  
Тері-терсек жымқырып ұрлап сатты.  
Сөйтіп жүріп Байбұлан малға батты.

Бай болып ұрлықпенен асып-тасты,  
Мұнымен мақтануың жарамас-ты,  
Бағып сөйле аузыңды, Шашубайым,  
Дертке дерт қосар жаман бақсы.

Төре деп мұнша неге мақтанасың,  
Барлыбек, Тұрлыбек, Бақыясын,  
Сорлы сені қатарға қашан алды,  
Сайлауда көкке қарап ақыясын.  
Ішкенің су орнына арақ, боза,  
Дозақтың ортасында қақыясын.







## НҮРИЛА МЕН АҚЫНДАРДЫҢ АЙТЫСЫ ЖӘНЕ ЖАМБЫЛДЫҢ БЕРГЕН ТӨРЕЛІГІ <sup>89</sup>



Н у р и л а:

Мен болсам Жантұдағы Нұрила ақын,  
Шығандап шырқағанда шықсын даңқым.  
Құбылтып ырғағыммен даусым әнді,  
Тыңдасын ынтасымен сүйіп халқым.


Жасымнан шаршы жыйын топқа түстім,  
Ақынмен көңіл соққан көп айтыстым!  
Телегей теңізіне көптің малтып,  
Халықтың қайнарынан шербәт іштім.

Сондықтан, мүлірмейді тіл мен жағым,  
Кешеттең тез қамданып ой, қыялым,  
Алдында әлеуметтің сөйлегенде,  
Кетеді көтеріліп аруағым.

Жолдасын өмір серік өлеңменен,  
Құдықтан өнер қаздым тебенменен.  
Кененді бір көруге құмар едім,  
Атақты әншіл ақын дегенменен.

Жеңіп ем былтыр ғана Арғымбайды,  
Осы үйде домбырасы даңғырлайды,  
Мен бар жерде айтпастай болып еді,  
Әйткенмен ақын шіркін ар қылмайды.

Шыдамай өлеңімнің таяғына,  
Жеңіліп ең Байбуырыл баяғыда,



Оспан, Мақыш сенің де есіңде ме,  
Жем түсіп ақсағаның аяғыңа.

Айтыспаған меніменен Шүкітай бар,  
Жамбарлаған қасыңа Жартыбайды ал,  
Ұлы тойда осындай кез болғанда,  
Қалдым демей қапыда, айтысып қал!


Үмбетәлі жай сөзге шамданатын,  
Бар қобызы Бармақтың таңданатын,  
Менімен осы жерде көп ақын бар,  
Айтысуға қайсысы қамданатын?

Ортамызда ежелгі жырау отыр,  
Барлық ақын бас қосқан мынау отыр,  
Сіз тыңда, сізден соңғы айтысалық  
Жай бізді Жамбыл ата сынап отыр.

Дулат ақыны Шүкітай:

Қапы ма едің, қарағым, Шүкітайдан,  
Атым түсті аузыңа сенің қайдан?  
Өз өнерім өзімді тарықтырмас,  
Көмек сұрап көргем жоқ Жартыбайдан.  
Айтыспаған сазайым тек болмаса,  
Сені білем Нүрік-ау кішкентайдан.  
Атақ, ізет, абүйір сақтамасақ,  
Біреуімізден шырағым төгілді айран.  
Жанту болсаң Нүрігім, Жаныс едім,  
Ауылыңмен ағайын таныс едім,  
Екі бақсы жеңгенде бірін бірі  
Бір емес пе ойлашы намысы елдің.  
Аулақта әлі де бір айқасармыз,  
Қара өлеңмен қарысып шайқасармыз,  
Оңашалау Дулаттың бір тойында  
Ақындықтың әр түрін байқасармыз.  
Той бастауға әлгіде ол таласты,  
Жолын қуып атаның Шапырашты,  
Жүлдесіне солардың жүйрік тиді,  
Білетіні жоқ па екен сөз ұйқасты?

*Handwritten notes in blue ink:*  
Қызыл 16 ж  
1. 1. 1. 1.



Дулат ақыны Бармак:

Кобыз кылы қолында мен ғой — Бармак,  
Әлден келсе абүйір әркім алмак,  
Неге хажет жоқ жерде руласып,  
Шапырашты, Дулатпен бола қалмак.  
Кұбыладан оң тұрып жел сокқанда,  
Жер түбіне кетеді жеңіл қаңбақ.  
Айқайласып келгенде арты жеңіл,  
Шапырашты жай тұрсын жолды алмай-ақ.  
Не дейді бір біріне екі Дулат,  
Жай ғана Шапырашты тұрсын тыңдап.  
Бетіне ұстап келетін Жамбылы бар,  
Сүйімбайдан кейінгі кәрі шумақ.  
Айтыспаймыз, әрине, Жамбылменен,  
Басқасының байқасам нарқы төмен,  
Екі Дулат демесең осы арада,  
Айтысуға ылайық әнші Кенен.  
Айтсаң, Кенен, абайлап байқап сөйле,  
Нұриланьң тұңғыйық сөзі терең.  
Ер жігітке өлгенмен тең болады,  
Жеңілгенде осындай әңгімеден.


Дулат ақыны Кенен:

Бір сөзге тыянақты болмай палуан,  
Имендің бе ізденген өнерпаздан,  
Неге састың, сөзіңнен неге адастың,  
Қажығандай қайқандап Нұриладан?

Ел ақынын қомсынып Бармак отыр,  
Бұйрық айтып біреуге арнап отыр.  
Жұлындырып ежелден отыратын  
Мұның сөзі қыршаңқы түйе қотыр.

Атағымды жоймаймын атым барда,  
Жұртқа Кенен қадірлі нарқым барда,  
Әнші баска, әртүрлі ақын баска,  
Менің мұндай жарысқа мәнім бар ма!





Атышулы акын ғой Алты-Алашқа,  
Қайрап салса, өтетін қара тасқа.  
Шапырашты дегенге шыдай алмай,  
Дайындалып өзі отыр бір шайқасқа.

Безеп қапсын қолыңа домбыраны,  
Болмағанды болымды болдырады,  
Қыйма сөздің қыйсынын табушы едік,  
Қамданбасаң бола ма Үмбетәлі?

Шапырашты ақыны Үмбетәлі:

Сүйегімнен Бармақтың сөзі өтіп,  
Табаныма зырқырап барды жетіп,  
Жамбылдан басқа ақынды көзіме ілмей.  
Делебемді қоздырды екпіндетіп.

Өрен жүйрік өлеңге Үмбет едім,  
Жүрген, тұрған жеріме міндет едім,  
Түлкісі қызыл алтай сөздің қуып,  
Апарып өзеніне ендетемін.


Қандай ақын қайтарар қаруымды,  
Желді күнгі дауылдай сарынымды,  
Өртіне көңіліңнің су сепкендей,  
Бір басамын Нүрік-ау жалыныңды.

Сұрастырып жүргенде осы кезден,  
Естідің бе бір пенде мені жеңген.  
Әрбір сөзді андысып айтысқанда,  
Аспау керек шегінен жалғыз сөйлем!

Ақпай-тоқпай \* дедің де кеттің қойып,  
Ортасынан түскендей мұздың ойып,  
Әлдеқалай болад деп ойламадың,  
Сөзбен жұрттың меселін қырып-жойып.

Ала сөйлеп әркімді омырауға,  
Ушырадың Нүрік-ау үлкен дауға,

\* Ақпай-тоқпай — апай-топай — ешнәрсеге қарамай киіп кету.



Аттан байтал аптығып озған емес,  
Сұрамасын сондықтан сенен сауға.

Байтал мінсе кейбіреу қылмандатып,  
Шекесінен басады жылмандатып,  
Адымы алыс атпенен жарысқанда,  
Басып озар байталды ынжандатып.

Нұрила:

Екі сөзге келмей-ақ еркектердің,  
Сөз нақысын білмейтін тентек пе едің?  
Айтысудың қағысып ісін білмей,  
Келген сөзді аузыңа жентектедің.  
Акын десем шіркін-ай, әңгі ме едің?  
Әңгіменің бұзасын дәмді жерін,  
Мен тартатын алдыңа сый табағын,  
Сен сықылды болушы еді мәңгілердің.  
Айтар сөзден адасып албыттандың,  
Мен талайын албыттың қаңғыртқанмын,  
Жем жеген екі мезгіл сәуіріктей боп,  
Әулігіп айдалаға айғырттандың.  
Көк байтал көрдің бе аттан қалысқанын,  
Ауыздықпен алдында алысқанын.  
Үш бәйгеден күніне келген жүйрік,  
Менің сондай сенімен жарысқаным.  
Талай топқа бұл Нүрік баратұғын,  
Әнім осы той болса салатұғын,  
Сен сыяқты өлеңге қыры барлар,  
Тал бойыма танырқап қалатұғын.  
Шыға салма жүйрікпін қыз күнімнен,  
Тосқауылға тоқталып бір мүдірмен.  
Атағы бар, даңқы бар талай жерде,  
Салғыластым сан қабат бұлбұлыңмен.  
Боламын деп өлеңге көңілі теңдей,  
Бір шалымға көбісі қалған келмей,  
Үпілмәлік \* ішсең де, Үмбетәлі,  
Мен жеңемін сөзіңді бұйым көрмей.

\* Үпілмәлік — дәрі шөптің аты.


Үмбетәлі:

Шешен десем Нүрік-ау шатпақ па едің?  
Сұлу десем сұмпайы сатпақ па едің?  
Аты шыққан әйгілі жорға десем,  
Арқасына ер батқан ақсақ па едің?  
Үлгі көрген халықтан, шаршы көрген  
Ақын десем әншейін шап-шақ па едің?  
Тұлпар жүйрік тұқымы көк байталдың,  
Өз ойыңша озғанын мақсат көрдің.  
Қанша айтқанмен байталдың бағасы кем,  
Ұрғашы да болмайды еркекпен тең.  
Қара тілді әйелдің талайымен,  
Қақтығысып әр жерде сөйлесіп ем.  
Ырық бермей отырсың сен де маған,  
Оңай намаз емеспін онша саған,  
Узақ жолға шыдамай тай-таласып,  
Қарғып кетсем қаласын қанжығадан.  
Намыстанба, Нұрила—жаным, оған,  
Өзіңнен кем еркегің, тидің соған.  
Тұяғындай тұлпардың серпінімен,  
Қаптай берсін бетіңе ұшқан тозақ.  
Өлеңімнің тасқыны астан-кестен,  
Жұдырығы ұрғандай апай-төстен,  
Үмбетәлі ақынның өшсін аты,  
Сен сықылды жеңілсе жөн білместен.

Нұрила:

Сен болмасаң жарымес, мен емеспін,  
Байқап сөйле, антұрған, жөн білмес кім?  
Ұйқы-тұйқы сөзінде қызығарлық  
Неғыл дейсін инедей болса кескін.  
Матауы жоқ, түйінді байлауы жоқ,  
Сұйық сөзді сапырып желдей естің,  
Алақандай аузыңа ем қонбаған,  
Мінезіңе ежелгі өкінбеспін.  
Өзі куә өзіңе өз өлеңің,  
Қай сөзіңе тасырқап бөгелемін,





Шайкасуға менімен шамаң болса,  
Әуселенді, әрине, көрер едім.  
Ылғауыма жарайтын нысайың жоқ,  
Тізгінінді ірікпей қоя бергін.  
Тезек терген бәйгінің атындай ғып,  
Шаңымды да көрсетпей жөнелемін.  
Көңілді сөз көкейге тез қонады,  
Көп мылжынның аяғы ез болады.  
Екі тәуір бірігіп баспайды ауыр,  
Бір жақсыға бір жаман кез болады.  
Құдайдың білесің бе қолы тапшы,  
Жалпы көпке жетеді қайдан жақсы?  
Ақынның атағына кір жүкқызып  
Ел қыдырған диуана сен бір бақсы.  
Ақынмын деп ұялмай жүрсің өзің  
Бес тыйынға тұрмайды айтқан сөзің.  
Өз бойыңды өлшемей өнмең қағып  
Не қыласың тексеріп жұрт мінезін.

#### Үмбетәлі:


Көргенім жоқ, Нүрік-ау, сендей пірсіз,  
Өнерлінің өмірі жұртқа мінсіз,  
Шанқан боздай сөзіме шаң жүкпайды,  
Ішегі домбырамның ешбір кірсіз.  
Тал бойымнан мін тапсаң бір табасың,  
Өйте берме үнемі ей үмітсіз.  
Қандай жерден қауіпті сын тақсаң да  
Отырамын осы жерде мен күдіксіз.  
Азар болса шығарсын долы қатың,  
Долыменен перінің жолы жақын.  
Ізденген мақсатына жетпей қоймас,  
Бір асқанға бір тосқан жолығатын.  
Шыдамайтын перінің зардабына  
Долы қашып тимейтін қорынатын.

\* Пір (аранша) — әулие, хасиетті адам. Бұл жерде тыянақ қылатын кісі, ісін жоқ деген мағынада.

Қонған бахыт басымнан тек ұшпаса  
Сендей сайтан жолымда соғылатын.  
Тілің шайпау, шатпарақ сөзің қатал,  
Мың қаралы еркекке біткен сақал.  
Әйелдің анық пірі сондығынан,  
Қарсы келсең жарқыным, аруақ атар.  
Тәуба келтір тіліңнің жазасына,  
Тие бермей Үмбеттің мазасына,  
Өнегеде үлкенді сыйламасаң,  
Жолығасын шокпардай назасына.  
Шыймай-шатақ сөзіңді шатпақтама,  
Пәк денесін біреудің сатпақтама,  
Сөз аяғы біткенше албыттанып,  
Ақылы жоқ адамдай асқақтама.

Н ұ р и л а:

Ей, Үмбет, ақындықпен арындадың,  
Жорғадай жолға түскен ағындадың.  
Антұрған әзіл сөзге ыза болып,  
Тауаны тар адамдай тарынбағын.  
Елімнің жолықпасам сілесіне,  
Үмбеттің киесіне табынбадым.  
Шалаға жанып тұрған жақындасып,  
Темірдің қызуына қарылмағын.  
Салтымнан самғағанда адаспаймын,  
Саналы болса сөзің таласпаймын,  
Бойыңда шықпай жүрген ұшығың бар,  
Өлеңмен онды-төріс аластаймын.  
Бетінде сақал, мұрттан тұлдыр да жоқ,  
Қырғандай ұстарамен бұлдыр да жоқ,  
Секілді кәрі кемпір кейіптенген,  
Қазақтың сендей көсе ұрығында жоқ  
Ой, сана, сезімді мөлшерлесем,  
Ақындық ақыл, дарқан қыймыл да жоқ.  
Қатыннан қасабалы неңіз артық,  
Ер белгі негінде бір қыл да жоқ.  
Болғанда бетің тықыр, бойың мықыр,




Қытықтау мінезін бар, желкең шұқыр,  
Кескінің келісімсіз таңқы мұрын,  
Торсықтай майлап қойған кара жылтыр.  
Жабысып сар шаяндай елді мақтап,  
Ән қосқан домбыраға тыңкыл-тыңкыл.  
Сыртынмен жеңемін деп желпінесің,  
Естіп ем өсегінді сенің былтыр.  
Өленге мығым болсаң сығымдаймын,  
Ер болсаң тыпырламай менен құтыл.  
Артықша менен сенің қай жерің бар?  
Не жеңіп, не жеңіліп сөзден ұтыл.  
Өткендей өңменіңнен осы сөзім,  
Ал Үмбет жетең болса, кәне, ұмтыл!

#### Үмбетәлі:

Ат жақты, сұңғақ бойлы, түсің бөрте,  
Әркімге шолжаңдаған сөзің ерке.  
Сыртыңнан сыр білмеген сұлу дейді,  
Бойына шақ болмаған ойың келте.  
Сенімен сөйлесуге арсынамын,  
Бойыңды, ойыңменен шаршыладым,  
Өз бойыңа өз ойың жетпеген соң,  
Жамбасына сөз басып қамшыладым.  
Сөзбенен қолтығыңды қытықтаймын.  
Шыйратып бостығыңды пысықтаймын.  
Жібіңді ескеніме шыйрамасаң,  
Өленнің өкпесімен ұшықтаймын.  
Төңкеріліп отырмын судай жылжып,  
Кездеспеген бетіме бір қыйындық,  
Негімде бір қыл жоқ — бозбаламын,  
Сәні бар ма сақалдың бес тыйындық.  
Мінезіңді, сырынды білдім сенің,  
Бір адамсың бұлт етпе, түлкі күйрық.  
Долы күйын секілді ұйытқып, шалқып,  
Жылт етесін сынаптай қолдан сырғып.  
Мықыр кескін бойымнан садаға кет,  
Сен сықылды емеспін бояма бет,  
Сөзіңнен көң қолаңса неің шықты,






Байым кылып бір-екі сөйлесіп ек.  
Мәнері жоқ сөзбенен маза бермей,  
Сандаласын әйтеуір бірдеме деп.  
Қабағына кара қас сызылады,  
Сөйткеніңмен кім саған қызығады.  
Алты тыйын алмаймын бағасына,  
Атым үркіп арбаңнан бұзылады.  
Шаптың қарсы не десем бетке дүрсе,  
Ысқырғандай орданың оқ жыланы.  
Аулақ кетсін шенімнен, алас-алас,  
Десем қата болмайды Нұриланы.

Н ұ р и л а:

Айқастың Үмбетәлі арыстандай,  
Қойғыласып қолма-қол салысқандай.  
Қыйынға қылыш шаптың, қыйсын таптың,  
Өрге бір өршеленіп жарысқандай.  
Сасқаныңнан садаға сөзге түсіп,  
Жеңілгенің, қой болмас, қарыштанбай.  
Үмбеттің айтқан сөзін жақтаушылар,  
Отыр ма екен осы жерде намыстанбай.  
Шынын айтқан адамға ел сенеді,  
Арам сөзден ақ денем жиіркенеді.  
Ақылсыз ұлғайғанын есіне алмай,  
Сақалсыз бозбала боп белсенеді.  
Көп ішінен көсеге орын бар ма,  
Шайқай берсем әңгіме теңселеді.  
Орынсыз оғат келген омырау сөзді,  
Дәл ұстаған табанда еңсереді.  
Айта берсем әр неңді ауырлайсын,  
Шала піскен бейшара қауындайсын,  
Қанша айқайлап ышқынып әуліккенмен,  
Мерзім жерден ойдағы табылмайсын.  
Ала жіпке ат қойып ала бөтен,  
Айдаһарсын, ақынды жылан десен.  
Үш тамызып басыңа ақ кұйдым ғой  
Ирелендеп ініне жарар кетсең,  
Келер сөзді өзіңе неге айтасын,




Намыстанба тағы да әңгі десем,  
Әңгілігін емес пе алдырмадым,  
Шаңымды да шапқанда шалдырмадым,  
Жетең болса жетерлік енді қашан,  
Айтқаныңды азасыз қалдырмадым.  
Екі туып ененнен сен келсең де,  
Осы болды есіңнен тандырғаным.  
Жаман сөзбен жағымсыз Үмбетәлі  
Құлағымды сасытып даң қылмағын,  
Жеңілерін Үмбеттің Жәкең біліп,  
Байқауымша маған бір қалды ұмтылып,  
Талайдың-ақ шапанын шешіндірген,  
Айтыспаққа ынтасын жұлқындырып.  
Ал Жәке, Үмбетәлі тері тұлып,  
Қауыпайтқан ішіне бір сабан тығып,  
Түбінде бір керегі болар десен,  
Апарып босағаға қойғын іліп.  
Қару өлең бұл сөзге қайдан тапсын  
Жүйрігінің Нұрила басын тартсын.  
Кім жеңді осы арада кім жеңілді,  
Қазылық енді осыған Жәкең айтсын.

#### Ж а м б ы л:

Жамбыл сөзін бастаса бастан айтар,  
Түйіп түгел соңына тастап айтар,  
Бақ берген маңдайына бас бармақтай,  
Жүлде алады әр жерде жүйрік байтал.  
Бағы жанса байталдың бағасы зор,  
Адасқанын Үмбеттің байқады ол.  
Бұл жердегі айтыстың кезегінен  
Нұрилаға беретін теңеуім сол.  
Жүйрік озды жүйріктен құлаштаған,  
Көрген жұрт көз мөрімен ырастаған.  
Кәрі демей, жас демей айтысатын,  
Сүйімбайдан соңғыға мирас қалған.  
Әйелдің асқан биік құзарынан,  
Өленнің тау мен тасын құлат маған.  
Кәрі тарлан Жамбылдан дәмең болса.

*защита*



Ауығынды басайын шыдатпаған.  
Ерден басып екпінді жолың озды,  
Өлеңшінің көбісі шілдей тозды,  
Шапырашты мен Жамбыл Қарасайлап,  
Умтылғанда үстіңе перім қозды.  
Күнжыңдап домбыраға менің арқам,  
Ауызымнан ақтарылды өлең дарқан,  
Елінде ерлік бар ма, байлық бар ма,  
Мәнісін байқасалық айтшы қалқам.  
Айтылса әрбір өлең әніменен,  
Дауыс та кұбылады сәніменен,  
Аршын сөздің асылын ақтар бері,  
Сөліменен, маңызды дәміменен.  
Тамаша үшін осындай бас қосқанда,  
Сөкет болмас айтысқан кәріменен.  
Бала күнгі әндерім ескі жолдас,  
Ада-күде кеткен жоқ әлі менен.

26  
21

#### Н у р л а:

Сөз кұраған ауызға әрбір әріп,  
Зерек адам сөзімнен пайдаланып,  
Әркім сөздің ішінен қыйсын терсе,  
Ақын атқа қонады өлең дарып.  
Домбыраға ән қосқан сәнді әуенін  
Тыңдаған жұрт қалады тояттанып.  
Сіз дарқан, сізден үлкен ақын бар ма,  
Жасым кіші, әйелмін жолым нәзік.  
Дауысыңды неше қыйлы әсемдейсіз,  
Желдетіп дауылыңнан бәсендейсіз,  
Сіздің бетке мен қарсы тұра алмаймын,  
Әлдилеп алдына алған әкемдейсіз  
Қиліккенің бола ма енді бұған,  
Айтыс болып әлінше өтті думан.  
Тендесе алман сізге мен жасым кіші,  
Қыйнамаңыз тағы да ізет қылам.  
Мен түгіл, ат үркеді атағыннан,  
Озған басып жүйріксің қатарыңнан.  
Жасыңа кұлдық қылдым, мені босат,

26





Айналайын ататай сақалыңнан.  
Келін болып еліме былтыр түстім,  
Сізге жайын айтпақпын бұл жұмыстың:  
Нәресте бар үйімде, және әлсізбін,  
Босаңғалы болып ед маған үш күн.  
Баланың карамастан туғанына,  
Орап тастап кетіп ем, күндағына.  
Ат жіберіп әдейі, шақырған соң,  
Өлең айтып бергелі мұндағыға,  
Аяғыма сол менің бала шідер,  
Қайтуыма сондықтан ұлықсат бер,  
Бөгелуге емшегім сыздап отыр.  
Бөбегіме ататай мені жібер!


#### Ж а м б ы л:

Жамбылдың жасы жетті жетпістерге,  
Мұндай бала көргем жоқ өткір тілге,  
Дауысын көкке жетіп, аспан жарған,  
Естідік әуезінді бір түн біз де.


Олай болса, тоқтату мүмкін емес,  
Бар, шырағым, ұлықсат бердім сізге.  
Қара табан болғанда қарашығын  
Шақырамын кел сонда біздікіне.


Сөзіңнен сорғалаған тамады алтын,  
Аңкылдаған адамға көңілің жарқын,  
Бала жастан өлеңге Жамбыл кұмар,  
Басылатын жайым бар әнмен мауқым.

Тербеткен жүрегімді жас баладай,  
Құлағымда тұрады осы даусың,  
Барғын, балам, аман бол жолыққанша,  
Бәрекезде үстіңе көп нұр жаусын.




ҮШІНШІ БӨЛІМ









## РЕВОЛЮЦИЈАДАН БЕЙІНГІ ӨЛЕҢДЕР




### БЕЛСЕНДІЛЕРГЕ <sup>40</sup>

Заман-ақыр болған жоқ,  
Жамбыл сөзден қалған жоқ,  
Ел жайлаудан көшкен жоқ,  
Көктен жасын түскен жоқ,  
Сендер шетке қағатын  
Жамбыл атым өшкен жоқ!..

Мен баяғы Жамбылмын  
Әлі сөзге даңғылмын.  
Қыртыстарың сүймейтін  
Мен сендерге не қылдым.  
Қайсыныңның үйіне  
Қайыр тілеп қаңғырдым?!

Жаным барда кеудемде  
Сендерден кем болмаймын  
Дүрілдетіп жер-жерде  
Өлең-жырды толғаймын,  
Домбыраға қол соғып,  
Иығымды қомдаймын.  
Тек кездесіп қалмаңдар,  
Ыңғайына сондайдың!


1921



## КАЗАКСТАН ТОЙЫНА <sup>41</sup>


**Х**алықтың енді міне жетілгені,  
Кұрыштың білінбейді кетілгені.  
Аталып Қазақстан ел боп туып,  
Үй тігіп, ірге қалап бекілгені,  
Елімнің сансыз жылдар қоршап тұман,  
Өмірінде азап шегіп өкінгені.  
Советтің үкметі көп жасасын!  
Намысты жауымызға кетірмеді.  
Болайық үкіметке кедей ұйтқы,  
Секілді, темір тіреу көпірдегі,  
Жарқырап тұла бойды шаттық кернеп,  
Ажарым шырайланды бетімдегі.  
Ағытқан бар арынын арғымақтай  
Қыйырдан қыя шауып лепіргені,  
Сенімен туған елім біте қайнап,  
Жан емен әңгіменің шетіндегі.  
Сондықтан, бабаң Жамбыл әнге шырқап,  
Қырандай қос қанаттың серпілгені.






**V**а, қарағым келіншек!<sup>42</sup>  
Сатшы маған майыңды.  
Білем сенің жайыңды.  
Базарға май сатам деп  
Алдап келдің байыңды...

1933








## ЖАСТАР АЛДЫНДАҒЫ СӨЗ <sup>43</sup>

**Ш**ырақтарым, маған кезек беріп отырсындар. сенімдерінді ақтай алсам жарар еді. Өйткені дауысты шырқатып ән салатын уақыт өтіп кетті ғой. Қазір жасым сексеннің үшеуіне келіп отыр. Тістен де айрылдық. Баяғы думанға түсіп жүргендегідей кезім болса, алдыма қандай шарт қойсаңдар да орындай берер едім. Болмаса сендерден қолда барды аяйын деп тұрғаным жоқ. Күшім жетсе ойдағының бәрін бергім-ақ келіп отыр. Бірақ, ән салатын даусым біткенмен, асыл сөзім жүрегімде сақтаулы. Сіздердің тілектеріңізді әнмен емес, енді сөзбен орындап көрейін.

«А, Нұржан қаламыңды қолыңа алшы,  
Дауысыңды күйкылжытып әнге салшы.  
Емеспен топтан озған кәрі тарлан,  
Кеуденде қалған жоқ па бірер тамшы?» —  
деп Наушабайдың Нұржаны өзіне айтқандай:

А, Жамбыл кезің келді сөзің бастар,  
Барынша құлаш созып, аяқ тастар!  
Алдында жаңа өмірдің өркендері,  
Өрмелеп келіп тұр ғой сөзің қостар.  
Айтқызбай саған тіпті ерік қоймас,  
Еңбекпен еркін өскен мына жастар.  
Еріксіз думанға да түсіп ең ғой,  
Жастарға тәбәрігің \* бар ма тастар.  
Ақтаршы сандығыңның аузын ашып,  
Едің ғой тілдің кені біткен нәсіп,

\* Тәбәрік (арапша) — хасияттеу, сыйлау, бұл жерде ырым алу мағынасында.




Бұлағы қара өлеңнің таусылар ма,  
Қалмастан тым болмаса бірер қасық?

Күйін шерт домбыраңның, таста әнді,  
Қыйнамай — қол жетпеске текке жанды.  
Тәспықтай\* шумақталған термең қайда?  
Сал соған, кәрі тілден тамыз майды.

А... у!.. Термемен сөзді бастайын,  
Жас жігерлер алдында,  
Топтан озған тарлан ең,  
Шабысыңнан тандың ба?!  
Тұяғың тозып, топас боп,  
Китіндеумен қалдың ба?!  
Шаршы топқа түскенде  
Шабысы болар шалдың да!

Ой! Домбыра алып қолыма  
Он жасымнан сарнадым,  
Дәл жетпіске келгенде  
Жүгірістен танбадым.  
Бүгінгідей есімде:  
Думанды жарып әнменен  
Семейге де барғаным.  
Топтан озып онда да  
Бәйгінің алдын алғаным.  
Алғаным кұрсын қайтейін,  
Опасыз жалған сұм өмір  
Мені текке алдадың.  
Бүгінгідей жыйында  
Бір сағаттай болмадың.  
Ұлы жарыс алдында  
Шырката әнді салмадым.  
Жоққа есеп жастардың  
Алдында Жамбыл болғаным.

\* Тәспық (арапша — тәсбих) — кұдайға құлшылық қылу жөнінде  
қолға ұстайтын, тәзілген домалақ тас сыяқты нәрсе.




Кыйыстырып кестесін,  
Әннің салып дестесін  
Тарихи жыйын алдында  
Бәйгіні шауып алмадым.

Ендігі тілек біреу-ақ  
Кыймылдап қал, тіл мен жақ,  
Сөз танабын астарла,  
Дәуірлеп өскен еңбекте  
Суыт шапқан еңбекке,  
Жастарға тәбәрік тастарға,  
Не қылса да Жамбылға  
Енді жастық кез келмес,  
Жүрегінде сақтаулы  
Асыл сөзі өзгермес,  
Сендердікі бұл заман,  
Оған талас сөз болмас,  
Қорытса да қаншама.

Өзгеріп алтын жез болмас,  
Аяққа шұлғау қылса да  
Асыл жібек бөз болмас,  
Балшық қосып соқса да  
Дүррі гәуһар тас болмас,  
Жамандық адам өзінен  
Болатындар жас болмас,  
Қайшылай тасқа соқса да  
Болаттың жүзі пәс болмас...  
Тындап көр Жамбыл қартыңды  
Сендерден сірә кем түспес.  
Жырдың асыл кенімін,  
Айтыскандар менімен,  
Талай-талай жеңілген.  
Қыза шапса шын тарлан  
Жері болмас тең түспес.  
Айғайласа да шын ақын,  
Әні болмас ел білмес!


1934






## ЖАЙЛАУ <sup>44</sup>

**Е**рназардың колхозы  
Уйқысын таңнан ашқанда,  
Масайрап күн әлемге  
Нұр сәулесін шашқанда,  
Колхозшылар топтанып,  
Жыйналысып келісті.  
Жасыл, жым-жырт далада  
Келіп сәлем берісті.  
— Баста, Жәке, жайлауға  
Көкшіл су, шөбі гүлденген,  
Жібектей жылы жел ескен.  
Мал басып пенде жүрмеген,  
Деді маған жігіттер.  
Дедім: «жақсы соңыма ер!»  
Атыма мініп гүл жайнап,  
Кеттік жүріп малды айдап,  
Жайлауды көріп жылқылар  
Шұрқырасып, салды ойнақ.  
Қуанышты колхозым,  
Жайлауға қонып ен жайлап,  
Жақұттай алтын таң атып,  
Жұлдыздың көз қысқанын  
Көрдім көкте қалықтап  
Ақ иықтың ұшқанын.  
Көз алдыма Алатау  
Меруерттей шалмасы,  
Таудан құлай аққан су,  
Бауырында өскен алмасы.  
Қыялай өскен қарағай



Таныс өлке арнасы.  
Көзімді жұмып отырып  
Жайлауды мен табамын.  
Шұрайлы жерге колхоздың  
Топты малын бағамын.

1935








Жамбыл жайлауда  
(А. Каспиевтің суретінен)








## ЛЕНИН МАВЗОЛЕЙІНДЕ <sup>45</sup>


**К**үнсiздерге күн болған,  
Жер жүзiне нұр болған,  
Ақылдың кенi данышпан;  
Езiлгенге қол берген,  
Кемтарларға жол берген,  
Заманның ерi арыстан,  
Адасқан халық зарыққан,  
Азаттық қылып бахытка,  
Сәулендi келiп табысқан.  
Дариядан артық ақылын  
Төбең биiк «ғарыштан»,  
Қартайғанда бiр көрiп.  
Зират етiп қайтуға  
Жамбыл келдi алыстан.  
Жер жүзiнiң кiндiгi, —  
Мавзолейдiң тасында,  
Жер жүзiнiң шырағы —  
Кремльде — қасында,  
Жолыңды таймай ұстаған,  
Бахытка жұртты нұсқаған,  
Артық туған шәкiртiң —  
Сталин отыр басында.  
Тауап\* етiп өзiңе,  
Сталиннен жөн сұрап,  
Кетуге келген көп халық,  
Көреседi осында.  
Уа, данышпан сабазым!

\* Тауап (арапша) — бeрiлу, жолында болу, еру мағнасында.



Езілгенді теңедін,  
Зарыққанды жебедін,  
«Жер жүзіне шам-шырақ  
Орнатамын!» — деп едің.  
Миллиондаған халықтың  
Сүйеніші едің, белі едің.  
Бұрынғы кезде шеткері  
Қалып, санға қосылмай  
Жүрген қазақ елі едім.  
Мені де сен теңедін,  
Ұлы көшке ілесіп,  
Алдымда басшы Сталин,  
Соңынан еріп жөнедім.  
Дәулетке батып белшеден,  
Ырысқа қандым, кенелдім.  
Заманнан бергі құрсаудың  
Сен ағыттың тиегін,  
Жер жүзінің кем-тары  
Сүйеген саған иегін.  
Сенен алып нұр сәуле,  
Қуатым толып, күш өсіп,  
Бекіді менің сүйегім.  
Бәрін бірдей құнарттың  
Алпыс екі жүйенің,  
Адамзаттың асылы  
Аруағыңды ардақтап,  
Көпті көріп көндіккен —  
Ақшыл тартқан басымды  
Алдыңа келіп иемін!

1936








## ХАЛЫҚТЫҢ СӘЛЕМІ <sup>46</sup>



Аомбырасын серік қып  
Өткізді Жамбыл ғасырды.  
Өленді төгіп, өрнектеп  
Асулардан асырды.  
Қара терге малынып,  
Еңбегі кетіп далаға,  
Тойса тойып тамағы,  
Тоймағанда аш жүрді.  
Қалың халық көтерген  
Өмірдің ауыр, зіл, тарын,  
Жылдан жылға тасыды.


Саңғыратып даланы  
Энді шырқап көлбедім.  
Өлеңмен ойып оюды,  
Сөзді мініп желдедім.  
Сонда менің көргенім,  
Құнарсыз дала, қаралы, ел,  
Күңіренген, зарланған,  
Қанын сорған жыланның  
Ғасырлар арыла алмаған.

Көз жіберсем алысқа:  
Көпті көрдім дегенім —  
Көп зарыққан ел екен.  
Шексіз дала дегенім —  
Ултарактай жер екен.  
Ерлерді көрдім дегенім —  
Ер емес екен, кем екен.




Хандарды көрдім дегенім —  
Халыққа қонған шер екен.  
Тауды көрдім дегенім —  
Тау емес екен, дөң екен.  
Өзен, көл көрдім дегенім —  
Көз жасынан сел екен.  
Кемдіктің кесіп бұғауын,  
Енді азаттың құсы боп,  
Халқым, кірді берекең!

Қайғыдан халқым арылып,  
Бахыт құсын ұстадым.  
Адамзаттың данасы  
Ленин менен Сталин!  
Халықты қалың көтеріп,  
Жоғалтты өмір қыспағын.  
Қарық қылды дәулетке  
Алыста қазақ ауылын,  
Қырғыз, өзбек қыстағын  
Алатау, Алтай зеріне  
Қолы тиді ұстанын,  
Сардалада темір жол,  
Зәулімді шарлады  
Күміс қанат кұстарым.  
Қаптаған мал, ен дәулет,  
Бахыт, өмір, сән-сәулет,  
Эшекейге бөленді  
Советті Қазақстаным!  
Лениннің шәкірті,  
Сталиннің серігі —  
Молотов, тыңда, теренім!  
Ұлы көсем екеуің,  
«Халықтың өссін дәулеті,  
Нығайсын колхоз» деп едің.  
Алыста жатқан елімді  
Қолтықтадың, демедің.  
Сол басшылық жемісі —  
Қозыға толы көгенім.  
Тұлпар болды көбенім,




Түр кіргізді далама  
Шексіз макта, көп егін.  
Алтын, күміс, қорғасын,  
Мұнай, көмір, жез бен мыс  
Жылдан жылға көбейіп  
Кеңейтіп келед көлемін.  
Мұқтажы жоқ елімнің,  
Үйінен табад керегін.  
Қарағанды, Қарсақпай,  
Эмбі менен Балқаштай,  
Кеннің әлденешеуін,  
Тағы тауып беремін.  
Осыны саған айтуға,  
Бахытты халқым атынан,  
Домбыра алып жөнедім.  
Молотов жаным, қабыл ал,  
Алып келдім алыстан,  
Бахытты қазақ халқының  
Махаббатты, жалынды,  
Большевиктік сәлемін!

1936








## КЛИМ БАТЫР <sup>47</sup>



ылышынан қан тамған,  
Найзасынан зәр тамған,  
Іргелес елді жылатқан,  
Ордасын, туын құлатқан:  
Алтай мен Орал арасын  
Борандатқан, шаңдатқан;  
Талай елді қандатқан,  
Талай жерді қаңыратқан —  
Ардақты ма Шыңғыс хан?  
Дейміз бе біз: Шыңғыстың  
Атағы асқан, күші асқан  
Клим Ворошиловтан?


Я болмаса ертегі  
Дейміз бе Ғали арыстан:  
«Ғали тауда, далада  
Жын, перімен алысқан;  
Дәуменен найза салысқан,  
Диюменен жарысқан,  
Зұлпықарын сілтеген,  
Сілтесе қылыш тас кескен,  
Жеті қабат жерді өткен,  
Кідірмеген тоқталып,  
Ұстамаса Жебірейіл,  
Көтерген жерді өгізді  
Өтпекші екен қақ жарып»  
Ертегіде ер Ғали  
Осылай болып көрінед —  
Өтірікті шын қылған



Бул кулығы молданын,  
Тенерміз бе Галиді  
Ел сүйетін Қлимге!  
Ескендірді мақтаман,  
Рүстемді де даттаман;  
Олар біздің Қлимдей  
Бола алмаған, болмаған!  
Манас шыққан кыргыздан  
Ол да мұндай болмаған.  
Кенесары, Наурызбай  
Жауына карсы оқ атқан,  
Оғын кардай боратқан,  
Олар да мұндай болмаған!

Тарихты болжап шолысам —  
Қандай батыр болса да,  
Жеңілмей өткен бірі жок,  
Қанша атағын жайса да,  
Қалың әскер қолынын  
Қырылмаған күні жок.  
Шабылмай қалған жері жок,  
Бүлінбей қалған елі жок.  
Жауға жерін бермеген,  
Тигенде қылыш сермеген,  
Сынаспақ болған дұшпанды  
Шыбын кұрлы көрмеген,  
Ат мінбеген жаратпай,  
Әскері темір болаттай  
Жеңілуді білмеген;  
Байтақ жерді қоршаған,  
Жалпақ елді қорғаған,  
Ленин ерден оқыған,  
Сталиннен үйренген —  
Ворошилов батырым,  
Артық көрмен еш жанды,  
Ел сүйген сендей ерімнен.

Сол еріме енші етіп  
Арнап бағам бір құлын.




Өсіремін мәпелеп,  
Кір шалдырмай бір қылың.  
Тайдан қуған шығарып,  
Дөненінде үйретем  
Ат болудың қылығын  
Сөйтіп баққан құлынды,  
Тұлпар етем мінетін  
Еңбекші жұрт ұлының!

1936.








## КАЛИНИН АҚСАҚАЛҒА <sup>48</sup>



Алдына іздеп кеп тұрмын,  
Саумысын басшым ініміз!  
Жаңарды ғой бұл кезде  
Заманымыз, күніміз.  
Келіп ең өзін аулыма,  
Устап едің қолымды,  
Көрініп еді халқыма  
Жылы шырай жүзіңіз.  
Құйылып еді құлаққа  
Ақылды дана сөзіңіз.

Тойлы думан күнімде  
Қолхозыма келіп ең.  
Мәңгілікке мекенге  
Жерімді бөліп беріп ең.  
Өседі қазақ елі деп,  
Жүрегіңнен сеніп ең.  
Сені қатты сүйіп ем,  
Жаныма тең көріп ем.

Содан бері қыс өтті,  
Жаз да келді жайраңдап,  
Трактормен қотарып,  
Тындырып қойдық жерді айдан,  
Түйем шықты өріске  
Боталары маймандап.  
Қойым өрді қаптайлап,  
Козыларым салды ойнақ.  
Жылқыларым шұрқырап,



Төрт түлікке толды аймақ,  
Осынау аулым колхозда  
Малшы да мен, жыршы мен  
Өлеңдеткен айқайлап.

Жайлауға шықты үй тігіп  
Алатаудың бауырына.  
Салдық малды төрт түлік  
Таудың семіз бауырына.  
Малға бекем болындар, —  
Деп тапсырдым қауымға.  
Өзім шықтым сапарға,  
Сәлемдесіп қайтуға  
Мәскеудегі бауырыма,  
Қабыл етсең бауырым,  
Шақыра келдім қайтадан  
Қонаққа сонау ауылыма.

1936






## СТАЛИННИҢ ЕР ДОСЫ <sup>49</sup>

**Е**лімнен Мәскеу жеткенше  
Жазыла түсіп жол жатыр,  
Көк орай шалғын жер жатыр,  
Асқар-асқар тау жатыр,  
Еңсесі биік дөң жатыр,  
Айдын шалқар көл жатыр,  
Көлден де көп ел жатыр,  
Шетіне көз жетпестей  
Ақ-Еділдей сел жатыр.

Осынау ұзақ сапарға  
Желмаймамен жетермем,  
Керуен құрап түйеден  
Асқар таудан өтермем;  
Төрт аяқты жануар  
Қалса шөгіп болдырып,  
Құла дүзде қондырып,  
Қайғыменен өтермем?..

Ерттемедім жүйрікті,  
Қомдамадым түйені,  
Жүйріктердің жүйрігі  
Жүкті поез тиеді.  
Жұртпен бірге мені де  
Жөнелгенде тербетіп,  
Ағытылды шабыстың  
Жан көрмеген тиегі.  
Қақ жарылып жол берді  
Сырқырап таудың сүйегі.






Гүлді дала, шалқар көл  
Кол былғады қуанып,  
Колқалап жеңгіш иені.  
Сүт пісірім кешікпей,  
Аңқыған жүйрік жөнелді.  
Каганович әмірімен  
Жаяуым құсқа тенелді.  
Сталиншіл әділ ер  
Қондырып жолға жұлдызды,  
Салдыртып болат көпірді,  
Қызыққа халқым кенелді.  
От арбаның ішінде,  
Мамық төсек үстінде,  
Бесіктегі баладай  
Жамбылың мәз боп бөленді.

Қазақстан даласын  
Орады Түрксиб шеңбері.  
Паровоздың тізгінін,  
Қағады елдің ерлері.  
Түтіні қара бұрқырап,  
Күңдей көзі жарқырап  
Биігіне өрледі.  
Қарағанды, Балхаштың  
Көмір мен мыс кендері.  
Біріне бірі қосылып,  
Теңіздейін тербелді.  
Осының бәрін қарасам,  
Қарағым сенің қайратың,  
Сталиннің жан досы  
Арыстандай айбатың!  
Аударып ерім тастайсын,  
Алдырмас болса қайда шын,  
Ұйқы көрмей, бел шешпей  
Сұңқары боп елімнің,  
Шығарып жүрсің пайдасын.

Жеттім міне, Мәскеуге  
Жер қойнында тағы жол.




Мрамрлы метром  
Алтын сарай бейне зор.  
Атқан октай поезы,  
Зырқырайды шапқанда ол.  
Жұлдыздан көп жарығы  
Сан жетпейтін неткен мол.

Жер жүзінде болып па?  
Осынша қызық тамашам!  
Мынадай алтын сарайға  
Бас сұқты екен қандай хан!  
Ер болсаң бол Лазарьдай,  
Хан үшін емес, халық үшін  
Жердің қойнын қашаған,  
Тереңнен сарай жасаған!

Арта берсін айбатың  
Каганович жан балам.  
Аса берсін қайратың  
Бейне құрыш қайнаған.  
Өне берсін еңбегің,  
Гүлдей болып жайнаған,  
Таба бер тыннан олжаны  
Сталиншіл күшіңмен  
Оттан да, судан таймаған.  
Мен ақының болайын,  
Даңқыңды жырға қосайын  
Бұлбұлдың болып сайраған.

1936






## ДАСТАРҚАН ЖЫРЫ<sup>50</sup>

**Б**із дастарқан үстінен  
Отырмыз міне, дәм татып!  
Бір орыс, екі қазақпыз,  
Мәз-майрам әнге шырқатып,  
Ақ самаурын алдында  
Тәтті шайы бұрқырап,  
Анда-санда жырлатып  
Көрсеткендей қошемет  
Кояды бізге тіл қатып.

Отырмыз біз үшеуіміз  
Бір кісінің ұлындай.  
Ойнаймыз да күлеміз  
Тебіскен тай мен құлындай.  
Үстімізге тағы да  
Келсе де, қалмақ, грузин,  
Алыс елдер ұлдары  
Қытай менен Қырымдай.  
Бұдан да қызық болар ед  
Келелі іске ырымдай.  
Қарсы алар ек ашып сыр.  
Достық берік, жүрек бір.  
Сөзіміз қалмайд ұғылмай.

Мынау үлкен Мәскеуім  
Терезеден көрінген —  
Отаным алтын ошағы  
Думанға шаттық көмілген.  
Жарқыраған жұлдызы






Кремль мынау тұрғаны,  
Рахмет нұры себілген.  
Төрт мұнара тамаша,  
Көзің тоймас қараса,  
Бахыттың арыс ғарышы,  
Әлемге кербез керілген.

Сол жұлдыздар астында  
Сталин көсем тұрады.  
Ең тіршілік иесі  
Жарық дүние шырағы,  
Мәскеу мен қазақ ауылын —  
Жуыстырған дәнекер,  
Мәңгі бақи тұрағы.  
Бар әлемнің ұлдарын  
Туыстырған дәнекер,  
Улы Октябрь пырағы.

1936





## ОРДЕН АЛҒАНДА <sup>51</sup>

**Т**оксандағы Жамбылға  
Толкынданып сөз келді.  
Көктеменін көгіндей,  
Кәрі өмірім өзгерді.

Ел еңсесін көтерген  
Шаттық заман кез келді.  
Өмір берді Сталин,  
Бозбаламын мен де енді.

Алтын орден алғаным  
Терен жырдың тиегі.  
Көрікті Отан алдына  
Акын жырын үйеді.

Қайнаған іс, қалың күш,  
Қаһарманын сөз қыла,  
Ақ нық қыран құс боп ұш,  
Сайра шешен домбыра.


Бой балқытқан үнімен  
Жалпы әнімді бір шайқа;  
Тұрмыс оңды, көңіл шат,  
Еліндегі жырды айта.

Винтовкасын кезеніп,  
Сарбаз шықса соғысқа,  
Домбырасын безеніп,  
Жамбыл барад соғысқа.




Жамбыл және М. И. Калинин  
(1936 жылы 26. май күні Еңбек Қызыл Ту орденін алғанда түскен)





Faint, illegible text or markings located below the rectangular outline.



Жаудың мойнын жұлдыра  
Сарбаз шапса қылышын,  
Жау жүрегін сындыра  
Жырдың салам кұрышын.


Жырдың терең болуы  
Ұлы Сталин желісі.  
Күшті қуат мендегі  
Бахытты елдің өрісі.


Ол, Сталин, — күн нұры,  
Қымбат күннің жарығы.  
Бердім саған жүректі,  
Ұлы Отанның халығы.  
Жолбасшы көсем, ұлым деп,  
Еңбекші халық таныды.

Данышпан сенің алдыңнан  
Қазақстанға қайтамын,  
Сенен алған қуатпен  
Халқыма өлең айтамын.

Барып әзір Отанға,  
Байтақ жазық далаға,  
Шаттық жырын жырлаймын,  
Жырымнан ашық нұр жаға!

1936





## ЖАМБЫЛҒА <sup>52</sup>




Шарықтап арасында бахытты гүл,  
Ән шырқа, еркіндетіп азат бұлбұл!  
Қушақтап күміс күнді тәтті дауыс,  
Аймалап жердің бетін төгілсін жыр.  
Естісін әлем тегіс туған бақшан  
Құлпырып күннен күнге төккенін түр.  
Жемістің салмағынан басын иген —  
Бұлақты, қызыл гүлді сайраған тіл.  
Шынарға айт: емін-еркін өссін биік,  
Қызғалдақ — оған да айт, — жайнатсын гүл.  
Тындайды сен сөйлесен құлақ салып,  
Күй-күйлер басқа бақта тұрған бұлбұл.  
Ынтығып өлеңінді сағынады  
Қазақтың бұлбұл құсы ақын Жамбыл,  
Данышпан, қайтпас жүрек ел көсемін,  
Өсірген осы бақты ерді өлең қыл.  
Сталин — Отан күні, халық жазы,  
Ол Отан саған да бір, маған да бір.

*Ғасем Лахути*








## ҒАСЕМ ЛАХУТИҒА <sup>53</sup>



Бахытты ел бас қосқанын етіп өлең,  
Лахути, парсыша сен жаздың сәлем.  
Елжіреп дауысыңа шын жүрегім  
Қазақша мен де саған жауап берем.

Сенің жырың халық жыры — халқы тәжік,  
Бұлбұлдай шырқатады әнге салып.  
Мен айтсам қазақ халқы ән қосады,  
Шаттықтан жыр кетеді әлемді алып.  
Бахытты жыл, алтын күн нұры астында  
Сайрандап ән қосады біздің халық.  
Өлең, жыр аққу кұстай тізбек тартса,  
Артынан өреді күй көкті жарып.  
Тыңдашы, Дағыстанның тауларынан  
Өлеңі Сүлейманның бұлақ ағып,  
Белорус даласынан ақын Янка  
Шырқайды ол, о да әсем әнге салып.  
Ұлы отан сансыз тілде, үн қосады  
Бірігіп орыс, түрік, қазақ, тәжік.

Сорғалат, көтер даусың, әндет әсем,  
Урпағы Фердаусидің ақын Ғасем.  
Шынардың астын қуған бұлақтай боп  
Сылдырлар бізбен бірге миллион шешен.  
Жыр болды отанымыз, ұлы жұмыс,  
Тайсалмай жауды кескен алмас қылыш,  
Халық достығы, татулық, туысқандық,  
Ең байлық, зор қуаныш бахыт, тұрмыс.




Зорлық пен зұлымдықтың жоғалғанын,  
Жер күліп, дарығанын бақ пен ырыс.

Лахути сал көзінді, жайнады бақ,  
Ол бақта жайқалып тұр гүл, қызғалдақ.  
Жұпар иіс бой балқытып, ойды тербеп,  
Күміс шық жалтырайды маржандай-ақ.  
Көк жиек көзді уялтып еркелейді,  
Меруерттей ашық аспан тұр жарқырап.  
Иранның жібегіндей желі майда,  
Тотыдай нәзік үнмен тұрған шырқап.

Таныдым қартайғанда өмір сырын,  
Дүниенің төрт бұрышы ой мен қырын.  
Жер астын, теңіз түбін, дүние шетін,  
Асқарын, асқар таудың, жері шырын.


Соқыр ек, енді әлемді тұрмыз танып,  
Күніміз — ұлы Сталин берді жарық.  
Аттанды жарық күнге, кең байтаққа  
Теңдікке Октябрьде жеткен халық.  
Ең жақсы жер жүзіне заң жүргізген,  
Адамның данышпаны асқан алып.  
Ардақты ғасырларға даңқы кеткен,  
Нұрымен халықтарды еткен қарық.

Лахути, екеумізде бір ғой тілек,  
Астында бір жалаудың соғар жүрек.  
Түрлі тілмен бір мақсат өлеңдетіп,  
Жырлаймыз халыққа бірдей достық тірек.  
Ғазалы парсы елінің, қазақ жыры  
Қосылып толтырады бірін-бірі,  
Мадақтап ел ағасын, жұрт данасын,  
Шырқаған азат елдің шығады үні.  
Заманға аты шыққан асыл ерге,  
Тең емес көк жұлдызы, жердің гүлі.  
Кәрі ағаң сол көсемді жырлайды әлі,  
Тарихтың оны жырлар мың бұлбұлы.




Кез келді ой тиегін ағытатын,  
Қолына ал, домбыраны Ғасем акын,  
Ән шырқап Сталинді жыр қылайық,  
Алыбын асқан дана адамзаттың.  
Ғасырлар біздің күйді, біздің жырды  
Мың халық болсын мәңгі шырқататын.

- 6936








'КЕКТИ АШУ' 54



ойымда қайнап кекті ашу,  
Қаһарын төкті домбырам.  
Өлеңім от пен у шашты,  
Шапшыған бойда қызды қан!  
Арқырап аққан өзендей,  
Тасыды ашу аулымнан.  
Буырқанды, бұрсанды  
Мені туған күшті Отан  
Ашу неге қызбасын —  
Ұсталып отыр үш хайуан:  
Троцкий деген ит  
Қанды аузымен кұтырған,  
Қаппақ болған жерінде  
Қандата соқтық тұмсықтан.  
Зиновьев қара бет  
О да қанға ынтыққан,  
Каменев деген қасқырдың  
Бұғауладық тұмсығын,  
Азуын жұлып, ырсыйтқан.

Соңдарында қорқаулар  
Түнді таңдап жүр екен.  
Отанымның бахытын  
Алмақ болып жүр екен.  
Базарына фашистің  
Салмақ болып жүр екен.  
Су орнына қан ішіп  
Қанбақ болып жүр екен.  
Сталинге оқ атып,





Сүйген елдің жүрегін  
Жармақ болып жүр екен.  
Қойынға кірген жылаңдай  
Жатпақ болып жүр екен.  
Кремльдің жұлдызын  
Қақпақ болып жүр екен,  
Адамзаттың жүрегін  
Шақпақ болып жүр екен.  
Күллі әлемнің ай, күнін  
Атпақ болып жүр екен.

Ушар ма жылан аспанға,  
Ұмтылса күнге жетер ме?  
Жер хайуаны түйеге  
Бүркітше қанат бітер ме?  
Ұлығанмен қасқырлар  
Жұлдызға зыян етер ме?  
Жаман отқа-иттердің  
Қанды тісі өтер ме?  
Сталинім күн болса,  
Иттердің ит екені  
Айтындаршы, бекер ме?!

Көретін көзім—Сталин,  
Сөйлейтін сөзім—Сталин,  
Жүрегім — жаным Сталин!  
Тірлігім — қаным Сталин!  
Сталиннің дұшпанын  
Бұғауладым, ұстадым.  
Бұғауланған дұшпанды  
Атылсын! — дейді, ауылым,  
Поселка, қала, қыстағым,  
Оқ берсін иттер жазасын;  
Жасасын, күнім Сталин!

1936





## СТАЛИНДІ ТЫНДАДЫМ <sup>55</sup>



латау шыққан күнмен мұнарланып,  
Нұрлана, сәулелене тұрды жанып,  
Күмістей жұлдыз көкте, алма бақта,  
Үн шашты радио толқынданып.

Сол үнді мен тындадым құлақ түріп,  
Қуанды қарт жүрегім аласұрып,  
Тұрғандай иранбақтың ортасында  
Бұлбұлдай төгілтейін жырды құйып!


Асқындай алыстағы Кремльден,  
Тасқындай қол шапалақтауды көрген.  
Оята жердің жүзін, жүрек жылыта  
Өрге өрлей данышпанның үні өрбіген!

Үн тындап тыныштыққа жиһан батқан,  
Тарихи уақыт бүгін сағат соққан.  
Тербете трибунды құрыш дауыс,  
Баяндап көсем сөзін санқылдатқан.

Грузин тындап тауда, қазақ қырда,  
Белорус, зыйрян елі гүлді орманда,  
Халқымыз данышпанның әрбір сөзін  
Сақтаған көкейіне тындағанда.

Сөзінде құрыш қуат жалындаған,  
Сұлулық, сенімділік сағындырған.  
Мейрімді жанға жайлы аталық сөз,  
Кіршіксіз ойын таза ұғындырған.







Жанды сөз жаңа заңнан, дүниені —  
Орады, күннен жылы ойды-қырды.  
Жасырақ ағұстағы жемістен де,  
Жұлдыздан сұлуырақ, таңнан нұрлы.

Умытпан ноябрьде осы күнді,  
Сондықтан домбыраны, әнді, жырды  
Шырқадым, шын жүрекпен халықтардың  
Қалтқысыз атасына шаттық күйді.

Сен мәңгі данышпандар данышпаны!  
Қолыңмен жазылды нұр халық заңы.  
Бауырым, ер Сталин, рахмет!  
Қуандым Отаныммен бірге тағы.

1936






## СЪЕЗГЕ <sup>56</sup>




а, хұрметті ұлы съез!  
Баянды болсын қадамың.  
Басын қосып отырсын, —  
Байтақ жатқан елімнің  
Игі жақсы адамын.

Сөз сөйлейін термеден,  
Еліммен бірге азат боп  
Жерім шыққан кермеден,  
Өленде қанша хасиет, —  
Ерлеріне елімнің,  
Реусіз алтын зерімнің  
Бас қосқан ұлы тобыңа,  
Байғазыға бермеген,  
Тілде қанша хасиет, —  
Айшылықты алты аттап,  
Асыл сөзді тақпақтап,  
Топ алдында желмеген,  
Заманың мынау құлпырған,  
Бұрын түсте көрмеген:  
Ақ-ыйық мұз-балақтай  
Қыраннан көз жіберсем,  
Көремін елді көлбеген.  
Жапалақ ұшпас жапанды,  
Бәйшешекке шомылтып,  
Жайлау еткен заманым,  
Сусыз шөлді кұнартып,  
Бұлақ еткен заманым.  
Қамыс пенен қурайды,




Колдан қайта туғызып,  
Кұрақ еткен заманым.  
Айыл кескен бауырын,  
Арқаның топшы жауырын,  
Майға бөлеп сауырын,  
Пырақ еткен заманым.  
Аш, арықты теңгеріп,  
Тарихты билеп меңгеріп,  
Қаусаған елге әл беріп,  
Кем тарына дән беріп,  
Ұрмақ еткен заманым.  
Адам аяқ баспайтын  
Асқар Алатауларды,  
Адамға керек мүліктің  
Бұлағы еткен заманым.  
Ит байласа тұрмайтын  
Патша мен байдың мекенін,  
Арамзадан арылтып,  
Береке, бахыт, рахатқа  
Төгілдіріп малынтып,  
Бір жүз жетпіс миллион  
Ерлеріне еңбектің  
Тұрақ еткен заманым.  
Көрсен таңға қалатын,  
Қараса үлгі алатын,  
Берекелі елімді  
Жер шарына нұр берген,  
Шырақ еткен заманым.  
Осының бәрі ұлы еңбек,  
Өз еліне жұмсаған  
Адамзаттың алыбы, —  
Ұлы Сталин дананың.  
Уа, хұрметті ұлы съезім!  
Қала менен дала да,  
Қолхозданған ауыл да,  
Көрі менен бала да,  
Заңға қолын жайып тұр;  
Соларға қосып даусымды,  
Домбыра қолға ұстадым,






Жаңа заңды заңды етіп,  
Бірге шырқап әндетіп,  
Кұлпырып тұрған елімді  
Мұнан да көркем сәнді етіп,  
Таркады мүлдем құштарым.  
Қалың қазақ баласын  
Туысына тенгерген,  
Жасасын ұлы Сталин!

1936





## СТАЛИНДІК ҰЛЫ ЗАН <sup>57</sup>




өлеңім, шарла ауылды,  
 Тында, дала, Жамбылды!  
 Өмірде заңды көп көрдім,  
 Сол заңдар бүгіп белімді,  
 Көзімнің жасын қан қылды.  
 Маңдайға әжім түсіріп,  
 Қайнатып мыйды даң қылды.  
 Жүргізді заңын «бір құдай»,  
 Жүргізді заңын Абылай,  
 Қылышпен жұмсап законды,  
 Жүргізіп жауыз Николай,  
 Кең дүниені тар қылды.  
 Солдатқа ұлды алдырып,  
 Ардақтысын аттырып,  
 Аруды малға саттырып,  
 Елді ерікке зар қылды.

Заңның тартып зардабын  
 Зарлады налып қалың ел.  
 Устап заңды қолына,  
 Халықтың мініп мойнына,  
 Бай, мырза, шора алды бел.  
 Ажал, аштық, жауыздық  
 Даланы кезіп құйындай  
 Көздің жасын етті сел.  
 Шарла өлеңім ауылды,  
 Тында, дала, Жамбылды!  
 Ақыныңа тізгін бер,  
 Сүрлеуден даңғыл жол болып,

Біздің заңымыз  
 Біздің заңымыз

Біздің заңымыз  
 Біздің заңымыз  
 Біздің заңымыз



Бұлақтан теңіз шығады,  
Тастан болат жаралып,  
Халықтан туып данышпан,  
Топшылап сөзді буады.  
Бахытты өмір кезінде  
Бар әлемде теңі жоқ  
Бахытты бала туады.  
Баламен егіз ұлы боп,  
Колхозданған ауылда,  
Жаксы жыр дүкен құрады.  
Шат тұрмыстың жыры шат,  
Барлық көркем сөздердің  
Біздің сөз сәуле шырағы.

Шаттықтың тартып әуезін,  
Аралап колхоз ауылын,  
Тында, дала, Жамбылды!  
Тында, Қастек, Қаскелең!  
Сөйлесін кәрі бауырын.  
Ардақтаймын Советтің  
Әділ заңын тамаша,  
Орнатқан шаттық дәуірін.  
Жүрекке нәзік жыр беріп,  
Табиғатты меңгеріп,  
Ар, атаққа не етіп  
Марқайтқан еңбек қауымын.  
Сталиндік ұлы заң  
Жастарға байтақ жол ашты.  
Бақ пердесін көтеріп,  
Олжаға олжа ұласты.  
Әділ заң ұлы тойымда,  
Жұртты аузына қаратып,  
Шығарды қызым — Күләшті.  
Ардақтаймын бұл заңды,  
Астананың мектебін,  
Ашты колхоз ұлына,  
Бауырлас көрші елдердің  
Қатарына қосылып,  
Өмірдің астық шыңына,

ماقتى زاماندا باقتى  
باز تۇتۇش. وس  
تەرزە تۇتۇش. وس  
بايماقتۇردا. وس  
(وت باقتى پىلىگ)

تۇتۇش  
تۇتۇش  
تۇتۇش  
تۇتۇش






Шырқа, ақындар, көтере,  
Шығара таудың қырына!

Өлеңмен топқа қосылып,  
Қандыр көңіл кұштарын,  
Өлеңменен айтып бер,  
Улты басқа, тілек бір —  
Елдер тізе қосқанын.  
Отанымның гүлденіп  
Өлеңге қос көркейтіп,  
Шаттықты сүйіп кұшқанын.  
Өлеңменен ұрандап,  
Еңбекпенен олжаға  
Шақыр тегіс қалдырмай  
Даланың ауыл, қыстағын.  
Миллиондаған халықтың  
Қамын жеп еңбек сіңірген,  
Сүйікті көсем данышпан,  
Ұлы адам — Сталин!

1936





## АСҚАН БҰЛБҰЛ <sup>68</sup>


(Пушкинге)

**О**рыстың өленінің ақын көркі,  
Алмастай мың құбылған меруертті.  
Дүниеге асыл сөзден төктің маржан,  
Жарқырап тар заманда-ақ шықтың еркін.  
Патшаның қорқау бастық жендеттерін,  
Сен көрдің, таныдың сен таулы жерін,  
Қарысқан қан майданда қылыш тимей,  
Қолынан қанды жендет жанды бердің.

Не керек өмір саған, өзің тірі,  
Алтындай жарқырайды жайнап гүлі,  
Жүз жыл болды, қара жер сені алғалы.  
Сен дүние ақынысың осы күні.

Қуанып көзі жайнап, мейірі қанып,  
Башқұрт, түркпен, белорус, қазақ танып.  
Оқыйды жазғаныңды, шаттанады,  
Сөзіңнің бір де-бірі өлмеуі анық.

Сен Пушкин, қалың жұрттың туысканы,  
Сен біздің бұл ғасырдың өлен, әні.  
Өлеңің жаңа атқан таң, жайнаған гүл,  
Жұпары, інжу-маржан, өмір сәні.  
Бұл күнде біздің өмір жайнаған гүл,  
Құлпырып барған сайын төгеді түр.  
Ән шырқап, бізбен бірге қуан, шаттан,  
Мәңгі өлмес, асыл сөзді асқан бұлбұл.




## ЛЕНИН<sup>59</sup>

**Ү**нің кетпес құлақтан —  
Ағыны күшті бұлақтан,  
Тау суындай тасқыны  
Талқандап құзды құлатқан.  
Өрісі кең өрлеген  
Түбі терең мұхиттан,  
Ағыны жылдам сынаптан,  
Жер жүзіне тараған,  
Аузына әлем қараған,  
Қара қылды қақ жарып,  
Жылағанды жұбатқан,  
Солтүстік пен оңтүстік,  
Батыс, шығыс — әлемде  
Балдан тәтті сөзіңнің  
Дәмін алған ұнатқан, —  
Үнің мәңгі өшпейтін  
Адамзаттың алыбы —  
Батыры сенсін — Ленин!


Жанарың жанған жайдары,  
Күн нұрындай жайнаған,  
Мүз жүректі жылытып,  
Түнекті түре айдаған,  
Арамтамақ жауыздың,  
Патша, қанды ауыздың  
Ақылынан тандырып,  
Қанды қолын байлаған,  
Еңбекші халық ұлына,  
Тізгін беріп қолына —






Бахытка көшін бастаған,  
Күреске күшін сайлаған.  
Өсиетің — сөнбес күн,  
Күш-қуаты миллион мың,  
Жауға қарсы шапқанда  
Жігері қозып қайнаған,  
Бастаушысы тірегі,  
Ақылы сенсің — Ленин!  
Мұхиттай болып шалқыған,  
Әлемнен асқан кең дана,  
Тұманды түріп, көк сөгіп;  
Туғызған таңды сен ғана.  
Біліміңмен мың жыққан,  
Нұрыңнан балқып күн шыққан.  
Ақиқатқа жол сала,  
Езілген елді шақырып,  
Көтерген соңғы майданға,  
Сезімге салып ой, сана.  
Күн мен күлдар бас қосып,  
Ұранға ұран ұласып,  
Адамды сорған айуанға  
Аттанғанда ту ала,  
Миллионның жүрегі —  
Жақыны сенсің — Ленин!

Сенің жаққан жарығың,  
Бастаған барлық майданда,  
Адам ұлы бас қосып,  
Аттанғанда арманға;  
Еңбекші ұлы испанның  
Жауына ойран салғанда,  
Қалып қытай солдатты  
Басты байлап өлімге,  
Жауына қарсы барғанда,  
Қаһармандар қарысып,  
Адамзаттың дұшпаны —  
Фашизммен алысып,  
Жауға ойран салғанда,  
Жауды алқымнан алғанда,




Фашизмнің тұтқыны  
Тұрмеде жатқан мың сан ер,  
Сазара күтіп атар таң,  
Күнде ертеңмен талғанда,  
Күреске түзеп салатын  
Қуаты, күші, жігері —  
Тірегі сенсін — Ленин!  
Сенің үлгі, өрнегің  
Миллиондаған жүректе,  
Кең бахытқа талпынған  
Санада, салтта, тілекте.  
Фабрик, завод, қалада,  
Колхозды, гүлді далада,  
Белсенген балғын білекте.  
Жер танабын қуырған,  
Тау қоймасын суырған  
Адамзат асқан ерлікте,  
Арыстан асқан жүректе,  
Төсіне ерлер қадаған  
Ардақты алтын орденде,  
Жарқыраған көкіректе,  
Еңбектің, істің, бахыттың  
Өнегесі, үлгісі, —  
Жүрегі сенсің — Ленин!

Жолың сенің өлмейді,  
Балқып шығып төкті нұр,  
Күрес, тартыс ордасы  
Өмірге берген шырай, шыр.  
Күшіңмен сенің жанады  
Жайнаған оты электр.  
Сәулеңмен сенің жарқырап,  
Асылдар нелер төккен түр.  
Нұрыңмен сенің гүлденген  
Жайқалған жеміс ой мен қыр.  
Атыңа сенің үн қосып,  
Ел шырқайды ән мен жыр.  
Тетігі сенің қозғауың  
Техника мен өнерде



Ағытқан бүгін терең сыр.  
Сен орнатқан мәңгі бак.  
Біз жайлаған шаттық шақ  
Мүддесі адам сансыз жыл  
Сенің бізге тастаған,  
Мәңгі бакқа бастаған,  
Адамзаттың атасы,  
Асқан дана ақылды —  
Ғетазым ол — Сталин!


1937.



*Sm*

*Handwritten signatures and scribbles at the bottom of the page, including a large signature that appears to be 'Султанов' and other illegible marks.*






## ПУШКИНГЕ <sup>60</sup>

**Ө**нердің алды қызыл тіл,  
Тілде жүйрік ол дүлдүл.  
Ақынның мұхит теңізі —  
Пушкинге бүгін бір жүз жыл.  
Менің айтқан жүз жылым —  
Өлім емес, өмірі,  
Өмірде оның өлмейді  
Ел сүйген таза көңілі.  
Әлемге шыққан аты бар,  
Алтынмен жазған хаты бар,  
Күн сөнбей ол сөз сөнер ме?  
Шыңдағы шынар өмірі,  
Қыядан жібек қырмызы,  
Кестелеп тіксе хор қызы,  
Шытырмақ шыймай гүл шығың,  
Тауыс құс жазса канатын,  
Көз тартып көркі аларын,  
Патсайыдай құлпырып,  
Пушкиннің жыры дәл сондай,  
Әлемнің ажар көрігі.


Шам-шырақ деген тас жатар  
Теңіздің терең түбінде,  
Сүңгіп адам соны алар  
Шам қылуға түнінде,  
Май қуйған шам сөнсе де,  
Шам-шырақ сөнбес өмірде.  
Жақсы сөз бейне шам-шырақ,  
Орнаған мықтап көңілге,




Жаксы сөздін несін  
Уйғара алман өлімге.  
Олай болса Пушкинді  
«Тірі» деп, керек сенуге.  
Жаксының жауы — жексұрын  
Патша, хан, би, бегің де  
Ол өмірдің өртіндей,  
Өмірі ұқсас көмірге,  
Арпалысты, алысты,  
Бүркіттей шенгел салысты,  
Ел шырағы акынның  
Сөзін жерге көмуге.

Асылдың бетін ашушы  
Ерікті елдің адамы —  
Ұлы Совет Одағы:  
Украина, орыс, белорус,  
Түркпен, өзбек, қазағы,  
Ұлтының атын санасаң  
Әлденеше он болады.  
Алып Отан бірлігі  
Бір-ақ үйдей болады.  
Ер қадірі ерлерде,  
Зер қадірі зергерде;  
Ері дана елімде  
Асылдың бәрі бағалы.  
Ақылды туған жасым бар,  
Ұлы акынның үлгісін  
Маржан етіп тағады.  
Асылдың беті ашылып,  
Әлемге нұры шашылып,  
Шалқардай көңіл шалқыған;  
Сталиннің заманы.

1937.





## ЕГІС ЖЫРЫ <sup>61</sup>

**Ж**ер жырттық, қайнады еңбек, егіс салдық,  
Жарыспен еңбек жазын біз қарсы алдық.  
Қыртысын қара жердің қарыс айырып,  
Қажымай жер қазнасы қабын жардық.

Далада асыр салдық ойын, тойдай,  
Унтадық кесек жердің бірін қоймай,  
Жасырып оған алтын дән тұқымын,  
Бітірдік көктемгі егіс ісін тойлай.


Нөсерлеп бусандырып келгенде май,  
Орады колхоз жерін көк, көк-орай,  
Қарсы алды алтын таңды, әнге салды,  
Үстінде егістіктің қара торғай.

Иранның кілеміндей жүз құлпырған,  
Даласын егін басты Қазақстан,  
Телегей-теңіздей боп жатқан егіс,  
Үстінен қалықтайды аэроплан.

Күзеткен қызыләскер елім шетін,  
Ер ұлым жасқандырар жаудың бетін,  
Өсе бер еркін шыққан піскен егіс,  
Сақтауға жаудан сені солар кепіл.


Жанды еңбек, жан шаттанды, жайқалды егіс  
Толқындай басын бұлғар дала тегіс —  
Орындап, ұлы Сталин айтқан сөзін  
Береміз жеті миллиард жерден жеміс.






Жолымен Турксибтің поез заулап,  
Тиеп ап бидай, күріш, кетер шумақ,  
Сөзі мен Сталиннің ісіне сай  
Көсемнің айтқан сөзі орындалмақ.

1937.





## X СЪЕЗГЕ <sup>62</sup>



іберген елім таңдап ұлы тойға,  
Улдарым, деп бахыттың қамын ойла.  
Алуға Сталиннің алтын заңын —  
Одақтас Қазақстан, абыройға.

Бахыттың шам-шырағы жарық таңы,  
Нұрымен ұлы Сталин жаңа заңы,  
Есейіп Қазақстан одақ болдык,  
Келісіп ұлт пен ұлттың ынтымағы.


Өркендеп социалистік шаруам өсіп,  
Бақшадай кең қонысқа қондым көшіп,  
Өндіріс, колхоз, совхоз бәрі думан,  
Күншығыс жаңа отаным — алтын бесік.

Тамаша естігем жоқ мұндай заман,  
Масайрап ен жасаған ерікті адам.  
Жасарып сендермен бір қол соғады,  
Қария көпті көрген Жамбыл бабаң.

Орнықты күншығыстан тіктік орда,  
Көтеріп қызыл жалау алып қолға.  
Бұл жалау қараңғыға күн боп туар,  
Еліне күншығыстың тұрған торда.

Бұдан да Сталиннің нұры жарық,  
Жайнасын, масайрасын барлық халық.  
Таратып жер жүзіне бахыт тамырын,  
Шөлдеген адам ұлы қалсын қанып.

1937.




## ОДАКТАС <sup>63</sup>

**О**н жетіге жас толып,  
Басына шаттық бақ қонып,  
Елім жігіт болғанда;  
Ақыл, күші ер жетіп,  
Көнілінен шер кетіп,  
Айдай балқып тұрғанда,  
Домбырасын қолға алып,  
Жыр ағызып толғанып,  
Жырдан жанбыр жауғызсын  
Елдің қарты Жамбыл да.

Одақтас боп бөліндік,  
Отау тіктік енші алып,  
Өз алдына үй болып,  
Күншығыстан жай салып;  
Сегіз канат үй берді,  
Бір жүз алпыс бау салып.


Босағасы алтыннан,  
Шаңырағы күмістен,  
Белдеулері жібектен,  
Уықтары келіскен.  
Отау сондай түрленген,  
Бөленгендей гүлдермен,  
Ол гүлдену дегенім —  
Техникамен безенген:  
Аумай, талмай көшіміз,  
Жайнап тағы өсеміз,  
Асуменен асқардай,






Алда талай кезеңнен.  
Біз өсеміз, жайнаймыз,  
Біз шаттық деп, сайраймыз,  
Өйткені, көш басшымыз,  
Ақылы теңіз тереңнен.  
Көшіп қонған жеріміз  
Қызғалдақ боп гүлденген,  
Көш басшымыз біздерді  
Басқа елдермен бірдей ғып,  
Право беріп теңеген.  
Елімді менің көркейтіп,  
Жылдан-жылға есейтіп,  
Қуаныштан қамқа қып,  
Шаттыққа дәйім бөлеген.  
Ол көш басшым — Сталин!  
Сүйед те ауыл, қыстағын,  
Дария ақылды, дауылпаз,  
Өмірді терең көреген.


1937





## СҮР ЖЫЛАН <sup>64</sup>

**Ы**сқырды тағы сұр жылан,  
Екі айыр тілі у жылан,  
Бахытты бейбіт елімде  
Жасырынған сұм жылан,  
Ой-шұқырды сағалап,  
Елді торып жағалап,  
Жабықтан кірген қу жылан.  
Ерген иттер айтаққа,  
Сатылған жауыз, бай тапқа,  
Жарықтан қашқан бандалар,  
Өңшең соқыр жын жылан.  
Қанқұмарлар жыланы,  
Троцкий жыланы,  
Қайдағы зұлым сұм жылан,  
Жай жылан ба, бұл жылан—  
Қара, жолдас, бас қосып,  
Халыққа қара күн тосып,  
Сақтаған зәрін бойына  
Туғызбақ боп бізге ылан.  
Халықтың қара жаулары  
Бас қосып қай-қайдағы,  
Елеусіз жүріп елімде  
Нелер сұмдықты ойлады.  
Құтырған иттер жалақтап,  
Аш қасқырдай алақтап,  
Сілекейі шұбырып,  
Ішінен қанжар тағынып,  
Улы тісін қайрады.  
Көрінген жерге қорғалап,



Жарықтан түнге жорғалап,  
Жасырынып сағалап,  
Ой, шұқырға сайдағы.  
Байқаусызда қойыннан,  
Шыға келіп бойыңнан  
Бахытты бейбіт еліме,  
Ел бастаған еріме  
Қапыда өлім сайлады.

Арамзаның күйірығы  
Бір-ақ тұтам деген бар,  
Біз жыланнан қорқпаймыз,  
Кесетін оны берен бар.  
Халыққа қастық ойласа,  
Қара тас басар кеудесін.  
Жаныштай тасқа езерлік  
Ел табаны — шеген бар.  
Халық қарғысын алғанға  
Қара жерден орын жоқ,  
Кұрысын, өлсін сұм мұндар,  
Жер бетінен жоғалсын,  
Інінен шықпай туншығып,  
Атаңа нәлет қу сұмдар!

Жарық күннің жанары  
Жауға аяусыз жанады,  
Жайратар, өртер, күйдірер  
Заңның жалын жарығы,  
Күзетке шыққан қалың ел,  
Қаһарлы бүгін қабағы.  
Қай шұқырға кірсе де  
Сұр жыландар сумандап,  
Бірін қоймай табады.  
Бахыт заңы күшінің  
Сұмдарды езіп тастарлық  
Асқан алып табаны.  
Індеріне су күйып,  
Уясын өртеп талқандап,  
Тамырын құртып шабады.






Сансыз жылғы күресте,  
Тапқан істің анығын.  
Ашы менен тұшыны  
Татқан талай халығым.  
Айыра білер ал-елдің  
Ақ пен қара парығын.

Жауды аяған жаралы  
Түбінде бір калады,  
Есіне тұт еңбекші ел,  
Қам көңілдің қамығын,  
Өткен өмірің тарығын.  
Жауға қатал болайық,  
Халық қаһарын салайық,  
Көтертпей басын езгілеп  
Улы тісін шағайық,  
Жер бетінен кұртайық  
Халқымның жауы — залымын.  
Басы өлсе де жыланның,  
Күйрығы тірі қалмасын,  
Күлін көкке ұшырып,  
Тастайық шауып тамырын.  
Сөйтіп таза шынардай  
Еркіндетіп еңбекті  
Еліміз өссін, гүлденсін,  
Мәңгі күннің кіршіксіз  
Алған соң алтын жарығын.

1937





## ҚАЙТА ЖАСАРДЫМ <sup>65</sup>




алғанды жалпағынан басып өтіп,  
Жасарып, қайта туып, алдым бекіп,  
Қаусаған отыз тісім қайта шықты,  
Болғанда қызыл иек әлім кетіп. ✓  
Алдырып ескі серік домбырамен  
Шалдарды отырған кім қадірлетіп?  
Жеткенде тоқсан жасқа шөккен нардай,  
Жүрекке дем берген кім дүбірлетіп?  
Жеткенде сөнер оттың әлпетіне,  
Хыялға жол берген кім өрге өрлетіп?  
Ол — қуат, күш туғызған Сталинім,  
Сол ерге армай-ашпай келдім жетіп.

Думан қып, келдім бір топ ақынменен,  
Қуанған қалың қазақ халқымменен.  
Жырым да, сырымдағы бәрі алдында  
Елімнің жақсы өнер салтыменен.


Елім бар мекен еткен шексіз дала,  
Сол дала байтақ жатқан жоқ шекара,  
Халқымның саған деген махаббаты,  
Арқаның даласындай шексіз дара.

1937



М.

Қайта жасардым



## МАЙ <sup>66</sup>

**Т**оксан жыл түрлі ән қосып,  
Жыл да жазда бір тосып,  
Тағы да міне май келді.

Бетпак шөлге жан кіріп,  
Өлі бойға кан жүріп,  
Күздың мұзы бузылып,  
Ағылды дария ойда енді.


Көк қызғалдақ гүл жарып,  
Нәр жыйнап бойға жер ана,  
Жанды-жәндік қуана,  
Сайрады бұлбұл сайда енді.

Біздің колхоз біледі,  
Май қызығын көп көрген,  
Тәтті менен тұшыны, —  
Бұрын талай жеп көрген,  
Бұл жерге керек айла енді.

Жылдам егіп егісті,  
Дүрілдетіп еңбекті,  
Жаңғыртамыз жер, көкті,  
Тағы да-тағы өсеміз, —  
Өсетуғын жай келді.  
Тасыды су, байлы енді,  
Айда егісті, айда енді!

Октябрь мәңгі, — май айы  
Қыс ызғарын айдаған,





Бай, капитал — аяздың,  
Ертеден орнын сайлаған.  
Фашистердей боранды,  
Қанын сорған адамның  
Зәндемі \* қолын байлаған.  
Қара түнді қыйратып,  
Қажығанды шыйратып,  
Тарыққанға дем беріп,  
Аш-арыққа өң беріп,  
Жеміс гүлі жайнаған,  
Бейне бақша айналаң,  
Бұлбұлы дулап сайраған.


Сталин көсем сол бақшаң  
Бақташысы, иесі,  
Тәрбиелеп, мәпелеп  
Өсірген елі — шиесі.  
Еркіндеп өніп, өсуге,  
Біріне бірі ілесуге  
Әр жемісі орынын  
Өзіне алған тиесі.

Арам шөпке орын жоқ,  
Бұзылса көзге түседі  
Бетіндегі күйесі.

Сталин елдің жарығы,  
Ардақтайды халығы,  
Халқының онсыз күні жоқ.  
Май күнінде әнге сал  
Бахытты елім баласы.  
Дауысың әлем күнрентсін,  
Батсын жаудың қарасы!

Ұлтпен ұлттың бірлесіп  
Қосылды үні, қарашы!  
Шырқағанда әндетіп


\* Зәндемі — Жетісу елінде — қу, сұм мағнасында.




Ленинград, Мәскеудің  
Пролетары, қаласы.  
Үн қосады елдері  
Мұхит пен теңіз, келдері,  
Кавказ, Қыйыршығыс пен  
Орта-Азия арасы.

Одақтың шығыс жағынан,  
Он бірдің бірі сапынан,  
Әндетіп үн қосады  
Қазақтың байтақ даласы,  
Қатыны, ері, баласы,  
Жамбылдай қарт бабасы.

1937






## СҮЛЕЙМАН СТАЛЬСКИЙГЕ <sup>67</sup>

**С**үлейман алтын бұлбұл, сен Дағыстан,  
Ішінде сайрандаған гүл бағыстан.  
Кешегі жыртқыш аңдар заманында, —  
Біз өстік орын алып тар қапастан.  
Бүгін қапас жаңарып гүл жайнады,  
Бахыт жыры төгіліп бұлбұл құстан.  
Бұлбұлдардың Отаны меруерт гүлді,  
Біз жырлаймыз, мақтаймыз Советстан.  
Ескі дүние жарасын жазды бәрі,  
Еркіндеп кең бақшада масайрасқан.  
Өлең көзі тауымнан тулап ақты, —  
Дағыстан, даласынан Қазақстан,  
Еліміз гүл, қызғалдақ, жері балды,  
Нұр төккен төбесінен әдемі аспан.  
Халыққа бахыт, бұлбұлға дауыс берген  
Ленин мен Сталин ғой ол данышпан.  
Барлық халық қастерлер Сүлейманды —  
Асыл сөзі жаныңның кілтін ашқан.  
Мен де саған қошемет сәлем жолдап,  
Қол соғам даласынан Қазақстан.  
Жерің таулы, ұлы Кавказ, миуасы көп,  
Сұңқарлар заңғарында шырқап ұшқан  
Бахыт гүлі қаулаған шешек атып,  
Әтір\* ісі аңқыған көңіліңді ашқан.  
Жастық жайнап, ескілік сөніп жатыр,  
Таза ауа, мөлдір сумен көк гүлістан.  
Картайсақ та дауысымыз жаспен бірдей,

\* Әтір (арапша — ғатыр) — істі су.






Жанардык, қайта тудык осы тұстан.  
Жиһан кезіп шырқаймыз өр қырандай,  
Таудан құлар далаға судай тасқан.  
Ол жырымыз арналсын мәңгі-бақи  
Сан сұңқарлар сұңқары әлем асқан;  
Адамұлы ардақтар тамаша жан  
Тарихтың заңғарынан зор данышпан.  
Елінде Сталиннің біз сайраймыз,  
Ақыл мен жүрек тулап ой ұласқан.  
Сталин деп жырласақ дауыс қосып,  
Өлең кетер бұлақтай шыққан тастан.

1937.






Жамбыл және П. Тычна








## Ж А З <sup>68</sup>



аз жайнап, жан-жануар жанаттанған,  
Жадырап май айында науаттанған,  
Су ағып, жер айналып жанарланған,  
Жиһанда біздің таңдай таң атпаған,  
Жарқылдап жабыркаусыз жайдары жан,  
Жұлқынып жазғы егіске жарақтанған.  
Шыңына шыбық шаншып, гүл түлетіп,  
Сайлы елім саяхатқа саяттанған,  
Кой қоздап, түйе боздап, құлын қунап,  
Даланың төлі ойнақтап аяқтанған,  
Бұзылмай айдын көлдің ақ қаймағы,  
Құс шайқап балапаны қанаттанған.  
Безесе кәрі Жамбыл қызыл тілін —  
Хош көріп қазақ, қырғыз мадақтаған.  
Бәйгеден күнде келген кәрі тарлаң,  
Бәрін де той, думанның аяқтаған.  
Күй боздап домбырадан, өлең қоздап,  
Қыз бұлғап орамалын қарап қалған,  
Жүз жасап, жүз жаз көрген бұл Жамбылды  
Ешбір жаз бүгінгідей қаратпаған.  
Жазында Сталиннің жаңа жасап,  
Кұлшындық қыран кұстай тояттанған.  
Жадырап, жаз гүлімен бірге гүлдеп  
Тамырым алпыс екі тарап тұрған.

1937.






## ЖАЗ ЖЫРЫ <sup>69</sup>

**А**тымды ертте, балалар,  
Күлімдеп міне жаз келді.  
Түйе боздап, қой қоздап,  
Тізіліп қатар қаз келді.  
Жастардың жүзі жайрандап,  
Кең өмірде сайрандап,  
Махаббат, мейірім, ән мен күй,  
Ойын, күлкі, наз келді.  
Тамаша өмір, шаттық жыр  
Қала, дала ой мен қыр,  
Жабайы жаз ба быйыл жаз,  
Төгілген көктен алтын нұр.  
Назданар адам аз ба енді,  
Көйлек көкте, тамақ тоқ,  
Еш бенде де уайым жоқ,  
Жасармас қай жан жазда енді.

Отаным байтақ мәңгі бак,  
Гүл, бәйшешек толған жер.  
Он бір жұрт—он бір туысқан  
Қанаттас қатар қонған жер.  
Он бір жұртым—он бір бак,  
Ішінде еркін сайрандап  
Мәуесін тәтті сорған ел.  
Шағаласы шаңқылдап,  
Қаз, үйрегі қаңқылдап,  
Көк-орай шалғын, орман, көл;  
Шалқып жатқан ең дәулет,  
Салтанат, шаттық, сән, сәулет,




Аймағым асқар қорған бел.  
Жауын мен дауыл, бораннан  
Жасқанбай шалқып тасамыз,  
Жауды жайқар жарақ сай,  
Табанмен таптап басамыз.  
Қыздырып еңбек дүкенін,  
Желпілдетіп жер бетін,  
Жемістен шашу шашамыз.  
Жер қазнасын талқандап  
Көзіне жете ашамыз.  
Болаттан сұңқар ұшырып  
Мұхиттан әрі асамыз.  
Мініп алмас тұлпарды  
Баспаған жерді басамыз.  
Қуаттан дария ағызып,  
Ерліктен ерлік туғызып,  
Өрге өрлеп, тасамыз!

Жайнай бер жазым жылдан  
жыл,

Жаңарып дүние түрленсін.  
Алтын бақша ұлғайып  
Бұдан да қызық түрге енсін.  
Ең бахытқа еркіндеп  
Жайлаған елің гүлденсін.  
Сталин атты алтын күн  
Себелеп рахмет сәулесін  
Бұдан да жарық нұр берсін.  
Бұлбұлың дулап сайрасын,  
Еңбегің қызып қайнасын,  
Нұрыңды әлем, ел көрсін,  
Бұғаудан қолын шешуге,  
Сенімен таңға ілесуге  
Өнеге болсын, дем берсін!

1937







## АЛАТАУ <sup>70</sup>

**Т**ізілген таулары бар Жетісудын,  
Ішінде орман, тоғай біткен нудың,  
Дариядай тулап аққан сол таулардан,  
Көресін тамашасын аққан судың.


Есепсіз тау суреті көз жетпейтін,  
Жырлауға қазнасы көп тіл жетпейтін;  
Өрік, алма, алмұрт, жиде жемістер көп,  
Бір татсаң аузыңнан дәм кетпейтін.

Карлы тау басы биік мұнар кетпес,  
Сырласып бұлттарменен болған кептес,  
Түрлі аңдар мекен етіп, өніп-өсіп,  
Жүреді бір-бірімен боп тілектес.

Арыстан, аю, қасқыр, түлкі, борсық,  
Сілеусін, жолбарыстар түнде жортып, —  
Тулаған, аққан бұлақ тасқынында  
Асаудай ойнақ салар балық шолпып.

Етегі сол таулардың мыйдай тегіс,  
Тегіс жер гүлін жарған миуалы егіс,  
Еліне мекен етіп еңбек қылған  
Жегізер аямастан түрлі жеміс.


Алатау Жетісумен құшақтасқан,  
Еліне қазыналы қойнын ашқан,  
Бауырында Қазақстан астанам бар, —  
Бір бауыр орыс-қазақ араласқан.



Жамбыл серуенде









Жайлау бар бұл тауларда шөбі шалғын,  
Көк майса ойы, қыры бәрі балғын,  
Қызығын сол жайлаудың көрсем десен, —  
Шөбіне бауырың төсеп жатып алғын.

Ар жағы — еңреген ел Қытай жері,  
Бер жағы — ен жайлаған қазақ елі,  
Басында бахыт жырлап Жамбыл отыр,  
Желбіреп қызыл жалау шығыс белі.

1937.





## ҚЫМЫЗ 71



Йірілген қышқыл, тәтті сары қымыз,  
Ауруға—ем, сауға—қуат, дәрі қымыз,  
Ыстықта ұрттар сусын таппағанда,  
Ерте-кеш байлар ішкен кәрі қымыз.


Ашыған кең сабада алтын қымыз,  
Бай, биге шаттық берген салқын қымыз,  
Айтушы ек іштен налып саған қарғыс,  
Кедейге келмегенде шартың қымыз.

Байда бар, жарлыда жоқ тартым қымыз,  
Көз сатып бардан ішкен халқым қымыз.  
Байлардың сабасында «аллаһуп» тап,  
Кедейдің торсығында там-тұм қымыз.

Сапырған жайлау жайлап байлар қымыз,  
Шақырып бірін-бірі тойлар қымыз.  
Кеңейтіп жуан қарын май қосуға,  
Сар тұздық қозы етімен шайнар қымыз.

Үстіңнен дабыл ұрып желі қымыз,  
Еңбекші ел аттанғанда кегі қымыз,  
Байды қуып, алуға малын тартып  
Беретін ет пенен сүт, сені қымыз.

Бай қайда? Елден қудық бүгін қымыз,  
Төңкердік зор сабасы түбін қымыз,  
Көрінбей түнде жортып құмдарда жүр,  
Ішпейді бұлақ суын түгіл қымыз.



Сапырған далам, қалам бәрі қымыз,  
Жайлаудың бүгін болды сәні қымыз.  
Стахановшы ерлерге дем беретін  
Бір сүйеу еңбегіне кәрі қымыз.


Еңбекші ел тартып алған табы қымыз,  
Ең өскен колхоз аулы малы қымыз,  
Әр ферма ортасында күмпілдейді,  
Өзгеше бүгін тәтті дәмі қымыз.

Үйірілген сары алтындай сары қымыз,  
Ауруға ем, сауға қуат, дәрі қымыз,  
Елімнің социалистік асы болдың,  
Шығаршы, тағы нең бар, кәне, қымыз!

1937







## БАЛАЛАРҒА <sup>72</sup>

**Б**алалар, аманбысын шырақтарым,  
Майысып көлге біткен құрақтарым!  
Жүрмесем есендесіп тұра алмаймын,  
Ішінен асып кетсе бір аптанын.


Конаққа келді міне Жамбыл атан,  
Сан жылдар жүк көтерген бүкір жотам,  
Қарт бабаң дәуіріне мейірі қанған  
Қуанып жастығына сендей ботам.

Білемін өмірлерің тұрған жайнап,  
Күндіз, түн жастық үшін жарық сайлап.  
Ай, жұлдыз, күннің көзі, жел менен су —  
Бәрі де сендердікі әлемге айғақ.

Сталин — асқан дана, бабаларын,  
Болмайды одан жақын аналарын.  
Жайнатқан нұрын төгіп жүрегіннің  
Барлық ұлт, барлық тұқым балаларын.

Дүниеде барлық жаннан мейірімді ол,  
Адамға бахытты өмір көрсеткен жол:  
Ойыншық, мынау кітап, қағаздарды  
Сендерге әдейі арнап жіберген сол.

Сталин — биік шынар бір бәйтерек,  
Тамаша бойы әлемнен асқан ерек,  
Гауһардай нұрын күйған сабағымен  
Сендерді саясына алған бөлеп.




Күледі сендер күлсең ол да бірге,  
Оқы дейд, білім алып, босқа жүрме!  
Оқысаң өмір кілті өз қолыңда  
Жайнайды өмір ұксап бейне гүлге.

*Моме*

Ардақтап есіне ұста әр пионер!  
Сталин — ардақты атаң, шын кемеңгер,  
Данасы адамзаттың ақылгөйі  
Атасы бар ұланның Сталин ер!

1937.





## БЕСІК ЖЫРЫ <sup>73</sup>




Уйықтасын деп бөбегін,  
Домбыраның қос шегін  
Жамбыл бабаң қағады,  
Қаққан сайың өлені  
Бұлақтайын ағады.

Қағады Жамбыл қос шегін  
Өсуің үшін өсуің.  
Уйықтасын деп бөбегін,  
Тербелсін деп бесігін.  
Көкте де жұлдыз ұйықтады  
Жайлауда жусап малдағы,  
Мамық жүнді жас лақан,  
Уйықтап қырда ботақан,  
Алтын жалды құлыншақ,  
Жұмып көзін бұзауқан,  
Сыйда сыйрақ қошақан  
Төлдің бәрі ұйықтады,  
Уйықта сен де балақан!  
Шегіртке ұйықтап шөбінде,  
Бақа жусап көлінде,  
Қалғып құрақ өзенде,  
Балықтағы ұйықтады  
Амудария түбінде.

Уйықта сәулем, бөбегім!  
Болды сенің дегенің,  
Баулап саған нұсқаған  
Мейірімді атаң Сталин,






Терезеден караған,  
Көрінеді көзіне  
Караса оған бар әлем.  
Сені де сәулем көріп тұр,  
Сүйіп, мейірім төгіп тұр;  
Мәпелеп баулып бар елдің  
Тәрбиесін беріп тұр!

Отаныңның сүйікті  
Бөбегінің бірісің,  
Бәрінен де сен сұлу,  
Бәрінен де ер сұлу,  
Біздің жердің құлпырған  
Жас өспірім өрісің!  
Бәрінен жақсы өссін деп,  
Бөбегім сені қолдаған  
Кремльден жан атаң  
Сталин сені ойлаған.

Балалық, жастық шағыңды,  
Өсірді елің дарынды.  
Еліңменен бір көрдің  
Жарқыраған бағыңды;  
Бақ жұлдызы жайнатты  
Жас бөбегім жаныңды,  
Өмірің кең шалқыған,  
Жолың ашық андаған,  
Сен үшін бақша бұлбұлы  
Сұлу әнін сайраған.  
Сайдың сұлу гүлдері  
Сенің үшін жайнаған,  
Аққан күміс арнадан.

Көзің жарық жұлдыздан,  
Шашың жібек күндыздан,  
Сен бір артық көркемсің  
Биік асқар, шың-күздан.  
Жара көз, сәби бөбегім  
Аса берсін өнерің,



Батыр болып өсе бер  
Жанарынды жанғызған.

Бала күнде өзіміз  
Сендей болып өспедік,  
Сұм өмірдің бұрынғы  
Не бір уын кешпедік?  
Май айында ұраның  
Салып, қолда флағың  
Шыққаныңда көшеге,  
Қуанғаннан көзіме  
Жастар келіп, егіле  
Түсіп кетед менің де  
Балалық шағым есіме.  
Жігіт болып өс жылдам!  
Өмірге жассын сен керек,  
Пионер және комсомол  
Боласың өсіп жас бөбек.  
Комсомолдан өскен сен  
Боласың жігіт — большевик.

Уйықта бөбек, жас қазақ!  
Бесігің балғын толған нұр,  
Көзінді жұм, демінді ал,  
Құзетте қызыләскер тұр.  
Туған елдің туында  
Кәріге, жас буынға  
Бахыт нұры жанып тұр.

: *Handwritten note:*

*Сиян күзгесіне Сияров,*

*Бүбәк еліміз в Алу-Дарға*


*Түпнұсқа (сұрастыру) (және м.),*

*Нәзір Рәисов еліміз Қазақстан,*


*С. Н. Айтқұлов, Б. З. З. З. З. З.*

*Ойлағым те Т. Н. Н. Н. Н. Н.*

*Қызылордадан жүйе мақаласы?*



1937.




## ҚЫТАЙҒА 74



іздің көрші Қытайға  
Жапон тағы ұрынды,  
Қан іздеген аш қасқыр  
Көретін емес тынымды,  
Манжурды басып алған да,  
Қытайға бәле салғанда,  
Көріп ек сонда-ақ зұлымды.  
Жазықсыз елді жаралап,  
«Қуа берсе қорқақты,  
Батыр болар»—деген сөз  
Осыған келер ырымды,  
Оңай-ақ басып алам деп,  
Басына бәле салам деп,  
Теңеген ед фашистер  
Қытайға әлсіз шыбынды,  
Бірақ, қытай қозғалып,  
Намысын халық қолға алып,  
Бас қосып қарсы аттанды,  
Бұзбаймын деп жұбымды.  
Қандай айла қылса да  
Жапонның сұм жыланы,  
Жыртқыштардың тұмсығы  
Қан жалата ұрылды.  
Тегеуріні темір, көп халық,  
Ұйымдасып ат қойғанда  
Жаудың беті сырылды.  
Чжу—де деген бір батыр  
Халық әскерін бастаған,  
Ер екен тым айбынды.






Он мыңдаған жапонның  
Колдарын қойдай қуғанда,  
Кандырды мүлде қыбымды.  
Әр майданнан ер шығып,  
Қыйрата жауды жеңгенде  
Еңбекшісі әлемнің  
Құттықтады мұнында,  
Қазақстан елінен,  
Отаны бахыт жерінен —  
Құттықтаймын мен дағы,  
Жау қуған әрбір ұлынды!

1937-





## КЫЗЫЛӘСКЕРГЕ <sup>75</sup>

**К**үрыш күш, жаркылдаған болат семсер—  
Күралған ауыр күнде қызыләскер,  
Жатқанда күн менен түн арпалысып.  
Бастаған сені Ленин, Сталин ер.


Ардақты атың шыққан қан майданда,  
Атамас атағыңды таңдай бар ма?  
Ерік үшін, елің үшін, жерің үшін  
Тайсалмай айқастың сен сан майданда.

Советті шаппақ болып келген сұмдар,  
Жайқадың, жайын таптың өңшең мұндар.  
Сықылды Темірқазық қозғалмас күш,  
Улы ісің әлемге аян, ақын жырлар!

Жайнаған біздің өмір бейне бір бак,  
Жан-жақтан жалақтаған жау сығалап,  
Жасқанбай жасай беред одан елім  
Темір қол ел шетінде күзетім сак.

Алатау бойын әппақ меруерт басқан,  
Қазнасы Алтай, Кавказ қойнын ашқан.  
Шүйгіген қыран қалқып күздарында  
Сен тұрсың ел күзетіп, тапжылмастан.

Жайқалған, кен даланы егін жапқан,  
Маужырап мәуелері нұрға батқан.  
Қырымнан қылт еткенде қыран көзім  
Сезеді кім болса да, келе жатқан.




Соғысты біз сүймейміз ел жылатқан,  
Ол ісі канкұмардың қарғыс атқан.  
Малым көп, бақшам жеміс, жер-суым мол,  
Бір сүйем тілемейміз жерді жаттан.

Ал егер сұм кұзғындар шықса қаптап,  
Тимек боп шекараны келсе аттап;  
Көтеріп хаснетті туды қолға,  
Шығамыз шеру тартып, елді сақтап.


Сен сонда, қызылөскер қайратқа мін!  
Туғызып жау басына қаралы күн.  
Калдырмай сайда сапын, кұмда ізін,  
Талқанда, жер дүниеден жоғалсын сұм!

Сен жауға ұмтылғанда қайраттанып,  
Қолына қарт Жамбылың домбыра алып,  
Шабады сендерменен бірге ерлерім,  
Шалқытып ерлік әнін, майдан жарып!

1937.








## ИСПАНДЫҚ ТУЫСҚАНДАРҒА<sup>76</sup>



ен даласы қазақтың  
Кұлпырады гүл жайнап,  
Өзбекстан бір елім  
Гүлстандай — алма бақ.  
Тәжікстан түлеген  
Желі жібек — күн шуақ.  
Қайта туған бәрінде  
Қажырлы берік халқым шат.  
Сталиннің жазында  
Жадыраған жан рахат.  
Сол ортада отырып,  
Салсам көзді шамалап,  
Испан елін көремін,  
Қайнаған бойы күш, қайрат.  
Алпарысқан жауына,  
Жіберіп жатыр оқ қадап.  
Құйылып жатыр майданға.  
Батыр жігіт, жүйрік ат.


Туысқан бауыр батыр ел  
Соғысты біз де көргенбіз.  
Отанды жаудан тазартып,  
Күн-түн қатып желгенбіз.  
Ақыры күшті асырып,  
Қандатып жауды жеңгенбіз.  
Желкесін қыйып жебірдің  
Сазасын сүйтіп бергенбіз.  
Жеңіспенен, табыспен  
Балқыта сүйтіп келгенбіз.




Туысқан, бауыр батыр ел,  
Сал күшінді аянба!  
Әлі келмес аттының  
Біріккен берік жаяуға.  
Көріп отыр Жамбылын  
Жеңісін жақын, таяуда.

Қысын кетіп, жаз келіп,  
Көгергелі тұр жерін,  
Азап кетіп, бақ келіп,  
Гүлденгелі тұр елін.  
Биікке қада, қызыл ту,  
Сол ту болар тірегін.  
Жеңбей қару тастама,  
Тізгінді бермей басқаға,  
Қазақстан атынан —  
Арнап сәлем жазғанда,  
Сіздерден осы тілегім!

1937






## СТАЛИН ҰРПАҚТАРЫ <sup>77</sup>

**Ұ**рпақтарым алдында,  
Ұсап жазғы шалғынға,  
Мойындамай шалдықты,  
Жасарған Жамбыл шағында,  
Сайрайды, талай сайраған.  
Өмірім балдай, балдырған,  
Құмарымды қандырған,  
Көңілімді, көзімді,  
Өмірімді, өзімді,  
Еңжудей тізген сөзімді,  
Сталиннің сәулеті  
Шам-шырақтай жандырған.  
Өкіметі Советтің  
Нұрымен күндей балқытып,  
Болмағанды болдырған,  
Қарасам көзім тойдырған,  
Бәйгеден озып жүлде алған,  
Шауып мүше күнде алған,  
Өлеңнің кенін қазайын,  
Бауырымды жазайын,  
Жүйрік емен болдырған.  
Көңілімді, көзімді,  
Өмірімді, өзімді  
Сталиннің сәулеті,  
Шам-шырақтай жандырған.  
Осы баққа, жарыққа,  
Көтере алмайды жау-жарақ,  
Жау күшімнен қорғалайд,  
Жау жоласа жорғалап,






Күл болған, тағы күл болад.  
Осы шамның жарығын,  
Көбелектей андыған,  
Жалақтаған жау күшік,  
Бұғып жүріп тіміскіп,  
Большевикпен ойнама,  
Құлатады тауынды;  
Большевикпен ойнама,  
Құлатады жауынды!  
Халықпен жау ойнама,  
Тау тайлақтай тарпыйды!  
Халықпен жау ойнама,  
Жауды жаншып құртады,  
Сталиннің ұрпағы!  
Құртқан сайын жауларын  
Құрыштай күші артады!  
Сондықтан да, қарт Жамбыл  
Отыз тістен төгіп жыр,  
Өлеңнің кара боранын,  
Күйдің бомбы-жарағын  
Жауға қарсы тартады!  
Домбыраны мен тартсам,  
Өлеңді шырқап мен айтсам,  
Бахыты үшін халықтың  
Топқа айтамын алқалы.  
Тек бұл емес Жамбылдың  
Толып жатыр тағы да,  
Тағы-тағы айтары.  
Өмірім балдай балдырған,  
Құмарымды қандырған,  
Көңілімді, көзімді,  
Өмірімді, өзімді,  
Сталиннің сәулеті  
Шам-шырақтай жандырған.

1937.






ӨЛГЕНІҢ ЖОК,  
СЕН ТІРІ <sup>78</sup>



ағыстанның бұлбұлы,  
Жайнаған жырдың жұлдызы,  
Стальский ақынның —  
Есіттім міне өлімін.  
Олай болса төгіл жыр,  
Домбырадан ағыл жыр,  
Досым үшін қозғамай —  
Тыныш қоймақ сені кім?

Заманда, заман шын заман,  
Қартайып көрдім қызықты;  
Көнілді тартты нұр заман,  
Кұмартып жүрек үздікті.  
Шарбы ораған сынықтай,  
Жүйкемді қатқан жібітті.  
Шарықтаған шалқардай,  
Үдете түсті үмітті.  
Тасқынға тетік Сталин  
Әлемге аты сүйікті.  
Бұрынғы дала, дала ма?  
Жайнады міне, нұр төкті.  
«Бетпақ дала, Мырза шөл», —  
Деген жерге гүл бітті.  
Алатауда ұжмағым,  
Ұжмақтай бүгін түр бітті.  
Дағыстан кұмы кешегі —  
Бүгін онда гүл бақша,  
Сүйкімді, көркі келбетті.  
Олай болса, ақыным,




Сені мен менде өлім жоқ!  
Өмірдің шамы күн нұры,  
Күн нұрына сөну жоқ.  
Өмірлік сенің жырың бар,  
Жырың сіңген елің бар.


Замандасым, жан досым,  
Дағыстанның бұлбұлы;  
Жырдан дария ағызған,  
Жырың жырдың шекері,  
Ел көңіліне жазылған,  
Сені ойладым жыр кетті,  
Домбыра көңіл тербетті.  
Көзден де акты бір тамшы  
Ыстық судай тамызған.

Өлгенің жоқ, сен тірі,  
Сені сүйген ел тірі!  
Жырдан қырда бақша еккен,  
Жыршыға бесік тербеткен,  
Алатауда мен тірі;  
Шатырым жібек шағылдан,  
Бауырым бізде өлім жоқ,  
Бізден өлім арылған.  
Ағызып айттым жырыңды,  
Ел тыңдады мұңымды,  
Домбырам шаттық күй тартты,  
Жыр бұлағы құйылды.

1937







## АМАНГЕЛДІ ТОЙЫНА <sup>79</sup>



ленді айт дегенде ағылтқанмын,  
Жүйріктей домбырамды сабылтқанмын.  
Ел сүйген, еңіреп туған ерді мақтап,  
Тынысын дұшпанымның тарылтқанмын.


Ойлансам сөзім шежіре, хыял желі,  
Өтеді көз алдымнан тарих белі.  
Толғанса батырлардың батыл ісін,  
Қомданад сонда Жамбыл сөйлегелі.

Ардагер Амангелді ердің ері,  
Кең өріс, жалпақ дала туған жері.  
Елі мен мекенінің туын ұстап,  
Қол бастап қан майданда аққан тері.

Ленинді жаны сүйіп соңына ерген,  
Жауына ажал оғын тартқан мерген.  
Шешеден ел қамқоры ұл боп туып,  
Ер болып майданда да ұл боп өлген.


Қазасы батырымның жұртты еңіреткен,  
Ол кезде Жамбылдың да жасын төккен,  
Бұл күнде ер еңбегін қошеметтеп,  
Шертемін жеңіс жырын мен де көппен.


Өлген жок, Амангелді әлі тірі,  
Әнеки ілулі тұр ақ семсері;  
Орнатып, ол көксеген арманды ойын,  
Мен де шат, рахаттанған қарттың бірі.



Батыр бол, балаларым бәрің дағы,  
Тап берген дүшпан иттің сынсын сағы.  
Семсерін Амангелді тот баспасын!  
Ел қорға, ұлы күннің туса шағы.

1937





## СТАЛИНДІ САЙЛАЙМЫН <sup>80</sup>



үрекке құйылған нұр Сталиннен  
Жыр болып төгіледі қызыл тілден,  
Сондықтан, ұлы Сталин алады орын,  
Бір емес менен шыққан бар өлеңнен.

Өмірдің қайнар бұлақ көзі Сталин,  
Қалың ел қамқоршысы өзі Сталин,  
Бітер ме өлеңге жан, ұшқыр қанат,  
Болмаса ақындардың сөзі Сталин!

Сәнді өмір, сансыз қызық алуан-алуан,  
Зор табыс, ұлы жеңіс жерді жарған.  
Атымен Сталиннің аталады,  
Алып күш жерді жеңген, аспанды алған.


Ендеше, күй гулесе домбырадан,  
Ой сергіп, көңіл өрлеп шырқаса ән.  
Бәрінің күш-қуаты Сталиннен,  
Онсыз жоқ күйде көрік, өлеңде сән.

Кетпейді көсем көркі көз алдымнан,  
Бейнесі бұзылмайтын асқар шыңнан,  
Халқына күнде бахыт ұсынады,  
Алып ол ең қыйыннан, жарып тыңнан.

Жарқ етіп жазған заңы жазғы күндей,  
Шыққанда бар әлемді бахытқа үндей,  
Қуаттап бір жүз жетпіс миллион халық,  
Ту етіп көтереді бірі іркілмей.

*Handwritten signature or mark in red ink.*





Алтын заң карт ананы, кәрі шалды,  
Өрбіген бахытты ұрпақ балаларды,  
Қуантты, нұрға бөлеп гүлдендірді,  
Қайнаған қалаларды, далаларды.

Көрді көз арман етіп ойлағанды,  
Дегенің асқар биік төмен қалды.  
Биігі биіктердің бахыт заңын,  
Ие боп міне халқым қолына алды.

Жыйналып алдыма кеп балаларым,  
Усынып шаттықпенен сайлау заңын.  
— Сайлаймыз кәне, ата, кімдерді?—деп,  
Сұрайды Жамбылдың не ойлағанын.


Әрине, сайлаймыз біз Сталинді,  
Жан берген, жарық берген өшпес күнді,  
Мен және бар халықтың тілегі сол,  
Алпыс ұлт, алпыс отау, алпыс тілді.

Сүйем мен оның серік батырларын,  
Шыңдалған кұрыш болат жақындарын,  
Молотов, Калинин мен Қаганович,  
Ер Клим, алғыр ерлер түгел бәрін!

Атаймын осыларды, халқым қостап,  
Жұртымды — ұрпағымды түгел бастап,  
Сайлаймыз бахытты елдің қырандарын,  
Сұқтанған сұмырайларды сылып тастап.

Тізімнің ең басына біріншіден:  
Жазамын көсем атын барлық тілмен,  
Одан соң талдап тізіп толтырамыз,  
Үлгі алған ерлер атын Сталиннен!





## ҰСЫНАМЫН <sup>81</sup>





егенде Ұлы Совет, жыр ұсындым,  
Жыр емес, — жарқыраған нұр ұсындым,  
Халқымның қан таратқан жүрегіндей,  
Ардақты Сталиндей ұл ұсындым.

Ұлымның үзеңгілес жан жолдасы,  
Бағалы гәуһарындай, ел ағасы —  
Ұсынам Молотовтай мерейімді,  
Ісіне елдің ауған ықыласы.

Жас ұлым, шыңнан ұшқан түлегімдей,  
Талантты таза ұлым, — жүрегімдей,  
Ұлттардың Советіне Нұрбапамды  
Ұсынам, сүйгенімнің біреуіндей.

1937






ҰЛЫ КӨШІ <sup>82</sup>

**К**авказ бен Алтай, Алатау,  
Асқар, асу белімсің,  
Шығысым—қыйыр зор тайга,  
Кұрсаңған болат темірсің.  
Батысым — байтақ Украин,  
Гүлденген бақша гүлімсің.  
Солтүстік — ұлы мұхитым,  
Ұшан дария шегімсің.  
Қытай мен Қырым арасы,  
Бір жағың орыс даласы,  
Тутаса жатқан тұла бой,  
Ортаң Орал саласы:  
Қолхоз бен совхоз, өзімсің.  
Осылардың ішінде  
Алтын ошақ Отаным,  
Советстан — Гүлстан,  
Жайнаған менің елімсің.  
Бұлдыр-бұлдыр, бұлдыр күн,  
Бұлдырап кеткен құрғыр күн,  
Бұрынғы күнім күн бе еді?  
Күн емес қара түн еді,  
Тар құрсаулы таж тақыт,  
Патша бізді биледі,  
Халыққа қара жамылтқан,  
Арылмас азап сабылтқан,  
Қанау, талау, отарлау,  
Қара түн түнек түрме еді.  
Ату, айдау, оқ, қылыш,  
Жаралау, асу, құл қылу,






Патшаның болды білгені.  
Рахымсыз қара бетінде,  
Зұлымдық, зорлық ниетінде,  
Адамдық жылы шырай жоқ,  
Халыққа қарап күлгені.  
Патша тағын, бай бағын,  
Қайтып сақтап қалам деп,  
Өткен заман заңының  
Осылай өмір сүргені.

Ал бүгін міне, жарқырап  
Нұрын шашты алтын таң.  
Әлемге бірдей сәулесі  
Октябрь деген ұлы заң.  
Заң болғанда қандай заң,  
Көрмеген бұрын ешбір жан.  
Шын бахыттың адамға,  
Есігін ашқан гүлстан.  
Арманға бізді жеткізіп,  
Қайғыны ойдан кеткізіп,  
Мәңгі жарық алтын күн,  
Туғызған бізге бұл заман.

Еркіндетіп еңбекті,  
Бел ал деген осы заң.  
Оқу оқы, білім ап,  
Жөн ал деген осы заң.  
Еңбек ет те, міндет ет,  
Дем ал деген осы заң.  
Әйел, теңсін, праван —  
Сен ал — деген осы заң.  
Қартайсаң да қайғың жоқ, —  
Жассын деген осы заң.  
Бұлбұл үнін бұлақтай, —  
Тассын деген осы заң.

Елдің шетін күзету  
Ең ардақты праван.  
Жорғалап келсе сұр жылан,




Желкесін қыйып, жеткізбей  
Кесе бер деген осы заң.  
Сансыз халық достасып,  
Он бірің қол ұстасып,  
Өсе бер деген осы заң.

Бүгін міне, қарасам,  
Бір көш кетіп барады.  
Салтанатты, сәулетті  
Гүлдей болып жанары, —  
Масаты кілем жамылған,  
Алтыннан қоңырау тағылған,  
Дабысы жерді жарады.  
Адамы гүлдей жайнаған,  
Қызыл жалау байлаған,  
Ел қуанған бір думан,  
Шырқатып әнге салады.

Улы Одақ елімнің,  
Бұл көші алға жөнеген.  
Баратын жері бір жайлау,  
Елімді нұрға бөлеген.  
Коммунизм жайлауы,  
Рахаттың мәңгі дүниесі,  
Түнді таңға тенеген.  
Түскен жолы даңғыл жол,  
Мүде ғып, өткен көрсетіп  
Энгельс, Маркс көреген.  
Жолға көшті бастаған,  
Ленин дана қолымен,  
Сталин бастап барады,  
Айқын тартқан жолымен.  
Құладың ұшпас күмдардың,  
Қарсақ жортпас күздардың,  
Ойы, қыры, жонымен.

Бұлдыр-бұлдыр белестен,  
Көш аса алмас дөңестен,  
Елім асып барады.




Адам ұлы көрмеген,  
Көрмек түгiл бiлмеген,  
Асу-асу жерлерден,  
Көшiм асып барады.  
Көш бастаған Сталин,  
Адастырмай бiр жолдан —  
Ерiм асып барады.  
Баққан сайын тамаша,  
Сан жетпейтiн санаса,  
Бахыттың шамы жаңады.  
Сталин көштiң басында,  
Сан жолдасы қасында,  
Көш асатын жерлердiң,  
Бұлжытпай жолын табады.  
Каганович жасасын!  
Ұлы көшке жол аштың,  
Белес-белес өрiмнiң,  
Сыры жұмбақ жерiмнiң,  
Қоймасынан мол аштың,  
Қорғасын, болат, көк темiр,  
Мұнай, мырыш, көп көмiр —  
Түбiне жете сен аштың.  
Қызығын көпке көргiздiң,  
Жемiсiн елге жегiздiң,  
Асқар тау, кең даланың,  
Құмның, шөлдiң жон астың.

Молотов жолдас, көп рахмет!  
Бахытка елдi бастадың.  
Сталиндiк декретпен,  
Түнектi түрiп тастадың.  
Көштегi көп елдердiң  
Бiр атадан туғандай,  
Қостың мәңгi бастарын.

Ворошилов батырым!  
Атыңа сай ақылың,  
Әскерiңдi бастадың.  
Болаттан сұңқар ұшырдың,






Алмастан кару пісiрдiн,  
Құрыштан сауыт кигiздiн  
Елiмiң жер-су, аспанын.


Калинин батыр, көп жаса!  
Түлiк малды өргiздiн.  
Салтанатты орнатып,  
Қуанышты көргiздiн.  
Микоян жолдас, ардақты  
Ерiмiзсiн сен бiздiн.  
Ет пен қымыз, күрiштi,  
Нелер таттi жемiстi,  
Елiңе еркiн тергiздiң:  
Молайтып байлық, несiбе  
Қуат берiп көшiңе  
Мол береке енгiздiң!


Батыр өскен ұланым,  
Қырағы көз қыраным.  
Тұманды, түнде сақтаған  
Көшiн жаудан шырағым!  
Фашистердiң тығылған,  
Жабықтағы жыланьiн,  
Жорғалатпай Отанға  
Күлiн көкке ұшырдың,  
Талқандап жаудың планын.  
Қуәсi ғасыр Жамбыл қарт  
Көз салған дүние шегiне.  
Ұлы көшке iлестi  
Тұлпар атпен тебiне.  
Қолында алтын домбыра  
Аузынан жыры төгiле,  
Шырқатып әнге салады,  
Даусы жердi жарады,  
Он саусағым жорғалап,  
Домбыраның шегiне.  
Миллион рахмет айтамын,  
Сталиндей ерiме.  
Асудан қыйын өткiзген,



Арманға қолды жеткізген,  
Халықтың кемеңгеріне,  
Даңқынан жау күйреген,  
Ілгері елін бастаған,  
Мәңгі бахыт жайлауы —  
Коммунизм көгіне!

1937






## МОСКВА ТУРАЛЫ ЖЫР <sup>83</sup>



үрегім жыршы домбыра —  
Бахытты қартың Жамбыл, мен!  
Естиді Отан даусымды,  
Бөгелме, Жамбыл, сөйлеуден!  
Оралдан асып, даладан,  
Еділден асып айқара.  
Заулатты мені от арба,  
Жорғалайын шайқала.  
Мінгізген жүйрік керемет,  
Күн Сталин, көп рахмет!  
Отаным қандай кең байтақ,  
Москвама неткен тамаша!  
Айналам шаттық, байлық, бак,  
Көз тоймайды қараса.  
Қартайдым қажып демес ем,  
Жасасам тағы тоқсан жыл.  
Көрініп тұрса Мавзолей,  
Шақырса күнде Кремль.  
Көрсеткен маған сый хұрмет,  
Күн Сталин, көп рахмет!

Кіндігі жердің Мавзолей,  
Жатыр онда ұлы адам.  
Табыты күндей нұр шашқан  
Ақылы мұхит данышпан.  
Атын әлем жаттаған  
Жатқан Ленин — арыстан.  
Қалмаған жаң жарыстан,  
Жығылмаған алыстан.






Бірге туған Ленинмен,  
Ұлы Сталин, күнім сен!

Кремльге кірдім мен  
Кілең достар айналам.  
Көзім түсті, отырды  
Барлық жаннан ұлы адам.  
Аты туы әлемнің  
Асқан бойы жаһаннан.  
Марқабатты, сүйкімді  
Қақты әкемдей арқамнан.  
Көрсеткен маған сый хұрмет,  
Күн Сталин, көп рахмет!

Түстім келіп метроға  
Домбырамды өңгеріп,  
Жөнелді алып от арба  
Жұлдызы жанған дем беріп.  
Көсемнің досы Лазарьдың  
Поезын ұшқыр сүйемін,  
Москвада да, аулымда  
От арбама иемін.  
Күреспен ашқан көзімді  
Жырлаймын көсем өзіңді!

Көгерді халқым достығы  
Туысты орыс қазақпен,  
Отаным тыныштық тірегі  
Өрбіген бахыт көктеген,  
Сталиншіл қырандар,  
Күзетшісі жерімнің.  
Батыр Қлим бастаушы  
Сүйген ұлы елімнің.  
Бахытымды күшпен қорғаған,  
Сталин, рахмет, көп саған!


Үстімде жібек шапаным,  
Басымда бөрік кұндыздан.  
Заманым көктем, нұр төккен




Жарығым—шамым жұлдыздан  
Бахыттың кені Отаным,  
Жайлауым алма бағындай,  
Күшағында Сталин —  
Жетілдік жауға жалынбай,  
Жерде бахыт жасаған,  
Рахмет көсем, көп саған!

Жолдасым замандасым сен,  
Күрдасым сен жігіттей,  
Отанмен бірге жырламай  
Отырам қалай күй төкпей:  
Сталин — біздің жүректе,  
Сталин — біздің өлеңде.  
Сталин — ту бар елде,  
Сталин — күн әлемге.  
Жаса, жаса, Сталин!

1937







Жамбыл Москвада





## XX ЖЫЛДЫҚ ТОЙДА <sup>84</sup>

**С**өйлей бер, ақ домбырам дүрілдеген,  
Шарықтап күй төгілді бүгін менен.  
Бас қосқан қуанышты мерекеде  
Гүл жайнап, әсерлене күлімдеген.


Шын өмір басталады Октябрьден,  
Қайнайды күй-көмейі Октябрьмен.  
Ортаңда жүз жасаған Жамбыл отыр,  
Ғасырдың куәсімін көкте күнмен.

«Ел жаңа елу жылда, жүз жыл қазан»,  
Түншықтым, неше жылдар кетті мазам.  
Бүзған күн тасқын басын Октябрьде,  
Жүз де емес, XX жылда-ақ қулаш жазам.

Ғасыр бойы бейнет пен азап шеккен,  
Зар жылап жұртпен бірге жасын төккен,  
Ақынмын бабаң құрдас бахытты елім,  
Тоқсанда арманына қолы жеткен.

Арманның белбеуінен ұстаған күн,  
Октябрь XX жасқа толды бүгін!  
Күшті қол серпіп тастап көзін ашқан,  
Миллион жыл жұрт еңсесін басқан жүгін.

Аттанған Октябрьде еңбек ұлы,  
Ұласты байтақ елде шаттық үні.  
Бастаған елді бахыт туын ұстай,  
Ленин мен Сталиндей күннің нұры.



Тамаша айтып болмас біткен ісін,  
Ен заман, ерікті адам еңбек күшін,  
Гүлдендік, өмір кұрдық, ұжмақ еттік  
Ел үшін, бахыт үшін, адам үшін!

Бауырлас бір кісінің баласындай,  
ССРО — ел жасадық анасындай,  
Ұлында өгейі жоқ бәрі бірдей —  
Бірге өскен жемісті алма ағашындай.

Күш беріп Октябрде атқан таңға,  
Сталин нұрын төкті ұлы заңда,  
Береді бахыт көзін белден қазып  
Қол созған бұл жарыққа барлық жанға.

Отаным піскен бақша бахыт қонған,  
Кілемдей елім, жерім гүлге толған;  
«Лап!» десе «тап!» берерлік жарағым сай,  
Жау баспас аумағым бар темір қорған.

Жатқанда нашар елді байлар талап,  
Манжур, Қытай, Испанды қасқыр қамап,  
Абиссина жерінде жесір зарлап,  
Фашистер адам тонап, қанын жалап.


ССРО — ел жасады алтын терек,  
Асқардай алапаты тұрған бөлек.  
Басында бахыт нұры шамы жанып  
Сталин қызыл туы нұрын төгед.

Біріккен байтақ елдің жүрегінде,  
Москвада, күннің көзі — Кремльде,  
Мәңгі өлмес, нұры сөнбес Сталин бар,  
Сәулесі жұртқа бірдей түн де, күн де.

Сөйлей бер ақ домбырам дүрілдеген,  
Өзгеше күйылар күй бүгін менен;  
Қарасам шат жүзіне халқым сенің  
Көремін Сталинді күлімдеген.

1937





## ХАЛЫҚ ТУЫСҚАНДЫҒЫ <sup>85</sup>

**Т**ыңдаушым, келіп маған сендер сынды,  
Жырла — деп, сұрадыңдар өткен күнді.  
Өткенде домбырамды күйлеп едім,  
Қозғады ол — үн орнына қайғы, мұнды.


Ызындап мұң шаққандай желден жаман,  
Ашқысы келмейді аузын ескі жараң.  
Ақынға күй кернеген үн бере ме,  
Бұлдырап кеткен кұрғыр зарлы заман.

Ойласам ескі жара от боп жанад,  
Өлең-жыр күй кернетіп айқай салад.  
Қамаған халқын Ресей тар қапасқа —  
Өткен күн—қарысқан жақ, қатқан қабак.

Түтіккен қара түнде күнді көрмей,  
Арман ғып таң сәулесін қолды сермей,  
Көтеріп ауыр жүкті өткен елім!  
Қан қара, жаны жара тек қана өлмей.

Қаһарлы жауыз патша халықты алдап,  
Бүлдіріп, ойран салып, елді жалмап,  
Қорғады соныменен таж бен бағын,  
Ол күлді, ел жатқанда уайым сарнап.

Қырқысты қазақ, қырғыз айдауменен,  
Шабысты түрік, армян қайрауменен,  
Түн, бұғау, алдау, арбау, дін-шарифат,  
Қан құйып халық көзін байлауменен.



Еврейді «жүйіт» қойып тентіретті,  
Сарт, ноғай, қырғыз, қохол—кұбыжық етті.  
Үгіттеп өштестіріп өзді-өзіне,  
Туыстар бірі қанын бірі төкті.

Бастаған сәуле-нұрға адамзатты,  
Ленин қара түнде дабыл қақты.  
Миллион ер көтеріліп, бірге шықты,  
Зорлықты талқандады бейне абақты.

Оқ-мылтық, қылыш, найза қаруланып,  
Ленин мен Сталиннен нұсқау алып,  
Төңкеріп жауыздарды тастады елім,  
Капитал қолқасына қолды салып.


Жыйырма жыл босатқанға елімізді,  
Бөледік, гүлге орадық жерімізді.  
Бахыттың ұлы отаны одақ құрдық,  
Жыйнадық, түрдік етек-жеңімізді.

Ерікті ел армян, қазақ, тәжік, қырғыз,  
Бас қосты алпыс ұлт — жайнады жүз;  
Жарқырап ортасында ұлы Мәскеу  
Жүрегі Отанымның жарық жұлдыз.

Кілемдей қайда барсаң жайнаған жер,  
Кең дүние еңбек қызу қайнаған жер;  
Бақ орнап, ең далаға нұрын төгіп,  
Ішінде ақын-бұлбұл сайраған жер.

Бәрі дос, қайда барсаң жаттығы жоқ,  
Бір кезде қамшы орнатып, атылған оқ;  
Жерлерден тату-тәтті, сөз естисін,  
Жарқын жүз бір бауырдан туғандай боп.

Бірі жоқ тұман түнде кектескен ел,  
Жауласып жазықсыз қан-ағызған сел,  
Қасқырдай біріп-бірі басып жейтін  
Алаусыз айуан заңы тентегі тел.



Сталин нұры астында мәңгі жарық,  
Туысқан қол ұстасты барлық халық,  
Бір туған бахытқа ортақ ел жасалды —  
Білмеген, жасамаған бұрын тарих.

Он бір ұл егіз туып түзеген сап,  
Айтуға сөз жетпейтін түр мен сымбат,  
Алтын заң кұшағында еркін өсіп,  
Үйреткен дүниеде достық қымбат!

Ызалы, қара пиғыл жау жаралы,  
Тіс қайрап кұтырған ит көз салады,  
Оған қарсы күн санап достық өсер,  
Тірегі Отанымның — күш қамалы.

Ол қамал мәңгі шеккен тастан берік,  
Болаттай шегендеген қызған көрік,  
Орнықты Кремльдің қорғанындай,  
Басында Ленин қабыры бергендей серт.


Жайна елім, гүлде, көгер, шырқа, әнге сал!  
Дүкен кұр, өмір жаса бір тәтті бал.  
Егін ек, бакшаңды өсір, қала тұрғыз,  
Қайыссын, жерді бассын қаптаған мал.

Шөл дала сусын ішсін — шөлі қансын,  
Алма өссін, гүл бақшасы жапырақ жарсын.  
Сайрандап адам ұлы кең дүниеде  
Бұлбұл күс бойы балқып әнге салсын.

Атымен ұлы Сталин жеңген халық,  
Қоймасын адам өмірі алды ақтарып,  
Бахытқа ұшан-теңіз қолы жетті,  
Мұхитта шомбығандай алтын балық.

Жасасын, алғыс айтам Сталинге!  
Сөйлейді данышпанды барлық тілде,  
Жеткізген барлық елді қуанышқа,  
Жырлаймын Сталинді күн де, түн де.






## БІР ЖЫЛ <sup>86</sup>

**Б**ір жыл бұрын көсемім,  
Бейне тасқан дария,  
Ой өзенін ағытып  
Сөйлегенде жария —  
Тындағанбыз миллион жұрт,  
Басы боп мендей қария.

Алтын заңды Сталин,  
Жайған сонда алдыма,  
Алтын заңда айтылмай  
Ел тілегі қалды ма!  
Әйел, еркек, кәрі, жас  
Қостап қарсы алды да,  
Күйге басты тасыған,  
Шаттықтан көк жаңғыра!

Тапты заңнан бахытын  
Миллион жұрт, әрбір жан,  
Біріне оқу, біріне  
Берілді өнер жанадан.  
Шаршағанда демалыс —  
Шипалы өмір шадыман,  
Аңсағанға қызықты  
Ағыл-тегіл той-думан.  
Осылардың ішінде  
Менің де тніп сыбағам,  
Серпіп қанат шырқады,  
Еркін сайрап домбырам.




Көсем берген алтын заң  
Жыл ішінде ержетті,  
Масатыдай түрленіп  
Отанымды гүлдетті.  
Бесіктегі баламды  
Ана болып тербетті.  
Тоқсандағы шалымды  
Шарықтатып көңілін,  
Көкке құлаш серметті.  
Қанат берді халқыма  
Әуелетті, өрлетті.  
Ағытылған өзендей  
Сарқыратты еңбекті.

Көсем берген алтын заң  
Жауға тиді жалындай;  
Жалмандаған жауыздың  
Уясы қалмай жарылмай,  
Ұсқыны қашып қалтырап,  
Кіресіне көр таппай,  
Басарына жер таппай,  
Төбесінен түсті жай.

Жауға тиді жалындай;

Көсем берген алтын заң  
Жылдығында жаңадан,  
Жыр төккізіп аузымнан  
Берді арылмас күш маған  
Күш емей не теңбе-тең  
Он сегізде ұлмен тең,  
Орнымды алам сайлаудан.  
Советіме мүше боп,  
Ерлер өтед мың-мыңнан.  
Сол ерлердің басы боп,  
Сайланады ұлы адам:  
Бахыт заңын жазған ол —  
Ұлы Сталин данышпан!

1937



## ШЫНЫҚТЫРДЫ БОЛАТТАЙ <sup>87</sup>



Ал, Жамбылың сөйлесін,  
Домбырасын қолына ап,  
Безенте қақсын пернесін,  
Аршындап құлаш сермесін,  
Тізілтсін бір термесін!


Өңіме шырай енгізді,  
Сталиндей ұлы адам,  
Аузынан шыққан алтын сөз  
Шекер-балдай татыған.  
Өркендетті, өрлетті,  
Бастырып саты-сатыдан.

Жақсылыққа жол сілтеп,  
Жамандыққа жолатпай,  
Отанымды зорайтып,  
Шынықтырды болаттай.

Компартия көсемім,  
Халыққа нұсқау беріп тұр.  
Айтқаны еш мүлтіксіз  
Орындалып келіп тұр.  
Беріліп барлық ынтамен  
Күллі халық сеніп тұр.  
Арам тап қалып адыра,  
Социализм жеңіп тұр.  
Аймағымды әсемдеп,  
Жемісін шашып, сеуіп нұр.








Бахыттың зәулім шыңына  
Халқым құлаш сермеген,  
Қаскөйіне жұртымның  
Өмір сүру бермеген.  
Қызықты нұрға бөленді  
Советтің жерін жерлеген,  
Жаңа заң бахыт арнасы —  
Адамзаттың тарихы  
Ешуақытта көрмеген.  
Жаңа заң берді права  
Халықты барлық етіп тең,  
Оқуға, еңбек етуге,  
Тынығуға алып дем.


Бүгін осы еркін ел,  
Думанданған ұран сап,  
Ұлы күні ұлыстың  
Қуанышты, көңіл шат,  
Дамылсыз сайрап домбырам,  
Ойнақтайды он саусақ,  
Тасқындап күй төгілтем,  
Ұлы күнде ән шырқап.

Еңбекке еш қажымай  
Жұрт сенімін ақтаған,  
Ерегіскен дұшпанды  
Табанға салып таптаған.  
Өнеге, іс үлгісін  
Көп үйренген, жаттаған,  
Қаскүнем жауын елімнің  
Айбарымен жасқаған.  
Алуан адал ісі үшін  
Партия, жұрт одағы  
Ардақтап, сүйіп мақтаған.  
Ерлерге елім сенеді,  
Дауысын соған береді.  
Елімнің Ұлы Советін  
Сайлайтын күн бүгін біз,  
Адал ұлы елімнің,



Жалынды жас отаншыл  
Шопанға дауыс береміз.  
Еңбекті талмай етумен  
Мәпелеп төлді өсірген,  
Жасынан бейнет көп көрген,  
Басынан бәрін өткерген,  
Еңбектің көріп дәулетін,  
Бүгінде құлаш сермеген,  
Жана заңның қуаты  
Көкірегін кернеген,  
Салиқаны сайлауға  
Дауысымды мен берем!

1937






12-ДЕКАБРЬ <sup>88</sup>



үнінде ұлы тойдың бойды кернеп,  
Лапырып арнасында шабыт өрлеп,  
Толқындай бұлтты сөгіп көзге ілікпей,  
Бұлқынып асау хыял құлаш сермеп.  
Жорғалап желмаядай жер-су баспай,  
Нөсерлеп төгіледі өлең селдеп.  
Ақынның асқак көңіл, қызыл тілі  
Самғайды сұңқардай боп ағып, көлбеп.  
Оймыштап сөз нақысын ұлы тойда,  
Шаттанып асыл сөзден тоқыйды өрнек.  
Сөзі алтын, тілі майда, жыры жібек,  
Еркіндеп ен бахытта бойын тербеп,  
Кәрі ақын қадірлі күн келгенінде  
Шырқайды домбырасын көкке сермеп.


Елім бар басқа елдерден тұрқы бөлек,  
Бостандық жемісінен еткен көрек;  
Ай күліп, жазы туып балбыраған,  
Тамылжып мизамы ұшқан, балын төгед,  
Бау-бақша ұшан-теңіз ен дәулеттің  
Жайқалып жапырағы жұпар себед.  
Құлпырған колхоз қыры қызғалдақты,  
Тамаша жүз құбылып, әсемденед.  
Құрақтай көк егіннің көп өнімі  
Құнартып жылдан жылға артық өнед.  
Ыңырсып колхозымның төрт түлігі  
Ауылдан маң-маң басып, өріске өред.  
Қаламның көк шудалы алыптары,  
Қуаты сыртқа теуіп күңіренед,





Ауыл мен қала арасын сайрандатып,  
Желдетіп желмаядай поез желед,  
Зуылдап көз ұшында дөнгеленед,  
Жансызға жан бітірген жас ұрпақтар  
Күші ерен, ақылы кең, ойы зерек.  
Қыйылған қалам қасы жас сұлулар  
Ойнатып он саусақтан өнер төгед.  
Елімнің кәрі-жасы бірдей батыр,  
Жер тіліп, суды ағызып, бұлтты сөгед.  
Дәулетті, сәулет, мүлік бар қызығын  
Шашусыз шашып-төкпей халқым көред.  
Халықтың данышпаны ұлы Сталин,  
Асусыз асқар біткен алтын терек,  
Мәпелеп қалың елге нұрын төгіп,  
Таусылмас ең бахытқа қойды бөлеп.  
Азаттық арнасына алып келген  
Көсемін қалың халық жақсы көред.  
Айсызда адастырмас шам-шырағы,  
Күдіксіз көтеріле соңына еред.  
Жалғыз біз емес онан жарық алған,  
Сталин жер жүзілік елге керек.


Сөнбейді ұлы Сталин жарық күнім,  
Жалпыға жарқыратып төккен нұрын,  
Тасыған емін-еркін еңдәулетті  
Көріп пе мұндай болып тарих бұрын?  
Көсемі қалың елдің ұлы Сталин,  
Сүйікті шын шәкірті Лениннің.  
Түйдектеп жаңа заңға түгел жазды  
Олжаны ішіндегі жыйырма жылдың.  
Күй кернеп, шаттық тасып, нұрға бөлеп,  
Гүлге орап түрлендірді ой мен қырын.  
Сайлауда — ұлы күнде Отанымда,  
Ұсынар елім таза, адам ұлын.  
Сақталық ұлы олжаны жауға бермей,  
Халықтың жалғыз тайын етпей шығын.  
Капитал аузын ашса, тұмсық сұкса  
Жауабын бере аларлық, жауға мығым.  
Осындай ұлы ерлеріме дауыс беріп —



Миллион жұрт қол көтермек міне бүгін!  
Халқыммен мен де бірге ұран салып,  
Ақтарып ағызамын сөздің сырын;  
Адамның ардақтысы ұлы Сталин,  
Өмірім — бәрі саған, даусым, жырым!

1937.





## КАВКАЗҒА <sup>89</sup>




нсаған көңілім серіле,  
Бүгілген белім керіле,  
Сапар шегіп жол тарттық  
Сүйікті Қавказ еліне.  
Сағынып самғап келемін  
Сталин туған жеріне.


Ағайыным, жанатым,  
Жал, күйрығым, қанатым —  
Грузия дана халқына  
Арнаймын сәлем шарқ ұра.

Сөзден туған данамын,  
Алатаудың алабын  
Жаңғырта әнге саламын,  
Сталиндей ұл туған,  
Әлемге жарық күн туған,  
Менің де ардақты анамның  
Сәлем беріп өлеңмен  
Құшағына енемін.

1937.








## АҚЫНҒА <sup>90</sup>

**К**ара күндер қартайтты,  
Қартаймайтын қаламды  
Қара бақыр мыс етті  
Күннен жарық адамды.  
Сондай күнді жоғалтар  
Мен аңсадым заманды,  
Аңсағаным алдымда  
Көрдім ұлы данамды,  
Туды бахыт жұлдызы,  
Шаттық мұхит оралды,  
Сонда ғана ақынның  
Жүрегі күннен шоқ алды.  
Жасарып жиһан бел алды,  
Өрісін үлкен кең алды,  
Кавказдан тауып сені алды,  
Алатаудан мені алды,  
Кәрі дүние боз бала  
Болмаған енді не қалды?..  
Каспий, Қавказ қос отау:  
Бірің терең, бірің шың,  
Ушар басың Қазыбек,  
Тұғыр екен көкте күн.  
Күннен ұлық ұл тапқан  
Кереметсіз дейді кім?  
Дарынды ақын Шотадан  
Барлық елге тарады үн,  
Әлем көркі Сталин,  
Елдің ұлы туды шын!



## КАВКАЗҒА СӘЛЕМ <sup>91</sup>


*(ССРО жазушылар одағының Тбилисиде Шота Руставелидің 750 жылдығына арналған пленумінде айтқан өлеңі).*

**А**ксақал Жамбыл келед жанаттанып,  
Хыялы қыяға өрлеп қанаттанып,  
Жазылып бүкіш белі қуаттанып,  
Туған ел сәулетімен санаттанып!  
Қолға алып домбырасын жаны жайнап,  
Сталин дәуірінде талаптанып,  
Ән шырқап шарықтаған сағатында,  
Жыр арнап, шын Кавказға қанат қағып.

Ардақты ел, ер туғызған алтын бесік,  
Бөленіп сенен акын Шота да өсіп, —  
Ертеде тау тербенте төккен жыры,  
Еліне Казакстан желдей есіп  
Жетті де, сазына оның қосылды ауыл  
Сталин дәуірінде гуілдесіп;  
Жайнаған қуанышты, нұрлы өмірде,  
Грузиннің ұлы халқы күлімдесіп.

Келемін ұшып Кавказ асқарына,  
Теңіздей бахыт берген астанаға.  
Жайнатып жылағанды жадыратып,  
Ушырған баулып қыранды аспанына.  
Сталин халықтарды достастырған,  
Мейрімді кәріге де, жас балаға.


Сұнқардай түлеп ұшып тауға жаным,  
Аңқыған асқарына Дағыстанның.  
Ақын дос Сүлеймандай кұрдасымның,  
Санкылдап ауылына жетсін әнім;




Өлген жоқ Сүлейманның отты өлеңі,  
Өшіре алған жоқ ажал оның әнін.

Ащы әні өткен оның таудан, тастан,  
Жырыма оның жыры көп ұласқан,  
Кұлпырып Қаскеленнің көлеміндей,  
Әсем ән Алатаудан шыңнан да асқан.  
Жасасын советтенген сүйікті Отан,  
Күндей боп ұлы Сталин нұрын шашқан,  
Хұп алсын Кавказ халқы сәлемімді,  
Шыңының шынар тасын сүйген аспан.

1937







## ӨМІР ЖЫРЫ <sup>92</sup>

Өмір жыры төгудрали


Өшпейді халық жыры, қартаймайды,  
Өшед деп оны ешкім де айталмайды,  
Халықтың жүрегiнiң түкпiрiнен  
Төгiлген күй-шын жорға, тайпалмайды.  
Алтындай ел iшiнде сақталынған  
Сұлу жыр, судан тұнық, шайқалмайды.

Еске алсам ертегiдей ертенi өткен,  
Талай жан жүрегiнiң жырын төккен,  
Енiрей ен даладан бахыт iздеп,  
Табалмай, аңсап Асанқайғы да өткен.  
Кұландай қақтан безген Қорқыт қаңғып,  
Кездеспей көрден басқа ол да кеткен.

Еске алсам аңсағанды ескiдегi,  
Ертеде хыял ненi көксемедi!  
Кiлемге отырып ап, көк сайрандап,  
Сұңқарша ұшуды да көксеп едi.  
Ол кезде патша мен хан зынданының,  
Тұншыққан жырды бар ма ед ескергенi.

Есiмде ескi ертегi аңыз қылған,  
Ұлы өмiр жыланына шағылдырған,  
Үскiрiк есiп тағдыр қара желi,  
Өкпемдi қарып аяз қабындырған.  
Жамбылдың жыр төгiлген тiлiн байлап,  
Үнiне туған елiн сағындырған.

Мен ұзақ өмiр сүрдiм, көптi көрдiм,  
Көргендi ойға түйдiм, ойлай жүрдiм.



Кұзынан таудың биік шыңға өрлеген,  
Есіттім жырын ақын Шота ердің.  
Кавказдың шыңыменен шендескендей,  
Кұлағым шалды иесін шерлі жырдың.


Жайнаған Грузиннің жас ұлына,  
Көз түсті тауда жортқан асылына.  
Түнерген тау басына тұмандайын,  
Ізіндей я жолбарыс жасырына,  
Шотаның шырқап салған жыры арналған,  
Келешек жас өспірім ғасырына.

Ысқырып өрмелеген тау мен тастан,  
Мен көргем әп-жыланды сұры қашқан.  
Жүректің оттан ыстық тәтті жырын,  
Өршігіп сөндіруге тасқын тасқан.  
Жортқан жолбарыстай ақын Шота  
Халқына тәтті жырын алып ұшқан.

Жайлаған жылан-шаян тау құлады,  
Патша өлді еркін ақты тау бұлағы,  
Құйылған бұлақтайын халық жыры,  
Маржандай таудан шашқан саңғырады.  
Ақынның жүрегінен шыққан өлең,  
Шарықтап ұшты, ұсап тау қыраны.

Жүз жылдап, жарық көрмей ой-хыялы,  
Жүрген кез есімде еді ойға оралды.  
Даланың шөбі қурап ыстық күнге  
Жатқан шақ шұбап жолсыз керуені.  
Ашығып, азып-тозып жол шеккенде,  
Бораған алды, артынан ақ бораны.

Кімдердің өшпеді ол кез сағы сынып,  
Кім өсіп еді ол кез, кімдер күліп,  
Қоқырап жалсыз, қомсыз түйе үстінде,  
Таңылып Тарас ақын ойға ұйып,  
Езілген даладағы елді көрген,  
Самұрық екі басты жатқан бүріп.




Тараспен батқам мен де бірге мұңға,  
Түйеге бірге мініп жүргем құмда,  
Менің де, оныңдағы жырларымыз  
Ол кезде жоғалған ед сіңіп құмға.  
Жырымен тау жаңғыртып Пушкин де  
өткен,  
Жүрегі жараланған ақын тұлға.


Пушкиннің сайрап кеткен жырын талай,  
Шырқаған даланы өрлей ақын Абай,  
Тамсанта Онегин мен Татьяна,  
Алабын Алатаудың әнге орай.  
Туысқан халқыменен құшақтасқан,  
Біледі Қазақстан туғанындай.

Жылдан жыл өтті ақын хыялындай,  
Жамбылқарт жырын таудың бұлағындай  
Күймен келе жатыр, туған елін  
Аралап жаны шолпан шырағындай.  
Қайрылмай, ханнан өтіп,—таңға жетіп  
Кавказдың шарықтады қыранындай.

Күреске шақырмаған ақын ба ақын,  
Ақын болса халыққа болсын жақын!  
Жырласын ақын болса халық жырын,  
Біздің даңқ Кремльдей болсын жарқын;  
Нұр алып Сталиннен гүлденген жыр,  
Жырлаған көсем сүйген ұлы халқын.  
Шота мен Абай, Тарас, Пушкин де өткен,  
Халыққа құшақ жайып жыры жеткен,  
Көксеген туған елдің күні Сталин,  
Сұрығын шын бахыттың халыққа еккен;  
Жиһандық планеттің ол ақыны,  
Жамбылдың ұлы әкесі нұрын төккен.








## ЧАПАЙ <sup>93</sup>

**Е**діл, Жайық үстінде,  
Торлаған қара бұлтты  
Серпу үшін күшіне  
Түсіп Чапай жорытты.

Патшаның торын қырқуға,  
Жандаралды кұртуға,  
Халық үшін жан қыйып,  
Түсті сыпыра жортуға.  
Астына мініп ақ атты,  
Қолына алды болатты:  
Қылышын қанға боята,  
Найзасын тасқа қайрата,  
Жауының қанын жосылтып,  
Тасқын судай бората.

Алғыр алмас сапысын  
Күміс қыннан суырды.  
Жауының алып апшысын,  
Жаубүйректей \* қуырды.  
Орыс, қазақ, башқұрттан  
Сарбаздары жыйылды,  
Чапаев бастап майданға  
Ақбоз атпен тигенде,  
Қыран кұстай шүйілді.  
Ворошиловтай беренді,

\* Жаубүйре́к — жорықта жүргенде бүйректі майымен қуырып, азық қылады.



Буденный батыр өренді  
Көргенде Чапай жаркылдап,  
Күшіне еніп дендеді.  
Сталиннен мандат ап,  
Жауына қылыш сермеді.  
Астына мінген ақбоз ат  
Орғып өрге өрледі!

Лашын күстай саңкылдап,  
Жапыра жауға тигенде  
Онды, солды түйреді.  
Еділ, Жайық суына  
Жауын қойдай тоғытып,  
Ор текедей орғытып,  
Жауды жеңбей тынбады.  
Ол майданға тигенде,  
Еділ, Жайық толқыны  
Қан толқын боп тулады.

Жау түгіл, ер мүсіннен,  
Ер Чапайдың күшінен,  
Шошып батыр түсінен,  
Күміс өзен үстінен  
Торлаған қара бұлт қашты.  
Жау жеңіліп, бұлт қашып —  
Көгінен күн нұр шашып  
Бахыты үшін халықтың  
Қуанған дауыс ұласты.  
Жүргенде жауды жапыра  
Қайран Чапай қапыда  
Бостандық үшін талпына  
Жау қолынан оққа ұшты.  
Оққа ұшып жатса да  
Түспеді қолдан қылышы,  
Жайыққа Чапай ақсада,  
Жоғалмады ұлы ісі.

Чапайдың қалған серігі,  
Қызыл қыран көрігі,




Аспан астында аңқылдап,  
Кылышы қолда жарқылдап,  
Кызыл тудың астында;  
Усап миллион тасқынға  
Женді жауды жұмыла,  
Қанынан тамған Чапайдың  
Әр тамшысы Еділге,  
Алтын алап егінге  
Нұр тамшы боп төгіле,  
Оған өскен әрбір дән  
Жауға оқ боп көріне,  
Беттей алмай енді жау  
Еділдің тамшы суына;  
Чапаевтай талай ер  
Өсіп, өніп туыла.  
Болаттай түскен сынына,  
Дұшпан қарсы келе алмайд  
Халықтың батыр ұлына,  
Сталиндей күнімнен  
Құйылды жерге шұғыла.  
Тоқсан жасқа толғанда,  
Туған жерін шолғанда,  
Қайта туған қарт Жамбыл,  
Домбыраны қолға алып,  
Бұлбұлдайын толғанып,  
Ер Чапайды ойға алып,  
Қуана қосты жырына.

1937.









## ТЫНЫҚ ДОННЫҢ ҰЛДАРЫНА <sup>94</sup>

**К**арасам ауыл, қырға да  
Жігіт боп өскен ұл бала,  
Орыс, қазақ тумалас,  
Жортса әзір жорғада.  
Бұрынғы бір өткен кез,  
Жасаған бізді ала көз.  
Шекпен, шен ап патшадан,  
Балпаң басқан бай мен хан,  
Шығарып жолдың тозанын,  
Еңіретіп елдің боздағын,  
Тәлім алған қасқырдан,  
Кұлқынына сатылған,  
Молда мен бай, атаман  
Жандаралмен жандасып,  
Дозаққа елді матаған,  
Кұлқыны кең қорқаулар  
Елді қанап семірген,  
Семіріп олар елірген,  
Сол бір сұмырай заманда  
Қаналған ел еңіреген.  
Бүгінгі шуақ тандағы,  
Тынық Донның ұлдары  
Жамбылға туған ұлсыңыз,  
Елімнің жүйрік тұлпары  
Ойнақтап тұр мінсеңіз;  
Колхозды менің ауылым,  
Етегінде тауының  
Жылқыларын түлетті,




Жігіттері жүректі,  
Куанады қарт Жамбыл,  
Ойнап-күліп жүрсеңіз.  
Тынық Донның ұлдары  
Талшыбықтай өрілген,  
Жан-тәнімен жүрегі  
Сталинге берілген;  
Жарқырап туған елі үшін  
Аямайды жанын да,  
Өзінің туған жері үшін  
Қыяды қасық қанын да;  
Ұлы Отанның таңы үшін,  
Ұлы халық бағы үшін,  
Ауыл үшін, қала үшін,  
Завод үшін, дала үшін,  
Шалқып аққан Дон үшін,  
Партия үшін, халқы үшін,  
Халқының достық даңқы үшін,  
Керек болса жанын да,  
Аямайды қанын да.

Тынық Донның ұлдары,  
Қылыштарың қайраулы,  
Қасқыр шапса қыядан,  
Сендер ұшқан ұядан —  
Бүркіттейін шүйіліп,  
Ақ қылышты үйіріп,  
Ат қойындар түйіліп.  
Жау қыйрасын қыйылып!  
Аттан! — деген дауысын —  
Сталиннің есіткен  
Сағатында-ақ Қастектен  
Жамбыл әзір жүруге.  
Жүйрігіне мінуге.  
Жамбыл мініп атына,  
Қарамай кәрі жасына,  
Немересін, ұлдарын  
Ертіп алып қасына  
Жорыққа дайын келуге.




Аттан! — деген дауысын —  
Сталиннің есіткен,  
Сағатында-ақ Қастектен  
Тізе бүкпей жорытып,  
Айбынды қызыләскерін  
Қасына Жамбыл ерітіп,  
Алатаудың дөңінен,  
Айдын Балхаш көлінен,  
Колхоздан, қырдан, Ертістен,  
Алтайдан, Каспий шенінен,  
Әулие-ата өрінен,  
Қостанайдың белінен  
Жігіттерін ерітіп,  
Мылтық оқтап, жортақтап,  
Домбыра тартып шалқақтап,  
Жамбыл жетед бас болып  
Шалқыған әнмен серілтіп,  
Мен келгенде бас болып,  
Келемін шалқып жас болып,  
Ұлы Отанның таңы үшін,  
Ұлы халық бағы үшін,  
Партия үшін, халық үшін,  
Халықтың достық даңқы үшін,  
Жер үшін, туған қала үшін,  
Құлпырған Қазақстанда  
Шалқыған алтын дала үшін,  
Мен келгенде, келемін  
Бахытты біздің ел үшін,  
Алтын тынық Дон үшін!  
Донда туған ұл үшін!

1937









## ОДАК <sup>95</sup>

**О**дағым десем ойыма,  
Шалқыған шалқар көл түсер,  
Көк жиегі бал-құрақ  
Көкорай шалғын жер түсер.  
Сазға біткен өрімтал,  
Бағында сансыз бұлбұлы  
Шырқап салған үн түсер.  
Көз тартарлық жанарлы,  
Көрікті көгал жамылып  
Ашық түскен күн түсер.  
Айдынға бауыр төсеген,  
Аққу, үйрек, қоңыр қаз  
Балапан терген жем түсер.  
Шалқардың беті кілкіген,  
Кіршігін сырып желпіген,  
Жағымды жанның азығы —  
Қоңыр екпін жел түсер.  
Көркі көгал нуындай,  
Кіршіксіз көлдің қуындай,  
Одак боп өскен ел түсер,  
Жамбыл көрген тоқсан жыл,  
Жыйнап келген талай сыр;  
Одақтасқан күнімде,  
Қол ұстасқан күнімде,  
Нөсерлеген жыр түсер.  
Бала күнде көргенім,  
Тезек, Шәбден ордасы,  
Елдік болмай езілді, —  
Деген жоқ ешкім қорғашы,



Көлкіп тұрған көл болды,  
Көптің аққан көз жасы.  
Іле, Қапал, Талас, Шу,  
Ұзын аққан жылғасы,  
Жамбыл кезді жетпіс жыл,  
Өзгермеді тұлғасы.  
Қайда барсам белшеден,  
Надавдықтың қордасы,  
Тақырға шыққан тарыдай,  
Қосылмады ел басы.


Заманнан заман өткенде,  
Жас жетпіске жеткенде,  
Лениндей ер көрдім,  
Ер серігі Сталин —  
Күннің нұры күшқаным,  
Екі шыңға теңгердім,  
Қырым, Кавказ, Алатау,  
Байқал, Балтық, Тайга анау  
Арасында мейірлі  
Бауырласқан ел көрдім,  
Бір кеуденің жүрегі,  
Бір мүдденің тілегі,  
Жүз деп миллион білекке  
Шақ келетін жең көрдім.  
Сонда ғана мен Жамбыл,  
Жүрген жері жетпіс жыл,  
Қәрі көңілім жасарып,  
Жайнап өскен гүл көрдім  
Асанқайғы, Жиренше,  
Сарнап, зарлап жетпеген,  
Ел малынған игілік  
Ен ырысты мен көрдім.  
Гүл деген сөз келер ме,  
Гүлді өңірге тақпаса,  
Әлем жанға сенер ме,  
Көрсете көзге айтпаса.  
Ақын аты ақын ба  
Құрғақ сөзбен мақтаса.



Мен айтқанмен ел сенбес  
Көерлік зат таппаса.

Бұлақты таудан арна ақса,  
Теңіз болар аяғы.  
Алқабы кең ойпаттын  
Суға да болмас тояры.  
Одақтан білім арна акты  
Мейірлете даланы  
Қызыл құм мен Бетпақ шөл  
Гүлден шоғын қадады.  
Көрікті бүгін қаланың  
Гүл дегенім — адамы.  
Білімге тұғыр Алатау  
Алтыннан ірге қалады.  
Көк жұлдызын қолға ұстап  
Түймесі етіп қадады.  
Осыларды мадақтап,  
Жамбыл жыры сондықтан  
Көктен күнді шалады,  
Күркіреп жерді жарады!  
Жерге ұжмақ орнатып,  
Аймаққа туған күнім бар,  
Мәдениет бесігі  
Колхоз атты қырым бар.  
Одағымның бір гүлі,  
Құс дауысты бұлбұлы,  
Күләш сынды қызым бар,  
Жамбыл, Күләш жалқы емес,  
Әлденеше мыңым бар.  
Ән маржанын шашқандай,  
Күй теңізі тасқандай,  
Аялап одақ өсірген  
Мындаған қыз, ұлым бар.  
Ескі өмірде көмілген,  
Бүгін ашық көрінген,  
Сахнадан ел көрген,  
Айнаға түскен сырым бар.  
Одағым бахыт ордасы,






Күнге тіккен туым бар.  
Одағым маған тіл берді.  
Шешен тілге жыр берді,  
Бірлескен күнге арнаған,  
Міне, осындай жырым бар.


1937






## ТУЫСҚАН ЕЛ <sup>96</sup>

**К**акты қанат жаңадан,  
Кең даламда домбырам.  
Қайта естілді аулымда,  
Жырлап Жамбыл салған ән.  
Домбыра күйін келтіріп,  
Ойға шомып толғанам.  
Ойға шомып толғансам,  
Көз алдымнан өтеді  
Кешегі бір сұр заман.  
Сұр заманда түн еді,  
Аулымның үсті торлаған.  
Даласы қайғы аңыраған,  
Жайлауы жайсыз қаңыраған.  
Соққан жынды құйындай,  
Күншығыстан батысқа  
Елімді басып зорлаған,  
Өтіп еді Шыңғыс хан!  
Қанға бөлеп халқымды  
Малым кетті айдалған,  
Әскері салып ылаңды,  
Ерлердің қолы байланған,  
Қарындас кетіп күндікте,  
Құл боп бауыр айдалған.  
Шыңғысқа барып қол болған  
Қорлық көрдік байлардан!  
Қыстаудан көшіп шұбырып,  
Айрылдық тағы жайлаудан.  
Қырғыз, қазақ, өзбектер  
Жерсіз, сусыз, қоныссыз




Күтылмадык зарлаудан.  
Күтылганда Шыңғыстан  
Николай келді есіріп.  
Халқымды қанға бояды,  
Туған жерден көшіріп.  
Отырғызып есікке,  
Төрімде жатты көсіліп.  
Төсенгенім мұз болды,  
Шүрк-шүрк жамбас төсіліп;  
Желім қалды кесіліп,  
Көгенім қалды шешіліп.

Умытармын мен қалай,  
Октябрьдің келгенін.  
Нардай шөгіп жатқанда,  
Жетелей мені желгенін.  
Ленин менен Сталин  
Қатар келіп аулыма,  
Жай-күйімді көргенін.  
Қосарына алғанын,  
Колыма қару бергенін,  
Қасарған қасқыр дұшпанды,  
Қайтып жерді баспастай,  
Қайтып есік ашпастай,  
Қыйрата бәрін жеңгенін.



Енді бүгін қарасам,  
Айналам бахыт кең жатыр.  
Бірімен бірі туысқан  
Қол ұстасқан ел жатыр.  
Қырғыз, қазақ, өзбектер,  
Манғол, ұйғыр, дүңгендер,  
Армян, қалмақ, грузин,  
Орыс пенен украин,  
Терезесі тең жатыр.  
Алатау, Кавказ ұласып,  
Баурайы бұйрат кең жатыр.  
Бахыттың әні асқақтап,  
Құлаққа даусы кеп жатыр







Отанымда естимін,  
Алыстан жаудың дабырын.  
Жауға қарсы аттанған,  
Қаһарлы халық дабылын,  
Күншығыста ер қытай,  
Еліне тиген қасқырдың  
Қақпаққа жатыр азуын.  
Адуын жауға оқ жұмсап,  
Көрдің бе елдің қағуын,  
Осынау соңғы майданда  
Туысқан көрші елдердің, —  
Мен де күтем өлеңмен,  
Жеңе теңдік алуын.

Арылма, өлең, арылма!  
Домбырам күйден жаңылма!  
Арнал, жырым, көсемге,  
Сталиндей бағыма!  
Ұлы Сталин, Жамбылын —  
Сайрап жүр гүлді бағында;  
Он бір орда тіккіздің  
Күндей күшті заңында.  
Сол ордалар ішінде  
Еркін жүріп жырлаймын  
Туысқан елдер шаттығын,  
Жасарған қайта шағымда.

1937





## ЖЕҢІС ПЕН ШАТТЫҚ <sup>97</sup>



Жеңіс пен шаттық сенің атыңды атап,  
Тойына осы өлеңді тартады қарт,  
Жырымның өр дауысты қыранысын,  
Мен де шат, мендей және халқым да шат!


Ажарың алтын сәуле атқан тандай,  
Сөйлемен дабысыңды домбыра алмай,  
Көреген партияның сенсің көзі,  
Қай халық қарар саған құмарланбай.

Жеңісің жеңістердің асқарындай,  
Лениннің ілгері аяқ басқанындай.  
Устаған ұрпағымның туы сенсің,  
Данышпан Сталинім аспанымдай.

Дем берер шаттығысың бар әлемнің,  
Қайралған семсерімсің қолда менің.  
Қарманған кара ниет дұшпандарды,  
Қыйратып батыр қолмен шабады елім.

Жеңіс — сен ауылдарды, қалаларды  
Аралап, бар халқымды еттің әлді.  
Нұрыңмен жүрегіме өлең кұйып,  
Айдыңға алып шықтың енді шалды.

Жеңісім жеңістердің асқарындай,  
Лениннің ілгері аяқ басқанындай.  
Устаған ұрпағымның туы сенсің,  
Данышпан Сталинім аспанымдай.




Жеңіспен шаттық сенің атыңды атап,  
Тойыңа осы өлеңді тартады қарт.  
Жырымның өр дауысты қыранысың,  
Мен де шат, мендей және халқым да шат!

1937








## СТАЛИННИН ТУҒАН ЖЕРІ <sup>98</sup>



кінші өмір — ғасырды,  
Көргенде жаңа асылды,  
Үндемей қалай тұрайын,  
Жырламай қалай тұрайын?  
Улдарым менің коммунист,  
Немерелерім комсомол,  
Шөберелерім пионер,  
Қуанып соған Жамбылы,  
Шебер сөздің даңғылы  
Кәрі жаны жасарған,  
Кұлшына қайта жасалған,  
Қоздатып жырды құя бер!  
Бұл Жамбылдың көздері  
Көз ұшынан көреген,  
Бұл Жамбылдың жүрегі  
Жеңілмес күшті өлімнен,  
Бұл Жамбылдың жырлары  
Жүйрігірек желінен,  
Бұл Жамбылдың жаны жас,  
Жарығырақ көгінен,  
Қалған емес өрлеген,  
Ойым менің өмірден.


— «Ертте атымды!» — дедім  
мен, —

Немере, шөберелеріме,  
Жарқылдасын үзенгім,  
Жүретін жерім өз елім,  
Көз салайын жеріме,  
Жердің гүлді көгіне,



Аралайын, барайын  
Жерімнің таулы, өріне;  
Бұлақ аққан бауырынан,  
Қыран ұшқан тауынан, —  
Көрейін дедім барайын,  
Сталин туған жеріне.

Ұландар атты ерттеді,  
Шексең сапар, шек, — деді,  
Шығарып салып балларым,  
Мақсатыңа жет деді!  
Жүрдім жолдың жөнімен,  
Чапаевтың майданға  
Шапқан шалқар жерімен;  
Көрдім таудай толқынын  
Өткенде Қаспий шенінен,  
Щорс батыр шарлаған,  
Днепр толқып тулаған,  
Шалқып жатқан бақ көрдім,  
Украин жерінен.  
Көрдім сұлу Еділді,  
Еділдей еркін елімді,  
Ертегідей елдегі  
Көрікті, биік өрімді,  
Шалқып жатқан елдегі  
Жырлағанда көргенді  
Қайтер еді теңесем,  
Күміс айдың нұрымен,  
Қайтер еді теңесем,  
Көктің сұлу күнімен!  
Бірақ, көктің сұлуы,  
Сұлу емес елімнен,  
Осы өленді, жырымды  
Саған айтам, Сталин!  
Тап өзінді жаным  
Балап айтам Сталин!  
Көрдім туған үйінді,  
Үйінде тұрған күйінді,  
Май шам, шағын терезе,




Жұпыны жиһаз, бұйымды,  
Жез самаурын, тас табақ  
Саздан соққан секілді,  
Көрдім кестелі орамал  
Сұрткен талай бетінді,  
Кішкене-үйің үстінде  
Көрдім аспан аяңды,  
Қыран ұшып, қаз қонған  
Тауды, тасты даланды,  
Жерге бахыт бақ беріп,  
Бізге нұрлы шақ беріп,  
Көк күшіндей нұрланған,  
Халық қамын ойлаған,  
Ғасырға ұлын сайлаған  
Балқып ыстық қаныммен  
Сүйгім келді жаныммен  
Мейрімді сенің анаңды!

Жас ұрпақтар білесіз  
Бұрынғы өткен заманды,  
Бөлтірігі берінің  
Қозыға шапқан заманды.  
Аспан жерге айналып,  
Ыстық болған заманды,  
Боранда малға жұт келіп,  
Қастық қылған заманды,  
Қара қарға қаркылдап,  
Қан жалаған заманды,  
Табанында патшаның  
Езіліп халық қақсаумен  
Зар жылаған заманды.  
Сол кездерде дозақтың,  
Торында жүріп мазақтың,  
Қорлығына шыдамай,  
Батырлар шыққан бірталай  
Даласынан қазақтың.


Оқысаң жырды — толғауды,  
Толғауда ер боп толғанған





Кобланды, Бекет, Исатай  
Олар халық батыры.  
Онан соң шыққан толғанып,  
Амангелді Иманов,  
Күшіменен сай келген  
Батырлығы, ақылы,  
Соның бәрі патшаның,  
Сұм өмірдің қасы еді,  
Соның бәрі езілген  
Халықтың ғана досы еді.  
Сол батырдың бәрінің,  
Халықтың, жастың, көрінің,  
Тілегін халық ерінің,  
Тілегін халық жерінің,  
Тілегін тау, құзының,  
Тілегін ұлы, қызының,  
Тілегін ауа, даланың,  
Тілегін мейрімді ананың,  
Тілегін әке, ағаның,  
Тілегін сәби баланың,  
Тілегін ақын, дананың  
Жыйып, түйіп бір жерге,  
Біліп, көріп біздерге  
Құрып мықты штабын;  
Құйып нұрлы нұсқауын  
Берген ұлы Сталин.


Сталин сен нұр көзім,  
Саған айтар бұл сөзім,  
Сен езілген халықтың  
Шырағысың жарықтың,  
Ата менен ананың,  
Аға менен баланың,  
Шырадай аштың сен көзің;  
Шөліркеген даланың  
Сусының сен қанғыздың,  
Даланың айдын алабын  
Көл ғып бұлақ ағыздың;  
Жерге қызыл бақша егіп,



Кырдан шешек жарғыздын,  
Халықтың данқын, достығын  
Жер шарына барғыздын,  
Бахыт беріп, бақ беріп,  
Еңбектен өрнек салғыздын,  
Тілегі сенде халықтың,  
Жүрегі сенде халықтың,  
Өмірден нәубәт жауғыздын.

Жадыратып Жамбылдың  
Жүз жасаған жүрегін,  
Жасартып қайта соққыздың,  
Жырын көкке жеткіздің,  
Бұлақтайын төккіздің,  
— Жүрегім, жырым өлгенше,  
— Сенікі, жаным сөнгенше,  
— Өйткені, дана Сталин,  
Жалқау тартқан жаным  
Өмірдің нұрын еккіздің!

1938



Handwritten text in Cyrillic script, likely a signature or note, written in blue ink. The text is slanted and partially obscured by a large, faint, stylized mark that resembles a signature or a large letter 'M'.







Жамбыл, Гали Орманов, Дина Нурпеисова



Wagner, L. C. (1884)





## КАЙТА КЕЛГЕН ЖАСТЫК <sup>99</sup>

**Б**ұл Жамбыл жасап отыр тоқсан жасты,  
Тоқсаннан әрі кетіп, жүзге де асты.  
Шебер сөз, асыл меруерт, шаттық күйі  
Жамбылдан енді сірә кұтылмасты.


Бұл Жамбыл көрген бұрын талау-таран,  
Кез болды енді оған алтын заман,  
Кең жатқан байтақ ұлан шежіремін,  
Тарихтың домбырасын қолыма алам!

Қатардан шал болсам да қалғаным жоқ,  
Досқа күй, дұшпаныма өлеңім оқ!  
Жасартқан Сталиннің дәуірінде  
Қарт жырым — енді сенің арманың жоқ!

Жамбылдың ардақталып бұлбұл сөзі, —  
Гауһардай нұрын төккен екі көзі  
Тоқсанда қайтып алып жыйырма бесті,  
Жасарып қарт бабаңның тұрған кезі.

Жыйырма бес маған тағы қайтып келді,  
Сәлемін алтын күннен айтып келді.  
Қалайша жыр төкпесін, ән соқпасын,  
Шаттықтан нөсер төккен дәуірде енді!


Па, шіркін! Қайтып келді маған жастық.  
Дәуірде өрге өрлеп гулеп-тастық;  
Кавказдан, Алатаудан ағындатып,  
Шаттықтың бұлағының кілтін аштық.



## ӨНЕРДІҢ ӨСУГІ<sup>100</sup>


**Н**еге шықсын домбыра  
Жанадан шек тақпаса,  
Таққанынан не пайда,  
Бабыменен қақпаса,  
Кұр қағудан не пайда,  
Ән менен күй таппаса.  
Күйқылжыған құс әуез,  
Қосылып соған айтпаса.  
Көркем өнер жас бөбек  
Сүйкімді болмас бақпаса,  
Тортасын алған бал қаймақ  
Бойына сылау жақпаса.  
Үлпілдеген қызыл шок  
Басына үкі тақпаса,  
Бөбектер келер өсімтал,  
Еркелетіп мақтаса.  
Жамбылдың аты ақын ба,  
Жылғадай жыры ақпаса,  
Ақын деген бір бұлақ  
Көмілер көзін ашпаса.  
Көзін ашар көпшілік  
Сүйсіне тындап қоштаса,  
Алтын сөзде ас болмас  
Елеусіз жерге тастаса.  
Ер қадірін ер баққан  
Ерлер білер деген сөз,  
Зер қадірін зер соққан  
Зергер білер деген сөз.  
Өмір барда ескірмес,






Бағасы кұнды өрен сөз.  
Алтын ірге ел барда,  
Сталин сынды ер барда,  
Өрлеген елім өнерпаз,  
Елі жақсы адамнан,  
Ері жақсы адамнан,  
Туар ма бала жігерсіз.  
Тоқсан үште Жамбылды,  
Күләш сынды бұлбұлды,  
Сталин сынды бақшасы —  
Өсірді демей не дерсіз.

1938






## СӘЛЕМ БҮКІЛ ХАЛЫҚТАН <sup>101</sup>



өңіл көкке шарықтап,  
Куанбасқа немене,  
Куйғандай куат сергідім  
Тоқсандағы денеме.  
Сақшы ерлердің, салтанат  
Тойында жырым жебеле,  
Жыр қырманын төбеле,  
Үлестір жұртқа себеле,  
Куанышқа жырыңды айт,  
Ерді айтпасаң жырыңның  
Ажары сірә келе ме!  
Олай болса, ой тербеп,  
Жорғаласын тіл Жамбыл,  
Жел жетпес жүйрік домбыран  
Бұрауын келтір жыр Жамбыл.  
Сандуғашы советтің,  
Кастерлеп баққан ел—Жамбыл:  
Бала ойнағы төбе едің, —  
Төменнен төмен сен едің,  
Күн астынан көрінген  
Болдың бүгін шың Жамбыл.  
Ойласаң Жамбыл соны ойлап,  
Тоқсаннан асып тыңайған,  
Қайраты тоқсан бұл Жамбыл  
Бұлақтың көзін іздесең,  
Ырыс берген кім десең,  
Түбі терең тұңғыйық,  
Төгілмес неге сыр Жамбыл:  
Тоғыз акын қоршалап  
Отырса Жамбыл төрінде.



Тұлпарын мініп тоғылып,  
Өкімет келсе көруге.  
Тоқсан бірде қол жетсе  
Ойға түспес өмірге.  
Шыйрыққан жібек шешіліп,  
Жазылған жүйрік көсіліп  
Ағызатын күн болды,  
Арынды жырды менің де.  
Айтып тілім жетпейтін,  
Асқардай басып өтпейтін,  
Қастерлі қалың хасиет  
Толып жатыр елімде.

Ұйтқы соған Сталин,  
Сталиннің шәкірті  
Фрунзе, Клим, Чапаев,  
Айбындасқан арыстан,  
Шабаққа шапқан наһандай,  
Тереңде жауын қағысқан,  
Елдің шетін ақ талап,  
Алаш-орда қан жалап,  
Хан, патша езген халықты  
Тағы ұстауға ноқталап,  
Арпалысқан кезінде,  
Ерлерім жауға шабысқан.  
Жалынды туы желбіреп,  
Қорғауға елін шығысқан.  
Қызыләскер ұлыма,  
Оның жыйырма жылына,  
Ворошилов батырға,  
Жас өспірім баладан,  
Ата менен анадан,  
Қолхозды халқым даладан,  
Жырмен сәлем ақыннан,  
Сәлем бүкіл халықтан!  
Улымды ер ғып өсірген,  
Ленин менен Сталин —  
Жасасын қос данышпан!




ЖОФАЛТ КӨЗІН <sup>102</sup>

Б

ахытты халык, сөз тыңда!  
 Бақасқан жау әлі көп,  
 Түнге үйренген жарқанат,  
 Күннің оған сәні жоқ.  
 Көрегі нәжіс күзғынға  
 Адал астың дәмі жоқ.  
 Улы тілді жыланға  
 Жан жақнайды зәрі жоқ.  
 Адамнан күтпе жақсылық —  
 Елге жылы қаны жоқ.  
 Уяты жоқ, ары жоқ,  
 Жан қадірін білер ме  
 Денесінде жаны жоқ,  
 Жаны жоқ дене сасыса,  
 Жұқпалы індет еліңе,  
 Қомғеннен басқа емі жоқ.

Күнге не деп көрінер,  
 Күн сүймейтін қара бет,  
 Итке оны теңесең,  
 Ит жеркелер, — жала деп,  
 Жыланға оны теңесең,  
 Демес не еді әрі әкет.  
 Уқшасы жоқ әлемде  
 Бұл не деген пәлекет!  
 Әлем көркі асылды  
 Жоюға еткен әрекет.  
 Адамдықты білмейтін  
 Әлпеті жаман бір індет.




Куйбышевтей көсемді,  
Горький сынды шешенді —  
Элем сүйген керемет,  
Шам-шырақты өшіріп,  
Өміріне кол сұғып,  
Жүргендерден не үміт!  
Мен тілеймін қалың ел,  
Ел өкілі мен Жамбыл,  
Жоғалт көзін ылаңның,  
Қойма жерде, бір минут!

Өскен елдің ұлдары,  
Бахытты елдің қамқоры,  
Сталиндей дана бол,  
Қалтыратқан қас жауын,  
Климдей елге пана бол!

1938





## КҮН НҰРЫ <sup>103</sup>

**П**ернеге бауыр басқан кәрі бармак,  
Арынын домбыраның шыңға самғат.  
Ақтарып Жетісудың тасқынындай,  
Ал, ағыт, өлеңді Горькийге арнап!

Ежелден менің жырым елге арналған,  
Жүрегімді ел сырымен, мен жалғағам.  
Елімнің жаны сүйген ұлдарына —  
Жамбылда сөз қалсын ба арналмаған!


Сондықтан, домбырамды аламын да,  
Кетемін асқар ойдың алабына.  
Ағыт деп, асыл сөздің қазынасын,  
Сөйлесем домбырама — қаламыма.

Бұл Жамбыл талай-талай жырлар жазды,  
Тоқсан жыл тоқығанын түгел қазды.  
Ленин мен Сталиннің сүйген досы  
Жырлаймын бүгін Горький дауылпазды.

Жырлайды Горькийді айтып елдің бәрі,  
Жаттаймыз оның жырын жас пен кәрі,  
Үйренген дауылпаздың өнегесін  
Сұңқардай көкті кезді балалары.

Уа, Горький асқан терең, ел ғалымы,  
Асқар ой, дария ақыл, сөз даңғылы.  
Асылдың қылауындай әр сөзіңді  
Қалықтың қадірлейді қарт Жамбылы.





Ер сүйдін, еңбек сүйдін, елді сүйдін,  
Қуандың ел қуанса, бірге күлдің.  
Сұңқардай сорғаладың қаһар шашып,  
Жауларға, зұлымдыққа окша тидін.

Уа, Горький халық ырысы күнді сүйдін,  
Халық үшін қайрат төктің, жандың,  
Күйдін,  
Қалайша жаудың саған өшіккенін  
Түсіндім, түгел бәрін түйдім-түйдім.

Уа, Горький, мәңгі өлмейтін шынды  
сүйдін,  
Достықты, махаббатты сүйдін шүйгін,  
Осыны қолдарымен жасап берген —  
Ленин мен Сталиндей ұлды сүйдін.


Қорғаның Лениннің ұлы туын,  
Қаһарлы қаламыңмен жауды кудың.  
Қастасқан қара жүрек сұр жыландар  
Қапыста зәрлі тістің тигізді уын.

Уа, Горький! Ардақтадың әділетті,  
(Барша адам сүйді оны адал ниетті)  
Қас қылған өміріңе жау нәлетті  
Көрленіп құрыш халық талқан етті.

Елімде Ленин тірі, Горький тірі,  
Жүрегі елімізге күндей жылы.  
Жаулардан елді, жерді тазартамыз!  
Қалады қалыбында күннің нұры.

1938





## У Л Ы М А <sup>104</sup>

(Папаништерге)

**А**қ басты Алатаудың Жамбылымын,  
Өленің ұлы сүре даңғылымын.  
Көктемдей қызғалдақтай қызық заман  
Кайта туып жасарған балғынымын.


Ырысты қалың халқым — гүлім менің,  
Гүлімнің қызғалдағы жырым менің.  
Теңіздей тасқындаған зор қуаныш  
Ойымды тербеткендей бүгін менің.

Бейнесін төрт заманның өзім көрдім,  
Заманның онан арғы сөзін көрдім,  
Қалмақ хан, Тезек төре, Құдияр хан,  
Усқынын Николайдың көзбен көрдім.

Жыр таптым, кісі менен іс таппадым,  
Іс дерлік ауызға алар күш таппадым,  
Сондықтан, «ағаш ерге — жіп құйысқан»,  
Мақпал жыр тапсам, құндыз еш таппадым

Тоқсаннан асты жасым, жүзге келдім;  
Табылды арман етіп іздегенім,  
Ел көрдім, ел бастаған ер де көрдім,  
Кезімде олақ тартқан сөзге менің.

Жырынды досың болса күлдіріп айт,  
Жау болса, жау тигендей бүлдіріп айт.  
Жыр деген біреуге оқ, біреуге бал,  
Дәл тиген оқ берендей жұлдырып айт!



Олай болса, карт жырау, Жамбыл баба,  
Жерінде жайраң қаққан елге қара.  
Қосылып омыртқасы өзенге өзен,  
Қосақтай қосылысқан көлге қара.

Теңіздей ел талабы шалқып жатқан,  
Үмітті ұшқыр қыял болашақтан.  
Ұлына мен мақтанбай кім мақтанар,  
Іспенен ел хиялын орындаған.


Аз емес атақты ұлым, әлденеше,  
Хиялдан асып туған тоқсан есе!  
«Тәңірдің» бермес бағын тартып алған  
Жамбылмын жер қожасы мен ендеше.

Ұлым бар құрыш мініп, көкті өрлеген,  
Күнге асып, ай мен жұлдыз қалған төмен.  
Күніне жұмыр жерді жеті айналса,  
Жетуге болжалында күші келген.


Тұмсығы жұмыр жердің қатқан мұзы,  
Тылсым боп өмір бақи жатқан мұзы,  
Тылсымның ашып жарық ашты сырын  
Елімнің алып туған ұлы-қызы.

Сүйікті Сталиндей шын данама!  
Тоғыз ай мұз төсенген төрт балама,  
Папанин, мұзды тілген ер Шмидтім,  
Бұл сөзді арнап жаздым сізге ғана!

1938,








## МӘСТЕК ПЕН ТҮЛПАР<sup>105</sup>



ртеде ерте-ертеде  
Астыма менің мінгенім:  
Тұлпар емес мәстек ед,  
Шуу-шуулеп әрең жүргенім,  
Борбайы борша, арқа арша,  
Көтерген әрең өз белін.  
Жауыры қазған ошақтай,  
Қыр арқасы пышақтай,  
Сүйреткен жалғыз сұлдерін.

Сол мәстекті тебініп,  
Өлеңдеттім, ән салдым;  
Ойға бардым, қыр бардым,  
Қара көз қызға көз салдым.  
Ауылдан ауыл аралап,  
Тулағымды сабалап,  
Тепсіне бердім, тұрмадым.  
Мазак етті қара көз  
Мәстегімнің тұрманын.

Өлеңімді өрлеттім,  
Өрге құлаш серметтім,  
Қалың елдің ішінде  
Зарын айтып сорлының  
Қайғылыны еңіреттім.  
Жесірлерді жетектеп,  
Жетімдерді тербеттім.  
Көтерем мәстек үстінде  
Талай да, талай жерді өттім.  
Талғаураған елді өттім,




Күндердің күні болғанда  
Ат шаптырған, той қылған  
Думанды жерге кеп жеттім.  
Арғымақ қосқан бәйгеге  
Байлар қылды кесірді.  
«Мәстек мінген әрі тұр!  
Жүйрік мінген бері тұр!» —  
Деп жуандар есірді.

Қызығын қалдым көре алмай,  
Ордаға қалдым ене алмай,  
Бәйгесіне ат қосып,  
Шабыстан қалдым ере алмай,  
Жата кеттім бір жерге  
Қорлыққа көрген көне алмай.  
Түсімде көрдім бір тұлпар,  
Жер тепсінген жануар,  
Қарай қалдым көз алмай,  
Оқыранып шақырды  
Шыр айналып, тұра алмай.  
Қайғырыппын түсімде  
Қалам ба деп міне алмай.

Тағы міндім мәстекке  
Ұйқымды ашып, түс тарап,  
Елді кезіп жөнелдім,  
Жануарды қақпалап.  
Он тепсінсем бір басып,  
«Тоқтай тұршы тоқта!»-лап;  
Түсте көрген тұлпарым  
Таптырмай кетті әбден-ақ,  
Жас жүректі жаншыды,  
Хыялға тұлпар ұялап.

Көз ашып бір күн қарасам,  
Ақ түскен кезде шашыма,  
Қадалыпты қызыл ту  
Алатаудың басына.  
Қажырлы халқым шығыпты




Жауыма қарсы ашына.  
Көктемнің күні туыпты,  
Қалыпты тұман басыла.  
Жайлаудан байды қуыпты,  
Бас ұрғызбай қашыра.  
Үйір-үйір жылқыны  
Үйіріп әкеп қойыпты  
Өзімнің дәл қасыма.  
Жайлауды басты өз малым,  
Жанадан жырды қозғадым.  
Бәйгелі тойда қолхоздың  
Жүйрігін көрдім озғанын.  
Жабағы жүннен арылып  
Жетілді мәстек тулағы,  
Жырымды сүйіп ардақтап,  
Таныды мені Сталин,  
Еңбегіме сыйлық деп,  
Түсімде көріп ынтыққан  
Тартты алдыма тұлпарын.

Тұлпарыма қарасам,  
Танадай көзі жайнайды,  
Аққудай мойны иіліп,  
Қазығында ойнайды.  
Тоқымы жібек, ері алтын,  
Ауыздығын шайнайды,  
Үзенгісі сынғырлап,  
Қарасам көзім тоймайды:

Қанатты тұлпар астымда,  
Құндыз бөрік басымда,  
Омырауымда орденім,  
Жар достарым қасымда,  
Қайтадан міне аттандым,  
Қыйырға бөлжап көз салдым,  
Төқсанға келген жасымда.

Далам да гүл, тауым гүл,  
Аспан ашық, жер жайсан.






Тұманмен бірге түріліп,  
Кұрыпты көзден ылайсаң.  
Домбырам бүгін сайрайды  
Серпіліп, сергіп ән салсам.  
Шуу жануар, шуу тұлпар!  
Үстінде бүгін мен сұнқар,  
Алты айлықты алты бас,  
Алдымда күткен халқым бар!  
Тұлпарлы жігіт аттанған  
Сталин берген даңқым бар.  
Кремльді жырлайын,  
Сталинді жырлайын,  
Домбыраны тартындар!

1938






## ШЫН ЖҮРЕКТЕН <sup>106</sup>



өзінді салшы далама,  
Түкті кілем түгіндей:  
Тауыма сұлу қарашы  
Қыздардың жыйған жүгіндей.  
Өзеніме қарашы  
Ағып жатқан гүрілдей.  
Ауылыма қарашы  
Қырдың қызыл гүліндей.  
Ән, күйімді тындашы,  
Батырлардың үніндей!  
Төбеге шығып отырмын,  
Домбыра менің қолымда.  
Әдейі шықтық күзетке  
Колхоздың малын шолуға;  
Түйем жатыр алдымда,  
Жайылған жылкым оңымда.  
Көптігі шөптей сыңсыған  
Қаптаған қойым солымда;  
Көлден құрақ суырған,  
Желіні сүттен сыздаған,  
Сыйырым анау шұбырған  
Сауғызуга ауылға.

Осынша байлық жеткізген,  
Төрт түлікті өргізген,  
Өзеннен су іштіріп,  
Жайлаудан қызық көргізген,  
Сораптап сүт саудырып,  
Уыстап май жегізген.





Жамбыл кыргыздын халык акындарынын арасында




\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_


\_\_\_\_\_




Ботасы боздап егізден,  
Қойы қоздап сегізден,  
Халқыма дәурен сүргізіп,  
Иемін жерге, дегізген!

Карасам кім деп көз ашып,  
Сталин екен шырағым,  
Қыздырып бойды өлеңім,  
Домбыраны бұрадым.  
Қолхозымды жыйып ап,  
Шын жүректен жыр төгіп,  
Сөйлеп бір кетті жырауың.  
Ынтамен халқым тындады,  
Күшімді сонда сынадым,  
Сталинді жырласам,  
Жалықпай тындап мың бір түн,  
Тағы да, Жәке, тағы деп,  
Тоқтатар емес сұрауың.

1938






## ОТАНДЫ СҮЙ <sup>107</sup>

**Б**алқытып бахыт ұйып елге, жерге,  
Жасарған мен Жамбылмын елмен бірге,  
Келді дос, сүйсіндірді көңілім хош,  
Махаббат, қою достық қалың елде.  
Сүйкімді үн, әсем әнім, терең күйім,  
Енезем — ыстық жүрек көңіл, мыйым,  
Отанға, ел жүрегі Сталинге  
Тартатын дем біткенше менің сыйым.  
Жасарған Жамбылда бар жалғыз тірек,  
Құлпырған шаттық шалқып, өмір үдеп.  
Тірегім: большевиктер елге ұйтқы.  
Өмірге өріс берген жалғыз жүрек.  
Сол жүрек ел достығы берік бірлік,  
Бірліксіз болмақ еді қандай тірлік,  
Әлемдік адал адам бахыт үшін  
Жығылмас ырысты ту сол өмірлік.  
Мен ғасырдың алғағы жүзге келдім,  
Ел бірлігін, бахытын іздеп едім.  
Айды аялап, күн күштым, нұр жамылдым.  
Кездесіп жетпіс үште іздегенім.  
Урпағым іздеп келген бахытты жас,  
Кімде-кім бірлік бұзса халыққа қас,  
Бірліктің берік туы тек коммунист,  
Өсиетім сол үшін күшағыңды аш!  
Өсиетім: шындықты, адалды сүй,  
Ардақтаған халықты, адамды сүй,  
Елдің тіккен іргесін игілікке  
Тап бүгінгі бахытты заманды сүй.





Отан сүй, Отан сүйген көсемді сүй,  
Соған айт әдемі жыр, сүйкімді күй.  
Тілек тіле ел сүйген Сталинге  
Дос еткен бар халықты етіп бір үй.

1938



КҮН ТОЛҒАУЫ <sup>168</sup>

9.5. Жауап

Өлеңім, май күнінің толға жырын!  
 Как қанат, қуаныштың ақтар сырын,  
 Жастығым шыққан күндей туды жаңа,  
 Құлпыртып көкке өрлеп жердің түрін.


1. Кұл болған қара зындан сұр мекенде,  
 Тамұқтай жаншып азап суық көрде,  
 Езілген халқым босап шықты жолға, —  
 Ленинмен жарық жолға — Октябрьде.

2. Көктей түс Отанымның шаттық бағы,  
 Келші ұшып, сайрай түсші, бұлбұл тағы;  
 Бұлбұлдай шаттық жырын ақтарындар!  
 От жүрек еркіндіктің адамдары.

3. Сүйкімді көгімдегі күледі күн,  
 Сол күнінің толған жырын береді үн,  
 Аспан, жер айналаның бәрі біздік,  
 Халқыма қол қусырып бағынған шын.

4. Тауына Алматының көз жіберсем,  
 Қара орман, бұрқыраған суын көрсем,  
 Тұлғасы Алатаудың халқыма ұсап,  
 Қайратпен көтеріле түседі еңсем.

5. Көрпесін кәрі ұйқының сілкіп тастап,  
 Кең далам міне өмірді шықты бастап,  
 Көктемнің күн нұрына шөмылған соң,  
 Шалдар да бозбаладай кетті ойқастап.



Жаз жырын, гүлдің жырын төгеді май,  
Ерлікті жан жүрекке егеді май.  
Бахытты кәрі, жасым бірдей сүйіп,  
Күн нұрын Сталиннің береді май.

Көктей түс, Отанымның шаттық бағы,  
Кел ұшып, сайрай түсші бұлбұл тағы,  
Бұлбұлдай шаттық жырын ақтарындар,  
От жүрек еркіндіктің адамдары.

О, күн-ау, төге түсші сәуленді сен,  
Күшінмен көп тарасын бахытты өлең,  
Нұрыннан басқа елге де жылу жібер,  
Май күнін елімдегі сүйсін әлем.

Айт күнім, жырлағанда ақын Жамбыл,  
Қырғыздан даусын қосып шықты Әлімқұл,  
Кұлпырған Грузия шуағында,  
Мен үшін сонау Гори\* туған ауыл!

Көктей түс Отанымның шаттық бағы,  
Кел ұшып, сайрай түсші бұлбұл тағы,  
Бұлбұлдай шаттық жырын ақтарындар,  
От жүрек еркіндіктің адамдары!

О, күнім, Жамбылдың тарат жырын,  
Тарат сен, ұлы халық ән мен күйін.  
Жеткіз сен май шұғласын күткен елге,  
Бахытты бай Отанның шаттық үнін!

Керек жері


Тасысын жарық бахыт тасқан сайын,  
Шаттығым аса түссін асқан сайын,  
Жер беті біздің жырмен дауыс беріп  
Сөйлейтін болсын түгел бахыт жайын!

Күнім сен! Лебің ыстық, түсің жарқын,  
Күнім сен! Тартқан сыйың қызыл алтын.

Керек жері

\* Гори — Грузиядағы Сталин жолдастың туған жері.





Сан жылдар сепкен сәулең мұнауратқан,  
Хандарға, патшаларға етпей рахым.

Жалғыз-ақ сенен күшті ер Сталин;  
Өмірдің қуаты мен берген сәнін.  
Сені де халқым үшін туғызған сол  
Жан беріп, жалынына қосып жалын.

Көктей түс, Отанымның шаттық бағы,  
Кел ушып, сайрай түсі бұлбұл тағы,  
Бұлбұлдай шаттық жырын ақтарыңдар,  
От жүрек еркіндіктің адамдары!

О, күнім, көріп пе едің жерде заңды,  
Жарығы асқан сенен, күші де әлді.  
Жалғыз-ақ Сталиннің бахыт заңы  
Құлпыртты күндей сүйіп адамдарды.

Сол менің өмірімнің жарық таңы,  
Халқымның қолға қонған көп арманы,  
Бахыттын бітпес көзі, кең дариясы,  
Күнім сол және Сталин алтын заңы!

1938.






ТАҒЫ БІТТІ ЖАҢА  
КҮШ <sup>109</sup>




амбыл алсын домбыра,  
Сал құлақты, Майтөбе,  
Тоқсан үш жыл жолдассын,  
Тоқсан үш жыл сырлассын,  
Неше тоқсан өткізген —  
Жасанды қартсын ертеде.  
Ортадап алсаң Шыңғыс бар,  
Қанды жорық тұрмыс бар,  
Таяғы найза қолға ұстар,  
Шанышқан адам кәуәбі\*  
Елде қанша қылмыс бар?!  
Өшікті неге хан-төре,  
Е, Майтөбе, Майтөбе!  
Болған кезде хан төбе  
Болған кезде бай төбе,  
Меңіреу едің сен неге?  
Ашулы едім мен неге?  
Көңіл беріп күлдірген,  
Жылы жүзді қай төре!..  
Өткен күнді жырласам,  
Сүйінгендей нем бар ед?  
Өзіндей биік шың бар ед,  
Арғы бетің ызғар ед,  
Бергі бетің мұн, зар ед,  
Ыйығыңда бай, манап,  
Баурың толған құлдар ед.  
Құл атаған халықты —

\* Кәуәбі (арапша) — бұл жерде етті отқа қақтау мағнасында.



Хандардың ханы қоканы,  
Император атағы,  
Түйесін жұтқан түгімен  
Батпақты судың наһаны —  
Патша деген мұндар ед.  
Биік сенің басың деп,  
Күнге тұрған жақын деп,  
Сені ескерген кім бар ед?  
Мені алып ақын деп,  
Ел сүйетін жақын деп,  
Мені ескерген кім бар ед?  
Сол сыяқты мұнды күн,  
Желдей саулап өткенде,  
Сенен ызғар кеткенде,  
Менен мұң-зар кеткенде,  
Сталиннің заманы  
Ел қолына жеткенде,  
Куаныш, бахыт нәсерін  
Тамылжытып төккенде,  
Қара, мына Жамбылға,  
Жыр төгеді алдында!  
Бозбалалық күй берген,  
Өмірден бөліп сый берген,  
Күңгірт тартпас күн берген,  
Алжаспайтын мый берген,  
Алтынменен аптатып,  
Күміспенен қақтатып,  
Зәулім сарай үй берген.  
Астыма жорға мінгізіп,  
Үстіме торқа кигізіп,  
Тәкаббар біткен шынардың  
Басын маған игізіп,  
Төбемді көкке тигізген;  
Көп тілегін көреген,  
Қынжылмайтын береген,  
Бұл не деген бай заман!  
Майтөбенің бауыры  
Гүл-гүл тартып жайнаған,  
Ел гүлінің бұлбұлы,





Жамбыл бүгін сайраған,  
Мен көмілген кұрыш ем,  
Тапты мені нұр заман.  
Сталиндей шебердің  
Дүкенінде қайнаған.  
Қайта соғып семсер ғып,  
Алғыр тасқа қайраған.  
Керегіне жапсын деп,  
Ел жанына байлаған.  
Алып халқым, анам ең,  
Сені сүйген балаң ем,  
Араласқан алпыс ұлт,  
Құмы алтын, суы сүт,  
Туын тіккен ырыс-кұт,  
Достығы берік жана жұрт  
Ұйтқысы большевик,  
Жүзге келген Жамбылды,  
Советке мүше сайлаған.  
Олай болса Жамбылға  
Тағы бітті жана күш,  
Сталиннің нұсқауы  
Мойныма жүктеп біраз іс,  
Анам үшін — ел үшін,  
Колхоз, совхоз қалың ел,  
Тоқсан үш жыл жүрген жер,  
Ұсыныс етсең мен үшін,  
Арнаның аузын ашайын,  
Теңіз болып тасайын,  
Құлпырып қайта жасайын,  
Узартып жырдың өрісін,  
Сталинім данышпан,  
Алпыс ұлтты ұлы Отан,  
Жан шыққанша жыр айтам,  
Сүйген елім, сен үшін.

1938





## ҚЫМБАТТЫ СЫЙ <sup>110</sup>



А үннеде жалғыз күн бар нұры сөнбес,  
Оны сөнед дегенге әлем сенбес,  
Ақылдың сомдап соққан биік шыңы,  
Ленин мен ұлы Сталин соған теңдес.


Еңбекке бере алатын анық баға,  
Мұхтажы жоқ, ерікті халық қана,  
Ондай ел — бахыт тапқан өз Отаным,  
Ер ұлы ел бастаған алып дана.

Тұрған күні қара тау қалқасында,  
Халқымның мен жетістім ортасында,  
Халық та, мен де жеттім мұратыма,  
Нұрымның Сталиндік арқасында.

Айшығы адамзаттың ұлы Ленин,  
Еңбек еткен халықтың күні Ленин.  
Жүрегімнің төрінде жұлдыз едің,  
Мәңгілік тақтым енді сені Ленин.

Қымбат сый, қымбат бахыт шексіз құны,  
Өкіметім сыйласа — халқым сыйы.  
Шаттық заман арнасы ағып жатқан,  
Мен емес мұны таққан — халық жыры.





## ЖАМБЫЛДЫҢ ХАЛЫҚ ҮШІН ҚАЛҒАН ЖАСЫ <sup>111</sup>




Үзге кеп бахыт тапқан ақын Жамбыл,  
Дүниеге түгел кеткен атын Жамбыл.  
Тілекке көп ансаған бүгін жеттің  
Далада жасасаң да ғасыр Жамбыл.  
Француз, Испан, Үнді, бүкіл одақ,  
Оқыдың арнап жазған хатын Жамбыл.  
Ел сөзі әрі мақтан, әрі міндет,  
Сөзінді терең ойға батыр Жамбыл.  
Құйған соң алқабыңа нұр тасқыны  
Мұхиттай шарықтаған тасы Жамбыл,  
Тасытқан Сталиндік алтын ғасыр,  
Сондықтан көкке жетті басың Жамбыл.  
Сүңгі де түбі терең тұңғыйыққа  
Жырыңның жыйна қымбат тасын  
Жамбыл.


Қаймағы адамзаттың көсем үшін  
Татымды жыр шербетін сапыр Жамбыл.  
Өң берген, өріс берген, өмір берген,  
Тойыңа бахыт, ырыс шашу Жамбыл,  
Халыққа соны берген заманыңды  
Шарықта, шынға шығар атын Жамбыл!  
Күш құйған жүрегіне, жігер берген  
Ардақтап, артық сүйед халқын Жамбыл.  
Бір минут оны ойынан шығара ма  
Жасаса тағы жүз жыл жасын Жамбыл.  
Халық үшін төрге төсеп төсек етер  
Ағарған сақалы мен шашын Жамбыл.  
Көтерген көкке төбе тірелгенше  
Иеді көпшілікке басын Жамбыл.

*Сөзінді терең*






Мен Жамбыл гасыр тұрған жүздегі қарт,  
Сайлауға ұсыныпты ел, депутат.  
Депутат — Ұлы Совет мүшелігі,  
Қол жетпес ұлы міндет, орны қымбат.  
Ес-алаң ел басқарған қауымдарға  
Мендей қарт күн етеді қайыршылап,  
Қай уақта ел сайлаған қадірлісін  
Жүргенде бірі күліп, мыңы жылап?  
Болмаса Сталиндік күндей заңы  
Еш елде болмақ емес адам азат.  
Сайлауға сүйген ұлын ұсынуға  
Қолында ердің ерік болуы шарт.  
Сондықтан бізде ғана бірдей сайлау  
Талғаусыз қатысатын бар азамат;  
Мейрімді бірлік берік, қою достық,  
Жайрандап, не істесем көңілім шат.  
Мейілі — мың жасасын, жүз жасасын,  
Мұндай күн көрген емес еш адамзат.  
Лениншіл-Сталиншіл большевиктер,  
Елімнің ұйтқысы мықты ынтымақ.  
Тірегім коммунистік қызыл туым,  
Жеңімпаз жеңілмейтін күшті қуат.  
Ел сенген депутаттың кандидаты  
Ішінде кандидаттың Жамбыл қарты.  
Ұл десе ел, басымды иіп қызмет етем |  
«Төрелік» депутаттың емес аты.  
Ол маған өз дауысын сеніп бермек,  
Мойнымда Алатаудай елдің ақы.  
Біткенше ақырғы дем айтам жырын  
Елімнің үстем болсын мәртәбасы.  
Соғайын асыл жырдың асқар тауын  
Түскендей күллі әлемге шұғыласы.  
Көркейіп көркем өнер өрістесін,  
Шарықтап шат елімнің салтанаты,  
Өнім — қарт, өмірім — жас қажымайтын,  
Қуатым Сталиннің шарапаты.  
Мен әскер, сап алдында садақ тартқан  
Елімнің өшпенді жазу келсе қасы.  
Жырымның жанарланған болмақ гүлі



Отанның өрлеп өскен шаруасы.  
Сайлаушы халық алдында ант етемін  
Жамбылдың халық үшін қалған жасы.  
Тынымсыз күні-түні етпек қызмет  
Жамбылдың кәрі жаны, домбырасы.

1956






## ТОЛҒАУ <sup>112</sup>

**Б**армақтай жәндік бұлбұл құс,  
Жаһанда жауы — зәрлі қыс;  
Аңсағаны жаз болар.  
Жаздың қонып гүліне,  
Ел ынтығып үніне,  
Бақшасында мәз болар.  
Бармақтай жанда қуаныш —  
Мұхиттай терең бар дыбыс;  
Шырқайды күйін, талмайды,  
Жаз күні жаһан түлеткен,  
Әсем күйін үдеткен,  
Салғанын қайтып салмайды.  
Мен құс емес — адаммын,  
Гүліне қонған заманның, —  
Шаттық күйін саираймын,  
Жүзге келдім демеймін,  
Тойыма шашу берейін,  
Жырдың туын байлайын,  
Жалпақ далам гүілдеп,  
Жалпы халқым күлімдеп,  
Жасарып, жайнап көнесі;  
Бахытты күйі аңқылдап,  
Шолындай туған жарқылдап,  
Өсеті елімнің өресі.  
Өмірге шырақ жағылып,  
Балдан дария ағызып,  
Бөленіп нұрға көбесі.  
Ел тілегі қалаған —  
Сталин берген жаңа заң,






Жаңа өмірдің шегесі.  
Заманнан заман — еш заман  
Қол сұғып бетін ашпаған,  
Өмірдің шын белесі.  
Асанқайғы, Жиренше  
Арман еткен өлгенше  
«Жер ұйық» атты жер осы.  
«Сегіз жұмақ» іздейтін,  
Қартаймайтын, өлмейтін,  
Орнатып алған ел осы.  
Шарықтадым, шалқыдым,  
Шырайлы жанды халқымның,  
Рыста жүзген кемесі.  
Күнге тіреу бойым бар —  
Бойыма теңес тойым бар,  
Тойым тойдың сүбесі,  
Еркі бірдей елім бар,  
Елім сүйген ерім бар,  
Ерлерім тойдың иесі.  
Заманның тасы болмаса,  
Адамның қасы болмаса,  
Ұлы думан ұлы тойда  
Жібімес кімнің денесі?

Заманды шолып көрейін,  
Ту басыма келейін,  
Жайлы еді деп кім ақтар  
Атақ үшін, бақ үшін,  
Хан қойды алтын тақ үшін, —  
Әкесін жарған Зұһакбар\*,  
Аты-шулы Мұхамбет,  
Болу үшін ел үмбет  
Сағитқа кұран жаздырып,  
Құдықтан кұран бергізді,  
Берген соң таспен көмгізді,  
Шайтан бар деп нандырып,


\* З у һ а к — фердаусидың атақты «Шаһнамасындағы» жауыз патшаның аты.




Бак талас боп Петрді  
Орда ішінде өлтірді.  
Өлтіруші қатыны,  
Ел қоймаған сайлаусыз,  
Елде болмас жақыны.  
Әділет жоқ, заңы жоқ,  
Еліне атқан таңы жоқ,  
Хан әулеті қан кұмар,  
Жалпы жұрттың дұшпаны  
Қаныпезер олар бар.  
Испан, қытай қырылып,  
Үй-орманы бұзылып,  
Басып жатып қайғы, зар.  
Жауын жарға түсіріп,  
Күлін көкке ұшырып,  
Ертең мендей той қылар.

Менің бүгін сайлауым,  
Сайладым елдің қаймағын,  
Сайлауым шаттық мереке,  
Бас кандидат Сталин!  
Өмірдің берген ұшпағын  
Еліме ырыс, береке.  
Ел гауһарын еледім,  
Ел қамқоры керегім.  
Қуанышты жалпы жұрт,  
Үлкен үйде алпыс ұлт —  
Ерге дауыс беремін.  
Жаңа заңмен жаңардым,  
Кандидат мен де саналдым,  
Ғасыр көрген көнемін,  
Орындалған ойыма,  
Ұлы думан тойыма,  
Шашу болсын өлеңім.

1938






## ЖЕҢІС ЖЫРЫН САЙРАНДАР! <sup>113</sup>

**О** балалар, балалар,  
Қарашығы көзімнің,  
Қуанышы сөзімнің;  
Кеудемдегі жүрегім,  
Таянышым — тірегім;  
Ардақтысы елімнің,  
Гүл шешегі жерімнің;  
Алдыңа келді қарияң,  
Өлең боп аққан дарияң  
Домбырасын басуға,  
Жырынан шашу шашуға,  
Кездесіп көзбен көруге  
Халық сәлемін беруге,  
Қуанбасқа бола ма,  
Жырламасқа бола ма,  
Осы отырған тойымда?  
Қуаныш сыймай қойынға,  
Сталиндік ту етіп,  
Жеңістің қақтық дабылын,  
Ойдан келді батырым,  
Қырдан келді батырым,  
Қаладан келді батырым,  
Колхоздан келді батырым,  
Сол батырлар ортаға ап  
Өзінің сүйген ақынын  
Шешіп жатыр жаңадан  
Жеңістердің ақылын.  
Біз Алатаудай ел едік,  
Теңемек болды ойға жау,





Біз тасыған теңіз сел едік,  
Теңемек болды шөлге жау;  
Біз атып болған таң едік,  
Түн етпекші болды жау.  
Біз әлемге жарық күн едік,  
Өшірмекші болды жау!  
Батыр болған ұлымды  
Кұл етпекші болды жау,  
Күндей күлген қызымды  
Күң етпекші болды жау!  
Жау ма бізді бөгейтін,  
Жау ма бізді жеңетін?  
Козғалып еді Алатау  
Табанында қалды жау,  
Долданып еді океан  
Толқыны жауға салды ойран;  
Қаһарланды отты күн,  
Оқ боп жауға өтті күн,  
Қуырдақтай қуырды,  
Күлін күмдай суырды.  
Шындықтың шаптық семсерін  
Дұшпандардан ақты қан,  
Шүберектей жыртылды,  
Өз ұлдарым игеріп  
Тізгінді қолға алғанда,  
Қыран кұстай қомданып  
Қыяға көзін салғанда  
Қараңдаршы не көрем?  
Қуана түскен ел көрем,  
Көгере түскен жер көрем,  
Атып жатқан мұнайды  
Таусылмастай сел көрем.  
Ағып жатқан алтынды  
Тұтасқан бейне сең көрем,  
Үйіліп жатқан көмірді  
Асусыз белге тең көрем.  
Сталиншіл ұрпағым,  
Тағы да құлақ салындар!  
Болаттайын берік топ

*Сталіншіл*




Деген атак алындар!  
Душпанға азу басындар,  
Канын судай шашындар!  
Душпанға семсер қайрандар,  
Оттай ойнап жайнаңдар!  
Бас көтерсе кімде-кім  
Күрмеп тілін байландар!  
Бахыты үшін Отанның,  
Бахыты үшін елімнің  
Улы Сталин атымен  
Жеңіс жырын сайрандар!

2, 5, 6, 36

1938.






КАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІН  
СЕССИЯСЫН АШАРДАҒЫ ҮШ ОРДЕНДІ  
ХАЛЫҚ АҚЫНЫ, ДЕПУТАТ  
ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ СӨЗІ <sup>114</sup>

**О** жолдастар, жолдастар!  
Асыл тастан шығады,  
Ақыл жастан шығады.  
Әділдіктің түрлері,  
Әдемі заман гүлдеді,  
Сталин соққан бесіктен  
Өрбіп өскен кіл жастар.  
Тоқсан үште жасы бар,  
Алатаудай шашы бар,  
Өмірі жас, жасы қарт  
Жамбылменен кұрдастар.  
Жарлығымен халықтың,  
Жамбыл қартың сөз бастар.

О, жолдастар, жолдастар!  
Шешен кісі сөз бастар,  
Адал кісі ел бастар,  
Адал туған ұл болсаң,  
Ленин менен Сталиндей  
Халық сүйіп қолға ұстар.  
Төрт миллион халық қалаған,  
Қалауына жараған,  
Адал ұл деп балаған,  
Жолдасым—балам—жан  
достар,


О, балалар, балалар!  
Баланы баулып өсірген,  
Сталиндей дана бар.  
Ырыстын шалқып шалқары,  
Кенеліп өскен дала бар,






Іргесі кұрыш ақ маржан  
Көркем салған қала бар,  
Көкейге сөнбес шам жаққай,  
Қаулап өскен сана бар;  
Маркс—Ленин ғылымы  
Тынықтан аққан саға бар,  
Көксеген бахыт бар адам,  
Сол араны жағалар,  
Арыған ел азаптан  
Сол арнадан нәр алар.  
Өрісі ұзын ол арна  
Әлемді түгел аралар,  
Оған бөгет болатын  
Қандай дәуде шама бар?

Токсан үштен жас асып,  
Жүзге келдім сағалап,  
Талай суық күн өтті,  
Жанымды қасқыр камалап,  
Халкым болды тоғайым,  
Жан сақтаған паналап,  
Домбырам болды ермегім  
Қоршаласа жамағат,  
Күн қақтаған тулақтай  
Арық атты сабалап,  
Жетпіс екі жыл өтті,  
Даланы кезіп аралап,  
Жетісудай жас көрдім,  
Ағып жатқан сорғалап,  
Қамауда тұрған бас көрдім,  
Көгендеген қоралап.  
Сырықсыз үйдей сықырлап  
Ел отырды — тобалап,  
Бай отырды кұдайсып,  
Өрге тасы домалап.  
Аш-жалаңаш ел азып,  
Реңсіз дала кұлазып,  
Өтті, кетті ескі күй  
Айтамын оған лағанат!



Көрсін әлем бүгінгі  
Шырайы жанған түрімді,  
Алатауым, даламның,  
Ұлы байтақ Одағым,  
Сыпырған қанау бұғауын  
Еркін өскен адамның,  
Сырын сырлап кім жетер,  
Жырын жырлап кім жетер,  
Сталиндік заманның.  
Коммунистік қоғамның,  
Орғын шапқан машина  
Кұлынындай құланның,  
Кұдырет салған құлыптың  
Кұл-талқанын шығардым.  
Өмір кілті адамда,  
Тұтқасындай құманның,  
Тетігі соның Сталин,  
Шынарындай шынардың,  
Көксегенім жаңалық  
Мен жаңаға құмармын.  
Ел бейнеттен арылды,  
Отаным Одақ қарулы,  
Ерім алып, жалынды,  
Іздегенім табылды;  
Нұр көмкерді тауымды,  
Көркейтті колхоз ауылды,  
Бауы берік достығым,  
Қалтыратты жауымды.  
Бахыттың ақты дариясы  
Тығыншығы алынды,  
Қуанды Жамбыл, қуанды.

Сүйікті ұлым, достарым!  
Халық өкілі Жамбыл қарт  
Ырыс туын ұстадым.  
Сталиндік заңымның —  
Күні атқан таңымның,  
Қозғалысы қанымның,  
Рахаты жанымның,



Соны маған сыйлаған  
Көсемім, досым Сталин.


Әлем әлем болғалы,  
Әлемге адам қонғалы,  
Атқан болар талай таң,  
Өткен болар талай жан,  
Өмір үшін жасаған  
Кім көріпті мұндай заң?!  
Жаңа заңды жасаған —  
Жаңа өмір мен жаңа адам;  
Ескі дүние күркесін,  
Күл көмірлі білтесін  
Шығарушы күл-талқан.

Халық түгел қатысып,  
Адамын қойып қалаған,  
Сан бейнеттен арылып,  
Ел менен ел достасып,  
Сан бұғаудан арылып  
Ер ерікті болғанда,  
Сан бөлшектен арылып,  
Жер ерікті болғанда,  
Елменен ел достасып,  
Достық қолын ұстасып,  
Тең ерікті болғанда,  
Сталиндік жаңа заң —  
Қоршауы соның ораған.


Жасасын ырыс жаңа заң!  
Жасаушы соны дана адам —  
Елдің кұты Сталин  
Жолына жаным садаған!  
Жаса, көркей, жаңа адам,  
Халық сүйіп қалаған,  
Жасасын халық бахытты  
Күннен де жарық заманаң!  
Жаңа заман құрылды,  
Жаңадан болды өрнегі,

Сөзін біздің






Ақ түйе қарнын жарғандай  
Керегін алды жердегі,  
Техниканың тетігі  
Көкке көлбей өрледі,  
Өрлеген сайын өрістеп,  
Өзінің шықты ерлері.  
Ерлер шығып жаңадан  
Жанаша болды еңбегі,  
Стаханов Алексей,  
Стахановшы елдегі,  
Техниканы мінгелі,  
Жер қыртысын қопарып,  
Астынан алды көмбені.  
Көк тәңірісі Коккинаки,  
Шар боп ұшқан желдегі,  
Мыңдап батпан жүгінді  
Құс қалтадай теңдеді.  
Мұз тәңірісі Папанин  
Сегіз ай тұрған сендегі,  
Одақ атты ұлы Отан  
Тірі жаннан сұрасан,  
Кім айталар аузымен:  
«Табиғатты жеңбеді?»  
Қыйсық соққан «кұдайдың»  
Анайы ісін жөндеді.  
Сондықтан оны күллі адам  
Гүл ашылған жер деді;  
Достар жайды құшағын  
Сталин құйған нұр деді,  
Суырды жаулар пышағын,  
Улы тісін басынды,  
Желкесін шұқып қасынды,  
Ысқырған жылан інінен  
Құйрығын бізге сермеді,  
ССРОның халығы,  
Табыстың әлем алыбы,  
Жаңадан еңбек қайнады,  
Іс басқарған басшымен,  
Қағаз жазған хатшымен,



Тау уатқан кеншімен,  
Соқа жыртқан қосшымен  
Табысында айырма  
Артық, кемі қалмады.  
Ас адамның арқауы,  
Сананың білім шалқары,  
Нығайып белін байлады,  
Қала, дала теңесіп,  
Тел қозыдай тең өсіп,  
Ашылды білім майданы.  
Театр, клуб үйі бар.  
Шырқаған ән, күйі бар,  
Сән-салтанат сайраны,  
Күннің нуры аққандай,  
Даланы түгел жапқандай,  
Ел құлпырып жайнады.  
Күнгірт ауыл, көрі ауыл,  
Көзі бар, көңлі көр ауыл,  
Орнында жаңа ауыл, —  
Ескінің шықты ойраны!  
Алтыдан бірін әлемнің  
Айтып тұрмын мен саған.  
Кәсібі тең жігітпен,  
Өлгенді қайта тірілткен.  
Сорғалап құйған нұр заман,  
Одақ атты Ұлы Отан  
Большевиктер бастаған,  
Енші бүгін тек саған.  
Капиталист айналаң  
Шеңбер болып қоршаған,  
Жар астында жау тұрса,  
Бейқам жатқан ұйқы арам.  
Испан менен Қытайда  
Қанды боран бұрқаған.  
Жанталасқан жауың бар,  
Қасын тіккен ол саған.  
Азғын-күзғын адамды —  
Үйреншік иттей жұмсаған,  
Жасуындай иненің




Жарық тапса қол салған,  
Умытпас сабақ бұл саған.

Жалағалы жау отыр,  
Кілемге түскен күйедей.  
Бірақ бізде қорған бар  
Бұрандалы шегедей,  
Боран аспас төбедей,  
Мүз ұнтаған кемедей  
Халықтың адал баласы  
Бір жүректі денедей,  
Ол қорған Қызыл Армия  
Ворошилов бастаған  
Аяқ аспас өредей...

О, балалар, балалар!  
Ақылы кәміл даналар.  
Сессияны ашқанда  
Айтарлық сөзім және бар:  
Ел сайлады, шын сенді  
Елдің тұзын ақталық.  
Жамбыл деп маған ат берді,  
Сөнуге қалған қартты алып, —  
Сессияны ашуға,  
Право берді көп халық,  
Сталиндік заң қосқан  
Міндетті тұрмын атқарып.  
Бүгін тағы жасардым  
Хұрметке ұлы шаттанып.  
Барша адамның қамқоры,  
Даналардың ең зоры,  
Жеткенінше қызыл тіл,  
Арна боп ақсын асыл жыр,  
Сталинді мақталық!  
Жаңа заң ерік бергенде,  
Төксан үшке келгенде,  
Қазақстан елінің,  
Ұлы Совет тобының  
Бірінші бетін мен аштым,






Бостандық жайып өркенін  
Халыққа түгел жеткенде  
Жердің үсті, күн астын  
Бүгін бе, әлде ертең бе,  
Жұмыр жердің үстінде  
Совет деген бір Одақ  
Болуға күмән қылмассын.  
Мен дүниеден кеткенде,  
Бахыт, ырыс, сән өмір  
Ұрпағыма жеткенде,  
Жер жүзінің адамы  
Бірінші топ өткенде  
Немерем бе, балам ба,  
Ашады топты мендей боп,  
Оған да жоқ күмәнім.

Елім, ерім, Отаным!  
Ашылды деймін бұл тобың  
Берік, бірлік — достыққа  
Жамбыл берді батасын!  
Ел көсемі Сталин  
Сталиндік жана заң,  
Ел достығы жасасын!

1938





## ЖАУҒА ОҚ<sup>115</sup>




Жамбыл деген жай атым,  
Халық менің шын атым —  
Жал, күйрығым, қанатым.  
Социализм Отаным,  
Қалаған бахыт мұрасын.  
Совет менің мындап жыл  
Аңсап тапқан мұратым.  
Жаңқамды жауға бермеске  
Отанға берген бар антым.  
Миллион-миллион барлық жан,  
Арыстан жүрек ер балам,  
Сарқылғанша тамшы қан  
Қорған, шебін құратын.  
Жау мойнын жұлатын, —  
Антым — осы болатын.  
Хасиетін Отанның  
Білмеген, менен сұрасын,  
Жау сергелден болмасын,  
Болса, көрсін оңбасын!  
Отаным менің шын дүние  
Аңсап адам тілеген,  
Бейнесі оның нұрлы жаз,  
Жер жасарып түлеген.  
Ұзын өре өркені  
Күнде ұзарып үдеген.  
Мұндай Отан қайда бар  
Бахытқа елді бөлеген?  
Отаным елдің жанындай,  
Қандай арсыз ала алар




Қанды айырып денеден?  
Кімнің оғы аспақшы  
Одағым тұрған төбеден?  
Отпен ойнап күйгелі,  
Жау жармасса шыңыма.  
Қанды соғыс ол жауыз  
Шала ұстаған қолына.  
Соғыстың соққы жауабы --  
Бірлік туы қолымда.  
Ел көсемі Сталин  
Халықтың берер бұйрығын.  
Алпыс ұлттың айбынды  
Адалды сүйген ұлына.  
Бейбіт жатқан еліңе  
Бір оқ атса, мың оқ ат!  
Пасық аяқ аттаса,  
Төбесінен тау құлат!  
Қайтсын кейін қорғалап,  
Ақсын қаны сорғалап,  
Өз қанына бөгелсін,  
Қанға болса кұркұлақ;  
Тұяғымен танкінің  
Күлге айналдыр мылжалап!  
Жыланға көз аштырмай  
Төбесінен бомбалат!  
Бізде жауға рахым жоқ,  
Жау жазасы жалынды оқ!  
Таста кейін шаласын  
Өз жерінде жансын өрт!

1938







## ҒАЛІМ ІНІМЕ <sup>116</sup>

(Академик Келлерге)



Эш келдің, ағанды іздеп ғалім інім,  
Жасарған Сталинмен жаңа өмірім,  
Асауын табиғаттың бағындырған,  
Тілегім — өрістеген оқу, білім.

Заманы Сталиннің үдемелі,  
Бахытқа адамзатты бөлегелі,  
Жамбылдың бұрынғыдан жыры басқа,  
Халықтың орындалып тілегені.

Бұрынғы зарлы жыры шаттық болды,  
Орнына ашу-араз достық болды.  
Достықтың ұйытқысы ұлы Сталин,  
Күннен де жүрегіме ыстық болды.


Мен оны ешқашан да ұмытам ба,  
Іздесем, досым, бұрын табылған ба,  
Мінеки жер шетінен іздеп келдің,  
Жолықтым бауырыммен сағынғанда.

Теңіздей тағы болдым тасытқандай,  
Тасқан жүрек жауларды жасытқандай.  
Отыр, ғалім, әңгіме айт, мейрім қансын,  
Сөзің бар қайтам деген асыққандай.


Ғалімдер біздің елде таудан биік,  
Оның орны жоғары — халқы сүйіп,  
Ғалімге бригадир ұлы Сталин,  
Сондықтан хұрмет етем басымды иіп!



Жамбыл және академик Б. А. Келлер  
(Б. Чекалинның суретінен)









Москваның барсаң сәлем шаһарына,  
ЦЕКадай ұлы штабым, гауһарыма,  
Сталин, Молотов пен Каганович,  
Калинин, батыр Клим өреніме.

Басталса арсыз, жауыз жаудан жорық,  
Бірлікпен батыр шықпақ елді қорып,  
Көп ұлтты, мықты достық ұлы Отаным,  
Сүйегін көлге тастар күл ғып үгіп.

Уа, інім, хұрметіне өлең айттым,  
Тақалып жүзге келген Жамбыл қартпын.  
Бауырым, ұлы Ресей, Отаныма,  
Қартынан Алатаудың, сәлем айтқын.


1938





## ЕЛІМНІҢ ҚЫЗДАРЫНА <sup>117</sup>


**Т**анадай көзі жайнаған.  
Талпына қанат талмаған.  
Қуанышты қыздарым  
Беті қызыл алмадан.  
Алтын кірпік, ай қабақ,  
Жамалы жарқын айнадан.  
Жүрегі қызыл Кремль  
Жұлдызындай ойнаған.  
Көкте болса көгінде,  
Жерде болса жерінде  
Қолға алғанын қопарып  
Құлшына жеңбей қоймаған;  
Алатаудың бахытты  
Бұлбұлындай сайраған.  
Бақ дарыған Отанның  
Қыздарым жерін жайлаған.  
Қартайған Жамбыл атаңның  
Қыздарымдай жасарған,  
Жыры бар сізге арнаған.  
Сол жырды енді айтамын,  
Қыздарымды көргенде,  
Көрген сайын жасарам  
Сендермен бірге жүргенде,  
Төбем көкке тиеді,  
Қуана сіздер күлгенде,  
Жамбыл желдей есесін  
Көмейден өлең келгенде,  
Бірің білгір оқушы,  
Бірің кілем тоқушы,




Бірің доктор, кейбірің  
Далада алтын колхозшы,  
Соны көріп қуанад  
Тоқсанға Жамбыл жеткенде,  
Құлшынбай Жамбыл не қыл-  
сын,

Тоқсан жасты бүркіттей  
Бүріп тастап жеңгенде.  
Көлде жүзген аққудай  
Қызымды да өсірген,  
Шахтының тасын уатқандай  
Улымды да өсірген,  
Жүрегімнен жылжыған  
Жырымды да өсірген.  
Күннен де нұрлы Сталин;  
Осыларды өсірген,  
Отан үшін, ел үшін,  
Толқыны күміс көл үшін,  
Шөбі шүйгін жер үшін,  
Отанды күндей күлдірген,  
Сталин үшін, ер үшін  
Қыздарым гүлдей жайнаңдар,  
Еңбекке, іске таймандар,  
Сендер де бір әскерсіз,  
Ел шетіне жау келсе,  
Тас-талқанын шығарып,  
Жай тасындай қайнаңдар!

1938







## ҮЛКЕН МХАТка <sup>118</sup>

**Е**л өссе жер үстінде, мендей өссін,  
Сталин бақшасында гүлдей өссін,  
Өрістеп улы ұяда, қыз қыяда,  
Мұхиттай суы шалқып, желдей өссін.


Ел өссе, мендей болып ғылым өссін,  
Техника, мәдениет, білім өссін,  
Басшысы большевиктер, елі ерікті  
Өнерден басып өтпес менен ешкім.

Уясы көркем өнер МХАТ ордам,  
Қырық емес жүздеген жыл тойың келер.  
Өнерпаз әлемге үлгі ұл өсірдің  
Алтындай зер шебері тартқан сымнан.

Аузыма түсті еріксіз тағы Сталин,  
Бахытты елге ұйыған шамы Сталин,  
Көгінде сол көсемнің сен бір жеміс,  
Шындықтың айнасы боп қарыштадын.

Алып ел, әлемдегі алып өнер,  
Қырық емес жүздеген жыл тойың келер.  
Өнердің жер үстінде бұл бесігі,  
Мәпелеп ұл мен қызды өсір шебер.


Мен Жамбыл, үлкен МХАТ саған арнап,  
Жіберем елден алғыс сәлем жалғап.  
Өс, өрле, мәдениет қазнасы бол,  
Ленин мен Сталиннің туын қолға ап.



## ЖАСТЫҚ ЖЫРЫ <sup>119</sup>




үрегім менің елжіреп,  
Көзімнің жасы мөлдіреп,  
Өткізіп ем ертерек  
Өксумен бала шағымды,  
Көксегем бірақ көбірек  
Бахытты болашағымды,  
Алба-жұлба киініп,  
Кедейлікке күйініп,  
Жаяулап жерді жағалап,  
Домбыраны сабалап,  
Безегем тіл мен жағымды  
Иегіме сақал біткенше,  
Октябрь нұры жеткенше,  
Аймалап туған еліме  
Күн гауһарын сепкенше,  
Жаралағам жанымды.  
Ленин менен Сталин  
Октябрьде танымды  
Атқызғанда аялай,  
Қой үстіне боз торғай  
Жұмыртқалап, ұялай,  
Туғызды оннан айымды!  
Сонан былай өмірдің  
Кұсы қонып қолыма,  
Кұстай ұшқыр сезімді  
Беріп менің жаныма,  
Жеткізіп Жамбыл өлеңін  
Отанымның ойы-қырына,  
Қанат қаққан сұңқардай




Қарасам жан-жағыма,  
Жер жаңарып, ел өрбіп,  
Көрді жастар шолпандай  
Шалқыған шаттық шағынды.  
Бәрі балам немерем,  
Өберем мен шөберем,  
Оның атын сұрасаң,  
Бахытты туған комсомол,  
Комсомолдар шүйілсе,  
Тастүлектей түйілсе,  
Халық жауы, таң жауын  
Жымырып жерге шаншады ол,  
Таң жастары жайнаған,  
Ұлы Сталин баулыған  
Қарашы, міне қаулаған,  
Комсомолдар қанша мол!  
Ұлы Сталин ұрпағы  
Гүлдерім менің — комсомол,  
Жасым кәрі болса да,  
Жүрегім менің комсомол  
Қанаттанған қырандай  
Қадірлі елде комсомол.  
Қызығамын көргенде  
Болсам деп мен де комсомол.  
Толып жатыр Отанда  
Ұлым менің комсомол,  
Жасым кәрі болса да,  
Жырым менің комсомол!  
Бағы ашылған елімде  
Ұлдарымның үніне  
Жасарған менің әнім де  
Тұра ала ма қосылмай!  
Сендердің ыстық қандарың!  
Нурлана түссін таңдарың,  
Айналайын айбарлы  
Жүректі жас балдарым,  
Осындайда сендерге  
Жыр тұрсын ба жосылмай!  
Туса тусын туындап,







Жас дегенің осындай!  
Кеп-кеше туған бала еді  
Жетіп қапты жыйырмаға,  
Жігіт боп бәрі өсіпті  
Не деген шіркін несіпті!  
Өмірдің балын жесіпті,  
Егілген ойға, қырға да,  
Елгедағы, жерге де,  
Көккедағы, көлге де,  
Анаға да, ұлға да,  
Өмір беріп ерге де,  
Бахыт беріп нұсқаған  
Ленин менен Сталин  
Таң шапағы бір ғана.  
Сталиннің қуаты  
Ел шаттығын тастырған,  
Сталиннің қуаты  
Ерді көкке ұшырған,  
Таудан алтын шаштырған,  
Сталиннің қуаты.  
Ер комсомол ұрпаққа  
Ерлік қадам бастырған,  
Ұшқыш етіп жастарды  
Ұшса көктен астырған.  
Ер боп өскен жастарға,  
Өрле деп биік асқарға,  
Өрлеу жолын ұсынып,  
Күннен де биік ұшырып,  
Мұз түндігін аштырған.  
Ұлы оғын шашыратып,  
Ұлы Отанға тас атып,  
Жау келсе егер лепіріп,  
Жауды жеңіп жапырып,  
Сталиннің ұрпағы  
Қас қылғанды тас қылған!  
Соның үшін толғанып,  
Домбырасын қолға алып,  
Түсіріп жырды жортаққа,  
Сталиндік ұрпаққа



Жыйырмага жетіп жасанып,  
Жауға қарсы қасарып,  
Жеткен жасты көргенде;  
Кәрі Жамбыл жасарып,  
Отан үшін майданға,  
Барады Жамбыл жырымен  
Өлеңнің көлін тастырған.

1938






## ТРАМВАЙ <sup>120</sup>

**К**үнде, күнде құлпырды  
Алатау сенің бауырың,  
Трактор мен комбайн  
Күрілдеді ауылым.  
Сусыз жапа бейнеттен  
Арылғанда халығым.  
Құлазыған далада  
Қаланың құрдым алыбын.

Сталин тұрған Кремль —  
Соғып тұрған жүрегім.  
Сол жүрек маған жан берген  
Сарқырап өмір шүмегің.  
Шаттықтың берді шалқарың,  
Қуанам күнде, күлемін.  
Үздіксіз маған нұр құйып,  
Орындалды тілегім.

Ақ домбырам арындап,  
Арнадай ағып сарылдап  
Жырыңды ағыз халыққа,  
Бүгінгі жырың асыл жыр,  
Жыр біткеннен басым жыр,  
Тындаудан құрыш қана ма,  
Алматының көрігі,  
Адамның жүрек көлігі  
Трамвай құрып қалаға,  
Улым, қызым өмірім,  
Заманға құрдас серігім,






Жырдан шашу бола ма!  
Трамвайшы балалар,  
Атаңнан ақыл ала бар —  
Күшейте түс тоғынды!  
Калаң менен далаңа  
Сөнбес жағып шырақты  
Ұзайта бер жолыңды.  
Болдым тәтті сүйіскен,  
Басыңа басым тиіскен  
Босатпа бірлік тобыңды!  
Мадридта, Шанхайда  
Бүлдірген елді айуанға  
Тарт дендер жауыз қолыңды!  
Шектен жаулар асқанда,  
Аяғың қыя басқанда,  
Тогындай күшті оғыңды,  
Тас-талқан ғып уатып,  
Сүйегің жардан құлатып,  
Дүниеден жоқ қыл көрімді!

1938





## ДӘРІГЕРЛЕР СЪЕЗИНЕ <sup>121</sup>

**К**

азақтың тиеп алған көп мақалын,  
Мен өзім көпті көрген ақ сақалмын.  
Дәрігерлердің съезін құттықтарда  
Солардың бәрін де мен есіме алдым.

«Байлық алды — денсаулық» — деген  
мақал,


Ғасыр бойы жатталып келе жатқан.  
Халық айтса қалып айтпас дегендейін,  
Дұрыс-ақ, орынды сөз тауып айтқан.

Өткен күн көзге танық, ойға елесті, ✓  
Білемін қан сасыған заманды ескі,  
Жасы жүзді қусырған кәрі Жамбыл,  
Басынан өткерген ғой не белесті.

Қанқұйлы Николайдың заманында,  
Езіліп елім оның табанында,  
Халқымды қай-қайдағы ауру басып,  
Оба кеп, елді қойдай қырмады ма?

Оба кезіп қазақтың сар даласын,  
Өлімнің жалаңдатып ұстарасын,  
Нелер қыршын, нелер сабаз халық ұлының  
Мезгілсіз қылып кетті жас қолқасын.

Сүзек, шешек, мерездер айналдырып,  
Халқымды аурумен булықтырып,



Есімді, еркімді алып езген патша,  
Қырылса қараған жоқ мойнын бұрып.

Нұр шашқан Сталиннің заманасы,  
Халқымның бәрі түгел мал мен басы.  
Ауру әлдеқашан арылды елден,  
Қазақтың дем алды еркін сахарасы.

Сталин ардақтайтын адам басын,  
Аударып халқыма шын ықласын,  
Елімнің денсаулығын ойлайды ылғый,  
Күлімдеп күн сыяқты нұрын шашып.


Гүлденген қызғалдақтай қыздарымның,  
Айбатты арыстандай ұлдарымның,  
Дені сау, әл-қуатты болуы үшін,  
Салады Кремльден көзінің қырын.

Құттықтап съезінді дәрігерлерім,  
Бәріне жүрегіммен сәлем бердім.  
Денсаулық майданында балаларым,  
Әрдайым орындандар ел тілегін.

Атану ел дәрігері үлкен атак,  
Сақтандар сол атақты іспен ақтап.  
Сақтандар денсаулығын Отанымның,  
Құртындар ауруды келген отап!








## СӘЛЕМ БЕРЕМ МОСКВАҒА <sup>1922</sup>

**С**әлем берем, Москваға,  
Арман бар ма, Москвам,  
Сені көрген адамда.  
Сендей сұлу қала жоқ,  
Он сегіз мың ғаламда.  
Уа, хұрметті астанам,  
Сәлем бердім өзіңе,  
Мені тартғың алыста,  
Жылы ұшырап көзіме.  
Отанымның жүрегі  
Жалтыраған айнадай  
Көшең қандай сәулетті.  
Аспан зәулі үйлерің,  
Тұрғандарың дәулетті.  
Күллі ғалам көз тігіп,  
Москва саған қарайды.  
Бахыт тапқан біздің ел,  
Өмір гүлдеп күлгенде,  
Нұрлы астанам Москваны  
Жүрегіне санайды.  
Отанымның тамырына  
Барлық бахыт, барлық ой  
Кремльден тарайды.  
Араладым көшенді,  
Көзімді тартты үйлерің  
Сонда тұрад Сталин  
Бүкіл әлем сүйгені.  
Дүние жүзі бұл күнде,  
Москва сені біледі.



Шет елдерде езілген  
Қан аралас жас ағып,  
Екі бірдей көзінен  
Аш, қорлықта жүргендер,  
Саған көзін тігеді,  
Сенен үлкен күш алад,  
Жауларымен күрессе,  
Арта түсед жігері.  
Кремльдің басында,  
Қызыл жұлдыз жанып тұр,  
Ол елімнің бахыты,  
Улы Сталин берген нұр.  
Астанамды аралап  
Салтанатын карадым,  
Мавзолейге бас идім,  
Әсер алдым, жыр кұйдым,  
Аспандаған үйлердің  
Кабаттарын санадым.  
Анау тұрған әдемі үй,  
Күн отырған Кремль.  
Жатыр Ленин жанында,  
Күндіз, түні тыңдаумен  
Отанымның жүрегін,  
Астанамды көргенде  
Қуат кірді бойыма,  
Жүрек сондай қуанып,  
Өлең түсті ойыма.  
Ағындатты жырымды,  
Күн сыяқты Кремль.  
Сәлем, қызыл Москва!  
Отанымның жүрегі,  
Халық бахытын жыр қылған,  
Дала ақыны Жамбылдан,  
Москва, саған көп сәлем.  
Жаса, ардақты астанам,  
Көзін тіккен күллі әлем!..

„СОЦИАЛИСТІК  
ҚАЗАҚСТАН“ ТОЙЫНА <sup>423</sup>


**Қ**ұттықтаймын өлеңмен,  
Шыққанда бес мың нөмірің!  
Күнде оқыймын өзіңді,  
Қадап кәрі көзімді.  
Балаларым оқыса,  
Не жазған деп тындаймын,  
Әрбір сөзін тыңдасам,  
Әсе түсед көңілім!  
Сенің жазған сөздерің,  
Шындығы біздің өмірдің.  
Біздің елде баспасөз —  
Асыл құрал алмастай.  
Менің сұлу өмірім,  
Толкынданған теңіздей  
Ортасында нұр шашып —  
Тұрған алтын жартастай.  
Біздің елде баспасөз —  
Шындықтың үлкен құралы.  
Біздің елде баспасөз —  
Ылғый шындық айтады —  
Коммунизм ұранын.  
Сталиндік баспасөз —  
Күрес ашад жаулармен,  
Бахытты өмір құрады.  
Нөмірің толған бес мыңға  
«С. Қ» сенің тойыңда,  
Құттықтау сөз сөйлерде,  
Өлең түсті ойыма.  
Шындығын айтып өмірдің,






Оқушың көп өзіңнің,  
Көңілі соқыр жан болса,  
Таныт оған өмірді.  
Оят сана-сезімін,  
Мұнан да әрі көп жаса!  
Елімізде шығатын,  
Шындықшыл көп газеттің,  
Берер батам — бірі бол!  
Сөйле шындық сөзімен  
Партияның тілі бол!  
Сталиннің тілі бол!

1933




*Handwritten signature in blue ink, possibly reading "М. Әбдішев" (M. Abdisev), with a date "1933" written above it.*



МАЛ ӨСІРГЕН  
АЙМАҚКА <sup>124</sup>


**Т**өрт түлікті өсірген,  
Тұнық суды кешірген,  
Колхоздағы ерлерім!  
Күтты болсын съезге  
Басты қосып келгенің;  
Малды өсірген, өргізген,  
Шалғынды шалып жегізген,  
Малға жайлау жайнатқан,  
Тау бауырын жайлатқан,  
Құлындатып биені,  
Боталатып түйені,  
Мыңғыртқан малды елім бар  
Біздің алтын аймақтан!  
Төрт түліктің тұяғы  
Жерді шарлап із еткен.  
Шабандарым асқарда  
Жегізбей малды қасқырға,  
Күні, түні күзеткен!  
Ай мүйізді сыйыры  
Желінінен сүт аққан,  
Тау өркешті аруана  
Ағылған шар тараптан;  
Күңгір-күңгір кісінеген  
Алтын жалды арғымақ,  
Шапса жерді қуырған,  
Ескен желдей ағындап,  
Қой қозысы құландай,  
Ешкісі бөрте бұлақдай,  
Колхозда өскен түлігім

М. Ә. Ә.



Жайылған қаптап табындап,  
Малым тұрсын жерімнің  
Меруерт болды әр тасы!  
Бағы қонған елімнің,  
Құлпырған мынау жерімнің,  
Отаным құрыш қалқасы!  
Малыма шөп болатын  
Шалғыны шалқар көлімнің,  
Алтын дәні аймақты  
Аялаған елімнің,  
Күнім менен көгімнің,  
Жаннат болған жерімнің,  
Себебін халқым сұрасан,  
Сталиннің арқасы!  
Немерем, ұлым, балларым,  
Өсе берсін малдарың!  
Малға қастық қылатын  
Кұрт Отанның жауларын!  
Кой үстіне боз торғай  
Жұмыртқалап ән шырқай,  
Тұрған кезде қарт Жамбыл  
Секілденіп дәл бұлбұл,  
Сталиннің атына  
Жырлаған, жырлайд  
жырларын!

1938




44/20





Жамбыл жазушы В. Ивановпен сөйлесіп отыр






## ЖАҢА ЖЫЛ <sup>125</sup>




Домбыраны қолға алсам, а  
Ағылған күй мен жыр көрем; б  
Өміріме көз салсам, а б  
Жайнаған жарқын нұр көрем; б  
Туған айға қарасам,  
Теңеліп өсіп аласам,  
Жанға жайлы жанары,  
Жылжып бір келген жыл көрем.  
Сахытты халқым, шат елім  
Жаңа жылдың келгенін  
Шаттықпен қарсы ала біл,  
Күмістей қардың суынан,  
Суарылған қырынан,  
Көктемде егін салады,  
Жаңа жыл жылжып келген соң  
Өндіріс те өрлесін.  
Тебіндей өскен төрт түлік  
Туындай түлеп төлдесін.  
Жаңа жылда мың бұрап,  
Домбыраның пернесін,  
Жамбыл да күндей жарқырап,  
Жырым бір құлаш сермесін!

1939









## ОРЫНДАЛҒАН АНТ ТУРАЛЫ ЖЫР <sup>126</sup>



Ленинге ұлы нұрдайын  
Жыр арнап оның дидарын  
Тіл жеткенше сыйпаттап  
Кұяйын өлең балдайын,  
Бірге туған Ленинмен,  
Тұңғыйық теңіз түбінен  
Сүзіп бір алған інжудей  
Сөз асылын тандайын,  
Көсемім көркем келбетін  
Арайлап атқан тандайын.  
Көзің шолпан жұлдыздай,  
Жиһаннан биік мандайың,  
Жүрекке жылы, көзге ыстық  
Туған алтын айдайын.  
Көз алдымда тұлған тұр  
Биік бір зеңгер таудайын.  
Халықты нұрың қарық қып,  
Қараңғыны жарық қып,  
Жарқырап жанған шамдайын.  
Сен туғанша әлемге  
Күн туды ма көгінен?  
Сен туғанша әлемге  
Туды ма ай көк төрінен?  
Сен туғанша әлемге  
Гүл жарды ма жерінен?  
Сен туғанша біздің ел  
Арылды ма шерінен?  
Сен туғанша кетті ме  
Бұлт асқар тау белінен?




Асыл Ленин сондықтан  
Сен нұрлысың күннен де,  
Асыл Ленин сондықтан  
Сен нұрлысың айдан да,  
Тарихтың ұлы алыбы  
Сен биіксің таудан да,  
Халыққа қанат қаққызған,  
Әлемге таң атқызған,  
Сен жарыксың таңнан да,  
Жалыннан күшті бір отсын,  
Күннен де күшті қуатсын  
Туған бір біздің жалғанда!  
Мавзолейді мен көрдім,  
Тоқсаннан асқан жасымда,  
Құшақтап қана сүйгендей  
Тұрдым біраз басында.  
Езу тартып, көз жұмып,  
Жатысыңа жан ұйып,  
Балқытқандай келбетің  
Таудың қара тасын да.  
Нақ өзіндей пішінде,  
Қырандайын күшінде,  
Орындап берген ұлы антын  
Кремльдің ішінде,  
Сталин тұр қасында.  
Партия атын жоғары  
Таза қылып ұстағын,  
Деп еді Ленин, ұлы антын  
Орындады Сталин!  
Көздің қарашығындай  
Бірлікті құрыш ұстағын,  
Деп еді Ленин, ұлы антын  
Орындады Сталин!  
Пролетар диктатурасын  
Нығайтып таза ұстағын,  
Деп еді Ленин, ұлы антын  
Орындады Сталин!  
Жұмысшы-Шаруа одағын  
Нығайтып таза ұстағын,




Деп еді Ленин, ұлы антын  
Орындады Сталин!  
Отанның ұлы одағын  
Нығайтып кең ұстағын,  
Деп еді Ленин, ұлы антын  
Орындады Сталин!  
Жиһанда Интернационал  
Туын берік ұстағын,  
Деп еді Ленин, ұлы антын  
Орындады Сталин!  
Өсиет еткен өлерде,  
Лениннің көп нұсқауын,  
Кұрыштай қыран ұлы антын  
Орындады Сталин!  
Сусынындай жанымның,  
Ыстығындай қанымның,  
Жарқырап атқан таңымның  
Ұлы Ленин алыбы,  
Ленинше туды ұстаған,  
Ленинше елді бастаған  
Бүгінгі Ленин Сталин —  
Жарығымның жарығы!  
Уйықта, Ленин данышпан  
Өлген жоқсың, тірісің,  
Жүрегінде халықтың,  
Нақ төрінде тарихтың,  
Жарығында жарықтың  
Өмірдің де нұрысың.  
Сен жерімнің гүлісің,  
Сен елімнің тілісің,  
Жерімнен ағып құйылды  
Қызыл алтын, күмісім,  
Рең шашқан өмірден  
Өрбіді менің ырысым,  
Ленин менен Сталин  
Көркейткен қызыл штабын!  
Екі алып күшті бір отсын,  
Күннен де күшті қуатсын.  
Сендерден ғана алынған






Меніңдағы тынысым.  
Жаңа күшпен тасқынды,  
Өрлеген шарлап аспанды,  
Жүз жасаған жасарып  
Жамбылдың да жырысын!

1939






## БИЗДІН ДӘУІРДІН БАТЫРЛАРЫ <sup>127</sup>




быройлы аймағым,  
Ал тыңданыз кәнеки!  
Сөйлейін деп келеді  
Тіл менен жақ, көмекей,  
Жамбыл—Жамбыл болғалы,  
Жыр санаға толғалы,  
Жамбыл — Жамбыл болғалы,  
Ел көшіп талай қонғалы  
Көрген талай батырды,  
Батырлар тіккен шатырды,  
Желекті найза қолға алып,  
Сұр жебені жолға алып,  
Жолбарыстай долданып,  
Ағайын үшін арланып,  
Шамырқанса шарт кеткен  
Көргем талай батырды,  
Жауға тиген шамданып,  
Жамбыл — Жамбыл болғалы,  
Жыр санаға толғалы  
Есіткен талай батырды:  
Ер Рүстем Дастанды,  
Сұраншы батыр, Өтеген,  
Жауына оқтай төтеген,  
Селебелі, сауытты  
Көргем батыр Саурықты  
Жау қамалын бітеген.  
Шықса да олар майданға  
Халыққа қоныс табалмай,  
Бостандық, бахыт ала алмай,




Еңреп елдің ұлдары,  
Қу найзасын кұшақтап,  
Арманда өлген, арманда,  
Неге десең ол кезде  
Хан талауда, жалмауда,  
Жамбылдың да сол кезде  
Өткен бір жыры зарлауда.  
Ол бір кезде халықта  
Ұмтыларға шама жоқ,  
Қарленсе де хан, патша,  
Жайнаған қара халыққа  
Заман ахыр болған жоқ,  
Әуеден Иса түскен жоқ,  
Жерде Мәди жүрген жоқ,  
Қара халық алайда,  
Сол бір сұмырай заманда  
Бүйірі шығып көрген жоқ,  
Ол кезде баста тізгін жоқ,  
Аққу көлге жүзген жоқ,  
Алайда халқым сол күнде-ақ,  
Бахыттан күдер үзген жоқ.  
Абыройлы аймағым,  
Ал, тыңдаңыз кәнеки!  
Сөйлейін деп келеді  
Тіл менен жақ, көмекей.  
Ұрыс шығар мияттан \*  
Сөз атасы құлақтан,  
Су атасы бұлақтан,  
Ер туады халықтан,  
Нұр шығады жарықтан,  
Сөз келеді икеммен,  
Ақ болат шығар дүкеннен,  
Тоқсаннан асқан жасымда  
Жалынды қызыл ер көрдім,  
Душпанға қылыш сілтеген,  
Қазіргі қызыл батырдың

\* М и я т — тілектес, достас, көңілдес мағнасында.






Айбыны жауды қайырып,  
Кара тасты айырып,  
Көк берендей түтеген,  
Ленин менен Сталин  
Халық үшін туды да,  
Халық үшін майдаға  
Белді берен буды да,  
Қызыләскер ерлерге  
Беріп қызыл туды да,  
Самғаған сайын қырандай  
Шақырып майданға ұрандай,  
Жанғыртты тау мен шынды да,  
Сол кезде қызыләскерлер —  
Нар кескен болат семсерлер,  
Нажағайдай жалтылдап,  
Ауыздықпен алысқан  
Арғымағы аңқылдап,  
Қан майданға шабысты.  
Сұр жыландай патшаны  
Жеңіп жерге жанышты.  
Ақ жағалы жендетті  
Ант қылышқа шанышты.  
Бай, бек, манап, сұлтанды  
Қыйратып, ерлер бұрканды.  
Біздің халық сол кезде  
Көрді атқан нұр танды,  
Сонан бері құлпырды  
Елдің дала, қырлары,  
Ойды, қырды құлпыртқан  
Атқан бір танның нұрлары,  
Камалы құрыш қызыл ер  
Еңіреп елдің ұлдары,  
Таудан аққан бұлақтай,  
Өшпей жанған шырақтай  
Жарқырады сол үшін,  
Жамбылдың да жырлары.  
Күшін оның сұрасаң,  
Аударғандай тауларды,  
Оны жеңбейд еш кісі,



Оның танкі, пушкісі  
Қан жалатып жеңеді  
Ішкі, тысқы жауларды!  
Қамал алғыш қайратты  
Оның күшті салты бар.  
Бахытына ұлы істің,  
Жүзінен сүйіп қылыштың  
Отанға берген анты бар.  
Әскерлердің қорғайтын  
Бахытты құрыш халқы бар,  
Жалындатып жігерін  
Жаудан аман өз елін  
Сақтауға берген анты бар.  
Шын Сталин көсемнен  
Күн нұрын алған халқы бар,  
Ворошилов, Буденный  
Секілді батыр даңқы бар  
Найзаларын саптаған,  
Самолетін самғатып,  
Дирижабль қаптаған,  
Арғымақ атын баптаған,  
Оттан да күшті жалынды,  
Аттатпас ешбір жауынды,  
Дауылда қаққан дабылды  
Ерлерімнің анты бар!  
Абыройлы аймағым,  
Ал тыңдаңыз көнекей!  
Жырдан жентті жегізсін  
Тіл менен жак, көмекей!  
Жырды қалай төкпейін  
Менде Сталин нұры бар,  
Өшпес жарық нұрланған  
Отанның ойы, қыры бар.  
Күміске толған шалқары,  
Егінге толған алқабы,  
Жерімнің жаннат гүлі бар.  
Алтайдың айдын алыбы,  
Эмбінің аққан мұнайы,  
Өндірістің шыны бар,




Әскердің берген антындай  
Найзағайдай жарқылдай,  
Жауға қарсы тартынбай  
Отан үшін құйылған  
Жамбылдың да жыры бар.

1939




Handwritten notes in blue ink, including a vertical line and some illegible scribbles.






## ТАРАС <sup>128</sup>

**У**краин елінің,  
Украин ұлының  
Мен есіттім жырлаған  
Тарастайын бұлбұлын.  
Днепрдің суындай,  
Айдын көлдің қуындай  
Жеткен менің жеріме,  
Естіледі еліме  
Тарас салған бұлбұл үн;  
Байқап бір тұрсаң жырына:  
Үнінен оның зар шыққан,  
Жас орнына көзінен  
Жас аралас кан шыққан.  
Ойға бір шомып ойласам,  
Зарлатқан оны зар заман,  
Тұсауын алып халықтың  
Билеген патша зар заман.  
Қол, аяғын кісендеп,  
Байлатқан оны зар заман.  
Өз елінен айрылып,  
Қазақтың алыс қырына,  
Маңғыстаудың бойына,  
Айдатқан оны зар заман.  
Сол бір зарлы заманда  
Қу домбыра қолға алып,  
Қу тілді безеп толғанып,  
Құлазыған далада  
Тарастай мен де зарлағам,  
Даусым оның даусымен



Қосылып сонда сарнаған,  
Қағынап безген кұландай,  
Тауынан безген бұландай,  
Сол бір қытымыр заманда  
Жүректе сұлде қалмаған.  
О бір кезде, ақыным,  
Сен де іздедің бостандық,  
Мен де іздедім бостандық,  
Халықта да, сенде де,  
Халықпен бірге менде де  
Еркіндіктің таңына  
Күшті еді бізде күштарлық.  
Князь, жендет патшаға  
Тіліңді мірдей қададың,  
Ханға, биге, манапқа,  
Патшаға, байға, санатқа  
Сегіз қырлы жебедей  
Мен де тілді қададым.  
Қытымыр күнде тіресің,  
Біз де қарап жатпадық,  
Хан, патшадан, князьдан,  
Қорықпай, бүкпай, қарысып,  
Біз де тілді тартпадық,  
Бахыт үшін толғаған,  
Жүрекке жырды сақтадық,  
Сол көксеген бахытты  
Көре алмай кеттің көзіңмен,  
Дүниеден сен кетіп  
Қалсаң да, таңға мен жетіп,  
Халықпен күткен бахытты  
Көрдім мен міне көзіммен  
Бұл бахытты көзіммен  
Көрдім сенің елінде,  
Мен де көрдім сен болып,  
Көрді менің елім де  
Нұрлы күннің сәулесін,  
Бахытты бүкіл ел көрді,  
Гүлге оранған қамқадай,  
Шалқар көлді жер көрді.




Ленин менен Сталин  
Нұрлы таң үшін алысқан.  
Халыққа бақ қонғызған,  
Алыбым екі данышпан.  
Елді бастап екеуі  
Бай мен патша жендетті  
Қара тастай жанышқан.  
Күннің бөлеп нұрына,  
Ақындардың жырына  
Алтын арна жол ашқан.  
Сенің де жырың шырқалды  
Өлсендағы алыстан.  
Менің де жырым шырқалды  
Тоғысып елмен табысқан.  
Жырың тарап оқылды  
Барлық халық тілінде,  
Жырын сенің жырланды  
Украина жерінде,  
Өлеңің өшпес жатталды  
Қазақтың да елінде,  
Тоқсаннан асқан жасымда:  
Жасарып қайта жыр салып,  
Домбыраны қолға алып,  
Орын алды халықтан  
Орденді жырым менің де.

1939








## ЖЕҢІМПАЗДАР СЪЕЗІНЕ <sup>129</sup>



Желпи сокқан желдеймін,  
Жол бермейтін белдеймін,  
Жамбылды кәне тыңдаңдар,  
Жатқан байтақ жеріме,  
Жасанған жаздай еліме,  
Жеңімпаз кілең еріме,  
Жастай жайнай сөйлеймін.  
Жеңімпаздар съезін  
Жалындаған жырыммен  
Жер бетіне естірте,  
Жаудың жанын шошынта,  
Достарымды қуанта  
Жүрегіммен тербеймін.


Қуанбасын дос неге,  
Шошымасын жау неге!  
Сөйлегенде Сталин,  
Қыран құстай саңқылдап,  
Он жетінші съезде,  
Жаттағалы әр сөзін,  
Домбырамен — мен үйде  
Бес жыл өтті бес жүздей,  
Атағы шыққан әлемге  
Отаным түлеп түлектей  
Көз жарыды көрмеге.  
Сталиндік алтын заң,  
Жарығын септі дүниеге.  
Сол жарықтың нұрымен,  
Сталиндік туымен,



Халқым шықты төбеге,  
Сол жарықтың нұрымен.  
Жауды тауып лақтырдык,  
Жабысқан біздің кемеге, —  
Осыған дұшпан күйінді!  
Осыған достар сүйінді!

Сол жарықтың нұрымен,  
Сталиндік туымен,  
Өріске қаптап мал толды,  
Табаққа жая, жал толды.  
Теңіздей егін шалқыды,  
Теңізде жүзген кемедей  
Комбайндар аңқыды.  
Көмірім таудай үйілді,  
Темірім судай кұйылды,  
Мұнайым акты бұлақтай,  
Жайнады көзім шырақтай,  
Даламды басты темір жол,  
Тұлпарға мінді қалың ел —  
Осыған дұшпан күйінді!  
Осыған достар сүйінді!

Сол жарықтың нұрымен,  
Сталиннің туымен,  
Отаным болат жамылды,  
Алмас семсер тағынды.  
Аэроплан аспанда,  
Қанатқа қанат қосқанда  
Жүрегі жаудың жарылды.  
Таудай болат танкілер  
Улдарыма бағынды,  
Қыздарыма бағынды,  
Тау бұзатын зеңбірек  
Отанымның шетінде,  
Жаудың келер бетінде,  
Күзетіп тұр бағымды —  
Осыған дұшпан күйінді!  
Осыған достар сүйінді!




Сол жарықтың нұрымен,  
Сталиннің туымен,  
Жаналанды барлық жан,  
Кремльге сүйінді,  
Кремльді шын сүйді —  
Он бір — отау — Ұлы Отан.  
Өлең такты орденді  
Қайтқан жеңіп ерлердей,  
Сонау көлден Хасанның  
Орден такты инженер,  
Білімділер оқыған,  
Колхозшыдай, шахтердай.  
Алды орден мен орынды  
Ең қымбатты қатардан —  
Осыған дұшпан күйінді!  
Осыған достар сүйінді!

Ұлы Сталин тұр бастап,  
Ленин туы қолында.  
Топты жарған жеңімпаз  
Кілең ерлер соңында  
Әне көсем сөйлейді,  
Тыңда, Донбасс, Кузбасым,  
Тыңда, Алтай, Оралым,  
Қарағанды, Балхашым.  
Колхозшылар, ал тыңда!  
Командирлер кел тыңда!

Қомбайыншы сен тыңда!  
Бахыты үшін Отанның,  
Темір мен мыс қорғасын,  
Тасқындай түс, тасқында!  
Өс төрт түлік, мың-мыңда!  
Жеті миллиард пұт алтын дән  
Өссін жазда жайқалып,  
Қарқынды қос, қарқынға!  
Айналадан көз тіккен  
Жау қарайды телмірген,  
Қол сұқпақшы алтынға.







Отанымда өндірген;  
Созған қолын қыркуға,  
Қалдықтарын кұртуға,  
Етуге жексен жерменен  
Қарулан, халқым, қарулан!

Жалын төсе, оқ төсе  
Жау алдынан көлденең!  
Қарулан, ақын, қарулан,  
Ең қайратты өлеңмен!  
Жеңімпаздар съезін  
Қосайық әнге күйменен  
Сталин туы астында,  
Асуға тағы белдерден,  
Берейік серт съезге,  
Берейік серт көсемге,  
Серттің бірі осы өлең!


1939





МУҒАЛИМДЕРГЕ  
СӘЛЕМ <sup>180</sup>

**К**әрі, жасын елімнің,  
Тунығына білімнің  
Жүздірген тау бұлақтай,  
Таңдауындай тарихтың,  
Көзін ашып халықтың  
Түнде жанған шырақтай, —  
Оқытушы мұғалім  
Білімі елге мағұлым,  
Оқытып ел баласын.  
Ашып көңіл санасын,  
Оқымысты жастарды  
Өсірді сүйрік құрақтай.  
Гүлім бар ма ед жерімде,  
Білім бар ма ед жерімде,  
Октябрьден жарқырап  
Туғанынша таң атпай.  
Октябрь күні тугалы,  
Болатпен белді бұғалы —  
Сталиннің нұрымен  
Халқым бахыт құшақтап  
Жерім болды жанаттай.  
Оқытушы мұғалім,  
Сендерді өмір нұрлады,  
Сені алтын таң аялап,  
Еңбегінді бағалап,  
Үкімет — ұлы штабың,  
Қадірлеп ұлы Сталин  
Орден тағып сыйлады.




Біздің елдей ел бар ма,  
Мұғалімді сыйлаған,  
Жан бар ма, сірә, басқа елде  
Еңбегі біздей сыйланған.  
Ғасырлардың ардақты  
Ғасыры бізде жүлде алған.  
Басқарушы большевик  
Партиясы нұр жанған,  
Токсаннан асқан жасымда  
Сталиннен нұр алған,  
Отан үшін сондықтан  
Жамбылдың жыры жырланған.

1939









## ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ <sup>131</sup>

**Е**лім менің жерге бай,  
Айдынды шалқар көлге бай,  
Төрт түлігі мыңғырған,  
Егісі көз тұндырған,  
Тауы тола кенге бай,  
Москвадан барып ашылған,  
Көрікті біздің көрме бай,  
Ел байлығы тұтасқан  
Жерді қаптай, өрді орай.  
Жамбыл қалай шыдасын  
Оны жыр ғып толғамай!  
От оттаған жерімнен  
Кұлжадайын семірген  
Қошқар менен қой да бар,  
Тау текедей мүйізді,  
Сүті шәрбәт уызды  
Ақ бөкендей ешкісі,  
Көрдің бе бізден басқа елде  
Мұндай байлық қайда бар?  
Көп малдың бір көрігі,  
Жерді сызған желіні  
Бұзауқанның анасы  
Сыйыр деген бізде бар,  
Мүйізі көкті тіреген.  
Сандай санды жылқы бар  
Сауырынан түлеген.  
Мыңғырған менің елімде,  
Дегерез деген жерімде  
Мың сан құлын енесі




Мама болған биесі,  
Текежаумыт айғырдың  
Арғымақ туған баласы;  
Колхозды елдің қымызға  
Иіндеі толған сабасы.  
Алматыдан андыздай  
Үлкендігі қарбыздай  
Бақшада өскен алмасы;  
Туысқан елде тоғысқан  
Шын еңбектің қызығы  
Көрмеде тұр Мәскеуде  
Грузиннің алмұрты,  
Мейізі мен жүзімі,  
Оған жалғас жайнаған  
Өзбекстан өрігі;  
Улпалы ақ мақтасы, —  
Көрменің бір көрігі,  
Түркменстан жерінің  
Текежаумыт ат деген  
Кұлағымен ойнаған  
Бейне таудың елігі;  
Үйір-үйір жылқыдан  
Жүгенін үзе жұлқынған  
Арғымақты таңдап ел  
Әскерге асыл ат берген,  
Сталиннің саясы,  
Сталиннің аясы  
Бізге осындай бақ берген.  
Маңғазды, маң-маң, маң  
басқан,  
Табанын шірей дәл басқан  
Түйе деген бізде бар;  
Өркештері жар тастай,  
Күн шалмаған маңдайын,  
Дулығасы таудайын  
Қызыл бұйра нарлар бар.  
Аруана жүр ойқастай,  
Біздің халық еңбегі  
Көк темірді жібіткен,




Біздің Отан өнері  
Машинаны жүгірткен;  
Он бір Одақ елімнің  
Халқы бірге туысқан,  
Он бір Одақ елімнің  
Еңбегі, көркі тоғысқан.  
Он бір Одақ өрге өрлеп,  
Қызыл туы желпілдеп,  
Тұғырға қонған қырандай  
Отанға еркін қонысқан.  
Елде де, еркін жерде де,  
Мәскеудегі көрмеде  
Жер жүзінен мойны ұзақ  
Туы астында табысқан.  
Құлашты алға сермейміз,  
Күннен күнге өрлейміз,  
Бұл байлықтың жалғыз да  
Түйірін жауға бермейміз,  
Жау тиіссе бір шеттен  
Тас-талқан ғып түйрейміз!

1939








## ЖЕҢІС ЖЫРЫ <sup>192</sup>

*Қыйыршығыстағы Қызылтулы майданның айбынды жауынгерлері мен командирлеріне арналған.*

### I




Бұл күнге Жамбыл жеткенше,  
Өлеңнен нөсер төккенше  
Сөз бұлағын толғаған.  
Сұр жебесін қолға алған,  
Көрген талай батырды;  
Айсыз аспан астында,  
Таулы зенгер асқарда  
Өрге жортып — өктеген,  
Жау бүйрек қып ет жеген,  
Тігіп тулы шатырды,  
Өсіп-өнген әріден,  
Сол батырдың бәрінен  
Айбатты, ақыл айлалы,  
Өткірірек найзалы;  
Жұлдызы жанған маңдайда,  
Артық туған майданда  
Жағасы қызыл ер көрдім.  
Болатпен белі қыналған,  
Колына қызыл ту алған,  
Жауды шолып, жан-жаққа  
Қырандайын қаранған,  
Алуан қызыл батырды  
Сталиндік заманда  
Әлпештеген ел көрдім.  
Қой үстінде бозторғай  
Жұмыртқалап, ұялай,



Байлығы шалқып елімнің,  
Балығы тулап көлімнің,  
Қартайған осы жасымда  
Жоны пүліс, кен күміс,  
Құшағына толып ырыс  
Тұрған шалқып жер көрдім.  
Сол шалқыған жерімде  
Мен де өлеңді меңгердім.  
Жадырай өскен халқыма  
Жырыммен жент-жем бердім.  
Күн астында күй төгіп,  
Ай астында жыр төгіп,  
Алтын шапақ, күміс ішек  
Домбыраны өңгердім;  
Шекарада жерімнің,  
Астында алтын туының  
Шыңында зеңгер тауының  
Желігін басқан жауының,  
Күзеттегі ұлдардың,  
Жағасы қызыл ерлердің  
Жорығын жырлап беруді  
Жүрегім сүйіп жөн көрдім.

II

Қанды ауызды қасқырдай  
Қаны тасып асқындай  
Қыйсық тісті, қысық көз  
Сұмырай жапон болып кез,  
Өткен жылы кұтырып  
Шапқан Хасан көліне;  
Шекараға оқ атқан,  
Көлді окпен оятқан, —  
От шашып қызыл еріме,  
Алдырмай көп мазасын,  
Берген жаудың жазасын,  
Күзетші ерлер елімде,  
Шықты біздің танкілер  
Жапыра майдан төріне,




Шықты кызыл атты әскер  
Тұлпарларын тебіне;  
Шықты самғап сұңқардай  
Бомбовоздар көгіне,  
Қабандары жапонның  
Қаһарлы ерден қан жалап,  
Жапырылды жеңіле.  
Сталиннің ұрпағы,  
Ұлы Отанның сұңқары  
Жауды жеңіп жапыра,  
Қызыл туды құлпыртып,  
Тікті апарып ерлерім  
Заозерный беліне.  
Жеңбей қоймас біздің ер  
Тиіскен жауды еліре,  
Болсадағы жау — дажал  
Халық күші — жауға ажал!  
Біздің ер жеңбей қоймайды,  
Жауға оқтай ойнайды,  
Көгі болса көгінде,  
Жері болса жерінде;  
Ерлік үшін ант берген  
Сталиндік еліне.


### III

Тұнық, мөлдір көліміз,  
Тыныштық, бахыт еліміз,  
Тыныштықты сүйеміз,  
Тыныштықты бұзып жау тисе.  
Жауға біз де тиеміз.  
Тиіп қана қоймаймыз,  
Сазайын оның береміз,  
Сазайын беріп қоймаймыз,  
Талқан қылып жеңеміз.  
Жендеттері жапонның  
Іші оттай жанған соң,  
Өз күшінен түңіліп,  
Қан майданда жеңіліп,







Сұңқарынан советтің,  
Хасан көлдің маңында  
Сыбағасын алғасын,  
Қайратына халқымның  
Майырылып жатты жау,  
Бір жыл бұғып дем алып  
Және қайта қозғалып,  
Тыныш жатқан Монғолдың  
Халқына қаба тіс салып;  
Монғолға келіп моладан  
Сүйегін ұрлап Шыңғыстың,  
Қурап қалған сүйекпен  
Жүзін жашып қылыштың,  
Өтірік аруақ көрқап боп  
Көрді қазған зымыстан —  
Оқ жаудырып, от шашып,  
Танкісі отқа тұтасып,  
Құтырып шапты тұс-тұстан:  
Бәле іздеген бәлекор,  
Қарғылы сұм төбеттер  
Жапоннан шығып Монғолға  
Көшті бейне ұшпа бұлт!  
Ұшпа бұлтқа Монғолдан  
Жанбырдайын ол жауса,  
Монғол халқы ашумен  
Зенбіректей толғанса,  
Халықтың ері қарленіп,  
Қырандайын қомданса,  
Күшті монғол елінен  
Оқ жанбырдың желімен  
Ұшпа бұлт қашар қысталып!  
Айтқан сөзді құрыштай  
Ұстауды біз білеміз!  
Достарға көмек береміз;  
Қадірлейміз монғолды,  
Біздің қызыл сұңқарлар  
Жапырып жатыр жауларды.  
Монғол жақ шекараға  
Аттатпаймыз аңдарды;



Былыр Хасан көлінде  
Ажал болып тиіп ед  
Жауларға біздің қызыл ер,  
Ажал түртіп келді жау  
Шегіне быйыл—Халқын-Гол.  
Сұмырай шошқа немені  
Монғол халқы жеңеді.  
Женетін бір тірегі;  
Жеңетұғын үлгіні  
Бізден көріп біледі;  
Өйткені — біздей— Монғолдың  
Тыныш тұру тілегі.  
Өйткені Совет Отаны —  
Тыныштық, бахыт жүрегі.  
Сол жүректен дем алып,  
Монғол халқы майданда  
Тыныштық бұзған жаулардың  
Сыбағасын береді;  
Соғысқа қарсы соғысып,  
Жауларды қанға тоғытып,  
Армиясы Советтің  
Жазасын беред жендеттің,  
Жапоннан шыққан жалаңдап  
Қазады көрін төбеттің!  
Тыныштық сүйген халық үшін,  
Еркіндік, бахыт даңқы үшін,  
Жапырып жауды — ер беретін  
Жеңімпаз ерлік салт үшін.  
Жау тисе егер көгінен,  
Яки судан, жерінен  
Талқандап жауды жеңеді ер  
Отанға берген анты үшін.

1939.






КАНЫ БІР  
БАУЫРЛАРЫМЫЗҒА <sup>133</sup>




айнап бұлақ шықпаса,  
Таудың тасы кұлай ма;  
Батыр батыр болмаса,  
Болатпен белін қынай ма;  
Ұл батыр боп тумаса,  
Атқан оғы борай ма;  
Ақылды боп туған ер  
Өзгеден ақыл сұрай ма;  
Көлден кұлан су ішсе,  
Көлдің міні кұрай ма;  
Сенген кезде астана,  
Білмесе елді басқара,  
Халқына ұл ұнай ма?  
Жолын ақыл билейді  
Жорыққа шыққан жолшының,  
Ойын ақыл билейді  
Өрен жүйрік ойшының,  
Қыздырмаса думанды,  
Несі тойшы тойшының;  
Қасқыр жесе қойларын  
Несі қойшы қойшының?  
Дұрысты дұрыс демес пе,  
Тап осындай емес пе,  
Халықты тастап қанды оққа.  
Қашқаннан соң жан-жаққа.  
Үкіметі Польшаның!  
Күнбатыс жақ крайда  
Украина, Белорус






Каны қандас, ел ед дос,  
Озбырлыққа шыдамай,  
Іштері оттай жаныпты;  
Жәрдем берер жан болмай,  
Торға түскен торғайдай,  
Оқ астында қалыпты;  
Ер бастаған ел ед деп,  
Аударып бізге назарын,  
Құтқар деп қолқа салыпты.  
Әрине, біз халық үшін,  
Халықты сүйгіш салт үшін,  
Майданда өсіп өрлеген,  
Сталиннен үйренген;  
Украина, Белорус  
Каны қандас ел ед дос,  
Оны оқтан қорғауға  
Аяймыз ба көмекті;  
Біздің халық салтымен,  
Отанға берген антымен,  
Тұлпар мініп, ту алып,  
Танкісі тауда шұбалып,  
Польшаға андай аттанды  
Найзасын ұстай желекті,  
Украина, Белорус,  
Тыныштатты даласын.  
Алдына алып сүйді әне,  
Туысқан елдің баласын,  
Амандасты қол беріп,  
Көріп кәрі анасын!  
Қызыл ерді ел аңсаулы,  
Құшақ жайып қарсы алды.  
Қызыл тудың кұлпырған  
Көргеннен-ақ қарасын.  
Қарсы алмай енді не қылсын,  
Кезінде көмекке үлгірген,  
Жәрдемге әскер жіберген,  
Біздің елдің біледі  
Сталин атты данасын!  
Қызыл ердің жолында



Жау камалы тапталған,  
Жауынгер ердің бұрын да  
Анты талай ақталған!  
Украина, Белорус  
Каны қандас ел ед дос.  
Сол елді оқтан сақтауға  
Біздің ерлер аттанған.  
Майданға түссе алқалы,  
Кім ат басын тартады,  
Халыққа берген антын ер  
Тағы да ақтап қайтады  
Жүрегінде сақталған!  
Мақталар бұл жорықта  
Ерлер ғой талай мақталған,  
Даңк десе даңқы зор,  
Халық десе халқы зор,  
Тобын бұзбай сапталған,  
Сталин үшін, халық үшін,  
Жеңімпаздық салт үшін,  
Тыныштық сүйген ел үшін,  
Украина, Белорус  
Жайнаған гүлді жер үшін,  
Айта берсем жерім көп!  
Көңілім шалқып өскенмен  
Жасарып қызыләскермен.  
Аузымда жыр, қолымда оқ,  
Жырым — досқа; жауға—оқ!

1939.





## КӘРІЛІК <sup>134</sup>




өкірегін күрілдеп,  
Көздің алды іріндеп,  
Қаз-қаз басқан баладай,  
Буындарың дірілдеп;  
Қартайған соң, немене,  
Хауіп ойлайтын күнің көп...  
Айлашы екен кәрілік,  
Бірге түнеп, бір жүріп,  
Сыр білдірмей, сұрамай,  
Не көрсетіп тонамай,  
Мүшенді алған біріндеп...

1939.








## ОКтябрь ТОЛҒАУЫ <sup>135</sup>




Домбырамды қолға алсам,  
Айналама көз салсам,  
Ағыл-тегіл жыр келер,  
Қартайған бұл шағымда  
Қанат бітіп Жамбылға,  
Халайықтың алдында,  
Қаска шекті, жыр етіп  
Жыйырма екі жылды егер;  
Ұлы — тойым — Октябрь  
Көңіліме сап дүбір,  
Жүрегімді жыр бөлер,  
Ұлы Октябрь — жыр басы,  
Ақындықтың арнасы:  
Октябрьді айтсам-ақ,  
Тас бұлақтай сарқырап,  
Көңілімнен жыр өрер.  
Октябрьден бұрын мен  
Кеуіп қалған арна едім;  
Түк қалмаған түрінен  
Қаусаған бір шал едім.  
Домбыра күйін хан бұзып,  
Хандық құрған заң бұзып,  
Тұрған шақта шаршаған  
Шөліркеген жан едім.  
Жанбыр суын көрмеген,  
Ұзақ жаздай шөлдеген,  
Елегізген еліктей,  
Жортқан жолсыз көлденен,  
Қаңсып, кеуіп қап едім.



Кураған қырда сүйектей  
Зарланған зар жақ едім.  
Шашыма ақ кіргенде,  
Бахыт көрдім көрмеген.  
Бастауымен Лениннің,  
Көшті ілгері керуен,  
Сталин бастап халықты,  
Күннен күнге өрлеген.  
Орыс, қазақ, қырғыз да,  
Қанатын көкке сермеген.  
Жамбыл бүгін толғаса,  
Түйдек-түйдек сөз келер,  
Қайнар көзі болмаса,  
Қайдан ағып су өнер?  
Құяр арна болмаса,  
Құралар ма айдын көл?  
Кенезесі \* тоймаса,  
Құлпыра ма онда жер?  
Біреу тоған қазбаса,  
Гүлденер ме онда шөл?  
Қуаңымды көгерткен,  
Өлеңімді үдеткен —  
Менің арнам — Октябрь,  
Кәрі бойға әл берген,  
Өлеңіме нәр берген,  
Ленин менен Сталин —  
Көсемім ұлы кемеңгер,  
Өсіпті, көрем, ұрпағым,  
Екпіндеген еңбегі:  
Салған ұзын темір жол,  
Қазған жаңа өзендер,  
Елімде завод, машина,  
Жерімді күш кернеді.  
Кызыләскер — сұңқарым  
Жауларға ырық бермеді!  
Жағаласқан дұшпанның,  
Талайларын жерледі!


\* Кенезесі — негізі тою мағнада.



Батыстағы бір туыс,  
Украина, Белорус,  
Пан \* қолында шерлі еді.  
Бұрын, қазақ халқы да,  
Хан қолында шерлі еді.  
Отанымның ұлдары,  
Октябрьдің ұрпағы,  
Езілген халық қаумына,  
Беріп туды қолына,  
Батыстағы бауырына  
Бостандық ап бергені.  
Жырыма арқау болғандай,  
Тере берсем термені.  
Осы күнде көңіл хош,  
Қаны қандас елім дос,  
Украина, Белорус  
Менің ұлым сенікі,  
Сенің ұлың менікі,  
Ер туған ұл елдікі,  
Бахытты біздің жердікі.  
Ел өмірі күнде той,  
Ойқой қызық заман ғой,  
Сергіткен қарт кеудені!  
Октябрьдің тойында  
Жамбыл қарттың ойына  
Түсті осындай көргені.  
Уа, хұрметті Ұлы күн!  
Жарық берген таңымсың  
Қартайғанда сен үшін,  
Күй мен жырым ағылсын,  
Көз жұмғанша жырлаймын  
Ел-жұртымның бағы үшін,  
Бахытты айтсам бабым кеп,  
Күй жосылып, сөз үдеп,  
Түзеледі шабысым.  
Ұраным боп Сталин,  
Қуатым боп ұрпағым,


→ П а н — поляк тілінде алпауыт деген сөз.






Жарқын шығар дауысым,  
Мен жырлаудан талмаймын,  
Барған сайын самғаймын,  
Октябрьдің таңы үшін,  
Ортасынан ауылды,  
Тауларынан Жамбылдың  
Шырқаған бұл кезімде,  
Жер әлемнің жүзіне  
Жетіп жатсын дабысым.

1939





## ИІСТІ МАЙҒА <sup>136</sup>




ісің жақсы нәрсесің жас адамға,  
Жараспайсың тоқсанды жасағанға.  
Жас күнімде жанымнан шықпайтындар...  
Бәрі де ұқсап кетті ғой қашағанға.

Жабағыны жапсырып негіме  
Жүргеніме, өзім де күлемін де.  
Короліндей картаның қаужыйыппын,  
Қанша жылу болғанмен жүрегімде.

1939






## ҮНДЕУ <sup>137</sup>


**Е**

лдің ақын ұлдары,  
Егей өңкей тілмәрі,  
Ел-елден кеп қостың бас;  
Ертіс, Жайық, Іле, Сыр,  
Ушан-теңіз сулары  
Каспий, Арал, көл Балхаш,  
Сабасындай өлеңнің,  
Арнасындай өзеннің  
Өрен жүйрік кәрі, жас,  
Топтарыңа келгенде  
Айтатұғын сендерге  
Арнаулы бір жырым бар,  
Үлкен, кішің құлақ ас!  
Адамзаттағы ардақты ұл —  
Туғанына алпыс жыл  
Толғанында, толғанып,  
Жамбыл қартты қозғалтып,  
Домбырасын міне, бұл  
Қолға қалай алдырмас!  
Сталин боп ұраным,  
Шарықтаса хиялым,  
Қанатымды талдырмас!  
Қара тасты жібіткен,  
Суық мұзды еріткен,  
Бакқа туған күн көсем,  
Соған жырды төкпесем  
Мейірімді қандырмас!  
Кажыған көп шабыста,  
Қарлыққан қарт дауысқа






Сұңкылдатып үн берген  
Ақындарды сайратып,  
Шежіре жақ тіл берген,  
Данышпаным Сталин  
Жасағанда алпыс жас,  
Қалай хыял шалқымас!  
Қалай сүйек балқымас!  
Қозғар түгел осы жыр  
Алпыс екі жүйені.  
Қарт жүрекке құйып нұр  
Кәрі денем иеді.  
Сталиннің тойына  
Жырдан шашу шашам деп,  
Шаттық толқып ойыма,  
Төбем көкке тиеді,  
Бір соққандай менімен  
Елдің ұлы жүрегі.  
Қуанышка бөленіп  
Жігі соғып күледі;  
Соны сезген кәрі жан  
Күш өргізіп тамырдан  
Тағы қуат үледі.  
Кәне, Жамбыл, қозғасын,  
Кәне даусың самғасын!  
Ақтарылсын асыл сөз,  
Айтылмай жыр қалмасын  
Ақындықты сынар кез!  
Уа, Нұрпейіс, қайдасын?  
Уа, Орынбай, шырқа сен!  
Калка, Нартай, Нұрлыбек  
Жырларыңды нөсерлет,  
Ақтарындар арнасын!  
Шежіре шешен ақындар!  
Дауысыма дауыс қосыңдар!  
Тау жаңғыртып жер жарсын,  
Сөздің шырын қаймағы  
Інжу жырлар қайдағы  
Сталинге арналсын!



## БІЗДІҢ КИРОВ <sup>138</sup>



ырым, оның бейнесін  
Жырла, сұлу санадан,  
Күрес пенен жеңістің,  
Тұлғасы еді ол жемістің,  
Оны халық ұмытар ма!  
Сұрашы өскен даладан,  
Тіл қатты, әне, кең дала:  
Оны — адамның гүлі деп,  
Ерді ұмытпай айтты ел:  
Батыр Киров тірі деп!  
Сұңқары еді дауылдың  
Қанатын күш кернеген,  
Қарлы Кавказ тауы да,  
Еділ—Жайық маңы да  
Ұмытқан жоқ оны; жауына  
Қылышын өткір сермеген,  
Қап тауынан ол атса,  
Жайықта жауға жеткізіп,  
Жайықта тұрып оқ атса,  
Кұрылықтағы дұшпанның  
Өңменінен өткізіп,  
Жауға ырық бермеген,  
Лениннен алған күшімен,  
Сталиндік ісімен,  
Большевиктік қайратпен,  
Қаһарлы күшті айбатпен  
Жауын жеңіп жерлеген,  
Қайралған оның шындығы  
Майрылып тіпті көрмеген.  
Оның жылы мінезі



\* \*  
\*




Кекілік ұшып дүр етті, 139  
Ғали шошып дір етті.  
Атқаны бір сауысқан,  
Оқтың бәрін тауысқан...  
Уялғанын байқаймын  
Бәсең шыққан дауыстан.

1939








## СТАЛИН <sup>140</sup>




ер байлығы болмаса,  
Жерден алтын шығар ма?  
Ел қамын ойлар болмаса,  
Ерден ақыл шығар ма?  
Теңіз терең болмаса,  
Түбінен інжу терер ме?  
Көгінен күн тумаса,  
Жарықты жұрт көрер ме?  
Туып, өну болмаса,  
Адам өрбіп өрер ме?  
Күн сыйпатты ұл тумаса,  
Күнге адамды тенер ме?  
Күн келбетті дана адам  
Күн сөнгенде сөнер ме?  
Нұрдай адам болмаса,  
Жарқыратып әлемге  
Таң шапағын төгер ме?  
Нұр сыйпатты дана ұлдың,  
Күн сыйпатты адамның  
Туғанын жұрт біледі,  
Сондай ердің тууын,  
Болатпен бел бууын,  
Күткен едің жұртымның.  
Ғасыр бойы тілегі.  
Сол ұлы адам туғанда,  
Қанат қағып шыңнан да,  
Ұшты таудың түлегі;  
Көтерілді күлімдеп,  
Аспанның көк жиегі;  
Күмістеніп көрінді



Атар таңның негі.  
Бесігі тау, анасы ел,  
Жазғы самал тербеп жел,  
Өсірді оны аймағым  
Етуге өмір тірегі.  
Ол ержетіп өскенде,  
Ел тағдырын шешкенде,  
Қара бұлттай серпілді  
Заманның басқан түнегі.  
Оның биік тұлғасы  
Жеткізбейді тауыңа,  
Оның терең ақылы  
Түпсіз мұхит дария,  
Оның сөзі жалынды  
Толқындай ұрған жарына;  
Жазық мандай, жарқын жүз,  
Туды ол адам бағына,  
Қыран кеуде, кең топшы-  
Айбыны күшті жауына;  
Оның аты Сталин  
Тұлға болған таңыма.  
Соның күшті нұрымен,  
Жылу кірді жанымға,  
Қызу кірді қаныма.  
Мұнан алпыс жыл бұрын  
Мен отыздан асқан ем.  
Жел аударған қаңбақтай  
Өмірдің ызғар желінен  
Даладан безіп қашқан ем.  
Бірде мініп есекке  
Бірде жаяу, есепке  
Алынбай, әбден сасқан ем;  
Соғылған ем тарығып,  
Мандайымнан тасқа мен.  
Мұнан алпыс жыл бұрын  
Туған екен Сталин.  
Зарлаған ел бағына,  
Арналып атар таңына,  
Белін қынай болатпен

Озы Сөнұралы.



Буған екен Сталин.  
Ленинмен қол алысып,  
Жауға қарсы шабысып,  
Жауды жерге жанышып,  
Жеңген Ленин—Сталин!  
Сталиндік заманда  
Жазылды бүкіш беліміз,  
Улы дәуір жазында,  
Нұрланды бүкіл еліміз,  
Ол өрені өреннің,  
Жан серігі Лениннің,  
Ленин менен Сталин,  
Көрсетіп өмір ұшпағын.  
Таркады біздің шеріміз,  
Ленин туы астында,  
Улы Сталин еріміз,  
Бастауымен бақ қонып,  
Інжу шашып көліміз,  
Алтын атты жеріміз.  
Шалғынданып көгіміз, —  
Шалқар, ұлы елменен,  
Сөйлескендей желменен,  
Шүйгін болды шөбіміз.  
Туындай өсіп төліміз,  
Жер кернеді кеніміз;  
Хан менен би, патшадан,  
Ежелгі жау дұшпаннан,  
Алынды таптық кегіміз!  
Көсегеміз көгеріп,  
Жібіді кепкен көніміз:  
Салынды еркін әніміз,  
Алынды еркін деміміз!  
Алатаудың бауырында  
Қаламыз толы құл болған.  
Верный атты қалада,  
Кұлазыған далада,  
Кұлдық пен зарлы мұң болған.  
Қалада патша жендеті,  
Кұлдыққа қожа — міндеті,



Көшеде жалғыз жарық жоқ,  
 Қараңғы керен түн болған.  
 Мешіт, шіркеу, абақты, —  
 Аранын ашқан ін болған.  
 Алыс тұрып қаладан,  
 Есекке мініп даладан,  
 Оқта-текте қалаға,  
 Келетін күйсіз күн болған.  
 Кез келгенге бас иіп,  
 Бүгежектеп асыға,  
 Бас изесем сақалым,  
 Тиіп ердің қасына,  
 Ай, антұрған, жендеттер,  
 Деп ішімнен қыйналғам.  
 Алатау қазір түрленіп,  
 Алатау қазір гүлденіп,  
 Алматы менің астанам  
 Күндей жайнап нұрланған.  
 Алатаудың алқабы,  
 Дала еді бұрын шөлдеген!  
 Атан тайып, нар шөгіп,  
 Болдырып бура зар шегіп,  
 Жәндік бар ма ед өлмеген?!  
 Сол жер қазір жайнады,  
 Сол жер қазір арналы,  
 Орал—Көшім каналы  
 Өзен болды өрлеген!  
 Қанаттанған халық үшін,  
 Бахыттанған жалпы үшін,  
 Қыран құстай қомданған,  
 Күні-түні ойланған,  
 Кім екен? — деп сұрадым,  
 Жүрегімнен жайнаған.  
 Сәуле беріп жарықтан,  
 Ұлдарға хат танытқан,  
 Құлшындырып қойшының,  
 Кісенін шешіп ағытқан,  
 Батырағын даланың,  
 Білімді ғып оқытқан,


الشوكية - شوكية  
 شوكية

۵۰ شوكية  
 بائيل

Koninrag

بائيل

شوكية بائيل



Профессор, ушқышты  
Батыр ғып батыл ең күшті,  
Білімге кұстай тоғытқан,  
Мұғалім, ақын, докторын,  
Советтің ұлы отты ұлын,  
Экесіндей ардақтап,  
Бес жылдық ұлы планда  
Еңбегімен алға аттап,  
Халқыменен бірге аттап,  
Таңның нұрын төкті кім?  
Ленинге берген ұлы антын,  
Орындап оның шын шартын,  
Ушан қыйыр теңіздей  
Еліне еңбек етті кім?  
Ұрпаққа алтын заң берген,  
Халқына мәңгі таң берген,  
Депутаты халықтың,  
Болып нұры жарықтың,  
Тұрған кім сөйлеп көп тілін?  
Деп домбыра шегінен,  
Жүрегімнің төрінен,  
Сурап едім, тіл қатты:  
Деп ол — ұлы Сталин!  
Сондықтан жырым жырлайды  
Сталиннің нұсқауын!  
Біздің ұлы Отанның  
Он бір алтын отауы  
Туын тікті, көріңіз!  
Он бірдің бірін санаса,  
Қазақстан тамаша  
Өркендеді өріміз.  
Каспийден бастап Алтайға,  
Тоғысқан алқап шегіміз;  
Ұлы Отанның кеніді  
Ойы менен қырлары,  
Кәрі, жасы, қыздары,  
Өсті есепсіз ұлдары,  
Достығы үшін халықтың  
Нығайды тартқан желіміз.

له نیت

دومبر ادا ن  
سؤز ایدی  
یا سینا جبراهیم  
سؤز ایدی .




Ел достығын ұстаған  
Данышпаным Сталин,  
Кремль, Москва — төріміз!  
Халықшыл улы держава, / ?  
Тегеурінді тегі біз;  
Асқар таудай халықпыз,  
Жиһанда жоқ теңіміз!  
Батыстағы біздің дос  
Украина, Белорус,  
Бұғауын үзіп пандардың,  
Ері болып майданның,  
Сталин атын ұрандайд,  
Фин халқы көріп майданды,  
Куып жебір байларды,  
Сталинді ту қылып,  
Сталин салтын ұрандайд;  
Қытай, Монғол елі де,  
Сталин атын атаға,  
Қуанбайын тұра алмайд!  
Алпыс жасты жасаумен  
Асқарлаған Сталин!  
Жасымен бірге қайраты  
Аспандаған Сталин!  
Ешбір жаудан, қамалдан  
Жасқанбаған Сталин!  
Ақ қылыштай қайралған,  
Жігіт болып жайнаған,  
Жетті жана жасына;  
Жалғыз тал ақ кірмеген,  
Оның кара шашына.  
Жігіт демей не дейін —  
Жамбылдың жарты жасында;  
Сталиннің нұрынан  
Жасарып қайта жаралған,  
Қуатым, жырым әлі жас,  
Тоқсаннан асқан жасымда.  
Ол, алпыс жыл бойына  
Етті еліне еңбегін,  
Таң нұрына шомдырып,

407110

بىلىنەن مۇتۇۋات  
البتة لىم كىلەن





Төкті елге еңбегін;  
 Айта берсем тіл жетпес,  
 Еліне бахыт бергенін,  
 Ушан-теңіз халқымнан  
 Менің де көп көргенім,  
 Бахыт үшін, халқы үшін,  
 Өмір үшін, жалпы үшін,  
 Коммунизм сәні үшін,  
 Адамзаттың бағы үшін  
 Сталин — күнім, жарығым,  
 Жарқырай бер, сөнбегін!  
 Узақ болсын өмірін,  
 Әлі де мәңгі өмірге  
 Қырандай канат сермегін!  
 Жарығым, сенің тойыңа  
 Шашу етіп, ойыма —  
 Келген жырды термелеп,  
 Осы менің бергенім!  
 Менің де, елдің тілегі,  
 Сүйіп сені жүрегі,  
 Көсемінің тілейді  
 Қонаққа бізге келгенін!  
 Қонаққа кел, Сталин!  
 Көр колхоздың ерлерін,  
 Сенің алтын нұрыңмен,  
 Көрші біздің колхоздың,  
 Гүл майысқан жерлерін!  
 Балдан тәтті қымызды  
 Құйып беріп, біз Сізді  
 Сыйлаймыз, кел қонаққа.  
 Темекі де бізде бар,  
 Муштукке сал, ықтыяр,  
 Бере аламыз орап та,  
 Желден жүйрік көлікке,  
 Мінгізіп Сізді жүйрікке,  
 Алтын жабдық, ер-тұрман,  
 Береміз ерттеп құр атқа!  
 Шакырады Сізді қонаққа,  
 Мен де, біздің халық та!

باقىرىق  
 شاقشى

قوناققا  
 شاقشى  
 قوناققا

به اوسته سين  
 او و شوق كولفروان  
 او شوق بايلىق  
 اوسته ايارىق

ТҰРАПТАН СҰРАУ <sup>141</sup>




жарқыным, келдің бе?  
Айтшы, кәне, кебің не?  
Кұр құлағым елендеп,  
Сен тындырып келер деп,  
Мен отырдым сенімде.

1939




Handwritten notes in Cyrillic script, including the word "Сұрау" (Question) and other illegible text.




## ТӨЛЕГЕНГЕ <sup>142</sup>

**С**ыртың сұлу болғанмен,  
Сөзің сылдыр жігітсің,  
Бірді арытып қойып ең,  
Бір семізді мініпсің.  
Бүйте берме, колхозшы  
Деп жүрмесін бүліксін!

1940








МЫРЖЫҒА <sup>143</sup>

**Б**алаң бойдақ жүр ме әлі ала кыстай!  
Кетті ме әлде шарықтап бала кұстай?  
Корадағы тауыққа көзін тіккен,  
Төнеректеп жүр ме әлде, қара кұстай?

Күс баласы қырымға, — деген сөз бар,  
Сен ұқпасаң бұл сөзді өзге ұғар:  
Өрісін тар өзін де жазған едің,  
Саған тартса, ұзамай жүрген шығар!

1946






## БОЛАТ ТОНДЫ БАТЫР <sup>144</sup>


**О** танымның батырларына, Ленин қаласының даңқты қорғаушыларына, фин халқын азат етушілерге, Ленинград соғыс округінің жауынгерлеріне және Қызылтулы Балтық Флотының қызыл флотшыларына осы жырымды арнаймын.

Батырларын елімнің,  
Бағы ашылған жерімнің  
Бір емес, мың жырлағам.  
Ер боп туған жастарым,  
Қайнаған күш, жас жалын,  
Қыйын емес жыр маған.  
Тастүлек, сайып қырандай  
Мұнартып ұшып мұзды күн  
Ұлдарым елін қорғаған.  
Жырым бірге майданға  
Барсын оқтай ойнаған,  
Бомбасы жерде жарылса,  
Танкісі тауда ойнаған,  
Күміс қанат, болат күс  
Топшысын тауда қомдаған,  
Самолетке ер салып,  
Жері бар ма шолмаған.  
Бұлт жамылып, мұз жастап,  
Командирлер қол бастап, —  
Соқса да боран — тонбаған.  
Болат тонды батырлар,  
Еңреген ердей ел үшін —  
Аямай ерлер бар күшін,  
Жауды жеңбей қоймаған!



Кылышы қара тас кесіп,  
Найзасы айға бойлаған.  
Елін ері қорғаса,  
Елі де ерін қолдаған.  
Елге, ерге қамқоршы  
Кремльде Сталин  
Отан қамын ойлаған.  
Отанды сүйсең сондай сүй! —  
Ел шолпаны ол орнаған.  
Сталиннің атымен  
Қызыл ерлер майданды  
Күшейтті де, талқан ғып  
Женді талай жауларды!  
Болат тонды батырым  
Бұзды қамал, тауларды,  
Есімде әлі Хасан көл  
Майданда жаңбыр төгіп сел,  
Жапондарды жөңкітіп,  
Жосылтқаны қызыл ер!  
Жауға жауған жаңбырым —  
Нөсер-нөсер оқ еді,  
Қалың бұлт дегенім —  
Аспан жүзін шымқаған  
Болат құстың тобы еді.  
Айбынды осы жойқын күш  
Украин, Белорус  
Елін азат еткенде  
Арды берген жоқ еді!  
Көңілімді қуантқан  
Халқымның осы өсуі,  
Өсірген оны тербетіп  
Октябрьдің бесігі;  
Бесігі емей немене,  
Көз жіберіп қарашы:  
Отаныма өнеге  
Улы Ленин қаласы,  
Онан әрі көз салсаң,  
Екі дүние арасы  
Көрсетіп тұр фин жұртын







Балтық теңіз жағасы,  
Қасқыр жолды, мұз көлді,  
Аюлы орман ағашы,  
Сол орманнан көрініп,  
Оқ атқан жау қарасы;  
Әлемге аян болған соң  
Бізге жапқан жаласы,  
Астан-кестен Балтықтың  
Толқынға сыймай сабасы,  
Қаласы үшін Лениннің,  
Халқы үшін сол финнің,  
Атой салып аттанды  
Отанымның баласы,  
Фин халқының бағы үшін,  
Аямаған бар күшін,  
Улдарымның таласы.  
Жалаңдаған жаулардың  
Берілді мықты сазасы!  
Көре алмаған дұшпандар  
Не демейді, — табашы;  
Керуен көшер, ит үрер,  
Үрген ит не бітірер!  
Кімнің жеңіп жатқанын  
Атады, қатар аттарын  
Тарих өзі бағашы.  
Көшті біздің керуен,  
Өрлей асты өрінен,  
Керуенді өрбіткен  
Біздің жердің аясы.  
Қатты салып шеңгелін,  
Бүріп жатқан фин жерін  
Құтқарып түнек құлдықтан, —  
Менің батыр ерлерім  
Танкілермен тау бұзып,  
Оқты көктен жауғызып,  
Елемей көл, кұздарын,  
Тегеуріні жау жаншып,  
Жерді басқан зілді аршып,  
Күрейді оқпен мұз, қарын.



Қаласы үшін Лениннің,  
Халқы үшін сол финнің  
Майдан ашып жол тартты  
Болат тонды ұлдарым!  
Төңіректі болжасам,  
Құрыш қорған шекарам;  
Самаладай самсаған  
Болат тонды өз балам,  
Мандайында жарқырап  
Жұлдыздары жайнаған,  
Сол емес пе, шырқатып  
Жамбылды да қозғаған!  
Елім бейбіт, жерім құт,  
Тілім шірін, жырым жент —  
Көмейімнен қоздаған;  
Тудырар ма мұндай ер,  
Өсірер ме мұндай ел,  
Сталиннен өзге адам!  
Сталиннің атырын  
Күшімен кіл батырым  
Болат тонды, қуатты, —  
Мұнан батыр озбаған!

1940.






## ТЕЗЕКБАЙ ТУРАЛЫ <sup>145</sup>




ігіттер, не дейсіндер Тезекбайды?  
Тепкізген күрен атқа жирен тайды.  
Не үй, не түз шаруасын ойламайды,  
Не деп атаушы едіңдер осындайды.

1940.







## БОЛЬШЕВИКТЕР ТОБЫНА <sup>146</sup>


*(Үш орденді халық ақыны Жамбылдың Қазақстан  
большевиктерінің III съезін құттықтап айтқаны)*



Үмбірлетіп домбыра,  
Алсам сені қолыма,  
Пернелерге тіл бітіп,  
Сөз нөсерін өрбітіп  
Жыр күйылар ойыма.  
Сөйлесем дос-жаранға  
Жыр күйылмас заман ба?  
Көк қаусырған Талғардай,  
Шыңын бұлақ жарғандай,  
Өлең шіркін лақылдап  
Сыймай кетер бойыма.  
Қалай сыйсын қара өлең,  
Балқып ерид шаттықпен  
Тоғысқанда тойына.  
Мен ғана ма бұл келген,  
Көк өрім тал күллі өрен  
Еріп келді соңыма.  
Ақ сақалды, бурыл шаш, —  
Мен бастаған жыршы жас,  
Құтты болсын айтамыз  
Большевигім тобыңа!

(Қол шапалақтау).

Қазақстан атынан,  
Топтарыңа шақырған  
Қарт жырауың мен едім,  
Жырым шолып ел ішін,  
Елдің ұлы жеңісін,




Партиямның алдында  
Айтайын деп кеп едім!

(Қол шапалақтау).

Осы топқа қарасам:  
Айбынындай елімнің,  
Қуатындай жерімнің,  
Оза шауып жүлде алған,  
Сталиннен үлгі алған,  
Шын болаттан құйылған  
Балғасындай өмірдің  
Большевикті көремін!  
Өміріме өнеге  
Бақ орнатқан келеге,  
Байтақ шалқар өрістен,  
Мызғымайтын жеңіспен  
Озат шыққан өнерім!  
Білім десе білімін,  
Түлік десе түлігін,  
Мүлік десе мүлігін,  
Өмір десе өмірін,  
Темір десе темірін,  
Көмір десе көмірін,  
Алтын десе алтынын,  
Тілегенін халқымның  
Сый ғып тартты керегін.

(Қол шапалақтау).

Аңсаған елге су берді,  
Шөл далалар гүлденді,  
Дауысты ашып қарлыққан,  
Бүгін өмір жаңартқан,  
Халықтың сүйген өлеңін,  
Майырылмас алмас заводтай,  
Біздің осы өмірден  
Алуан сұңқар ер шықты  
Қауырсыны темірдей,




Нажағайдай жарқылдап,  
Көктеп жауған шартылдап  
Жаңбырша оғы төгілген!  
Тайсалмастан дұшпаннан,  
Темірменен кұрсаңған  
Жаудың інін жемірген,  
Жауар күндей түнеріп,  
Жорыққа жойқын үдеріп,  
Қаулай өрген жерімнен  
Батырлары елімнің,  
Хасиетті жерімнің,  
Жау бастырмайд шенінен.  
Соның күшті тобында  
Өленім — оқ қолымда  
Мен де жаудан шегінбен!

(Қол шапалақтау).

О, большевик ерлерім!  
Елге тұтқа өрнегім,  
Нұр үстіне нұр кұйып,  
Бахытқа елді бөлендер!  
Бахыттың асқар шыңына  
Өрлей берсін өнерлі ел,  
Білімге, күшке, іске ұста,  
Бар әлемге боп нұсқа,  
Өрлей берсін ерендер!  
Мен үдермін бұдан да  
Қуат беріп тұрғанда  
Ұлы Сталин кеменгер,  
Үдеген сайын ұлы ісін,  
Сендер үшін, ел үшін, —  
Сарайымнан саңқылдап  
Шығар талай өлендер.  
Жаудан қайтпас қарт жүрек,  
Мен де сіздей большевик,  
Мені кәрі демендер!

(Ұзақ, ду, қол шапалақтау).





## ЖАНҒҰТТЫМЕН ӘНГІМЕ <sup>147</sup>

— Қалай, күйлі-қуаттысыз ба? — дейді алыстан іздеп келген Жанғұтты деген шал.


— Жаман емес-ау, — дейді Жамбыл. Дегенмен:

Көп жүріп, жеттік асу — аш кезенге \*  
Көргенше енді қайтып мен төзем бе?  
Білмеймін, жүкті әйелдей жүрек күпті  
Жүреміз ұрып кетіп қайсы өзенге!..

1940




\* Аш кезең — таудың ең биік басындағы жіңішке кезең, өзін қартайғанын сондай кезеңге теңегені.



## КҮНІ ТУҒАН ЕЛІМ <sup>148</sup>



омбыра алып, ел кезіп,  
Тұманды күнде мен безіп,  
Кешегі жүрген шағымда:  
Күннің батқан жағында, —  
Секілді менің руым  
Өмірдің көрген күйінін, —  
Бар екені қандай жер,  
Бар екені қандай ел  
Сезілген күнгірт Жамбылға.  
Күн туып нұр шашқанда:  
Елім қолы аспанға  
Соға жетіп, Октябрь  
Таңы кұмар басқанда:  
Батыс, шығыс, оңтүстік  
Кұлақ түрді жыр тыңдап  
Жамбылдайын даңғылға.  
Таңы атқан менің елімнің,  
Көмегімен ерімнің,  
Күнбатыс жақ шектегі  
Халықтың да көктемі  
Шығып, көлкіп көлдері,  
Ерік алды батыста  
Украина елдері  
Бақ орнатқан таңында,  
Күннің нұрын көрді анық  
Сталиндік заңында.  
Шырқай шықты дауысым,  
Жақын болды алысым,  
Барсам Ұзын-ағаштай




Жолы жақын жалғауға,  
Күннің нұрын Мәскеуден  
Бірінші рет көрген ел,  
Тақта отырған пандарын  
Тас-талқан ғып женген ел —  
Өркендеген бағымен,  
Сталиндік заңымен  
Қырандайын самғауда,  
Жанғыртып ойы, қырларын  
Халқы сүйген ұлдарын  
Депутатқа ұсынып,  
Праволы сайлауға.  
Ол теңдікті кім берді,  
Кім берді өмір ұшпағын?  
Десең, — баққа туған ел,  
Бахыт берген Сталин,  
Оның аты ұлы ат,  
Ол — бірінші депутат  
Халықшыл ұлы сайлауда!  
Тұманды күнсіз елдердің  
Күні бүгін жайнауда;  
Ұлы Сталин данышпан,  
Ол — жанған нұр таңына,  
Ол — туған ел бағына,  
Ол — еңбектің тауына  
Жеткізді елді; сол үшін —  
Жамбыл дайын сайрауға.

1940









АСАУ ҮЙРЕТКЕН  
ЖІГІТТЕРГЕ <sup>149</sup>



асау тайға мінушек,  
Ауыл кезіп жүрушек,  
Аттанушек «бозбала»,  
Атағымыз сол ғана...  
Неге екенін кім білсін?  
Жүруші едік жұмыс жоқ,  
Күр әйтеуір кеңіл тоқ...  
Секілді едік буыршын,  
Өмірді бос өткізіп,  
Жұртқа сүйкім кеткізіп,  
Жүрдік пе екен қыз үшін!..  
Тек осыны ойлаңдар,  
Сендер ондай болмаңдар,  
Қылжакбастық кұрысын!

1940.





## ТӘЖІБАЙҒА <sup>150</sup>




асымнан атым аян Жамбыл едім,  
Сүрінбес қара сөзге даңғыл едім.  
Сөйлесем сары түнге шалдықпайтын,  
Қақырап қайран даусым қалды менің.

Шалқыған аспан-көкке қайран әнім,  
Шырқасам кіргізетін тойдың сәнін,  
«Ә» десем, ауызымнан бытырайды,  
Шіркінге не болғанын біле алмадым.

Тәжібай, саған қалай менің мұным?  
Аулақта сұрайтұғын бұл бір сырым:  
Әнді алған, әр нені алған сұрамастан,  
Күнәлі, бәлкім бұған кәрілігім?

1940.






## ТАУДА <sup>151</sup>


**М**ен бір шал тоқсан жасты кұрдас еткен,  
Тайғанап жүре алмаймын қыя беттен.  
Ел кезбей атқа мінбей, араламай,  
Жатамын үйде тыныш сол себептен.

Бұл кезде белім бүкір, көзім бұлдыр,  
Белге алып шыға алмайды тізе кұрғыр;  
Кұлағым қанылтырмен қаптағандай,  
Ел сөзін естімейді қаңғыр-күңгір.

1940







## АБАЙДЫҢ СУРЕТІ <sup>152</sup>


**М**ынау тұрған Абайдың суреті ме? —  
Өлең—сөздің ұқсаған құдретіне,  
Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған,  
Қарсы келер Абайдың кім бетіне!

Ақын атын таратқан әрбір тұсқа,  
Соңғыларға қалдырған үлгі-нұсқа,  
Арғын, Найман сөзіне таңырқаған —  
Қандай арман бар дейсін бұл туыста!

Терең ойдың түрінде теңізі бар,  
Тесіле көп қарасаң көңіл ұғар.  
Сол тереңге сүйсініп жан үңілмей,  
Есіл сабаз ызамен өткен шығар!..

1940







## ШӘКІРТ БАЛАЛАРҒА <sup>153</sup>

**Б**алдырған балғын балалар,  
Мойнына кызыл байлаған.  
Майысып сұлу мәуесі  
Түрлерің гүлдей жайнаған.  
Мектеп боп ынтық — әуесі,  
Жасынан білім ойлаған.  
Айналам сендей жеткіншек,  
Қарасам көзім — тоймаған.  
Мәуелі сендер бәйшешек  
Өмірдің жазын тойлаған.  
Ұялы мен бір бәйтерек  
Ортаңда көктеп бойлаған.  
Сендерді қоссам жырыма  
Саңқылдап үнім сайраған.  
Қаздаңдап кәрі саусағым  
Ішекте бойлап ойнаған.  
Мектептен сендер келгенше  
Тағы да бір жыр ойланам,  
Келген соң айтып бермесем,  
Балалар, кінә қой маған!

1940





ӘЛЕМДЕ БІР  
ЖҰЛДЫЗ БАР <sup>154</sup>



Мен шеккелі қай заман  
Өмірдің ұзақ сапарын...  
Не көрмеген көне көз,  
Ағарғанша сақалым.  
Қыйлы-қыйлы жол тартып,  
Үміт алда мұнартып,  
Демеу болған көңілге  
Жалғыз, жансар сәулеге  
Жеткенімше құмартып, —  
Бір ғасырды жасадым.

Ол бір күнгірт түнекте  
Елестеген үмітті  
Мен бе, жалғыз іздеген?  
Көп сапырылып, қажалып,  
Сол сәулеге қадалып,  
Кімдер көзін сүзбеген?  
«Үміт алыс, өмір шақ»  
Жаны қажып, жабырқап...  
Кімдер күдер үзбеген.  
Күллі байтақ елдей боп,  
Жасын жасап мендей боп, —  
Сөйлескен кім жүзбенен?  
Кітабындай өмірдің,  
Шежіресін еліңнің, —  
Естерсіз де білерсіз —  
Кенессеңіз бізбенен:  
Осынша ұзақ сапарда  
Қүй мен жыр боп ермегім,






Жыйнап, теріп көргенді  
Узақ жолдан мен келдім.  
Асқар, асқар белдердің,  
Күс ұшпайтын шөлдердің,  
Қыйырында ел күнреніп,  
Байлар сорып жылаңдай,  
Кулар шоқып күзғындай  
Хан, сұлтаны «күдайдай» —  
Салып улы шенгелін,  
Жұртты бүріп сығымдап  
Тоя жеді жемдерін.  
Қарсы шауып соларға  
Ел өрледі нелер бір,  
Жасы қыршын, жаны өткір,  
Қаза тауып қапыда,  
Көргем талай өлгенін.  
«Қарағай найзаң сынды ма?  
Көріп жаның тынды ма?» —  
Деп ақыннан жыр борап,  
Көкірегін шерге орап  
Қайғыменен көмген күн...

Зарыққан соң ағайын,  
Сарғайтып жүзді сары уайым,  
Мұңға толып сарайым,  
Шолды көзім жан-жақты:  
Аспан нұрсыз, жер үнсіз,  
Қара бұлтқа ай батты...  
Көріксіз жаз, Құлан саз\*  
Суы құрып сай қапты.  
Судырамай құрағы,  
Сарқырамай бұлағы,  
Қарт бурадай түнеріп, —  
Тілсіз бейне бір өлік —  
Жым-жырт шөгіп тау жатты.  
Баспанам жыртық ылашық,  
Шығарға күш жоқ қыр асып,


\* «Патша әмірі тарылды» деген жырын қараңыз.



Көріп ек мұнды аймақты.  
Ыза кернеп бойымды,  
Сан толқытып ойымды,  
Зығырымды қайнатты!  
Жан шыдар ма күйінбей,  
Күнренген ел үніндей, —  
Жамбыл күйін аңыратты...

Сүйтіп үміт сөнгенде,  
Күнім қаран дегенде  
Тынып тұрған дүниенің  
Жарқ еткізіп түндігін  
Серпіп, кенет ашқандай,  
Керең дүние селт етіп  
Түгел құлақ асқандай,  
Жер жара бір шықты үн,  
Серпініне сол үннің  
Серпілді де сырғып тун,  
Жер мен көкті жарылқап,  
Нұрға бөлеп шықты кун!  
Ел еңсесін талай жыл  
Қара тастай басқан зіл —  
Ыдырады қайғы, мун,  
Бойын жазып, жадырап,  
Күнді күшты маужырап,  
Мелшиіп жатқан тау мен құм.  
Елдің құрғап көз жасы,  
Көкорай болып көл басы,  
Толып өзен арнасы,  
Кұнарланып күндағы  
Кұлпыра берді күз бен шын.

Қуаныш бөлеп жүрегін  
Айтты сонда бар елім:  
Жарық күні әлемнің —  
Ленин! Ленин! Ленин!  
Улы есімін Лениннің,  
Атаған сайын күш қосып,  
Күннен күнге үдедім.



Узақ сапар шеккелі,  
Максатқа осы жеткенім.  
Талай заман іздеген,  
Көптен көксеп көздеген  
Үмітіне жетті елім.  
Өмірдің ауыр қыспағын  
Қыйратып Қазақстаным,  
Отанның ұлы халқымен  
Өткізді жыйырма өткелін.  
Айтсам күнді бүгінгі,  
Қазақ халқы бұрынғы, —  
Көріп туған нұр күнді, —  
Ерен күшті ел болды.  
Көсегесі көгеріп,  
Кең өлкелі бел болды.  
Асты күміс, үсті ырыс,  
Таудан алтын, сайдан мыс  
Телегей теңіз көл болды.  
Жерден мұнай атылса  
Көктегі құстың қанатын  
Қақтыратын жер болды.  
Азуын айға білеген,  
Айбаттанса үдеген,  
Елде айбарлы ер болды.  
Малы қаптап өрісті,  
Ағашы миуа, жемісті,  
Жоны женттей егісті, —  
Қазақстан аймағы  
Алтын жайлау жер болды.


Қайратым құрыш, ойым өр,  
Қажымас, қайтпас елім өр.  
Қойным толған қазына,  
Шығып өмір жазына  
Бөгелместен беттедім,  
Арман еткен мың жылғы  
Адастырмас жұлдызды  
Халкым тауып тұрғанда  
Қалай жырды төкпейін:






Жамбыл мектеп окушыларының арасында






Әлемде бір жұлдыз бар,  
Ол бар жерде күндіз бар;  
Ол жоқ жерде күнде ызғар;  
Ол — жиһанның жүрегі,  
Ол — жер мен көк тірегі!  
Күллі әлемнен ол биік,  
Жарқыраған нұр күйіп,  
Бахытқа елді бөледі.  
Ол әлемнің шырағы,  
Өмір, бахыт бұлағы  
Сонан ғана өреді.  
Ол — Кремль жұлдызы,  
Ол — өмірдің күндізі;  
Адастырмас сәулесін  
Әлем жүзі біледі.  
Кремльде Сталин  
Беріп өмір ұшпағын  
Күллі жұртын жебеді.  
Қазақстан тойында —  
Өмір тұрқын бір болжап,  
Нелер түсіп ойына —  
Қарт Жамбылдың жыр толғап  
Осы айтайын дегені.

1940,








БАРЛЫБАЙҒА <sup>155</sup>



азақта көптен жүрген мен бір тауық,  
Шырағым, емдеймісің емін тауып.  
Қаттырақ жауырынымнан қыса түссе,  
Жүрекке болмас па екен үлкен хауіп?  
Емдетпей, ерлік етіп жүре берсем,  
Кетпей ме тұла бойға түгел шауып?


1940






үрек неге соғады өрге қарап? <sup>156</sup>  
Жағар-жақпас білмеймін ішкен тамақ.  
Байдан сауған кедейдің сауынындай,  
Лөгдір балам\*, отырмын саған қарап!..

1940



\* Лөгдір балам — Жәкен дәрігерді лөгдір дейді. Мұндағы  
ақының өз дәрігері Рахымбай Досымбеков.




\* \*  
\*




ақырған жоқ сендерді\* Жамбыл жайға,<sup>157</sup>  
Ақылдасып қойындар осындайда.  
Әркім өзі жершілмін деп ойлайтын:  
Ұрып кетіп жүрмендер екі сайға.

1940



\* Шақырған жоқ сендерді — дегені Х. Барлыбаев пен Р. Досымбеков (дәрігерлер).





\*  
\* \*  
\*




амбыл өлең айтпайды жантайған соң, <sup>158</sup>  
Жалқауырақ тартыппын қартайған соң,  
Көңілсіздеу секілді көрінемін,  
Дос алыстап, қасымнан жар тайған соң.

Тарыншақтау мінезім — ұрысқақтау,  
Еріншектеу болыппын — тырысқақтау,  
Айқайласа жүйріктей бүйірі қызған,  
Ақын-ақ ем бір күнде ұрыншақтау.

Жас баладай ілезде кетем қалғып,  
Қартайған соң бір ұйқы алған аңдып,  
Жазуыңды Ғали-ау қоя тұршы,  
Шаршаңқырап отырмын басым мәңгіп.

1940




Handwritten title or header at the top of the page.


Main body of faint, illegible text, possibly bleed-through from the reverse side of the page.

Small handwritten mark or signature on the right side of the page.

Handwritten text or signature at the bottom of the page.



**ТӨРТІНШІ БӨЛІМ**





TOPTHEMIRIAM



## ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ КЕЗІНДЕГІ ШЫҒАРМАЛАР



### КӘРІЛІК <sup>159</sup>

асықтан асыл шықпас қайрағанмен,  
Жабыдан жүйрік шықпас байлағанмен,  
Жасарып Жамбыл қайта жігіт болмас,  
Жағасын үш қайтара майлағанмен.

Сақалым темір күрек борға малған,  
Селеудей шашым селдір зорға калған.  
Аузыма ақ жабағы жапсырғандай,  
Кәрілік немді қойды қорламаған?

Құлпырған қызыл шырай түсімді алды,  
Аузымды опырайтып тісімді алды,  
Босатып буынымның шегелерін,  
Сыпырып тұла бойдан күшімді алды.

Кәрілік екі көзді қызартады,  
Сүйектің етін сылып, ұзартады.  
Еңкейсең етпетіңнен түсіргендей,  
Батпандап шонданайға тұз артады...

1941.





\* \*  
\* \*




етіппін жүре-жүре қыр басына, <sup>160</sup>  
Жол екен таусылмайтын бір ғасырға.  
Елбіреп екі аяғым дірілдейді,  
Көз жетпей тұрары ма, тұрмасы ма...


Тамырдың тілі қандай, дәрігерім  
Жамбылға турасын айт, сыр жасырма!  
Жетелеп біраз күнге жүріңдерші,  
Кез болдық қайдан демей бұл масылға.

Болыппын жыртық үйдей саңлауым көп,  
Тұрғандай жан-жағымнан жел гуілдеп,  
Өзіме-өз дәрменім жетер емес,  
Болысып жібермесең біреуің кеп!

1941.







## АЛҒЫС <sup>161</sup>





ос-жараным, өренім,  
Сүйінішпен келіпті.  
Бәрін билеп денемнің  
Бір қуаныш ерітті:  
Қарт жыраудың жырына  
Ұлы сыйлық беріпті!

Бұл хұрметке, дариға,  
Сыя болса дария,  
Қағаз болса бәр жапырақ,  
Қалам болса әр бұтақ,  
Қару тауып берер ме!  
Сөз тапсаң да гауһардан,  
Күй тартсаң да тайпалған,  
Біреуі сай келер ме?

Жырақ жатқан жапанда,  
Жырауды қосып қатарға,  
Өмірімді тіргізген,  
Өлеңімді өргізген —  
Айтам алғыс, Отаным!  
Айтам алғыс, Сталин!

1941






КӨКТЕМ МЕНЕН  
МАЙ ДАНҚЫ <sup>162</sup>

К


өрдiм тағы көктемдi,  
Жылы жүздi жеттi жаз.  
Жаңа үйiмнiң төрiне  
Шұғла шашып, жерiме —  
Көктiң нұрын төктi жаз.  
Далама жастар дән егiп,  
Дән еккен дала сәнденiп, —  
Етегiн түре еңбекке  
Елiм, жерiм болды мән.  
Жаңбыр төгiп аспаным,  
Гүл көтерiп бастарын,  
Бұлты көшкен тауымның,  
Қыран сүйiп асқарын,  
Еңбекпенен денесiң,  
Шынықтырып жастарым —  
Көлде жүздi қоңыр қаз,  
Тасқындай ағып Iле, Шу  
Құстар ұшып ызы-шу  
Жасағандай жазға мән.  
Жылқыда бие, құлын-тай  
Құйрық атып құландай  
Асыр салып иiскелеп,  
Мыңғысып дала, мал төлдеп, —  
Қоштасты жазбен қысқы аяз.  
Жаздың көрiп жайнауын —  
Менiң де жаңа жайлауым, —  
Алатаудан қол былғап,  
Кел деп шалға сайрандап, —  
Құлпырған анау Құлансаз \*

\* Құлансаз — «Патша әмiрi тарылды» өлеңiн қараңыз.



Сұңқардай көңіл талпынып,  
Май айында шалқыдық;  
Жер жарғандай ұраны,  
Елімнің бір думаны  
Міне, тағы май келді.  
Бұл думанға елімнің  
Салтанаты сай келді.  
Шықты, тулы ұлдарым —  
Самолеті көгінде,  
Зеңбірегі жерінде,  
Кемесі мұхит төрінде,  
Танкісі болат тегінде,  
Көрдім, ұлдар құралын.  
Мен де бірге сонымен,  
Шаттанып жаз нұрымен,  
Сталиннің қолымен  
Жазылған заңның жолымен  
Жастарға аспан жыр шырқай  
Жасара күнде тұрамын.

1941



*Handwritten notes and signatures in the bottom right corner, including the name 'Минин' and a signature.*






\* \* \*

**М**ен де бір жас баламын қыңқылым көп, <sup>163</sup>  
Сіркем бір су көтермей ыңқылым көп,  
Жарқ етіп жанымнан бір өтсейші деп,  
Тұрады жас күніме ынтығым кеп.

Кураған жапырағым мен бір терек,  
Томар боп сүйектерім қалса керек:  
Жазда да жасаң тартпай отырғаным,  
Тұр екен қай жерімде шіркін жүрек?!

1941.






АТА ЖАУМЕН  
АЙКАСТЫҚ <sup>164</sup>

I

**А**сқар таудай еліме  
Байтақ жатқан жеріме  
Шапты фашист дегенде:  
Ашуменен аралас  
Жыр да келді көмейге,  
Қаһар қаулап денемде!  
Көз жібердім мен де елге:  
Сонда елімнің түрінен  
Тастай болып түйілген —  
Қаһармандық аңғардым,  
Жау сазайын бергенге!  
Жау тиді деп саспастан,  
Аяқтарын нық басқан  
Айбатынан көресің  
Аспанмен күші астасқан!  
Күйған құрыш тәрізді  
Тұлғасында күшті ызғар  
Батырлықпен ұштасқан.

II

Көз жібердім сонда мен,  
Жүрегіне елімнің,  
Кремльді болжап ем:  
Қуат күйған бойыма,  
Шырақ жакқан ойыма  
Келбетін көрдім ерімнің.



Бахытты елге бел болып,  
Батырларға дем болып,  
Тұрқын болжап тарихтың,  
Таразылап заманды  
Қасында тұр Лениннің:  
Осы тұрған ұлы адам —  
Халық бағын ойлаған,  
Данышпаным Сталин  
Шам-шырағы өмірдің,  
Жүрегіндей өзінің  
Көріп дана тұр еді  
Өзі орнатқан өмірін.  
Жеткізген адам бұл халға  
Жау түгіл шыбын қонғанға  
Қыяр ма Отан өңірін!  
Сол тұлғасы елестеп,  
Аялған жан жолыңнан  
Адамдық жан емес деп,  
Толқып бір кетті-ау көңілім!

### III


Сен шақырсаң көсемім,  
Әмірің ортақ маған да,  
Төгіп жырдың нөсерін  
Домбырамды алам да,  
Айналам жас — нөкерім,  
Мен де барам, қалам ба!  
Қорғауға елді кім шықпас,  
Аттанды қала, далам да.  
Кәрі дүние килікті  
Жайнаған біздің заманға.  
Адырға шығар деген бар  
Асыққан аң адалға!  
Ата жаумен айқастық  
Майдандасқан алаңда!  
Қаһарланып аттандық!  
Қаусаған кәрі дүниеден  
Енді тамтық қалар ма!  
Олар фашист — сұр жылан





Уын шашқан адамға!  
Денеге уын дарытпай,  
Жаныштап басын жыланның  
Салайық, халкым табанға!  
Ондай мерез ордасы  
Қалмасын тіпті ғаламда!  
Жас өмірдің жайқалған  
Жұлғызбай жалғыз жапыра-  
ғын,  
Жайпайық деп жауларды  
Жар салды жырау жаранға!

1941






ӨЛІМ МЕН ӨМІР  
БЕЛДЕСТІ <sup>165</sup>



з сөйлеп, көпті болжаған,  
Арыдан терең ойлаған,  
Сталин данам, қарағым!  
Сөзіңді естіп сөйлеген,  
Жүрегін түгел тербеген,  
Кәрі мен жастың, баланың!  
Тебірендім қатты мендағы,  
Күшімді жыйнап қайдағы,  
Қаздандап бастым аяғым!


Сөзіңнен түгел түсіндім:  
Жалмауыз жаудың пішінін —  
Қубыжық түсі адамның!  
Ел-елге салған тұмсығын.  
Еттерін жеген кісінің  
Нысайы жаман сұмырай!  
Ерікті, бақты жоймаққа,  
Еліме ашқан аранын.  
Бұл неткен қорқау қасқыр деп,  
Бойымды билеп ашу, кек,  
Түнерді бұлтша қабағым.

Жайпауға күштар жан-жағын —  
Тоңмойын, дүлей жау мәлім,  
Аямас күшін, амалын,  
Боратып жатыр оқтарын,  
Жаудырып жатыр доптарын,  
Бұзам деп Отан қамалын.  
Қайтарып десін солардың,




Өтінде окты боранның,  
Халқы үшін жанын фида етіп,  
Аспан мен жерде гулетіп,  
Пәршелеп жаудың ілегін,  
Талқандап тамшы түйдегін,  
Тойтарған ерлер жау алдын,  
Қаһарман батыр соларға,  
Қуатты тірек боларға,  
Түгел шық — өрен-жараным!  
Жырымды жұртым енді есті:  
Өлім мен өмір белдесті!  
Не керек жанды аяуың  
Бұл жолдан қалған малың мал!  
Бұл жолдан қалған жаның жан!  
Не дейін айтып алғын!

Қайраты құрыш халық ек,  
Камалды талай алып ек,  
Жығып ек туын дұшпанның;  
Уран қып ұлы нұсқауын,  
Сталин көсем дананың!  
Тағы да берді нұсқауын,  
Сол енді жұртым уставың —  
Сайлаған жаудың ажалын!  
Қан кешкен сонау майданда,  
Айбынды Қызыл Армия  
Орында түгел талабын!  
Жібермес жауға ол кегінді,  
Күтырып қапқан елінді —  
Қан ішер фашист жаулардың  
Қуырар әлі-ақ заманын.







## ЛЕНИНГРАДТЫҚ ӨРЕНІМ! <sup>166</sup>



Ленинградтық өренім!  
Мақтанышым сен едің!  
Нева өзенін сүйкімді!  
Бұлағымдай көремін.  
Көпіріне қарасам,  
Көмкерген су көлемін,  
Өркеш-өркеш жарасқан  
Шокылардай дер едім.  
Сапырылған көк теңіз  
Шомылдырып кемерін!  
Шама күндей жайнаған,  
Аспанға үйлер бойлаған...  
Арқа тұтып алыста,  
Айбыным деп ойлағам!


Жасағам жоқ өмірді  
Жау сойқанын көргелі,  
Төккенім жоқ терімді!  
Шер қылғалы кеудені.  
Жасалған жоқ салтанат  
Жаудың болуға ермегі.  
Жауда қалып Ленинград,  
Жаралған жоқ көнгелі! —  
Жасағамын өмірді  
Жау біткенді жеңгелі;  
Саудыратып сүйегін,  
Топыраққа көмгелі.  
Қазақстан жерінен,  
Тұтағандай ел кегі,

Жолды кернеп қол кетті  
 Сендерге дем бергелі,  
 Нева алабын қорындар  
 Ленинградтын ерлері,  
 Урпаққа үлгі болындар,  
 Заманымның өрнегі!

بار، اینست، اینست، اینست  
 (۲۰۰۰)

Ата-бабаң баяғы  
 Аян еді Жамбылға;  
 Күрсаулы қол, аяғы,  
 Аударылған ауылға.)  
 Төрт патшадан теперіш  
 Көргендерін білем мен.  
 Петербордан қара күш  
 Күласа деп тілеп ем.  
 Тілей-тілей өмір өтті  
 Сақал, шашым ағарып,  
 Сонда бір күй тебрентті  
 Балтық толқып дем алып...  
 Жаңғырығы кұлақтан  
 Кетпейтін бір күн еді.  
 Ел жүрегін қуантқан,  
 Ленин көсем үні еді!  
 Сөзі нұрдан жаралған  
 Ленин ыстық күн еді,  
 Сол келген соң жоғалған  
 Замананың түнегі!  
 Өмірімнің жұлдызы  
 Енді сенсің дегенім.  
 Ленинград ұл, қызы,  
 Қайыспаңдар өренім!

Дүкенінде жасалған  
 Машиналар алуаның,  
 Киров әкеп еліме,  
 Қуаныш қып алғамын.  
 Сендерменен кашаннан  
 Аға, інілі болғамын.  
 Жоқ қой дегем Алматы,




Енді менің арманым.  
Су қыраны секілді,  
Балтықтағы ерлерім,  
Сыйлық алып не түрлі  
Келгендерін көргемін:  
Бірге тойлап тойымды,  
Бірге көрген серуенім.  
Немерем мен шөберем  
Бесігінде сендердің,  
Жастайынан үйренген  
Ғылым, білім өрнегін.  
Бүгін Жамбыл тыңдаса—  
Естиді жау келгенін;  
Есігіңе таласып,  
Созыпты обыр өңменін;  
Естерінен адасып,  
Жолына үйіп өлгенін,  
Жеті басты жалмауыз  
Жайыпты қан шенгелін...  
Дегеніне жетпес ол,  
Қақпа алдында қансырар,  
Келген шығар айдап сор,  
Жылан басы жаншылар,  
Жау түнегі аршылар.  
Тағы сайрар бұлбұлдар,  
Тағы жайнар жұлдыздар,  
Масайрасар, ұл, қыздар!

Ұлы халық өскен жер,  
Бауыр басқан жасымнан,  
Жау зақымын көрсендер,  
Дауысың шығар ашынған.  
Оқтар тиіп, өрт шалып,  
Дүние мүлік шашылған.  
Канішер жау жүр шауып,  
Арандары ашылған...  
Білем, бірақ, өмірі аз,  
Сондықтан жау ентелер:  
Ажалына асыққан



Обырларды жүтар жер.  
Қарсы аттанды жауға жүрт,  
Көтерілді қалың ел.  
Жау батпаны жатыр деп,  
Қайысқан жоқ біздің бел.  
Тірек болған еліме,  
Туым едің сен алғаш,  
Ленинградтың төріне  
Жау аяғын сала алмас!  
Келген жауды түйіліп,  
Жеңген едің бұрын да:  
Жау сүйегі үйіліп  
Қалған өзен, қырында.  
Патша қолы — құлдары,  
Қырғын тауып бұлдағы,  
Сонау соғыс кезінде,  
Кұмың болған «кұндағы!»


Ленин шәрі қайратты  
Ол бір өткен күнінен:  
Жауға қатал айбаты  
Аңғарылар түрінен.  
Камалына оқ дарымас,  
Ол бір кұрыш асыл тас,  
Бақшасының қақпасы  
Жау қолына табылмас!  
X Қаласына Лениннің  
Жан-жағынан елімің  
Ағытылған от арба,  
Батырларын жіберген  
Ауыл, қыстак, шәһәр да,  
Ел салмағы қорғасын,  
Қорғағалы ордасын,  
Құйып жатыр қалаға,  
Деп жауымыз сорласын!  
Қазақстан жерінен  
Мұнай да ағып тасыған;  
Сұр қорғасын темірмен  
Сол тасқынға қосылған.



Қара көмір, қызыл мыс  
Секілденіп жалын күш  
Барып жатыр осыдан;  
Сәт сағаты жеткенде,  
Көсем жарлық еткенде,  
Жаудың тілі байланар,  
Солар сөйлеп кеткенде!  
Окка ұқсаған дәндерім,  
Қызыл шырай алмалар  
Бал татытып дәмдерін,  
Барып жатыр бәрі де —  
Жүйрік пенен жорғалар.  
Соның бәрі көмегім,  
Қанкұмарды жеңуге.  
Желкесінен жегенін  
Сығып ала беруге!

Уа, қаһарман өренім,  
Мақтанышым, беделім,  
Сырда тұрып аңғарам  
Күтырған жау өрлерін.  
Торыққаннан ұлайды  
Торып қала көлемін.  
Жамбыл тұрып тыңдаса,  
Сараң тартқан құлағын,  
Жаңғырығып тау-тасқа,  
Күнде келер бір жаңа үн:  
Жауға жұртты шақырған  
Сайып қыран Жданым \* —  
Мектеп, завод, шахтыдан  
Жыйнаған ұл, қыздарын.  
Ворошилов қол бастап,  
Нажағайдай ойқастап,  
Қаймықпауға, қайтпауға  
Кәрі, жасқа ой тастап;  
Жасандырған жасағын  
Жерді болжап айқаспақ

\* Ж д а н — Жданов жолдас.



т. 485

мыңа ийгілігі

Жабыкпаған Ленинград,  
Сталин әмір берген шак:  
Сап-сап болып қол барар,  
Қорғап сені ол қалар.  
Қатты майдан алда бар,  
Жанышталар айдағар!  
Жаталмаймын төсекте,  
Жаным қалай жайланар!

күбә атр.

Кус уиқылы көнемін,  
Қайтып ұйқы көремін!..  
Жетсін деймін сендерге  
Жыл күсындай өлеңім,  
Қаласындағы Лениннің  
Сайып қыран өренім!

1941








## МОСКВАҒА <sup>167</sup>



Москва, — жүрек тербеген,  
Ойды, мыйды билеген,  
Кремльдің сарайын  
Бір емес талай көрген ем,  
Сол сарайға сан рет,  
Тәжім етіп енген ем.  
Жаздың келіп келбеті,  
Гүлге оранып жер беті,  
Шалқытып жанды ел бағы,  
Кәрі жырау мендағы —  
Москваға өрлеген  
Жырды, сөзді арнағам,  
Дауыстап шешен пернеден!  
Жапырақ түсіп сарғайып,  
Шуылдап күзгі желменен,  
Күздің көзі қыраулы,  
Қара суық гулеген, —  
Сауытты құрыш Москвам,  
Ұштасып жаумен асқынған,  
Қаскүнем аңның тобымен  
Айқастың шығып көлденең!  
Тастүлектей тобыңмен,  
Қорғасындай оғыңмен, —  
Душпаныңды талқанда,  
Қалмасын жау өлмеген,  
Қуатты құрыш Москва,  
Неміске қадам бастырма!  
Күн-түн жауды күл қылып,  
Салыңдар табан астына.




Өртеп жауды жалындай,  
Шалғынмен шапқан шабындай,  
Шауып, қыйрат Москва!  
Қара басын қылышқа  
Қағып қыйрат Москва!  
Рахымсыз жауларын,  
Қаныпезер ашқарак,  
Тез жоймасаң, ол залым  
Тәніңе дақ тастамақ!  
Әр төбешік, — оларға,  
Мола болып қаларға,  
Бар күшінді аянбай,  
Жауып, қыйрат Москва!  
Жау жеңетін тәсілді  
Тауып қыйрат Москва!  
Ұшқан құс та қайдағы,  
Аққан су да сайдағы,  
Жаңғырыққан таудағы —  
Атайды айқын атыңды, —  
Сүйікті сенің Москва.  
Қар жамылған шың, құз да,  
Аспандағы жұлдыз да,  
Нұрланған асыл атыңмен,  
Көрікті сенің Москва.  
Қойның толған қазына,  
Кентті өмірдің жазына.  
Орда болған өзіңе,  
Арнап асыл сөзімді,  
Хажет болсам жолыңа  
Аямастан өзімді  
Беруге де жан пида.  
Ерікті мәңгі Москва! —  
Жау қарасы жақындап,  
Жармасқанда белеңге,  
Гүрсілдетіп алыстан  
Оқ атқанда денене;  
Немерең мен шөберең  
Баурына кеп енгенде.  
Оларды, ашық алаңнан



Мрамырмен қаланған;  
Темір жолы тартылған,  
Сәулеті сұлу артылған,  
Жер астында салынған —  
Салтанатты сарайға  
Сақтайсың хауіп төнгенде,  
Оларды жаудың оғынан  
Қорғаған қамқор қолыңнан  
Бейілінді көрем де,  
Шыйрай түсед денем де.  
Түн ұйқынды төрт бөліп,  
Бомба түсіп жарылса,  
Жарылғаны құлаққа,  
Алыстан кеп шалынса,  
Уран сап сені қорғауға,  
Сапталған лек-лек ер түгіл  
Аттанбай тұрмас «керен» де.  
Жау тыңшысы түн кезіп,  
Көктен отты сәулесін  
Жіберсе ұрлап, соқыр да  
Танып жаудың белгісін,  
Оқпен бөгеп ұстайды  
Москваға келгенде.

Қызыл тудың астында,  
Кремльдің қасында,  
Граниттен салынған,  
Табытта жатқан — ұлы адам,  
Денесі жансыз қалса да,  
Мәңгі ұйқыда болса да,  
Атылған мылтық дауысын  
Естіп, жауға қарғысын  
Жаудырып ойға бойлаған.  
Тілсіз, үнсіз жатса да,  
Жау зенбірек атса да,  
Бәрін шалған құлағы  
Ел жанында ұраны, —  
Халық қамын ойлаған,  
Москваның ұлдары,






Білемін батыл қолдары,  
Арыстандай айбатты,  
Дуспанын жеңбей қоймаған,  
Улы Сталин сенімді  
Бастаған, бастайд елімді,  
Москваны жауларға —  
Бермей мәңгі қорғауға  
Жай тасындай ойнаған! —  
Белдескен талай майданда,  
Душпанға ойран салғанда  
Өшіріп жаудың қарасын,  
Таптап патша палашын,  
Москваның қарына  
Көміп, терең жарына,  
Боранға, қарлы дауылға  
Қарамастан жауынға, —  
Табанға салмай қоймаған!

Мұнан талай жыл бұрын  
Уранымен Лениннің,  
Москвадан баулынған  
Түлектері елімнің  
Кұртып талай жауларды,  
Талқандап ед торлаған.  
Халқына Ленин көп жылдан  
Мойымай еңбек істеген;  
Оянбастан көз жұмған,  
Алайда туы халықтың  
Қолынан мәңгі түспеген,  
Сол Лениннің өмірлік  
Табытының қасында,  
Москваның басында,  
Көзіндей боп дананың,  
Жұлдызындай сананың, —  
Бір нұр ойнайд өшпеген!  
Ертегідей ғажайып,  
Күмістен тасы қаланып,  
Ресейдің шебері  
Төгілгендей өнері



Салған талай сарайды,  
Төккендей нақыс кестеден.  
Мерекелі күндерде,  
Шығып тулы мінбеге,  
Москваның төрінде,  
Сөйлеген талай Сталин.  
Қатарынан орындап,  
Үш бесжылдық планды,  
Елді, жерді жайнатып  
Салып ұлы ұранды.  
Кұлпыртып Отан өңірін  
Кұйып құрыш құралды.  
Өмірмен бірге өрлеткен,  
Кәріні, алуан ұланды!


Отанымның жүрегі,  
Бізге мәлім Москва;  
Жаңа ғасыр бастаған  
Жиһанға нұр астана.  
Суық күз қабақ түйсе де,  
Москва сірә жылар ма?  
Жау жабылып төнсе де,  
Жандаспай ақыр тынар ма?  
Москва, сені — ұлы адам  
Қарулы қолмен қорғаған  
Жауды талқан қыларға!  
Қар жауып, мұз қатса да,  
Боран борап жатса да,  
Сені жауға бермейміз,  
Мәңгі, бакый Москва!  
Түсімде емес, өңімде  
Жау жандасып өлімге,  
Қол салып біздің өмірге,  
Ұмтылды саған Москва!  
Хауіп-хатер төнгендей,  
Қол ұшын халық бергендей,  
Күн туды саған Москва!  
Ұлы, қызын елімнің,  
Асылын жас өрімнің —



Аттандырар ұлы күн  
Шын туды саған Москва!  
Қарсы тұрып жауларға!  
Москваны қорғауға,  
Ажал оғын боратып,  
Ату үшін аңдарға,  
Аянбандар, ер елім!  
Гүрілдеп аққан Нева да  
Сұсты Сибирь, Қырым да  
Москва үшін аямай  
Беріп жатыр көмегін.  
Риддер, Шымкент, Балхашым,  
Беріп құрыш, қорғасын,  
Мұнайын Эмба тастыра,  
Көмірін тиіп бастыра,  
Жіберуге көмекке,  
Көрікті саған Москва.  
Ушан-қыйыр қырдағы,  
Қазақстан ұлдары,  
Полктарын бұрқантып,  
Құрыш, болат құрсантып,  
Өмір үшін, ел үшін,  
Ұлы астана сен үшін  
Аттанды күшін астыра.

Туғаннан маған еншілес,  
Салқын, самал кең дала,  
Ат белінде өскемін,  
Ауылды шолып айнала.  
Таң атып, саз бергенде  
Таңнан атқа мінгенде  
Тізгінді қағып жіберіп,  
Үзенгімді шіреніп,  
Жортып белге шыққанда.  
Айналамды таң қыла;  
Шеруін тартып майданның,  
Тұрғандаймын аңғара  
Москваны қорғасып  
Шығындар деп ұласып,






Аттан деп дабыл қағамын  
— Қуатты қыз бен ұл бала!

Ұлан-қыйыр қазақтың  
Аспанынан кейде мен  
Есітемін бір үнді  
Сыбырлаған желменей:  
«Аттан түсіп тынығып,  
Кетер еді жырменен!» —  
Деген үнді кұлағым  
Шалады жырлап бер деген!  
Қадала карап сонда мен  
Батысты шола жіберем  
Жанарымды сөнбеген.  
Түн жұлдызы дірілдеп,  
Сарқырап өзен, гүрілдеп,  
Көзге түсед сол кезде  
Ер қуаты өрлеген.  
Сонда: иген оқ жақтың  
Адырнасын \* тартқандай,  
Домбыраның қос шегін  
Он саусағым қаққандай,  
Жыр да кетед сорғалап,  
Кеудемдегі кернеген,  
Москваның сәні үшін,  
Астананың жаны үшін,  
Жүректен шыққан жырымды  
Арнап, қызыл тілімді  
Сайратам, кұлаш сермеген!

1941.



\* Адырна — сздақтың оғын тіреп тартатын кермесі.



АТТАН, БАТЫР,  
ҰРПАҒЫМ <sup>168</sup>

**Е**кі он екі жыл өтті,  
Жердің жүзін тебрентті;  
Мұндай жылдар болмаған  
Жаудырған жанға нәубетті.  
Жер жүзіне еркіндік,  
Сәулесін сеуіп көркемдік,  
Октябрьдің шұғласы  
Күркіреп күндей нұр төкті.  
Жыйырма төрт жыл өмірдің,  
Сәулетіне — көңілдің  
Сезімін шертіп беремін,  
Май айында быйылғы  
Мұнан да өсіп мерейім,  
Болып ед елім келбетті!  
Жамбылдың да жүрегі  
Өзгеше соғып, ойнақтап  
Шығарған жырын өрнекті.  
Жазғыдан өмір өзгерді,  
Өзгергенін көз көрді,  
Зеңбіректен оқ атып,  
Оғын қардай боратып,  
Жау қол салып өмірге,  
Қырым мен шауып Карельге,  
Денесіне елімнің,  
Қанды сапты сапысын,  
Жендетіне серметті.  
Жау бізге атой салса да,  
Оқ жаңбырдай жауса да,  
Октябрьдің мейрамын,



Біз сұстана тойлаймыз,  
Жаңғыртқандай жер, көкті,  
Бұл соғыста қайратты,  
Көрсетіп кұрыш айбатты,  
Тулап теңіз тасқандай,  
Күшіміз жауды басқандай,  
Күшейтеміз күн-түні  
Майданды да, еңбекті!  
Айтылған халық ішінде,  
Аталы сөз есімде,  
Әр жылға қазақ ат қойып  
Қалдырған сөзін көрнекті.  
Жылға кейбір мал атын,  
Я болмаса — аң атын,  
Жылан жылы дейтұғын,  
Кейбір жылды жыландай!  
Улу деп те атайтын,  
Кейбір жылды ылаңдай!  
Бұл жыл быйыл қатты жыл,  
Атақты майдан атты жыл,  
Төбесінен фашистің,  
Оқ жаудырып бар күшпен,  
Дүбіріндей тұлпардың,  
Бұл жыл жауды жұлқар күн,  
Сорғалап ұшып қырандай!  
Мұнан бұрын жыр айтқам,  
Қаласына Лениннің,  
Москва үшін жыр тапқам,  
Жүрегі болған елімнің.  
Домбырамды күндіз-түн,  
Ыза кернеп шертіп мен,  
Түн ұйқымды төрт бөліп,  
Жата алмаймын оянбай!  
Халқым үшін жырымды,  
Шығармасам үнімді,  
Тұрады мейрім қана алмай,  
Қаһар төгіп дұшпанға,  
Шапқан ата-бабамыз,  
Жаудың темір құрсауын





Қыркуға амал табамыз!  
Өрлетер бахыт сәулесін,  
Өркенді бала, шағамыз!  
Сталин, күнім өзінді,  
Көргендей күнде көзінді,  
Игі өмірдің сәулесін,  
Ойлайтын жалғыз мен емес.  
Жалғыз болар сен емес!  
Алайда, халқың айбарлы,  
Жеңіс туы өзінде,  
Өмір нұры көзінде,  
Тағдырдың соққан сағатын,  
Бакылап, тілін табатын  
Өзіне ғана сәулетім,  
Жарқырап күндей жанатын.  
Сен дегенде бар халық,  
Қырандай қағад қанатын!

1941.



КЕҢЕС  
ГВАРДЕЕЦТЕРІНЕ <sup>169</sup>


**Т**іл ұшында бір сөз бар,  
Жалындана жайнаған,  
Құлаққа сол сөз тигенде,  
Серпіліп бүкіл денеде,  
Қаның да қызып қайнаған;  
Жарың да қызық сайраған  
Сол сөз жетсе көкті өрлеп,  
Жүрегінді күш кернеп,  
Жаның сергіп самғаған.  
Сол асыл сөз — тоқсан күн, —  
Төбесінен дұшпанның  
Жай оғындай ойнаған!  
Құрсанғандай күш-қуат,  
«Гвардия» — деген ат  
Беріліпті ерлерге  
Қан майданда таймаған.  
Атақты талай аттарда, —  
Мұнан күшті ат бар ма?  
Жауынгерлік жүрекке  
Бұл аттан тәтті зат бар ма?  
Ұлы даңқы бұл аттың  
Жердің жүзін шарлаған.  
Гвардия, — майданда  
Ұлы Отанды сақтауда,  
Ұлы сыйлық алғанда, —  
Біздің жақын жараннан  
Кімнің мейрі қанбаған!  
Полктың күші құрыстап,  
Қолына қызыл ту ұстап,



Тайғақ кешу, тар жолда,  
Көрсетіп ерлік майданда,  
Сыйлық алып, сапталып  
Қуатты ер қаптай қаулаған.  
Мұқалғанын жаулардың  
Естіп, қанып аңғардым;  
Қазып жатыр жауға көр  
Жеті қабат көк пен жер,  
Тасыған су да арнадан.  
Батырлар бел буына,  
Шығыпты жеңіс шыңына,  
Айбатты күшпен андаған,  
Жаңбырдай оғын боратып,  
Ерлерім жауды қыйратып,  
Қан майданда қаруын  
Дұшпанға сілтеп қандаған.


Майданнан келген қуаныш бар  
Бар денемді билеген;  
Шаттандым мен де шарықтап  
Ер туғызған елменен.  
Қару алып қолына,  
Гвардия тобына,  
Сегізінші жасақ боп,  
Қосылып ерлік көрсеткен,  
Немерем мен шөберем,  
Өркендеп өрге өрлеген,  
Батырларға ұласқан  
Аттанарда қол қысқан;  
Сезімді көрі Жамбылдың,  
Есінде шығар бар ұлдың  
Ерлігін жырмен тербеген.  
Қазақстан ұлдары,  
Желбіреп қолда тулары,  
Ақ алмастай жарқылдап  
Жеңгенін жауды алқымдап  
Көрдім тағы, көрген ем.  
Жауынгерлік жүрекпен,  
Майданда күшті білекпен,





Ажалды жеңген арменен,  
Өмір берген нұрменен,  
Жігерлен, жайна жігіттер,  
Қарулы кұлаш сермеген!  
Денені кұрыш шыйратып,  
Фашист тобын кыйратып,  
Жау жүрегін ұшыра,  
Жаудың кұтын кашыра  
Бастырма кадам көлденен,  
Сталин көсем бастаған  
Ерлерім шыйрай бас кадам!  
Гвардия ұласып,  
Умтыла түс, жол ашық!  
Қайнаған қан мен бойдағы  
Күшінді бұрқант кернеген!

1941






## ҚАЛЖЫҢ <sup>170</sup>




Тали менен Рақымбай  
Мені жемдеп жүрмісін?  
Егіншінің атындай  
Байлап арпа, сұлысын;  
Мұнша бағып баптауды  
Жақтырмайды тым ішім...  
Казылырақ тартқанға  
Қысылыңқы тынысым.  
Ақпан менен қаңтарда  
Соғым шүйгін болсын деп,  
Ырым есіп күл сеуіп\*  
Соямысың кім білсіні..

1942



\* Күл себу—соғымға жылқы сойғанда «Шүйгін болсын» деп көте-  
ніне күл себетін ескі ырым.




КЕҢЕС  
ЖАУЫНГЕРЛЕРІНЕ 171

**Ы**зғарлы қыстың желінен,  
Ауыздан шыққан лебіммен  
Жырымды күйлі пернеден  
Немерем, балам, шөберем  
Тағы да бір тыңдасын.  
Ерлеріне майданның  
Түйінін шешіп толғаудың  
Шешіне Жамбыл жырласын.  
Белдескен жаудан таймаған  
Жанары оттай жайнаған,  
Жүректе кегі қайнаған,  
Фашистерді қыйратып  
Оқпен қуып айдаған;  
Алғалап қылыш қайраған,  
Туған жерін сақтауға  
Тасқандай күші арнадан.  
Қызыләскер ұлына  
Кәрі ақын жырын сайласын.  
Ерлерім, көріп қуанам  
Жауға сұсты түріңді.  
Ер туған ата бабаның  
Түріне ұқсас қадамың,  
Жыры түгіл жыраудың,  
Ел сізге несін қыймасын.  
Ақ сүтін беріп емізген,  
Өсіріп батыр дегізген,  
Сылап, сыйпап майданға.  
Аттандырып өргізген —  
Анаға сендер сүйенің,





Жамбыл және П. Кузнецов







Ел қорғар ер боп туғасын.  
Қамы үшін ана ұлының  
Тігіп жылы киімін  
Жіберуде майданға  
Жылытсын деп тұлғасын.  
Қаруың болат күйылған,  
Кұрышынан халықтың,  
Ер етіп сені өсірген  
Ерік алған халық алып тым.  
Қолынан ұлы Лениннің  
Жасалған бағын елімің  
Ала алмайды ешкім де,  
Ол—таңы мәңгі тарихтың.  
Қыйратқан халық дұшпанын,  
Қуатты күн Сталин,  
Ол — майырылмас құрышы  
Камалды болат сауыттың.  
Көктен келген дұшпанға  
Қара жерді қаптырған;  
Судан келген дұшпанның  
Кемесін суға ақтырған;  
Жерден келген дұшпанға  
Ақ қарда ажал таптырған.  
Ер туған біздің жауынгер  
Ұрпағы батыр алыптың.  
Майданда олар белдесіп,  
Бағы үшін сәби баланың,  
Бойын кернеп ұлы ашу  
Кегі үшін қала, даланың,  
Жойып жатыр жауларды,  
Жауызға енді бас қайғы.  
Дұшпан әбден сөгіліп,  
Болмаса да жеңіліп,  
Әлде де тырнақ салуға,  
Ойласа да шабуға  
Елірсе де кұтырып,  
Оны жерден сыпырып,  
Қызыл ер қыркып тастайды,  
Қарлы күн қакпай қабағын.





Күнбатысқа жанарын  
Аударып алыс назарын,  
Жаңбырдай оғын жаудырып,  
Фашистің қыйып аяғын,  
Біздің қызыл қырандар  
Жауды күн--түн жасқайды!  
Жау сазайын береміз  
Жалтартпастан жеңеміз!  
Фашистің тобын жойғызып,  
Оққа көзін ойғызып,  
Қардан кебін кигізіп,  
Біздің Қызыл Армия  
Жеңіс туын жария  
Қолына мәңгі ұстайды.

1942





## МАЙДАНҒА ХАТ <sup>172</sup>

**Х**аттарыңды алдым, балалар,  
Қарадым қанша үңіліп,  
Қаһарман іске барабар,  
Қайраттар қаулап тұр күліп.

Жауынгер балам, Дүйсекей,  
Командир балам Сахаров,  
Сөздерің күшті бірегей,  
Сокқандай жауды жапырып.


Қыйратып жауды салуға  
Ұлдарым менің, қам қылған, —  
Хабарлап соны Жамбылға,  
Хаттарың мейір қандырған:

«Күртамыз жауды! — депсін-  
дер, —

Алынар ұпай, одан кек!  
Күтеміз Жәке, жыр жібер,  
Береді бізге ол көмек!»

Кәріліктің көнбей ыркына,  
Жырлаймын жазғы жырды әлі,  
Болысам жауды құртуға,  
Қаһарман жұрттың ұлдары!





## СЫЙЛЫК <sup>173</sup>

**Т**уған елім, сөз тында!  
Саған айтар сөзім бар.  
Атақ беріп Жамбылға  
«Ардақты, ерке—дедің,—шал».  
Ал сөйлейін алдында,  
Сөз беріп тіл даңғылға.  
Сөйлейтін жер келгенде,  
Жұртым кезек бергенде,  
Мен бөгеліп қалдым ба?  
Заман-заман тапталған,  
Қалың қазақ баласы,  
Ауыр азап атқарған  
Көзден ағып сорасы.  
Іздегенін таппаған  
Бұрынғы ата-бабасы.  
Сол азаптан кұтқарған  
Ленин адам данасы.  
Сол есіммен аталған,  
Мекені Балтық жағасы —  
Ойыңа білім, нұр салған  
Бахыттың тұңғыш қаласы,  
Қайратына әлем таң қалған  
Қалаға сонау қарашы.  
Алысып қыстай жауымен  
Қаймығып титтей ықпаған.  
Жаудырса зомды \* әуеден,  
Жауынан қорқып бұқпаған.

\* Жәкек бомбаны — «зом» дейді.





Жаудырған сайын өрлеген,  
Қаланы қайта мықтаған.  
Тыныштық, дамыл көрмеген,  
Түні жоқ түгел ұйықтаған.  
Аязда, карда, боранда,  
Ауыр күндер болғанда  
Қабағын қажып шытпаған.  
Ғасырдың мол мұрасын,  
Бахыттың сақтап ұясын,  
Лениннің туын жықпаған.  
Қаймығып қала күшінен  
Сескеніп зәрлі түсінен  
Өлігін тау-тау қалдырып.  
Жынынан әбден айрылып,  
Соғылған итше қаңсылап,  
Басынан қаны тамшылап,  
Қаладан жаулар сырттаған.

Қыстай дамыл көрмеген,  
Жауға ырық бермеген,  
Төніп келген жаулардың  
Талай мыңын жерлеген,  
Қаласына Лениннің,  
Қамалына елімнің  
Халқым, сыйлық тартады.  
Шашуы деп жеңудің!  
Көк найзалар үйірген,  
Мұздай темір киінген,  
Алдына дабыл өңгерген,  
Артына сауыт бөктерген,  
Шеру тартып қол барсын!  
Жауды қуған торлаған,  
Ерлерден не аяйық —  
Жаны кыйып қорғаған  
Еліміздің ордасын!


Соларға сый—ет пен май,  
Ун мен күріш, кант пен шай,  
Жолдаймыз сан тоннасын.



Ер сыйлаған ел едік,  
Ең хұрметті тамағы,  
Сары майы, қаймағы,  
Елдің соған жолдансын.  
Жауға ататын оғың деп,  
Жауынгерлік жолым деп,  
Жібереміз соларға  
Көмір мен мыс, қорғасын.  
Сыр мен Ертіс тасқандай  
Жауды жаншып басқандай  
Қозғалғандай тау, күздар,  
Сыйлық артқан поездар  
Түйдек-түйдек қозғалсын.

1942





## ЖАЗ ТІЛІ <sup>174</sup>



ндары жаздың жарқырап,  
Жадырап күлді тағы жер:  
Жасанған жасыл жау-жарак,  
Жайнады жазша жауынгер.  
Трактор елде аршындап,  
Бұзылды тыңдар, не бір бел:  
Сіңіріп дәнді топырақ  
Кұлпыртты қырды егіндер.  
Бұлақтар ақты сарқырап,  
Шырқады бөбек өрімдер.  
Ағаштар жайды жапырақ,  
Шешегін атты не гүлдер.  
Тізіліп көктің төрінде,  
Тырналар қайтты көріндер.  
Соларды шолып, бір сұрақ  
Қояйын, көңіл бөліндер:

«Женудің кілті неде екен?  
Сарқылмас күштің көзі не?»  
Жаз тілі қалай дер екен,  
Салындар құлақ сөзіне:

Женудің кілті ежелден —  
Өшпейтін күнде, көсемде;  
Ашынған кекте, еңбекте;  
Жаралған бақ боп неше елге  
Ырысты жерде, әлбетте!  
Сүй деді нәрлі жас құрақ,  
Сүй деді бұлақ сарқырап,






Тырна да солай тiл қатты,  
Жамбылды солар жырлатты.

Немiстi кожа тiтқан ел,  
Болған жоқ ешбiр қоғамда!  
Сабасы толық өзендер  
Сарқылмақ па екен Дунайға?  
Бәйтерек, қайың, емендер  
Бас емек пе екен қурайға?  
Түйгынға жүрген төбенде,  
Жарбаңдап ұшқан төменде  
Жапалақ бөгет болар ма?  
Халықтың қамы дегендер  
Басқаға бодам \* болған ба!

Қуатты жаздай кiлпырып,  
Шығамыз жайнап мейрамға.  
Қаһарменен ұмтылып,  
Кiреміз қатты майданға.  
Жеңiмпаз қолда туларың,  
Сталин бiрге, ұлдарым,  
Бастайды жаудан таймауға!

1942.



\* Б о д а м — бағыну, орысша подданный деген сөзден шыққан.



ТЕМІР ТҰЛПАР  
МІНГЕН ҚЫЗ <sup>175</sup>



қараймын да — қараймын  
Қай-қайдағы өмірге:  
Еске түсер талай күн  
Өткен менің елімде —  
Ел басына күн туса  
Ер аттанған өлімге;  
Көк найзасын қолға алып,  
Семсер байлап беліне;  
Дабылдарын өңгеріп,  
Сауыттарын бөктеріп,  
Жауар күндей түнеріп,  
Көшкен елдей үдеріп,  
Ерлер тартқан жорыққа  
Жауын жеңіп келуге,  
Ел деп анық еңсесе,  
Ерге, тәйір, өлім не!  
Солар маған жыр болған,  
Көп ой салып көңілге.  
Сондай күндер сын болған  
Елдегі қыз, келінге!


Мен соларды көп көргем, —  
Түн ұйқысын төрт бөлген:  
Ер тұлпарын баптаған;  
Екі талай күндерде  
Ер намысын сатпаған.  
Ерте тұрып, кеш жатқан,  
Ер орнына түн қатқан,  
Қірпік ілмей таңдарда,



Ие болып мал-жанға  
Ел сенімін актаған.  
Не шаруаны қолға алса,  
Бітпей тыным таппаған.  
Ердің камын ойласа  
Ішкен асы батпаған.  
Ерге қайрат дем беріп,  
Елге медеу бел болып,  
Ерден зыят атанған.  
Екі айтқызбай мақұл деп,  
Елі-жұрты қадірлеп,  
Шаужайынан қақпаған.  
Екі кісі бас қосса,  
Ертегідей аңыз ғып,  
Елжіресе мактаған.  
Ел мықты да — ер мықты! —  
Екпіні сел қаптаған:  
Ерегескен дұшпанды  
Ерік бермей таптаған!

Туды тағы сондай күн!  
Тағы соны толғаймын:  
Заман туды күтпеген —  
Оқ пен өрттің тұманы  
Дүниені бүркеген.  
Ер жорықта, майданда  
Талмай қылыш сілтеген.  
Ел үшін ер жан қыйған! —  
Жыр емес пе бұл терең:  
Жаудырса да оқ зеңбірек  
Жасқана ма ер жүрек?  
Тұмандарда шымқаған  
Ерлер көкте шырқаған,  
Болат құсын самғатып,  
Серік болып бұлтпенен.  
Жау үрейін ұшырып,  
Көктен жасыл түсіріп  
Жау тынысын бітеген.  
Отанда не арман бар






Сондай батыр ұл тапқан!  
Қайратын жан аңғарар  
Қаһармандық тұрпаттан.  
Қақырығы қан татып,  
Оқты қардай боратып,  
Танктерін бұрқантқан.  
Тұрсадағы күз қамал,  
Тұрсадағы мұнда ажал —  
Ердің тауын жоқ шаққан!  
Жаудан алып ел кегін,  
Жайпап қырып ерлерім,  
Күн сарылып, түн қатқан.  
Аман болса мұндай ер,  
Жеңілер ме туған ел!  
Сендерге де бұл бір сын  
Елдегі қыз, келіндер!

Күңде көрем ауылда  
Темір тұлпар мінген қыз:  
Жапан қырды төңкерген,  
Жерді егінмен көмкерген;  
Елді азыққа тоқ еткен,  
Душпанға ажал оқ еккен!  
Жәрдем берген қауымға.  
Сарғайға салынбай  
Оза жүрген басқадан.  
Жақсы көріп жанындай  
Тракторын баптаған.  
Қасқалдақтың қанындай  
Қасық майын сақтаған.  
Майдан қамы дегенде  
Үйдегі асын татпаған.  
Болысам деп ерлерге  
Титтей дамыл таппаған.  
Қараңғы айсыз түндерде,  
Серік болып Үркерге,  
Шырқап қырды тербеткен;  
Есітсе жан ер жеткен! —  
Қыз, келінің өлеңін



Аймақ түгел жатпаған.  
Қырда егін кұлпырған  
Салмақ тартып баста дән!  
Қыздарыма болысқан  
Үйдегі ана, жас балам,  
Жұрт қайраты тоғысқан,  
Шал да қарап жатпаған.  
Не қыруар көп жұмыс  
Қыз, келінім атқарған!  
Бейне майдан бұл бір іс—  
Кең даланы қаптаған.  
Ертең жауды жеңгенде,  
Ерлер қайтып келгенде  
Екеуіңді кұшақтап,  
Бәлки, жасы моншақтап:  
—Енді дамыл алыңдар!  
Еркін өмір, бағың бар!  
Кұлын-тайдай бірге өсіп,  
Қызық дәурен сүр!—десіп,  
Сүйер сонда ата, анаң!..

1942






## АТТАНДЫРУ <sup>176</sup>



Атаңнан бата ал, балам,  
Алшайып атқа мін, балам.  
Аксақалым желбіреп  
Арғыннан карап мен қалам.  
Құлағында құлыным,  
Дауысым жүрсін жырлаған:  
Алғадайым арлы едің,  
Ата сөзін сыйлаған;  
Перзентімнің алды едің  
Көңілімді қыймаған.  
Аттандырдым майданға,  
Аман-есен жүр балам!  
Абыройға не бол,  
Ағат баспа бір қадам.  
Атақ берген атаңа  
Ел қадірін біл балам!  
Ел ерлігі, ел бірлігі  
Сынға түскен бұл заман!  
Саған айтқан сөзімнен  
Сабақ алсын тыңдаған.  
Айтылған сөз деп ұқсын,  
Аңғарлы жан «бұл маған!»  
Хош, хош балам! Хош айттым,  
Қолымды міне, шошайттым!

1942.





ОТАН ӘМІРІ 177

**Т**унжыраған күн туды,  
Жау қолқаға ұмтылды;  
Топыраққа теңемек  
Ата мекен жұртынды.  
Аянатын не қалды?  
Аяулыны жау алды!  
Жеріміздің сәулеті  
Кавказға да таянды.  
Кубань, Кавказ, Дон, Еділ  
Ежелден құт еді бұл —  
Ел ырысы аяулы.  
Есерсоқ жау елірген,  
Еңбекпенен егілген  
Тартып алмақ даярды.  
Хатер бұлты төнгенде,  
Ел намысы, дегенде,  
Ерлер қашан аянды!  
Жеме-жемге келгенде,  
Жауды қысып шенгелге,  
Жанын сығып аларды!

Қарыс жерің — қанындай,  
Темір жолың тамырдай;  
Заводтар мен фабриктер —  
Жеріміздің жанындай;  
Еңбекпенен көгерген  
Құтты қоныс көкорай —  
Еліміздің бағындай;  
Ата, баба мұрасы —

Көздің қара, ағындай!  
Соларды жау шапқанда  
Лауламас кім жалындай?!

Жау бір сүйем жер алса  
Есін жыймақ күшеймек,  
Ол кішкене бел алса,  
Осалдамақ біздің шеп...  
Ойласаңдар осыны,  
Шегінетін жөн бар ма?  
Жауға қыяр ол гүрлы —  
Жарты сүйем жер бар ма?  
Шегінгенің — өлгенің,  
Ерлер енді соны ойла! —  
Елді жауға бергенің:  
Өлген артық одан да!

Уа, ұлы өрен, жас ұлан.  
Асыраған сені елің  
Ақ сүтімен жасыңнан.  
Еш асырған жоқ едің  
Жаудың кегін басыңнан.  
Сол ер жүрек өренің  
Ерлікке Отан шақырған:  
—Адал ұлдар, балалар,  
Көз жіберіп қараңдар,  
Неміс алған жерлерде  
Қалды қандай қалалар!  
Шырылдаған бала бар,  
Еңіреген ана бар:  
Еңсесін жау басқан соң,  
Елде қандай баға бар!  
Солар еске түскенде,  
Жан қалай жай таба алар?  
Сай сүйегің сырқырар,  
Кеуденде кек бұрқырар!


Олай болса, құлақ сал,  
Улдарым бір сөзім бар:




- Аянбаған, жауды алар!  
Аяғанмен мұндайда,  
Дей көрмендер жан қалар!
- Қорқақ адам қор болар;
- Көлеңкеден қорғалар,  
Құрдай бұғып жорғалар,
- Көрінгенге жем болар,  
Көзден жасы сорғалар.  
Жұртқа жәрдем берер ме  
Қыйын күнде ондайлар?  
Жарқын өмір сүрер ме  
Қорқақ қоян, торғайлар?

Сондықтан, ер ұлдарым,  
Тынысыңның барында,  
Төрт мүшенің сауында,  
Қолда дәрмен тұрғанда,  
Шыдап өлім, құрбанға,  
Қатайып тас, темірдей,  
Қарыс жерге ішегінбей,  
Қас дұшпанды қаптанғдар  
Донның жойқын селіндей.  
Қатарың болса құрыштай,  
Қаһарың болса қылыштай  
Жау қалмайды жеңілмей.  
Шегінбе! — деп Отан тұр,  
Шегінбе! — деп халық тұр,  
Халық үшін бас тігу —  
Сталин айтқан жарлық бұл!  
Соны адал ұл орындар,  
Сонда ғана өмір бар!  
Елін есен сақтаған,  
Арын жауға сатпаған,  
Ана сүтің ақтаған  
Балаларын сүйер шал!

Handwritten notes in Arabic script, including the phrase "انا ربي الله" (I am my Lord God) written inside a decorative oval.







## АЛЫНБАС КАМАЛ <sup>178</sup>



ыныштық күнде сөйлесем,  
Төгілген тілден шекер-бал.  
Хатерлі күнде тебренсем,  
Сөзімде менің қаһар бар.

Түндерде тыныш жата алман,  
Құлағым түріп хабарға:  
Сталинград шаһардан.

Ұмтылған дұшпан Еділге,  
Еділді сауып, емуге...  
Еділім үшін жан қыймас,  
Жігіттер бар ма елімде?!  
Қорғаған соны ерлерім,  
Ту етіп намыс, ел кегін,  
Егесіп келген жерлерде,  
Қорқытқан емес ерді өлім!  
Кешегі қыйын күндерде,  
Жауыздар төніп бүргенде,  
Қаһарман батыр Сталин,  
Қасына ертіп достарын,  
Ертегі болар ерлікпен  
Қыйратып жауды қыспағын,  
Царицын шенін бастырмай,  
Білемін жауды жеңгенін.

Дауылды күнде жаралған,  
Ержүрек батыр ұлдарым,  
Қадалса жаудан қан алған!  
Дарытпас уын жыланның



Көремін қамал араңнан!  
Жалын мен түтін ішінде,  
Алынбас қамал пішінде,  
Сталинград қалаң тұр,  
Жартастай берік күшінде.  
Қазақтың батыр ұлдары  
Жан үшін жаудан жан алған,  
Сендерді көріп тұр кәрі,  
Жанары талмай қараудан:  
Қыймаңдар жауға бұрауды  
Қолымен елдің қаланған!  
Соқтығып соған дүлей жау,  
Жосадай қанға боялған.  
Сендерде болып тұр әне,  
Халайық көзі ғаламнан.

Ежелден елдің енесі,  
Елдің қыдыр, маңы бай.  
Қорыйтын елдің кәдесі  
Тамшысын қасық қанындай.  
Татам деп соны төнсе жау,  
Шыдар ма жаның ауырмай?!  
Қомағай жауды телмірген,  
Шарпындар, ерлер, жалындай.  
Қаһардың селі қаптасын,  
Еділдің тасқын шағындай.  
Сталин көріп мақтасын  
Сендердей сабаз ерлерін,  
Жапырған жауды шалғындай.  
Жібердім сонда баламды:  
Сталинград қалаңды  
Қорғас деп жүрек, жанындай!  
—Алғадай, дедім, аянба!  
Әкеден тудың Жамбылдай.  
Жырымды жеткіз ерлерге  
Майданға қаққан дабылдай.  
Толқыны жойқын Еділге  
Қосылсын үнім дауылдай.

1942

Сұлтанов, С.




## БАЛАМА ХАТ <sup>179</sup>

**Х**атынды, ботам, оқыдым,  
Халиңді білдім сапардан.  
Қуанып саған отырмын  
Гвардеец атанған.  
Сұраншы, Саурық секілді  
Болыпсың, балам, қаһарман:  
Қайтармай жаудан бетінді,  
Қаптаған қолға қасқарған.

Жазыпты сәлем достарың,  
Сөздері семсер секілді  
Құрыштан құрап қақталған;  
Қыруар елден тоғысып.  
Жегіттер еді аттанған.  
Қаймықпай жаумен соғысып,  
Хабарын айтқан қайтарған.  
Жазыпты бәрі хатында  
«Құртамыз жауды жаһаннан.  
Болмағы кәміл жақында  
Жауыздың орны жаһаннам!»

Есінде, балам, бар шығар,  
Айтқаным Отан әмірін:  
Шегінбе жаудан, жанды сал!  
Шешілмек содан тағдырың.  
Айнымай, балам, антыңнан  
Әкеңнің тілін алыпсың.  
Түсіндім түгел хатыңнан,  
Тайынбай жауға барыпсың.





Өзінді кыйып өлімге,  
Арынды сақтап қалыпсын.  
Камалын жаудың опырып,  
Қоршаған шебін жарыпсын.  
Өлігін жолға толтырып,  
Табанға таптап салыпсын.  
Көрері сол деп нәжістің,  
Хатында, балам, жазыпсын.

Рыйзамын, балам, рыйзамын,  
Рыйзамын ердің бәріне!  
Аталық сөзім бұл, жаным,  
Кұлағын салсын кәріге:  
Тыншығар күндер жеткен жок,  
Майдан көп, балам, әлі де.  
Қалтырар әлі жер мен көк  
Төзе алмай халық кәріне.  
Жауызға жасыл жаркылдар.  
Найзағайдай сүзіліп,  
Көк бұлыттан сарқылар.  
Кіресіне жер таппай,  
Залымдар сасып қалтырар.  
Дауысын жарқын саңқылдар,  
Мәртәбән басып артылар.  
Айбатын асар дұшпаннан,  
Жауыздың күшін жапырар.

Аянба, балам, аянба!  
Бәлекет сонда аршылар.  
Алғадай, ылғый алда бол.  
Аянған адам болмақ қор!  
Бәйгеге барын тігемін,  
Сендерге арнап осы жол.  
Достарыңа осыны айт:  
Жауларыңды жеңіп қайт!  
Айтарым, арнап саған сол.

БОЛЬШЕВИКТИК  
ШЫНДЫҚ ТУРАЛЫ 180



Май төбенің өңірі

Сол күні аса нұрланып,

Алатаудың ақ басын

Күмісті нұрға күн малып.

Қызғалдақ пен сарғалдақ

Алақан аша гүл жарып,

Үйіріп тілін төлдердің,

Бал бетеге шырмауық.

Жапырақтанған тал, терек

Жайқала жайнай ырғалып,

Сайрағыш сан кустардан

Тәтті әндер жырланып,

Тамашалап соларды,

Түр едім биік белесте,

Шулаған бір кеңеске

Құлақ түрсем: «Ауылға

Келді десті Фурманов».

Фурмановты бұрында

Естіген кәрі құлағым.

Алматы деп естігем

Оның мекен тұрағын.

«Жағып жатыр—дескен жұрт,—

Бахыттың өшпес шырағын.

«Орындайды—дескен жұрт,—

Елдің барлық мұрадын».

Алматыға жете алмай,

Арық, жауыр есекпен,

Кедейлікті нәлеттеп

Күнде тұрса төсектен,



Жетуге күнде асығып,  
Жұқарған сабыр, шыдамым.  
Сағынған ерді көрген соң,  
Амандыққа келген соң,  
Одан бір сұрау сұрадым:  
«Осынау жалпақ жалғанда,  
Жамбыл қарт — дедім—тұрғалы!  
Іздеуден шындық жүрегі,  
Бір уақыт та тынбады.  
Жетпіс бес жыл өткенше,  
Дауылда ұшқан кептерше,  
Көз ұшында бұлдырап,  
Қуған шындық зарлады.  
Ушқыр ойым ұмтылды,  
Сонда да оған жетем деп,  
Қешусіз теңіз, асусыз  
Таудан да зырлап өтем деп,  
Бөгеттен бірақ, өте алмай,  
Шындыққа қуған жете алмай,  
Есекпен тұрмын тепендеп.  
Шындық қайда, білсең айт,  
Қарт құлақ сені тындайды.  
Ақылдылық, ақындық,  
Достық бар екен өңінде,  
Сөз бастауы Жамбылды  
Уқтырам деген сенімде,  
Сырласа келіп сыпайы,  
Деді: «шындық — өмірде,  
Сол өмірді жасаушы  
Еңбекті сүйген елінде,  
Бахытты елді бастаған,  
СТАЛИН мен ЛЕНИНде.  
Ақын қарт, бірақ, шын бахыт,  
Тимейді тегін үлеске.  
Шын бахытқа жетеді,  
Шыдаған қанды күреске.  
Большевиктер бастаса,  
Халық оны қостаса,  
Мен кепіл, шындық жеңуге».




Фурмановтың сөздері,  
Уялай қалды ойыма,  
Жыйырма бес жасымдай,  
Қуат кірді бойыма.  
Сарқылған жырым тағы да  
Тасқындап болды дария,  
Сталин мен Лениннің  
Күнінен көзім нұрланып,  
Өтірік пен шындықтың  
Шегін білдім айыра.  
Жырымды қосып халыққа  
Өтірікті өртесіп,  
Шыбынсыз жасыл шындықтың  
Жайлауына ел көшіп,  
Елмен қондым жайыла.  
Жыйырма бес жыл жайлауда,  
Талмады тілім сайрауға,  
Халқымның шаттық тойына.  
Шалынды бір күн құлаққа,  
Гүрс еткен мылтық дауысы,  
Селк ете қалды кең далам,  
Селк ете қалды тау іші.  
Кім? Десем, дейді—«фашистер,  
Өлімтікшіл аш иттер,  
Адамның аң, тағысы».  
Сол күні жыйнап елімді,  
— Буындар! — дедім — белінді!  
Асындар, дедім — қаруды.  
Кімде-кімнің кеудеде  
Кеңестік болса намысы.  
Кимендер нәлет қамытты,  
Құтылған халқым құлдықтан  
Халыққа артық бахыт жоқ,  
Большевиктік шындықтан!  
Қорғарың — бахыт табысы.  
Басталғалы бұл майдан,  
Мінеки болды жыл жарым,  
Соғыстың өрті өрістеп,  
Қызына лаулап тұр жалын.



Қан кешіп жүр тіседен,  
Батыр қыз, батыр ұлдарым.  
Батыр қыз, батыр ұлыма  
Қосылды барып жырларым.  
Аямай жатыр халқым да,  
Қолдағы барлық жыйғанын.  
Қызым, ұлым, жырымның  
Халқымнан алған күшімен  
Фашистерді қырғанын  
Естісе кәрі кұлағым,  
Тасқындап жыр—бұлағым,  
Дүнияға естірте,  
Шырқаймын жеңіс ұранын.  
Кілтін ашқан бахыттың,  
Жыйырма бес жылдықта,  
Бахытта еркін жасаған,  
Айтарым менің ел-жұртқа:  
— Азат басты егерде  
Салмаймын десең кұлдыққа,  
Фашистермен күресте,  
Малды, жанды аяма!  
Аяғанмен, мал, жанды,  
Қанқұмар фашист қоя ма?  
Ішсе қанға тояма?  
Бір адым кейін аттама!  
Қарасы жаудың өшкенше,  
Жеңгенше жауды тоқтама!  
Жеңістің бізде тетігі,  
Большевиктік, Лениндік,  
Сталиндік шындықта!

1942.



ЖАҢА ЖЫЛ СӘЛЕМІ 181



Жастар маған гүл тартып,  
Мен жастарға жыр тартып,  
Жаңа жылды тойлағам.  
Жан қызыққа кұмартып,  
Өмірімді ұзартып  
Ортасында ойнағам.

Жасаулы жас қарағай —  
Жас өспірім баладай  
Қарасам, көз тоймаған.  
Соған ұсап гүл жайнап,  
Жүруші еді жыр сайрап  
Қыз балам мен бозбалам.

Жаугершілік күн туып,  
Жұрт майданға ұмтылып,  
Ұмытылды ол заман.  
Енді көрсем жастарды  
Тас түйілген қаһарлы,  
Халық қамын ойлаған:


Күн сарылып, түн қатқан,  
Қабағына қар қатқан,  
Қару асқан зор адам;  
Мұздай темір кұрсанған,  
Алыптарға ұсаған,  
Аспафанды толғаған.

Қарлы боран ішінде,  
Қаһарманның түсінде  
Елестейді сол маған.






Оққа төсеп кеудесін,  
Қушпен басып жау десін,  
Туған елін қорғаған.  
Қызым менен ұлыма  
Соғыстың жаңа жылында  
Сыйлығым—жыр жолдаған.



1943





ВОРОНЕЖ  
БАТЫРЛАРЫНА <sup>182</sup>

**К**еріліп жатқан кең дала,  
Құнарлы қонысы орыстың.  
Қанындай қорып сол жерді,  
Батырлар, жаумен соғыстың.  
Қылауы құсап асылдың  
Қыруар елден тоғыстың.  
Құрыштан құйған камалдай,  
Бөгедің бермей жол үстін.  
Дағдарды дұшпан таба алмай,  
Құлпысын құтты қоныстың.  
Воронеж болды бейнесі  
Мызғымас, берік сол күштің.

Атадан адал туған ұл,  
Аянбай жаумен алыстың.  
Азат басты қылмай құл,  
Арыңды сақтап қалыстың.  
Хатерден қорқа білген бе,  
Қаһарман ұлы намыстың?  
Қаптаған жаудан қаймықпай,  
Қасқара тұрып шабыстың.  
Дауылға, селге бүлк етпес  
Жартасша шыдап қарыстың.  
Қайтардың десін жауыздың,  
Төске де төніп бар күшін.  
Воронеж батыры атандың,  
Бас тігіп елдің бағы үшін,  
Жеңесің жауды, білемін,  
Қуатың күшті бар үстем.



Токтамак, білем, тасқын сел,  
Таптамак емес тау үстін!  
Мұқатты жауды біздің ел,  
Жеңбегі солай ақ істің!

1949.





ЛЕНИН ӨРЕНІНЕ 183

(Ленинград жастарына арналған)



Ақсақалды Жамбылға  
Мейман келді алыстан:  
Қаласынан Лениннің  
Қалың жаумен алысқан;  
Жау қоршауын бұзды деп,  
Талай айлар қарысқан!—  
Оның айтқан сөздері  
Бір қыздырды қанымды,  
Бір толқытты жанымды...  
Күрес десе тоймаған  
Жастарды айтты жалынды!  
Қуат кұйып сол маған,  
Жырым сонда ағылды:

Ленинград жастары!  
Шолам сені қыяннан,  
Қарлы боран, тұманнан,  
Қаһарманша кұрсанған,  
Қарсы қарап ажалға,  
Ашу кернеп томсарған.

Кескініңді көремін  
Көзіме ыстық жұлдыздан,  
Жауға қарсы сен едің  
Кұрыш қамал тұрғызған.  
Дұшпанға ырық бермедің,  
Келгендерін жерледің,  
Салғызбадың талауға  
Қанішердің шеңгелін,  
Одан бері он алты ай,  
Тірескелі дүлей жау  
Қалаға жол табалмай;



Қарағалы жалаңдап,  
Батып саған баралмай!  
Елестейсің көзіне  
Алынбайтын қамалдай,  
Құтқармайтын ажалдай!

Қаланы жау қамаса,  
Қажымадың, саспадың,  
Қадам кейін баспадың,  
Дұшпан оғын жаудырса  
Қаймықпадың сен одан,  
Қарсы құрал жасадың.  
Суықтарда тоңбадың! —  
Айтқан серттен аумадың! —  
Рыйзамын, жастарым!

Адал туған, ұлдарым!  
Сендерде көз құлағым:  
Елестейді көзіме  
Қатты соғыс кезінде,  
Қабағыңнан қар жауып,  
Қала бағып тұрғаның:  
Сән, сәулетті шаһардың  
Тынбай жамап сынғаның,  
Тасын төсеп көшенің,  
Қайта қалап кесегін,  
Талмай жұмыс қылғаның.  
Өмір солай жалғасқан,  
Қамалыңа соқтығып,  
Дұшпан бойын қан басқан...


...Көзім менің сендерде,  
Жыйын жасап төменде,  
Жазылмайды жондарын,  
Жау ұшқанмен төбеңде...  
Кіріп қызу кеңеске:  
Қала қамын сөз қылған  
Сендер батыр емес пе!  
Қорғап жаудан қаласын,

Қайрат қылған баласын,  
Жұрт қаһарман демес пе!

...Тұрпаттарың елестер  
Түнерген түн ішінде:  
Қалам ұстап, толғанған  
Қалың ойдың үстінде.  
Қаламдарың күйған сөз  
Күш бергендей кісіге:  
«Қажымандар, бауырлар!  
Қандыбалақ жауың бар!..»—  
Дегенінді естісе,  
Жұмысты кім ауырлар!


Жастарыңа сәлем де!  
Кәрі Жамбыл мен елде,  
Батырлығын баяндап,  
Байыптатып өренге,  
Домбырама күй қылып,  
Костым жырлап өлеңге.  
Ленинград өрені,  
Кұлақ салсын, қарағым.  
Жау шапқанда келені  
Жаң-жағыма қарадым:  
Сонда ойыма келеді  
Көшесінде Неваның  
Ер тұлғасы, денелі,  
Кутузовтай бабаңның.  
Машинадан қол сілтеп,  
Халқына үндеп қаланың;  
Тұлғасы тұр елестеп  
Улы Ленин дананың,  
Сөзі семсер секілді,  
Шежіресі заманның,  
Шақырып тұр ерлікке  
Батыр Киров қарағым.  
Жданов, Жуков, Қлим ер, —  
Үлгісі солар, біліндер,  
Ендігі өскен баланың!





Жас жауынгер, өренім!  
Елдің көзі сендерде;  
Жеңіс жақын, көремін,  
Сенім кәміл кеудемде.  
Невадан жау жосылар  
Дон, Еділден қашқандай,  
Жан қалмас деп шошынар,  
Қаһарыңнан сасқандай.  
Күшіңе күш қосылар  
Зәулім Кавказ асқардай.  
Жау шыбыны қысылар  
Үстінен зіл басқандай!  
Дүбірлерің жер жарар  
Жаһан кұлақ асқандай.  
Жасыл ойнап, жауды айдар,  
Жерден тұманды ашқандай.  
Ес жыйғызбай дұшпанға  
Шап, өренім, жасқанбай!  
Ажал іздеп келген жау,  
Қетпесін жер жастанбай!  
Сендер салған ұранға  
Жамбыл да үнін қосқандай!  
Жеңісінді жырлауға  
Жырау атаң тосқандай!

1943






КАМАЛ БҮЗҒАН  
ҚАҺАРМАН <sup>184</sup>

**Е**р сүйікті еліне  
Ел намысын жықпаған,  
Қару байлап беліне  
Кегін алған дұшпаннан.  
Хасиетті халыққа  
Қол басшының есімі  
Жаудан тайқап ықпаған.  
Тұтқыйылдан саспаған.  
Калың қолды бастаған,  
Ойы терең теңізден,  
Бойы биік асқардан.  
Есімі елдің ұраны.  
Естісе жау жасқанған.

Батыр Қызыл Армия.  
Халқымыздың қорғаны!  
Ғаламға аян, жария  
Батырларым ондағы.  
Баққаны асыл мұралар  
Дүние еңбек сарсылған,  
Адам адам болғалы.  
Сөзімді сол қозғады,  
Ойымды сол толғады:  
Бар тілегім соларда,  
Болсын деумен жолдары!  
Қол алдында Сталин  
Жорық тартқан жарыққа,  
Қаһарманым, қол басшым,  
Аты аяулы халыққа!



Ғасырлардың шырағы,  
Бөлене бер данққа!  
Соған қарап аңғарам;  
Қол бастаған көсемге,  
Ел қорғаған ерлерге —  
Елі бәрін арнаған,  
Ең жүрегін сайлаған,  
Еңбектерін сый еткен,  
Ертегідей жыр еткен,  
Ел көмектен талмаған.

Тоқушы едім мен кеше  
Естігенін құлағым:  
Орыс бесік тербетсе,  
Еркелетіп ұланын,  
Айтатыны: «ер жетсе  
Ерлерге ұсап шырағым!  
Чапаевтай ер болса —  
Жасқануды білмеген,  
Жауға басын имеген!» —  
Деп естігем ұранын.  
Қазақ ішін аралап,  
Жүрсем елді жағалап  
Естігемін әр үйден,  
Ертегідей әлдиден:  
«Ер боп өсіп, елім — де!  
Махамбеттей батыр бол,  
Қарсы шапқан әлемге!  
Амангелді атаңдай,  
Жаудан, балам, шегінбе!  
Кавказ тауын жайлаған  
Грузиннен тыңдағам:  
«Тынба жауды жапырмай,  
Жолбарыс тон батырдай!»  
Білем Қаспий мен елін,  
Тербеткенде бөбегін:  
«Көр ұғылдай батыр бол,  
Жаудан қайтпа!» — дегенін.  
Қай халықта болса да



Балаға айтар мысал көп;  
Балалардың тұлғасын  
Бәйіт етіп жырлаған —  
«Сен де сондай болсаң!.. —  
деп,

Ойхой, шіркін, сонымен,  
Кеше естісе құлағым,  
Бүгін көрдім елімнен.  
Бабалардай ұл көрдім  
Бас тартпаған өлімнен.  
Оқтан қайтпай төгілген,  
Оза тұлпар тебінген,  
Қаһарланып ұмтылса,  
Жау түйдегі сөгілген.  
Жыйырма бесте бұрсанып,  
От шашылған демінен.  
Хасиетті Отанның  
Қамы кетпей көңілден,  
Қараған жан түсінген  
Қара үзбеген сеніммен:  
Қалған ата, бабадан  
Ұл бойындағы ыстық қан  
Қаһар болып құйылса,  
Төтей алмас жау жылан!  
Қырғын тапқыр немістер  
Қалды ма екен есітпей:  
Батырларын Советтің  
Балтырлары бесіктей!  
Тұрпатынан сом біткен  
Ер пәрмені сезілген.  
Жеңіс сонда-ақ естілген  
Сталиннің сөзінен.

Жар салғамын ерлерге:  
—Кетпе Кавказ, Еділден,  
Күт, береке өңірден!  
Берме Сталинградты,  
Қанша терің төгілген!



Жұмса барлық қуатты,  
Батырларым, дедім мен.  
Воронежден жылжыма,  
Жем болады шегінген!  
Үлгі ал сені құраған  
Ленин мен Сталиннен!  
Балаларша басты тік,  
Баспа қадам жеріңнен.  
Жартасқа ұсап жауды тос,  
Арың артық өлімнен!

Улы Отанның әмірін  
Орындадың ерлерім,  
Дегеніне жау зұлым  
Жете алмады, көрді елің!  
Жартасқа ұсап жол тостың,  
Дауылға ырық бермедің.  
Балаларша белдестің,  
Батырларша сермедің!  
Майыстырып белдерін,  
Бырт-бырт үздің шеңберін!  
Өзің кұрсап шеңберге,  
Малғұндарды жерледің!  
Қалбалақтап қашты жау,  
Қаһарыннан сендердің.  
Қарға тастап өлгенін,  
Қайғы басып өндерін.  
Күллі әлемге болды аңыз  
Сталинградта жеңгенің!

Рыйзамын, ерлерім!  
Жауға намыс бермедің.  
Қажып қабақ шытпадың,  
Қан майданға өрледің,  
Шеру тартып батысқа,  
Дүниені кернедің.  
Қабыстырып камалын,  
Тарылдырып заманын,  
Сындыра жау белдерін!

Батырларым, ала көр  
Жауға кеткен ел кегін.  
Батыс жаққа бара бер,  
Айықтырып жер, көгін.  
Басқан зілден серпілсін  
Хасиетті жерлерің!  
Қайғыларын кетірсін,  
Қан жылаған шерлі елің!


Батыр Қызыл Армия,  
Улы Ленин қураған,  
Улы Сталин шыңдаған,  
Жыйырма бес жыл ерлігін  
Әлем жүзі сынаған,  
Қыйдаласып жүр әні,  
Қан майданда тулаған.  
Амал тауып қыйыннан,  
Ақыл берген ұлы адам —  
Қол басшысы Сталин  
Бәрін шолып қыйырдан,  
Аумай бастап ілгері,  
Батысқа! — деп бұйырған.  
Көрем ерлер тұрпатын,  
Тас болатша үйрілген:  
Алдаспанды \* үйірген,  
Алдында су жырылып,  
Умтылса тау иілген.

*Х/У. 50, 5*

Бірақ қатты майдан бар!  
Ышқынбақшы айдаһар,  
Ысқырмақшы шағам деп,  
Балаларым, таймаңдар!  
Құралды өткір қайраңдар!  
Жасылдай боп жайнаңдар!  
Жосадай боп жауызды  
Жөңкілтіп жерден айдаңдар!  
Тасқынына қақтығып,

\* Алдаспан — ерте уақыттағы қылыштың бір түрі.






Балықша жау қайраңдар.  
Жауды алатын айлаң бар,  
Қолда күшті сайман бар,  
Қол бастаған Сталин  
Көп сынаған майдандар!  
Қамал бұзған қаһарман,  
Жыйырма бес жасында,  
Құбылаға бет алған,  
Жауды жеңіп жаншуға!  
Батысқа ұмтыл, ерлерім,  
Жерді түгел ашуға.  
Ленин туы астында!  
Ұлы Сталин қасында!  
Күллі халық көмегің,  
Бахыт күні басыңда,  
Мен де жырмен қосылдым  
Жүзге ұласқан жасымда.

1943





## ТОЙ КҮНІ ТАЯУ <sup>185</sup>

**Б**оранды қыстай бұрсанған,  
Болат пен темір кұрсанған,  
Бұлтты күндей тунжырап,  
Қабағын қатып томсарған —  
Қаһарман Қызыл Армия,  
Қамалын бұзып дұшпанның  
Ғаламға қылып жарня,  
Жапырып жауды, жар салған!  
Ерлерге сәлем кәріден,  
Туысқан елдің бәрінен:  
Тігемін түгел жолыңа,  
Қайратым кұрыш әлі де!

Тепкінің қатты тигенге,  
Шыдамай жаудың қамалы  
Шатынап, сынып, жарылды,  
Шабуыл жолы салынды!  
Тартылып жердің танабы.  
Тынысы жаудың тарылды.  
Дегенмен қатты майдан бар,  
Ышқынар әлі айдаһар,  
Ысқырар әлі шағам деп,  
Ұлдарым, одан таймаңдар!  
Кұралды өткір қайраңдар,  
Жасылдай атып жайнаңдар!  
Жосадай қылып жауыздь.  
Жөңкілтіп жерден айдандар!  
Тасқынға қатты қақтығып,  
Балықша дұшпан қайраңдар!




Алатын жауды айлаң бар,  
Қолында күшті сайман бар.  
Қол басшың көсем Сталин,  
Сынаған шындап майдандар!  
Жеңіске бастап келеді ол,  
Күніміз жақын сайрандар!

1943







## АТАМЫЗ ЖАМБЫЛ АҚЫНҒА <sup>186</sup>


(Н. құрамасы жауынгерлерінің хаты)

**К**азақ поэзиясының алыбы, халық ғасыры қарт Жамбыл, Сізге, Н. қазақ құрамасының жауынгерлері майданнан жалынды сәлем жолдап, қолыңызды қатты қысады. Біз жауынгерлер бұл хатты әрқайсымыз өз үйімізге жазып отырғандай сезіммен, адал жүрегімізбен алтын күннің әлемге нұр шашқан жазына көз тіге, сүйікті қазақ даласын көзге елестете отырып, Сізге жолдаймыз. Сізді өзіміздің туған әкеміздей ыстық махаббатпен сағынып еске аламыз.

Кажырлы әкеміз, Жамбыл! Сіздің «Балама хат» деген өлеңіңіз таң алдындағы шығыстың майда желіндей желпіп бізге жетті. Біздің жігерімізді тасытты. Біз бәріміз де, осы хатты жазып отырғандар, батыр достарымыз туралы Сіздің тәтті жырларыңызды тағы да оқыймыз деген үміттеміз.

Тыңдаңыз қарт, ұлдарыңыздың үнін:

Әкеміз Жамбыл алыстан,  
Ғасырды көрген данышпан,  
Тыңдап құлақ салыңыз,  
Ұлдарыңның майданнан  
Жауынгерлік сәлемін,  
Қабыл көріп алыңыз.  
Ұлынды батыр сансыз мың  
Желіндей желпіп жеңістің  
Жетті сіздің хатыңыз.  
Жолдаған сәлем жүректен,  
Жалынды ұшқыр тілекпен,  
Күш берді, қарт атыңыз.  
Уа, қадірлі ата жан,  
Ұлы жолға аттанған  
Ұлдарыңа сеніңіз:



Жауды аяусыз қырамыз,  
Тұрғызбастай ұрамыз,  
Тазарғанша еліміз!  
Көкорай шалғын көліміз,  
Асу асқар беліміз,  
Босанғанша жеріміз  
Тоқтамаймыз бір минут  
Таусылмаса деміміз!

Фашист деген зұлым жау  
Ойнамайды, күлмейді,  
Адамның тілін білмейді,  
Кісі өлтіру, қан ішу,—  
Өзгені көзге ілмейді.  
Сөйлесу керек олармен:  
Қызыл оттың тілімен,  
Көк зеңбірек үнімен,  
Ушқыр оқтың сөзімен,  
Егеулі найза өзімен,  
Болат канжар жүзімен,  
Уғады соны немістер,  
Түсінеді шынымен.  
Осындай сұмның талайын  
Келтіріп тілге үйреттік,  
Ат артына сүйреттік,  
Аз келгенін аздырып,  
Бір-бірлеп тобын сиреттік.

Қызыл отты қақ жарып!  
Жауған оққа қасарып,  
Душпанның жатқан жеріне  
Іркілмей кірді ол барып  
Жүректі батыр Бұрышев  
Гранатын қолға алып.  
Қас батырша толғанып,  
Бірін оңға құлатып,  
Бірін солға сұлатып,  
Қырғыйдай тиді неміске  
Жаңбырша оғын боратып,

Батыр ұлын Баймұрзин  
(Әбдірахман өз аты)  
Ойып түсер дұшпанын  
Жігіттің өткір болаты.  
Ежелгі жауын көргенде,  
Асығып сабыр тағаты,  
Қырып салар қынадай  
Жеткенде мезгіл сағаты.  
Жау кұтылып кетер деп  
Үзбей сірә күдерді,  
Жылдамдығы нажағай,  
Қыймылы жай оғындай,  
Жасымайтын жігерлі,  
Бір ұрыстың үстінде  
Немістің бес танкісін  
Бір-бірлеп өртеп жіберді.  
Көк зеңбірек сүйреткен  
Егескен жауын күйреткен  
Ерназаров Мырзабай,  
Ұлыңыз ол да асқан ер.  
Ұшқан кұсты ілетін  
Желдей жүйрік жүгірер,  
Ауыздықпен алысып,  
Түпке жеккен Қарагер,  
Зеңбіректі тартатын,  
Кедергі болмай ылдый, өр.  
Жаяу әскер соңынан  
Көмек берді әрқашан  
Канатсыз ұшқыш жігіттер.  
Атқаны аумап тиетін,  
Өлік етіп немісті  
Топ-тобымен үйетін:  
Талайын жойып дұшпанның  
Үш танкісін қыйратты.  
Жауды тынбай өлтіру  
Ісі еді оның сүйетін.

Қырағы қырдың қыраны,  
Даланың ор қояны,






Таудың жүйрік бұланы,  
Немістерді екі жүз  
Отыз тоғыз өлтірген  
Сүлейменов Ыбырайым  
Қазақтың батыр ұланы.  
Ашкейұлы Райымжан,  
Талай батыр баулыған,  
Ақылды басшы капитан,  
Ұрыста салқын сабырлы,  
Қырандарын өрбітіп  
Жеңіске бастап жүрді сан.

Толып жатыр осындай  
Қаһарман батыр жігіттер,  
Өзіңнің шешен тіліңмен,  
Бұлбұлдай тәтті үніңмен  
Ұлдарыңды кемеңгер  
Әлемге айқын жырлап бер!

Сұм фашисті, атажан,  
Қарыс сүйем ілгері  
Бастырмаймыз, жеңеміз!  
Сіз арқылы халыққа  
Осылай серт береміз!  
Хош болыңыз, қарт ата,  
Ұсындық, міне, қолымыз.  
Талай жылдап тағы да  
Сау-саламат болыңыз.  
Ұлдарыңның жеңісін  
Көзіңізбен көріңіз.  
Асыл сөзбен ерлерді  
Елге жырлап беріңіз!

Н. құрамасының жауынгерлері, командирлері мен саяси қызметкерлерінің тапсыруы бойынша: орденді жас ақын, сержант Нұршанхов Әзілхан, қос орденді мерген Сүлейменов Ыбырайым, орденді лейтенант Хұсайнов Мәті, капитан Барманкұлов Олжабай, медальді мерген Матаев Замаибек, капитан Шарипов Қасым, медальді сержант Мамырбаев



Әлімжан, лейтенант Назаров Ислам, орденді үлкен лейтенант Исин Маулен, қос орденді үлкен лейтенант Біләлов Әділ, әскери дәрігер Сырлыбаева Мәриям, майор Досанов Әбдірахман, орденді қызыләскер Әбдікәримов Біргебай, орденді қызыләскер Омарбаев Мұқан, үлкен лейтенант Мақамбаев Нүрділдә, капитан Қасымов Қани, үлкен лейтенант Әтеев Шазада, капитан Дүйсембеков Ғайса, капитан Исатаев Ыдырыс, медальді лейтенант Омаров Бексұлтан, лейтенант Қабдуллинов Қалижар, үлкен лейтенант Рахымжанов Балабек, үлкен лейтенант Қасқаруов Жылқыбай, медальді үлкен сержант Баталов Жүсіп, подполковник Бәйішев Сақтаған.

*Майдандағы Армия.*





ЖҮЗ ЖАСАҒАН  
ЖҮРЕКТЕН <sup>187</sup>

(Жамбылдың жауабы)



Өлкей өрім балалар,  
Қолымыздан өсірген!  
Ар азығын алғандар  
Ананың ақ төсінен!  
«Ата»ласаң еркелеп  
Орын берем қасымнан.  
Сендер едің сол бөбек  
Оң тіземе асылған,  
Айтушы едім мен ертек  
Қыйлы заман ғасырдан,  
Уға білсең, боп зерек  
Көңілім судай тасыған.  
Өжет едің жасыңнан:  
Шығармаймын есімнен:  
Сендер үшін басынан  
Талай күнді ел кешірген...  
Ержеткізген осылай  
Жасқандырмай ешкімнен!  
Елдің қамқор досындай  
Ер кәдесі ескіден.  
Жау жағадан алғанда,  
Аттандырдық майданға:  
«Жауға ойран сал!»—десумен,  
Сендер қолқа салғанда,  
Жырды аяйын несін мен!  
Қарақтарым оқыдым!  
Хаттарыңды арнаған.  
Батырлықты тоқыдым  
Бұрын құлақ шалмаған.



Неше алуан ел өткен  
Мұндай ерлік болмаған.  
Қаһарың жер тербеткен,  
Қайрат берген сол маған;  
Баймурзин мен Бұрышев.  
Жауған оқтан таймаған.  
Танктермен ұрысып  
Нажағайша ойнаған.  
Ыбырайым, Мырзабай  
Жау қыруға тоймаған,  
Көзегенге боп қырғый  
Көрінгенді қоймаған.  
Кеңес етіп соны ылғый,  
Күндіз түні ойланам:  
Сол батырлық болып күй,  
Өлеңімді қозғаған.  
Қайсы бірін айтамын,  
Көңілімді толғаған.  
Хаттарыңнан байқадым:  
Батырлықтың келбетін,  
Мұздай темір құрсанған,  
Жауар күндей томсарған,  
Сталиннің әскері,  
Камал бұзып, жол салған!  
Қол алдында көсемі  
Жену жолын болжаған.  
Несін аяр туған ел,  
Өзі өсірген баладан!  
Есі-дерті бір сендер,  
Зор үмітпен қараған,  
Береді деп біле бер  
Керегіңді ел қалаған!  
Білем: қатты майдан бар!  
Көп жер жатыр жау алған.  
Жау қолында қалғандар  
Қанды азапта қаналған...


Уа, қарағым, балалар!  
Ер бол демей не дейін,



Ереуілді майданда  
Үстем болсын мерейін!  
Жауды қырып айдауға,  
Талмай көмек берейін.  
Дүбір қосып айғайға  
Қызыл тілді жебейін.  
Сендерге өлең айтқанға  
Еш шаршадым демейін.  
Қан майдан боп жатқанда,  
Қарлығар ма көмейім!  
Жүз жасаған жүректен  
Жырларымды төгейін.  
Қөктемнің күніндей,  
Жауды жеңіп, күлімдеп,  
Келгенінді көрейін!  
Қаһарманым, күнім деп,  
Беттеріңнен өбейін!

1943.






ТУ АСТЫНДА  
БЕРГЕН АНТ <sup>188</sup>



Малшы сырын білем мен,  
Қасында өскем жасымнан.  
Ел тарихын үйренген  
Ертегіші малшыдан.  
Малмен жасап, бірге өрген  
Жайы мәлім ғасырдан,  
Қыйындықты бір көрген,  
Малға жаны ашыған:  
Бұлтты, желді күндерде  
Сақтап боран-шашыннан,  
Тас қараңғы түндерде  
Қорғап ұры, қасқырдан;  
Борандармен таласып,  
Жаңбырларға малшынған;  
Етек төсек, жең жастық —  
Сөйтіп дәулетті асырған.

Қырды кезіп байқадық  
Колхоз малы отырған,  
Жасыл жапан жайқалып,  
Дариядай толқыған.  
Сол өңірдің бәріне  
Төрт түлікті толтырған,  
Сол куат боп кәріге,  
Көкрегім толқыған:  
Күрең жорғам астымда,  
Сұр домбырам қолымда,  
Жігіт-желең қасымда,  
Бардым малды шолуға.






Жылкы жатыр өрісте,  
Кұлындар жүр құндыздай.  
Көзіне ыстық, келісті  
Құнан, тайлар жұлдыздай.  
Сыйырлар жүр маңқыып  
Желіндері жер сызған.  
Бүйірлері томпыып  
Бұзау емген уыздан.  
Сахара той қылғандай,  
Дуылдаған қой қоздап,  
Тойдың әнін салғандай,  
Ботақандар жүр боздап.  
Төрт түліктің тіліне  
Малшылардан кім озбак?  
Соны көріп, білдім де  
Ән шырқадым жыр қозғап.


Бейбіт жатқан Отанға  
Салғанда кеп жау бүлік,  
Қаның қайнап жапанда,  
Қарақшыға жан күйіп,  
Ер майданға мінсін деп,  
Ел қорғаған жан қыйып,  
Жал-құйрығын үкілеп,  
Жіберіндер сан жүйрік.  
Жөнелтіндер бағланды,  
Жүздеп-мындап мал жыйып.  
Жүректерін жалғауға  
Май жібердің бал құйып.  
Жүз жасаған кәрің ем,  
Жұқа тартқан қаужыйып.  
Кеңескенде бәріңмен  
Тағы менен ал бұйрық:

Істерінді көрейік  
Айтқанымды құп алған.  
Ерге көмек берейік  
Кек алғанша бұ жаудан!  
Аршылғанша жеріміз



Айыр басты жыланнан.  
Жау қолындағы еліміз  
Құтылғанша жылаудан!  
Осы болсын антымыз.  
Тойларыңда ту алған.  
Сталинге айтыңыз:  
Ер қазақпыз сыналған!  
Қашанғы ата салтымыз  
Беттен қайтпас бір алған.  
Сендерге арнап қартыңыз  
Тартты жырын қуанған!

1943





## ЖАУ АЖАЛЫ ЖАҚЫН<sup>189</sup>


*(Сталиннің бұйрығына арналған)*



айқалады көк майса  
Шөлі қанса жаңбырға.  
Сталин бір сөз айтса  
Күш кұяды Жамбылға.  
Көсемімнің бұйрығы  
Жетті қыйыр ауылға,  
Айтқан талай тұрғыны,  
Қонды бәрі жадыма.

Жазған бұйрық Сталин  
Жаһан тына тындаған;  
Құтын алса дұшпанның,  
Дос-жаранды тындаған;  
Сапталындар кәрі, жас  
Бұл бұйрықтың тілі сол,  
Қыйт еткенге құлақ ас;  
Қыйуадан бәрін шол,  
Елмен майдан екі ара.  
Бір жүрекпен қозғалсын.  
—Басы-көзі қан жара,  
Жоса болып жау қалсын!  
Сонымен бір толғайын!  
Жырым жұртқа таралсын,  
Қасқыр шапқан қойдайын,  
Быт-шыт қылып арасын,  
Қанат сілтеп самғайын,  
Кұртуға жау қарасын.  
Сүйегімде салтым бар,  
Жасымайтын соғыстан.





Батыл, қайсар халқым бар,  
Үлгі үйренген орыстаң,  
Еркін қайрат, ақылдар  
Бір бойына тоғысқан.  
Тынбақ емес мұндай ел,  
Шешпек емес үйде бел.  
Жауды қумамай қоныстан.

Болған емес өмірде  
Ата-баба жерінде  
Неміс билік құрған күн.  
Соқтықса да қандай жау,  
Кеткен емес қайта сау.  
Өз қанына туншыққан,  
Жер айыққан қырсықтан.  
Күле жайнап күн шыққан,  
Басқан емес қара түн.

Неміске де сол зауал,  
Ажал жақын оларға!  
Мұраларды қыйратқан,  
Балаларды шулатқан,  
Жұрт аруағын қорлаған,  
Әйелдерді зорлаған,  
Бейкүнәні тонаған,  
Бейбіт елді талаған —  
Қарақшыға қанішер  
Еш рахым болар ма  
Жұрт аузында бір-ақ сөз:  
Жоқ қыламыз жауды тез!  
Топырақты таптатпай,  
Талқандайтын жетті кез!

Серті осылай бұл елдің:  
Бір өлімге мың өлім!  
Жыйырма сегіз батырдың  
Кегін алар жұртым бар.  
Мен де соның жыршысы  
Қалғанша қан тамшысы,



Қызмет етем бұл жұртқа,  
Көсем берген бұйрыққа  
Жанды қыйдым, бас тіктім,  
Жырым мұны ұқтырар!  
Күтқарғанша қорлықтан  
Бұғаудағы туғанды,  
Біткенше жау обыққан,  
Неге аяйын бұл жанды.  
Аярым жоқ бұл жолдан!  
Айтарым сол бәріңе:  
Қайрат, қару, тіл болған  
Мен сыяқты кәріге  
Көсем жазған бұл бұйрық,  
Көкте ойнаған жасылдай,  
Жау қабағы ашылмай,  
Көктен оқ боп тұр күйіп,  
Қасарғанмен түк келмей,  
Қанішерлер қалжырар,  
Соңғы демі біткендей,  
Аяғын әлі-ақ шалғылар!

1943





## ӘКЕ ӘЗІЛІ <sup>190</sup>



ойған түлкі секілді  
Сатышым жүр ырсыған.  
Турабымның тұрпаты —  
Бұқашадай тырсыған.

Аққұлыға қарасам —  
Ішін алған торанғы\*  
Қызық көріп балаша  
Отырамын соларды.

Жау-жапырақ секілді  
Жартыбай жүр қаудырлап,  
Мазамды да кетірді  
Сөз сөйлесе саудырлап...

Құйымшағы бүріскен  
Нағашыбек ешкідей.  
Жымың-жымың күліспен  
Жүре беред естімей.

Бәрі маған аян ғой,  
Айта берсем тағы да.  
Бірақ өліп қалам ғой  
Мен солардың «бағына».

1943.

\* Торанғы — құмға өсетін ағаштың бір түрі.





## АЛҒАДАЙ ТУРАЛЫ ӘРБІР ОЙ <sup>191</sup>

I

**Т**үне күнгі кеткеннен  
Ғали жана келдің бе?  
Алғадайдың мүрдесін  
Жол-жөпекей көрдің бе?


Топырағың торқа боп,  
Тыныш ұйқта дедің бе?  
—Қалай қыйып қалдырдың  
Қарт әкенді елінде?

Елжірейді өзегім,  
Ауырады белім де...  
Қаза болып көзелім,  
Халім қыйын менің де.

II

Алатауды айналсам,  
Алғадайды табам ба?  
Сары-Арқаны сандалсам,  
Саңлағымды табам ба?

Өлім деген у екен,  
Мендей кәріп адамға.  
Күнде үйімде күңренем.  
Көзіме жас алам да.



### III

Күр сүлдерім, есім жок,  
Жүріп тұрған десім жок,  
Деп қараймын сәбиге:  
«Игіліктің кеші жоқ!»

Бала қалды жетім боп,  
Келін қалды жесір боп,  
Біздей кәріп кісіге  
Көз салындар есіркеп.

### IV

Темір өзек пенде жок,  
Өлмес адам елде жок,  
«Орынсыз деп өлімі»,  
Ондай ойлау менде жок.

Көп жайланған жабының  
Жал-құйрығы сұйылар...  
Сол сыяқты Жамбылдың,  
Жұкарыңқы түрі бар.

Көңілі бос — кәрінің,  
Көкейлерің ұғынар,  
Көтермей жан жалының,  
Көзден жасы құйылар.

1943



КАҺАРМАН ХАЛЫҚ  
ДОСТЫҒЫ <sup>192</sup>



Өткізген жерім жасымды,  
Ағартқам сенде шашымды  
Ыстықсың өте тым маған,  
Еріме ылғый болысып,  
Елімді жаудан қорысып,  
Ерінбей сенде жырлағам.  
Алалы жылқы, ақты қой,  
Қырында өсіп мындаған.  
Қыдырлы шалқар көлдерің  
Балығы тайдай тулаған.  
Барқыттай, шүйгін белдерім,  
Көтерем үзсе — қунаған.  
Жарқылдап жасыл көгінде,  
Жаңбыры тартып егінге —  
Жайқалып жапан жырғаған.  
Қаспанды жаудың кегіне,  
Қоймасы таудың алынып,  
Көмірлер қыза жағылып,  
Қайнатып кенді тұр қазан.  
Кемпір мен шал да шаршамай,  
Балаға дейін қаршадай  
Еңбекте шыйрап, шыңдалған.  
Қаруға халық жаттығып  
Гитлерге өлім шындаған.  
Әлемнің аңыз сөзі боп,  
Қуаттың қайнар көзі боп,  
Ержүрек ерлер шығарған, —  
Қаһарман Қазақстаным,  
Қарасам көзім тояр ма,







Қуатты мұндай болар ма,  
Ол заманда бұл заман!  
Жарасып жұртпен дүрмегі,  
Ерлігі досқа ұнаған, —  
Сүйкімді көпке көрініп,  
Досына үлгі делініп,  
Сүрінбей өткен сындардан.  
Немерем, менің ұлдарым!  
Осынау бір жыл ішінде,  
Шат болып қаһар, күшіне,  
Қолыңды талай жырладым;  
Аталық айтып сөзімді,  
Алалмай кәрі көзімді,  
Жорыққа жолдап тұрғамын,  
Сендерге жырмен дем бердім,  
Есендік, саулық сұрадым,  
Ленинград пен Москва  
Қыйратып жауды қасында,  
Әлемге атақ шығардың.  
Бастаған қолды Панфилов,  
Сорына жауыз сұмдардың.  
Толтырды шаттық көңілге:  
Қазақтар орыс жерінде,  
Тайсалмай шауып өлімге,  
Гвардеец атанып,  
Үлгі боп байтақ еліне,  
Ерліктің тікті туларын.  
Көздеген арғы жағаны,  
Дегенде жаудан тағы алды,  
Шаттыққа тіпті сыймадым,  
Украина топырағын  
Көкрегіндей ананың,  
Жауған оқтан жасқанбай,  
Сарайларын ашқандай,  
Сүйіпті менің ұлдарым!  
Жасыратын сыр ма бұл? —  
Естіп соны қарт Жамбыл,  
Көкрегі толқынып,  
Жас ірікті бұл да бір.



Жетті жылды жыл қуып,  
Қан майданда қабынған...  
Жауды жеңер күн жуық:  
Сталиннің сөзі — заң!  
Қабырғасын қаусырып  
Дұшпанды біз тықсырып,  
Сығамыз жан-жағынан.  
Күннен күнге күшейді  
Қаһарлы халық достығы!  
Қалмайды аман жау бұдан,  
Жауды жедел құртуға,  
Қазақстан күшті құй  
Қарыштай бас, сал ұран.  
Жеңісті естіп тұр халық  
Біздің дүбір сарыннан  
Келе жатқан жер жарып  
Ертеңгі ұлы дауылдан!

1948






„КЫЗЫЛ ЖҮЛДЫЗҒА“  
КҮТТЫҚТАУ <sup>193</sup>




айраулы қылыш, найзадай,  
Қаһарлы сөзі найзағай,  
Талайдан мәлім ол маған:  
Тәрбие сөзден талмаған,  
Жеңіспен айтып даңқты.  
Күреске үндеп халықты,  
Жауынгер «Қызыл жұлдызым»  
Ерлерге нұсқа танытты.  
Еңбегін елге жеткізіп,  
Жамбыл да жырын ағытты.  
Қолымда көне домбырам,  
Сөйлесе, нақыл сөз ұғам:  
Білімді мыңды жығады!  
Батырдан дұшпан ығады!  
Халықпен жаны бір адам,  
Қажымай қорғап намысты,  
Қалайда жеңіп шығады!

1943







*Декларация Арқа  
 : 10, 15, 20, 25, 30, 35, 40, 45, 50, 55, 60, 65, 70, 75, 80, 85, 90, 95, 100, 105, 110, 115, 120, 125, 130, 135, 140, 145, 150, 155, 160, 165, 170, 175, 180, 185, 190, 195, 200, 205, 210, 215, 220, 225, 230, 235, 240, 245, 250, 255, 260, 265, 270, 275, 280, 285, 290, 295, 300, 305, 310, 315, 320, 325, 330, 335, 340, 345, 350, 355, 360, 365, 370, 375, 380, 385, 390, 395, 400, 405, 410, 415, 420, 425, 430, 435, 440, 445, 450, 455, 460, 465, 470, 475, 480, 485, 490, 495, 500, 505, 510, 515, 520, 525, 530, 535, 540, 545, 550, 555, 560, 565, 570, 575, 580, 585, 590, 595, 600, 605, 610, 615, 620, 625, 630, 635, 640, 645, 650, 655, 660, 665, 670, 675, 680, 685, 690, 695, 700, 705, 710, 715, 720, 725, 730, 735, 740, 745, 750, 755, 760, 765, 770, 775, 780, 785, 790, 795, 800, 805, 810, 815, 820, 825, 830, 835, 840, 845, 850, 855, 860, 865, 870, 875, 880, 885, 890, 895, 900, 905, 910, 915, 920, 925, 930, 935, 940, 945, 950, 955, 960, 965, 970, 975, 980, 985, 990, 995, 1000*

АҚЫНДАРҒА АРНАУ <sup>194</sup>



латаудан, Арқадан  
 Ақындарым келіңсің.  
 Тілдерінен бал тамған  
 Жақындарым келіңсің.  
 Ертіс, Еділ, Іле, Сыр  
 Бас қосқалы келіңсің.  
 Жүрген жері думан жыр —  
 Сендер елге көріксің.  
 Шаршы топта төгілген  
 Сөздеріңді сағындым.  
 Көзге жылы көрінген  
 Өздеріңді сағындым.  
 Астананың елімен  
 Бір қуанған кәріңмін.  
 Алтын орда төрінен  
 Қолыңды алып көріскен  
 Сәлемі осы Жамбылдың.

Жата алмадым тыншығып  
 Сендер келді дегенде.  
 Бір отырдым, бір шығып  
 Елең қағып өлеңге,  
 Мұндай дүбір, жарыста  
 Кім қызбайды намысқа!  
 Көтермеші боп келдім, —  
 Ақындарым қарышта.  
Ұлы жыйын үстінде  
Сөз сарапқа салынар,  
Ой тарапқа шабылар.  
Өрен жүйрік өткен жер




«Калмак»  
Кыргыз

Узын жол боп калынар.  
Кекендеген Торының  
Ізі қайдан табылар?  
Жүйрік — жүйрік болар ма,  
Шаршы төске сермемей?  
Қыран—қыран болар ма  
Тас қыяға өрлемей?  
Жорға—жорға болар ма  
Төрт аяғы тайпалмай?  
Батыр—батыр болар ма  
Қалың жауды қайтармай?  
Ақын—ақын болар ма  
Арка қызып, ән салмай, —  
Жыйылған көп халайық,  
Сөзіне ұйып тамсанбай?

Кеншімбай

Ақындар көз салыңдар,  
Қыйуаны шалыңдар,  
Қыйку салып талайдан  
Келе жатқан сарын бар.  
Узын жолда біз өткен  
Өренге көп тәлім бар:  
Сүйімбай мен Қатаған  
Қара өлеңді матаған,  
Атын жаттап балалар  
Әлі күнге атаған.  
Кеншімбай мен Орымбай  
Өлең, сөздің қорындай.  
Көрінеді сорабы —  
Керуен көшкен жолындай.  
Құл, Құлмамбет, Құлыншак,  
Майкөт, Сарбас, Қуандық,  
Бұлдырайды туға ұсап  
Көңлімізді құмар ғып.  
Шөже менен Кемпірбай,  
Өлең-жырдың жұртындай!  
Біз солардың өрені!  
Көк дауылдай боратып  
Сөз бастандар келелі.



Жырға ылайық елін бар,  
Елге лайық ерін бар,  
Төрі толған түлікке,  
Улан-байтақ жерің бар.  
Көкорайлы белін бар,  
Айдын шалқар көлің бар,  
Сабасы мол көп өзен  
Өлке толған егін бар.  
Жаз өрісің көк жайлау,  
Қыс қонысы — соның бар,  
Тау мен далаң сақтаған  
Қойны толған кенің бар.  
Алтын, күміс, қорғасын,  
Мұнай мен мыс, көмір бар,  
Осы дәулет тұрғанда,  
Неменеден кемің бар?  
Осыларды толғайтын  
Ақындарым, жөнің бар!


Қыруар завод, қалаң бар.  
Гүл жайнаған далаң бар.  
Сол даланы жайнатқан  
Жұртқа үлгі адам бар.  
Жауды қуған жөңкілтіп  
Батырларға қарандар.  
Жас арыстан пішінді  
Жауға ойран салған бар.  
Батырсынды, мүсінді  
Мәліктей көп балаң бар.  
Қаһарман қып жасаған  
Халқымызды заман бар.  
Не болғанын бүгінде  
Бөбектердің білуге  
Бәйіт\* қылып тараңдар,  
Замананың жыршысы  
Сендерде не арман бар?  
Сол заманның тұлғасы

\* Бәйіт (арапша) — өлең, уақығалы сарынмен айтылатын жыр.





... ..








Лениннің жолдасы,  
Қамал бұзған қол басы —  
Улы Сталин көсемге,  
Жырларыңды арнаңдар!

Уа, Орымбай, Шашубай,  
Сендер өзен басындай.  
Ағытыңдар өленді!  
Жазғытұрғы тасқындай.  
Нартай, Кенен, Нұрлыбек,  
Маясар, Қуат, Жақсыбай  
Өлең-жырды дүрілдет —  
Жарқылдатып жасылдай.  
Сөздеріңнің күшінен  
Жау жүрегі түршіксін,  
Жырларыңды естіген  
Дос кұмардан бір шықсын!

Его одна —  
целина К  
акынаи


1943






БАТЫР ТУЫ <sup>195</sup>

**Т**уы тұрса қадаған  
Ердің туған жерінде;  
Атын айтпай оны адам  
Қалай қыйсын өлімге?  
Амангелді батырым  
Сен тірісің өмірде!  
Алысың мен жақының  
Күнде сені көруде;  
Қару-жарак бойында,  
Семсер, қылыш белінде.  
Жүрсің жеңіс жолында,  
Басшы болып шеруге.  
Арыстандай долданып,  
Қан майданның төрінде.  
Алдаспанды қолға алып,  
Уран салып жеңуге.  
Сен жүр демей не дейін,  
Рух берсең өренге!  
Тасытсаң ер мерейін  
—Батыр бабам! — дегенде.  
Ұрпағына бел болған,  
Батырлар көп ел-елде.  
Мұзбалақтай толғанам  
Мен де сені көрем де.  
Шолсам байтақ еліңді  
Күш өреді денемде.  
Осындай күт жеріңді  
Жауға өренің берер ме?



Кілең батыр, жас берен  
Достығы берік келеңде.  
Елің еркін, өскелең  
Жете бермек дегенге!  
Қызыл туың желбіреп,  
Ленин берген, төбемде.  
Жеңуі — хақ, сенеді ел  
Ұлы СТАЛИН кемелге.

1944





## АТАНЫҢ ӘЛДИІ <sup>196</sup>



Ал, Қуаныш, Қуаныш  
Сені етейін жұбаныш,  
Алғадайым өлгелі  
Боп кетіп ем жылағыш.

«Ата, ата» — деп келгесін,  
Айналайын, алайын.  
Ақ бетіңнен өбкен сон  
Жүрегімді жамайын.

Ермек болып отырсаң,  
Мен бір әнге салайын.  
Көңілімді шат қылсаң,  
Көтеріліп қалайын!

1944.






СӘЛЕМ САҒАН,  
КОМСОМОЛ 197

**К**өзімнің нұры секілді,  
Сталин көсем өрені!  
Сендерді айтсам, бұрқырап  
Бойда қуат өреді.  
Тас бұлақтай сырқырап.  
Көңілге өлең келеді.


Басқа хауіп төнгенде,  
Тұтасып жау келгенде,  
Қаһар шашып, ұмтылдың  
Көк бұрқырап кеуденде.  
Көк болатты киіндің,  
Жауар күндей түйілдің,  
Нажағайдай жарқылдап,  
Тастүлектей шүйілдің.  
Басты тіктің өлімге,  
Қамал болдың еліңе;  
Жауды бөгеп иірдің,  
Өлігін жолға үйдірдің,  
От, жалынға күйдірдің.  
Қалғанын қайта жосылттың,  
Жандарынан шошыттың.  
Жас қаһарын таныттың,  
Жалыныңа қарылттың.  
Жесір катын, кемпір, шал,  
Жас бөбекке болып жар,  
Кұл-бұғаудан ағыттың!  
Байтақ Отан бесігің,  
Бахытқа ашқан есігің,



Бұл Отанның барында,  
Балам, артық несібің!  
Сендер Отан жанындай,  
Тамырдағы қанындай,  
Заводтағы жалындай,  
Шахтыдағы сарындай,  
Егіндегі дабырдай,  
Әндетіп мал бағудай,  
Дүбірінді естимін  
Дүбірлеген дауылдай.

Уйым болып құралып,  
Қуат болып келеге,  
Толған айдай нұрланып,  
Жыйырма беске келгенде,  
Той жасатып, қуанып,  
Қызығыңды көргенде:  
Сәлем саған комсомол! —  
Тойларыңды құттықтап,  
Ән шырқаймын мен елде!  
Тойларыңның үстінде  
Бүкіл халық атынан  
Рыйза болып Сталин  
Алғыс айтар сендерге!

1944





## СОҢҒЫ СӨЗ <sup>198</sup>


**С**өндің бе жарқыраған шам-шырағым,  
Қалдың ба тас бітеліп қос құлағым?  
Жатсам да төсек тартып дәрменім жоқ,  
Сеп болып сөйлетесің жалғыз жағым.


Қалыппын не болмай өзіме-өзім,  
Әлім жоқ, күш, қайратты өтті кезім,  
Балалар өлгенімше болысыңдар,  
Сендерге сол-ақ айтар соңғы сөзім.

1944











БЕСІНШІ БӨЛІМ






BEAUMONT BOYD







# ДАСТАНАДАР

## ӨТЕГЕН БАТЫР <sup>199</sup>

(Хикая)



қ көбікке оранып,  
 Толқыны тоқсан бұралып,  
 Арықтай аққан арналы  
 Жамбыл бір жыр жырласын,  
 Жұрт хикая тындасын,  
 Өтеген батыр туралы.  
 Хикая емес бұл өзі  
 Өз жанымнан шығарған,  
 Есімде жоқ осы жыр —  
 Қайдан, қалай алынған.  
 Мұны, ызындап даладан, —  
 Жырлаған ескен жел маған.

и  
 и  
 б  
 в  
 в  
 б  
 г  
 е  
 ж  
 с  
 з  
 з

Бұл жырды мен естігем —  
 Тағы кұлжа үнінен.  
 Бұл жырды мен естігем —  
 Бұлбұлдың тәтті күйінен.  
 Бұл жырды мен естігем —  
 Ер Өтеген туралы  
 Саңқылдап шыңның қыраны,  
 Аңыз еткен күнінен.  
 Бұл жырды мен естігем —  
 Тулаған толқын дөңінен.  
 Бұл жырды мен естігем —

и  
 и  
 и  
 и

*Handwritten note in blue ink:*  
 Бұл жырды мен естігем —




Шөбінен, дала гүлінен.  
Бұл жырды мен естігем —  
Жұлдыздан аққан көгінен.  
Бұл жырды мен естігем —  
Өрінен ескен желінен.  
Бұл жырды мен естігем —  
Сай-саланың шегінен,  
Бұл жырды мен естігем —  
Безіп жүріп ауылдан.  
Бұл жырды мен естігем —  
Жыршыдан, ақын, қауымнан.  
Жылды айналып, жыл озып  
Өтеген өліп, қол үзіп,  
Сапар шекті келместей,  
Алайдағы тарихтың,  
Ауызында халықтың, —  
Аңыз қалды өлместей.

Сол туралы мінекей,  
Домбыраны сөйлетем,  
Өтегенді мадақтап  
Жырға қосып тербетем.  
Халық айтқанын қостаймын,  
Артық сөзді қоспаймын,  
Жырымды желше гулетем.

—«Халық айтса, қалпы айтпайд»,  
Мен де сонан асырмай.  
Шынайы берген тұлға еді  
Келе жатқан ғасырдан.  
Жаздың жылы түні еді,  
Өтегеннің тууы,  
Жетісу ед мәулеті\*.  
Сырымбет ед әулеті,  
Дулат еді руы.  
Түннің желі бесік боп,  
Тербеткен бөбек уызды,

\* М ә у л е т (арапша) — мәулід — туған жері, Отан, туған уақыты.



Қасара біткен маңдайдан  
Жан еді қос мүйізді.  
Бала жастан әлпештеп,  
Баққан оны гiл кісі ед.  
Қасара біткен қос мүйіз  
Батырлықтың белгісі ед;  
Жеңілмес жалын боп өскен  
Ақылға, күшке, болжауға,  
Тартқан сымдай тал бойы  
Усаған тағы құлжаға.

Өсті батыр тұлғалы  
Жолбарыстай қарулы,  
Қырандайын қырағы,  
Арыстандай айбарлы,  
Жүз кісінің ішінде  
Ол бір жүрген дүлегей,  
Бір өзі батпан бірегей  
Аң аулауда, бәйгіде  
Атағы шыққан әйгіге.  
Жан еді бір думанда  
Жабықпаған жалғанда.


Мейрімді ана нетін  
Бөбегін сүйіп, өрімін,  
Сондай-ақ о да сүйетін  
Көшпелі қазақ өмірін.  
Жетісу қазақ қонысы ед.  
Мамығы майда оралған,  
Күндер болған бір кезде  
Сол жер қанға боялған.  
Бір кездерде алакөз —  
Болған сол жер аймағы.  
Урыс, қағыс болған кез  
Қырғыз, қазақ, қалмағы.  
Найза ұшталып тұлпарлар  
Жортып, жебе жаркылдар.  
Күндер болған өлікке  
Қара қарға қаркылдар.

Мүйізі

17-7  
1993


А.Б.М.В.  
2000





Он сегізінші ғасырда,  
Далада, қырдың басында  
Ақ жағалы, жез топшы  
Патша жорық ашуда,  
Дүре соғып дүрілдеп  
Бүлдірген елді біріндеп  
Атуға да, асуға.  
Көшпелі елді қырғандай  
Бұзып, қырып, өртеді.  
Ол күн қара борандай  
Болып кетті ертегі.  
Еміренген дала күнреніп,  
Жайлауларда, тауларда —  
Жетісу бойы тебреніп  
Қуырылған патша, хандарға.


Өтеген сонда ойқастай,  
Талабынан таймастай,  
Ызаланып, өршігіп,  
Тұлыбы тола тершігіп,  
Бұл өртке оған болмады  
Халықпен бірге жанбастай.  
Күшінен бірақ танбады  
Суарылған алмастай.  
Жұрт білмегенді ол білді,  
Боларын сезді элетет,  
Патша тігіп ордасын,  
Халықтың бұзып қордасын  
Қан төгерін керемет,  
Жұрттан бұрын ол сезді  
Қайғыға халық түсерін,  
Патша алдында бас иіп,  
Хандардың ант ішерін,  
Өтеген сезді хандардың  
Арам, пасық ниеттерін,  
Халықты сатып, патшаның  
Киерін шенін, шекпенін.  
Ер Өтеген олардан  
Қорықпады — шынықты.



Ұзақ сапар шегуге  
Дайындады жорықты.  
Жыйнап болып нөкерін  
Жарқылдады ол қырандай,  
Батыр барлық халықпен  
Ақылдасты, ұрандай:  
«Арыным батыр арыны,  
Дабылым халық дабылы»,  
Ақ жағалы патшаның  
Жақындап тұр жорығы.  
Жетісуға жендеттің  
Түскелі тұр құрығы.

Жетсе жендет нөкері  
Халықтың сөзсіз құруы,  
Айдан анық қан қылып  
Ұл, қызды тұтқын қылуы.  
Малды айдап, жерді алып  
Таялды қуып шығуы.  
Олар келіп халықты  
Көк өспейтін жерге айдайд,  
Көрместей ғып жарықты,  
Күн түспейтін жерге айдайд;  
Күнге қақтап, көктемде  
Су түспейтін жерге айдайд;  
Аспанда ыстық күн шыжып,  
Жел еспейтін жерге айдайд;  
Сағым ойнап, құм қайнап,  
Үйлеспейтін жерге айдайд;  
Сондай жерге шыжыған  
Кім барғысы келеді;  
Барған адам ол жерге  
Жапан түзде өледі;  
Жерді, суды патша алад  
Жүрегім соны біледі;  
Ауылды апат күтіп тұр,  
Нар тәуекел жетіп тұр.  
Алға карап аңқылық —  
Жүтудің не керегі?

بیا تا تو سنوا  
نہ ہر لودی، با جازا ہے



Кім белсенед, кәнекей,  
 Күшін жыйнап жорықта?  
 Үйірінен айдатып,  
 Тұлпар атын байлатып,  
 Қайсың әзір шығуға,  
Өтегенмен жорыққа?  
Өтегеннің талабы,  
Майданнан күтпейд бағаны.  
 Келген кезде кезегі  
Дүние жүзін кезеді.  
Қара қазан, сар бала  
Қамы үшін қамдана  
Қонысқа жер табады:

Өтегенмен жорыққа?  
 Өтегеннің талабы,  
 Майданнан күтпейд бағаны.

«Мен табамын — табамын  
 Бұлақ аққан жерлерді,  
 Көгі көктеп, гүл жарып  
 Құрақ атқан жерлерді.  
 Төрт түлікке ыңғайлы,  
 Толқын көлі тоғайлы,  
 Көгінен нәубет, жерден нұр  
 Құлап жатқан жерлерді,  
 Жұт болғызбай күт қонған.  
 Қой үстіне боз торғай  
 Жұмыртқалап, бақ қонған  
 Сүйікті қазақ халқына  
 Унап жатқан жерлерді».

Өтегенмен жорыққа?  
 Өтегеннің талабы,  
 Майданнан күтпейд бағаны.

Өтеген қарап жатпады,  
 Пайдасыз сөз айтпады,  
 Урандап елді шақырды,  
 Батыр кірпік қақпады,  
 Елу жігіт бел байлап  
 Мақұлдасып, ыңғайлай  
 Ақылға айтқан тоқтады.  
 Урыс, керіс тоқталып  
 Насырға — айғай шаппады.  
 Қай үйден кім шығады  
 Санап жұртты саптады.  
 Өтеген бастап бұл ісін;






Жорыққа оны-мұнысын,  
Екі жылға жеткендей —  
Етіп, бал, шай, күрішін,  
Бөліп үйір жылқысын  
Жібек жал тұлпар бұлдысын,  
Қыздың сұлу, құндысын,  
Жігіттің балуан, ірісін  
Таңдап алып жер төлежіп \*  
Өткір көзбен жер сүзіп,  
Тұлпарының тұяғы  
Саз балшықтай тасты езіп,  
Жөнелді батыр жорыққа  
Нөкерімен түзеп жүрісін!  
Жортқан жолдың шандағы  
Ақ бұлттайын алысқа  
Бұрқырап атып жол тартты  
Қытай жақ, күн шығысқа.  
Жүрді олар жорықта  
Жол тартқандай Мекеге,  
Таудан, күздан, өзеннен  
Кездесті талай өтуге.  
Жүре-жүре өздері,  
Алтын күннің аясы,  
Көрінді түскен қағасы,  
Жақындады Пекинге \*\*  
Ол жердің миуа, жемісі —  
Күнге күйіп қабысқан,  
Даласында жүр кісі —  
Бүгіліп жерге жабысқан.  
Ұлтарактай өлкесі  
Адамы көп, жері тар,  
Өтегеннің көзіне  
Көрінді ол жер—кыспак жар.  
Өліп-өшіп ондағы ел —  
Күріш еккен алқына.


...  
...  
...

...  
...

\* Төлежу — ажарлану, көркею мағнасында.  
\*\* Пекин — Қытайдың ірі қаласының бірі.



Қытайда қоныс болмады  
Қоныстар қазақ халқына.  
Жігіттер шаңға шалдығып  
Азап тартты, түн қатты,  
Ол жерден қоныс таба алмай,  
Ізінше кері жол тартты.  
Сайлы, күзды тауларды,  
Жұлдызды түнді таптады,  
Өтегеннің нөкері  
Сонда да қажып қайтпады.  
Ереуіл ерлер ерісіп  
Жетті жортып Еділге,  
Өртеніп күн батқан кез  
Қан толқынды Еділде.  
Көңілсіз Еділ бойлары  
Ерлерді хұп алмады,  
Түнжыранқы аймағы.  
Жабырқанқы жан-жағы.  
Ол кез Ресей патшасы  
Еділге бұғау салғаны,  
Сезілді езіп зарлатқан  
Салғаны елге найзаны.  
Осыдан бастап патшаның  
Тігілді орда, іргесі,  
Көшпелі қазақ еліне  
Ол орда болды түрмесі.  
Арандайын ашылды  
Қорқау патша құлқыны,  
Қызды күн ғып зарлатып,  
Айдап алды жылқыны.  
Онан да әрі алғалап  
Өтеген батыр айқайлап,  
Түсті сыпыра жортуға  
Дабыл ұрып жарқылдап,  
Тағы да тау, күз жол тосып,  
Алдында жел аңқылдап,  
Үйсіз-күйсіз Өтеген  
Жиһан кезіп ертеден,  
Кешке дейін салпылдап,




Суыққа тоңып қысты күн,  
Ыстыққа күйіп жазды күн,  
Қобызындай Қорқыттың  
Безілдейді қалтылдап.  
Таң атып, күн батқанша,  
Жұлдыз сөніп жатқанша  
Жел аударған қаңбақтай,  
Жортуылда жортақтай  
Аттың басын тартпады;  
Су суалып, шөп қуарып,  
Күн жер көнін қақтады,  
Сол жердің барып шөліне,  
Өтеген қазақ еліне,  
Қоныстар жерді таппады.  
Аттың басын доғарып —  
Тойғызып, жемдеп суарып,  
Өтеген енді бет қойды  
Ақтөбеге \* қайтқалы.  
Қылыштары жарқылдап,  
Ер-тұрманы жалтылдап,  
Жорытқанда жер тарпып  
Ойнақтады аттары.  
Басып өтті белінен  
Талай асқар күздардың,  
Естілді үн көлінен  
Қанаты талған қаздардың,  
Жер танабын қуырып  
Сарбаздары серілді.  
Бір уақытта жарқырап  
Ақтөбе де көрінді.  
Көзбен шалып сол кезде  
Қара жолдан қыйырды,  
Шалқыған өзен бойына  
Үй тігуге бұйырды.  
Өзен ағып күрілдеп,  
Сай-салалы, даланы —  
Алып жатты гүілдеп;

Сұрау  
Ақтөбеге қайтқалы


Ақтөбе  
Қара жолдан

\* Ақтөбе — Өтегеннің өз қонысының аты.






Соқты салқын самалы,  
Сапырулы сар қымыз  
Мұрын жарып барады.  
Жігіттердің отырған  
Ашылды сонда-ай қабағы.  
Тіл қатпады Өтеген  
Уштасып ойдың сабағы,  
Құстай ұшып ұшқыр ой  
Көздің де шырымын алмады.  
«Әйелімді алыста  
Өксігіп үйде қалдырдым.  
Жапан түзде жол шегіп  
Қорқыттай-ақ қаңғырдым.  
Күн күркіреп аспанда  
Нажағай ойнап жатса да  
Жанарымды жандырдым.  
Мен халқымды сүйемін,  
Оған қоныс табармын,  
Шалқып жатқан шалғынның  
Шұрайлы жерін алармын», —  
Деген ойда маужырап,  
Өтеген отыр тұнжырап  
Тұң көрпесін тұйықтап,  
Үнсіз дала, көк шатыр.  
Астында аспан жұрт жатыр  
Жігіттер қалды ұйықтап.  
Көктегі нәзік алтын ай, (?) *мін*  
Құлындай сұлу айқын ай,  
Жұлдызды көгін жайлауын  
Жайлаған жанып жарқырай  
Тынышы кете жыбырлап,  
Сөйлескендей сыбырлап,  
Жұлдызбен жұлдыз қалтырай.  
Бір уақытта сырылдап,  
Шөптің басы шуылдап,  
Ескендей жел ышқынып,  
Жұрт та шошып оянды,  
Аттардағы пыскырып,  
Жұрт үрпіп тұрысты,



Бір-біріне ығысты,  
Мұрын жарған күлімсі  
Сезді бір жат иісті.  
Иіс мұрын жарғандай,  
Қоңырсып киіз жайғандай,  
Жігіттер көзден жас алды  
Шын бір сұмдық болғандай,  
Кейбіреуі — ойбайлай,  
Айдалада қалғандай,  
Жүректері қысылды  
Тарылып дем алғандай.  
Жігіттер тұрып дүрлігіп,  
Бір-біріне тығылып,  
Біреуі сонда сөйледі:  
«Біздер болдық сор маңдай,  
Осы түн естен таңғандай,  
Секілденіп сезілді  
Құрығын ажал салғандай».  
Кұралайды көзге атқан  
Өтеген мерген толғанбай,  
Тұрды жалғыз сескенбей,  
Қорқуды еш ойланбай.  
Тұлыптан шыққан тұлғасы  
Майданда қанат жайғандай,  
Ол сабырлы дауыспен  
Жігіттерге тіл қатты  
Иісті сезіп тұрғандай:  
«Бұл күлімсі зәрлі иіс  
Айдаһардың иісі,  
Болар жылан ордасы  
Қорқыныш емес мұнысы.  
Тойып ұйықтап айдаһар  
Жатқан шығар, саспаңыз,  
Не болса да күтелік,  
Жігіттер, қорқып қашпаңыз!  
Зәрлі аш жылан болса егер,  
Айбат шашып шабар ед,  
Нар тарпыған шыбындай,  
Бізді жалмай жарар ед,

жақын  
сұрасты

нашар



Бізге айбат шашпаса  
Осы жерде болалық,  
Ашық аспан астында  
Тынығып дем алалық;  
Күншығыс жақ өртке ұсап  
Күн шығарда қызарды,  
Көріп тұрмын қозғалды  
Айдаһарды у-зәрлі».  
Жігіттерде қалшылдап  
Қалмайды үрей-үрейден,  
Күн де шығып, таң атты  
Қорқыныш, бірақ, тым қатты.  
Түнеріңкі түніңнен.  
Біріне-бірі тығылып  
Жұрт қысылып жаншылды,  
Осқырып, зәрді сезгендей  
Ат құлағын шаншады;  
Қара терге шомылып,  
Қара жерге қан сиді,  
Өтеген батыр бұкпастан  
Қорқып-сасып жатпастан,  
Атына мінді аршындап,  
Шімірігіп қас қақпастан.

Бітімге келер кісідей  
Өтеген батыр сассын ба,  
Айдаһарға түп-тура  
Қарсы жүрді бет бұра.  
Баратқандай секілді  
Тақсыр қарсы тақсырға.  
Ысқырғанда айдаһар  
Тізе бүкті жас тұлпар,  
Өтеген барып айқасты  
Өртеген желдей дем алып,  
Айдаһар мың бұралып,  
Ауыздан жалын от шашты.  
Қозғалған таудай қалтырап,  
Найзағайдай жарқырап,  
Толқындайын тауланып






Қомданды жылан қос басты.  
Шұбарлана шабынып,  
Күн көзіне шағылып,  
Жылтырап әйнек қос көзі  
Шатынады жарылып,  
Шатыната жар тасты,  
Өтеген сонда баптана,  
Қаруланып қаттана  
Тұлыптан түгі шықты да,  
Тұлпарының қос көзін  
Бір қолымен жапты да,  
Шамырқанып, шамданып,  
Соғысуға қамданып,  
Қос тізгінін жай тартты.  
Айдаһарға шүйіліп —  
Сөйттідағы тіл қатты:  
— «Әй, керемет мақұлық  
Жатып ап зәр шақырып,  
Отты аузыңды ашасың,  
Айбатыңды шашасың,  
Бүйтіп неге тасасың?  
Шаша берсең зәрінді  
Жылқымыз безіп қашатын?!  
Қыймылдасаң қылп етіп  
Қалтырап дала босатын,  
Жолды байлап өткізбей,  
Жігіттерді кеткізбей,  
Тоғыз жолдың торабын  
Неге бүйтіп, тосасың?  
Мен бір батыр Өтеген  
Жетісуда жұртым бар,  
Шалқардай шалқып қайнаған  
Қуатты менің халқым бар.  
Ұзақ жолға жорытқан  
Сапар шеккен қалным бар.  
Мені ыстық күн жандырған,  
Мұздақ жаңбыр тондырған,  
Шөліркетіп шөл дала,  
Еліркеткен ең дала.

Сөйтті  
Жатып ап зәр  
шақырып,  
Отты

Handwritten notes in the top left corner, including the number '544' and some illegible text.



Жол катам деп қактығып,  
Ауызым дәм татпаған.  
Бір жыл емес көп болды,  
Мен шыққалы елімнен,  
Қыялай жортып асқанмын  
Талай таулы жеріңнен!  
Көзімше менің күнің жоқ  
Қызара барып шықпаған,  
Көзімше менің күнің жоқ  
Өртеңе барып батпаған.  
Қыспағы жоқ, көңілді,  
Жайдары, жайлы өмірді  
Іздегелі көп болды.  
Қондыру үшін ен жарып,  
Бахыт келіп, бақ дарып,  
Тұратұғын ондалып,  
Халқымды, қазақ елімді.  
Қарасам сондай іренің,  
Сенің де мендей жүрегін,  
Іздегендей тыныш жер;  
Жүрер шағым жетіп тұр,  
Ойымда өмір бекіп тұр,  
Халқым асу күтіп тұр,  
Бөгеме, өткіз, жолды бер!...»

Handwritten note: «Жолды бер!»

Ирелендеп айдаһар,  
Құбылған түгін ондады,  
Көзін ашып, құлағын  
Тіге сөзді тындады.  
Өтегеннің жалынды  
Батырлық сөзін арынды  
Тындады да, қолдады,  
Денесін ішке жыйырып,  
Дегендей «мақұл» іліп,  
Өтегенге жол беріп  
Сапарын қолдап, жолдады.  
Күн сәулесі құлпырды,  
Жігіттер жолға ұмтылды,  
Жортуылға түскен соң

Handwritten notes on the right side, including the phrase «Ирелендеп айдаһар» and other illegible text.

Handwritten note at the bottom left with an arrow pointing towards the text.




Қорқыныш, түнек ұмытылды.  
Жүрмесе де ақырын;  
Шыққасын алты-ақ шақырым.  
Тоқтады тағы топтанып,  
Айдаһар шықты оқталып.  
Өтеген енді мұнысын,  
Көрейін деп ұрысын,  
Қарсы жүрді тағы да  
Қарсы жауып қабағын,  
Суырып қыннан қылышын.  
Айдаһар жатып ышқынды,  
Тұндыра кұлақ ысқырды,  
Құйрығымен жерді ұрып,  
Жер сілкінте күш қылды.  
Айдаһар енді шамданып,  
Көбік шашып шорланып,  
Тауға қарай талпынды,  
Ишарамен білдіріп  
Өтегенді шақырды.  
Жүз құбылып толғанып,  
Мұнарланған тауына  
Шұбар жылан жауына  
Шымырқатып шабына  
Өтеген де жөнелді.  
Айкаспақ боп қомдана,  
Олардың сол кез алдынан,  
Өрмелеген тауынан,  
Екі тасқын күркілдей,  
Өрден тасып бүлкілдей,  
Толқыны тулап, тасқа ұрып,  
Ақ көбігі күркілдей,  
Тауды орай аққаны  
Көктегі қосақ кемпірдей  
Ақты таудың жарынан.  
Таудағы сайдың төрінен,  
У шашқандай зәрінен  
Тұра қалды ысылдап  
Айдаһар таудың баурынан.  
Жақындап барып Өтеген

Тауға қарай  
Айдаһар


Тауға қарай





Қарап таудың қуысын,  
Айдаһарға беттеді,  
«Шық, тезірек шық!» деді.  
Жарқылдатып қылышын,  
Жер астынан ышқынып,  
Айдаһар қатты ысқырып,  
Шық дегендей майданға  
Тұрғандай-ақ жалмауға  
Шығарды даусын күштірек.  
Өтеген тұрды долданып,  
Салқын қанмен шамданып —  
Айдаһар шықты бір кезде  
Үсті қанға боялып.  
Екеуі қарсы кездесті,  
Шамданысып, шеидесті,  
Дауысымен ақырған,  
Айдаһар қорқып батырдан,  
Бұққан шақта, тіл қатып,  
Өтеген былай тілдесті:

—«Ей, әп-жылан, тауып су,  
Денендегі қанды жу.  
Сүйт те ініге қайта кір,  
Қарсыласқан жауды қу.  
Майдандассаң мен әзір,  
Соғыссаң кәзір белді бу!»  
Айдаһар кірді ініне,  
Қара жердің түбіне,  
Тау жырадан ашы айқай  
Шықты, бақсаң үніне,  
Сол кезде іннен қан зулап  
Өзендей ақты төгіле.  
Іннен қан мен су шықты,  
Бумен бірге шу шықты.  
Бірін-бірі шағысып  
Біріне-бірі түйншықты;  
Іліп зәрлі тырнаққа,  
Бірін-бірі улап та  
Жанталасып алысты,




Жас жылан болмай қарысты,  
Айбат шегіп шабысты,  
Жасының ойы сондағы:  
Кәрісін қуып у шашқан  
Інін тартып алмаққа.  
Кәрісі шақ дәрменде,  
Нәр қалмады әлден де,  
Өтегенге ол қарады  
Кел дегендей жәрдемге...  
Көздеп тұрып Өтеген  
Көзіменен жетеген  
Жас жыланға оқ атты,  
Атқан оғын жасының  
Мандайынан қадатты.  
Оғы мұрттай ұшырып  
Жас жыланды құлатты.  
Мергендігі батырдың  
Жігіттерді таңғалтты.  
Қарт айдаһар қуанып  
Тасқын суға жуынып  
Үстегі қанын тазартып  
Түлете түгін жайнатты,  
Қонақтарын күтуге  
Құрмет етпей қалмапты.  
Барін жыйнап жар тасқа  
Сый көрсетіп сырласқа  
Өтегенге, бишара —  
Көрсетіп сыйлық ишара  
Асқан батыр екен деп  
Күшіне онын таң ғапты.  
Онан да асып Өтеген,  
Таудан, тастан, төбеден,  
Іркілмей жортып отырып  
Жетті қалың орманға.  
Деген кезде күн батты.  
Есін жыйып әп-жылан  
Ізінше тауға қайтадан  
Жылмаң қағып жорғалап,  
Жігіттерге қарауға

Кәрісін қуып у шашқан

Бұл жердегі тұлға  
Жігіттерді таңғалтты  
Қарт айдаһар қуанып

Көрсетіп сыйлық ишара

Деген кезде күн батты



Корқып, бұғып, корғалап  
 Мекеніне жол тартты.  
 Орманда, жерде күз күні  
 Жерде шық бар сыз күні,  
 Қарағайдың түбінде  
 Тұрған жақсы ақ үйді  
 Келе жатып шалады,  
 Өтегеннің көздері.  
 Атыменен Өтеген  
 Жетіп келді үйге нақ,  
 Жеткенде үйден үн шықты  
 Күркіреген күндей-ақ:

—«Өтеген деген сенбісің?  
 Камалды бұзған ермісің?  
 Мың күн жортып жол-жолай  
 Тауда безген құлжадай  
 Жиһанды кезіп жүрмісің?  
 Неге тыныш таппайсың?  
 Үйіңе неге қайтпайсың?  
 Шарламаған жерің жоқ  
 Судан өзге құрыдықты  
 Жол ғып жортып таптайсың,  
 Мықты болса білегің,  
 Түкті болса жүрегің  
 Атыңнан түс те, үйге кір.  
 Қарағайдың түбіне  
 Жігіттерің тоқтасын!»  
 Аттан түсіп батырың  
 Үйге кірді ақырын,  
 Кіріп ед үйге жайменен,  
 Қарсы алып Ғайып-ерен\*  
 Деген кәрі көрінді.  
 Аппақ қудай сақалды  
 Жарқыратып ақ басын,  
 Үйдің жары жақпардай,

\* Ғайып-ерен — Ислам діні бойынша, көрінбей жүріп қолдайтын әулие, күш мағнасында.

و سقار و سقار و سقار و سقار  
 بلبله

عابیه پرهه نوزی  
 یامس





Кырау шалған ақ қардай,  
Сәлем беріп Өтеген  
Жөн сұрауға төтеден  
Сөйледі, тіл қатқандай:  
—«Ақ сақалды, ақ шашты  
Қария, ата, көп жасты,  
Жортар жолым мың тарау,  
Шаршадым рас, өң қашты.  
Маған қажет ел табу,  
Кері қайту, үй табу,  
Жүретін жолым түйықтау  
Қыйынырақ жол табу,  
Жиһанда жол көп, я өлу  
Керек, я маған жер табу.  
Жетісу, елім, аймағым,  
Қыстауымды, жайлауым,  
Соған алып баратқан  
Бар жаңалық хабарым,  
Елім жаңа қонысқа  
Қонса ұшырап ырысқа,  
Күткен өмір жайнауын,  
Құмырысқа да илеуін,  
Шегіртке де жырасын,  
Іздемей ме жайлы орын,  
Боз торғай да уясын?  
Әркім жайды көздеген,  
Балық та су іздеген,  
Халқым үшін мен қалай  
Сұлу жерді іздемен?  
Көрдім, талай көремін,  
Жиһан кезіп келемін,  
Халқым үшін бас қыйып,  
Не болса да, көнемін!»

Деді оған Ғайып-ерен:  
—«Жолың болсын Өтеген!  
Сен мұз балақ қырансын  
Түйілетін төтеден,  
Алтайы жүйрік маралдай



قاله اقل كوي يئول  
ماي يئول اقل كوي  
ماي يئول اقل كوي


Кашсаң кутылып, куғанға  
Қас қаққанша жетеген.  
Алдында сенің майдан бар,  
Оған айтар, айлап бар;  
Түнде барма үйіңе  
Күндіз барсаң жайдан бар.  
Жұмыста да, соғыста  
Ақылыңды ашу қыспасын,  
Ашушаң болсаң, сол қолың  
Оң қолыңды ұстасын!»

قاله اقل كوي يئول  
ماي يئول اقل كوي  
ماي يئول اقل كوي

Өтеген іліп, бүгіле,  
Усап туған ұлына,  
Рахмет айтып кәріге  
Аттанды жортып жолына.  
Тағы да жазық, тау, дала  
Жақбарланып, жалдана  
Мұнарланып көрінді  
Шапқан жолы шаңдана.  
Жылаған даусы естілді  
Желінен жазық даланың  
Секілді емес ол дауыс  
Яки, аңның, адамның.  
Бұл дауысты Өтеген  
Жігіттерге айтты да,  
«Білейін» — деп жөнелді  
Құйындатып шапты да:  
«Жау болса, табанда өлтірем,  
Дос болса, бірге келтірем;  
Айғайға қарсы шаппасам  
Батыр боп не бітірем?»  
Оқтап мылтық, қылышты,  
Білуге шыққан дыбысты,  
Барса, Өтеген айдаһар  
Талықсыған тынысты.  
Айдаһардың жүрегін  
Шаққан екен әп-жылан.  
Шашқан екен у-зәрін  
Сусылдаған әп-жылан.

قاله اقل كوي يئول  
ماي يئول اقل كوي  
ماي يئول اقل كوي

قاله اقل كوي يئول  
ماي يئول اقل كوي  
ماي يئول اقل كوي



Шаққан зәрі жүрекке  
 Дарыса, дем алмас ед.  
 Ол айдаһар ол кезде  
 Жерде тірі қалмас ед.  
 Өтеген сонда ойлап кеп:  
 «Тимесе егер атқан оқ, —  
 Әп-жылан оқтай зымырап  
 Секіреді-ау, маған деп;  
 Оқ тиіп егер әп-жылан  
 Сеспей қатса қылжыя,  
 Болар еді-ау, деді шын  
 Айдаһар маған риза».  
 Атып келіп жіберді  
 Тек күрс етті оқ күшті,  
 Быт-шыт боп басы әп-жылан  
 Өрен қауып оққа ұшты.  
 Сонан кейін Өтеген  
 Жігіттерге оралды.  
 —Не болды? — деп, анталап  
 Жаудырды олар сұрауды.  
 —«Түнде текке кетем бе,  
 Әп-жыланға оқталдым,  
 Сеспей қатты әп-жылан  
 Айдаһарды кұтқардым.  
 Ал, ұйықтаңдар, жыланнан  
 Пәле келсе көрермін,  
 Айдаһардың, тірі аңның  
 Сазасын өзім берермін!  
 Айдаһар исін сезсендер,  
 Ойлаңбаңыз қорқуға,  
 Ол келсе тек келеді  
 Бізге сыйлық тартуға.  
 Енді бізге хауіпті  
 Жыландар да жолықпайд  
 Аң да аңғарған шығар-ау  
 Аңнан жүрек қорықпайд.  
 Ағашты қойып еселей  
 Ұйықтап жатқан кісідей  
 Етіп, басына ер жастап


158

Білгенің қалған айдаһары  
 4-сүрөте айтып отыр  
 Та біздің біздің біздің

Біздің біздің біздің  
 Біздің біздің біздің

Біздің біздің біздің  
 Біздің біздің біздің





Үстіне шапан жабамыз,  
 Кісі екен деп аң келсе  
 Бағып тұрып аламыз».

Сүйтті, соған тоқтады,  
 Жел де, самал соқпады,  
 Бағып қана күткендей  
 Түн бойы от жақпады.  
 Түнің толған ортасы ед  
 Шөпті де сыбдырлатпады,  
 Сусып жылан жорғалап,  
 Көк жұлдызсыз қорғалап  
 Айды бұлт қаптады.  
 Ысылдаған айдаһар  
 Көрінді жалын атқаны,  
 Ажал оғы келе ме,  
 Деп біреуі біріне  
 Жігіттер тағат таппады.  
 Тал бойы талдай бұралып,  
 Өтеген тұрды сұрланып,  
 Қорықпады, — басынан  
 Талай майданды ақтаған.  
 Құс оянып таң алды,  
 Шырылдап шырлап ән салды,  
 Уйықтаған боп қатты ағаш,—  
 Кісі орнына жатты ағаш  
 Киіммен жауып тастаған.  
 Айдаһарға басына,  
 Жігіттер жетті қасына,  
 Айдаһардың үстіне  
 Қараса басын ішіне  
 Жыйырып алып, шықпаған,  
 Жыланның басы талпынған,  
 Қапталған толып алтыннан,  
 Адам ойлап таппаған.  
 Сары құмандай алтынды,  
 Өтеген алып жалқынды  
 Деді Өтеген: «бұл екен,  
 Айдаһардың сыйы екен,  
 Беруге бізге сақтаған,

18. 19. 20. 21. 22. 23. 24. 25. 26. 27. 28. 29. 30. 31. 32. 33. 34. 35. 36. 37. 38. 39. 40. 41. 42. 43. 44. 45. 46. 47. 48. 49. 50. 51. 52. 53. 54. 55. 56. 57. 58. 59. 60. 61. 62. 63. 64. 65. 66. 67. 68. 69. 70. 71. 72. 73. 74. 75. 76. 77. 78. 79. 80. 81. 82. 83. 84. 85. 86. 87. 88. 89. 90. 91. 92. 93. 94. 95. 96. 97. 98. 99. 100.

12.4

31. 32.


1. 2. 3. 4. 5. 6. 7. 8. 9. 10. 11. 12. 13. 14. 15. 16. 17. 18. 19. 20. 21. 22. 23. 24. 25. 26. 27. 28. 29. 30. 31. 32. 33. 34. 35. 36. 37. 38. 39. 40. 41. 42. 43. 44. 45. 46. 47. 48. 49. 50. 51. 52. 53. 54. 55. 56. 57. 58. 59. 60. 61. 62. 63. 64. 65. 66. 67. 68. 69. 70. 71. 72. 73. 74. 75. 76. 77. 78. 79. 80. 81. 82. 83. 84. 85. 86. 87. 88. 89. 90. 91. 92. 93. 94. 95. 96. 97. 98. 99. 100.

1. 2. 3. 4. 5. 6. 7. 8. 9. 10. 11. 12. 13. 14. 15. 16. 17. 18. 19. 20. 21. 22. 23. 24. 25. 26. 27. 28. 29. 30. 31. 32. 33. 34. 35. 36. 37. 38. 39. 40. 41. 42. 43. 44. 45. 46. 47. 48. 49. 50. 51. 52. 53. 54. 55. 56. 57. 58. 59. 60. 61. 62. 63. 64. 65. 66. 67. 68. 69. 70. 71. 72. 73. 74. 75. 76. 77. 78. 79. 80. 81. 82. 83. 84. 85. 86. 87. 88. 89. 90. 91. 92. 93. 94. 95. 96. 97. 98. 99. 100.



Езгілік, достық істесек,  
Алтын, күміс береді,  
Егер қастық істесек,  
Зұлымдық уын төгеді;  
Езгі болсақ, біз егер  
Әділдіктің жолында, —  
Ешуақытта болмаймыз  
Зұлымдықтың торында;  
Халық үшін қасық қанымыз,  
Аяусыз болсын жанымыз  
Болысалық әр дайым  
Жетім-жесір момынға,  
Еңбек еткен емеді,  
Еңбексіз жан өледі,  
Жалқау болсаң жабылып  
Жұрт өзіңе күледі».  
Өтеген батыр атақты  
Нөкерге осы сөзді айтты.  
Сүйтті де таудан, тастардан,  
Асып асу асқардан  
Кент аралға жол тартты.  
Кент арал деген бос арал,  
Болып шықты тас арал,  
Кұмды, сулы аралдан  
Сусыз, шөлді далаңнан  
Жігіттерін ертіп  
Өтеген кетті жорытып,  
Аш бөрідей жаланған.  
Түзеп алып жорықты  
Бір кең ашық алаңда  
Қарағайлы, қайыңды  
Қара орманға жолықты.  
Қабағын жапқан қара орман  
Келе жатқан бұрыннан  
Ертегі әнін соғыпты.  
Қызыл іңір түнеріп,  
Шық түсіп жер мұнартып,  
Өтеген батыр нөкері  
Сол орманға қоныпты.

عبدالوادا  
بولجی




Қара орман қалқып жайнады,  
 От жағылып парлады,  
 Қара қазан асылып,  
 Оттан жалын шашылып,  
 Ішінде қойдың сорпасы  
 Бұрқ-бұрқ етіп қайнады;  
 Қараңғы түнде қылмайып,  
 Жығылған отқа жылмайып,  
 Келеді екі сұлу қыз,  
 Шолпандай туған таңдағы.  
 Беті қызыл алмадай  
 Қара шашы кұндыздай,  
 Көздері жанған жұлдыздай,  
 Киімінен кұлпырған  
 Инжу-маржан ойнады.  
 Өздері әппақ қудай-ақ,  
 Күлкісі сылдыр судай-ақ,  
 Сүйдіргендей әдеппен,  
 Әзілдеп, күліп ойнады.  
 От басында отырды,  
 Жұртқа көзін салмады,  
 Қадала қарап жігіттер  
 Сұлудан көзін алмады.  
 Қош келдіңіз дегендей  
 Асқа өрлеңіз дегендей  
 Иба қып батыр қарады,  
 «Палауыңыз майлы» — деп  
 Сыйлығына сұлулар  
 Отырмады, бармады.  
 Еттің майын ағызып,  
 Жігіттер кұмар қанғызып,  
 Ет жескенде, сұлулар  
 Сыңқылдап, күліп, мазақтап,  
 Көз астымен барлады.  
 Бір жігіттер көрікті,  
 Кеміргенде сүйекті,  
 Сұлулар, тағы күлісіп,  
 Әзіл сөзбен тиісіп: —  
 «Тірі сүйек тырбыйған,

Қара орман қалқып жайнады,  
 От жағылып парлады,  
 Қара қазан асылып,  
 Оттан жалын шашылып,  
 Ішінде қойдың сорпасы  
 Бұрқ-бұрқ етіп қайнады;  
 Қараңғы түнде қылмайып,  
 Жығылған отқа жылмайып,  
 Келеді екі сұлу қыз,  
 Шолпандай туған таңдағы.  
 Беті қызыл алмадай  
 Қара шашы кұндыздай,  
 Көздері жанған жұлдыздай,  
 Киімінен кұлпырған  
 Инжу-маржан ойнады.  
 Өздері әппақ қудай-ақ,  
 Күлкісі сылдыр судай-ақ,  
 Сүйдіргендей әдеппен,  
 Әзілдеп, күліп ойнады.  
 От басында отырды,  
 Жұртқа көзін салмады,  
 Қадала қарап жігіттер  
 Сұлудан көзін алмады.  
 Қош келдіңіз дегендей  
 Асқа өрлеңіз дегендей  
 Иба қып батыр қарады,  
 «Палауыңыз майлы» — деп  
 Сыйлығына сұлулар  
 Отырмады, бармады.  
 Еттің майын ағызып,  
 Жігіттер кұмар қанғызып,  
 Ет жескенде, сұлулар  
 Сыңқылдап, күліп, мазақтап,  
 Көз астымен барлады.  
 Бір жігіттер көрікті,  
 Кеміргенде сүйекті,  
 Сұлулар, тағы күлісіп,  
 Әзіл сөзбен тиісіп: —  
 «Тірі сүйек тырбыйған,

«Сөздеріңізді»  
 «Сөздеріңізді»  
 «Сөздеріңізді»

«Палауыңыз майлы» — деп  
 «Палауыңыз майлы» — деп  
 «Палауыңыз майлы» — деп






Өлген малдың сүйегін,  
О несі екен, сындырған?» —  
Деп, сөзбенен қармады.  
Сылқ-сылқ етіп күліп боп,  
Сұлулар кетті ғайып боп,  
Қыймылымен сұқтана  
Таң қалдырған тек қана  
Жігіттердің есінде  
Көрген түстей қалғаны.  
Қас қарайып, түн тынып,  
Шөп қыймылсыз, жел тынып,  
Өтеген ойлап: «ол, мұндар!»  
Манағы келген сұлулар,  
Сыйқыр екен-деді шын,  
Ол жез тырнақ болғаны.  
Сұлу боп түнде жүргені  
Сыйқырлана күлгені  
Жанды бүред болаттай  
Тырнағымен бүргені,  
Біз сөйлесіп тұрғанда  
Көздері жанды жарқырап,  
Олар — нағыз жез тырнақ.  
Келгені бізді шолғаны:  
Жылмаңдаған жез тырнақ,  
Жауызырақ аңдардан,  
Түсіре алмас біздерді  
Сұмдығын оның аңғарғам.  
Ағашты қойып еселей,  
Ұйықтап жатқан кісідей  
Етіп, басына ер жастап,  
Үстіне шапан жабамыз,  
Кісі екен деп ол келер,  
Бағып сонда алармыз»  
Деп, жасырынып кетісті,  
Әр бұтақтан сығалап,  
Жез тырнақты күтісті.  
Түн түнеріп томсарып,  
Түннен түнек төгілді,  
Жүгіргендей сұр қасқыр

Сұлулардың сүйегін

Жез тырнақ  
Жауызырақ аңдардан




Көзге елестеп көрінді

Жұлдыз да жоқ, ай күнгірт  
Қара бұлтқа көмілді.  
Өтеген күшті түрінде,  
Қарағайдың түбінде,  
Мылтығын оқтап кезеніп  
Күш кұрыстап керілді.  
Әлденелер қарандап,  
Қаранғы түнде жарқырап,  
Шөптің басы қалтырап  
Көрінді бір зат қылт етті.  
Сол арада тарс етті  
Өтегеннің мылтығы;  
Мұрттай ұшып жез тырнақ,  
Ажалы жетіп бұрқырап,  
Қаны судай төгілді.  
Тәңертеңгі самалмен  
Таң кұстары сайрады,  
Жастанған ер де, шапан да  
Қарайып жерде қалмады.  
Үйген ағаш қатарда,  
Жамылдырған шапан да,  
Жез тырнақпен быт-шыт боп;  
Қалды тек жер шаңдағы;  
Онан да асып кұтылды.  
Жігіттер де жұтынды,  
Жорыққа тағы аттанды  
Жез тырнақ та ұмытылды.  
Өзен, дала, таулар да,  
Орман-тоғай, баулар да,  
Көрінді көзге бұлдырап  
Артта қалған сықылды;  
Желендеп тек жел ойнап,  
Дөңгеленіп көл ойнап,  
Көбікті теңіз толқыны  
Жарына соғып бұлқынды!  
Қырық күн жел желендеп,  
Бұлқынды толқын елендеп,  
Жатқан қарап теңізге

?

(9)

و جازى اذنه. عرته. انا. بيبس  
شونيم تاتىق سودا سووق  
ابى بيك اتىق كىلىنىمى



Тіл қатпастан Өтеген  
 Үдете берді жортуды.  
 Теңіз тұманданғанда,  
 Көрініп таудай кұмдар да,  
 Аспан жерге түскендей  
 Күн өртеніп жанғанда,  
 Тұңғыйық кұм шөліккеп  
 Жапанда жұрт талғанда,  
 Көз ұшында нардай боп,  
 Күнге күйген жардай боп,  
 Көрінді көзге бір шаһар  
 Өлуге енді қалғанда.  
 Онда, сусып кұм көшіп,  
 Тек қана ыстық жел есіп,  
 Өлген түйе сүйегі  
 Қадам бассаң кездесіп,  
 Көрінед көзің салғанда;  
 Құдықпен кұдық арасы  
 Айшылық десем жалған ба,  
 Жету үшін кұдыққа,  
 Үйреткен жаңа кұрыққа  
 Он жорғаны ұтылап  
 Мінсендағы жетпейсін  
 Айрылып естен танғанда,  
 Айшылық жүрсең ол жерден,  
 Кездеспейді жалғыз көл  
 Шөл далада қалғанда.  
 Өтеген батыр жорытып,  
 Ортекедей орытып,  
 Қырық күншілік жол жүрді,  
 Көрмегенді ол көрді,  
 Жапан түзде жалғанда.  
 Кұмайтты, кұмды, кұмықты,  
 Торлаған қара бұлтты,  
 Асу аспан шындарды,  
 Шулаған қара орманды,  
 Көрді Өтеген сарбазды.  
Таудан, тастан таймады;  
Шыннан шыққан шынардай,

(Handwritten notes in Cyrillic script, partially obscured by a large bracket on the left side of the page.)

(?)

(?)






Қоршап алдын тұрғанда,  
 Өтеген батыр түн қатып,  
 Қырық күншілік жол қатып,  
 Көктей өтіп орманды  
 Тауды, тасты жарғанда.  
 Ақыры, жаздың көктемі,  
 Қара орманның көктеуі,  
 Түлеп тоғай, шалқар көл,  
 Сезілді жаздың жеткені.  
 Бұлақ ағып таулардан,  
 Гүлдер жарып баулардан,  
 Тұрған шақта Өтеген,  
 Жолды тауып төтеден,  
 Жиделі-байсын еліне  
 Көрінді көзге өткені...  
 — Өтеген сенің іздеуің...  
 Жер-жиһанды кезгенің  
 Іздегенде осындай  
 Жер еді ғой көздеуің.  
 Жер жаннаты кез болды,  
 Көре ме, сенің көздерің?  
 Қарашы, қызыл арайға,  
 Көресің бе, ұнай ма,  
 Даксыз ашық аспанда  
 Балықша бұлттың жүзгенің?  
 Көрдің бе, таң шапағын,  
 Жердегі гүлдің тізбегін,  
 Малынған бау-бақшада  
 Жемістің жер сүзгенін,  
 Ауызға түскен жалғанда,  
 Жемісі тәтті балдан да,  
 Жерді жыртып егілген  
 Дәмі тәтті дәннен де,  
 Ақ мақтасы — күмістей,  
 Жері кілем — бүлістей.  
 Өтеген! Анық көрдің бе?  
 Мұнан басқа тағы да  
 Бар ма, артық іздерің?  
 Ту тушадай қояны,

Қоршап алдын тұрғанда,  
 Өтеген батыр түн қатып,  
 Қырық күншілік жол қатып,  
 Көктей өтіп орманды

Өтеген батыр  
 Қоршап алдын тұрғанда,  
 Өтеген батыр түн қатып,  
 Қырық күншілік жол қатып,  
 Көктей өтіп орманды

Дәмі тәтті дәннен де,  
 Ақ мақтасы — күмістей,  
 Жері кілем — бүлістей.



Қырандай ірі торғайы,  
 Көресің бе энеки  
 Жайбарақат малдары,  
 Жайлауда жусап жандары  
 Рахатта жүргені?  
 Ешкілері жылқыдай,  
 Ұлағы бағлан тоқтыдай,  
 Ертегі болған Домбай да  
 Осы жерді сүйіп ыңғайға,  
 Қоныстауға меңзеген.  
 Меруерттей суында  
 Қаз бен қу жоқ жүзбеген.  
 Туған шақта жаздары,  
 Қоңыр ала қаздары,  
 Көздеген жерден кез келген...  
 Қазақ халқы белгілі  
Осы жерден бахыт ілгелі  
Тұрғандай-ақ сездірген.  
 Осы жерде Өтеген  
 Демінді ал, көзің сал,  
 Кезе бермей қыяны  
 Осы жерде демінді ал!  
 Арпалысқан атынан  
 Өтеген түсіп өрім тал,  
 Жанаттанып құлпыра  
 Шөбін иіскеп қарады  
 Жайлы ма деп жылқыға.  
 Жылқыға жайлы емес,—деп  
 Қайтып келді жұлқына.  
 Жылқыға шөбі жақпаса,  
 Жылқыға жайлым таппаса,  
 Шоғы сөнген отындай,  
 Келмейді деп қалпына.  
 Отыра қалып сол жерде  
 Қоныс таппай бұл елден  
 Өтеген батыр жылады,  
 Балапандай талпына.  
 Ойын күңгірт басқандай,  
 Тілегі оның ұшқандай,

1. Осы жерді сүйіп ыңғайға  
 2. Қоныстауға меңзеген.

3. Домбай да  
 4. Осы жерді сүйіп ыңғайға

5. Қазақ халқы белгілі


6. Осы жерде демінді ал!

7. Арпалысқан атынан

8. Жылқыға жайлы емес,—деп

9. Жылқыға жақпаса,


10. Отыра қалып сол жерде  
 11. Қоныс таппай бұл елден  
 12. Өтеген батыр жылады,  
 13. Балапандай талпына.




Бабаларың  
019

Алтын ойын мыс қылып  
Салы суға кеткендей,  
Астында тұлпар аты өліп  
Ақырғы демі біткендей,  
Састы батыр сарқыла.  
— Әй, Өтеген, Өтеген!  
Ер едің сен ертеден.  
Жетісудан — даладан,  
Алатаудан, қыядан  
Жамбыл жаңа хабарды  
Жеткізеді жанарлы  
Шар тарапқа шарқ ұра,  
Қалпынды бұзып жыланған  
Қайта тұрсаң молаңнан  
Молаңнан шығып, ояңған  
Жетісуға қарасаң, —  
Көрер едің көз салсаң,  
Бахытынан нұр жауған.  
Көрер едің бахытты  
Қазақстан халқынан.  
Бастап Тяньшан тауынан,  
Алатаудың бауырынан  
Оралға дейін созылып  
Шалқып жатқан аулынан,  
Көрер едің ел болып  
Бағыңның нұрын артылған,  
Қазақстан аймағы,  
Туын тігіп жайнады,  
Тудағы бүгін көремісің,  
Алтын орақ, балғаны.  
Правоны көремісің,  
Сталиндік заңдағы?  
Қазақ халқы құлпырып  
Бұлбұл болып сайрады;  
Күрілдеген заводтар  
Қала, дала, қырдағы.  
Көр жолдастар, қараңдар!  
Көр достарым, жарандар!  
Қазақстан бахыттың






Кені болды арналы,  
Қорғасынды көрдің бе,  
Аққан Қаратаудағы,  
Алтын шыға Алтайдан  
Жарқырап күндей жайнады.  
Қарсақпайдан мыс ағып  
Бұлақтайын саулады,  
Мақта көктеп Шымкенттен,  
Күріш гүлдеп Жәркенттен,  
Ақтөбенің егіні,  
Өрге өрлеген өнімі.  
Түтіні тұлпар жалданып,  
Ырғып, созып ырғалып,  
Арғымақтай Түрксиб  
Желе-зырғып заулады.  
Жүк тиеп Қарағандыға  
Ызғытып вагон айдады;  
Эмбі-нефті жерінен  
Мұнай атып парлады;  
Асқарлаған аспанға  
Алатау қызыл алмалы.  
Даласында гүл көктеп,  
Гүлмен кабат мал қаптап  
Аспандағы бұлттай  
Төрт түлігі қаулады,  
Алтын жалды бедеулер,  
Жел-аяқ жүйрік денелер,  
Тағасымен тас тарпып,  
Құлағымен ойнады.  
Жарқырап күндей нұрланып,  
Семіріп сыйыр қорланып  
Желінін керней сүт ағып  
Бауырынан бұзауын,  
Емізіп уыз құнарын,  
Өрбітті де, баулыды.  
Күн батып, жұлдыз туғанда,  
Малдың төлі думанда,  
Төл тұяғын ірікпей,



Ойнактатып киіктей  
Шабандар бақты, талмады...  
Бұғыдайын бұзауын,  
Маралдайын ылағын,  
Сыйпап бота тұлымын,  
Алтын жалды құлынын  
Жайнатты да, жайлады.  
Суыққа төлді тоңғызбайд,  
Боранда да қалғызбайд,  
Алтын аймақ жеріне,  
Төрт түліктің төліне  
Хауіпсіз боран, қардағы.  
Тыңда, жолдас сөзімді!  
Ашып қара көзіңді!  
Қырғауыл ұшып, қаз қонған,  
Аққу келіп, жаз болған,  
Алтайға қара маралды!  
Балығы тайдай тулаған,  
Бақасы қойдай шулаған,  
Шортаны шоршып ойнаған,  
Алтын қаймақ Аралды,  
Дала суға шомылған,  
Елге қоныс табылған.

Құйылған, жолдас, нұрды көр,  
Баққа шомған тау мен өр.  
Осы бақ қонған таңымда,  
Мағандағы, саған да!  
Құлпырған жайнап жерді көр,  
Құлшынған қайрат ерді көр.  
Осы бақ қонған таңымда,  
Маған да, жолдас, саған да!


Қазақ бұрын құл болған,  
Күн көруге мұң болған,  
Күнді көрдік, ел болдық,  
Асу бермес, өр болдық,  
Осы бақ қонған таңымда,  
Саған да ортақ, маған да!




Атқызған осы таңды да,  
Жайнатқан бақты, жанды да,  
Күтқарып елді құлдықтан  
Таң нұрындай шам жаққан  
Халықтың күні—Сталин,  
Осы бахыт таңымда  
Берілген маған, саған да!

Сталин — батыр батыры,  
Дариядай ақылы,  
Таудың тасқын суы да,—  
Күстың қаз бең қуы да,  
Бұлақ аққан өзен де,  
Таудай шөккен құмы да —  
Сталин деп жырлайды!  
Толқын да, соққан боран да,  
Орман, тоғай — жыңғыл да,  
Жыршы, әнші — бұлбұл да,  
Сталин деп жырлайды!  
Сталин — шыңның жұлдызы,  
Сталин — нұрлы күн көзі;  
Сталин — гүлдің шешегі  
Сонымен өмір өседі!  
Сталин — халық шешені,  
Сталин — халық көсемі.  
Ұғын жолдас, көр жолдас!  
Достық қолды бер жолдас!  
Сталин — күнім, таңым да,  
Құйылды сонан бағым да,  
Өмірдің күні осы күн  
Маған да, жолдас, саған да!

1937.








## СҰРАНШЫ БАТЫР <sup>200</sup>


### БІРІНШІ ТАРАУ



Ақ домбыра қолға алып,  
Ай мен апта толғанып,  
Жылға құйған теңіздей,  
Жырдың селі тасқындап,  
Ақ семсердей жалтылдап,  
Шағылысқан күн шалып,  
Құрағындай айдынның  
Жел шайқаған ырғалып,  
Терең теңіз тынбасы,  
Тынбада жатқан нұр тасы,  
Таратқан Жамбыл жырды  
алып,  
Жыйырмада жылға жел барып,  
Аударған желмен сең болып,  
Кесегімен қопарып,  
Таусылмастай кен болып,  
Үздіксіз болған он күн той  
Тындағанда ел болып,  
Ақ бидай терген тауықтай  
Елге жырым жем болып.  
Алатаудың аясы,  
Балауса шырғай саясы  
Жырымен шыңы жаңғырып,  
Акын Жамбыл мен болып,  
Өскен ем өрем кең болып,  
Өзен деген ат болмас,  
Ат жалдарлық су ақпай,  
Ғалым деген ат болмас,  
Айтқаны тұрмай шырақтай,



Әнші деген ат болмас,  
Әуезі көңіл жұбатпай;  
Акын деген ат болмас,  
Қандырмай мейір суаттай,  
Жыры болмай бұлақтай,  
Тынығы болмай сынаптай,  
Алатаудан арындап,  
Асқан судай құлатпай,  
Қыбыршығын көңілдің  
Қытығын таппай сұратпай,  
Досың болса күлдіріп,  
Сүйсіндіріп жұбатпай,  
Жауың болса бүлдіріп,  
Домбыраң берен, жырың оқ,  
Дәл тигізіп сұлатпай,  
Қан қақсатып жылатпай,  
Домбырасы шіңкілдей,  
Жағына сөйлеп дүңкілдей,  
Айтқан өлең өлең бе  
Бақылдаған ылақтай?  
Акындардың ақыны,  
Айдың көлдей ақылы,  
Жыр тұлпары Сүйімбай  
Осылай айтқан бағызы —  
Қалғанда жырды ұнатпай.  
Ескіден есте қалғаннан,  
Жасымда айтқан жырлардан,  
Ескерткіш еді батырға  
Қыядан шауып қырды алған.  
Қыйынға шауып жол салған.  
Бөрі басқан бүркіттей,  
Қансыратып жауды алған,  
Батырдың жыры сүйікті  
Қатықтай ұйып тындалған.  
Жамбыл — Жамбыл болғанда,  
Жыр дауылы қозғанда,  
Қырғыз, қазақ еліне  
Талай рет жырланған.  
Бата берген Сүйімбай,



Жырдың тіккен туындай,  
Айтқанда маған ақылды!  
Жырла — деген батырды, —  
Есімде мәңгі сол қалған.  
Бойға қуат болғанда  
Жыйырма бестің жалыны,  
Тебінсе темір үзгендей  
Толысканда қаруы,  
Сыя сауыт, қаламсыз,  
Дәптер, кітап, қағазсыз  
Ой қозғаған домбыра,  
Сөз қозғаған домбыра,  
Болған кезде Жамбылдың  
Домбырамен жазуы  
Жырланып еді осы жыр.  
Жырламайын десем де  
Ел тілегі қоймады:  
Таудан құлап тарғыл тас,  
Тарығып шығып көзден жас,  
Қыспақ заман кездесіп,  
Қайғы басып қарындас,  
Тарыққанда сүйенер  
Ел батырын ойлады,  
Ойламасқа болмады.  
Қабағы түсіп қамығып,  
Батыр ұлын сағынып,  
Ескіні еске түсіріп,  
Жырым еді сондағы.

Қарасаң, балам, жоғары  
Көтеріліп қабағын,  
Мұз дулыға, қар сауыт  
Алатаудың алабын,  
Желкілдеген қарағай  
Көк майсалы тамағын,  
Жұпар ііс бөз жусан  
Бетеге басқан балағын,  
Нұрмен тауды қаптады  
Сталиндік заманым.




Ескі күйді сонау бір  
Шығарып естен барамын,  
Алатаудың аты көп,  
Созыла жатқан қарлы жал,  
Теріскейі Ұлы жүз,  
Күнгеіінде қырғыз бар.  
Толып жатқан шоқысы,  
Шоқысының аты бар  
Қозбас, Қордай жаясы  
Сонан өрлеп тартылар, —  
Суық төбе, Дегерез,  
Ұзын-ағаш, Көктөбе,  
Қарғалының биігі,  
Шубар аттың өрі бар,  
Қасқа-асау мен Үшқоңыр,  
Қызыл күндей белі бар.  
Қарағайлы, Кұртты-бас,  
Талғардай биік шоқы бар.  
Есік, Түрген, Ақшелек,  
Қарқара бар, Асы бар,  
Шындардың шыңы Қантөңірі  
Таудың биік басы бар.  
Жетісудың желіні  
Деген тауым осылар.  
Қоршаланса ақ бұлт  
Ойында жаңбыр, өрде қар,  
Ойпатында көк шалғын,  
Ұшағында мұзды ызғар,  
Бейне өмірдің бейнесі —  
Бүгін шаттық, кеше зар.  
Жайлағалы мұны адам  
Санап бітпес не заман...  
Неше халық, неше хан,  
Тапты қырғын талай жан,  
Толып жатқан оқыйға  
Соның бірі айтылар.  
Заман-заман дегенде  
Заманға қожа адамғой,  
Наразы болсаң заманға

Бар кінәні соған қой...  
Жырға желі сол заман ғой,  
Елдің күні қаран ғой,  
Қақпалап елді хан мінген,  
Қайғы басқан жаман ғой.  
Зар-заман деп ат қойған  
Зарланып халық сонан ғой.  
Зарлануы халықтың  
Шектен асып ушықты,  
Айдаһар жұтып аюды,  
Шонбас жеді шымшықты.  
Лек-лек солдат айдатып,  
Мойнына шекпен байлатып,  
Оралдан өрлеп Алтайға  
Алуға патша ынтықты.  
Садақ тартқан қазаққа  
Түтіндетті мылтықты,  
Ертісті өтіп оралтып,  
Жетісуға қол сұқты.  
Бұрынғы қожа Құдияр  
Қазанатын мінісіп,  
Қомпаң-қомпаң желісіп,  
Жағасыз көйлек киісіп,  
Көк шай салып су ішіп,  
Перен мылтық арттырып,  
Мыстан керней тарттырып,  
Соғыспақ боп патшамен  
Қапалдан тосып бір шықты.  
Қарсы атылған зеңбірек  
Қолдан туын жұлдырып,  
Қорған сапын бүлдіріп,  
Қайта кашып бүрлікті,  
Жай кашпады Құдияр  
Жолындағы ел туншықты.  
Жабық тіліп, үйді өртеп,  
Айғыр атты жетектеп,  
Қатын-бала шырылдап  
Хан жолынан су шықты.  
Бірнеше күн өткенде



Калпаков пен Черняев  
Жетісуға жеткенде,  
Күдьяр хан қағынды,  
Тағы қанды сағынды,  
Алатын орыс, қазақсың  
Аламың деді бәріңді!  
Қырғыздан Орман бірігіп,  
Қордайдан асқан көп әскер  
Теріскейге ағылды,  
Тілеуқабыл — Қасқарау  
Сары кемерде шабылды.  
Шапқыншының аттары  
Саурынынан аққан тер,  
Пушпағынан сабылды.  
Бейкам жатқан қалың ел  
Қарсы тұрмай жалынды.  
«Жаудан күту жақсылық —  
Зарыққанның салдары,  
Байдан күту жақсылық, —  
Тарыққанның салдары» —  
Шын болмаса не қылды?  
Жалынғанша жауыңа  
Бер де күтыл жаныңды.  
Күдьярдың Күсбегі  
Жалынған сайын тарылды.  
Бөксерде жатқан көп Дулат  
Бүлінді де жарылды.  
Есенгіреп ер кетті,  
Кемпір, шалды еңіретті.  
Керегі талап алынды,  
Дулатта батыр Сыпатай  
Жаудан қорқып сенделіп,  
Сарбұлақтың басына,  
Анрақайдың тасына  
Түнде барып тығылды.  
Батыр тұлға бола алмай,  
Елдің түгі жығылды.  
Үш бөлінді көп Дулат:  
Бір бөлегі бері өтпей





Тауда қалды қамалып;  
Қалың жаудан жасканып  
Айсаның қарын өрледі.  
Бір бөлегі қаймығып,  
Жау қарасын көрмеді.  
Шапырашты, Қарасай,  
Жаудан қорқар елме еді,  
Қыйратып жау жатқанын  
Дулат жақтан білмеді,  
Тездеп хабар келмеді.  
Бір бөлегі Дулаттың  
Маямырдың ауылы  
Іледегі тоғайдың  
Түбегіне тығылды.  
Қарсы тұрар жігіттер  
Жау қолынан қырылды.  
Жеті жігіт жеті қыз  
Жас жандарын қорғаштап,  
Түйелерге мінгесіп  
Ағын суға бұрылды,  
Су деген де тілсіз жау,  
Бұрқыраған Шу асау,  
Ақ көбігін атқылап  
Жын қаққандай жұлынды.  
Қызды көріп қырық әскер  
Қылыштарын суырды.  
Аңаласып ұмтылып,  
Иектерін жымырды.  
Жауды көріп өңкей жас  
Асау суға ұрынды,  
Қарғып түскен жеті нар  
Тұңғыйыққа жығылды.  
Қызғалдақтай он төрт жан,  
Қалды судың түбінде  
Озбырлықтан асқынған  
Ел ызасы қайнады,  
Кемпір бүйір таянып  
Сұңғыла боп сайрады,  
Терме болып тізілді




Қайдағы мен жайдағы.  
Ызың-шулы, қым-қуыт  
Шығып жатты ойраны.  
Қабағын түйген қанды жау  
Уру, шабу, найзалау,  
Үйірлеп елді айдады.  
Іс шықпасын сезгендей  
Құр жылаудан пайдалы.  
Дымын қоймай жау шапты,  
Жанғараш пен Жантайдың  
Шырылдатты сәбиін,  
Еңкілдетті кәрісін,  
Бой жеткен қыз, келіншек  
Қатарымен тарттырып  
Күңрентеді тау ішін.  
Қоқаннан келген көп әскер  
Жер қайысып сыймады,  
Мал мен басты шулатып,  
Қойша піріп жыйнады,  
Тас қотанның сазына  
Ақ шатыр мен көк шатыр  
Қатарланып тігілді,  
Ала тулар желпілдеп,  
Ақ семсерлер жарқылдап,  
Қомпаң-қомпаң шоқысып  
Тебіңгілер сартылдап,  
Зерделі шапан бектер де  
Шағылып күнге жалтырап,  
Түйеге мінген жас әйел  
Бетін жыртып аңқылдап,  
Жас өспірім сұлу қыз  
Жүрегі ұшып қалшылдап.  
Жалаң қағып жасауыл,  
Мәз-майрам боп қарқылдап,  
Түйеде тұрған әйелді  
Түс жылдам деп алқымдап.  
Шабылған елде дәрмен жоқ  
Жылай берді солқылдап.  
Ел тарықса ежелден




Батыр түсер есіне.  
Батыр барған түйінді іс  
Қалғандай еді шешіле...  
Жер шұқысты тоналған  
Төмен қарап тесіле.  
Жаңа өспірім жас батыр  
Елге салған несібе...  
Арыстан жүрек Сұраншы  
Шында жатыр алыста,  
Оны шыңға шығарған —  
Қонысы жоқ, қол қысқа,  
Жаз жайлауы Үшқоңыр,  
Қыс көшеді Арысқа,  
Шапырашты аз ата  
Ұлы жүзде туысқа.  
Өз әкесі Қашке еді,  
Арғы атасы Қарасай,  
Бір жақыны Сауырық  
Жауды көрсе салады-ай,  
Тұқым қуған батырлық  
Үзілмей аққан сағадай,  
Ұлы жүздік қазақтың  
Ық жағында қорадай,  
Жел жағына панадай,  
Сол сыяқты батырға  
Алыстан қонақ келгенде,  
Қалатын күні көп еді  
Қонақ асын табалмай.  
Жайшылықта ел көшсе,  
Батыр ауылы көліксіз,  
Дулат, Албан, Байұлы  
Кетер еді қарамай.  
Сондықтан батыр шында еді,  
Ақ беренмен құс атып,  
Қыранға марал ұстатып,  
Малы барға жалпақтап  
Жалынды көрші бола алмай.  
Аңсады ел батырды  
Жатсадағы алыста.






Жакын болса Сұраншы  
Қызбас па еді дабысқа.  
Көп екен деп келген жау  
Көңбес еді намысқа,  
Мұндай жаудың талайын  
Талай рет жапырған  
Өрт тигендей қамысқа.  
Ұрланып келген бұл жауды  
Білмей қалды қапыста.  
Дағдарған ел бүрлігіп,  
Баратын адам іздейді  
Алыста жатқан батырға  
Хабар бере барысқа.  
Кәрібоз бен Бәуке қарт  
Атты терге жүздіріп,  
Дақ түспеген жотаны  
Қопара шауып із қылып,  
Қос атпен шапты батырға,  
Тұрса басып кетуге  
Жаудың қосы жол алды.  
Ілені бойлай төмендеп  
Қордайменен оралды.  
Күн бата шапқан қос аттар  
Түн түгелдей өткенде,  
Күн төбеге жеткенде,  
Ақсенгірдің тасына,  
Аңрақайдың басына,  
Өксіп жылап отырып,  
Ат шалдырып дем алды.  
Алатаудың шоқтасы  
Көлденең тұрған көз алды,  
Екі нардың шоқысы  
Зеңкиіп көзге түскенде,  
Батырдың бойын көргендей  
Езу тартып қуанды.  
Жеңін шешіп желпініп,  
Ыстық демін шығарды.  
Күн төбеден ауғанда  
Құдықтан атын суарды.




Қайта тартып тартпасын  
Өрді беттеп екі карт  
Намазын оқып жол алды.  
Отардың жазық даласын  
Қопара шауып өрлетті.  
Шапқан аттың екпіні  
Шалғынды шайқап желдетті.  
Күн тұғырға қонғанда,  
Намаздігер\* болғанда,  
Суық төбе өрімен  
Қарттар шыңға кеп жетті,  
Зенгір-зенгір қыя тас,  
Бірінің аты Қарабас,  
Бірінің аты Жалаңаш;  
Сұраншының ауылын  
Түні бойы іздепті,  
Қайда екенін білмепті,  
Тау ішінде түн де өтті,  
Нұрланып шалды күн бетті.  
Біріне бірі екі карт:  
Сонау тұрған кара үңгір  
Қарасайдың қосы деп,  
Күн шағылған сонау қыр  
Қызыл күнгеі қыясы  
Мекені ердің осы деп,  
Шошайтысты қолдарын  
Таптық десті болжалын.  
Тағы шапты қыялап,  
Қызыл күнгеі бауырын.  
Іздегенін табуға  
Алдырды қарттар сабырын.  
Бұлақты шалғын жайлаған,  
Белдеуге атын байлаған,  
Қызыл қыя қойнынан  
Батырдың тапты ауылын.  
Сұраншыға жетті де

\* Намаздігер — күн батардың алдында оқыйтын намаз кезі.




Жығылды қарттар атынан.  
Ақ сақалы су болды  
Сорғалап аққан жасынан,  
Арыстан мүше жас батыр  
Сүйеді келіп басынан,  
Төрге алаша төсетіп,  
Орын берді қасынан,  
Әлденеден тарығып,  
Бейнесін көрді жасыған.  
Мейрімді туған Сұраншы —  
Елі сүйіп жасынан.  
Жетім менен жесірді  
Атына артып көшірген,  
Ерегескен жауларын  
Су құйғандай өшірген.  
Тарығып келген қарттарға  
Қайғырып жаны ашыған.  
Қабағынан қар жауды,  
Кірпігіне мұз қатты  
Кім еді деп басынған;  
Беттеріне су сеуіп  
Екі қарт есін жыйған соң,  
Уақыйғасын сұрады —  
Ес танып өткен басынан.  
Көз құрғатып екі қарт  
Арсаланып сүйегі,  
Кемсең қағып иегі  
Сүйеуім тыңда, ер, — деді.  
Ерді тауып өсірген  
Атасы мен анасы  
Жалпақ жатқан ел, — деді.  
Олай болса, жан ботам,  
Аркалықтай сүйенген  
Елдің ұлы сен, — деді.  
Желеу болған ақ сақал,  
Зарлы, мұнды бұл сапар.  
Таудан іздеп батырды  
Жайбаракат келеді.  
Заманнан-заман аскынып





Зерін барад жаюға.  
Бері түрі айналды  
Айдаһар мен аюға.  
Иттен де көп хан аты  
Қу ағаштай түспейтін  
Халық үстіне саясы,  
Елді сатты жәлдеп \* боп,  
Алтын алып баюға.  
Хандар шауып қандатып,  
Қан қақсатып зарлатып,  
Елдің басын доп қылып,  
Айналдырды ойынға.  
Сап түзесіп солдатты,  
Сартылдасып арбасы,  
Серейіскен зеңбірек  
Бетке ұстаған айбаты  
Патша кірді қойынға.  
Тезек төре жол беріп  
Қарғы тақты мойынға.  
Қоқанды күртқан Құдияр  
Ора төбе тәжігін  
Көкпар етіп тойында.  
Патшаға қарсы тұратын  
Қуаты жоқ бойында,  
Қырғызды қанға батырған,  
Әркімге бір сатылған,  
Орман хан бар қолында;  
Қазақты барып талайық  
Патшадан бұрын алайық,  
Деген мақсат ойында.  
Арам туған зәнталақ,  
Екі көзі қанталап,  
Қасапшының итіндей  
Қоразданып анталап,  
Салып жатыр ыланды  
Сары кемердің бойында.  
Қара кұрым көп Дулат

\* Жәлдеп — қу, сұм, жегіш мағнасында.




Алатау мен Арыстың  
Арасында қонысы.  
Көп болса да шөп болды.  
Хандар жанған өрт болды,  
Көгі түтін, жері шоқ  
Кең жайылым өрісі.  
Басына күн туғанда  
Көрінді елдің кемісі.  
Батыр деген Сыпатай  
Қара басын сауғалап  
Тауға кіріп жоғалып,  
Шықпай кетті дыбысы.  
Арқауы ұзын атының  
Келте келді өрісі.  
Келеді деп ойламай  
Қағынған ханның перісі  
Бейқам болып ел жатты.  
Жаудан күші кем жатты,  
Бейқам жатқан сол елді  
Абайсызда жау шапты.  
Күртіде жатқан көп елді  
Түнде басып сорлатты.  
Қыз, келіншек қатарлап  
Мінгізіп нарға, атанға  
Құсбегі мен бегінің  
Қосуына жолдатты.  
Жан сауғалап қорынып,  
Қас жауына торығып  
Суға түсіп обығып,  
Қатын, бала зар қақты.  
Қарсы тұрған кісіні  
Атты, шапты кескілеп,  
Күрті бойын қандатты.  
Тұлымдыны кұл қылып,  
Даланы мұнлы үн қылып,  
Ата-ананы аңратты.  
Қатар жатқан қарындас  
Бөліп ішкен аяқ ас,  
Ақ қалпақты қырғызым,

Өзбек деген өз ұлым,  
Халық іші дос-жарлы,  
Дос-жар халық сүймеуші ед  
Қан төгетін дұшпанды;  
Жүрегі қара Күдияр,  
Орман бұзық тағы бар,  
Достыққа тағы өрт салды.  
Қамап жатқан хан эне,  
Қамалып тұрған жан эне,  
Басшысы жоқ Дулаттың,  
Қыларлық айла қысқарды,  
Орман атқа мінгенде  
Елден кісі шауыпты  
Қазаққа хабар беруге.  
Жанғараш, Жантай жіберіп  
Келіп айтқан Керімге:  
Қолы қаптап барад деп,  
Елдерінді шабад деп.  
Күдияр мен Орман хан  
Ту көтерген өлімге.  
Керім оны таратпай  
Өзі қашқан көлендеп,  
Іле бойын жағалап,  
Балхаш асып төмендеп,  
Үш күн, үш түн үдеріп  
Ақ тоғайдан шығыпты,  
Қарт бурадай шөмендеп,  
Тілеуқабыл, Маямыр,  
Сары кемерде шабылды,  
Қанмен дала жабылды,  
Қанды жастар ағылды,  
Ауыр күндер түскенде  
Елің сені сағынды.  
Қосарлатып ат мініп,  
Атқа біздей қарт мініп,  
Аралады тауынды;  
Жауға түскен мал мен жан,  
Ағыл-тегіл анау қан,  
Қанқор ханның қорлығы






Ес тандырмай не қылды?  
Түлек бүркіт көзіндеі  
Шатынатты батырды  
Дауыл соққан теңіздей  
Күш көбігін сапырды.  
Алатауды қозғалта  
Қырға шығып ақырды.  
Андас пенен Нарбота,  
Дауқара мен Шымырбай,  
Туматайды шақырды.  
— Жыйылыңдар бозбала!  
Әбзелдеп мін атыңды,  
Азуы мүжік хан иттер,  
Неден мұнша шатылды?  
Буырқанды, бұрсанды,  
Мұздай темір құрсанды,  
Ақ беренге оқ салды,  
Ақ түйяққа ер салды.  
Ә, дегенше үш жүз ер  
Жыйналысып кеп қалды.  
Абылайша қос алды,  
Су құятын мес алды.  
Күртіні төмен қыдырып,  
Желдігін бұта сындырып,  
Қопадан арман өтеді,  
Шамалғанға жетеді,  
Жау қарасын қарады —  
Кемердің толған алабы,  
Құмырсақдай қыбырлап,  
Жерге сыймай барады.  
Нарбота мен Андасы  
Уайымдап жылады:  
Сұраншы батыр тістеніп,  
Көбін елең қылмады.  
Батырға Андас сөйледі,  
Жасық кеңес бергелі,  
— Құмырсақдай мынау қол  
Топырақ шашсаң жетер ме,  
Ақ береннен оқ атсаң,




Мыңыңа бірден өтер ме.  
Үш жүз кісі ат қойсақ,  
Жыйырма мындай нөкерге,  
Инемен құдық қазғандай  
Оған әсер етер ме?  
Көбелектей отқа ұрып  
Өртенеміз бекерге.  
Әлі де ойлан батырым,  
Осы сөзім бекер ме.  
Жетпес біздің күшіміз,  
Өтпес біздің тісіміз,  
Оңға шықпас ісіміз,  
Теңізге тенес бір тамшы,  
Бейне таудың бір тасы  
Үш-ақ жүздей кісіміз...  
Қабағы түсті батырдың  
Қара бұлт секілді.  
Төне түсіп Андасқа,  
— Тарт! — деп—тілің жекірді.  
Найзадай шашы тік тұрып,  
Көтерген шаңырақ уықтай  
Тақиясын көтерді.  
Ашуы қысып Сұраншы  
Ақ семсерін суырды.  
Қыйт етсе кесіп тастауға  
Андас жаққа бұрылды.  
Енжар болған қорқақтың  
Онжырғасы жығылды.  
Қойнына басы тығылды,  
Жігіттерге сөйледі:  
— Ел жақтамас көп жаудың  
Көптігінің себеі жоқ,  
Оның аты — бор-кемік  
Талмасқа шыдар белі жоқ.  
Озып шабар жүйрікке  
Ылдыйы мен өрі жоқ.  
Батыр туған жігітке  
Шабатын жаудың көбі жоқ.  
Уайым жауға алғызар




Тұңғыйық болып түбі жоқ.  
Осы қолдың несі көп,  
Қурап тұрған шірік шөп.  
Суырып қылыш ат қойсаң,  
Қарсы тұрар бірі жоқ.  
Қорықпа да, қашпа да,  
Текке ұшпасын үрейің,  
Қарада тұр топтанып  
Жалғыз өзім кірейін.  
Мың жау маған бірге есеп,  
Мың қарғаға бір кесек,  
Кесек болып көрейін.  
Қорғасынды мен сақа  
Ушырамын кенейін.  
Жұртым үшін мен кұрбан,  
Жазасын жаудың берейін.  
Жаулар қоян, мен сырттан  
Арасына енейін.  
Еңкілдеген шал анау,  
Шырылдаған бала анау,  
Қуыршақ болған бектерге  
Келіншек пен қыз анау,  
Көзім тірі тұрғанда  
Қорлыққа қалай көнейін?!  
Жауым көп деп жасқансаң,  
Сендерді дос демейін.  
Қашар болсаң мен қырам,  
Кетпейсін тірі біреуің.  
Ел үшін жанды қыймасаң,  
Ер деп қалай сенейін.  
Сенімсіз болсаң жоқ қылып,  
Ақ тұяқты шаптырып,  
Жауға қарсы желейін.  
Қарсы семсер салысып,  
Жағаласып алысып,  
Не босатып елді алып,  
Не тұтқын боп мен қалып,  
Халық үшін мен ылақ  
Жау қолында өлейін.






Ақ сүт берген анам — ел,  
Үлгі берген атам — ел.  
Адалдығым — ісіммен,  
Бойдағы қару күшіммен,  
Балалық хақын берейін...  
Батыр тұрып толғанды,  
Терең-терең ойланды,  
Теңізден тұрған желдейін,  
Күтірлеп кеткен сендейін,  
Вулкан\* шашқан таудайын,  
Айбарланып қозғалды,  
Патшаның қашқан солдаты,  
Алпыстан асқан бар жасы,  
Бастығы Жагор Оралдық,  
Сегіз орыс, бір татар  
Бірге келген жолдасы.  
Батыр соған сөз салды:  
— Бабам менің Қарасай,  
Шапқанда елді жау талай  
Айырып алған батыры.  
— «Арыстан болған жау үшін,  
Түлкідей болсын әдісің», —  
Дейтін барды ақылы,  
Сіздерден сұрар көмегім,  
Бұйрық қылды демегім,  
Қанқор патша қажытқан  
Сендер де елдің жақыны.  
Бектер тіккен шатырға  
Шапқым келді ел жата,  
Елу жігіт жіберіп,  
Ұзақтағы биіктен  
Алатаудан Қара ойға  
Жеткізе отты жаққызам;  
Ала кеуім күн бата,  
Көп әскер деп ойлансын,  
Жагор досым тоғызың  
Тоғыз жігіт тағы да

\* Вулкан — жанар тау.



Өз басыңа қосып ал,  
Он сегіз болсын жолдасың,  
Жау бүйірі Көктөбе,  
Соған жетіп епте де,  
Күн батқан соң орнасын,  
Бұл бүйірден мен тием,  
Ақ тұяқты шаптырып,  
Үрейін сонда сен ұшыр,  
Орысша сырнай тарттырып,  
Көнек пенен шелектен  
Барабанды қақтырып,  
Анда-санда мылтықты  
Кұр дәрілеп аттырып;  
«Орыс та келіп қалды» — деп  
Есі кетіп сұрлансын...  
Қуанды Жагор, — құп деді,  
Жолдастарым: шық! — деді,  
Он сегіз жігіт ертіп ап,  
Ала бұта паналап,  
Сайлы жерді жағалап,  
Жау көзіне шалынбай  
Көктөбені беттеді.  
Елу жігіт ертіп ап,  
От жағуды алыстан  
Андасына жүктеді,  
Қалғанына бет бұрып,  
Деді батыр жолдасым,  
Тас-талқанын шығарып  
Қыйрату ханның ордасын.  
Күмәнім жоқ жау қашар,  
Зорлықпен келген көбісі  
Бізге дос боп жалғасар.  
Бектер қашса асығып,  
Дүние жатса шашылып,  
Қызығу оған болмасын,  
Елі үшін туған ер болса,  
Елін бүгін қорғасын...  
Осыны айтып Сұраншы  
Ағын судай тасынып,



Ашулы көзі жалтылдап,  
Жайнаған шоктай шашылып...  
Күн де кірді ұяға  
Алатаудан асылып.  
Ақтұяқтың тартпасын  
Қайта тартты ер жөндеп,  
Болат сүйек бауырға  
Тартпасын елі батырып,  
Қыран кұстай қомданды,  
Ақ семсерді қолға алды,  
Астыңғы ерiн тiстендi,  
Құрыштай күйған қатынып,  
Қарасай мен Қашкенiң  
Кәрі аруағын шақырып,  
Жiгiттер күйды саумалын  
Тегенеден сапырып.  
Намазшамнан \* өткенде  
Қутпанға \*\* уақыт жеткенде,  
Ақ берендi сайлады,  
Жар қабақта жалтыр тас,  
Қарына найза байлады,  
Семсерiн соған қайрады,  
Жібекпен басын бiр тартып,  
Ат қойды батыр ақырып,  
Ақырған даусын есiтiп,  
Жау айнала қарады,  
Есiнен әбден танады,  
Дәл жанынан күрсiлдеп,  
Барабан кұлақ жарады.  
Зеңбiрек пе, мылтық па,  
Анда, санда күрсiлдеп,  
Түтiн бүркiп алады.  
Узағырақ қараса.  
Есепсiз от жапады.  
От мөлшерiн есептеп —


\* Намазшам — күн бата оқийтын намаз кезі.

\*\* Қутпан (арапша) — хұфтан — ұйықтау, жату, бұл жерде ұйықтардiң бұрын түнгi оқийтын намазды қутпан деп атаған.





«Мына қолда мөлшер жоқ...  
Құрығанда жүз мындай —  
Қосын бар», — деп санады.  
Тайдан шыққан сарындай,  
Дүрілдеген жалындай  
Шапқан аттың дүрсілі  
Қонарып жерді барады.  
Аяқ асты, жау састы,  
Қара албасты шын басты,  
Не мінетін аты жоқ,  
Іздесе киер киім жоқ,  
Қойған жерде құрал жоқ,  
Есінен әбден адасты.  
Сасқалақтап қосының  
Есігіне таласты.  
Есін танған бегіне,  
Есік баққан қосыны  
Ажырайып қарасты.  
Қандай пәле келді деп,  
Бақсылары бал ашты,  
Амалсыз жүрген көп қолға,  
Түндегі айқай жол ашты.  
Қойдай үркіп қол қашты,  
Сұраншы батыр ат қойды,  
Бөгетін алған өзендей,  
Азғана сарбаз лап қойды.  
Хан, манаптың шатырын  
Қаусатамын деп қойды.  
Бейне бір қатты жел тұрып  
Қурап тұрған кусаққа  
Жалындатып от қойды.  
Нажағайдай шартылдап,  
Бұлт отындай жарқылдап  
Бұрқылдаған берендей  
Түнге қосты түтінді.  
Жаландаған ақ қылыш  
Қыл мойынға кірште-кірш,  
Жүрек тіліп жан қауып,  
Қасқыр тісі қан қауып,



Жүзіне қан тұтылды.  
Астына мінген Ақтұяқ  
Тоздырып тозаң бұрқырап,  
Атқан оқтай жұтынды.  
Аш қасқырдай батырдан  
Қай жау қашып құтылды...  
Есебі жоқ қалың жау  
Қоршаласып қалысты,  
Ортасына алысты,  
Қарсы семсер салысты,  
Сілтегенде қылышы  
Он жағынан он шауып,  
Оны бірдей жер қауып,  
Сол жағынан сілтесе,  
Ондап жауын бір шауып,  
Оны бірдей ұндалып,  
Устарадай шаш алған  
Жауды батыр сыпырды.  
Бір қозған соң аруағы,  
Теңіздей жау — жан-жағы  
Сұраншыға көп емес,  
Үш күн, үш түн ұрысқан  
Сол батырдың соғысы  
Рүстемнен кем емес,  
Астындағы Аққоян  
Қыя тасқа басылып,  
Ақ көбігі аузынан  
Екі жаққа шашылып,  
Әбден батыр қызған соң,  
Омырауы ашылып,  
Қоқанға қарай жау қашты,  
Қордай белін асылып.  
Ақ семсері ақ шомшы,  
Қызыл қанды сапырып,  
Үш күн, үш түн өткенше,  
Әсте батыр тынбады,  
Томағасын қайырған  
Ақ ыйықтай шындағы.  
Ел жақтаған батырдың




Сағы жаудан сынбады,  
Қашқан жаудың артынан  
Ақ қоян атты бір қара  
Қарасайлап қалмады.  
Өлексемен үйілді  
Алатаудың сайлары.  
Тозандай тозып жыртылды  
Ханның ала байрағы.  
Қасқырға шауып арыстан  
Қанқордың шықты ойраны.  
Шабак қуған жайындай  
Бек біткенді жайлады.  
Елге келген бүлікті  
Дауылдай тиіп айдады.  
Жалынның бетін қайырып,  
Қасқырдан елді айырып,  
Көтеріп көңіл жайлады,  
Батыр — елдің досы деп,  
Түпке жетед осы деп, —  
Сүймейтін хан мен байларды,  
Хан билеген заманның,  
Қанын ішкен адамның  
Осылай еді жайлары.

#### ЕКІНШІ ТАРАУ


Арғымақтай арындап,  
Жазғы күндей жалындап,  
Тағы да Жамбыл сөйлейді,  
Қар еріткен өкпектей,  
Су серпіген ескектей,  
Домбырасын сермесін.  
Тоқсан үш жасы торқадай,  
Тоқсан күн қатқан жорғадай,  
Бәйгеден алған олжасын.  
Жақсы сөзді ел жаттар,  
Ел жаттар сөзде салмақ бар,  
Кесек атқан қорғасын,  
Шеті жоқ — мұхит теңіздей,






Алтайдың алтын кеніндей,  
Көп жерімнің қордасын  
Сыпырта соққан дауылдай,  
Сауылдап күйған жауындай,  
Жырды Жамбыл қозғасын.  
Жырдың тәтті жаясын,  
Батырлар жыры баяғы.  
Жау дегенде жайнаған,  
Нар кескендей қайраған,  
Сұңқардай болат қыяғы,  
Өрге салса талмайтын,  
Қыяға салса таймайтын  
Кұрыштан соққан тұяғы.  
Сол батырлар жыр басы,  
Үзілмей аққан жылғасы,  
Майтөбенің бұлағы.  
О, балалар, балалар,  
Ақылды туған даналар,  
Жамбылдан тыңда мынаны,  
Әсерлі күйдей аңқытып,  
Тасыған селдей шалқытып,  
Тыңдаушыға жыр төкпей,  
Жамбыл қашан аяды.  
Қартайдым дейтін назым жоқ,  
Тыңдаушы көпте жазық жоқ,  
«Айт Жәмеке» дегенін  
Мен өлгенде қояды.  
Сүйекемнің суресі  
Сөйлегенде міне осы...  
Жырдың сұлтан төресі,  
Биіктердің төбесі.  
Бөліп айтқан Жәмекең  
Сұраншының аяғы.

Орман хан мен Күдняр  
Жеңіліс тауып бір қайтты.  
Көктемде қайтып жаз жатты,  
Батырдан жеген таяғы —  
Шымбайына тым батты.




Терең-терең ойлатты  
Аттан ханым, аттан деп,  
Жараспайды жатқан деп,  
Манаптары шулапты.  
Бізге бұйрық береле,  
Біз тұлпарға мінеле,  
Біз мінген сен кім қапты...  
Нарынқолдық, Кегендік  
Бұ да, жек-жат ел ем деп,  
Жақтап жатыр қазақты,  
Болып жатыр бір жақты.  
Манаптарды жыялық,  
Не бар, жоқты ойлалық,  
Атақтысына ат мінгіз,  
Сыйлысына шапан жап.  
Қайтсын сізден сый алып,  
Бассын олар қылжақты.  
Қыздыратын боза бар,  
Молда, ишан, қожа бар,  
Бозалы жерде соларға  
Қозғалталық аруақты.  
Жый қолыңды қыр жолға,  
Өзің өлмей кем болма,  
Сұраншыға жаз хатты,  
Еркек болсаң келгін де,  
Қатын болсаң қалғын де,  
Өзі шешсін жұмбақты.  
Орман ханның ордасы,  
Ала туын байлады.  
Қара қолдан, Мырғаптан,  
Жалал-абат, күн жақтан  
Көп Алатау аймағы,  
Ат денесін тарта алмай,  
Атандар әрең талтаңдай,  
Ордаға келіп түсіпті  
Майға бөккен байлары,  
Алдиярға сойыс деп,  
Басқан да мендей болыс деп,  
Кора-қора ызғытып,




Семіз қойын айдады.  
Үйір-үйір қысырақ,  
Шайлап қалған тусырап,  
Жарлауланып жаясы,  
Қысыр емген тайлары;  
Ақ пышаққа ілініп,  
Қабырғасы сылынып,  
Қазы-қарта, жал-жая  
Қазанда бұрқ-бұрқ қайнады.  
Пісті саба сіресіп,  
(Тауысқысыз ел ішіп)  
Уыз қымыз бұрқырап,  
Қара мейіз қаймағы.  
Оны келсе «манап» деп,  
Жүзі келсе «тамақ» деп,  
Жарымаған жарлының  
Байығаны тойғаны.  
Қымыз, боза аралас,  
Кекірініп кілең жас,  
Арнап тіккен үйлерде,  
Отырысты бойдағы.  
Хан бұйырған жыршылар,  
Бірде күлкі, бірде зар,  
Қызыл тілмен балқытып,  
Бұлбұл болып сайрады.  
Сөз аяғы бір соғыс,  
Ел аяғы сол соғыс,  
Енжар көңіл қырғызды  
Итермелеп қоймады.  
Ишан, молда бастысы,  
Ақ меруерт таспысы,  
Өлгендерің шейіт деп,  
Өлмегенің қазы деп,  
Сатылды ханға иманы.  
Соғыспақ болды ақыры,  
Сауыт киді батыры,  
Сұраншыға хат жазған  
«Шүкір» деді Орман хан,  
Орыңдап ісін ойдағы.






Сұраншыға хат барды,  
Сөге жазған хатында:  
Батыр емес, қатынсын,  
Мұсылман емес, кәпірсін,  
Қашқын жыйып жапыңа,  
Мойын сұнбай ханыңа,  
Алматыда жатырсын.  
Батыр болсаң келіп кет,  
Батырды менен көріп кет,  
Әуре қылмай атымды,  
Басыңды келіп беріп кет,  
Ажалыңа жақынсын!  
Хатын оқып Сұраншы  
Жолдасын түгел шақырды.  
Шақырып салды ақылды:  
— Еліне ылаң салғалы,  
Орман хан тағы шатылды.  
Тағы өлімге айдапты  
Алдап, арбап батырды.  
Бару оңай Орманға,  
Батпай ма бірақ ел қанға?  
Жаныма халық батулы.  
Бармағанмен амал жоқ,  
Ертең Орман келеді,  
Атып-асар баланы,  
Найзасы шаншар қатынды.  
Сондай кезде байтақ ел  
«Шақырғанда бармадың,  
Жалынның алдын алмадың,  
Ер болмадың — ез болдың —  
Деп қоймай ма атымды...»  
Ойым былай, жолдасым,  
Көрмейін елдің көз жасын,  
Шығармай жатқа жақынды.  
Жан ертпей-ақ жаныма,  
Жеке барып көрейін,  
Есебі жоқ қол алып,  
Бейбіт елге қол салып,  
Қосынға тамақ, мал алып,



Берекесін кетіріп,  
Ушырмалық үрейін.  
Жеке барсам «ер» десер,  
Тарап-тарап ел кетер,  
Орданың бір топ адамын,  
Молда, қожа, манабын,  
Жекелесіп көрейін.  
Мұндай уақта қыйнайтын,  
Бір беттігі батырдың.  
Сол бетінен бұрмалап  
Кегі жоқты айтудың,  
Не пікірі барлығын,  
Іштері білді әркімнің,  
Боз қасқа қойын сойғызып,  
Үлкенге басын қойғызып,  
Ақ түйякқа ер салды,  
Азығына малта алды,  
Атыма деп жем салды,  
Сауыт киіп сайланып,  
Ырғай сапты найза алып,  
Қорамсағын байланып,  
Шымырқанып, шырқанды,  
Қыр жолға қарай бет алды.

Ақ түйяқтың үстінде,  
Аш қасқырдай бүгіліп,  
Қарына ілген қалқаны  
Ілгері, кейін жүгіріп,  
Жарқыраған сүнгісі,  
Күндік жерден көрініп,  
Тау жаңғырып салдырап,  
Көк темірге көміліп,  
Қыядан шалған қырандай  
Күн астына үңіліп,  
Ер сыйпатын көрген жау  
Өз жанынан түңіліп,  
Алатау асты Сұраншы.  
Қаражол атты жотада  
Жасақ жыйған Орман хан,




Жалгыз батыр келед деп  
Хабар алды жаушыдан.  
«Батыр елді аяпты,  
Сондықтан қосын алмапты»,  
Елден елге ұшқан сөз  
Қырғызға түгел тараған.  
«Сұраншының дұшпаны  
Қырғыз емес — хан екен.  
Елдің жауы дегені —  
Хандар жапқан жала екен», —  
Деген сөзді есітіп,  
Ақ қалпақты қырғыздар  
Біріне бірі қараған,  
Соғысты қойып тараған,  
Елге қайтыпты ордадан.

Сегіз мыңдай қол екен,  
Сегіз жүздей қол қалды.  
Батыр-сымақ манаптар  
Қорғаймыз деп Орманды.  
Келе жатқан бір кісі,  
Бір кісіні жеңерлік  
Мөлшерден тыс мол қалды.  
Келсе құдай берді деп,  
Табасыз қолдан өлді деп,  
Семсерлерін қолға алды.

Күн төбеден ауғанда,  
Бесіндікке барғанда,  
Бұрқыраған шаң көрді.  
Жұлдыздай атын ағызып,  
Жарағы күнге шағылып,  
Келе жатқан жан көрді.  
Жауым көп деп жасқанбай,  
Кісесінен басқандай,  
Келген ерді таң көрді.  
Бәрі бірдей ат қойып,  
Салуға соғыс лап қойып,  
Жабылуды жалғызға





Бойларына ар көрді,  
Бек, манабы, байлары,  
Ортасында байрағы,  
Жасағын жыйнап сайланған,  
Сұраншыны хан көрді.  
Ханға келіп сөйледі:  
— Неге мені шақырдың,  
Жай шақырсаң келмейтін,  
Ханға сәлем бермейтін,  
Халық үшін туған батырмын.  
Хан деп сені сыйлар ем,  
Басың үшін сатылдың.  
Арасына өрт болдың,  
Ала бүлік дерт болдың.  
Қырғыз, қазақ жақынның,  
Бейбіт елге тигізіп,  
Жендетке басын қыйғызып,  
Қаннан сусын сапырдың.  
Ел бүлігі — Орман деп,  
Аман қалсын мың жан деп,  
Төгіліп тынсын бір қан деп,  
Қара басыңды алғалы  
Жекелеп келе жатырмын.  
Міне менің семсерім  
Қайрап қойдым хан үшін,  
Қайратыма мінгенім  
Қалың елдің камы үшін.  
Қасым тіксем қан алмай  
Кеткен емес намысым.  
Сүттей елді ірітпей,  
Таза майды шірітпей,  
Жекпе-жекке өзің шық,  
Менің жауым сен ғана,  
Салмаймын елге мен жара,  
Сенсің менің дұшпаным,  
Сенсің менің алысым!

Қасқыр көрген күшіктей  
Хан жалтақтап қарады.



Терең ойға шомылып,  
Жерге қарап үңіліп,  
Жапырылды адамы.  
Жел көтерген бұлттай,  
Шеттегілер тарады.  
Айла, амал, сабақтас,  
Хан, манаппен табақтас  
Адам қалып шамалы.  
Хан иегін қаққан соң,  
Қара ат мінген ер Бұқай  
Шыға берді бөлініп,  
Шешініп алып оң жеңін  
Белдігіне түрініп,  
Найзасына байлаған  
Ту күйрығы төгіліп,  
Білекке ілген қалқаны  
Оңды, солды жүгіріп,  
Қыйсық біткен емендей,  
Омыртқасы бүгіліп,  
Қақ жүректің тұсы деп,  
Өлер жерің осы деп,  
Көк сүңгісін серт ұстап,  
Жакын келді тебініп.  
— Атаңның көрі Сұраншы,  
Атыңнан қармап түсіріп,  
Жел аударған қаңбақтай,  
Су аударған дөңбектей,  
Ат үстінен ұшырып,  
Бәлем саған қылармын,  
Сен сыяқты шұбардың  
Түсі суық жыланның,  
Жағасынан алмаққа,  
Жыға сүңгі салмаққа  
Қашаннан-ақ кұмармын!  
Келіп қалды жекіріп,  
Бұрқырап аузы көпіріп.


Кұртты бастың тауындай  
Тұрған батыр бейнелі,




Ызғары қыстың аязы  
Аш арыстан кеуделі,  
Келіп қалған Бұқайды  
Шыбын кұрлы көрмеді,  
Қозғамалы найзасын  
Сүйеніп тұрған жердегі  
— Токта! — деді жай ғана,  
Қолының ұшын сермеді,  
Сесті басты батырдың  
Айтқан жерде тоқтады  
Тірелгендей өңмені.  
— Токтадың ба, кейін қайт,  
Саған да Бұқай жан керек,  
Сен тышқансың, мен мысық,  
Барасын қайда кимелеп.  
Батыр емес, қатындық  
Майданда кісі тілдемек.  
«Ой атаңның көрі» — деп,  
«Өлтірем-ақ сені» — деп,  
Құр былшылдау не керек.  
Бұқай, Байтыл, Битуған,  
Оларға найза былғаман!  
Екінші рет шақырам, —  
Маған анау хан керек!

Иек қақты Орман хан:  
Байтыл менен Битуған  
Найзаларын кезеніп,  
Үзенгісін шіреніп,  
Тұра шапты тұрғаннан.  
Сөйлей келді Битуған:  
— Қоян жүрек ит Бұқай,  
Неге тұрсын сілейіп,  
Батпаса тісің жолды бер,  
Біз жақындап көрейік.  
Жағасынан қармамай,  
Атып ұрмай дорбадай,  
Сен Сұраншы құлақ сал,  
Қарайып келдім қаныма,






Мына тұрған Байтегім,  
Көмекшім бар жанымда.  
Мен-мен едім, мен едім,  
Мен кімдерден кем едім,  
Батыр болсаң — мен де сол,  
Мен де өзіңдей ер едім,  
Терезесі тең едім,  
Іште кегім қалғанды,  
Шығарайын арманды,  
Ханыма қолды салғаның,  
Көкейімнен кетпейді —  
Төрегелді манаптың  
Сақал, мұртын алғаның.  
Ажал айдап келген соң  
Аямаймын жаныңды.  
Сенің қылған бұл ісің  
Барлық жұртқа мәлімді.  
Соның үшін тап бүгін  
Ағызайын қаныңды.  
Мен жүрмеген тау бар ма,  
Мен алмаған жау бар ма,  
Шығарайын жаныңды.  
Талай жаумен алысып,  
Күрескенді жыққанмын,  
Кенесарыңды өлтіріп,  
Топыраққа тыққанмын.  
Тұрлыбай соққан алмаспен,  
Қыл мойнынан шапқанмын.  
Абыройын кетіріп  
Ханыма сөйтіп жаққанмын.  
Ботпайдан шыққан Сыпатай,  
Көмегіне жарамай,  
Байұзақтай батырын  
О да қашқан қарамай.  
Арғыннан шыққан Ағыбай,  
Ыстыдан шыққан Бұғыбай,  
Табыннан шыққан Бұқарбай  
Келе алмаған қасына.  
Мекіредей тумысы




Тиген қатты басына,  
Ханның биі, батыры  
Қыйрап қалған шатыры,  
Аш бүйірін таянып,  
Жылаған қыз бен қатыны.  
Қатын, қызын жылатқан,  
Менің сондай ісімді  
Аспанда кұдай ұнатқан...  
Орманнан келген үш батыр  
Үш жағынан тап берді.  
Ашу қысып Сұраншы  
Астыңғы ерпін тістенді.  
Бір сілтеді найзасын,  
Белі үзілген күзендей  
Алдымен келген Битуған  
Бетін баса бүктелді, —  
Кеудеге найза күмп берді,  
Екі батыр найзасын  
Сатыр-сұтыр салысты,  
Сайлап мінген белді аттар  
Тізе бүгіп қалысты.  
Жараланып Бұқайлар  
Аттың жалын қабысты.  
Оны көріп хан тобы  
Ат қойып бәрі шабысты.  
Аш қасқырдай батырды  
Ортасына алысты.  
Ханның тобы жүз кісі —  
Ортасында бір кісі,  
Түс ауғанша ұрысты.  
Күн төбеден өткенде,  
Бесіндікке жеткенде,  
Жау қамаған Сұраншы  
Көзін қаптап қан алды,  
Тұла бойын жара алды,  
Орман ханға ұмтылды,  
Алыстан салған найзасы  
Ту сыртына бір тиді.  
Сегіз көздің қоң еті



Кере карыс жыртылды.  
Топтан шығып хан кетті,  
Сұраншыдан әл кетті,  
Соны сезіп Ақтұяқ,  
Жан-жағына қарады,  
Жал-құйрығын тарады.  
Оң аяғын тарпыды,  
Ортекедей ойнақтап,  
Көк жайындай бұлқынды,  
Арыстандай жұлқынды.  
Жау жібермей орап ап,  
Шығармады қамалап,  
Тұрып алып айнала  
Ілмек болды найзаға.


Күрсілдеді бір дабыл,  
Жер мен көкке жаңғыра,  
Жалт қарады Орман хан,  
Есі-тұсын тандыра,  
Алатауды қақ жарып  
Дабыл ұрып, кәр шашып  
Шыға келді топ қара.  
Топ қараның алдында  
Жандай досы Жағорі,  
Жанына ерген қырық жігіт,  
Сұраншының нөкері,  
Жанына жақын келген соң,  
Қамаған жауды көрген соң,  
Беренге білте тигізіп,  
Басып-басып жіберді.  
Хан қасында тұрғаннан  
Кім жаралы, кім өлді?  
Онысы бізге белгісіз...  
Батырды қамап тұрғандар  
Сырт айнала жөнелді.  
Манаптардың көбі өлді,  
Жаралы ханын өңгеріп,  
Күтылуын жөн көріп,  
Ордаға қайтты Орман хан,






Найза тиген жерінен  
Қағынып кетіп ем қонбай,  
Ордасына кеп өлді.


Жолдасына қосылып  
Сұраншы қайтты тауына.  
Ақырғы болды соғысы  
Хан, манаптай жауына.  
Қырымнан шалған қырандай  
Келген батыр бабына,  
Ақыры келіп о да өлді,  
Алатауда көмілді,  
Атын түгел ел білді,  
Адам туып адамнан  
Елу жылда жаңарған,  
Жаман күнді өткізген,  
Жақсылыққа жеткізген,  
Қан сасытқан ханы жоқ,  
Ашу, араз зәрі жоқ,  
Балдай тәтті туысқан,  
Жеттім тату таңыма.  
Бахытты туған ерлері  
Сталиндік заманның  
Сенде ғана батырлық,  
Сенде ғана татулық,  
Елменен ел достасқан  
Ғасыры туды адамның,  
Еңсесі биік — ел алып,  
Ел бастаған ер — алып,  
Бөлшектену жоғалып,  
Ер қорғады Отанды —  
Біздің ерлер қорғаны  
Социалдық қоғамның.  
О, ерлерім, ерлерім,  
Ел сүйенген белдерім,  
Халықтың қорғар ырысын...  
Сұраншыдай жауға шап  
Ерді өсірген ел үшін,  
Өртке теңіз шашқандай



Шығартпа жаудың дыбысын!  
Жау бетіне қылыш шап,  
Елді, жерді гүлдеткен  
Сталиндей күн үшін,  
Қынадай еңбек қанаған,  
Ит боп елді талаған,  
Қан сімірген қанқорлар  
Әлемнен түгел құрысын!

1938.






## ЗАМАНА АҒЫМЫ <sup>201</sup>


I

**С**ексен бірге жас келіп,  
Әрнемеден жасқандық.  
Кәрілік деген тақымдап,  
Өлім қалды жақындап,  
Суырылып сөз келді  
Жамбыл сынды қартыннан.  
Мұнша жасқа келгенде  
Не көріп, не білгеннен  
Бір ауыз сөз айтылмай  
Қалса—үлкен мін ақынға.  
Жақсы, жаман десең де  
Өрнек болсын артымда.  
Жасым болса жетіп тұр,  
Мезгіл болса өтіп тұр.  
Улғайған бұл шағымда  
Қуат болса кетіп тұр.  
Айтатын бір сырым да,  
Құлақ сал жұрт мұныма,  
Сексен бірге жас келген,  
Не заманды бас көрген,  
Солар арқау жырыма.  
Артта қалған сөзім бар,  
Сөзімді айтар кезім бар.  
Кімді жұтпас қара жер  
Ақылыңмен ойлай бер:  
Ойы жеткен ой тігер,  
Жамбыл ақын сөйлеген  
Сөзді бекер демендер  
Жамбыл айтты қыйссаны,






Өлең десе Жамбылын  
Канат байлап ұшады.  
Неше түрлі ел өтті,  
Неше түрлі жан өтті,  
Жұрт билеген хан өтті.  
Тілдерінен бал тамған,  
Жорға, жүйрік майталман,  
Шешен де өтті дүниеден.  
Иегіне түк жүкпай,  
Көсе де өтті дүниеден.  
Ел шетінің қорғаны,  
Жау бетінің айбары,  
Сауыт, сайман асынған,  
Ерлігін жаннан асырған  
Батыр да өтті дүниеден.  
Ойы дана асылдан,  
Сөзі бұлақ тасыған  
Ақын да өтті дүниеден.  
Замана деп толғанған,  
Ел қайғысын қолға алған,  
Абылайдың алдында  
Сөз сөйлеген болжаудан  
Бұхар жырау о да өтті.  
Шернияз бен Шортанбай,  
Досқожа мен Нысанбай,  
Дулат пенен Сүйімбай —  
Сөздері жел-құйындай,  
Өтті еңіреп олар да.  
Жақсы да өтті дүниеден,  
Жамап да өтті дүниеден...  
Ой жіберсем соларға:  
Дүниеде анық өлмегім,  
Артта қалсын өрнегім,  
Сексеннен ары жасадым,  
Кездескеннің бәрін де  
Артқа тастап басамын.  
Естіген ел, ұрпақтар  
Аңыз қыла жүрсін деп,  
Арнаулы жыр тастадым.



Сөйледі Жамбыл бәріңе:  
Жасың менен кәріңе,  
Өзге өлгенде дүниеден  
Біз өлмейтін дәрі ме.  
Сөйлейді Жамбыл халқына,  
Үлкен, кіші — жалпыңа,  
Өлгенде ала кетпеуге  
Қалдырдым өз артыма.  
Қаза жетіп көз жұмсам  
Айтар алғыс қартына.  
Замана жайы — терең сыр,  
Замана жыры — бітпес жыр.  
Көз жіберсек өткенге:  
Жыл артынан жыл қуып,  
Шежіре боп жеткенде.  
Ай көре алмай аспаннан,  
Күн көре алмай өмірден,  
Қайғы кетпей көңілден  
Еңіреген, егілген.  
Қаһар көріп хандардан,  
Білек көріп бектерден,  
Тепкі көріп байлардан,  
Қамшы көріп билерден,  
Қалың қауым иленген.  
Халықты басқан Қаратау,  
Бұл бір заман қысымы:  
Жаңылдырған есінен,  
Айрылдырған күшінен,  
Ажыратқан түсінен,  
Азап түспей үстінен...  
Мына бүгін қарасаң,  
Елге жарық күн туды,  
Күн емес-ау, нұр туды,  
Ер талабы шарқ ұрды,  
Еңбекші, жалшы-кедейдің  
Мерейі жаннан артылды.  
Қол жеткендей бұлтқа  
Өмірдің алып кілтін,  
Кеңестен сөз сөйледі.




Өнері асты ел билеп,  
—«Ел жақсысы менмін»,—деп  
Жүргендер тең келмеді.  
Бай, жуанды жаныштап  
Жойып жатыр аластап,  
Күн сайын күші өрледі.  
Күреске, іске кұралды,  
Қуатты, күшті бел болып,  
Қаптаған қалың ел болып,  
Қолына Қызыл ту алды,  
Ерікті өскен ел болып,  
Жылағаның қуанды,  
Жамбыл қартың қозғалды.  
Оқы, міне сөз қалды!  
Адыра қалып ескі заң,  
Жаңа мизам басталды,  
Әйел, еркек бірдей боп,  
Саналы жерден үлгі алды.  
Толып жатқан көп ұлт,  
Терезесі теңеліп,  
Өткен күні болды ұмыт.  
Жамбыл қартың сөйлесін  
Жаңа күймен төселіп,  
Урпақтарым тыңдасын,  
Сендер де менің сырласым,  
Ақын бір толғап жырласын.

II

Сонау сұмырай заманда,  
Қазақтардың ішінен  
Хан шығыпты тасыған:  
Не жуандар, мықтылар  
Кетпепті оның қасынан.  
Үйреткен ісі сол болды:  
Елді шабу, жұрт талау,  
Күнде сүргін, күнде жау —  
Кесібі еді басынан.






Жан бұзбаған сөздерін,  
Қырын келген кісіге  
Тіккен олар көздерін.  
Әрбір жерден қан шығып,  
Таластырған сөздерін.  
Мәртабам артық болсын деп,  
Біріне-бірі шабынып  
Қара тер боп сабылып,  
Адамы болса жыйып ап,  
Қырық пышақ боп қырылысқан.  
Қысым көрген, қырылған,  
Таланған да шабылған  
Сорлы қазақ халқы еді.  
Көше қонып мал баққан,  
Момын жүріп, жай жатқан  
Еліміздің салты еді:  
Өнер, білім елде жоқ,  
Күштілерге пенде боп  
Жүрген елдің қалпы еді.  
Қараңғы өскен халыққа  
Жаны ашыған кісі жоқ,  
Жұрт жайымен ісі жоқ.  
Жалшыға мал бақтырып,  
Жақсы бақса жақтырып,  
Жаман бақса зарлатып,  
Қ... қазық қақтырып,  
Үні шықпай үндерге,  
Жалаңаш шекпен етінде,  
Секпілі бар бетінде,  
Қайтеміз деп дірдектеп,  
Бай манаптың к...,  
Жан сақтамас секілді  
Қорлық көрді мұндай боп,  
Дүниеден жүрдай боп,  
Сүйектері қырдай боп...  
Шалап, сарсу бар асы,  
Қатыны мен баласы  
Байға жұмыс қылады,  
Қылмасына шара жоқ:



Барып шашын жүлады,  
Үлкен ойран қылады.


III

Николай зіркіл қағады  
Жақсыларың қайда деп,  
Ығай-сығай бай, манап,  
Шақыртып бәрін алады.  
Шен, тонменен оларды ап,  
Елге бүлік салады.  
Бай менен бек жуанның  
Николай сөзін қоштады:  
Мизамды солар бастады,  
Кедейді былай тастады,  
Қалың елді жасқады.  
Малайлар жүрді жыласып,  
Қайғы кетті ұласып...  
Жуандардың кәсібі:  
Сайлауға шықты таласып,  
Кедей-кемтар сорлылар  
Кетті есінен адасып.  
Байдың сөзі пұл болды,  
Жалшы-кедей құл болды —  
Сөйлеуге жоқ шарасы.  
Елдің болып кекті ісі  
Не зорлыққа көнбеген,  
Бай, манаптың тепкісі  
Өткен өңмен, кеудеден.  
От жақ деп, мал бақтырып,  
Ақысын да бермеген.  
Жылап барса ұлыққа  
Ит келгендей көрмеген.  
Солай жүріп күн көрген,  
Жалпы кедей сорлының  
Бір айтқаны келмеген.  
Аруақтының ұлдары:  
Сайлау болса сабылып,




Кигізем деп жейдені,  
Төгемін деп теңгені,  
Менің сөзім тастама  
Нағыласын өңгені.  
Десе кедей көңгені,  
Баста ерік жоқ ол сорлы  
Кімге амалсыз көнбеді!  
Күресерге кейіп жоқ,  
Ойласарға ойы жоқ,  
Жарлы күні немене,  
Мінейін десе аты жоқ,  
Көңілінде шаттық жоқ,  
Киімін десе киім жоқ,  
Тон, шалбары сірі боп,  
Жүзі солғын, жұпыны  
Өлімшінің бірі боп..  
Ишейін десе асы жоқ,  
Ісінің бір сәті жоқ.  
Қашып әбден ұсқыны.  
Кім болса сол жетелеп,  
Сайлау жерге төтелеп,  
Сайлау шары өткенше  
Жүреді оны мәпелеп.  
Сайлау шары өткен соң  
Бай кетеді желкелеп.  
Даулы болса байлармен  
Барар кедей болысқа  
Өзі сайлаған «танысқа»,  
Таныс енді танымас,  
Салар іргені алысқа.  
Таныстан көңіл жарымас,  
Байдың сөзін айтады,  
Сорлы кедей қарны аш,  
Селсоқ болып қайтады.  
Байдың жайын айтайын:  
Пара берсең қостаған,  
Бере алмасаң параны  
Істі аяқсыз тастаған.  
Болысқа барса шағыммен,






Сараң сөйлеп жарлымен —  
Бидің сөзін жықпа деп,  
Билігі оның нұсқа деп,  
Нығап жаман жасқарған.  
Ақсақал болса болысын:  
Ыңғайына тартады.  
Байдан асу қайда бар,  
Кедейге одан қайыр жоқ  
Не жақсылық артады!  
Қарсы келсе бұған да  
Болыс жақтай шығады.

Бәрі айналып келгенде  
Кедейді орға жығады:  
«Жақсыға тіл тигіздің,  
Ат, шапан бер айыпқа,  
Кім деп жүрсің байыпта!..»  
Екі аяғын кедейдің  
«Бір етікке тығады».  
«Айыбына атың тарт,  
Бар, үстіне шекпен жап!..»—  
Десе жарлы ығады.  
«Кім деп жүрсін өзінді,  
Байқап сөйле сөзінді!  
Бұл қылығың қоймасаң  
Жоғалтармын көзіңді!  
Тілің жаман бір итсің,  
Байға тілмен тиіпсің,  
Жалғыз атың тартылды:  
Есіркесе қалдырар,  
Қаһарланса зар қылар!..»  
Кедей сорлы тұқырып,  
Бұған тағы көнеді.  
Жалғыз аттан айрылар,  
Есі кетіп меңгіріп  
Зорға үйіне келеді  
Көрген күні күн емес.  
Талай қорлық ол көрген,  
Көргені тек бұл емес,




## IV

Бай, манаптын бәрі де  
Елді талап бай болған.  
Арамдықпен ой толған,  
Салық салып алғаны —  
Қора-қора қой болған.  
Әбден байып алған соң  
Қатын алуды ойлаған.  
Бір дәнігіп алған соң,  
Қатынға бай тоймаған.  
Ел мойнында қалың мал,  
Байдан оған не құрар.  
Болысы бар, биі бар,  
Бермесе елді шығғырар.  
Қайтарса бай тауанын,  
Алады жұрт жауабын:  
«Берсе қолдан аламын,  
Бермесендер шабамын!»  
Бай басынып алған соң  
Сөйтіп ашар аранын.  
Қатын бесеу болғанда,  
Мейманасы толғанда,  
Байдың көнбей еркіне —  
Қатын қашар төркінге.  
Қашқанмен бай қояр ма,  
Абройды ашу оңай ма,  
Не өзін, не малын деп,  
Съезд қылар байың кеп.  
Қатынды алар шақыртып,  
Үйез қылар білгенін.  
Қатында не қайрат бар,  
Байлап берер бақыртып.  
Қатынның кетер жері жоқ,  
Сөйлесерге кері жоқ,  
Жылай-сықтай жүреді:  
Иттің күні көргені,  
Тезек оның тергені,  
Бұзау, қозы бақтырған.



Қур шыбыны өлмеді,  
Жалаң аяқ, жалаң бас,  
Бйығында лыпа жоқ,  
Дудардай боп қара шаш,  
Тіл қатады ыза боп:  
«Сені обалым жібермес,  
Екі ай болды бір түні —  
Қасыма кеп жатпадың,  
Жіберсең де өлтіріп,  
Қылығыңа айтқаным.  
Ылғый қорлық тартқаным...  
Обалым аға мойнында,  
Шакырып үйден алғалы,  
Қара табан күң қылып,  
Отын, суға салғаны.  
Көп қатынның ішінде —  
Теңгермейді өзімді,  
Жөн көрмейді сөзімді...  
Қорлықтан басқа күнім жоқ,  
Жұмсаудан басқа түгі жоқ,  
Қарсыласар шамам жоқ,  
Еш рахат маған жоқ,  
Жұмыс болды қылғаным.  
Жусан болды жыйғаным...  
Көзіңді ашпа, ағатай,  
Қызыл шоқтың үстінде  
Устап беріп кісіге,  
Азап, бейнет ішінде,  
Шырқырады қу жаным.  
Көзің қыйып қор етіп  
Мені малға сатқаның,  
Мені мұнша жылатып,  
Көз жасымды бұлатып,  
Не болмақшы татқаның?  
Жалаң аяқ, жалаң бас,  
Бір жағынан қарным аш...  
Обалым өз мойныңа  
Алған малға болдың мас!  
Тентіреп жүріп өлермін,





Қорлыққа қайтіп көнермін.  
Бұл қылығын қоймаса  
Көз көрмеске жөнермін.  
Мұнан жаман күйім жоқ,  
Үстімде жөнді киім жоқ,  
Жылай-жылай өңім жоқ,  
Қатты айтуға тілім жоқ.  
Егер қатты сөйлесем,  
Көрер тірлік күнім жоқ.  
Әке менен ағалар  
Мойындарыңа обалым,  
Менде енді не баға бар,  
Ұлыққа бардым жүгіріп,  
Онан да шықтым түңіліп,  
Жас келеді көзіме,  
Жан көнбеді сөзіме.  
Ұлық та байды құп алды,  
Қайтадан байлап жіберді  
Баяғы жердің өзіне.  
Шеттен келген молда бар,  
Кітап, құран онда бар.  
Жіберме деп қатынды  
Ол да құрдай жорғалар.  
Шаригатын ағызып,  
Тілінен май тамызып,  
Бай сөзіне қосылды.  
Ойлай-ойлай осыны,  
Көзімнен жас сорғалар...»


V

Молданың бірі ар жақтан,  
Бірі келген бер жақтан,  
Алдап бала оқытқан,  
Жұрттың көзін шоқытқан:  
Байды жақсы көрмегі,  
Бай баласы бойшаң боп,  
Мешітіне кіргені.  
Кедей байғұс баласы



Үстінде жаман тоны бар,  
Жалаң аяқ, жалаң бас,  
Дірдек қағып жүгіріп,  
Көрген күні немене,  
Көктемгі жүні түспеген  
Боран күпті тайдай боп,  
Жұлма-жұлма түрлері...  
Бай баласы киініп,  
Барса оған жыйылып,  
Ата-анасы тұрады  
Қуаныш қып сүйініп,  
Барса менің балам да  
Сондай болар еді деп,  
Кедей тұрар күйініп.  
Шоқайын киіп шоқандап  
Кедей ұлы барады:  
— Төрдің алдын былғайсың,  
Төмен таман отыр деп,  
Молда зекіп қағады.  
Екі бала таласса  
Бай баласын «жөн» дейді,  
Бір молдадан басқаға  
Бай ұлы да көнбейді.  
Молда алдында жүрсе де  
Кедей сорлы еңірейді...

Қожа келер тау асып,  
Басына сәлде орасып,  
Шариғатқа мөлііп,  
Қараңғы жұрт шын ұйып,  
Қалар естен адасып.  
Қожа зікір түсірер:  
«Малдан зекет беріндер,  
Шариғатқа көніндер,  
Қырық койдың бірін бер,  
Уа, қараңғы пенделер!  
Өлігіңе бие бер,  
Малмен иман алғайсың!  
Ақырет қашан ойлайсың,




Малың толып жатса да  
Дүниеден тоймайсын.  
Малыңнан зекет бермейсін,  
Сөзімді қабыл көрмейсін,  
Менің де айтқан сөзімді  
Кұдай сөзі дегейсін.  
Кұраннан аят айтайын:  
Сауап қылсаң ұлыңа  
Үш тоғызды байлайсың.  
Ақымақ туған болмасаң,  
Кұдайды қашан ойлайсың?  
Байламасаң бір бие  
Ақыретте онбайсын,  
Ақыретте дозақ бар,  
Басыңа қатты азап бар,  
Бірің түгіл бәрің де  
Есітпін бе қазақтар!  
Ақырет ісі қыйынды,  
Шариғат сөзі түйінді.  
Арам малды айдама,  
Арамдықты ойлама!  
Зекетіңнен құтылмай,  
Түйенді әзір байлама.  
Тағы қанша малың бар,  
Артын тағы ойлағын.  
Жүз қаралы жылқын бар,  
Бір атыңды байлағын.  
Артқы жағын ойлашы,  
Қанша берсең көп емес,  
Солай деген алласы.  
Астығыңнан құшыр\* бер,  
Кұраннан аят айтамын:  
Ақыретте иман бар,  
Не болмақшы жыйған мал...»

Жан жақтан көп молдалар  
Жұртты күнде алдайды.

\* Қ у ш ы р (арапша — құшыр) — астықтан берілетін қайыр-садақа.






Төте жолға салмайды,  
Бай, манапқа таныс боп,  
Соңымыздан қалмайды.  
Дем салысып үшкіріп,  
Хатым менен құранға  
Сан тоқтыны байлайды.  
Қосакты қойды айдатты...  
Жанды жөнге салмады.  
Жемқорлыққа үйретіп,  
Елдің бәрін алдады.  
Ел ыңғайы түзелмей,  
Сол мәністе қалғаны.  
Түзу жолды көрген жоқ,  
Ар-намысты білген жоқ,


VI

Николай қазған ор болды,  
Көмегі оның сол болды:  
Николайдың қасында  
Сегіз санат ол болды.  
Амалы жоқ ел көнді,  
Николай тым мелжемді\* —  
Төгеурінді күшті еді,  
Сан қыястық істеді.  
Жақсы жерін тартып ая,  
Крестьянды зарлатты  
Жерсіз қалған крестьян  
Шоқтай болып қамалып,  
Жан сақтарға жер таппай,  
Көрінгенге көз сатты.  
Жер болды тек арманы,  
Шулап жылап қалғаны.  
Қағазында бар шығар,  
Сөзімнің жоқ жалғаны.  
Онымен де қоймайды:  
Малын алды салыққа,

\* Мелжемді — күшті, тырнақты мағнасында.




Шыға алмады жарыққа,  
Басып жүрер жері жоқ,  
Қарсы айтар кебі жоқ,  
Патша алдында еңіреп,  
Егіліп кеп зарлады.  
Құтылмастай бәлеге  
Ылажы жоқ көнгені.  
Осы болды халықтың,  
Осы болды қазақтың  
«Ақ патшадан» көргені.  
Қазақ жері көп еді,  
Жер пайдасын білетін  
Білімді ері жоқ еді.  
Ең байлықтың бәрі де,  
Жердің жеміс нәрі де,  
Алтын, күміс ол жатты,  
Қорғасын, мыс мол жатты.  
Бұдан бізге бүршік жоқ,  
«Білімді» жұрт ап жатты,  
Мұның жайын білмедік,  
Көзді байлап надандық,  
Қанша қор боп жүрмедік?  
Шеттен алды тіміскілеп  
Ағылшынның байлары:  
Асылдың бәрін биледі,  
Нелер завод салмады!  
Тауды, тасты тінтісіп,  
Кенді қазып шарлады.  
Көмір шықты бір жерден,  
Темір шықты бір жерден,  
Қорғасын шықты бір жерден,  
Қалайы мен мыс шықты.  
Алтын, күміс шығар деп,  
Қарап тағы ынтықты.  
Тінтпеген тау қоймады,  
Табамын деп ойлады.  
Біздің қазақ бейшара  
Түкті білмей жүр екен.  
Білмегеннің мәнісі —



Оқуы жоқ басында,  
Шаруаға айналып,  
Босқа қапты жасында.  
Жер жақсысын кім алды?  
Болыс пенен би алды,  
Қарны жуан бай алды,  
Мойны жуан мырза алды,  
Қазнасын ақтарып,  
Ағылшындар қол салды.  
Алтай—Орал арасы —  
Сары-Арқадай жер екен,  
Алатау, Каспий арасы —  
Жетісу, Сырдың бойы екен.  
Қарқаралы, Балхаш көл,  
Көкше сұлу, Баян тау —  
Жер жұмағы дер екен.  
Айдын-шалқар сулары,  
Жасыл тоғай нулары —  
Толған ырыс мол екен.  
Сол жер түгел таланды,  
Бар шұрайды өлшетіп,  
Николай патша ол алды.  
Туған, өскен жерлерден  
Қалың қазақ қуылып,  
Бетпақ шөлге қамалды.  
Көрді қыспақ заманды...  
Жер жақсысын мекендеп,  
Таңдап байлар және алды.  
Салқын жерде сыңқылдап:  
— Мынау менің қыстауым,  
Деп күпінді бай, манап.  
Бізге беріп нұсқауын:  
— Анау менің жайлауым.  
Анау күзеу жайларым,  
Анау пішен шабысым,  
Кедейден жер алынсын,  
Бәрі істелсін айланың.  
Мынау менің жоңырышқам,  
Оны неге алмаймын!..






Кедей кетті бүрісіп,  
Сөйлеріне шама жоқ,  
Қатты қайырып сөйлесе,  
Көзін ашар заман жоқ.  
Күресерге дәрмен жоқ,  
Қолдан келер амал жоқ,  
Басындағы борыштан  
Шошынады бейшара:  
Кетем бе деп қоныстан...  
Мойнына су төгіліп,  
Үйге барар салбырап,  
Қабырғасы сөгіліп,  
Жені жыртық жалбырап,  
«Айтсам сөзім ем болмай,  
Маған берер дем болмай,  
Біз сықылды сорлылар  
Кімдерге жүр жем болмай».  
Қапа болды ол сорлы:  
Айдайын десе егінді  
Дайын тұрған көлік жоқ.  
Ол кедейде ерік жоқ,  
Байға серік болғалы —  
Үйде жатып ойлады:  
«Байым берсе көлікті,  
Маған берсе ерікті,  
Егін шықса бағыма —  
Болар едім көрікті».  
Байға барып жалынып:  
«Көлігіңді беріңіз,  
Сауын болса қарайлас,  
Әл-күшімді көріңіз.  
Сізден қайран болмаса  
Солқылдады беліміз.  
Осы еді айтар шеріміз,  
Мен салайын егінді  
Егін шықса тегінді...»  
Бай қуана көнеді,  
Қос өгізін береді,  
Қос өгізді жетектеп,




Дедектеп кедей келеді,  
Бүрсендеп жүріп ол сорлы  
Көзі жетпей түбіне,  
Тынбай егін салады,  
Баласы жүр дірдектеп,  
Әйелі жүр бірге ептеп,  
Өсіп жігер-талабы,  
Бәрі түсер жұмысқа...  
Қосы біткен уақытта  
Арығы болса шаптырып,  
Жоғы болса таптырып,  
Және тынбай суарып,  
— Жебеймін деп қуантып,  
Пішен уағы болды деп,  
Жарылқаймын сорлы деп,  
Бай да аузын созды кен...  
Салған астық піскенше,  
Ел етекке түскенше  
Бұл кедейде тыным жоқ.  
Ұзақ жазғы кедейдің  
Құлдықтан бос күні жоқ.  
Жағы-басы қуарып,  
Ұрты-басы суалып,  
Астық пісіп келед деп,  
Балалары қуанып.  
Егін пісті, күн жетті,  
Егінді бай шолады.  
Байдың сөзін екі етпей,  
Кедей егін орады.  
Байдың үйі асығып,  
Мол егінді бастырып,  
Қабы астыққа толады.  
Жарылқаймын мұны деп,  
Бір кәрі қой сояды.  
Талай қапты қаптатып,  
(Ұзақ жазға бос жатып)  
Бай астыққа тояды.  
Егін салған кедейді  
Адам деп кім елейді?



Үштің бірі тимейді,  
«Ағалығым тағы бар  
Күш көлік те менікі...  
Қырман түбі сенікі...»  
Деп бай бәрін билейді.  
Көзі көрген мұндайды  
Кедей қалай шыдайды:  
«Көнбес іске көндіріп,  
Терезем тең ұл едім  
Кем болдым» — деп жылайды.  
«Тайынды байлап шөбіме  
Мінейін — деп — бай-еке!»  
Кедей тағы сұрайды.  
Сорлы кедей момынның  
Бір айтқаны келмейді,  
Тайым өліп қалад деп,  
Оған тайды бермейді.  
Бай, манаптың бәрі де  
Үйде шалқып жатады.  
Ішеріне түгі жоқ,  
Кедей аштан қатады.  
Көрдім байдың талайын  
Малдың қамын жемеген.  
Тек шыжғырып малайын,  
Қыс қайтеміз демеген.  
Құр малы көп, тамақ тоқ,  
Күні-түні ұйқы арман,  
Кеудесінде сана жоқ,  
Қыста малы жұтаған,  
Жаздай пішен шаппаған,  
Далаға айдап тастаған,  
Бір кедейге бақтырған,  
Қыс ортасы болғанда  
Қырылар қыс, қасқырдан.  
Сол кезде бай бақырар:  
«Сен құрттың қу кедей» — деп  
Жылқышыға ақырар.  
«Саған ақы бермеймін  
Өлген жылқы сенікі.





Күрттын менің мүлкімді,  
Бір ашпайсың ұйқыңды,  
Үйге келсең шықпайсың,  
Тамақ ішсең тоймайсың.  
Тек күртуды ойлайсың,  
Мал көрмегір қу кедей,  
Бұл дүниеде оңбайсың,  
Мен-мендікті қоймайсың.  
Тіл алмайсың қылжақтап,  
Неменемді аядым,  
Қайсы жыртық киімің,  
Білем жолың сұйығың.  
Әкесі өлген адамдай  
Қарашы өңі суығың!  
Бар, жылқыны жайып кел,  
Жақпаған ит құрығың!..»  
Тігіп берген үйі жоқ,  
Келіп тұрған күйі жоқ,  
Үстінде бүтін киім жоқ,  
Өмірі байға жылқышы,  
Қайтіп болсын тамақ тоқ.  
Көйлек жаман жыртылып,  
От басында итініп,  
Үстіндегі шапаны  
Жұлым-жұлым, жұлым боп,  
Жаман тоны үстінде, —  
Бір жақ бойы бөксе жоқ.  
Етігінде өкше жоқ,  
Жаңбыр өтіп, қар жауып,  
Боран соғып, жел қағып,  
Кеткен жалшы үсініп.  
Әрі дімкес, тамақ аш,  
Әрі мұндай жалаңаш,  
Аш бұрлығып, күн суық:  
Жалшы өрісте өледі.  
Жылқышы өліп қалды деп,  
Біреу айтып келеді.  
«Көме сал..» — деп біреуге  
Бай бұйрықты береді...




Жалшы өлгенмен кұны жоқ,  
Қатын, баласы еңіреп,  
Амалы жоқ көнеді...  
Қарасатын жаны жоқ,  
Сататұғын малы жоқ,  
Аш-жалаңаш қаңғырып,  
Байға келер зар қылып:  
— «Иемізден айрылып,  
Ашылмай тұр қабағым,  
Саған келдік әл құрып,  
Киім жоқ, аш тамағым,  
Жас баламен шұбырып,  
Қай жаққа енді барамын?..  
Мойыныңды аз бұрып,  
Тіл қатсаңшы қарағым?..»  
Ешбір, қайыр, жақсылық  
Ала алмайды бұл байдан:  
«Мен малыңды алғам жоқ,  
Бар сұрандар кұдайдан.  
Мазаны алмай кетіндер,  
Жақып жүрме маңайдан...»

V I

Сәудегерлер келеді,  
Қойдың жүнін қоймады,  
Алғанымен тоймады,  
Елтірі, қап, теріні,  
Арзанға алып ойнайды.  
Қой, жылқыны қоралап  
Андижанға айдайды.  
Соныменен сәудегер  
Миллиончик бай болып,  
Көңілдері жай болып,  
Олжаға оңай дән десер...  
Бұлдағы елге зор кесел.  
Бұлар да елді алдады,  
Бұл да жалшы жалдады,  
Қайда барса жалшыға

1/ 602 3/ 2




Бір жарық күн қалмады.  
«Кұдай салды, амал жоқ»  
Тегін асты кім берер,  
Еттерінен ет кессе  
Болды солай ел көнер.  
Осылай заман осылай,  
Жұрттың жүні жығылды,  
Көрінгеннен бұғылды,  
Су жүрек боп апыр-ай!  
Ақысын жеп сәудегер,  
Жалшыларды әурелер  
Жалшы сөзі ем емес,  
Оң айтса да жөн емес,  
Омыраулап сөз айтса,  
Оған кесік кесілер,  
Екі көзі тесілер.  
Атын тартып көлденен,  
Шапанын да шешінер.  
Бай үйіне барғанда,  
Құлға кесік кестім деп,  
Бәтшағарға \* осы да еп!  
Өзінен басқа кісі жоқ,  
Аяқты ұзын көсілер.  
Кедейдің сол несібі:  
Мойнында үлкен кесігі —  
Үрейі ұшып шошынар,  
Мысы құрып салбырап,  
Дел-сал болып отырар,  
Қатып әбден сілесі,  
Қалмай және түк есі,  
Қайғырар да дағдарар.  
Камап тұрған бірдеме,  
Қайда барса жан қалар!..


Болыс деген бір тоқпақ  
Қаққан кпіз қазықты,

\* Бәтшағар (парсыша, арапша) — бәтшағар — арыс, ұятсыз бала деген мағынада.






«Шығыныңды қой, тоқтат...»  
Дегенге жұрт жазықты.  
Ел үндемей тұқырып,  
Құр тілдерін тістейді,  
«Шыға келер ысқырып,  
Ойбай, к... «кыс!» — дейді.  
«Билік кімнің басында,  
Байлық кімнің қолында,  
Оныменен алысу  
Ашылмайтын сорың да!  
Жуан сөзі мінеки:  
— Малы, жаның кімдікі?  
Қазыналық малың бар,  
Дыбысыңды шығарма —  
Шығар-шықпас жаның бар!  
Бай, манап, би, болыспен  
Күресер қай елің бар!  
Зорлығыма көнерсің,  
Зорлығыма көнбесең,  
Абақтыда өлерсің!  
Бұл қылығыңды қоймасаң,  
Біздерменен «ойнасаң»  
Көрмегенді көресің!»  
Расында бұл кедей  
Сол бәлеге ұрынды:  
Күштіменен күресіп,  
Орға, жарға жығылды.  
Болысатын кісі жоқ,  
Абақтыға тығылды.  
Бермеймін деп шығынын  
Ашып алды тығынын.  
Малынан да айрылды,  
Суынан да айрылды.  
Салық түсті батпандап,  
Сорлы кедей қаңғырды.  
Қаңғырғаны ұзын жол,  
Оның айтар сөзі сол:  
«Болсын деп ем тамақ тоқ,  
Кем-тарларды сөйлеп ем,



Тиді өзіме атқан оқ...»  
Патша әділет болмады:  
Бай, манаппен тоғысты.  
Кедейлерді жем қылып,  
Кызылына тойысты.  
Тентіретіп жарлыны  
Телмендетіп қойысты.

VIII


Әперуге намысты,  
Орнатуға ақ істі,  
Қалың шаруа халыққа  
Маркс—Ленин болысты.  
Жұрт жұмыла аттанды,  
Кім қостамас оң істі.  
Күндіз-түні үндеді,  
Байға кедей ду қойды,  
Бастады жұрт соғысты.  
Данышпандар жол тапты,  
Қуат, күшті мол тапты.  
Жалшыларды жуанға  
Күресуге аттанты.  
Қолы есеге жетпеген,  
Сөзі туғалы өтпеген  
Малшы, жалшы кедей боп,  
Құлшылықтан кетпеген,  
Езілгендер жыйылып,  
Жуандармен күресті.  
Ұлы Ленин бас болып,  
Қанаушыға қас болып,  
Бай, патшаны құлатты,  
Би, болысты жоғалтты.  
Совет құрды — жаңа заң,  
Бұл бір атқан бахыт таң.  
Жұмысшы мен шаруалар —  
Жалшы, кедей, әйел боп,  
Сөз сөйледі жүйелеп:  
Байлар жыйған малдарға




Енді өзіміз не боп,  
Алды кедей теңдікті  
Үкіметке не боп.  
Николайдың тұсында  
Кедей сорлы жасыған.  
Патша тақтан түскен соң  
Көрдім елді тасыған.  
Тас кенедей ел сорған  
Саба құрсак, бай, жуан,  
Ел құтылды сол сордан.  
Есейген енді ел көрдім:  
Еңбегімен байыған,  
Биелері құлындап,  
Сыйырлары бұзаулап,  
Түйелері қайыған,  
Қойы болса қоздаған,  
Кедей көрем кеңесте  
Келелі сөз қозғаған.  
Жалшы жетті теңдікке  
Бір күндерде боздаған.  
Сөзі тапты жүйесін,  
Малы тапты несін, —  
Иесіне мал келді,  
Кедейге совет әл берді.  
Советінің ұраны:  
Жалшы, малай, батырақ,  
Шаруанды сәнде енді!  
Жарлыны көпке теңгерген,  
Жұмыскер мен кедейге  
Адаспастай жол берген,  
Әділдікке бастаған.  
Халық үшін еңбек қып,  
Осы жолды өмірлік  
Лейни бізге тастаған.  
Жуандарды жұмсартқан  
Өш алған бай, молдадан.  
Большевиктің тұсында  
Елдің бәрі бірігіп  
Араларын ашпаған.



Бір ауызға қараған,  
Бір ауыздан мақұлдап,  
Токтам қылып тараған.  
Қашқан байды қоймаған,  
Ұстап алып айдаған.  
Жазаларын тартқызып,  
Жуандарды жондаған.  
Совет орнап еліме,  
Жерге кедей кенелді,  
Байлар жымып жөнелді.  
Енді қожа кім болды?  
Кодандаған жуандар  
Тілін тістеп жым болды.  
Кедей, жалшы масайрап,  
Енбек етті жерінде  
Көздерінде нұр жайнап.  
Өткен күндер кедейдің  
Көкрегінде тұр сайрап:  
«Байлар жерді сатушы ед,  
Шалқасынан жатушы ед,  
Бірігіп егін салғын деп,  
Бестің бірін алғын деп,  
Бейнетінді аяма,  
Жібермеспін заяға,  
Қосты барып айдағын,  
Шабатұғын пішен бар,  
Суаратын егін бар,  
Қазатұғын арық бар,  
Жұмыс деген тіпті көп,  
Ішін, сірә, байыптар...  
Менменсінген немесін,  
Ашып қара көзіңді,  
Кім бұзады сөзімді,  
Қалжақтамай жұмыс қыл,  
Кім деп жүрсін өзінді!...»  
Корқып қалған су жүрек  
Жанын қалай қыяды!  
Келеме деп артымнан  
Жалтақ-жалтақ қарайды.




Етек, жеңін түрініп,  
Асығам деп сүрініп,  
Қатынына айқайлап,  
«Шапшаң кел!»—деп ойбайлап,  
«Байға жұмыс қыламыз.  
Боп жүрмесін бір сұмдық.  
Мазасы жоқ, ку, нағыз...»  
Шоқпыт көйлек етінде,  
Жамаулы дамбал к...,  
Қатын келер жүгіріп,  
Баласының қарны аш,  
Үйде жатыр бүгіліп,  
Өзі тырдай жалаңаш...  
Сөйткен байдың зорлығы  
Өз басына келіп тұр.  
Кеше қорлық көргендер  
Бүгін шат боп күліп тұр.  
Бай қолынан жер кетті,  
Бар қазына мал мен үй  
Байдікі емес — біздікі.  
Өз қылғаны өзіне  
Ақырында кеп жетті!  
Үкіметтің ұраны  
Елге өнеге үйретті:  
Айтты кедей ақыл сөзі!  
Жақсы шығып жалшыдан,  
Жарылқаған болды кез.  
Елді ұлы іске бастаған,  
Ескі әдетті тастаған,  
Адал ниет, ақ жүрек  
Арамға ауыз ашпаған,  
Мизамсыз іс қылмаған,  
Елді жеген жуанның  
Түбін құртпай тынбаған.  
Жалпыға оқу ашылған,  
Білім нұры шашылған,  
Балалар да жол танып,  
Ел ісіне қосылған.  
Үлкен, кіші деместен



Жабыла оқу жан-жағым,  
Ой жіберем осыған.  
Елестер сап белеңдер,  
Соның бәрін ашқан да  
Қол жеткізген асқарға —  
Маркс—Ленин кемеңгер,  
Ақылменен жол тапқан  
Асып туған сол ерлер!  
Осы менің оралып,  
Қыйуадан келгенім.  
Жер мен суды қолға алып,  
Жетісіп тұр енді елім.  
Сексен бірге жеткенше  
Осы менің көргенім.  
Узақ жолдан осындай  
Менің жыйып-тергенім.  
Замана ағымы осылай!  
Айтып бердім жүрсін деп,  
Естерінде сендердің.  
Ендігісін біртіндеп  
Көрсетіндер өздерің:  
Ленин туын қолға алған,  
Қалын қайрат қозғалған —  
Жалшы кедей досым-ай!  
Күн де туды сен үшін,  
Ай да туды сен үшін,  
Заң жасалды ел үшін,  
Серпіле түс, серпіле  
Бұрынғыдай жасымай!





## ТУҒАН ЕЛІМ <sup>202</sup>

**Т**оксанға келген жасым бар,  
Көпті көрген басым бар,  
Аман жеттім бұл күнге,  
Ойды, қырды аралап,  
Жалғыз атты сабалап,  
Серік қылдым өмірге.  
Домбырамды өңгеріп,  
Өзіме-өзім дем беріп,  
Жұбаныш қып көңілге.  
Осынша жасқа келгенде,  
Өзендей өлке көргенде,  
Немерем мен шөберем,  
Әкелеп маған ергенде,  
Ескі күнім жаңарып,  
Көсегем көктеп өргенде,  
Заманым, күнім жасарып,  
Жұртым топ боп жыйналып  
Сөйлеуге кезек бергенде, —  
Дауыста, Жамбыл, дауыста!  
Сөйлеп бір жібер, сөйле енді!


Жыйналып жұртым алдымда  
Тыңдауға мені келіп тұр.  
Сөйле деп ойда барыңды, —  
Анталап қамап төніп тұр,  
Шежіре не айтар деп  
Балаларым сеніп тұр.  
Қыялымды қозғауға,  
Құлағын бұрап сөйлетіп

Домбырамды беріп тұр.  
Қайтарма жұртым меселін,  
Күшінді жыйып бойыңа  
Біраз ғана кеңес кұр.

Қазақ-қазақ болғалы,  
Көрдік ғой талай хандарды.  
Өткіздік қой біз бастан  
Азапты ауыр заңдарды.  
Қоқан билеп бір кезде  
Өрістегі малды алды.  
Кұсбегі хан кұтырып,  
Бойжеткен жас қызды алды.  
Қызды алмады, жанды алды,  
Жайлауды сонда шаң басты.  
Тынық көлдер шайқалды,  
Сол бір өткен заманнан  
Арман болар не қалды?

Ханның бірі Абылай,  
Мақтаман оны асыра,  
Аш бөрідей жалақтап,  
Нөкерін, қолын шұбыртып,  
Өзім деген кісіні  
«Датқа» деп алған қасына.  
Қарсы болған кісінің  
Қан жаудырған басына.  
Абылайдың тұсында  
Қандай қып елді сұраған? \*  
Ерегіскен кісіні  
Қыл шылбырдай бұраған.  
Адамды Абылай тұсында  
Ултаракпен тең көрген.  
Жесір алса — күң болған,  
Күң бейшара жылаған.  
Жауласқан жерден күл алған,  
Күл сорлы да аңғарған,

\* Сұраған — елді билеу мағнасында.



Косылып күнге жылаған.  
Тоқсанға келген жасымда,  
Сол бір өткен заманның  
Болсын маған несі арман?

Одан бері келгенде,  
Өлкені басты бір сарың,  
Жыландай бойға оралып,  
Қысқанын көрдік патшаның,  
Жердің бетін қаптады,  
Елдің жанын қақтады,  
Таппадық ылаж, амалын,  
Бірге шапты патшамен  
Жәңгір хан атты арамың.  
Көкорайлы жерді алды,  
Ағынды өзен суды алды.  
Жолын кесті Оралдың,  
Ашылған қорқау араны.  
Осынау бір заманда  
Болыс шықты зіркілдеп,  
Мырза, старшын атанып,  
Ауылнай шықты діңкілдеп,  
Шен таққан би шіреніп,  
Қонса байдың аулына,  
Қайнады қазан бүлкілдеп,  
Отырды бай ақ үйде,  
Алдындағы керсенде  
Сары кымыз кілкілдеп.


Кедей байғұс баласы  
Жалаңаш шекпен етінде,  
Секпілі бар бетінде,  
Қу қарынның қамы үшін  
Аталып малай жүреді  
Бай малының шетінде.  
Шілдеде аптап астында,  
Қыста боран ішінде,  
Жас баласы қозы да,  
Қатыны жүр от жағып,



Бәйбішенің еркінде.  
Сол бір өткен заманның  
Несін арман етейін, —  
Жетіскен жаңа күнімде.

Алпыс бестен асқанда,  
Жетпіске кадам басқанда,  
Өмірі естіп білмеген,  
Өмірде көзім көрмеген,  
Көрсетті Ленин қайратты...  
«Кұлдан, күннен» қол құрап,  
Асырды ерім айбатты.  
Тажын жұлып патшаның,  
Алтын тақтан кұлатты.  
Салтанат, сәнін қыйратты,  
Ұлы, қызын жылатты,  
Көзден жасын бұлатты.  
+ Ағарып бізге таң атты,  
Қазақ та атты жаратты,  
Жаппай шауып жан-жаққа,  
Ленин есімін таратты.  
Қудық біз де ортадан  
Бай мен болыс, манапты.  
Содан бастап қазаққа  
Қыймылдарлық әл кірді,  
Кеудесіне жан кірді.  
Жан кіріп қана қоймады, —  
Ел боларлық сән кірді.  
Сәнді қазақ елінде  
Қартайғанда ән салған,  
Өлеңін қойдай тоғытқан,  
Тындаушысын ұйытқан —  
Көретін болдың Жамбылды.

Лениндей басшым іңкәрім,  
Бүгінгі дана Сталин,  
Жырлауға оған сөз жетпес  
Шебер ақын ұстаның.  
Пайғамбарға теңеуге,




Сүндет, уажып, парыздан  
Артық көрем уставын.

Асқар тау биік дер едім,  
Көрініп тұр төбесі,  
Ақылы дария дер едім,  
Бірақ кейде дарияның  
Қайырлайды кемесі.  
Шайқалған жорға дер едім,  
Ат та шаршап болдырар  
Кездессе жердің белесі.  
Домбыраны алғанда  
Сталинге тең таппай  
Қыйналған Жамбыл жері осы.


Туған айдай дер едім,  
Түнде барда күндіз жоқ,  
Жанған күндей дер едім  
Күндіз бар да, түнде жоқ.  
Темір қазық дер едім  
Тек тұрғаны болмаса,  
Онда тіл де, үн де жоқ...  
Ең жарығым — Сталин  
Түнде де бар, күндіз бар,  
Жанып тұрған жалынды от.

Рұхсат етсең әлеумет!  
Тынығып біраз көрейін,  
Дем алып тағы сөйлейін,  
Сөйлеттің неге демейін,  
Жүзге жасым жеткенше,  
Өлеңнен ұрық себейін.  
Тартынбайын шегініп,  
Домбырамды жебейін.  
Өлгенімше өлеңмен  
Сталинді жырлайын,  
Бітелмесе көмейім.  
Сөздің бәрін салмақтап,  
Асылдарын терейін,




Айтып жүрсін кейінгі  
Жас балалар, ұрпақтар,  
Сталинді теңейтін  
Теңеу тауып берейін!

1936







ХАЛЫҚТЫҢ ЖАРЫҚ СӘУЛЕСІ,  
АДАМНЫҢ ДССЫ СТАЛИН <sup>203</sup>

**Ә**лемді келдім аралап,  
Күшімен будың көмірдің,  
Еділ менен Жайықтың  
Белдерін қыя баса өтіп,  
Шұрайын көрдім жерімнің.  
Алты күнде айшылық  
Алыс жолды қысқартып,  
Ордасын көрдім елімнің.  
Ақталғанын таныдым  
Заманнан бергі сарсыған  
Табан ет, маңдай терімнің.  
Дүниенің сөнбес шырағы —  
Келбетін көрдім Лениннің.  
Ақыл-ойдың дариясы,  
Даруы болған сабазым  
Ғасырлар тартқан шерімнің.  
Шашы ағарған басымды  
Иіп, төмен еңкейіп,  
Алдынан өттім ерімнің.  
Айтып өттім күбірлеп,  
Өзі салған жолымен  
Көркейгенін елімнің.  
Бахытты тұрмыс орнатып,  
Көрсеткен өмір ұшпағын,  
Теңдікті берген қолыма  
Лениншіл ұлы — Сталин!

Астананы аралап,  
Қызықтың көрдім талайын.

Гүлденген бақша, тас көше,  
Зәулім биік сарайын.  
Сән, салтанат, тамаша,  
Көз тоймайтын қараса,  
Қайсы бірін санайын!  
Халқы алды қарсылап,  
Еңбекте келіп бас қосқан  
Өзіммен туған ағайын.  
Еңбектің кені — астана,  
Ақылдың кені — астана,  
Бахыттың кені — астана.  
Қызығыңа теңеу жоқ,  
Жокты қайдан табайын!  
Бахытты тұрмыс орнатып,  
Көрсеткен өмір ұшпағын.  
Теңдікті берген қолыма  
Лениншіл ұлы — Сталин!  
Көңілде арман қалдырмай,  
Қызықты көрдім, шарладым.  
Жер астынан жүретін  
Оқтан жүйрік от арба —  
Саяхат салып барладым.  
Шамы—жұлдыз жарқырап,  
Асыл тасты әшекей,  
Оюлап тұр жан-жағын.  
Осы жолды салғанда  
Алғашқы күрек ұстаған,  
Ардақты достым Лазарьға  
Рахмет, алғыс арнадым.  
Бахытты тұрмыс орнатып,  
Көрсеткен өмір ұшпағын,  
Теңдікті берген қолыма —  
Лениншіл ұлы — Сталин!

Аспанменен таласқан  
Театр — биік зәулім.  
Мақбалы, берен құлпырып,  
Қойны ашып қарсы алды,  
Қуанып келген бауырын,

Бұрын кұл мен күң болған,  
Тұрмыстың татқан ауырын  
Қазақтың ұлы, қыздары  
Астананың халқына  
Көрсетті қырдың өнерін,  
Ән, өлең, күй, сауығын.  
Туысқандық жүрегі  
Қуана соғып, қалың жұрт  
Шапалақтап қол ұрды,  
Дәулеті тасқан қызықты  
Көргенде колхоз ауылын.  
Тілі басқа көп жұртты  
Бір анадан туғандай,  
Ағайын етіп сыйлатқан,  
Тастатып тұрмыс ауырын,  
Ардақтаймын, сүйемін  
Сталиннің дәуірін.  
Тізелесіп өзіммен,  
Жібітіп балдай сөзімен,  
Көппен бірге отырды  
Халықтың ұлы көсемі,  
Қасында бәрі қоршалап,  
Ағасына еркелеп,  
Елімнің білгіш шешені.  
Ақ дидарын көргенде,  
Жетпіс жылдай қорланған  
Жазылды жүрек кеселі.  
Жайдары жүзін суреттеп,  
Тегіс теріп жөнелсем,  
Табылмас сөздің есебі.  
Бахытты тұрмыс орнатып,  
Көрсеткен өмір ұшпағын.  
Теңдікті берген қолыма  
Лениншіл ұлы — Сталин.

Қол ұстасып көрісіп,  
Кұзырын да таныдым  
Калининдей ағаны.  
Елімде еңбек қайнатқан,




Бір жүз жетпіс миллион  
Бахытты болған адамды  
Баласындай мәпелеп,  
Мұхтажын тауып бағады  
Клим батыр қасында,  
Қол бастаған жауынгер, —  
Қызыл жұлдыз жағалы.  
Басшыларым данышпан,  
Елімнің халқы бағалы.  
Сол көптің бірі мен едім,  
Кремльде Калинин  
Өз қолымен алып кеп,  
Улы сыйлық наград  
Омырауыма қадады.  
Бахытты тұрмыс орнатып,  
Көрсеткен өмір ұшпағын,  
Теңдікті берген қолыма  
Лениншіл ұлы — Сталин!

Кәріліктің көнбей ырқына,  
Анадан жаңа туғандай,  
Қызықтың көрдім байтағын  
Қаным қайнап бойымда  
Өмірді қайта шайқадым.  
Домбырамды қолға алып,  
Гүлдендірген елімді  
Көсемге сәлем айтамын:  
Уа, Сталин жаным құлақ сал,  
Қария Жамбыл жырласын.  
Мен сөйлемей кім сөйлер,  
Заманым менің сырласым.  
Жалынды жастар құрдасым,  
Бахыт күсы қолында,  
Елімнің де, менің де  
Қызыққа бөлеп, әлдилеп,  
Өзің бағып тұрғасын.  
Мәскеуде көріп өзінді,  
Бастан өткен шолыдым  
Тоқсан жылдың тұлғасын.



Барып қайтты алдына  
Бахытты ұлы, қыздары  
Кеніген елдің өрісі,  
Қазақтың байтақ ән-жырын  
Ордаға тиіп келісі,  
Аз ғана жылда көп өсіп,  
Астанаға арнаған  
Көрсетіп ойын берісі  
Осының бәрі өзіңнің  
Халқың үшін сіңірген  
Еңбегіңнің жемісі.  
Бірліктің, күштің, өмірдің  
Ұлғая бермек өрісі.  
Алтайдан бастап батысқа,  
Көз жетпейтін алысқа,  
Созылып, бекіп, нығайды  
Азаттықтың желісі.  
Бахытты тұрмыс орнатып,  
Көрсеткен өмір ұшпағын,  
Теңдікті берген қолыма —  
Лениншіл ұлы — Сталин!

Арманы жоқ жастардың,  
Балапандай балбырап  
Баурайында гүлденген.  
Бахыттан шомып бахытқа,  
Заманы мынау түрленген.  
Өмірі мынау әшекей,  
Оранған жібек бүлдемен.  
Солармен бірге жүрер ем,  
Солармен бірге күлер ем,  
Жас бола қалған күнде мен.  
Қуаты толып қуанып,  
Жамбыл келді жеріне.  
Әңгімесін шертеді  
Колхоздағы еліне.  
Домбырасын көтеріп,  
Шаттық жырын шығарад  
Алатаудың дөңіне.



Өленім — балға, ән — кашау  
Таудың салам кеніне.  
Егінді, шөпті қырыма,  
Балықты айдын көліме,  
Өзім тірі тұрғанда,  
Улы көсем Сталин,  
Жүрегімде сақтаймын  
Өленді де, сені де.  
Бахытты тұрмыс орнатып,  
Көрсеткен өмір ұшпағын,  
Теңдікті берген қолыма —  
Лениншіл ұлы — Сталин!

Халыққа беріп азаттық,  
Кеніттің өмір қыспағын.  
Ақылынды күндеген  
Ішінен күйсін дұшпанын!  
Шекарада жатырмыз,  
Өзің арнап тапсырған  
Бахытты жердің дұшпанға  
Бермеспін кесіп пұшпағын.  
Мен де қызыл жауынгер,  
Сенсің менің штабым.  
Өркенің өссін көп жаса,  
Халықтың жарық сәулесі,  
Адамның досы — Сталин!

1936





ВОРОШИЛОВ ТУРАЛЫ ПОЭМА <sup>204</sup>

I

**Т**өгіл жыр, кез жиһанды, шырқа әнге сал,  
Кілемді Түркпеннің түбіне бар,  
Қазақстан жерінде желдей есіп,  
Бақшалы Өзбекстан гүліне бар.

Арала Тәжікстан асқарларын,  
Мұнайлы Азербайджан астарларын,  
Одақтың он бір елін түгел шолып,  
Бір толғап түйінді жыр тастар шағын.

Мен қартпын кепті көрген кәрі бұлбұл,  
Ежелден ел жырлаған көне Жамбыл,  
Бүгінде жырым жана, күнім жана,  
Әнімін жас елімнің, қыраны алғыр.

*Қызылорда 1966.* (Ел шауып, жұрт жылатқан хан мен бекті —  
Жырлауға даусым шықпас сұм жендетті.  
Мен жырлаймын, көтерем көкке атын —  
Елім ері халық сүйген большевикті.

Ленин мен Сталиндей терең ақыл,  
Өсірген нарком етіп сөзі нақыл.  
Басшысы армияның әлемге айғақ —  
Арналад бұл өлеңім — Клим батыр.

II

Патшаның лағнат қамыт тағыменен,  
Миллион жан жокшылықтан таяқ жеген.

Баяғыда қор болып өтсе қазақ,  
Зорлықтан Украин да зар еңіреген.

Мұнда — бай, онда — сорды помещиктер,  
Күш қайда қарсы тұрып оған тіктер.  
Тек қана домбыра мен бандураның\*  
Үнінде ізі қалды ауыр жүктер.

Жарлылық, қараңғылық жұртты басқан,  
Украина, даласында Қазақстан,  
Есіттім көп уақиға көзбен көрдім  
Ондағы қара күнді өткені бастан.

Семірді помещиктер елді сорып,  
Егінін еңбекшілер берді орып,  
Молда, поп уын шашып елді аралап  
Халық көзін ашпауға алдын торып.

Күзғынша полиция елді бакты,  
Айдады, атты, шапты түрме жапты...  
Осындай қара күнде Клим туды —  
Өмірде қорлық, зорлық бейне абақты.

Кара су, қара нан жеп сары белде,  
«Күдайға» құл болғанда, байға пенде,  
Шыжыған ыстық күнде егін орып,  
Мал баққанды білерсін қазақ сен де.

Ашының көрдім талай дәмін алып,  
Өмір қадірін таныдым арып-талып,  
Қазақтың малды баққан жалшылары  
Сүйеді өз Климін ұғып танып.

Білеміз Клим өмірін, біз де көрдік,  
Таныймыз Клим өмірін, түзде көрдік.  
Сондықтан да, ардақты бізге Клим,  
Қашан да сен біздіксің, біз де сендік.

\* Б а н д у р а — Украин халқының музыка аспабының бір түрі.

Қазақтың малшылары мыңнан тандап,  
Өсіред көп жүйрікті Климге арнап,  
Ен тағып, кекілін кесіп, «осы» дейді,  
Шығатын сан тұлпарды топтан самғап.

III

Өтсе де жастық шағы азаппенен,  
Кеміту, қорлық, зорлық, мазақпенен.  
Клим өсті, ер жетті, жігіт болды,  
Семсердей өткір, өжет, болат берен.

Заводта ол ерлігін елге танытты,  
Алтындай жұмысшылар көзін тартты,  
Тап арын табан тіреп — таймай сақтап,  
Күреске парасатпен тартты халықты.

Жуанға күші көп деп бас ұрған жоқ,  
Кез келсе бетін ашты, жасырған жоқ,  
Тап үшін күшті күрес қуатымен  
Бойынан жау қылығын асырған жоқ.

Донбастың шахтасында қайнаған кек,  
Қатқан кез, айтып болмас пәлендей деп,  
Жұмысшы қалың қолын көтеруге,  
Тұрғанда іштен тынып күтіп бір «леп».

Бұл лепті сонда оларға Клим берді,  
Қалың топ Донбастағы соңына ерді.  
Қызыл ту жел көтеріп жалын жанды,  
Жалауы қайнаған кек басты жерді.

Көтеріп таң сәулесі Клим ерді,  
Жатпауға жанның кегі хабар берді.  
Сондай кекті жырласам еске салар  
Хан Жәңгірге аттанған қалың елді.

Бір күнде Исатайдай қажырлы ерім,  
Көтерген ханға қарсы байтақ елін;



Тұлпардай тұяғынан от жарқылдап,  
Калың қол Сары-Арқаның басқан белін.

Ашулы қатқан қабақ елдің кегі,  
Аттанған залымдыққа асқан шегі.  
Алдында Исатайдай батыр бастап,  
Қамаған хан ордасын қазақ елі.

Клим ер тамам ұлтты алға бастап,  
Көтерген қалың қолды жауға нұсқап,  
Ер кәдірін әрине халық ұмытпас,  
Көтерген ел теңдігін туын ұстап.

#### IV


Зарлатып жетім-жесір, сан бейбақты  
Оқ, қылыш, темір бұғау, қанға батты.  
Ерлерді ел бастаған теріп алып,  
Сібірге патша залым қуды, айдатты.

Жерлерден қарлы боран жолды басқан,  
Аязда шықырлаған түтеп аспан,  
Жасқанбай зұлым патша зардабынан,  
Талқан қып тас бұғауды Клим қашқан.

Босаған жас қырандай тар қапастан,  
Ол қашып Каспий өтті тау мен тастан,  
Жасырынып патшаның жендетінен  
Бакуге — үлкен кенді мұнай аққан.

Бакуді біз білеміз, тарихта аты,  
Еліне еңбекшілер мәлім даңқы,  
Бастаған Сталиннің өз қолымен,  
Бакудің пролетарын зор қайратты.

Бакуді өзім барып көргенім жоқ,  
Қанықпын — көрмесем де естимін көп.  
Сықылды қара меруерт біздің Эмбі,  
Жанары Қазақстан жұлдызы боп.



Білемін онда бұрап жердің астын,  
Шығарар мұнай майын судай тасқын,  
Көп көрдім, көп жасадым, көп естідім  
Ішінде ақсақалды мынау жастын.

Бакуге Эмбі арқылы болсақ қанық,  
Көреміз Сталинді айқын жарық.  
Халық тағдырын парасат қолмен шешкен,  
Нұрына бүкіл әлем болған қарық.

Қазаққа өз қолымен теңдік берген,  
Жер берген, астық берген, ерлік берген,  
Грузия қыраны тауында өскен,  
Бакуге жау жеңуге ұшып келген.

Донбастың большевигі Қлим батыр,  
Бірге істеп Сталинмен болып жақын.  
Майданда шыққан таптың көсеміне  
Көмек қып, сөзін тыңдап, сұрап ақыл.

Бір болды көсемменен ауыр күнде,  
Қашан да тәні бөлек жаны бірге.  
Табанды тар кезеңде ақылшысы  
Окопта, зор майданда, Кремльде.

V

Халық табаны қозғалып алғанда бет,  
Ленин, Иосиф ақылы болып медет.  
Толқынды тура жолға түзеп салды,  
Қолтықтап тар жолдарда сүйреп, жебеп.

Адам ұлы басшысы екі көсем,  
Өмірді қайта жасап тұрғызды әсем.  
Бәрінде қолқабысшы болды Қлим,  
Халықты ертіп ер болды түйін шешер.

Қару ап халық қабындап сайланғанда,  
Бас қосып аттануға бар байларға,

Жер мен су, завод, фабрика, үкіметті  
Алуға қолмен тартып қан майданда.

Клим ер еш қорқыныш сезген емес,  
Өлем деп зор мақсаттан безген емес,  
Қол бастап жұмысшыға қару берді,  
Не — жеңу, не — жеңілу — таптық егес.

Аулақта ұзақ түндер ұйқы көрмей,  
Үгіттеп жұртты бастап соққан желдей,  
Ленин мен Сталин бар қуатшысы  
Қалады қай еңбекші Климге ермей.

Шақырды қазақтағы барлық ерді,  
Қолына найза ұстатып, қылыш берді.  
Үніне құлақ қойып шақырғанда,  
Шыққан ед сонда ерлер қалың қолды.

Жырласан мұндай ерлер еңбекші үшін,  
Көрсеткен қан майданда қайрат, күшін,  
Бір таңға әрбір ісі ертеке болар,  
Урпағым шын батырды білмеймісің?..


## VI

Жарқ етіп Октябрьдің күні шықты,  
Күн туды белдесетін жаумен мықты.  
Ағытқан томағасын Клим қыран,  
Сан жаудың мойнын үзіп жерге тықты.

Құтырған аш қасқырлар қашты, бүкты,  
Жас қыран көрінгенін бұрап сықты.  
Жұмысшы мен шаруа үкіметі —  
Орнады, біздің, елге мәңгі орнықты.

Заң шықты — кедей, кемтар жер, су алды,  
Мал алды, теңдік алды, қарық боп қалды.  
Жалдама жауыз қолын қуып тастап,  
Кедейлер бахыт жыры әнге салды.





Қараңыз бай, жуанның ендігі ісін,  
Жан-жақтан кұрастырып қалған күшін.  
Қаптады топ-топ болып тағы кұзғын,  
Бахытын халықтың тартып алмақ үшін.

Шақырды Ворошилов аттануға,  
Қару ап, ұйымдасып саптануға,  
Бахыт үшін, ерік үшін, теңдік үшін,  
Халық үшін таласуға жер мен суға.

Астында қызыл тудың басын қосып  
Қол шықты келген жаудың жолын тосып,  
Қаптатып еңбекшілер отрядін,  
Қлим ер жауды қуды бетін осып.

Білінер ердің ері кезеңде тар,  
Ел өткелге келгенде — алдында жар.  
Ленин мен Сталиннің өнегесі  
Соғатын іс пен жүрек бір барабар.

Қазақтың ардагері Амангелді,  
Көтерген тап майданда қараңғы елді,  
Бірлесіп қалың қолмен Қлимге еріп,  
Жерінде Қазақстан жауын жеңді.

Амангелдіні ерткен Қлим батыр,  
Ерлігін халқы сүйген көріп мақұл.  
Халықтан шыққан халық ері, халық қыраны  
Өткір, өжет, табанды, терең ақыл.

## VII

Тәрбие алған залым патша, бектен,  
Аттанды генералдар жем дәметкен:  
Жалдама жауыз Қолчак шығыс жақтан,  
Деникин иттерімен оң жақ шеттен.

Қамалып батыс, теріс — түс-түс жақтан  
Елімді қаусатуға банды ақтар...

Қорғандай ел шетінде, жау бетінде  
Каласы Царицынның жатыр батпан.

Осыны генералдар қамап алды,  
Жасқанбай жасанған жау соғыс салды.  
Қарсы алды, сескенген жоқ, Царицынның,  
Басында Сталиннің өзі барды.

Еңбекте, ел қорғауда, қан майданда  
Сүйреген Сталиннің қуаты алға.  
Көп көрген, көпті білген парасатты,  
Нұсқаған оң жолына теңеу бар ма!

Тар жерде тапсыратын қыйын істі,  
Досына Қлим сынды батыр, күшті,  
Сталин тапсырды да зор майданды,  
Жөн сілтеп, қуат беріп қолын қысты.


Әскерді Қлим жауға түзеп салды,  
Қарысты жасанған жау өңшең банды,  
Қасқырдай қаптаса да түс-түс жақтан,  
Большевик жеңіп шықты зор қамалды.

Кім шыдар Қлим сынды зор қамалға,  
Банданы қаратпаған жан-жағына,  
Жалдама солдаттардың зәресі ұшып,  
Қарамай қайта қашты алды-артына.

Көсемнің Қлим ердей тастүлегі,  
Хабар берді «келген жау қашты» деді.  
Сталин мұртын сыйпап, салқын қанмен,  
Қолын ап күлімсіреп «жақсы» деді.

## VIII

Ақындар домбыраны қолға алғанда,  
Күңрентіп күйді тоқсан толғанғанда,  
«Кімді сөз ғып жырлайсың» — деп сұрасаң,  
— Мәжілісте тереңнен сыр қозғағанда.



Асыл сөздің несі акын сонда —  
 — Жырлаймыз, — дер — домбыра алсақ қолға,  
 Жырлаймыз бүгінгі өмір — шат тұрмысты,  
 Елімді айналдырған бахыт жолға.

Бақыт  
 жолы

Елімді, өмірім, далам гүлдендірген,  
 Әлемді нұрға күндей түрлендірген,  
 Сталинді жырлаймыз, әндетеміз,  
 Бахыт жазын жеріме мүлде ендірген.

Асыл сөздің атасы акын сонда:  
 — Жырлаймыз, — дер — домбыра алсақ қолға:  
 — Сталиннің жан досы, әскер басы  
 Ұстаған күш тұтқасын қашан да оңға.

Қарулы Отанымыз ардақты ері,  
 Сүйетін, қастерлейтін туған елі.  
 Таласып тар кезеңде жауды қуған,  
 Елімнің арыстаны, ардагері.

Жамбыл да әнге салып күй кернейді,  
 Аузына Қлим түссе күй кернейді,  
 Айбатын, батырлығын, тұлпар атын,  
 Жырласа көкке құлаш күй сермейді.

Арыстан — Жирен атты Қлим батыр,  
 Айлакер, алғыр қыран, терең ақыл,  
 Қасында Буденныйдай жан жолдасы,  
 Бастаумен атты әскерді келе жатыр.

Түйсінсе жау қашатын айбатынан,  
 Көрсеткен қан майданда қайратынан.  
 Үйреткен Сталиннің жас қыраны —  
 Қалың жау зәресі ұшқан жайда атынан.

Тастүлек, таймас қыран мұзда өскен,  
 Көк болат алмас қылыш нарды кескен,  
 Жан досы Сталиннің қасындағы,  
 Тар жерде халық тағдырын қолмен шешкен.

Асыл сөздің несі  
 акын сонда



Москвада бірінші май мейрамында,  
 Өтетін үлкен тойда бізде жылда.  
Дәм айдап, Жамбыл сонда бірге болды,  
 Қызығын мен айтайын жұртым тыңда!

1961

Лек-лек боп қатарласқан қалың халық,  
Шығады бахытты өмірін ән ғып салып,  
 Ішінде өзбек, орыс, қазақ, қырғыз,  
 Украин, грузин, татар, тәжік.

Мәдени

Сталин мавзолейден тұрар қарап,  
 Табысты, қуанышты қолмен санап,  
 Құттықтап жаз бен жастық бахыт жырын,  
 Ұшырған балапанын сұңқардай-ақ.

Корона  
1961/62

Сап түзеп, әскер шығар қатар-қатар,  
 Асынған бәрінде бар бір бесатар,  
 Түріндей жолбарыстың қаһарлы айбат,  
 Қалың қол атты, жаяу келе жатар.

1961/62

Бұдан соң танкі шығар темір тұлпар,  
 Кез келсе қалың жауы күл ғып ұнтар.  
 Аспанда ұшқан құстай -тізбектелер,  
 Қаптаған самолеттер болат сұңқар.

Көкпен-бек жердің жүзі қару-жарак,  
 Болмайды мынасы деп қолмен санап.  
 Зеңбірек, пулемет пен найза, қылыш,  
 Тамаша таң қаласын тұрсаң қарап.

Бір кезде атты шығар көздей қайнап,  
 Пар-пар боп түс-түсімен гүлдей жайнап.  
 Боз, күрен, қара, жирен, ала, шұбар,  
 Өтеді ауыздығын қарш-қарш шайнап.

1961

Секіртіп бір мезгілде аргымағын,  
 Шығады Қлим батыр жанған жалын.

Сүйікті Маршал, Нарком ел қорғаудың,  
Астында Жирен аты бейне сағым.

Өтеді желдей есіп жұртты аралап,  
Шығады мавзолейге, жұртқа қарап.  
Сөйлейді суырылып бір-бір талдап,  
Міндетін ел қорғаудың қолмен санап.

Оның сөзі естілед барлық жаққа:  
Ташкентте, Фрунзеде, Ашхабатта,  
Бакуде, Тбилисиде, Алматыда,  
Сақ-сақ етіп келеді бар құлаққа.

Қандай жау келседағы етпес хауіп,  
Қидірген Отанына темір сауыт;  
Үлгі алар наркомынан әрбір әскер,  
Колхозшы, жұмысшы фабрик, завод.

## X

...Манжурде қайнаған кек қанға ұласты,  
Қытайда қалың қытай жауға айқасты,  
Кек қайнап қарсы жаумен арпалысып,  
Ызамен жауды қуып, араласты.

Шетінде еліміздің берік күзет,  
Көзден тайса жау жабық жібін үзед.  
Сұр жыландар жорғалап кетсе кіріп,  
У жаяд, бүлдіреді, сырды білед.

Гамарник, Тухачевский сұр жыландар:  
Алдында зэндемі иттей жүз бұрандап,  
Отанымды байларға іштен сатып,  
Кетпек болған елімді мүлде ыланап.

Бірақ, халық тік тұрды, күзетім сақ,  
Халық жауды қоймайды, інін таппақ,  
Су құйып бірін қоймай туншықтырып,  
Зәрлі тілін суырып, тісін қақпақ.

Сырттан жау жағалап жүр жемтік іздеп,  
Егерде карсыласса бізді көздеп,  
Халық артыңнан майданға тартынбайды,  
Қылышыңмен көрсетіп қалсаң мезгеп.

Мезгесең мезгілінде басты қосып,  
Аламыз келген жаудың жолын тосып,  
Ел үшін, Москва үшін, көсем үшін,  
Айдауға жауыздардың бетін осып.

Бір туда бас қосады түрлі тұстан,  
Мергені Өзбекстан, Қазақстан,  
Түрікпен атты әскері, Азербайджан, —  
Ушқышы, қырандары Тәжікстан.

Мезгесең жауға қарсы келгенде кез,  
Қуамыз, қаусатамыз ашқанша көз.  
Одақтың он бір елі қатар түзеп,  
Шығарып бір жеңнен қол, бір жерден сөз.

Келсе жау, атқа мінер, жөнep көшін,  
Біз алып, қалдырмаймыз бір пендесін;  
Сталин көріп-ынта халық ерлігін,  
Қайратқа көңілденіп «жақсы!» десін.

دولت و دلاوت  
دوام و دلاوت





МЕНІҢ ӨМІРІМ <sup>205</sup>



ақаған қар аралас соғып боран,  
Ел үрей, — көк найзалы жау торыған.  
Байғара, Жамбыл, Ханда мен туыппын,  
Жамбыл деп қойылыпты атым сонан.  
Солайша Жамбыл тауда Жамбыл туған,  
Қырық күндей маймен сылап, тұзбен жуған.  
Сүйімбай, одан әрі Бұқар жырау,  
Атақты ақындардың жолын қуған.  
Ел үркіп жүрген кезде күні-түні,  
Сары аяз көш жөнекей боран күні,  
Қар қауып, мұзға түскен Жамбыл екем,  
Жұтынып суық ауа шыққан үні.  
Мен емес, суық демді ел де алыпты,  
Тарылтқан қысаң заман кең жарықты.  
Қара күн хан билеген қанды жорық,  
Дегендей ел аузында сөз қалыпты.  
Көз аштым, сорғалаған қанды көрдім,  
Камыққан қанды жасты жанды көрдім,  
Ел көрдім — еңреп босқан анды көрдім,  
Қойнында Алатаудың зарды көрдім.  
Бой бермес ел өмірі асау шері,  
Тұрса да құрсауланып тоқсан жері,  
Бірде от, бірде суды көктей кешіп,  
Талпынып тілегіне басты ілгері.  
Өмірмен араласқан өсті Жамбыл,  
Ел басқан отты, суды кешті Жамбыл,  
Құлыннан құнан да өрлеп, дөнен де өрлеп,  
Шыққандай бола қалды бесті Жамбыл.  
Он жаста ойнап жүрдім бала болып,

Өлеңге бәлдім көңіл алаң болып,  
 Райыттап тана мініп, козы бақтым,  
 Еңбекті неменгенде шама келіп.  
 Қойшымен кеңес кұрдым қыр басында,  
 Өлеңмен ермек болдым жолдасыма.  
 Сондықтан күйрық үзіп кеттім алыс  
 Байлардың жақындамай мырзасына.  
 Өлеңді өркендеттім, өршіп, өстім,  
 Көргенде жақсы жырды кұстай ұштым,  
 Жас ақын, жап-жақсы ақын, Жамбыл ақын,  
 Дегенде дара болып көзге түстім.  
 Он бесте-ақ домбыраны алдым қолға,  
 Тең басқан төрт аяғын болдым жорға,  
 Он алты желі ұзайтты, өрістетті,  
 Түскендей бұлтартпайтын даңғыл жолға,  
 Топ десе он жетімде тартынбадым,  
 Семсердей майдандағы жаркылдадым.  
 Ақынды ауылға ермек басып озып,  
 Жұлдыздай көзге түсіп, жаркылдадым,  
 Еріксіз он сегіз жас мінгізді атқа,  
 Бір Жамбыл бөлінгендей екі жаққа, —  
 Бір жағы қайнап өскен қалың елім,  
 Бір жағы атқа мінген бай мен датқа.  
 Атымды «жақсы» тартты арымалап,  
 Қоршалап көп отырды қайырмалап,  
 Өлеңнің майлы басы көпте қалып,  
 Отырған улы басын байға қадап.  
 Жаманды ел қорғаған жамандадым,  
 Манапқа жақсы сөзді таба алмадым.  
 Аз сөзім бай, манапқа арналғанда,  
 Жалтақтап ел не дер деп алаңдадым.  
 Шалшыққа шатылмадым, көлде қалдым,  
 Аздарға сатылмадым, елде қалдым...


биология

00, 009

Ол кездегі заманның бейнесі осы сыяқты еді. Көрініп оты-  
 п «көк» деп жасырынбақ ойнаған баладай:

Алпыс қасқыр аналы,  
 Жетпіс қасқыр балалы,






Ниеттері бәрінің

Жыйылып келіп қой қырмақ, —

деген сөзді ел «жұмбақ» деп айтып жүруші еді. Алпыс аналы қасқыр да, жетпіс балалы қасқыр да адам еді — хан, бек, датқа, билер болатын. Ел бейне бір көл бетінде толқыннан тұрған көбік тәрізді сырғып, жөңкіліп қашып жүретін. Қотыр үстіне шық патшасы улы тырнағын салды. Одан бұрынғы қалмақ ханы, қан шикандай аш бүйірден қадалған орыс патшасы, Қокан ханы Құдыярдың елге тиген ылаңы аз болмаған еді. Оның ел басқаруға қойған датқасы жалпақ елді жаялыққа айналдырып, аузына қақпақ, басына тоқпақ болатын. Ел шабыншылықтан қорқып сынаптай сырғып көше беретін, көше беретін. Жынның ойнағы көше алмаған жоқ-жұканың үстінде болатын. Осыны көрген Жамбылдың жүрегі ол заманға тас болып қатқан. Басып көшкен елдің өрісінің бір шеті — Қарғалы, Ұзын-ағаш, бір шеті — Жамбыл тауы, Байғара, тіпті Арыс, Сырдария болып жүрді. Әкем Жабайдың ат пен таңаға жүгін артып көшкен елдің артынан еріп отыратын күйі болып еді. Жолда егіл-тегіл жылаған зардың үні әлі құлағымда ызындап тұрғандай елестейді.

Жыландай улы зәрін шашқан заман,  
Даланы сасық тұман басқан заман,  
Игілік, үлгілі істің ісі шықпай.  
Қанқұмар қанасынан асқан заман,  
Бірінің бірі ыйығын басқан заман,  
Шаянын ұсақ-түйек жұтып қойып,  
Аранын айдаһардай ашқан заман.  
Даланың бір жағы от, бір жағы мұз,  
Қарыған алдын жалын, арқасын сыз,  
Бауырдай бөліп-бөліп отқа салған,  
Қазақтың жай емес ед болуы Үш жүз.  
Бүйірден қатын патша тиді келіп,  
Бүйідей буре тістеп киді келіп,  
Қуырған құм күйдіріп жүгерідей,  
Жалындап қалың халық күйді келіп,  
Ел жылады, қандарын сорды келіп,  
Байларға боз інгендей иді келіп,





Аузына алты қарыс азу салып,  
Устады елді шайнар биді берік.

Мен жыйырмаға жеткенде патша қазақты түгел қаратып алды. Елді руымен, малды қора, келе үйірімен есеп қылды. Құдайдың көкте дейтін «Лаухл махфузы»\* жерге түсті. Барлық мал-жан дәптерге жазылып есеп алынды. Оны ел «қара қат» деп атады.

Оны «қара қат» деп қалай атамасын!.. Бұл қаттау елдің көпшілігі үшін, кедей, кем-тары үшін басын санап көгендегендей болды. Бұрынғы зары тамшы болса, — дарияға айналды. Бұрынғы зары екім болса, — дауылға айналды. Елдің, әкімдердің аты өзгерді. Адамы — баяғы шонжар, шынжыр-балақ, шұбар-төс тектердің тұқымы болды. Датқа, хан, бек деген ат кұрып, «төрт қазы» деген кұрылды. Ол, Жетісудың алабында жатқан рудың атасынан сайланып алынды.

Шапырашты Екейден — аты шулы Сарыбай, Қыйқымбай, қу сыйрақ Шомбай; Албаннан — Қапа; Жалайырдан — Төкей дегендер қазы болды. Бұлардың бұрынғы биден айырмасы — үйездің ақылысыз аузын ашпайтын болды. Көшпенділік қалып, отырықшылыққа айналды. Ел кедейленіп, басы байдың босағасына байланды. Кедейдің көргені қоқай, кигені шоқай болды. Өзі байдың малын бақты, қатыны отын жақты. Оған рахым етпеді, басынан жаманшылық кетпеді, шекпені тізесіне жетпеді.

Уйғыр, қазақтың кедейлері арқа еті арша, борбай еті борша болып азып-тозды. «Құдайдың жері» деген жер қалмады, — байдың жері болып, жерсіз кедейлер солардың басы байлаулы бендесі болды.

«Он екі айдың біреуі арай болды,  
Елдің бірі бай, мыңы малай болды.

Көлдей аққан көз жасты көремісің,


Бай, манап озбырлығың қалай болды!» —

деген жыр айтылды.

Байлардың айтқан жауабы:

— Құдай кедей қылған соң обалың жоқ.

\*) Лаухл махфуз (арапша) — құдайдың бүкіл адам баласының тағдырын жазған тақтайы.



Саған айтам жоқ болсаң малай бол деп.  
Жер мен суын тапсын да барып қонсын,  
Шақырдым ба соларға жанай қон деп.  
А, Жамбыл, неге маған шағып тұрсын,  
Шымбайыңа батқандай налып тұрсын,  
Қақсам қазық, сындырсам шиім болған,  
Итаршы боп кедейге нағып тұрсын, —

Сип.

деді.

Патша байларға осындай мансап берді. Қолшігіне су күйып шарықтатты, сабын шайнатып, аузын көпіртті.


Улық неге көрмейді көздің жасын,  
Көрмес болса каттаған неге басын?  
Үйге келіп өксіді қатынына,  
Бүйткен тірлік болғанша құрып қалсын!..  
Күн өткізді кедей де жылай түсіп,  
Бай ақырса кедейдің зәресі ұшып,  
Малай қатын қарайды жыпылықтап,  
Байын көріп ыйығы кеткен түсіп,  
Биге шағып барады кедей бақыр,  
Маған қорлық берді деп байлар кәпір.  
Біз де сіздің бұқара, еліңіз ғой,  
Тендік әпер байларды тергеп, шақыр.  
Биден қайтар кедейге «жылы» сөзі:  
Мыңқылдаған қыйқанды қойшы батыр.  
Жуындысын ішсең де күн көресін,  
Асыраған байлар ғой сендерді ақыр! —

дейтін.

Жасым жыйырмадан асты. Шарықтап көтерілген ақындығым, халықты қатықтай ұйытқан жалынды жырым, мені жұбата алмады. Менің оқпаны кең тілегімнің қойны бос жатқандай еді, жастыққа жеңдіріп тасқындап жыр айтам десем де, айта алмадым. Жырдың зар жағы басым бола берді. Өлеңге берілген төрт-бес жылым мені талай жерге сүйреді. Ұлы жүздің жерін де, елін де, ерін де көрдім. Қатар жатқан қырғызды көруге кұстай талпындым. Ондағы ел мен, басқарған жердің сынайын көргелі Шәбден төреге бардым.

Ханнан туған ханзада батыр Шәбден,  
Қазақтың дарынды ақын Сүйімбайы





«Кезеп» деп Тезек ханға жатыр, Шәбден.  
Ақынға дайын дейтін ат, шапаның,  
Шапан үшін мен сені мақтамадым.  
Еліңнің бұлдығынан құлдығы басым жатыр  
Қай жақта елдің тұзын ақтағаның.  
Түнерген ел қабағы жабық жатыр,  
Бірі тоқ, мыңның өзегі талып жатыр,  
Ел басқару қарынның қамы ма еді,  
Ит те, құс та тамағын тауып жатыр.  
Асқақтаған адамда тоба болмас,  
Ел қорғаған адамда мола болмас,  
Елден туып, ер болсаң, елге кара,  
Шірік қурай ауылға қора болмас, —

дедім.

Отырған манаптың бірі:

— Жамбыл ханды мақтағалы келдің бе, боқтағалы келдің бе? — деді.

Мен: — Екеуі де емес, — елдің мүддесін жоқтағалы келдім — дедім.


Ханның бетінен ашу ажары көрінді, артынан езу тартып күлді.

Мен жыйырма беске шықтым, патша нығайды, оның үйең пристовы елді қанаған құзғынға айналды.

Кедейленген ел басы байдың көгеніне байланды. Ел билеген болыс, би үш жылда бір сайланды. Ел қамын жеген ба- тырлар Сібірге жер айдалды.

Жас отызға келгенде  
Даланың түрі өзгерді,  
Өзгергенін көз көрді,  
Құл-талқан боп төрт казы,  
Болыстарға сөз берді.  
Аранын ашты бай, манап,  
Үдете түсті езгенді.  
Ел налыды қонысқа,  
Бас билігі болыста,  
Болыс сайлау, қан төгіс,  
Ақша төгу үйезге,  
Пристовқа жалпақтау,






Кұдайындай сыйыну  
Әкім болған нойысқа,  
Сайлау үшін шабысты,  
Елді быт-шыт бөліп ап,  
Ырсылдасып алысты.  
Ылай судың ішінде  
Көр наһандай қағысты.  
Бозға түскен өрттейін  
Елді үйітіп тауысты.  
Жер ошақтың басында  
Ітпенен ит жолығып,  
Аузына май жағысты.  
Әкім емес, көне ме,  
Жылан ба әлде, немене,  
Зәрлі тілді, улы азу,  
Аш бүйірден жабысты.

408

0, 1, 2, 3  
Ел жүдеген үстіне жүдей берді, ел менен жыр сұрағанда, кепкен ботаның тұлыбына еміренген маядай, батырларды жырла дейтін болды. Мен де жұрттың тілегіне сәйкес Өтеген батыр, Саурық батыр, Сұраншы батыр, Көрұғлы батыр; Ала-тай Жапарқұлдың жырларын айтатын болдым. Ел есіткенде ыңыранып жылайтын, ауру көргендей болатын. Осындай елді жарыққа шығаратын батырлар да туар-ау, сондай батырдың сабында тұрып, туын көтеріп, соңына ерерміз-ау әлі, десетін. Сөйтіп, елге бостандық әперген Ленин—Сталинді, Ворошилов, Чапаев, Буденный, Амангелді сыяқты батырларды сол кездің өзінде-ақ ел аңсаған болатын. Сол батырлардың туын көтергенін көзімен көрді Жамбыл.

Жамбыл отыз беске келді, Албандағы Құлмамбет ақын да жырдың бетін елдің тілегіне қарай бейімдеп, көбі атқа мінерлерге шаншу болып келген ақын еді, сондықтан манаптар, ақынды айтыстырып, бетін замананы сынап, мінеуден көрі егеске, ру араздығына аударғысы келді. Екі ақын қосылған жерде айтыс ұйымдастыратын, жеңгеніне бәйге беретін — үрдіс болды. Сол ретпен:

Құлмамбетпен салыстым,  
Күшті ақынмен алыстым,



Итермелеп манаптар,  
Жыртуын жырттым намыстың.

Менің жоғарыда:

Аз сөзім бай-манапқа арналғанда,  
Жалтақтап ел не дер деп алаңдадым, —  
дегенім осындай реттерде еді.

Handwritten notes in blue ink, including the word "Қырық" (Forty) and other illegible characters.

Қырықтың қырын бір басып  
Елудің шықтым беліне,  
Өлең менен жырымның  
Сүнгідім шалқар көліне.  
Ортадан орным жоғары,  
Үйдің шықтым төріне,  
Жүрегімді алған сасықтай,  
Заманнан қалдым жеріне,  
Ел сүймеген адамның  
Жоламай кеттім шеніне.  
Алпыстан жас асқанда  
Өрлей түсті өнерім,  
Орыс, өзбек, ұйғырдың  
Санадым бәрін — өз елім.  
Ынтыға тыңдап жырымды,  
Қоштады Жамбыл келгенім,  
Орыс, қазақ кедейі  
Дос болғанын тіледім.  
Ел болып көрген азапта  
Айырма бар демедім.  
Алпыстың келдім бесіне,  
Елдің күйі көп түсті  
Қартайған сайын есіме.  
Терең-терең ойландым,  
Мұнды шаға жырладым,  
Жақсылыққа жетпесем,  
Тудым дедім несіне?  
Шиеленген ел күйі  
Қалмаған соң шешіле,  
Ызалы сөз әкімге  
Қарсы айтылды көсіле.  
Ел құлағын тындырды


Handwritten note in blue ink: "10, 20, 30"

60  
Handwritten note in blue ink: "Дос болғанын тіледім"

Handwritten note in blue ink: "السكينة لا تلحق بالسنه..."

Handwritten note in blue ink: "بعض النعمان الكبار..."





Сол кездегі бір соғыс,  
Кіммен жатыр соғысып,  
Кесілген бас, аққан қан,  
Ел жүрегін шошытып,  
Қора-қора адамды,  
Күнде айдады тоғытып,  
Көлге айдаған қойдай ғып,  
Қызыл қанға обытып,  
Алым-салық аты көп,  
Ел күйкасын үйітті  
Соғысқа болыс болысып,  
Малы бардан мал алды,  
Малы жоқтан жан алды.  
Аралдағы қояндай,  
Ел топанға қамалды.  
Әнші, жыршы ақыннан  
Елдің досы жақыннан,  
Шашылды да зәрлі жыр,  
Көпшілікке таралды.

Жасым жетпіске шыққанда:

— Арық ел алабұта тұрған ықтап,  
Жайлаған мына қырсық неден мықтап?  
Қажығанның үстіне қанды соғыс,  
Жығылғанның үстіне жұдырықтап, —  
деген өлең-жырымның бастамасы болды.

Ақындардың жыры әкімдерге де ескерусіз қалмады. Алматыға барлық ақын-жыршыларды жыйнап алып, түрі түрмеге қамағандай бір жыйылыс ашты.

Ақыны, әнші-күйші қыруар жан,  
Аймағын Жетісудың жыйнап алған.  
Сабаннан төсек, ерден жастық етіп,  
Жатарға жай салғызды ат қорадан.  
Сорпасы қапустаның ыстығына,  
Сөткесіне кісіге бір қара нан.  
Қырық тыйын күндігіне ақша беріп,  
Нан пұлын алып тұрды ұстап сонан.




Үгіт айт, патшаны макта деді,  
 Бөлып жатқан соғысты жакта деді,  
 Жыр айтсаң кұдай менен пайғамбарды айт,  
 Онан басқа жырыңды айтпа, деді.  
 Ол айтты, тіл кескендей үндемедім,  
 Ол жыйыннан табылмай бір керегім,  
 Ақын, жыршы топырлап жеті жаттық,  
 Түсінгенім болмады мүлде менің.  
 Ұстаған қанды тырнақ елді қысты,  
 Кім болмақ ызаланса елден күшті.  
 Жамбыл карт жетпіс екі жасағанда,  
 Николай ұрған доптай тақтан ұшты.  
 Жарқырап бостандықтан сәуле түсті —  
 Жабырқаған халықтың көңлі өсті.  
 Ленин мен Сталиннің ұлы есімі  
 Құлаққа сапылдады күшті-күшті.

Ленин және Сталин  
 Жамбыл

Осыдан 17 жыл бұрын көңліме түйткіл болған істің түйіні  
 енді шешілді. Ол, 21-жылы Ұзын-ағашта болған бір жыйылыс  
 еді. Онда Сапаров, Кожанов дегендер «большевик» атты жа-  
 мылып келді. «Жер бұрын қазақтікі еді, мынау орыстар тар-  
 тып алып поселке салған. Енді Совет үкіметі теңдік әперді.  
 Қазақ жетілді, қайтып тартып алды. Орысты қуады» деді.  
 — Бұл қалай? Арқада қыс болмаса акбөкен төркіндеп  
 жүрме дегендей, бұл орыстар қазақ жерін тартып алғалы ке-  
 ліп пе еді, бұларды сонау Ресейден, кірін жуып, кіндігін кес-  
 кен ата қонысынан патша жерін байларға тартып әперіп, өз-  
 дерін жебір-жесір қып айдатып салған ел емес пе еді, бізді  
 қысқан патша бұларды жай қойды ма? Айдайтын болсаң  
 байын, кулагын, төре-төрешігін айда, еңбек еткен кедейлер-  
 дің жерінен, суынан айырамын дегенің — патша зарықтырған  
 халықты тағы да зарықтырам дегенің болады, — дедім. Олар  
 мені жыйылыстан айдап шығарды.

Степан, амандаса келдім саған,  
 Бөрі өлсе де бөлтірігі сау жүргендей,  
 Ұзын-ағашқа келіпті төрт-бес адам, —

деп тамырым Степанның уйіне бардым да жаттым. Ол азғын-  
 дардың жасырынған жау екенін сонда білді, Жамбыл.



## МЕНИҢ БАХЫТЫМ <sup>206</sup>

Гори поезының вагонында, Тбилисиден Сталиннің туған жеріне келе жатқан жолымда, шет елдің бір жазушысы маған қарап, былай деді:

— Жамбыл мырза, Сіз жер бетінде кұрдастарыңыздың аз қалғандығына бахыттысыз ғой!

Мен ол мырзаға қарадым да, былай деп жауап қайырдым:

— Сіз қаталасасыз, менің бахыттылығым қайта менде кұрдастардың көптігінде. 172 миллион совет азаматтары — менің кұрдастарым. Олар да, мен де, менің бүкіл отанымда өзіміздің нағыз өмір сүре бастағанымыз Улы Октябрь революциясынан бері ғана деп білеміз.


Осы әңгіме есіме түскенде, мен өткен күнімді ойлаймын. Ол маған терең шыңырау болып еді, ол шыңыраудың үстіне бұлт гүлдеп, тұман қаптап, күннің жүзін қоршап еді.

Мен осы шыңырауда туып, күн сәулесіне шығуға, өркін дем алуға, бар дауыспен жыр жырлауға 70 жыл бойы талмай талпындым. Мен арып-талып, мақсатыма жетіп, күнге арнап жыр жырлай бастаған кезімде, қарсы алдымнан молда шыға келді. Ол мені ұйытып, намазға жығып, шыңырауға қайыра кұлатты.

Мен күштерімді жыйнап, тағы да шыңға шықтым, бірақ менің алдымнан болыстың старшыны шықты. Оның қолында өткір қайралған пышақ бар еді. Сарсылған қолымды жаралап, тағы да шыңырауға кұладым.

Ақырғы күштерімді сарып қылып, мен кұлар биікке талай-талай өрледім. Патшаның губернаторы және оны қорғаған байлар, судиялар, молдалар, бәлсінген чиновниктер жоғарыдан тұрып, сұранып, менің өмірімді «сақтап» маған арқа





тастады. Бұл арқанның тұсында тұзақ бар еді. Ол тұзақ менің мойнымды қылғындырып, тамырымдағы қанымды тоқтатты. Мен қан-қан қолыммен арқанға жармасып, тұзақты тісіммен шайнап, шыңырауға қайта зымырадым.

Сөйтіп, 70 жыл өтті. Ақырында өмірімнің 72-жылында, мен бахытты өмірге жеттім. Әлсіреп азап көргенімде Сталин ғана қолын созды. Мен шыңыраудан шығып, тамаша гүлдерді, жұпар иісті шөптерді, қыруар малдарды, сымбатты үйлерді көрдім. Мен нағыз күнді көрдім, таудың асыл тасындай таза ауада дем алдым. Менің жаным да алма ағаштай гүлдеді, көзім жұлдыздай жайнап, кеудемді шаттық көрнеді, өлеңдерім көктемдегі Іле өзеніндей тасыды, мен жасардым. 18 жасар жігіттей шағыма келдім.

Міне, менің өткен күндерім мен қазіргі бахытты, қуанышты өмірімнің бастамасы осы кішкене теңеудің ішінде тұр, мен бұл бахытты, қуанышты өмірім туралы бүкіл халықпен бірге шын жүрегімнен өзімнің өлеңдерімді жырлаймын.

Мен 70 жыл бойы көксеген, халықпен бірге ұмтылған бахыттың, дәулеттің, қуаныштың ертегідегідей алқабын таптым.

Бұл бахыт алқабы дегенім — менің Ұлы Совет Отаным, бұл Отанның үстінде адам баласының жүрегін қуандырып, жылындырып, Сталин күні, Сталиндік шындық, Сталиндік ақыл мен қамқорлық нұрланып жарқырауда.

Мұнан 62 жыл бұрын, Жетісу даласындағы бір айтыста, мен есігіндегі жыршысын сықақпен өлең қылып, сөккен Шерияздан сұлтан, молдаға, улы тілмен былай деді:

— Ұлы бәйгеде менің сайгүлік жүйрігім артта қалды, ал, жайлауыш Жамбыл сөреге бұрын келді. Ол екі жылдай ет жемесін, сөйтіп Жамбыл сыяқты ашықсын деді.

Мен бұл әңгімені естіп, Шерияздан мен молдаға былай дедім: «Сатылған жанды маймен де, аштықпен де түзей алмайсың. Халық ұжданын етпен де, алтынмен де сатып ала алмайсың... Өзі жылап, қорқау болатын тек сұлтан ғана. Еш уақытта бауыр — жалынды таза жүрек бола алмайды.

Бастан кешкен қыруар жылдардың ішінде мынадай оқыйға да көз алдыма келеді. Байлығымен, даңғойлығымен даңқы шыққан Кәдірбай бай бір рет үлкен той жасады. Байдың малың күзететін бір иті өліпті. Байдың жігіттері көп жырау-





лар мен домбырашыларды жыйнады. Кәдірбай оларға: «кімде кім менің итімді жоқтап өлен айтса, менің дәулетімді мақтаса, үлкен сыйлық алады», деді.


Байдың есігінде жүрген жалған жыршылар терілеріне сыймай, қожайынын мақтап, оның дәулетін, күшін, мейірімділігін дәріптеді. Мен шеткері отырып, олардың өлендерін әбден тындадым. Олар басылған кезде, домбыраны қағып жіберіп, жыршыларға қарап, өлеңге бастым; рияшыл жылаған жыршыларды да, обыр Кәдірбайды да бет-жүзіне қармай түйредім:

Ей жыршылар, жыршылар,  
Жыр айтар ма осылай,  
Сөздеріңнің дәмі жоқ,  
Күйлеріңнің сәні жоқ;  
Пайдасыз жұртқа, күр айқай,  
Мақтағанға сабылып  
Ұятсыз, арыс сараң бай.  
Бастарыңды көтерші,  
Тіленіп, сұрап, жыланбай...  
Итің жаман демеймін,  
Күзетіп жүр малыңды,  
Көпшілікті бүлдіріп,  
Ұрлап алғандарыңды.  
Айтсам сөзім нанымды,  
Өлең оттай жалынды,  
Сенен жұртқа ит жақсы  
Күзеткен қотан, ауылды.

Сөйтіп, мен өзімнің барлық өмірімде қыр қожайындарының бетіне шындықты қорықпай айтып шайқасумен өттім.

Сол үшін олар мені жек көрді, ал, менің әрбір сөзімді халық сүйіп бағалады. Мұнан екі жыл бұрын мен Москвада болдым. Халқымның әкесі, туысқан Сталин менің өлеңдерімді естіген екен. Мен Кремльдің сарайында болдым. Онда одағымыздың ақсақалы Михаил Иванович Калининнің қолынан мен ұлы наград — Отанымыздың хасиетті орденін алдым.


Өткен жылы Кавказға, Сталиннің туған жеріне бардым. Ұлы Сталиннің, бұрынғы қарғыс атқан замандағы тұрған



үйін көрдім. Бұл үй баяғы қуанышсыз, бахытсыз, аш, шабылып-жаншылған, кұруға бет алған қазақ халқының мыңдаған жүдеу қыстауларын есіме түсірді. Халықтардың бахыты мен даңқының жасаушысы, бүкіл еңбекші адам баласының ұстазы, көсемі туып, алғашқы кадамдарын жасаған жер, мәңгі мәртебеге бөлене берсін.

Отанның барлық ақындарына менің беретін кеңесім — біздің бахытымыз бен гүлденуіміздің жасаушысы Сталин жолдасқа ең таңдаулы өлеңдерді арна дегенді айтамын. Біздің заманымыздағы барлық ұлы нәрсенің, тамаша нәрсенің бәрі Сталиннің образы арқылы көрінеді.

Мен қазір 93темін. Бірақ, мен жаспын, бахыттымын. Мен әлі атқа мықты отырамын. Мені қуанышты, қуатты, батыл ұлдарым, немерелерім мен шөберелерім қоршауда. Олар коммунист, комсомол, пионер болды. Мен өзімнің социалистік Отанымды өлшеусіз жақсы көремін. Отанымды барлық жаулардан қай минутта болса да өлеңмен және мылтықпен қорғауға менің дауысым мен қолым әлі де қуатты.




*[Faint, illegible text at the top of the page]*

*[Large block of very faint, illegible text in the middle of the page]*









---

АЛТЫНШЫ БӨЛІМ.







# ТҮСІНІКТЕР

## ЖАМБЫЛ ШЫҒАРМАЛАРЫНА БЕРІЛГЕН ТҮСІНІКТЕР

1 БӨЛІМ

### РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ӨЛЕНДЕР

1. «Шағым» — «Жая» деген жайлауда әкесі Жапа (Жабай) Жамбылды молдаға оқуға берген. Жамбыл бір жеті оқығаннан кейін қашып кеткен. Бірақ, әкесі тауып алып, молдаға қайта бермек болғанда, Жамбыл, әкесі Жапаға осы өлеңді айтыпты. Бұдан соң, «молданың таяғынан кұтылдым» дейді екен, Жәкен.

«Жая» жайлауы — Қаскелең бойында (Алматы облысы, Қаскелең ауданы) болады. Бұл жер бұрын Қас-келең деген батыр мен Шамал-хан деген адамдардың (қалмақ) мекені екен. Екейлердің (ру аты) бірқатарын Узынағаш бойына Сарыбай елдің басын қайта құрағанша, осы жерді мекендеп жүріпті. Бұл өлеңнің дәл қай жылы айтылғаны мәлім емес. Жамбылдың әдеби хатшысы Орманов Ғалидың айтуына қарағанда, 1860-жылдардың ішінде айтса керек. Өлеңді Ғали 1941-жылы Жамбылдың айтуынан жазып алған, осы жыйнақта бірінші рет шығып отыр.

2. «Әкеме» — Жамбыл 15—16 жасынан домбыра тартып, өлең айтуға құмар болған. «Өлеңнен басқаға көңілім соқпай, басым ауған жаққа кетіп қалушы едім» — дейді Жамбыл. Той-жыйында ақындардың думанын көріп, Жамбыл соған еліктеген. Кейбір жыйында ән салып, Сүйімбайға сынатқан. Сүйімбай, ақын болады екенсің деп баға берген. Бұл өлеңнің жазылуы туралы Ғали былай дейді:


— Жамбыл ақындарға ілесіп бір ай ел аралап кеткен екен. 19 жасар Жамбыл ел аралап көпті көріп, қайта оралғанда әкесі урсып:

— «Сенің жолың бұл емес еді, Үйсін-Найман арасында жүрген менің жолымды ұстауың еді» — деген. Сонда Жамбыл әкесіне, осы өлеңмен жолының басқаша екенін айтып, батасын сұраған. Баласынан жеңілген әке:

— Ендеше жолың болсын! — деп батасын берген.

Мұнда Жамбылдың өз әкесі — Жапаны жеңу мәнісі: әкесінің Сөрті батырдың қара атын олжа қып алуын айтқаны. Сөрті-Найманда Қапта-





гай ішінде Көлдей деген елдің батыры, Көлдей, бөлек Шоқай (Калек-Шолақ батыр) Жапаның нағашысы екен. Жапа, Ғалидың айтуынша, бір жортуылда Матай ішінде Қайнар Қаражомарт деген досында жатып, Сөртіннің Найманға мәлім — «Қара киік» деген атын олжалап әкеткен. Соның кесірінен: Қаптағай мен Шапырашты соғысып, бұл жақтан Қашкенің үлкен баласы — Сұраншы, Саурықтың ағасы Стамбек өліп, ол жақтан Рүстем төренің алдауымен Естемес батыр бастатқан тоғыз батыр өліп, ақыры екі ел егер болып зорға тынған. Жамбыл бұл өлеңінде әкесіне соны аңғартқан көрінеді. Өлеңді Жамбылдың өз айтуынан жазып алған Ғали. Жыйнаққа бірінші рет кіріп отыр.

3. «С а р ы б а й ғ а» — Жамбыл жыйырма жасқа келгенде, ел аузына іліне бастаған. Екей елінің басын құраған Сарыбай би оның данқын есітеді, бір күні Жамбылды үйіне шақыртып алып «Шырағым, сені ақын болды дейді ғой, сырт естігенге сенбеуші едім, лебіңді өз құлағыммен естийін, өлең айтшы» — депті. Сонда Жамбыл осы өлеңді айтыпты. Жамбыл: «Бұл өлең бұдан көбірек еді, ұмытып қалсам керек» — дейді. Жамбылдың өз айтуынша, өлең 1865-жылы күзем кезінде айтылған сияқты. Өлең алғаш жарияланып отыр. Өлеңді жазып алған Ғали Орманов.

4. «Ж а н ы с а қ ы ғ а» — Жамбылдың айтуынша, бұл өлең жыйырма жасында айтылған сияқты. Жамбыл алғаш өлең айта бастаған кезде Жанис ақын кездесіп, Жамбылмен айтыспақшы болады. Жамбыл сұрастырып қараса: Жанис Шыбылдан шыққан Шықай ақынды жеңген екен. Бірақ, Жамбыл Ғалиға өлеңді жаздырып отырып:

«Жанис ақынның жағын аштырмай баурап жібергім келіп, осы өлеңді қоя бердім» — депті.

Жанис ақын қайырып өлең айта алмапты. Өлеңді жазып алған Ғали, Жамбыл жыйнақтарында бірінші рет шығып отыр.

5. «П у ш ы қ т ы ң у р ы ғ а а й т қ а н ы» — Ғалиға жаздырып отырып: «Осы өлеңді шығарғанда жыйырма бес жасымда едім» депті Жамбыл:

Шапырашты Жиенбек деген пұшық Суық-төбе қайқанында келе жатса, елсіз жерде екі ұры кез болып, астындағы кек байталын аударып әкетіпті. Жиенбек жаяу келе жатып, Суық-төбенің бауырында Жамбылға жолыққан.


Осы өлеңді жазып алған Ғ. Ормановтың айтуынша:

— Байталыңды тауып берейін, алған адамдардың белгісін білесің бе? — дейді Жамбыл.

— Белгісі есімде жоқ; әйтеуір бірінің аты Манас, бірінің аты Сырым екен. — дейді Жиенбек.

— Сол да тәубаға жарайды, — деп Жамбыл осы өлеңді пұшыққа үйретіп береді; өзі де жүрген жерінде осы өлеңді айтады. Ақыры Қасқараудың жұртқа мәлім ұрылары байталды сіңіре алмай, айыбымен Жиенбекке қайтарып береді. Өлең Жамбылдың жыйнақтарында алғаш жарияланып отыр.

6. «Ж ы л қ ы ш ы» — (1870-жылдар) қыстыгүні тау бөктеріндегі елдің жылқысы, қойы төмен құмға кетеді. Жамбыл да жасында кей жылы жылқы бағалды екен. Екей ішінде жылқышы орыс баласы бір күні Жамбылға жолығыпты.



— Менің алғалы жүрген қалыңдығым бар еді, сол келмедің деп өкпелеп сәлем айтыпты. Соған бір ауыз өлең үйретіп бер, сәлем айтып жіберейін, — депті.

Жылқышыға Жамбыл сонда осы өленді үйретіп берген. Өленді, әдеби хатшысы Ғ. Орманов Жамбылдың өз аузынан жазып алған. Жыйнақта бірінші рет шығып отыр.

7. «Кемшат қыз» — Жамбыл 29—30лар шамасында Шу аяғындағы Күнту-Көкірек еліне барған. Сонда Керім деген байдың үйінде боп, Кемшат сұлуды көрген. Кемшат Жамбылды қомытсынып, бойына тоғытпаған соң, Жамбыл келесі күні қыздың жай-жапсарын сұрап алып, жұрт көзінше өлең айтып кеткен екен. Өлеңді жазып алған Ғ. Орманов, алғаш рет жарыққа шығып отыр.

8. «Ел едің құттарыған Есім-Малай» — деп басталатын өленді Жамбыл 30дар ішінде, Шу бойынан шығып Балхаш бойына барғанда айтқан «Есім-Малай» деген Ыстының бір руы сонда болады екен. Жамбыл бір ай жүріп аралаған. Қайтарында елге «Ел едің құттарыған Есім-Малай» — деп басталатын өлеңмен қош айтысқан.

Есім-Малай туралы Жамбыл Ғалиға мынадай әңгіме айтыпты:

— Бір атадан үш ұл бопты. Малай бәйбішенің баласы екен де, Есім, Қожан тоқалдың баласы екен. Бірақ Қожан пысық боп, ағасы — Есімді қой соңына салып қойыпты. Ақыры Қожанның қорлығына шыдамай Есім Арғынға барып, сонда жүріп үйленіпті. Есім — кең пейіл, адал адам екен, соңынан Есімнің аты шығып, оған қулық қылған Қожан санатқа ілінбей қалыпты. Өленді жазып алған Ғали. Алғаш жарияланып отыр.

9. «Қуғын» — «Осы өленді айтқанда отыз екі жаста едім» — депті Жамбыл, әдеби хатшысы Ғали Ормановқа. Егін жыйнап жатқан кезде екі жылқы ұрлатып, қырғызға іздеп барған. Кіші-кебін деген жерде бір бай қырғызға жолығып, осы өленді айтыпты. «Бәйеке» деп тұрған Жамбылдың сөзін жыға алмай, жылқының ішінен екі саяқты тауып беріпті. Жыйнаққа бірінші рет шығып отыр. Өленді жазып алған Ғали.

10. «Шәбденге» — 1879-жылы жут болып, көктем кезінде Жамбыл ауылы қатты ашыққан. Сонда Жамбыл қырғыз елін аралап, өлең айтып сауын жыйған. Үлкен-кебінде отырған Шәбден ауылын іздеп барып, өлең айтыпты. Осы өленді жазып алған Ғалиға, Жамбыл:

— «Алғашқы сәлемдескендегі өлеңім еді» — депті. Шәбден Жамбылға 18 жылқы айдатыпты. Бұл өлең жыйнақта бірінші рет жарияланып отыр.

11. «Кедей күйі» 1879-жылы жуттан кейін ауылдары ашыққанда, — Ұзын-ағаш бекетінен қайыр тілеп, іңген жыйнаған Қалқабай деген кедей ағайынына арнап айтқан. Бірінші рет басылып отыр. Өленді жазып алған Ғали.

12. «Сырттанға» — өлең алғаш рет осы жыйнақта шығып отыр. 35—36лар шамасында бұрынғы Верныйда (қазіргі Алматы қаласында) Жамбыл Найман адамдарымен кездескен. Олардың ішінде Найманнан ағақты Маман бай, Тәнекенің Есімбегі, Құлшаннан Сырттан батыр бар екен.





Жамбыл соларға арнап өлең айтқанда, Сырттанның Барлыбек, Тұрлыбек деген екі баласын оқуға бергенің көтере сөйлеген. Оның мәнісі Сырттан балаларын Верныйға (Алматыға) оқуға әкеліп тастаған көрінеді. Сырттан кедей болғандықтан байлар шет қақпай қылады екен. Сол қорлықтан балаларың оқып жетілсе, құтыларсың деген емеурін білдірген, Жамбыл.

Өлеңде Есімбекті мақтайтыны — ол Қапал үйезіндегі елге зақым көрсеткен үйез бастығы Эрентальды сабап, сол үшін Алматыға айдалып, ақыры үйез бастығын жеңіп шыққан екен. Мұндағы Есімбек Біржанмен айтысатын атақты ақын Сараның жақын ағалары.

Бұл өлеңде, Жамбыл, Маман балалары көбінесе саудамен айналысқанын атап көрсеткен. Өлеңді жазып алған Ф. Орманов.

13. «Сыздыққа» — Алғаш жарияланып отыр. 1884-жылдар шамасында Сыздық Кенесарыұлы қырғызға келген. Қырғыздар үй тігіп, мал сойып, хұрметпен қарсы алған. Қырғыз, қазақтан Орман ауылына 17 ақын жыйналған. Солардың ішінде Жамбыл да болған.

Қырғыз ағайындар басында әкесінің кегін жоқтайды деп Сыздықтан қымсынса да, соңынан райласып сөйлескен.

Сонда Сыздықтың айтқаны мынау еді депті Жамбыл, Ғалиға:

— «Мен сендермен шабысқалы келгем жоқ, табысқалы келдім. Сен де туысканымсың. Жан ашуы үстінде әкемді өлтірдің деп кінә қояр жайым жоқ, жалғыз-ақ тілегім: әкемнің сүйегін бер — аталарыма қосайын, алтын жүзігін бер — қолыма салайын, сар-қасқа ерін бер — астыма мінейін, бұйымтайым осы-ақ еді» — дейді.

Қырғыз ағайындар Кенесарының алтын жүзігі мен сар-қасқа ерін береді де, сүйегін тауып бере алмайды. «Он бір жыра» деген жерге көмілген екен, білетін адам өліп қапты деп жауап береді.

— Қап болмас! — деп отырды да Сыздық, сар-қасқа ердің басын қанжармен қақ айырып шапты да жіліншік-жіліншік алтындар алды «Әкемді өлтіруін білсеңдер де алтының алуды білмеген екенсіңдер. Уәқасы жоқ, бұйырған нәсіп қой! — деп қалтасына салды дейді.


Жамбыл Сыздыққа осы өлеңді сонда айтыпты. Осы Сыздықпен кездескенін Жамбыл кейін үлкен ертегі қылып та айтқан. Сыздық батырдың жалғыз көзді дәумен кездесіп, үнгірге қамалып, одан қалай құтылғаны жайлы ертегіні өте қызық етіп айтады. Өлеңді жазып алған әдеби хатшысы Ғали Орманов.

14. «Қысыбайға» — Сарыбайдың баласы Қыйсыбайға айтылған өлең (шамасы Сарыбайдың асы болған, 1886-жылдары).

Бұл өлеңнің шығу мәнісі былай екен: Қара қастекте топ болғалы жатыпты. Соған баруға Қыйсыбай жаңа шапан, бешбент, етік тіктіреді. Жамбылдың жаңа киімі болмайды. Сондықтан Жамбыл: «жаңа киімдерді маған бермесең, басқаларға бұрылып кетем» — деп сазарып отырып алады:

Бұл Жамбыл бір сөйлесе қызып кетер,  
Батуә-бірлігінді бұзып кетер,





Ебін тауып ұстамай, өшіктірсең,  
Байлап-матап қойсаң да үзіп кетер —  
деп өлең айтады, Жамбыл. Қыйсыбай бір киімін беруге ынғайланса, «Ай, Қыйсыбай, Қыйсыбай!» — деп өлеңді тағы қоя береді. Сөйтіп, Қыйсыбайдың жаңа тіктірген бар киімін алады. Өлеңін жазып алған Ғали. Алғаш жарияланып отыр.

15. «Сәт сайлаңарда» — 1890-жылдың бас кезінде Ұзын Қарғалы еліне Сәт екінші рет болыстыққа сайлануға қам қылады. Қапалдық кісілері Сәтке қарсы екен, солар өлеңмен Сәтті жығып бер деп Жамбылға жалынады. Жамбыл Сәттің айыбы қандай деп сұрайды. Қапал адамдары «қыста жұттан қырылдық, жазда шығынмен шаршатты» — деседі.

Қарғалы, Қаскелең елі бас қосқан бір жыйында Жамбыл да болып, Сәтке осы өлеңді айтады. Сәт қатты мұқап, соңынан: Жамбылға құда болалық деп кісі салады. Кейінірек Жамбылмен жекжат боп тығады. Өлеңін жазып алған Ғали. Алғаш жарияланып отыр.

16. «Тілеміске» — 1896-жылдары Жамбыл қырғызға бара жатып Сұлу төрдегі Қасқарауларға соғып, Ноғайбай ауылында болыпты. Сол ауылда Қасқарау Кебекпай батыр жатыр екен дейді. Таңертең бәрі тысқа шығып тұрса, бір тастың басында шақшақ торғай күйрығы қылп-қылп етіп тұр екен.

Кебекпай батыр Тілеміске:

— «Анау шіркін не деп қылпылдап тұр?» — депті. Сонда Тілеміс:

— «Ол, Ноқаң екеуіңе ұқсап, ауыры болса алып кетейін, жеңілі болса тастап кетейің деп тұр ғой» — депті.

— Ай, Тілеміс тілін кесілсең — деп, Ноғайбай теріс айналып кетіпті. Сонда Жамбыл жұлып алғандай Тілеміске осы өлеңді айтып жіберген екен. Алғаш жарияланып отыр. Өлеңді жазып алған Ғ. Орманов.

17. «Абышқа» — 1896-жылдары күздігүні Жамбыл қырғыз елі аралаған. Бұл өлең туралы Жәкең Ғалиға былай дейді:


— «Мәмбетәлінің ауылын іздеп жүріп, кешке жақын бір ауылға келдім, — күн сілбіреген жауын, тысқарыда ешкім жоқ екен.

— Уа, кім бар-әй! — деп бар дауысыммен айқай салдым. Бір қыз жүгіріп шықты да:

— Қоқы, абышқа Тұрбай бар! — деп қайта кіріп кетті. Атты байлай салып мен де кірдім. Үй іші тоң-торыс қарсы алды... Ат-жөнімді сұраған соң ғана түс жылытты.

Ел орынға отыра, мені есітіп Мәмбетәлі де келді. Ұзақ өлең айтып, күлісіп отырдық. Әлгі мені «абышқа» (абыш қырғызша, шал деген сөз) деген қызды айттырған елу бес жастағы біреу ұрын келіп жатыр екен. Осы өлеңді сонда айтыпты, Жамбыл. Өлеңді жазып алған Ғали. Осы жыйнақта бірінші рет шығып отыр.

18. «Мәнке туралы» — алғаш жарияланып отыр. 1900-жылдары Шамалған бойында үлкен топ болыпты. Жамбыл ел аралап жүріп аты жоғалып, соны Байтілес елінде Қаржау дегеннен көріп, Жанғойлық, Смаилов Мәнке болысқа арыз беріпті. Мәнке өзі тымпыш, ел жегіш пысық адам екен. Жамбылдың арызын тыңдай қоймай, параны басыңқырап бер-



ген Байтілес жағын қолдап кетіпті. Жамбыл соған ашуланып, жұрт алдында Мәкені өлең қылыпты. Өлеңді жазып алған Ғали Орманов.

19. «Өсиет» — 1901-жылдары Бес-мойнақ тауының үстінде Сәмбет деген кісіге ас беріліп, Алматы Әулиеата елі, қырғыздар шақырылған. Сол асқа Жамбыл да барыпты. Қырғыз, қазақ кісілерінің алдында Сәмбеттің елге қайырлы болғанын айтып, Жамбыл өлең шығарыпты. Сол өлеңнің есімде қалған бір шумағы осы еді» — депті, Жамбыл, әдеби хатшысы Ғалиға, осы өлеңді жазып алғанда. Өлең осы жыйнақта бірінші рет жарияланып отыр.

20. «Шалтабайға» — Шапырашты Мырзабек елінен шыққан Құдайберген болыстың баласы Шалтабай 1905-жылы болыс екен. Шалтабай болыстыққа сайланар кезінде Жамбылға әлденеше рет өлең айтқызып, сыйлап жүріпті. Кейін, шар салынып, болыстыққа сайланып алған соң, Шалтабай Жамбылға сырт бере бастаған: алдына барса сөзін бітirmeй, сал қылған. Жамбыл соған шамданып, бір жыйында Шалтабайға осы өлеңді айтыпты. Шалтабай 1928-жылы конфискеленіп кеткен. Өлең Ғалидың жазып алуы бойынша, алғаш жарияланып отыр.

21. «Қалығға» — 1908-жылдары Жамбыл төмен Сартау құмдағы Сары үйсіндерге барыпты. Өлімкүл Датқаның ауылдарын аралапты, өлең айтып көп сыйлықтар алыпты. Бұл жөнінде Ғали мынадай дәлелдер келтіреді:

Бері қайтарда Күрт өзені бойында отырған Ордабай аулына түскен. Жамбыл, Қалый Ордабаевта екі күн қонақ боп, өлең айтқан екен. Сары Үйсін Байбурыл ақын:

Екейдегі Жамбылым,  
Ел аралап қаңғыдың,  
Елер ме екен Қалый деп,  
Екі күндей андыдың.  
Ақырында шаршадың,  
Төрде отырып қалғыдың. —

депті. Бірақ, Қалый өзі гимназияда оқыған, қарапайымды менсінбейтін адам екен, Жамбыл мен Байбурылды «қайыршы» деп мысқыл қылыпты.

Кезін жұмып ойланып отырған Жамбыл сол кезде: «Ей, Ордабайұлы Қалыйым» — деп осы өлеңді қоя беріпті. Өлең алғаш жарияланып отыр, Жазып алған Ғали. Қалый Ордабаев 1928-жылы конфискеленген бай.


22. «Көкімге» — алғаш жарияланып отыр. 1911-жылдары Көкім Майкеұлы Екейге старшын боп белгіленіпті. Алматы қаласында жүрген Жамбыл соны естіп, Көкімді шақырып алып осы өлеңді айтыпты.

Көкім Майкеұлы 1933-жылы өлген. Жамбылдың айтуынша: пысық, шешен жігіт болған. Жазып алған Ғали Орманов.

23. «Мәмбетке» — 1880-жылдардың ақырында Жамбыл Меркедегі Ботпай елін аралап, Мәмбет байдың үйінде алты күн жатып өлең айтқан. Мәмбет Жамбылға түйе бастатқан тоғыз беріп аттандырған.

Сол жылы күздігүні Қастекте (Жамбыл ауданы) бір ұлы жыйын болып Мәмбет Жамбылдікін іздеп келіпті. Жамбылдың үй тұрмысы нашар екен, Мәмбет қонбай аттанып:





— Жамбылға сәлем де, түзде көріп, үйде көрмейтін кісі екен! — деп кетіпті.

Ертеңіне Жамбыл ағайындарынан сол сөзді естіп Мәмбеттің сонынан іздеп барып, шаршы топта осы өлеңді айтыпты. Өлеңді жазып алған Ғали. Алғаш жарияланып отыр.

24. «Өстепкеде» — 1913-жылы Алматы қаласында Жетісу облыстық көрме (выставка) ұйымдастырылған. Көрмеде Үйсін, Найман, қырғыз адамдары бас қосқан. Құспегі, саятшы, жыршы, домбырашы, қобызшы, шебер, ойыншы бәрі жыйналған.

Қазіргі 28 гвардеецтер паркіне киіз үйлер тігілген. Әр үйде әр алуан өнерпаздар болған. Ел-елдің атақты би, болыстары өздерінің көрмеге әкелген бұйымдары мен адамдарын, жиһаз, мал-мүліктерін ұлық-төрелерге көрсеткен.

Ақын, жыршы, қобызшы, домбырашылар өз алдына бір үйде болыпты. Қазақ, қырғыздардың «игі адам» дегендері ұлық-төрелер келгенде бөріктерін алып, қол қусырып, бас иеді екен.

Жамбыл соны намыс көріп, би, болыстардың кешкі бір мәжілісінде олардың үйде дүрдей, сыртта жүндей екенін сықақ қылып өлең айтыпты. Өлең бұл жыйнақта бірінші рет жарияланып отыр. Жазып алған Ғали Орманов.

25. «Патша әмірі тарылды» — 1916-жылы июнь жарлығы естігеннен кейін ел іші қатты дүрліккен. Патша әміріне қарсы көтеріліс жасауға бел байлаған. Жая, Қасқа су, Үш қоңыр, Құм бел, Үлкен саз; Қара қыя, Майтөбе, Қарабас тау, Құлан саз жайлауларында жалғас отырған елдер хабарласып, патша үкіметіне қарсы соғысуға бәтуа жасаған.

Жамбыл сол қозғалыста алдымен өлең айтып елге жар салған. Бұл өлең сол кезде айтылған. Бұған қоса «Зілді бұйрық» деген өлең шығарып, ел жаттап әкеткен.


Кейін, Қарғалы бойындағы Қара молда деген елдің ереуілін қалаға хабарлап, «отряд» шығып, қозғалыс басшылары Бекболат пен Байбосынды ұстап алып дарыға тартқан соң ғана, ел толқыны толастаған. Бірақ, Жамбылдың өлеңі ел аузында сақталып қала берген. Өлең бұл жыйнақта алғаш жарияланып отыр. Жазып алған Ғали Орманов.

26. «Зілді бұйрық» — бұл Жамбылдың 1916-жылдың ұлы қозғалысы кезінде айтқан өлеңі. 1916-жыл жайында көптен жыйналып келе жатқан бай фольклор материалдың арасынан тапқан Есмағамбет. Өлеңді 1939-жылы Жамбылдың өзіне оқып көргенімізде — менің жирым мұнан мол еді, бұл сол кезде айтқан жирымның оған бір бөлегі ғана дейді. Өлеңнің бірде-бір сөзі өзгерместен 1940-жылғы басылған Жамбыл шығармаларының бір томдығында (105—108-б.) басылған. Бұл толық жыйнаққа содан алынды.

Байбосын, Бекболат екеуі де көтерілістің айбынды басшылары, Алматыда дарыға асылып кеткен. Бекболат туралы халық ақыны Иса Дәукебаев шығарған дастан бар. Қалиғұл, Ботпай, Саттар да сол көтерілісті бастаған ерлер.

27. «Жол үстінде» — 1917-жылы Жылан жұты болған. Көктем-





де (1917-жылдың басында) ел тым ашығып, көп адамдары шығынданған. Аяғы жеткендер қадақтап, буттап қаладан астық алып, егін салған.

Сол кезде Жамбылдың:

Жылан келді жалақтап,  
Жұртты кетті тамақтап,  
Қалаларға шұбырып,  
Бидай жыйдық қадақтап —

деп айтқан өлені бар. Бірақ елдің бәрі бірдей астық салып үлгірмеген. Көбі күздігүні кеусендеп, мал сатып астық жыйнаған.

Жамбыл үйі де астық сала алмаған. Күздігүні ел қидырып, қырман аралап кеусен жыйнаған. Сол кезде Узын ағаш аяғында тары жыйнап жатқан. Ақмырза деген елге кездесіп, «Жол үстінде» деген осы өлеңін Жамбыл сол кезде айтты.

1940-жылы Жамбыл «Еңбекші арал» колхозына (Жамбыл ауданы) барғанда, Ақмырзаның бір шалы:

— Жамбыл сен баяғыда осылай деп едің-ау! — деп есінде жүрген осы өлеңді айтып береді. Өлеңді жазып алған Ғали Орманов. Бұл жыйнақта бірінші рет басылып отыр.

#### И Г Ө Л И М

#### А Й Т Ы С


28. «Жамбылдың Айкүміспен айттысы» — Жамбыл жыйырма жеті жасында қыз алып қашқан (1870-жылдар). Бірақ оны біреудің жесірі деп Сарыбай би еліне қайтартып берген. Соған иза болып Жамбыл ел кезіп кетеді. Жайлау үстінде ел қидырып жүріп Мырзбек елінде Айкүміс деген ақын қызға кездеседі. Қыз да Жамбылдың сыртынан біледі екен; екеуі бір тойда бірін-бірі қалап айттысы. Айтыс Ғалидың жазып алуымен алғаш жарияланып отыр.

29. «Жамбылдың Бақтыбай ақынмен танысуы» — 27—28-дәріп шамасында Жамбыл Жалайыр елін аралаған. Балғали-бабаның балалары: Қожақан, Мөлдігүл ауылында Жалайыр Бақтыбай ақынмен кездесіп, өлеңмен танысқан.

Бақтыбай бүкіл Жалайырға мәлім, оның Майке баламен айттысы ел жаттап кеткен ақын.

«Екі жылқы алдырдым  
Өтенайдың шініен.  
Бірі баран, бірі боз,  
Көріп, біліп айтқаның  
Осы тұрған жұрттан өз,  
Көріп тұрып айтпасаң  
Қырғый қуған шілдей тоз» —

деп шаршы топта би, болысты қарғағанын бүкіл Жалайыр аңыз қы-



лады. Осы кездесуінде Бактыбай Жамбылға әбден разы болып, батасын берген. Айтыс осы жыйнақта 1-рет шығып отыр. Жазып алған Ғ. Орманов.

30. «Бөлектің қызының Жамбылмен қағысуы» — Жамбыл Жалайырдан қайтарында (1870-жылдардың орта шені) Балғали Бөлектің көшіне кездескен. Бөлек Қоғалы төріндегі «Бөлек»тің тауында туған адам екен, сол жайлауына көшіп бара жатқан кезінде кездескен көрінеді. Бұл жөнінде Жамбыл Ғалиға:

— «Шенгелдіден Қара шоқыға қарай бет алған қалың көшке жолықтым. Көш алдында тоғыз түйе жетелеген, құла қасқа атты қызға көзім түсті. Ер-тұрманы сап күміс, кигені дүрия-торғын, салтанатты қыз екен. Неде болса, қатарласа жүргім келді. Жетегімдегі торы шолақты қамшылап жіберіп, қызға қатарласа кеттім. Бір-екі рет салқын қарап қойды да қыз өлеңді қоя берді. Біраз айтысып ек, шешесі тоғыз беріп тоқтатып қойды» дейді. Айтыс Ғалидің жазып алуымен, алғаш жарияланып отыр.

31. «Сары ақынмен қағысу» — Жамбыл отызға шыққан кезде Сары Үйсін Сары ақынмен кездескен. Сары Сарыбай тұрғылас адам екен, бірақ Сарыбайға сөзге дес бермейтін ақын, шешен кісі боқты. Әдеби хатшысы Ғалиға Жамбыл:

— Үлкен саз жайлауында отырғанда Сарыбайдікіне бір топ кісі түсе қалды. Ішінде Сары ақын бар екен, Сарыбайды әдейі іздеп келіпті. Сәлемдесіп төрге жайласқан соң-ақ Сары ақын Сарыбайды бүріп жібереді. Сарыбай сасайын деген соң, мен барып ара түсе кеттім — депті. Өлеңді жазып алған Ғали, алғаш жарияланып отыр.


32. «Майкөтпен дидарласу» — тұңғыш рет басылып отыр. 1880-жылдардың ақырында, жаз айларында Майтөбедегі Үлкен саз жайлауында Екей Сарыбай бие ас берілген. Асқа бір жағы Шымкент, Әулиеата (қазіргі Жамбыл қаласы), бір жағы Жалайыр, төрдегі Албан елдері, көрші қырғыз елі шақырылған. Сол асқа Жаныс ішінде Ошақтыдан шыққан Бүркітпай бидің атақты айтыс ақыны Майкөт келген. Майкөт Жамбылмен сонда дидарласқан. Халық ақыны Өмірзақ Қарғабаз бұдан 40 жыл бұрын Майкөтті көргенде 70гер шамасында елі дейді.

Майкөт ақының елге амандасқан өлеңдерін Жетісу елінің бірсыпыра ақындары осы күнге дейін жатқа біледі. Бұл айтысты жазып алған Ғали Орманов.

33. «Жүнісбайға жүгіну» — 1890-жылдың орта шенінде Жамбыл Албан еліне барған. Жол бойы Түрген тауының төсіндегі Төре жайлауында отырған Асыл деген елдегі көпбалдас адамы Жүніспайдікіне түседі. Онда Шәутен, Шепшек деген болыстар, бір Шыбыл (ру аты) шалға өлең айтқызып отыр екен. Жамбыл барған соң, жұрттың беті соған ауып: «Жамбыл сөйлесін, Жамбыл айтсын!» — деген сөздеріне намыстанып Шыбыл шал шығып сөйлегенде, Жамбылдың берген жауабы осы екен. Айтысты жазып алған Ғ. Орманов. Алғаш жарияланып отыр.

34. «Албан елінде» — 1890-жылдары жазда Жамбыл Албан






ішінде Қызыл бөрік руына барыпты. Қарқара жайлауына дейін қыдырып өлең айтыпты. Қызыл бөріктің Дайырман деген байы Жамбылға үш күн өлең айтқызып, 50 сом ақша, бір ат беріпті.

Жамбыл соған өкпелеп, қасына Албан ақыны Бөлтірікті ертіп, Асы жайлауында отырған Бақай Дәркембай ауылына түсіп, сонда Қызыл бөрікті шағып айтқан өлеңі екен. Алғаш жарияланып отыр. Жазып алған Ғали. Ерманов

35. «Құлмамбет пен Жамбылдың айтысы» — 1940-жылы осы айтыс жейін сұрағанда, Жамбыл: «мен Құлмамбетпен айтысқанда 35 жаста едім» — дейді (1881-жылдары). Іленің бойында үлкен жәрмеңке болады. Бұл жәрмеңкеге Жетісу бойының дәмелі ақындары, Найман, Тобықты, Сыбан елдерінен де көп ақындар келіп, бас қосады. Құлмамбеттің руы Албан-Суан, туып-өскен жері қазіргі Кеген ауданы. Өз уақытында ол алдына жан салмаған, Сары-Арқа мен Сыр, Жетісу бойының талай ерен жүйрік ақындарын жеңіп жүрген, Құлан аян (аяқ) Құлмамбет атын алған ақын. Сол кезде жасы елудің ішінде екен, сондықтан жыйындағы ақындардың ағасындай еркіп, өктем сөйлеп, Жамбылдан бұрын тоғыз ақынды жеңіп сілесін құртып отыр екен. Содан Құдайберген деген бай Жамбылды алдыртады. Жамбыл айтысып Құлмамбетті жеңіп, ақындық даңқын шығарады. Жамбылдың, Өмірзақтың айтуларына қарағанда Құлмамбет 1902-жылдары, 77 жасында өлсе керек. Айтыс алғаш 1931-жылы басылған «Қазақ әдебиетінің нұсқалары» деген кітапта үзінді болып шықты. Ғылым академиясының тіл, әдебиет институтына алғаш жазып әкелген ақын Саяділ Керімбеков. Бұл жыйнаққа Жамбыл шығармаларының 1940-жылы басылған бір томдығынан алынды (39—52-бет).

Айтыста аталатын Құдайберген деген сол жәрмеңкеде үлкен той жасаған Албан еліндегі бай. Қарасай — Шапырашты руынан шыққан атақты батыр, Қарасай, Абылай заманының атақты батыры. Ұлы жүз Төле биге жолдас болған. Абылайдың Қалмаққа қарсы жорықтарына қатысқан. Нұрқан, Жамбылдың дастанындағы Өтегеннің баласы. Ұлы жүз ішіндегі Қасқарау руынан шыққан. Тоқсейіт, Ниязбек, Шойбек, Сәт, Мәнке, Ноғайбай, Алпысбай, Тарпаң, Қожамберді тағы басқа адамдардың бәрі Жетісу бойындағы байлар, ел билеген, атқа мінер, ақсақалдар. Көкше, XVIII ғасырда жасаған, Ұлы жүзде Төле бимен қатар шыққан, би. Билік дәрежесіне байлығымен емес, қара қасқа кедей болса да, ақылымен, даңқымен қатарға қосылған, Абылай Әбілпейіспен тұстас. Әбілпейіс — XVIII ғасырдағы хан, Абылайдың замандасы, Әбілмамбеттің баласы. Әбілпейіс Абылайдың досы болған. Әкесі өлген соң Абылайдың қол астындағы бір бөлек елді билеген. Бәйтелі, Қаман, Жәпек, Даулет, Мырзабек, Қожамбет т. б. Жетісу бойында болған ерлер. Сыпатай — Дулаттан шыққан атақты батыр, Қенесарының әскерінде болған. Қоқан хандары мен бектеріне қарсы соғыстарда Сұраншы, Саурық батырларға жолдас батыр. Сыпатай XIX ғасырдың 60-жылдарында өлген. Бұл Құлмамбет пен Жамбылдың айтысындағы Ғылым Академиясы жыйнаған вариантында Алматының атақты байы Медеуді атайтын жері бар екен. Бұл менің сөзім емес деп Жамбыл алдырып





тастаған. Сыпатайды тек байлық жағынан мақтамай, әсіресе батырлық жағынан мақтағандығын айтып, сол арасына өзгеріс кіргізген.


36. «Сарбас пен Жамбылдың айтысы» — бұл айтыс 1895-жылдары Алматы (бұрынғы Верный) қаласында болады. Үйездегі заң, ел билеу жұмысында үлкен беделі бар Қожамберді байдың үйінде Жетісудың атқа мінер адамдары — ақсақалдары, болыс, билері, қариялар жыйналып бас қосады. Бұл жыйында Дулаттың бір атасы Қасқараудан шыққан Сарбас ақын болады. Жалғыз өзі көсіліп сөз сөйлей берген соң, Жамбыл сөзіне қанық Алматының, Шапыраштының адамдары:

— Бұл өзі Жамбылмен шайқасып көріп пе екен? Ақындығын Жамбылдың алдында сынасын, дегенді айтады. Сонан кейін Жамбылға кісі жіберіп, шақыртып алып, екеуін айтыстырады. Айтыста Жамбыл Сарбасты жеңіп, 150 сом бәйге алады. Сарбастың туысы — ауылы: Алматы облысы, Красногор ауданында, Кененнің айтуынша Сарбас 1913—1914-жылдары 65 жасында өлсе керек.

Сарбастың бұл айтысын Ғылым академиясындағы ел аузынан жыйналған материалдар арасынан тауып, Жамбылдың өз қарауынан және замандас ақындарының қарауынан өткізіп, Жамбыл шығармаларының 1940-жылғы бір томдығына (52—72-б.) кіргізген Исманлов Есмағамбет. Бұл жыйнаққа сол бір томдығынан алынып, өзгеріссіз жіберіліп отыр.

Байзақ — Қоңырат руынан шыққан, Кенесарының атақты батыры, Кенесары өлгеннен кейін, елінің бірлігін сақтай алмадың деп, Саурыққа өкпелеп, өзінің мекені Сыр бойына көшіп кетеді. Қоқанға қарсы соғыста жүргенде өлген. Жамбыл бұл батырдың бас қосып бірлік сақтамағанын айтып мінейді. Саурық батыр — Шапырашты руынан шыққан әйгілі батырдың бірі, Кенесары көтерілісіне қатысқан. Жетісу бойындағы қазақты патша үкіметінің, қалмақтың шабуылына, қырғыз манабы Орман хан, Қоқан бектерінің талаушылық әрекетінен қорғаған батыр. Жамбылдың революцияға дейін жеке дастан етіп айтып жүрген батыры. Саурық XIX ғасырдың бірінші жартысы кезінде болған казак халқының азаттығы үшін сыртқы жаулармен көп алысқан. Жетісу бойындағы ақындардың жирында, әңгімесінде Саурық, Сураншы батырлар халықтың, ұлттың ең сүйікті батыры есебінде аса жоғары дәріптеліп кеткен. Саурықты, Кенесарыны қырғыздың Орман ханы 1865—1870-жылдар арасында өлтірген. Саурықты Кенесарының қолда қалған қыяқты найзасымен шаншып өлтіріпті. Онда Саурық 49 жаста екен. Саурықты Жамбыл өзі көрген.

Бұл айтыста Жамбыл айтатын дастанның бірқатар негізгі желісі айтылып өтеді. Мұнда Жамбыл Шапырашты, Дулат болып айтысқан себепті, Құлмамбетпен айтысында мақтаған Сыпатай батырдың әлсіздік жағын көрсете кетеді. Жамбыл Сыпатайдың батыр екенін айта отырып, сонымен бірге екі-үдай қиын қыстау күндерде табансыздық істеген жерлері де бар батыр екенін көрсетеді. Бұл тарихи шын нәрсе де. Мәселен Кенесары соғысында Сыпатай әуелі қол басы батырдың бірі болады да, артынан Рүстем төренің тіліне еріп, шенге, олжаға өкпелеп, опасыздық жасап қашып кетіп қалады. Ал, Сыпатайдың Қоқан талау-




шыларына қарсы соғысында да жауға қарсы қайрат көрсете алмай, қашып кеткенін Сұраншы дастанында да, бұл айтыста да Жәкең дұрыс көрсетеді. Осындай ел көзінде өзінің батырлық атағына сан рет шіркеу түсе берген соң, Сұраншының жанында оның батырлығы көп төмен болады. Жамбылдың ұстазы Сүйімбай (1827—1895) ақын да Сыпатайды кейде міней отырады. Сүйімбай Сыпатайдың қолындағы Дулаттың ақыны Қантарбайға былай дейді:

«Жәке мен Есқожадан — сенің арың қашық,  
Міне отыр ер Сұраншы судай тасып,  
Сар кемерді сарт келіп шапқанында  
Қорыққаннан Керім кеткен шөлге қашып.  
Саркемерге көлгенде,  
Сарттар келіп шапқанда,  
Душпаныңан кек ала алмай  
Сені құдай атқанда...  
Батыр деген сен Сыпатай,  
Ежелден пейлің жаман ку едің-ай».

Міне бұл сөздерге қарағанда, Сыпатайдың батырлық әрекеттері халық арасында Сұраншы батырдай бірыңғай қадірлі болмаған сияқты, Мұны Сүйімбай да, Жамбыл да атап көрсетеді. Бұл айтыста аталатын Намаз, Үсембай, Андас, Қырбас, Атамқұл — бәрі Жетісуда Дулат, Шапыраштыдан шыққан батырлар, билер. Сәлімбай, Қарабай, Тілеуқабыл, Қоныспай т. б. байлар. Кәрібай, Бәуке, Қөкпай—Дулаттың шешен, беделді кәріптары. Тойшыбек пұшық, Дулат ішінде Ботпай, Жетісудың атақты батыры. Кенесары Сары-Арқадан көшіп келген бетінде тура Тойшыбек батырдың үйіне келіп түседі. Тойшыбек өзі, оның баласы Байсейіт батыр да Кенесарымен, оған соң Саурық, Сұраншымен дос болып өткен. Кенесары өлгенде баласы Сыздықты ауылымен аман алып қап, Сыр бойына қарай көшіріп өтеткен Байсейіт батыр көрінеді. Кейін Сыздық, батыр болып соғысқа араласқан соң, Байсейітпен жан қиысқан дос болады. Бірақ Байсейіт жастай өліп кеткен. Орман, Жанғаращ, Жантайлар — Кенесары, Саурықты өлтіруші қырғыздың атақты манаптары. Кәрім Жетісудағы Қоқан ханының, кейін патша үкіметінің шпионы болған, атақты бай; Кенесарының, Сұраншының соғыстары кезінде жау жағына шпиондық істейді. Ұлы жүз қазақтарының аңызды әңгімелері (легендалары) бойынша, Албан, Суан, Дулат үшеуін хаспетті бір ана—Домалақтан таратады. Қанлы, Үйсін Ұлы жүздегі сондай ескіден келе жатқан рулар.

37. «Жамбыл мен Жалайыр Досмағамбет ақынның айтысы» — Бұл айтыс Жалайыр ішіндегі бір жыйында болады. Айтыста кімнің жеңгені белгісіз. Бұл айтысты естіп жаттап алған Жетісудың ақындары: — «Жәкең жеңді» — дейді. Айтыстың өзі де Жамбыл сөзімен аяқталады. Досмағамбет бүкіл қазақ даласына аты жайылған ірі ақын емес, Жалайыр ішіне ғана мәлім жас ақынның бірі. Бірақ, мұнда ақындық сөз салмағы бар, Жәкеңмен недәуір жағаласып аларлықтай





өнер көрсетеді. Жалайыр Қалқа және Үмбетәлі ақындардың айтуына қарағанда Досмағамбет Алматы облысы, Қаратал ауданының, революциядан бұрын, 1910-жылдары, 27 жасында өлсе керек.


Қалдай, Маман, Қөлбай т. б. Орта жүз Найман, Жалайыр ішіндегі байлар. Маман — белгілі Біржанмен айтысатын Сара қыздың ата туыстары. Шәже, Балта XIX ғасырдағы әйгілі ақылғой жыршы. Кейкуат—Алпамыс батырдың қисасындағы қойшының бейнесі, Алпамыс жау қолында тұтқында жатқанда жәрдем береді. Үмбетәлінің Сапарғали Бегалинге айтуына қарағанда, айтыс Іле бойында Үйсін ішінде болыпты, — дейді. Айтысты Жамбылдың замандастарынан (Үмбетәлі, Өтеп, Саядіден) Тайыр мен Есмағамбет 1939-жылы жазып алған. Бұл айтыс алғаш Жамбыл шығармаларының 1940-жылғы бір томдығында (72—94-б.) басылған.

38. «Шашубай мен Жамбылдың айтысы» — айтыс, шамасы 1909-жылдары Алматы қаласында болады. Алматыдағы Байбулан байдің үйіндегі үлкен жыйынның ішінде Сары-Арқадан серілік құрып, ел аралап келген Қошқарбай баласы Шашубай ақын болады. Шашубай домбыра да тартады, гармон да ойнайды, өлең мен әнді бірдей соқтырып, Сары-Арқаның Ақансері, Біржансалдарынан үлгі, тәрбие алған өрен жүйрік сері әнші ақынның бірі. Жыйында еркін көсіліп сөйлеп, Жетісу бойындағы ең дәмелі ақынмен айтысамын, анау-мынау жаман ақындардың менің ширегіме келмейді, естуіме қарағанда ең мықтысы, даңқтысы Жамбыл, көрінеді, сол Жамбылды тез шақырып келтір, дейді.

Жамбыл келіп, екеуі айтысады. Айтыстың арасында Жамбыл Шашубайдың мақтаған ұлықтарын, байларын, әсіресе үйездің тілмашы Найман Бақияны, оның досы — ұлықтармен ауыз жаласқан Байбулан байді масқаралап жамандап тастайды. Осы сөздерді естіген Бақия: сен ұлыққа тіл тигіздің деп жанжал шығарады, бұл жанжалды Байбулан бай да қостайды; бірақ жыйылған көпшілік, не айтсе да екі ақынға бірдей ерік берілген, төренің мұнысы әділдік емес, жеңген Жамбыл, жеңілген жақ ат-шапан айыбын берсін деп Жамбылды жақтай шығады, ақыры екі жағы да бір-біріне тоқтамай, тарайды. Арқа жағының ақындары айтыста Шашубай жеңді дейді, Шашубайдың өзі де: мен жеңіп едім, Жетісу елі көптігін көрсетіп, бәйгемді бермей кетті дейді. Ал, Жетісудың ақындары — Жамбыл жеңді дейді. Жөкеңнің өзі де: мен жеңдім, бірақ Шашубай ұлыққа арқа тіреп бәйгемді бермей кетті дейді. Мына айтыстың түріне қарағанда екеуінің сөзі де кесек, нығыз жатыр.

Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, Шапырашты Наурызбай Абылайдың қолбасы батырлары. Қалмаққа, Қоқанға, Қырғызға қарсы жорықтарла айырықша қайрат көрсеткен ерлер. Қабанбай, Бөгембай жөнінде бөлек халық дастандары бар. Бұл үшеуін де Бұқар-жырау атап отырады. Жарыжан, Саймасай, Мәкке, Сәмі т. б. Жетісудағы байлар. Бұл айтыстың дәл қай мезгілде болғаны жөнінде әлі анықталған пікір жоқ, Жамбыл ауданындағы кейбір қарттардың (Серікбайдың) Сапарғали Бегалинге айтуына қарағанда Жамбыл мен Шашубай 1890-жылда Бегалинге айтуына қарағанда Жамбыл мен Шашубай 1890-жылдардың ақырында айтысқан сыяқты, ал Шашубайдың өзінің және Ке-





нен ақындардың айтуына қарағанда 1908—1909-жылдары айтысқан сыяқты. Шашубай Жетісуға бір емес, әр мезгіл келіп отырған. Сондықтан қай келгенінде айтысқанын шамамен ғана айтады. Шашубайдың баспадан шыққан кітабында («Сөйле Шашеке», 1941-ж), Жамбылдың 1940-жылы басылған I-томында 1909-жыл деп көрсетілген. Біз де жыл мезгілін өзгерткеніміз жоқ.

Жамбылдың айтыс өлеңдерін Ғылым Академиясы ел аузында айтылып жүргеннен жыйнап алды. Бұл Шашубай мен Жамбыл айтысын Өмірзақ, Үмбетәлі, Кенен және Шашубайдың өзінен жазып алып, 1940-жылғы Жамбылдың бір томдығына кіргізген Есмағамбет. Жалпы айтыс Жәкеңнің өз қарауынан сыналып өтті, ел аузында жүргенінен өз сөздері қаншалық өзгерген, қаншалық сақталған, соның барлығын Жәкең өзі тыдап отырып тексерген. Айтыстың ел аузында жүрген күйіндегісіне ешқандай жаңалық қосқан жоқ, қайта сол кезде айтқан бірқатар жерлерін толықтырған.

Айтыс Жамбыл шығармаларының бір томдығында (94—105 б.). 1940-жылы басылған.


39. «Нурилла мен ақындардың айтысы және Жамбылдың берген төрелігі» — 1919-жылдары жайлау үстінде айтылған. Саяділ Керімбековтың жазып тапсырғанын Жәкең толық емес, онда Нурилламен он бір ақын айтысқан еді — дейді. Айтысқа қатынасқандар: Бармақ, Шүкітай, Оспан, Саяділ, Үмбетәлі тағы басқалары Сапарғали Бегалинге айтқан сөзінде халық ақыны Үмбетәлі: «осы айтыста түйе алып едім» — депті. Нурилла шапан мен жібек көйлек алыпты. Бұл айтыс Үмбетәлінің айтуына Қазыбек деген жерде, Мәңкениң інісі Хасеннің әйелі ұл тапқанда жасаған тойда болса керек. Бірақ, осы айтыстағылардан басқасының кімдер екені анықталмады. Бұл айтыс жыйнаққа тұңғыш рет қосылып отыр.

### III БӨЛІМ

#### РЕВОЛЮЦИЯДАН КЕІНГІ ӨЛЕҢДЕР

40. «Белсенділерге» — 1921-жылы Ұзын-ағаш Қошқы ұйымының тойы болған. Сол тойда Ұзын-ағаш дәуіріндегі генерал-губернатор Колпаковскийдің Жетісуды жаулап алуына орнатқан белгісінің басындағы «самұрық құсы» сындырылған.

Қошқы тойына Ұзын-ағаш қасындағы Қайназар сазына көп үйлер тігілген. Алматыдан да көп қызметкерлер барған. Сол тойға Жамбыл да келіпті. Бірақ Кенен, Үмбетәлі және басқа ақындар өлең айтып жатқан жерге Жамбылды жолатпапты. Сонда Жамбыл ат үстінен үйдің есігін шалқасынан қайырып тастап, осы өлеңді айтыпты. Алғаш жарияланып отыр. Жазып алған Ғали.



41. «Қазақстан тойына» — Жамбыл бұл өлеңді 1924-жылы Алматы қаласында Қазақстанның 4 жылдық мерекесіне жыйналған халыққа айтқан. Әуелгі айтқан кезінде өлең мұнан әлдеқайда көп екен, тойға қатынасұшылардан жазып алғандар да болған: Бірақ ол қолжазбалар әлі қолға түскен жоқ. Бұл ақынның өз есінде қалғанынан 1936-жылы жазылып алынды. 1937-жылы Алматыда шыққан Жамбылдың өлеңдері деген жыйнағында, 1938-жылы Москвада шыққан «Жамбыл» атты бір томдықта (108—109-б.), 1940-ж. басылған шығармаларының бір томдығында басылған.

42. «Уа қарағым келіншек» — деп басталатын өлеңін 1933-жылы көктемде Қара-қастек қыстағында базарда айтқан. Жамбыл бұл өлеңін Ғалиға жаздырып отырып, былай депті:

— Қара есекті маймадатып, Сатышты сыйдаңдатып Қара-қастек базарына бардым. Тамақ қымбат, Жәрдемге берілген аз ғана астықты пісіріп ішуге көже қатық жоқ. Соған бірдеме табыла ма деп барып едім... Базар шетінде бір келіншек май сатып тұр екен. Байқаймын, қымбат сұрайтын сыяқты... Келіншек өңді кісі екен, қасында бір жігіт қалжындап, қолын қысып-қысып қойып тұр. Ойланып тұрдым да сонда осы өлеңді айттым.

Неге екенін білмеймін, тілеуің бергір келіншек, майын тіпті арзан бере салғаны. Өлең алғаш жарияланып отыр. Мұндағы Сатыш — Жамбылдың немересі.


43. «Жастар алдындағы сөз» — Бұл 1934-жылы, 16-июнь күні көркем өнер қайраткерлерінің Республикалық слетінде айтылған. Бұл өлең сол күйінде, «Лениншіл Жас» газетінің 1934-жылғы 17-июнь күнгі санында басылған. Мұнда аты аталған Нұржан Наушабаев XIX ғасырдағы атақты ақын. 1859-жылы туып, 1919-жылы өлген. Бірнеше өлеңдер кітабын шығарған, қазақтың жазба әдебиетіндегі белгілі ақын. Кейін бұл өлең 1940-жылғы шығармаларының 1-томында басылды (132—134-б.).

44. «Жайлау» — Жамбылдың 1935-жылы, күзді күні айтқан өлеңі. Өлең сол жылы декабрь айында қазақшасы «Қазақ Әдебиеті» газетінде, орысшасы Москвадағы «Литературная Газетада» 1940-жылғы шығармаларының бір томдығында (136—137-б.) басылды.

45. «Ленин Мавзолейінде» — бұл өлеңді 1936-жылы Москвада қазақ көркем өнерінің декаднігі кезінде Ленин мавзолейін көріп шығарған. Алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1936-жылғы 27-майдағы санында «Мавзолей» деген атпен басылған. Онда 2-жолдағы «нұр» деген сөз «тұр» болып, 9-жолдағы «табысқан» деген сөз «толысқан» болып басылған. Өлең Москва, Қазақстан баспа сөздерінде, өзінің 1937, 1938, 1939-жылдардағы барлық жыйнақтарында, соңғы 1940-жылғы шығармаларының бір томдығында басылды (142—144-б.).

46. «Халықтың сәлемі» — бұл өлеңі 1936-жылы, май айында Москва қаласында, қазақ көркем өнерінің декаднігі кезінде Совет үкіметінің басшысы Молотов жолдасқа ариап жырлаған толғауы. Өлең декадник кезінде шығарылып, «Социалистік Қазақстанда» 1938-жылы 15-июньде басылды. «Правда», «Известия» газеттерінде де шықты.






1937, 1938-жылғы және Жамбыл шығармаларының 1940-жылғы 1-томдығында да басылды (144—147-б.).

47. «Клим батыр» — Москвадағы декадник кезінде Клим Ворошиловты көзімен көріп жырдаған толғауы. «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская Правда» газеттерінің 1936-жылғы май—июнь айындағы сандарында басылды. Бұл өлеңде аталған Ғали — «Заркұм», «Сал-сал» сыяқты қысаларда жырланатын Мұхамбеттің әскер басысы, жауынгері. Қысаларда Әзірет-Әлі, Хазірет Ғали, Ғали Арыслан деп келеді. Ғалидің зулпықар атты керемет қылышы болған дейді, ашуланып шапқанда қара тасты қақ айырып, жер шарын тіліп, астындағы тіреу көк өгізге желеді екен, деп қысада ақындар асыра дәріптеп суреттеген. Ғали VII ғасырда болған, араптың көп соғыстарына қатынасқан әскер басы. Мұхамбеттің қызын алған күйеуі: Ескендр Зулқарнайынды Европада — Александр Македонский дейді. Ескендр кіші Азияны түгел өзіне қаратқан атақты қолбасы, соғысқан жерінің бәрін жеңген. Біздің заманымыздан (эрамыздан) бұрын 256—323-жылдарда жасаған Филипп патшаның баласы. Гректің атақты ғалымы, философы Аристотель Ескендрдің ақылгөй жолдасы болған. Ескендр Орта Азияның көп жерлерін өзіне қаратып, Сырдарияның бойына дейін келген. Шығыс елдерінде Ескендрдің жорығы, батырлығы жайында аңызды, ертегі, әңгімелер өте көп. Шыңғыс хан XIII ғасырдағы Монғолияның ханы. Қытайды, бүкіл Орта Азияны, таяу шығыс елдерін, шығыс Ресейді, кавказ халықтарын жаулап өзіне қаратып алған атақты жауынгер қолбасшы (полководец), кейін Орта Азия, қазақ даласын билеген хандар осы Шыңғыс ұрпағынан өрбиді. Жамбыл сол жыр, әңгімелерді көп естіген.

Рүстем — Парсының атақты данышпан ақыны Фердаусидің «Шахнама» атты эпопеясының басты қаһарманы, батыры, мұның әңгімесі Рүстем-Дастан деген атпен Шығыс елі әдебиетіне көп тараған. Жамбыл «Шахнама» мен жақсы таныс болған. «Манас» — қырғыздың 360 мың жолдық дүние жүзілік маңызы бар үлкен эпосы. Манас сол жырдың басты қаһарманы, батыры. Жамбыл «Манасты» көп уақыт жатқа зйтып жүрген. Кенесары, Наурызбай—Абылай ханның немересі. Кенесары Қасымның баласы, 1807-жылы туған. Наурызбай 1821-жылы туған. Екеуі де қазақтың әйгілі батырлары. Екеуін де 1847-жылы патша үкіметінің көмегімен қырғыз манаптары өлтіреді. Кенесарының басын Жантай, Орман сыяқты қырғыз манаптары Омбыға генерал-губернаторға апарып ең жоғарғы наградтар алған және патшадан ата-баба, ұрпағымен ақсүйек (дворян) болу атағын алады. Кенесары — Наурызбай жайында халықтың көптеген жыр, өлеңдері бар. 1937-жылы басылған «Жамбыл өлеңдері» (мектеп кітапханасы) деген жыйнақта: «Сонау өткен бір күнде» деп басталады. Соңғы жыйнақтарда «Қылышыңа қан тамған» деп екінші жолдан бастаған. Біз соңғысын алдық. Соңғы 1940-жылы басылған Жамбыл шығармаларының 1-томында (147-149-б.) шықты.

48. «Калинин ақсақалға» — 1936-жылы Москвада декадник күндерінде Михаил Иванович Калинин жолдасты көріп жырдаған өлеңі. Өлең «Социалистік Қазақстан» газетінің июнь айында-





ғы санында, Жамбылдың 1937, 1938, 1940-жылғы жыйнақтарына түгел басылған.

49. «Сталиннің ер досы» — 1936-жылы Москвада декадник кезінде қатынас жолдар халық комиссары Лазарь Моисеевич Каганович жолдасқа арналған жыры. Өлең кейін «Социалистік Қазақстанның» 1938-жылғы 8-июньде және Жамбыл шығармаларының 1-томында (151—154-б.) басылған.

50. «Дастарқач жыры» — Москвада декадник кезінде Кремльде қонақта болған уақытында айтқан жыры. Бірінші рет 1940-жылғы шығармаларының 1-томында басылған.

51. «Орден алғанда» — 1936-жылы ССР одағы Орталық Атқару Комитетінің 1936-жылғы 26-майдағы қаулысы бойынша Еңбек Қызыл ту орденін аларда, Кремльде Калинин жолдасын алдында айтқан өлеңі. Жамбылға және қазақтың көркем өнер қызметкерлеріне ордендерді ұсынып тұрып М. И. Калинин жолдас сөз сөйледі, ол сөзінде былай деді:

«Көркем өнердің ең жоғарғы, ең талантты, ең данышпан түрі—халық көркем өнері; басқаша айтқанда халықтың көңілінде қалған, халық сақтап келген, халықтың әлденеше ғасырлардан бергі бірден-бірге қалдырып келген көркем өнері, бұл күмәнсіз. Өздеріңізге мәлім, құны жоқ көркем өнер халықта сақталмайды, халық та бір, алтын іздеуші де бір, ол ең бағалы, ең данышпан нәрсені ғана іріктеп алып, сақтап, өңдеп әлденеше он жылдар ұстайды. Сөз жоқ, халық та нағыз артықша көркем, және данышпан шығармалар туғызып, бұрынғыдан әрі жемісті етіп өңдейді. («Социалистік Қазақстан» 29/V, 1936-жыл).


Бұл өлең 1937-жылғы өлеңдер жыйнағында (60-б.), 1938-жылғы шығармалар жыйнағында және 1940-жылғы басылған 1-томда (156—159-б.) шықты.

52. «Жамбылға» — 1936-жылы Жамбыл орден алғанда, Тәжікстанның атакты ақыны Ғасем Лахутидің жіберген құттықтау өлеңі; газет, журналдарда және 1937-жылғы жыйнағында (73-б.), 1938-жылғы ақындық қызметінің 75 жылдық мерекесінде шыққан «Өлең және поэмалар» жыйнағында (124-б.) басылды.

53. «Ғасем Лахутиға» — 1936-жылғы Ғасем Лахутидің жіберген құттықтау өлеңіне жауабы; өлең газет, журналдарда және 1937-жылғы жыйнағында (74-б.) және 1938-жылғы мерекелік жыйнағында (125-б.) басылған.

54. «Кекті ашу» — 1936-жылы август айында троцкийшіл, Зиновьев, Каменев бандаларына сот болған уақытта ызамен, кекпен жырлаған жыры. Жыр газеттерде және 1938-жылғы «Әдебиет Майданы» журналының май айындағы 5-санында, 1937-жылғы жыйнағында және 1938-жылғы мерекелік жыйнағында (70—71-б.), 1940-жылғы 1-томында (160—161-б.) басылған.

55. «Сталинді тындадым» — 1936-жылы, 25-ноябрь күні Со-



веттердің Бүкілодақтық Төтенше VIII съезінде Сталин жолдастың ССРО Конституциясының проекті туралы баяндамасын тыңдағанда шығарған өлеңі. 1937-жылғы жыйнағында (54-б.), 1938-жылғы мерекелік жыйнақта (12—14-б.), 1940 жылғы 1-томында (162—163-б.) басылған.

56. «Съезге» — ССРО Конституциясын қабылдаған Советтердің Бүкілодақтық Төтенше VIII съезі болып жатқан кезде айтқан жыры. Жыр — газеттерде, 1937-жылғы өлеңдер жыйнағында (62-б.), 1938-жылғы мерекелік жыйнағында (64—67-б.), 1940-жылы басылған шығармаларының 1-томында (164—165-б.) басылған.

57. «Сталиндік ұлы заң» — 1936-жылы 5-декабрьде Советтердің Бүкілодақтық Төтенше VIII съезінде ССРО Конституциясын қабылдаған уақытта жырлаған өлеңі. Өлең газеттерде, журналдарда, 1937-жылғы жыйнағында (56-б.), 1938-жылғы мерекелік жыйнақта (33—36-б.), 1940-жылғы 1-томында (165—169-б.) басылған.

58. «Асқан бұлбұл» — 1936-жылы Совет елінің халықтары орыстың кеменгер ұлы ақыны А. С. Пушкиннің өлгеніне жүз жыл толған күніне әзірленгенде шығарған өлеңі; өлең газеттерде және 1937-жылғы өлеңдер жыйнағында (71-б.), 1938-жылғы мерекелік жыйнағында (115—116-б.) басылды. 1939, 1940-жылғы және басқа жыйнақтарында да басылған.

59. «Ленин» — 1937-жылы 21-январьда Лениннің қайтыс болғанына 13 жыл толған күнде жырлаған толғауы. Өлең газеттерде, журналдарда, 1938-жылғы мерекелік жыйнағында (5—8-б.), 1940-жылғы шығармалар жыйнағының бір томдығында (169—171-б.) басылған.

60. «Пушкинге» — 1937-жылы 10-февральда А. С. Пушкиннің өлгеніне 100 жыл толған күніне арналған Алматы қаласындағы жазушылардың салтанатты мәжілісінде айтқан жыры. Бұл өлең газеттерде, 1938-жылғы жыйнақта (113—115-б.), 1940-жылғы 1-томда (172—173-б.) басылған.

61. «Егіс жыры» — 1937-жылы колхозшылар көктем егісіне шығарда айтқан өлеңі; өлең газеттерде және 1937-жылғы жыйнағында (65-б.), 1938-жылғы жыйнағында (99—100-б.) басылған.


62. «Х съезге» — 1937-жылы март айында Қазақстанның X Төтенше Советтер съезіне арнап шығарған өлеңі. Республикалық газеттерде және 1937-жылғы өлеңдер жыйнағында (102-б.), 1938-жылғы мерекелік жыйнағында (62-б.) басылған.

63. «Одақтас» — 1937-жылы март айында Қазақстанның Төтенше X съезі үстінде айтқан жыры. 1937-жылғы өлеңдер жыйнағында (106-б.), 1938-жылғы жыйнағында (51—52-б.), 1940-жылғы жыйнақта (174—176-б.) басылған.

64. «Сур жылан» — троцкишіл бандаларға болған сот кезінде айтқан. Қазақшасы бұрынғы кітаптарына кірмеген. Бірінші рет 1940-жылғы шығармаларының 1-томында енген (176—179-б.) Орыс тілінде алғаш «Қазахстанская Правда» 16/IV, 1937-жыл басылған.

65. «Қайта жасардым» — 1937-жылы, апрель айында Қазақстан жазушыларының пленумына келіп қатынасқанда айтқан өлеңі. Алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінде қысқартылып «Шал сыры» деген ат-





пен 1936-жылғы 1-майда басылған. Онда «Қаусаған 30 тісім қайта шықты» — деген 3-жолы «Қыйраған 30 тісім қайта шықты» — болып, «Жеткенде тоқсан жасқа шөккен нардай» деген 7-жолы, «Жеткенде 85-ке шөккен нардай» болып басылған. Соңғы екі шумағы жоқ. 1937-жылғы жыйнақта (59-б.), 1938-жылғы өлеңдер жыйнағында (106-б.), 1940-жылғы 1-томда (179-б.) басылған түрін алдық.

65. «М а й» — 1937-жылы 1-май күні жырлаған жыры. 1937-жылғы өлеңдер жыйнағында (99-б.), 1938-жылғы мерекелік жыйнақта (103—105 б.), 1940-жылғы бір томдығында (180—181-б.) басылған. Бұдан басқа «Жер жасарып май туды» деп басталатын май туралы өлеңі 1938-жылы 1-майда «Социалистік Қазақстанда» шықты.

67. «С ү л е й м а н С т а л ь с к и й г е» — 1937-жылы май айында Дағыстанның атақты халық ақыны Сүлейман Стальскийдің хұрметіне арнап шығарған өлеңі, газеттерде және 1937-жылғы өлеңдер жыйнағында (77-б.), 1938-жылғы жыйнақта (128-б.) шықты. Ормыс тілінде алғаш «Правданың» 1937-жылы 24-сентябрьдегі 264-санында басылған.

68. «Ж а з» — Жамбылдың 1937-жылы, май айында Алатаудың алабындағы колхоздардың көктеген егіс даласын аралағанда табиғаттың көктем аясындағы құлпырған сұлу көріністерін көріп шығарған сұлу лирикалы өлеңінің бірі. Өлең газеттерде, 1937-жылғы өлеңдер жыйнағында (98-б.), 1938-жылғы мерекелік жыйнағында (90-б.), 1940-жылғы 1-томда (182-б.) басылған.

69. «Ж а з ж ы р ы» — «Атымды ертте балалар» — деп басталатын өлеңі 1937-жылы май айының аяқ шенінде колхоз егіндерін, жайлауды аралап, табиғаттың сұлу көрінісімен бірге, елде бахытты жаздай жайнап келе жатыр деген сезіммен жырланған лирикалы өлеңі. Өлең газеттерде, 1938-жылғы мерекелік жыйнақта (93-б.), 1940-жылғы 1-томда (185—186-б.) басылған.

70. «А л а т а у» — 1937-жылы июнь айында Алатау маңындағы колхоздың бау-бақшаларын, демалыс үйлерін аралап келіп айтқан өлеңі. Жәкең, басынан қар кетпейтін ақ сәлделі, жасынан бері көріп келе жатқан Жетісудағы Алатау еліне енді бахыт орнағанын жырлаған. Өлең газеттерде, 1937-жылғы өлеңдер жыйнағында (67-б.), 1938-жылғы жыйнақта (101-б.), 1940-жылғы 1-томда (187—188-б.) басылған.

71. «Қ ы м ы з» — 1937-жылы жазда колхоздың жайлауында, Алатау маңындағы курортта колхоз қымызын көпшілікпен бірге ішіп отырып жырлаған. Өлең 1937-жылғы жыйнақта (69-б.), 1938-жылғы жыйнақта (107-б.), 1940-жылғы 1-томда (189—190-б.) басылған.

72. «Б а л л а р ғ а» — 1937-жылы жаз айларында Жамбыл пионер лагерьлерін аралап, лагерьді, пионерлердің ойын-сауығымен, шат көңілдерін көргенде айтқан өсиет өлеңі. Өлең 1938-жылғы жыйнақта (91-б.), 1940-жылғы 1-томда (191—192-б.) басылған.

73. «Б е с і к ж ы р ы» — жас бөбек, октябраттарға шығарған өлеңі. Өлең 1937-жылы жазда шығарылған. 1938-жылғы жыйнақта (95-б.), 1940-жылғы 1-томда (193—195-б.) басылған.

74. «Қ ы т а й ғ а» — 1937-жылы, 7 июль күнгі Локогузе жаңында жапондар Қытайға келіп шабуыл жасап, бейбіт халықты оқ астына ала



бастаған қанды қырғын оқыйғасын естіп шығарған жыры. Жыр газеттерде, 1938-жылғы жыйнағында (147-б.) 1940-жылғы 1-томда (196—198-б.) басылған.

75. «Қызыл әскерге» — 1937-жылы халықаралық соғысқа қарсы күн 1-августа айтқан өлеңі. 1938-жылғы мерекелік жыйнақта (83-б.), 1940-жылғы 1-томда (198—200-б.) басылған.

76. «Испандық тумысқандарға» — 1937-жылы франкошыл бүлікшілерге және италия-германия басқыншыларына қарсы аянбай соғысқан республикашыл испан халқына арнап шығарған өлеңі. Бұл өлең газеттерде, Жамбылдың 1938-жылғы жыйнағында (145-б.) басылды.

77. «Сталин ұрпақтары» — 1937-жылы жаз айларында халық жаулары энкерлене бастаған кезде, Сталин ұрпақтары «Жауды жермез жексен етеді!» — деген сеніммен жырлаған өлеңі. Бұл өлең газеттерде және 1938-жылғы жыйнағында (79-б.) басылды.

78. «Өлгенің жоқ, сен тірі» — 1937-жылы Сүлейман Стальский өлгеннен кейін өзінің досын еске алып, Шотай бұлағы, «Ерпазар» колхозында 26/XI, 1937-жылы шығарған. Алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінде 1937-жылы 27-ноябрьде, 1940-жылы басылған шығармаларының 1-томында (200—202-б.) шыққан.


79. «Амангелді тойыңз» — 1937-жылы сентябрь айында Кас-тек ауданында Ленфильм студиясының адамдары қазақ артистерінің қатысуымен Амангелдіні киноға түсіре бастағанда Жамбыл келіп, кино түсірушілер, артистер коллективіне осы өлеңді айтқан. Өлең газет, журналдарға да басылды және Амангелді киносына пролог, ән ретінде айтылатын болып кірді. 1937-жылғы өлеңдер жыйнағында (104-б.), 1938-жылғы жыйнағында (77-б.), 1940-жылғы 1-томда (230—231-б.) басылды.

80. «Сталинді сайлаймын» — ССРО Жоғарғы Советіне сайлау кезінде шығарған өлеңі. Бұл өлеңді ССР Одағы халықтары дереу өз тілдеріне аударып басты, сайлау үстінде жатқа айтатын ең сұлу өлеңнің бірі болды. Өлең 1937-жылғы декабрь айында газеттерде, 1938-жылғы Жамбыл жыйнағында (38-б.) шықты. 1938-жылғы «Әдебиет Майданы» журналының июньдегі 6-санында да басылған. Орыс тілінде алғаш «Казакстанская Правда» газетінің 256-санында 1937-жылы басылды.

81. «Ұсынамын» — 1937-жылы ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы кезінде, ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына Сталин, Молотов жолдастардың кандидатурасы ұсынылуына арнап шығарған өлеңі. Бұл өлең «Социалистік Қазақстан» газетінде, Жамбылдың 1938-жылғы жыйнағында (61-б.) басылған.

82. «Ұлы көш» — 1937-жылы, Октябрь революциясының XX жылдық мерекесімен байланысты, ноябрь айында «Ерпазар» колхозында 5-ноябрьде жырлаған өлеңі. Өлең ноябрь айындағы «Социалистік Қазақстан» газетінде, 1938-жылғы жыйнақта (27-б.) басылған. Орыс тілінде алғаш «Народное Творчество» журналында 1938-жылғы апрельдегі 4-санында (9—10-б.), 1938-жылғы шыққан «Путешествие на Кавказ» деген жыйнағында басылған.

83. «Москва туралы жыр» — 1937-жылы 6-ноябрь күні өзі тұратын «Ерпазар» колхозында айтқан өлең; бұл өлең газеттерде орыс



тілінде алғаш 1937-жылғы 30-октябрь күні «Вечерняя Москва» газетінде, 1938-жылғы майдағы «Әдебиет Майданы» журналының 5-санында және 1938-жылғы жыйнағында (48-б.) басылды. Жамбыл Москваны — Мәскеу дейтін. Ұйқасы келген жерде шамасынша Москва деп алынды.

84. «XX жылдық тойда» — 1937-жылы социалистік ұлы Октябрь революциясының XX жылдық мерекесі күні шығарған өлеңі. Бұл өлең 1938-жылдағы жыйнағына (72-б.) кірген.

85. «Халық туысқандығы» — 1937-жылы ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына дайындық кезінде совет халықтарының бұлжымас достығына, моральдық-саяси бірлігіне арнап шығарған өлеңі. Бұл өлең газеттерде және Жамбылдың 1938-жылғы жыйнақтарында (40-б.) басылған.

86. «Бір жыл» — 1937-жылы 5-декабрьде, ССРО Конституциясы қабылданғанына бір жыл толу күніне арнап шығарған өлеңі. Бұл өлең «Социалистік Қазақстанда» 5-декабрьде және 1938-жылғы жыйнағында (36-б.) шықты.

87. «Шынықтырды болаттай» — 1937-жылы 11-декабрь күні, ертен, 12-декабрь күні ССРО Жоғарғы Советі сайлауына барғалы отырып айтқан өлеңі. Бұл өлең газеттерде және 1938-жылғы жыйнағында (56-б.) басылған.

88. «12-декабрь» — деген өлеңі ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күні жырланған. Өлең газеттерде, 1938-жылғы жыйнақта (53-б.), 1940-жылғы 1-томдықта (238—240-б.) шыққан.


89. «Кавказға» — 1937-жылы декабрь айының аяқ кезінде Жамбыл Грузияның атақты ақыны Шота Руставелидің 750 жылдығына арналған мерекесіне қатнасу үшін Тбилиси қаласына барды. Осы сапарға Алматыдан аттанып шығысымен 1937-жылы, 17-декабрьде шығарған жыры осы «Кавказға» деген сұлу лирикасы. Ең алғаш, орысша аудармасы «Путешествие на Кавказ» (1938-жыл) деген жыйнақта басылған. Кейін Жамбылдың 1938-жылғы жыйнағында (138-б.) басылды. Өлеңді жазып алған Тайыр Жароков.

90. «Ақынға» — 1937-жылы Шота Руставелидің 750 жылдығына қатынасуға Грузия астанасы Тбилиси қаласына барғанда шығарған өлеңі. Бұл өлең газеттерде және Жамбылдың 1938-жылғы жыйнағында (119-б.) басылды. Алғаш орыс тілінде «Путешествие на Кавказ» (1938-жыл) деген жыйнақта басылған.

91. «Кавказға сәлем» — 1937-жылы декабрь айының аяғында ССРО Жазушылары Одағының Тбилиси қаласында Шота Руставелидің 750 жылдығына арналып ашылған пленумында айтқан өлеңі. Бұл өлең Грузия, Қазақстан газеттерінде және Жамбылдың 1938-жылғы жыйнағында (132-б.) басылды. П. Кузнецовтың аударуымен «Бакинский Рабочий» (Азербайджан), «Заря Востока» (Грузия) газеттерінде басылған. «Путешествие на Кавказ» деген жыйнақта да (1938-жылы) басылды. Өлеңді жазып алған Тайыр Жароков.

92. «Өмір жыры» — деген өлеңі Тбилиси қаласында болған уақытында Шота Руставелидің 750 жылдық юбилейімен байланысты Тбилисиде 26-декабрьде жырлаған. Бұл өлең П. Кузнецовтың аударуымен





«Заря Востока» (Грузия) газетінде декабрьде, «Путешествие на Кавказ» деген жыйнағында (1938-жыл), 1938-жылғы жыйнақта (34-б.) басылған.

93. «Ч а п а й» — Кавказға барған сапарында 1937-жылы 20-декабрь күні Чанаевский қаласынан өткенде жырлаған өлеңі. Өлең газеттерде, 1938-жылғы жыйнақта (219-б.), 1940-жылғы шығармаларының бір томдығында (244—247-б.) басылған. Жазып алған Тайыр. Орыс тілінде алғаш «Путешествие на Кавказ» (1938-жыл) деген жыйнақта шыққан.

94. «Т ы н ы қ Д о н н ы қ у л д а р ы н а» — Кавказға барған сапарында 1937-жылы, 23-декабрь күні Ростов-на-Дону қаласынан өткенде жырлаған өлеңі. Өлең газеттерде, 1938-жылғы жыйнағында (222-б.), 1940-жылғы Жамбыл шығармаларының бір томдығында (247—249-б.) басылған.

95. «О д а қ» — бұл өлеңді Кавказға саяхат жасаған сапарында жырлаған. Бұл өлең газеттерде, 1938-жылғы мерекелік жыйнақта, 1940-жылғы 1-томда (250—252-б.) басылған. Өлеңді жазып алған Тайыр Жароков. Орыс тілінде алғаш «Литературный Казахстан» журналының 1938-жылғы февральдағы 2-санында шыққан.

96. «Т у ы с қ а н е л» — Кавказға саяхат жасаған жолында Москва-ны аралайды. Бірнеше өлеңдер шығарады. Бұл өлеңі Москваны, жолшыбай қалаларды, елдерді көргенін, Отанның ұлы табыстарын көргенін жырлаған шығармасы. Газеттерде, 1938-жылғы жыйнағында (141-б.), 1938-жылғы «Әдебиет Майданы» журналының 5-санында, 1940-жылғы 1-томда (255—257-б.) басылған.

97. «Ж е н і с п е н ш а т т ы қ» — 1937-жылғы Шота Руставелидің мерекесіне қатынасуга Кавказға саяхатқа барарда «Ерназар» колхозында 11-декабрьде айтқан өлеңі. Өлең алғаш орыс тілінде «Путешествие на Кавказ» деген Москвада Мемлекеттік әдебиет баспасы 1938-жылы бастырған жыйнақта, 1938-жылғы Жамбылдың ақындығының 75 жылдық мерекесіне шыққан «Әдебиет Майданы» журналының майдағы 5-санында, Жамбылдың бұрын басылмаған өлеңдері деген тақырыппен басылған. 1938-жылғы мерекелік жыйнағында (85-б.), 1940-жылғы 1-томда (258-б.) басылған.

98. «С т а л и н н ің т у г а н ж е р і» — Жамбыл бұл толғауды жырын Сталиннің туған жері Гори қаласын, бала жаста туып өскен үйін, мекенін көріп 1938-жылы, 1-январьда Тбилисиде шығарған. Мұндағы аталған Шорс — Украинның, Чапаев — орыстың, Аменгелді — қазақтың большевик батырлары; азамат соғысы кезінде жауларға қарсы күрескен. Қобланды XV ғасырдағы, Исатай XIX ғасырдағы қазақтың айбынды ерлері. Өлең газеттерде, орыс тілінде 1938-жылы Мемлекеттік әдебиет баспасы бастырып шығарған «Путешествие на Кавказ» атты кітабында (110-б.), 1938 жылғы жыйнағында (198-б.) басылған. Жазып алған Тайыр Жароков.

99. «Қ а й т а к е л г е н ж а с т ы қ» — деген өлеңді Тбилиси, Москва сапарынан қайта оралғанда өзінің шығармасына, жалпы көркем оперге, жасарып бет бұрған қуанышпен баға беріп, 1938-жылы январьдың аяқ кезінде жырлаған өлеңі. Бұл өлеңі 1938-жылғы жыйнақта



(109-б.), 1940-жылғы шығармаларының бір томдығында (263-б.) басылған.

100. «Өнердің өсуі» — 1938-жылы январьда жырлаған өлеңі. Советтік Қазақстанның көркем өнерінің өсуіне, таланттарға айқын жол ашылғанына сүйсіне отырып, лирикалық бағытта айтқан өлеңі. Өлең алғаш 1938-жылғы мерекелік жыйнақта (111-б.), 1940-жылғы Жамбыл шығармаларының 1-томында (264—265-б.) басылған. Жазып алған Жақан Сыздықов.

101. «Сәлем бүкіл халықтан» — 1938-жылы Қызыл Армия мен Қызыл флотшылардың жыйырма жылдық мерекесіне арнап шығарған өлеңі. Бұл өлең «Социалистік Қазақстан» мен «Казакстанская Правда» 23-февральда және 1938-жылғы жыйнағында (117-б.) басылған.

102. «Жоғалт көзін» — 1938-жылы, март айында Бухарин—Рыков бандаларына сот болған уақытта ызамен, ұлы ақынның үкімі ретінде айтқан жыры. Бұл өлең «Социалистік Қазақстанның» сол жылғы 28-март күнгі санында шыққан. Өлең 1938-жылғы жыйнағында (68-б.), 1940-жылғы Жамбыл шығармаларының бір томдығында (266—267-б.) басылған.

103. «Күн нұры» — 1938-жылы халық жаулары Бухарин—Рыков бандаларына үкім шыққан соң, жаудың қолынан қаза тапқан Максим Горькийді еске түсіріп шығарған өлеңі. Өлең «Социалистік Қазақстан» газетінде 1938-жылғы 18 июньде, 1938 жылғы жыйнағында (117-б.), 1940-жылғы бір томдығында (268—269-б.) басылған. Жазып алған Ғали Орманов.

104. «Ұлы м а» — 1938-жылғы, 17-март күні папанинші ерлердің Солтүстік мұз теңізінде 9 ай болып қайтқан сапарына арнап айтқан өлеңі. Өлең газеттерде, 1938-жылғы жыйнақта (75-б.) басылған. К. Алтайскийдің «Батырам полюса» деген аудармасымен «Казакстанская Правда» газетінде 18-мартта 1938-жылы басылды.

105. «Мәстек пен тұлпар» — 1938-жылы, апрель айында құлпырып тұрған көктем айымен байланысты өзінің атына мініп, колхоз даласын аралап жүріп жырлаған толғау жыры. «Мәстек пен тұлпар» алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938-жылғы 16-апрельдегі санында басылған. 1938-жылғы жыйнағында «Мәстек пен тұлпар» (120-б.), 1940-жылғы 1-томда (272—277-б.) басылған. Өлеңді жазып алған Қалмақан Әбдіқадыров.

106. «Шын жүректен» — 1938-жылы көктем айында Жамбыл колхоз даласын аралап колхозшыларға айтқан өлеңі. Жыр алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінде 1938-жылы апрельде жарияланды. 1938-жылғы мерекелік жыйнағында (84-б.), 1938-жылғы «Әдебиет Майданы» журналының майдағы 5-санында, 1940-жылғы Жамбыл шығармаларының 1-томында (277—278-б.) басылған.

107. «Отанды сүй» — Жамбылдың творчестволық еңбегіне 75 жыл толу мерекесіне дайындық кезінде айтқан өлеңі. Өлең «Социалистік Қазақстанның» 1938-жылғы 17-апрель күнгі санында басылған. Кейін 1939-жылы шыққан «Сұраншы батыр» жыйнағына (36-б.) кірді. Жамбыл



мерекесіне дайындық кезінде қырғыз ақындары Әлімқұл, Қалық келгенде қарт Жәкен кұшақ жайып қарсы алады. Әлімқұл:

«О, көрия құлақ сал,  
Әлімқұл, Қалық ініе.  
Қумар боп келдік алыстан  
Дидарыңды көруге» —

деп басталатын өлеңіне жауап болу керек. Өлеңді жазып алған Қалмақан.

108. «Қ у н т о л г а у ы» — 1938-жылы, май мерекесіне арналып айтылған өлеңі «Социалистік Қазақстанның» 5-май күнгі санында басылды. 1938-жылғы жыйнақта (87—89-б.), 1939-жылы «Сураншы батыр» жыйнағында (37—38 б.) шықты. 1938-жылы «Әдебиет Майданы» журналының майдағы 5-санында «Жамбылдың бұрын басылмаған өлеңдері» деп басылған.

109. «Т а г ы б і т т і ж а н а к ү ш» — 1938-жылы, 18-май күні Жамбылдың 75 жылдық мерекесіне арналған Қазақстандағы халық ақындарының Республикалық слеті ашылды. Осы слеттің ашылуына арнап айтқан толғауы. Толғау «Социалистік Қазақстан» газетінің 18-майдағы санында, 1939-жылғы «Сураншы батыр» жыйнағында (41—43-б.) басылған. Өлеңді жазып алған Қалмақан.

110. «Қ ы м б а т т ы с ы й» — 1938-жылы, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Жамбылдың 75 жылдық творчестволық мерекесінде Ленин орденін беру туралы указы жарияланғанда айтқан өлеңі. «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылғы 22-майдағы санында, «Правда» газетінің 24-майдағы 141-санында «За орден, за светлую жизнь свою, мой Сталин, тебе эту песню пою» — деген тақырыппен басылған. 1939-жылғы «Сураншы батыр» жыйнағында (44-б.), 1940-жылғы шығармаларының I-томында (286-б.) басылған.

111. «Ж а м б ы л д ы н х а л ы қ ү ш і н қ а л г а н ж а с ы» — 1938-жылы, 18-июнь күні Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып ұсынылғанда өзінің сайлаушылары алдында сөйлеген сөзі. Бұл сөзі «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938-жылы 20-июнь күнгі санында басылып шықты. Кейін 1939-жылы басылған «Сураншы батыр» жыйнағында (49-б.) шықты. Өлеңді жазып алған Қалмақан Әбдіқадыров.

112. «Т о л г а у ы» — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің жалпы сайлау күні 1938-жылғы 24-июнь күніне арнап айтқан толғауы. Бұл жыр «Социалистік Қазақстанның» 1938-жылы 24-июнь күнгі санында «Тойға» деген атпен басылды. 1939-жылы шыққан «Сураншы батыр» жыйнағында (52-б.) «Жібімес кімнің денесі» деген жолдан кейінгі 28 жолы түсіп қалған. 1940-жылғы I-томда бұл 28 жол түгел енген (301—303-б.). Бұл жыйнаққа соңғы, түгелімен басылғаны алынды. Бұл жырда айтылатын Зүлжә—Фердаусидың атақты эпосы «Шаһнаманың» ішінде кездесетін парсы жұртының жауыз патшасы. Зүлжәлар, сүйкімді Шамшит патшаның тұқымын түгел құртып, өз әкесін, балаларын түгел қырып, патша болады. Патша болғанда да жауыздығы шектен асқан зұлым,



жалмауыз — екі ұйығына екі жылан шығып, күн сайын екі адамның мыйын жейтін болады. Патша қол астындағы халықтан күн сайын екі адамды өлтіріп мыйын беріп, елі әбден бітуге айналғанда Шамшит ұрпағынан тірі қалған бір қаһарман әлгі жалмауыз патшаны өлтіріп, халықты азат қылады. Мұхамбет — (Мухаммет) (569—623) ислам дінін таратушы пайғамбар. Пайғамбарлық атақты айла, құдықпен алған. Бұл жөнінде Шығыс еліңде мынадай аңызды әңгіме бар. Мұхамбет бай сәулегер Қадішаға үйленгеннен кейін арап еліндегі ел кезгіш дервиш (диуана), атақты ғалым ақын Сағитты өзіне шақырып алып, ешкімге көрсетпей оңаша ұзақ уақыт қолына ұстап, өлеңмен шарифат, құдай жолын жаздыртады. Ол жазылған атақты кұран (кәләм шариф — хасиетті сөз) болады. Кұран жазылып даяр болған соң Мұхамбет Сағитты жазған кұранымен қазулы терен құдыққа салып — сен құдайдан елші боласың, ертең халықты жыйнап әкеліп, сені хұрметпен шығарып алам дейді. Айтқанындай Мұхамбет ертеңінде маған тәңірден аян болды, пәлен құдықтың ішінде кітап жатыр, соны барып алайық деп кітапты арқан тастап Сағиттың қолынан алады, енді Сағиттың өзін шығаруға келгенде Мұхамбет — бұл кітапты алуға шайтан да жеткен болуға тиіс, енді тас тастап құдықты бекітіндер деп әмір етеді. Сөйтіп кұранды жазған Сағит құдық ішінде қала береді. Өлеңді жазып алған Қалмақан.

113. «Жеңіс жырын сайрандар» — Қазақстан Коммунист (большевиктер) Партиясының II съезінде 1938-жылы, 10-июль күні сөйлеген сөзі. Жамбылдың бұл сөзі «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская Правда» газетінде 11-июль күні, 1939-жылғы жыйнағында (54—56-б.) басылды. Жазып алған Қалмақан.

114. «Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясын ашардағы қос орденді халық ақыны депутат Жамбыл Жабаевтың сөзі» — Жамбыл бұл сөзді 1938-жылы, 15-июль күні үкімет үйінің мәжіліс залында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің I сессиясын ашарда сөйледі. Жамбылдың бұл сөзі «Социалистік Қазақстан» газетінің 16-июль күнгі санында, қысқаша аудармасы «Қазақстанская Правда»-ның сол күнгі санында, 1939-жылғы жыйнақта (57—64-б.) басылды. Жазып алған Қалмақан.

115. «Жауға оқ» — Қыйыр Шығыста Жапон самурайлары Хасан көлі маңында совет армиясынан қатты соққы көрген оқыйғасының үстінде айтқан жауынгерлік толғау жыры. Жыр алдымен «Социалистік Қазақстанның» 9-августағы санында, оған кейін, 1939-жылғы «Сұраншы батыр» жыйнағында (67—69-б.) басылды. Жазып алған Қалмақан.

116. «Ғалім ініме» — 1938-жылы, август айында Алматыға академик Келлер келгенде Жамбылдың үйінде болды. Жамбылмен әңгімелесті. Келлер Жамбылдың творчестволық еңбегімен, Жамбыл Келлердің ғылыми жұмыстарымен танысып сөйлесті. Осы әңгіменің үстінде Жамбылдың Келлерге айтқан өлеңі. Бұл өлең «Лениншіл Жас» газетінің 23-август күнгі санында, 1939-жылғы жыйнағында (69—70-б.) басылды. Жазып алған Тайыр Жароков.

117. «Елімнің қыздарына» — Бұл жырды Жамбыл әйел



жастардың Республикалық съезінде болып шығарған. Өлең «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938-жылғы 20-октябрьдегі санында, 1939-жылғы жыйнақта. (75—76-б.) басылған.

118. «Үлкен МХАТқа» — Бұл Москваның үлкен Академиялық көркем өнер театрының 40 жылдық мерекесіне жіберген құттықтау сәлемі. Өлең «Социалистік Қазақстанның» 1938-жылы, 27-октябрь күнгі санында «Вечерняя Москва» газетінің 22/X, 1938-жылғы 243-сапында, 1939-жылғы «Сұраншы батыр» жыйнағында (77-б.) басылды.

119. «Жастық жыры» — Бүкілодақтық Лечиншіл Коммунистік Жастар Одағының XX жылдық мерекесіне арнап жырлаған толғау жыры. Жыр «Социалистік Қазақстан» мен «Лениншіл Жастық» 1938-жылғы, 29-октябрь күнгі сандарында, 1939-жылғы «Сұраншы батыр» жыйнағында (78—80-б.) жарияланды. Өлеңді жазып алған Тайыр.

120. «Трамвай» — Бұл жырды Алматыда трамвай жүре бастағанда шығарған. Жыр «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938-жылғы 29-август күнгі санында, 1939-жылғы «Сұраншы батыр» жыйнағында (71—72-б.) басылған.


121. «Дәрігерлер съезіне» — 1938-жылы, 1-декабрьде Алматы қаласында Қазақстандағы денсаулық сақтау қызметкерлерінің съезі ашылды. Осы съезге Жамбыл өзі қатынаса алмаса да, Москваға жүріп бара жатып, жол үстінде осы өлеңді шығарды. Өлең «Социалистік Қазақстанның» 1938-жылғы 5-декабрь күнгі санында, 1939-жылғы «Сұраншы батыр» жыйнағында (84—85-б.) шықты. Өлеңді жазып алған Қапан Сатыбалдин.

122. «Сәлем берем, Москваға» — Жамбылдың Москвада болған уақытта шығарған өлеңі. Бұл өлең алғаш аударылып, «Правданың» 1938-жылғы, 11-декабрь күнгі санында басылды. Жазып алған Қапан. Кейін «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938-жылғы 23-декабрьдегі санында, 1939-жылғы «Сұраншы батыр» жыйнағында (86 — 87-б.) басылды.

123. «Социалистік Қазақстан» тойына — 1938-жылы 24-декабрь күні Қазақстан Орталық Партия Комитеті мен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің және Алматы облыстық партия комитетінің тізі — «Социалистік Қазақстан» газетінің 5000-сапы шыққан мерекесіне арнап айтқан жыры. Өлең «Социалистік Қазақстанның» 24-декабрь күнгі санында, 1939-жылғы «Сұраншы батыр» атты жыйнағында (91 — 92-б.) шыққан. Өлеңді жазып алған Қалмақан.

124. «Мал өсірген аймаққа» — 1938-жылы, 25 декабрьде Қазақстандағы алдыңғы қатарлы мал өсіруші стахановшылардың съезі ашылды. Съез 4—5 күнге созылды. Осы съезге Жамбылдың қатынасып, сөйлеген сөзі. Жамбылдың бұл сөзі «Социалистік Қазақстан» газетінің 29-декабрь күнгі санында, 1939-жылғы «Сұраншы батыр» жыйнағында (96—97-б.) басылды. Жазып алған ақын Әбділда Тәжібаев.

125. «Жаңа жыл» — 1939-жылы, 1-январьда жаңа жылға арнап шығарған өлеңі. Өлең «Социалистік Қазақстанның» 1-январьдағы санында, 1940-жылғы шығармаларының бір томдығында (366-б.) басылды.



126. «Орындалған ант туралы жыр» — 1939-жылы Лениннің қаза тапқанына 15 жыл толу күнінде айтқан өлеңі. Өлең «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская Правда» газеттерінің 21-январь күнгі сандарында басылып шықты. Кейін 1939-жылғы «Сураншы батыр» жыйнағында (98—101-б.) шықты. Өлеңді жазып алған Тайыр Жароков.

127. «Біздің дәуірдің батырлары» — Қызыл Армия мен Соғыс Теңіз флотының XXI жылдық мерекесі 23-февраль күнінде айтқан жыры. Өлең «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская Правда» газеттерінің 1939-жылғы, 23-февраль күнгі санында, 1939-жылғы жыйнаққа (104—107-б.) басылды. Өлеңді жазып алған Тайыр Жароков.

128. «Тарас» — бұл жырды Украинаның данышпан ақыны Тарас Шевченконың туғанына 125 жыл толған мерекесі кезінде жырлады. Өлең «Социалистік Қазақстанда» 1939-жылы март айында, «Әдебиет және Искусство» журналының 1939-жылғы 3-санында, «Сураншы батыр» жыйнағында (108—110-б.) шықты.

129. «Женімпаздар съезіне» — Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) Партиясының XVIII съезі ашылған күні айтқан толғауы. Жыр «Социалистік Қазақстанның» 1939-жыл, 10-март күнгі санында басылды. Кейін «сураншы батыр» жыйнағына (111—114-б.) кірді.

130. «Мұғалімдерге сәлем» — Ауыл-село мектептерінің оқытушылары орден алғанда айтқан құттықтау сөзі. Өлең «Социалистік Қазақстанның» 1939-жылғы 12-май күнгі санында, 1939-жылғы жыйнағында (117—118-б.) басылды. Өлеңді алғаш жазып алған Қалмақан.

131. «Халық қазынасы» — Жамбылдың Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесіндегі Қазақстан павильонына арнап шығарған өлеңі. Бұл жыр «Социалистік Қазақстан» газетінің 1939-жылғы 28-сентябрьдегі санында, 1939-жылғы «Сураншы батыр» жыйнағында (33—35-б.) басылды.

132. «Жеңіс жыры» — бұл өлең 1939-жылы, 24-августта жырланған. Монғол халық республикасында болған Халхин-Гол өкіясімен байланысты Қыйыр Шығыстағы Қызыл Армияның жауынгерлері мен командирлеріне арнап айтқан толғауы. Бұл толғау «Социалистік Қазақстан» газетінің 1939-жылғы, 6-август күнгі санында, 1939-жылғы «Сураншы батыр» жыйнағында (28—32-б.) жақшаның ішінде «Заманымыздың батырлары» деген қосымша атпен басылған.


133. «Қақы бір бауырларымызға» — 1939-жылы сентябрь айында Қызыл Армияның Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны азат еткен жорығына арнап айтқан толғауы. Бұл толғау 1939-жылы сентябрь айында «Социалистік Қазақстан» газетінде, 1940-жылғы бір томдықта (390—393-б.) басылды. Өлеңді алғаш жазып алған Тайыр Жароков.

134. «Кәрілік» — 1939-жылы 11-октябрь күні Жамбылдың үйіне әдеби хатшысы Ғали Орманов алғаш барып, хал-жайын сұрағанда айтқан өлеңі. Өлең алғаш осы жыйнақта жарияланып отыр. Өлеңді жазып алғаш Ғали Орманов.

135. «Октябрь толғауы» — Социалистік Улы Октябрь революциясының XXII жылдық мерекесіне арнап шығарған толғауы. Бұл толғау «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл Жас» газеттерінің 1939-

мен





жылғы, 7-ноябрь күнгі сандарында, 1940-жылғы шығармаларының 1-томында (393—395-б.) басылған. Бұл толғауды жазып алған Ғ. Орманов.

136. «Иістімайға» — 1939 жылы 9-ноябрь күні Алматыдағы ақындардың Республикалық слетіне жүрерде киімдеріне пісті май жаққанда айтқан өлеңі. Өлеңді жазып алған Ғ. Орманов. Өлең алғаш осы жыйнақта жарияланып отыр.

137. «Үндеу» — 1939-жылы, 10-ноябрь күні халық ақындарының Республикалық слетінде сөйлеген сөзі. Жамбыл бұл сөзінде ақындарды Улы Сталиннің 60 жасқа толған күніне арнап, ең жақсы өлең шығаруға үндейді. Нұрпейіс Байғанин — Ақтөбе облысындағы әйгілі халық ақыны. Халықтың эпосын да көп білетін шешен жыршы (1859—1945). Орымбай Тайманов — Оңтүстік Қазақстандағы көрнекті халық ақыны, жасы 65терде. Қалқа Жәрсарбаев Алматы облысы, Қаратал ауданында тұратын атақты халық ақыны.

«Қалқачын сағынғанда салған әні,

Үзілтіп, елжіретіп толғағаны...» —

деп басталатын атақты «Қалқа әнін» шығарған. Жасы 55терде. Нұрлыбек Баймұратов — Семей облысындағы белгілі халық ақыны. Жасы 55терде. Нартай Бегежанов Қызылорда облысындағы әйгілі халық ақыны, әнші, жасы 55терде.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1939-жыл, 14-ноябрьдегі указы бойынша Нұрпейіс, Нартай, Нұрлыбек ақындарға искусствоға еңбегі сіңген қайраткер деген атақ берілді. Бұл жыр «Октябрь Балалары» газетінің 1939-жылғы, 16-ноябрьдегі санында, 1940-жылғы 1-томында (397—398-б.) шықты. Бұл өлеңді жазып алған Ғ. Орманов.

138. «Біздің Киров» — Бұл жырды Сергей Мирочович Кировтың жау қолынан қайтыс болған күніне арнап айтқаны. Жыр «Социалистік Қазақстан» газетінің 1939-жылғы, 1-декабрь күнгі санында, 1940-жылғы 1-томында (398—401-б.) басылды. Өлеңді жазып алған ақын Тайыр Жароков.


139. «Кекілік ушып дүретті» — деп басталатын өлең 1939-жылы 15-декабрьде әдеби хатшысы Ғали Орманов тауға барып кекілік ата алмай келгенде айтқаны. Жыйнаққа бірінші рет кіріп отыр. Өлеңді жазып алған Ғали.

140. «Сталин» — Сталин жолдастың 1939-жылғы 60 жасқа толған мерекесіне арнап айтқан толғауы. Өлеңді жазып алған Әбділда Тәжібаев пен Ғали Орманов. Бұл толғау 1940-жылғы шығармаларының 1-томында (401—407-б.) жарияланған.

141. «Тұраптан сұрау» — «Е, жарқыным келдің бе?» деп басталатын өлең 1939-жылы, 26-декабрьде Алматыға жер мәселесімен барып қайтқан колхоз бастығы немересі Тұрап Мыржиевке айтқан өлеңі. Өлеңді әдеби хатшысы Ғали Орманов жазып алуымен, алғаш жарияланып отыр.

142. «Төлегенге» — 1940-жылы январь айында колхоздан жаңалап ат мінген ауылдық совет бастығы Төлеген Ахметжановқа айтқан өлеңі. Өлең Ғ. Ормановтың жазып алуымен, алғаш жарияланып отыр.





143. «Мыржыға»—1940-жылы 16-февральда сыбағаға шақырып отырып, інісі Мыржыға айтқан өлені; бұл өленді жазып алған Ғалидың айтуынша, Мыржының баласы Тұрап әйелімен айрылысқан екен. Өлең жыйнақта алғаш басылып отыр.

144. «Болат тонды батыр»—бұл толғауды айбынды Қызыл Армияның ерлеріне, Ленин қаласын қорғаушы, фин халқын азат етуші Ленинград соғыс округінің жауынгерлеріне арнап айтқаны. Өлең «Социалистік Қазақстан» газетінің 1940-жылғы, 23-февраль күнгі санында, 1940-жылғы жыйнағында және 1941-жылғы шыққан «Болат тонды батыр» атты өлеңдер жыйнағына (10—15-б.) енген. Бұл өленді жазып алған Тайыр мен Ғали.

145. «Тезекпай туралы»—1940-жылы 8-мартта Жамбылдың қолындағы кенже баласы Тезекпай күрең атты бос қоя беріп, ол ат боз биенің қасында тұрған күрең тайды теуіп аяғын сындырғанда айтқан өлені екеч.

Күрең тайды көрсетуге Жамбыл күрең атқа өзі мініп барып, «Бұрған» колхозынан оташы (сынық салушы) әкелген. «Тайыңыздың ортан жілігі шорт үзіліпті, мал болмайды» дегенді естіп, Жамбыл «ал, енді мені тепші!»—деп күрең атты таяқпен тартып-тартып жібергенде, жұрт ду күлген, дейді, осы өленді жазып алған әдеби хатшысы Ғ. Орманов. Өлең бірінші рет басылып отыр.

146. «Большевиктер тобына» — 1940-жылы, 16-март күні Қазақстан Коммунистік (большевиктер) Партиясының III съезінде айтқаш құттықтау сөзі. Бұл өлең «Социалистік Қазақстан» газетінің 17-март күнгі санында, 1940-жылғы шығармалары жыйнағында (410—413-б.) басылған. Өленді алғаш жазып алған Тайыр мен Ғали.


147. «Жаңғұттымен әңгіме»—1940-жылы 24-мартта Көктерек ауданынан келген Жаңғұтты деген шалмен әңгімелескечде айтқан өлені. Ғ. Ормановтың жазып алуымен жыйнаққа бірінші рет еніп отыр.

148. «Күні туған елім»—бұл жырды Батыс Украина мен Батыс Белоруссиядағы Жоғарғы Совет сайлауы болған күнге арнап айтқан. Жыр «Социалистік Қазақстанның» 1940-жылы, 26-март күнгі санында, 1940-жылғы Шығармалар жыйнағында (413-б.) шықты. Өленді жазып алған Тайыр Жароков.

149. «Асғу үйреткен жігіттерге»—1940-жылы 1-апрельде Жамбыл екі тайына бас үйреткен. Әдеби хатшысы Ғали да тайдың бірін үйреткен екен. Тайлар бастығыңқыраған соң, Жамбыл жігіттермен қатар жүріп осы өленді айтыпты. Жыйнақта алғаш рет шығып отыр. Өленді манов. Алғаш жарияланып отыр.

150. «Тәжібайға»—1940-жылы 4-апрельде Москваға жолаушы жүретін болған соң, Жамбыл Алматыдағы замандасы, тамыршы Тәжібайға келіп тамырын ұстатқанда айтқан өлені. Өленді жазып алған Ғ. Орманов. Алғаш жарияланып отыр.

151. «Тауда» — 1940-жылы июль айында Жамбыл жайлауға көшіп шыққан. Жайлауға барып жайланған соң, тау төбесіне жалау шыққысы келген. Бірақ, кебісі тайғанап, қыя беттеп шыға алмапты, дем алып оты-



рып, осы өлеңді айтыпты. Жазып алған әдеби хатшысы Ғ. Орманов, Жыйнақта бірінші рет шығып отыр.

152. «Абайдың суреті» — 1940-жылы август айында қазақ поэзиясының классигі Абайдың туғанына 95 жыл толу мерекесі тойланды. Қазақстан Жазушылар Одағында болған жыйналымға Жамбыл да келді. Сол жолы Жазушылар Одағының кітапханасындағы Абай суретін көріп отырып Жамбыл осы өлеңді айтты. Өлең «Майдан» атты альманахтың Абайдың туғанына 100 жылдық мерекесіне арналған 1945-жылғы 2-санында (6-б.) басылды. Жазып алған Ғали.

153. «Шәкірт балаларға» — 1940-жылы, оқу жылы басталарда Жамбылға колхоз мектебінің балалары келді: «ертек бірінші сентябрь күні оқуымыз басталарда, мектебіміздің есігін ашып, бізге бата беріңіз» деп сұрапты балалар. Сонда Жамбыл балалардың ортасында отырып, осы өлеңді айтыпты. Қазақстандағы «Пионер» журналының 1940-жылғы октябрьдегі санында басылған. Бұл өлеңді жазып алған Ғали Орманов.

154. «Әлемде бір жұлдыз бар» — 1940-жылы Қазақ Республикасының жыйырма жылдық мерекесіне арнап шығарған өлеңі. Бұл өлең «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская Правда» газеттерінің сол жылы 6-ноябрьдегі санында басылды. Жамбыл Жыйнақтарынша алғаш шығып отыр. Өлеңді жазып алған Тайыр мен Ғали.

155. «Барлыбайға» — 1940-жылы 25-ноябрьде үйіне денсаулығын білуге дәрігер Х. Барлыбаев барғанда айтқан өлеңі. Өлеңді жазып алған Ғ. Орманов. Жыйнаққа бірінші рет еніп отыр.

156. «Жүрек неге соғады өрге қарап» — деп басталатын өлең 1940-жылы ноябрь айында наукастанып жазылған соң, өзінің дәрігері Р. Досымбековқа айтқаны. Өлең алғаш жарияланып отыр. Жазып алған Ғали Орманов.

157. «Шәкіртпен жоқ сендерді Жамбыл жайтпа» — деп басталатын өлең 1940-жылы декабрь айында Жамбыл қатты сырқаттанғанда Алматыдан дәрігер Х. Барлыбаев, өз дәрігері Р. Досымбеков келіп, дәрі беріп, Жамбыл іздеп тыншыққан соң, екеуіне айтқаны. Жыйнаққа тұңғыш рет еніп отыр. Өлеңді жазып алған Ғали.

158. «Жамбыл өлең айтпайды жантаяған соң» — деп басталатын өлеңді жазып алған Ғалидің айтуы бойынша: 1941-жылы январь айында Жамбылдың не жазатыны жайында сөйлесемін деп бір тілші келіпті. Жамбыл ештеңе айтпай отырып-отырып жантая кетіпті де осы өлеңді айтыпты. Өлең алғаш басылып отыр:

#### IV БӨЛІМ

#### ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ КЕЗІНДЕГІ ШЫҒАРМАЛАР

159. «Қарілік» — 1941-жылы жазғытұры Жамбылды Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясына шақырған. Жамбылды кіндіріп, жағасына іс май шаппып, жүруге әзірленгенде, Ғалидың айтуы бойынша:

— Осы, сол жыйында мен несіне барам, түрімде адам көрер жер



жоқ...—деп қалжындап отырып осы өлеңді айтты. Жыйнақта алғаш рет басылып отыр.

160. «Жетіпін жүре-жүре қыр басына»—деп басталатын өлең 1941-жылы жазғытұры ҚССР Жоғарғы Советі сессиясына аулына қайтып барып, дәрігерлеріне айтқаны. Бірінші рет жарияланып отыр. Бұл өлеңін жазып алған Ғ. Орманов.

161. «Алғыс»—1941-жылы март айында ССРО Халық Комиссарлары Советінің қаулысы бойынша Жамбылға Сталиндік сыйлық берілді, сол атақты сыйлыққа арнап шығарған өлеңі. Бұл өлең «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылғы 19-марттағы санында басылды. Өлең жыйнақтарына бірінші рет кіріп отыр. Өлеңді жазып алған Ғ. Орманов.

162. «Көктем менен май даңқы» — 1941-жылы май мерекесіне арнап шығарған өлеңі. «Социалистік Қазақстан» газетінде май айында, 1945-жылғы «Қамал бұзған қаһарман» атты жыйнағында (81-б.) басылған. Өлеңді жазып алған ақын Тайыр Жароков.

163. «Мен де бір жас баламын қыңқылым көп»—деп басталатын өлеңді 1941-жылы 10-июнь күні қымыз ішкенді көтере алмай ауырып қалып:

—Бәрінен де қымызды көтере алмаған ұят екен ғой!—деп айтқан екен. Өлең алғаш жарияланып отыр. Өлеңді жазып алған Ғ. Орманов.

164. «Ата жаумен айкастық» — 1941-жылы 22-июльде неміс-фашист басқыншылары Совет еліне қарсы соғыс ашқанын естігенде 24/VI, 1941-жылы шығарған өлеңі. Жазып алған Тайыр мен Ғали. Алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 26-июльдегі санында, 1943-жылы басылған «Алынбас қамал» атты өлеңдер жыйнағында (5—8-б.), 1945-жылы шыққан «Қамал бұзған қаһарман» атты жыйнағында (9-б.) шыққан.


165. «Өлім мен өмір белдесті»—1941-жылы 3-июльде Сталин жолдас радиодан бүкіл совет халқына арнап сөз сөйлеген күнге шығарған өлеңі. Өлең ертеңіне, 1941-жылғы 4-июльде Жамбыл колхозында айтылған. Жазып алған Тайыр мен Ғали. 1941-жылы басылған «Болат тонды батыр» атты өлеңдер жыйнағында (6—9-б.), 1945-жылғы «Қамал бұзған қаһарман» атты жыйнағында (12-б.) басылды.

166. «Ленинградтық өренім»—1941-жылы сентябрь айының басында неміс басқыншылар Ленинградқа төніп, қетер күшейіп тұрған кезде шығарған өлеңі. Бұл өлең «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская Правда», «Комсомольская Правда», газеттерінің 1941-жылғы 5-сентябрьдегі сандарында басылған. 1942-жылғы «Майдан жыры» жыйнағында (3—12-б.), 1943-жылғы «Алынбас қамал» жыйнағында (8—16-б.), «Ленин қаласындағы өрендерім» деген атпен, 1945-жылғы «Қамал мұны кейін қайта айтып жаздырған. Жазып алған Ғали Орманов.

Бұл жыйнаққа кіргізіліп отырған сол өлеңнің екінші түрі. Жамбыл мұны кейін қайта айтып жаздырған. Жазып алған Ғали Орманов.

167. «Москваға»—1941-жылы сентябрь айының екінші жартысында неміс-фашист сұрқыялар Москваға хауіп тугызды. Отан жүрегі Москваға хауіп төнгеніне Жамбыл қатты тебреніп, жар салып шығарған өлеңі. Бұл өлең «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская Правда» газет-





терінің 1941-жылғы 28/Х санында, 1942-жылы басылған «Майдан жыры» жыйнағында (12 — 21-б.), 1943-жылы басылған «Алынбас қамал» атты жыйнағында (22—31-б.), 1945-жылғы шыққан жыйнағында (21-б.) шықты. Өлеңді жазып алған Тайыр Жароков.

168. «Аттан, батыр ұрпағым» — 1941-жылғы социалистік ұлы Октябрь революциясының XXIV жылдығына арнап шығарған өлеңі. Бұл өлең «Социалистік Қазақстан» газетінде 7-ноябрьде басылды. 1943-жылы шыққан «Алынбас қамал» атты жыйнағында (16—19-б.), 1945-жылғы жыйнағына (32-б.) енген. Өлеңді жазып алған Тайыр Жароков.

169. «Кеңес гвардеецтеріне» — 1941-жылы ноябрь айында, генерал-майор В. И. Папфилов басқарған 316-дивизияға 8-гвардия дивизиясы атағы берілген қуанышты хабарды естігенде шығарған өлеңі. Бұл өлең «Социалистік Қазақстан», «Казакетанская Правда» газеттерінде 1941-жылы 21-ноябрьде басылды. 1942-жылғы «Майдан жыры» атты өлеңдер жыйнағында, 1945-жылы шыққан «Қамал бұзған қаһарман» атты жыйнағында (29-б.) шыққан. Өлеңді жазып алған Т. Жароков.


170. «Қалжың» — 1942-жылы январь айында Жамбыл: хатшысы мен дәрігеріне «осы мені тым күтінкіреп жібердіңдер...» деп қалжындап отырып айтқан өлеңі. Өлеңді жазып алған Ғали. Жыйнақта алғаш рет басылып отыр.

171. «Кеңес жауынгерлеріне» — 1942-жылы Қызыл Армияның XXIV жылдық мерекесіне арнап шығарған өлеңі. Бұл өлең «Социалистік Қазақстан» газетінің 1942-жылғы 23-февральдағы санында басылды. Өлеңді жазып алған ақын Тайыр Жароков. 1945-жылғы жыйнағында «Совет жауынгерлеріне» деген тақырыппен (60-б.) басылған.

172. «Майданға хат» — 1942-жылы көктемде Жамбылға майдандағы армиядан хат келген: «Жыр алыбы Жамбыл ата, қазақ халқы мен орыс халқының ұлдары: Дүйсекей Сейітов пен оның командирі Борис Сахаров фашизмді мүлде жоқ қылуға майдандағы окопта әзірленуде. Бізге қуатты жырыңызды жіберіңіз. Жырыңыз бізге көмек береді» — деген. Жамбыл соларға осы өлеңін жіберген. Бұл өлең «Социалистік Қазақстан» газетінде март айында басылды. 1943-жылы шыққан «Алынбас қамал» атты өлеңдер жыйнағында, (31—32-б.), 1945-жылғы жыйнағында (35-б.) басылды. Өлеңді жазып алған Ғали Орманов.

173. «Сыйлық» — 1942-жылы көктемде Қазақстан еңбекшілері неміс басқыншылар қоршауындағы Ленинград қаласына, қаһарман батырлығы үшін туысқандық, достық қолын созып, сәлемдеме, сыйлық жіберді. Сол сыйлықпен бірге Жамбыл ақын «менің сыйлығым» деп осы өлеңін жолдап, Ленин қаласын қорғаған қаһармандарға туысқандық сәлем айтты. Бірінші рет 1945-жылғы басылған «Қамал бұзған қаһарман» атты жыйнағында (49-б.) шықты. Өлеңді жазып алған Ғали.

174. «Жаз тілі» — 1942-жылы, еңбекшілердің жауынгерлік күшін байқайтын күні — 1-май мерекесіне арнап шығарған өлеңі. Сол жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің 1-майдағы санында басылды. Кейін 1943-жылы шыққан «Алынбас қамал» атты өлеңдер жыйнағында (32—34-б.), 1945-жылғы жыйнағында (36-б.) басылды. Өлеңді жазып алған Ғ. Орманов.



175. «Темір тулпар мінген қыз» — 1942-жылы көктемде, жігіттер майданға кеткендіктен елдегі қыз, келіншектер тракторшы өнерін үйреніп, егін даласын игерді. Көктем егісін аяқтап, зябь айдауға кіріскенде, Жамбыл колхоздарды аралап, жас әйелдердің еңбегіне қатты рыйза болды. Бұл соларға арнап шығарған өлеңі. Сол жылы июль айында «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская Правда», «Комсомольская Правда» газеттерінде басылды. Өлеңді жазып алған әдеби хатшысы Ғ. Орманов. Өлең алғаш рет 1945-жылы «Қамал бұзған қаһарман» атты жыйнағында (38-б.) басылған.

176. «Атқандыру» — 1942-жылы жаз айында Жамбылдың үлкен баласы Алғадай әскер қатарына шақырылып, майданға аттанған кезде Жамбылдың қоштасып айтқан өлеңі. Жыйнаққа алғаш рет кіргізіліп отыр. Бұл өлеңді жазып алған Ғали Орманов.

177. «Отан әмірі» — 1942-жылы жаз айларында неміс басқытшылар Кавказға қарай шабуыл жасап, еліміздің өте қымбатты жерлеріне хауіп туғызды. Енді шегінуге болмайтын еді. Сол кезде Жамбыл «Отан әмірі» деп жар салды. Бұл өлең сол жылы август айында «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская Правда» газеттерінде басылды. 1943-жылы шыққан «Алынбас қамал» атты өлеңдер жыйнағына (34 — 37-б.), 1945-жылғы «Қамал бұзған қаһарман» атты жыйнағында (42-б.) енді. Өлеңді жазып алған Ғали.


178. «Алынбас қамал» — 1942-жылы неміс әскерлері Сталинград қаласын алуға аласұрып жанталасқан кезде сол майданға Жамбылдың баласы Алғадай аттанған. Жамбыл бұл өлеңді баласының соңда барған хабарын ести отырып, Сталинградқа арнап шығарған. Бұл өлең «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская Правда» газеттерінің сентябрь айындағы санында, «Алынбас қамал» атты 1943-жылғы өлеңдер жыйнағында (37—40-б.), 1945-жылғы жыйнағында (45-б.) басылды. Жазып алған Ғали.

179. «Балама хат» — 1942-жылы октябрь айында Жамбылдың майдандағы баласы Алғадайдан хат келді. Хатында ол: «Әкеміз Жамбылға! Біздің бастықтарымыз сізге қаратып — Ардақты атамыз деп хат жазды. Хатыңызды ала отырып, сол хатқа жауды жауыштайтын сөз жазып, кешіктірмей жауап қайтарыңыз, сіздің өлеңіңіздің бізге көп жәрдемі тиеді екен...» — деген. Сонымен бірге Алғадай жүрген бөлімінің де, жауынгер, командирлерінің де хаты келген. Жамбылдың бұл өлеңі сол хатқа қайтарған жауабы екен. Бұл өлең сол «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская Правда» газеттерінде декабрь айында басылған. Сосын, 1943-жылғы «Алынбас қамал» жыйнағына (41-б.), 1945-жылғы жыйнағына (52-б.) енді. Өлеңді жазып алған Ғали.

180. «Большевиктік шындық туралы» — 1942-жылы Социалистік ұлы Октябрь Революциясының XXV жылдық мерекесіне арнап шығарған өлеңі. «Социалистік Қазақстан» газетінің 7-ноябрьдегі санында, 1945-жылғы жыйнақта (54-б.) басылған. Өлеңді жазып алған жазушы Сәбит Мұқанов.

181. «Жаңа жыл сәлемі» — 1942-жылы 29-декабрьде 1943-жыл-





ғы жаңа жыл басы—бірінші январь күніне арнап шығарған өлеңі. «Социалистік Қазақстан», «Комсомольская Правда» газеттерінің 1 январьдағы сандарында басылды. 1943-жылғы «Алыңбас қамал» жыйнағына (43-б.) 1945-жылғы жыйнағында (58-б.) енді. Өлеңді жазып алған Ғали.

182. «В о р о н е ж б а т ы р л а р ы н а»—1943-жылы январь айында Воронеж майданындағы бәліммен Жамбылға хат келді. «Орыстың атақты дегдасын абыроймен қорғаудамыз. Сізге соны мәлім етеміз»—депті. Жамбыл бұл өлеңді сол хатқа жауап ретінде шығарған. «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская Правда» газеттерінің 13-январьдағы санында басылды. Өлеңді жазып алған Ғали. 1943-жылғы «Алыңбас қамал» атты жыйнағында (40-б.), 1945-жылғы жыйнағында (47-б.) шықты.

183. «Л е н и н ө р е н і н е»—1943-жылы январь айында Жамбылға Ленинград қаласынан «Ленинское племя» газетінің тілшісі келді. Сол арқылы Ленин қаласын қорғаушы қаһарман жастарға арнап Жамбылдың жіберген сәлемі. Бұл өлеңнің орысшасы «Ленинское Племя» газетінде басылды. 1945-жылы шыққан «Қамал бұзған қаһарман» жыйнағында (72-б.) басылған. Өлеңді жазып алған Ғ. Орманов.

184. «Қ а м а л б ұ з ғ а н қ а һ а р м а н» —1943-жылы Қызыл Армияның XXV жылдық мерекесіне арнап шығарған өлеңі. «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская Правда» газеттерінің 23-февральдағы санында басылды. Бұл өлеңді жазып алған Ғ. Орманов. 1943-жылы шыққан «Алыңбас қамал» атты өлеңдер жыйнағында, 1945-жылғы «Қамал бұзған қаһарман» атты жыйнағында (63-б.) басылған.

185. «Т о й к ү н і т а я у»—1943-жылы февраль айында Қызыл Армия неміс әскерлерін қыйрат» жеңіп, батысқа қарай қайта қуғанда, сол жеңіске арнап шығарған өлеңі. Алғаш Алматыда шығатын «Қызыл Әке» газетінде басылды. Жамбыл жыйнақтарына бірінші рет кіріп отыр. Бұл өлеңді жазып алған Ғали Ормачов.


186. «А т а м ы з Ж а м б ы л а қ ы н ғ а» — 1943-жылы 20-мартта Н. құрамасының жауынгерлері Жамбылға майданнан хат жазды. Жамбыл «Жүз жасаған жүректен» деген өлеңмен жауап қайтарған. Өлең де, хат та 1943-жылы мартта «Социалистік Қазақстанда» басылған.

187. «Ж ү з ж а с а ғ а н ж ү р е к т е н»—1943-жылы Н. құрамасы жауынгерлерінің хатына Жамбылдың берген жауабы. Жауынгерлердің хаты да, Жамбылдың жауабы да «Социалистік Қазақстан» газетінде басылды. Өлең Жамбылдың 1945-жылғы жыйнағында (90-б.) алғаш рет басылып шықты. Өлеңді жазып алған Ғ. Орманов.

188. «Т у а с т ы н д а б е р ғ е н а н т»—1943-жылы көктемде, Қазақстанға мал шаруашылығын ойдағыдай өркендеткендігі үшін Отан Қорғау Комитеті аумспалы Қызыл ту берді. Бұл өлең сол сыйлыққа қазақ халқының атынан Жамбылдың айтқан алғыс, антты еді. Бұл өлең «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская Правда» газеттерінің сол аумспалы қызыл ту алу салтанатына арналған санында апрель айында басылып шықты. Өлең Жамбыл жыйнақтарында 1945-жылы шыққач «Қамал бұзған қаһарман» атты жыйнағында (69-б.) бірінші рет басылып шықты. Өлеңді жазып алған Ғ. Орманов.

189. « Ж а у а ж а л ы ж а қ ы н »—1943-жылы Қызыл Армияның жо-





ғарғы қолбасшысы И. В. Сталин жолдастың 1-май мерекесіне арналған бұйрығын естігенде шығарған өлеңі. Бұл өлең ҚазТАГ арқылы облыстық аудандық газеттерде басылған. Жамбыл жыйнақтарында бірінші рет шығып отыр. Өлеңді жазып алған Ғ. Орманов.

190. «Әке әзілі»—1943-жылы 10-майда Жамбыл ауылының қымызы ашып, алғаш қымыз ішкен күні ағайындарын, балаларын жыйнап алып «Бір тамашалап отыралық» — деп әзіл қылып айтқан өлеңі екен. Өлең Ғали Ормановтың жазып алуымен, жыйнақта алғаш жарияланып отыр.

191. «Алғадай туралы әрбір ой»—1943-жылы үйіне Кенен ақын келгенде баласын жоқтап, сағынышты көңілін білдіріп айтқан толғауы. Кененнің айтуынан өлеңді жазып алған Ғ. Орманов. Жамбыл жыйнақтарында бірінші рет жарияланып отыр.

192. «Қаһарман халық достығы»—1943-жылы туысқан Украина жері неміс басқыншылардан азат етіле бастады. Жамбыл бұл өлеңді сол жеңіске арнап шығарған. Мұнда «Қазақ жауынгерлері Украинаның өзенінен өтіп шыққанда, жердің топырағын сүйді» — деген достық қуанышты еске ала отырып айтқан. Бұл өлең майдан газеттерінде басылды. 1945-жылғы «Қамал бұзған қаһарман» атты жыйнағында (71-б.) басылған.

193. «Қызыл жұлдызға құттықтау» — 1943-жылы «Красная Звезда» газетінің мерекесіне арнап шығарған өлеңі. Өлеңнің орысшасы ССРО Отан Қорғау Халық Комиссариатының органы «Красная Звезда» газетінде, қазақшасы Майдан газеттерінде басылды. Өлеңді жазып алған Ғали Орманов. Жамбыл жыйнақтарында бірінші рет басылды.


194. «Ақындарға арнау»—1943-жылы декабрь айында Алматы қаласында халық ақындарының республикалық айтысы болды. Айтысты ашарда Жамбылға сөз беріліп, өлең айтты. Бұл өлең «Социалистік Қазақстан», Қазехстанская Правда» газеттерінің айтыстың ашылуына арналған 9-декабрьдегі санында басылды.

Жамбыл арнауында аттары аталған ақындар: сол айтысқа қатынасқан: Орымбай Тайманов, Шашубай Қошқарбаев, Нартай Бегежанов, Нұрлыбек Баймұратов, Кенен Әзірбаев, Маясар Жапақов, Қуат Терібаев, Жақсыбай Жантөбетовтер қазақтың атақты халық ақындары.

Ақындардың сондағы айтысы Жамбылдың арнауымен өз алдына дербес кітап боп басылды. 1945-жылы шыққан «Қамал бұзған қаһарман» атты жыйнағында (5-б.) басылған. Өлеңді жазып алған Ғали Орманов.

195. «Батыр туы»—1944-жылы қазақ батыры Амангельді Имановтың тойына арнап шығарған өлеңі. «Социалистік Қазақстан» газетінде, 1945-жылғы «Қамал бұзған қаһарман» атты жыйнағында (83-б.) басылды. Бұл өлеңді жазып алған Ғали Орманов.

196. «Атаның әлдісі» — 1944-жылы жаздыкүні Жамбылдың немересі Қуаныш Алғадаев ауырып, Алматыдағы ауруханада емделді. Бала жазылып шыққан соң, Жамбыл баланы алдына алып отырып айтқан өлеңі. Өлең осы жыйнақта алғаш жарияланып отыр. Жазып алған әдеби хатшысы Ғ. Орманов.



197. «Сәлем, саған комсомол!»—1944-жылы Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік жастар Олағының мерекесі, жастар күніне арнап шығарған өлеңі. Бұл жыр сентябрь айында «Социалистік Қазақстан», «Комсомольская Правда» газеттерінде басылған. 1945-жылы шыққан «Қамал бұзғыч қаһарман» атты жыйнағында (79-б.) басылған. Өлеңін жазып алған Ғали.

198. «Соңғы сөз»—1944-жылы декабрь айында Жамбыл науқас болды. Декабрьдің 27-күні Алматыдағы ауруханаға баруға әзірленген. Ғалидің айтуы бойынша, Жамбыл үйден шығар кезде:

—Балалар, сендер қау-қауламай қоя тұрындар! Қолды-аяқты кісімін гой, өзім тұрып көрейін... — деп ұмтылса да тұра алмапты. Сонан соң:

— Тіпті түрегелгенде де қайда бара қоймақшымын, сыйпалап жүріп бердемеге басымды соғып алсам қайтеміз. «Әй, қу көкірек!»—деп отырып, осы өлеңді айтыпты. Өлеңін жазып алған Ғали Орманов. Өлең осы жыйнақта бірінші рет басылып отыр.

#### V БӨЛІМ

#### ДАСТАНДАР

199. «Өтеген батыр» — Жамбылдың өмір баяны туралы біраз мәліметтер жыйнаған ақын Сапарғали Бегалиннің айтуына қарағанда бұл дастанды толық оқыйғалы етіп 1923—1924-жылдары жырласа керек. Бірақ, Жамбылдың айтуынан дастан 1937-жыл жазылып алыңған. Бұл Өтеген туралы хикая Жамбылдың революцияға дейін халық арасында айтып жүрген ең сүйкімді шығармасының бірі. Жетісудағы халық ақындарының айтуына қарағанда және кейбір тарихи-әдеби деректер бойынша Өтеген тарихта болған адам,—XVIII ғасырда Жетісу аймағын сыртқы жаулардың шабуылына қорғаушы батырдың бірі. Жамбылмен қатар Сүйімбай, Майкөт ақынның жырында да Өтегеннің аты кездеседі. Өмірзақ, Үмбетәлі, Кенен, Шашубай, Сәдібек ақындардың айтқанына қарағанда Өтегеннің соңғы уақытқа дейін Ұлы жүз Дулат ішінде ұрпақтары болып келген. Өтеген шамасы XVIII ғасырдағы батыр. Сол кездегі қазақ еліне жан-жақтан төнген жауларға қарсы күресте, әсіресе, Жұнғар, Қытайдың шабуылдарына қарсы күресте айбынды батыр болғаны ақындар жырында айтылады. Ал, Өтегеннің еркін қоныс іздеп Сары-Арқаны кезуі, Еділ-Жайық, Орынбор аймағына барып, патшаның қазақ джласына ауыз сала бастауына қазақ халқының қарсы күресін елестеткендей. Өтеген Абылай ханмен, Ұлы жүз Төле бимен, Қабанбай, Жәнібек, Бөгембай батырлармен тұстас. Ол батырлармен жолдас болып, үлкен жорықтарға қатынасқан. Абылай ханның 1741-жылы Қалдан Серенге тұтқын болып қолға түскенінде, онымен бірге тұтқын болған батырдың да аты Өтеген. Абайдың және Көкпайдың ел аузынан естіген әңгемелерінде мынадай деректер айтылады:

Абылай мен Өтеген екеуі Ұлытауда аң аулап жүрген уақытында қалмақтардың бір қол әскері аңдып жүріп екеуін ұстап, байлап әкеткен. Абылай мен Өтеген батырды Ұлы жүз Төле би, Бөгембай батырлар бастаған қазақтың отыз мың қолы жыйналып келіп, сол кезде Түркстанды



билеп тұрған Қалдан Сереннің ордасын қамап, дипломатиялық сөзбен босатып алады. Бұл Абай, Көкпай әңгімелерінде Өтеген батырды Орта жүз Уақ руынан шығып еді дейді. Сонымен бірге Аблайдың заманында қалмаққа қарсы соғыстарда айбынды ерлік көрсеткен осы Уақ руынан шыққан Сырымбет атты батыр да болған. Бұл батыр туралы Шоқач Уәлиханов айрықша атап айтады. Ал Жамбылдың дастанында, Жетісу бойындағы ақындардың әңгімелерінде және Жамбылдың өз айтуына қарағанда Өтеген батырдың Абылай жорықтарында болғаны рас. Абылай Төле бимен жолдас болып қазақ даласын сыртқы жаулардан қорғағаны рас, бірақ, Өтеген батыр Орта жүз Уақ емес, Ұлы жүз Дулат. Оның ішінде Жаныс дейді. Екі мәліметтің қайсысы болсын Өтеген батырдың жай легендадағы ғана адам емес, тарихи кісі екенін дәлелдейді. Даңқты батыр, ұлы адамды өз руына жақындатып айту халық әңгімесінде әдет болып кеткен.

Жамбыл шығармаларының 1940-жылы басылған бір-томдығы шыққаннан кейін Өтеген батырдың ата тегін, кім екендігін айқындай түсетін бірталай бағалы материалдарды Ә. Дилебаев жолдас Ғылым Академиясына жазып жіберді және Жетісудың қариялары да біраз жаңа пікірлер қосты. Дулаттан төрт ру тарайды: Ботпай, Шымыр, Сыйқым, Жаныс. Жаныстан: Жанту, Жантас, Жарлықамыс туады. Жарлықамыстан: Ораз, Бұхар, Елтузер. Бұхардан: Баба, Сырымбет, Құлболды, Тілеуімбет тарайды. Сырымбеттен: Өтегүл, Өтеп, Ырысқұл, Андакұл тарайды. Ал Өтегүлдан: Өтеген, Табылды. Өтегеннен сегіз бала туып, оның ұрпақтары кейін бір болыс ел болып кеткен. Ұрпақтары қазір Қордай ауданы «Кеңес» колхозында көрінеді.

Жамбыл:


«Өтегеннің тууы  
Жетісу еді мәулеті.  
Сырымбет еді әулеті,  
Дулат еді руы» —

деп айтуы және Дилебаев келтіретін тағы бір жырда:

«Ата жөнін сұрасаң,  
Дулаттан бастап таралған.  
Жаныстан бастап саналған.  
Жарлықамыс, Бұхар—деп  
Таралғанын Бұхардан  
Біреуі еді Сырымбет...  
Бәйбішеден таралған  
Өтегүл мен Өтеп ед» —

деуі Өтегеннің туыс, ата тегін айқындай түседі. Абай, Көкпай, Шоқан әңгімелері мен Жамбылдың және Жетісу қарияларының айтулары бір-бірімен ұштасып келетіндігі бәрі де Өтегенді Абылаймен замандас батыр дейді. Екіншіден Өтегенмен қатар Сырымбеттің аты аталады. Дилебаев жолдастың Дулаттың қарттарының аузынан жыйнаған мәліметтеріне қарағанда Өтеген Абылайдан бір мүшел үлкен екен. 74 жасында қайтыс болыпты. Дулаттың белгілі ақыны Майкөттің мынадай өлені бар:





«Абылай батыр»

«Өтеген халқы үшін дүние кезген,  
«Жиделі Байсын» жерде аты өлген.  
Унатпай ол жерді де көңіліне  
Жеріне туып-өскен қайта келген.  
Елі үшін қайрат еткен ер Өтеген,  
«Арман жоқ елім үшін өлсем»—деген.  
Жерінде туып өскен Жетісудың  
Өтіпті 74те дүниеден» —

дейді.

Сонда, Өтеген 1698-жылы туып, 1778-жылы қайтыс болған болады. Дилебаевтың айтуы бойынша Тілеміс Есполов ақынның да «Өтеген батыр» атты дастаны бар көрінеді. (Ол қазір біздің қолымызда жоқ). Онда Өтеген жунғарлармен соғысты, Төле бидің, Абылайдың ақылымен үлкен жорықтарды басқарып отырыпты. Нұрпа қарттың және Кезен, Дилебаевтардың айтуынша Өтегеннің жиһан кезіп кетуі жөнінде мынадай дәлелдер келтіріледі: Өтеген өлген соң бір айдан кейін Абылай мен Қаракерей, Қабанбай батыр екеуі бата оқығалы келіп жатқанда, сол жерге шүршіт (қытай) патшасына барған Абылайдың баласы Уәли қайтып келген екен. Абылай баласына қытайға барғалы жайлы әңгімені Өтегеннің үйінде отырып айтқызабапты. Кейін Қабанбай неге айтқызабадың деп сұраса, Абылай:

— Өтегеннің тірісінде менімен ажырасқаны осы шүршіт жөнінде еді, енді оның өлгенінде үйіне келіп шүршітті сөз қылмайғыз, аруағы разы болсын деп едім депті. Ел әңгімелеріне қарағанда Өтеген Абылайдың сыртқы елмен елшілік, татулық саясаттарын қостамаған сыяқты. 1739-жылы Абылайдың Орыңборға баруына Өтеген қарсы болып, бөлініп кетпек болады. Әсіресе, 1756-жылы қытаймен жақындасуына, оған бағынышты болуға қарсы шығады. Ол үнемі қол жыйып соғысуды талап етіп отырған. Ақырында Өтеген сол 1756-жылдары Абылаймен ажырасып (бұл кезде Төле би деген), ешкімге бағынбайтын, еркін, кең қоныс табамын деп жиһан кезіп, Жиделі байсына барып, аты өліп, сол сапардан елге келісімен 1772-жылы қайтыс болыпты. Өтегеннің моласы Іле өзенінің бойында, Жангелді атындағы колхозға жақын жерде. Жетісудың қариялары және Дилебаев жолдастар осы күнге дейін Өтегеннің шұбар тегенесі бар, ол оның төртінші ұрпағы, қазір колхозшы Жолдаспайдыкінде (Өтегеннен кейін — Тарпаң, Бименбет, Толымбек, Жолдаспай) сақтаулы тұр дейді. Өтегеннің мүйізі бар деген лақап жөнінде қариялар, оның төбесінде бармақтай сүйелі бар екен, тақия кнсе көтеріп, бөрік кнсе білімбейді екен дейді. Өтегенмен жолдас болатын Қабанбай, Бөгембай батырлар XVIII ғасырдың 60—70-жылдарына дейін жасаған, Абылай заманындағы қарт, аға батырлар. Екеуі туралы да дастан жырлар бар. Қабанбайдың руы Найман, Наймач ішінде Қаракерей. Урпақтары Шығыс Қазақстан облысы мен қазіргі батыс қытайдағы қазақтардың ішінде. Бөгембайдың руы Қанжығалы, мекені қазіргі Ақмола облысы Ереймен тауы, Қоржын көл жағы. Жыр да кездесетін айдаһар, жезтырнақтар жырға қыялмен қосылған. Өтегеннің соғысқан жаулары болып көрсетілген. Бурыл шашты қария, Ғайыперен қырық шілтен қазақтың ауыз әдебиетіндегі батыр қысылғанда де-

меп, күш беріп отыратын сүйкімді ақылгөй, құдайдан келген жәрдемші, ғайыптан келген адам. Ғайып-ерен деуі содан. Ғайып-ерен, қырық шілтен—қырық кісі немесе Баба түкті шашті-өзіздердің бейнесі болуға тиіс.

Бұл дастан Қорқыт, Асанқайғы жайындағы аңыздың сарыны болудың үстіне, қырғыздың атақты эпосы «Манас» жырларының да әсері бар. 1937-жылы жырлаған уақытында Жамбыл бұрынғы жырына тек ақырында өзінің соңғы қорытынды ойыч қосады. Жырды алғаш жазып алған ақын Тайыр Жароков. Дастан бірінші рет 1937-жылы Жамбыл жыйынында басылып шықты, 1938-жылы шыққан жыйынында (151—186-б.), 1940-жылы бір томдығында, орыс тілінде алғаш «Литературный Казахстан» журналының 1937-жылғы июль, август айындағы 7—8-кітабында (23—51-б.), «Красная Новь» журналының 1937-жылғы 12-санында (14—21-б.) басылған.

200. «Сұраншы батыр» — Бұл, Жамбылдың революцияға дейін айтып келген ұзақ тарихи дастанының бірі. Сұраншы жетісу бойында болған, XIX ғасырдың орта кезінде жасаған атақты батырдың бірі. Руы Шапырашты, Жамбылмен аталас. Жетісу өлкесін ішкі, тысқы жаулардан қорғаған айбынды батыр. Кенесары бастаған көтеріліске қатысқан. Сұраншы батырды Жетісу бойындағы халық ақындарының жырламағаны жоқ. Тарихшы Невзичкийдің айтуына қарағанда «Узынагашское дело» 1910-г., г. Верный), 1860-жылғы белгілі Узынагаш соғысында Сұраншы 200 жігіті бар орыс әскерімеч бірге прапорщик чинінде қокан әскеріне қарсы ұрысқа қатынасқан. Сапарғали Бегалиннің жыйнаған мәліметтерінде Сұраншы кедей емес сияқты. 1864-жылдары Қоқандықтар оның 500 жылқысын айдап кетіпті, өзін қолға түсіріпті дейді. Бұл дастанды Жамбыл революцияға дейінгі айтып жүргенінен көп кеңейтіп бергеш. Мұндағы бір бөлек орыс жігіттерінің Сұраншыға болысуы жайындағы оқыйға кейінгі редакцияда қосылған емес, бұрын бар, және тарихи шындық. Халық ақындары Өмірзақ, Үмбетәлінің айтуынша Сапарғали жазып алған Сүйімбайдың да Сұраншы туралы шығармасы бар. Бірақ ол қысқа көрінеді.

Жамбыл «Сұраншы батыр» дастанын соңғы жырлағанда кіріспесі мен ең аяғындағы 24 жол қортындысын ғана жаңадан қосқан. Басқа жерінде бұрынғы айтып келгеш вариантынан өзгеріс жоқ. Өленді жазып алған Қалмақан Әбдіқадыров. Дастанның бірінші тарауы және екінші тараудың қысқартылған түрі ең әуелі 1938-жылы «Әдебиет Майданы» журналының 7—8-сандарында басылды. 1939-жылы жеке кітап болып шықты. Дастанның екінші тарауы толығынан бірінші рет 1940-жылы басылған Жамбыл шығармаларының I-томында (319—350-б.) шықты.

201. «Замана ағымы» — Жамбылдың 1927-жылы Узынағашта болған кедейлердің жер бөлу жыйналысында жырлаған толғауы. Жамбыл бұл толғауында Бұхар жырау, Шортанбай, Мұрат ақындарша кеңінен толғап, өмірдің сач түрлі саласына кезқарасын білдіреді. Мәселен: Шортанбайдың қартайып 75—80ге келген кездерінде артымда өрнек сөз қалсын деп, замана жайына баға беретін толғауы бар. Сүйімбай ақын да қартайған шағында өз өміріне үніле қарап, көзқарасын айтады. Бұл жырды Жамбыл сол өзінен бұрынғы жыршылар сарынымен






айтқандығы білініп отыр. Мұндағы аттары аталған ақычтардан — Бұлар жырау, Абылай ханның тұсындағы атақты жырау, замана жайынан көп және аса мағчалы толғаулар айтқан. Бұхар 1693-жылы туып, 1787-жылы өлді. Сүйімбай Жамбылдың ұстазы, аталас, тұқымдас. 1827-жылы туып, 1895-жылы өлген. Дулат — 1802-жылдары туып, 1874-жылы өлген, жүйрік жыраудың бірі. Руы Найман, Мекені, өскен жері Сары-Арқа — Қарқаралы, Аягөз, Семей төңрегі. Шортамбай 1808-жылы туған, 1871-жылы өлген. Түбі Қожа, Ташкент, Түркістанда оқып, кейіннен Қарқаралы төңрегінде елде болған, атақты жырау, айтыс ақыны, зар заман ағымы әдебиет стилінің негізін салушы, сол стильді жетілдіруші. Досқожа, Кенесары — Наурызбайдың патшаға қарсы көтерілісінде бірге болған, Кенесары бастаған ел Сары-Арқадағы қоныстан «ауғанда» Досқожа жермен қоштасқан. Нысамбай да Кенесары жорықтарында бірге болған, Кенесарыны қыса қып жырлаған ақын. Досқожа XIX ғасырдың орта шенінде 1866-жылы 65 жасында өлген. Нысамбай 1821-жылы туып, 1870-жылы өлген. Шерияз Исатайдың дос ақыны, Кіші жүз Кетеруынан, өткен ғасырдың 70-жылдарында, 72ге келіп өлген. Жамбыл бұл жырды алқа-қотан жыйналған халыққа айтқан және кейін онысын езі айтып отырып қағазға жаздырғанға да ұқсайды. Өйткені кей жерінде бұл сөздерім жазылып, арттағыларға үлгі болып қалсын деп отырады. Бұл жыр Ғылым Академиясының ел аузынач жыйналған ауыз әдебиетінің арасынан тауып, Жамбылдың өз қарауынан өткізіп, 1940-жылғы жыйнағына кіргізген Есмағамбет. Алғаш Ғылым Академиясы жыйнап, Қазақтың Мемлекеттік баспасы 1940-жылы бастырған Жамбыл шығармаларының I-томында (109—132-б.) толық басылған.

202. «Туған елім» — Бұл әйгілі толғау жырды 1936 жылы, апрельдің 28-күні Алматы қаласында жырлады. Алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің және «Қазақ Әдебиеті» газетінің I-май күнгі сандарында басылып шықты. 1936-жылғы «Әдебиет Майданы» журналының июньдегі 6-санында «Сталин» деген тақырыппен басылғач. «Социалистік Қазақстанда» алғаш: «Жамбылдың жаңа толғауы» деген тақырыппен басылды. Онда өлеңнің I-жолын «Сексеннен асқан жасым бар» — деп бастайды. Кейінгі жыйнақтарда «Тоқсанға келген жасым бар» — деп бастайды. Соңғысын алдық. Өлеңді жазып алған Әбділда. 7-май күні «Правда» газетінде орысша аудармасы басылды. Мұнан кейін Жамбылдың барлық жыйнақтарында, Қазақстанда, ССРО көлемінде шығатын түрлі Жамбыл жыйнақтарының бәрінде басылып келеді. Абылай (1711—1781) XVIII ғасырдағы қазақтың ханы. Қазақ даласын сыртқы жаулардың (Қалмақ, Жунгар, Қытай, Кокан, Ресей патшасы т. б.) шабуылынан қорғауда айырықша атағы шыққан. Өлең кейін 1937-жылғы өлеңдер жыйнағында (79-б.) басылған. Бұл толық жыйнаққа шығармаларының 1940-жылы басылған I-томынан алынды (137—142-б.). Жазып алған Әбділда Тәжібаев.

203. «Халықтың жарық сәулесі, адамның досы — Сталин!» — 1936-жылы Москваға барғанда шығарған дастаны. Республикалық газеттерде және 1937-жылғы «Жамбылдың өлеңдері» деген жыйнақта «Толғау» деген тақырыппен басылған. 1938, 1939, 1940 жылғы






жыйнақтарында да «Халықтың жарық сәулесі, адамның досы — Сталин» деп алынған.

204. «Ворошилов туралы поэма» — 1937-жылы Қытайдағы, Испаниядағы соғыстарды және Совет еліндегі троцкийшіл-бухариншіл сұрқыялардың қастық әрекеттерін шолып, ССРО Отан Қорғау Халық Комиссары, Советтер Одағының Маршалы Климент Ефремович Ворошилов жолдасқа арнап шығарған дастаны. Дастан журналдарда, және өзінің 1937-жылғы жыйнағында, 1933-жылғы мерекелік жыйнағында (203—215-б.) басылған.

205. «Менің өмірім» — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутатына кандидатурасы ұсынылғанда Жамбылдың сайлаушыларға өз өмір тарихын өлеңі аралас қара сөзбен айтқаны. Бұл «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938-жылғы 12 июнь күнгі санында, 1940-жылғы 1-томында (287—295-б.) басылды. Мұндағы Көрұғлы Сұлтан — Түркпен елінің атақты эпосының қаһарманы. Бұл жыр Орта Азия халықтарының бәріне ортақ қаһарманға айналып кеткен. Алатай, Жапарқұл—Алпамыс батырдың немерелері туралы халық жирының қаһармандары.

206. «Менің бахытым» — Жамбылдың қара сөзбен айтқан әңгімесі, өз өмірінің кейбір кезеңдерін баяндайды. Бұл ақындығының 75-жылдық мерекесі үстінде айтылып, «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938-жылғы 20 майдағы санында және «Әдебиет Майданы» журналының 1938-жылғы 6 санында, 1940-жылғы 1-томында (296—298-б.) басылды. Жазып алған Қалмақан.





## ЖАМБЫЛ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА КЕЗДЕСЕТІН КІСІ АТТАРЫНА БЕРІЛГЕН ТҮСІНІКТЕР

### А

Абай — (1845—1904) Құнанбайұлы (Ибраһим) Абай — қазақтың данышпан ұлы ақыны. Қазақтың жазба жаңа әдебиетінің негізін қалаушы.

Абылай — (1711—1781) Орта жүздің ханы. Қазақ халқының Қытай, Жунғар және Орта-Азия басқыншыларына қарсы тәуелсіздігі үшін ұлы жорықтарын, күрестерін ұйымдастыруда атағы шыққан.

Айкүміс — Шапырашты, Мырзабек руынан шыққан ақын қыз.

Айса — (Иса) — хрестьян дінінің «пайғамбары», Иисус Христос. Біздің жыл санәуымыз осы Айса пайғамбар туғаннан басталады.

Алатай Жапарқұл — Бұл екеуі де Алпамыс батырдың немересі, Жәдігердің баласы. Айбынды батыр болып, Жиделі, Байсын, Қоңырат елінде сыртқы жауларға қарсы соғысады. Екеуі туралы ел аузында таралған ұзақ халық жыры бар.

Алғатай — Алғатай Жамбылов, Жамбылдың үлкен баласы. Жасы 42лер шамасында 1943-жылы майданда қаза тапқан.

Амангелді — (1873—1919) Иманов Үдербайұлы. Қазақтың әйгілі халық батыры, большевик.

Андас — Дулаттан шыққан батыр, Сураншымен замандас.

Асанқайғы — XV ғасырдағы қазақтың данышпан жыршысы; Жәнібек ханның тұстасы, Астархан, Еділ, Жайық, Ұлытау, Қаратау бойларында болған. Шоқан Уәлиханов: «Асанқайғы Жәнібек ханның тұсындағы қазақ-ноғай ұлысының философы еді» дейді (Шығармалары 304-б., 1904-жыл. Петербург).


Ақан сері — (1843—1913) Қорамса баласы. Қазақтың халық ақыны, сері әншісі, халық композиторы.

Аққошқар — Қырғыздың жорықшы батыры, қырғыз тарихында болғаны мәлім емес. Басқа бір әңгімеде қалмақ батыры дейді.

Аққұлы — Аққұлы — Жамбылдың баласы. Қазір жасы 45терде. Жамбыл ауданындағы Жамбыл атындағы колхозда бригадир.

Ағыбай батыр — Орта жүз Шубыртпалы руынан шыққан атақты ба-





тыр. Кенесарының жорығында бас батыр болып қатысқан. 1890-жылы 83 жасында өлді. Мекені—Қарқаралы.

6

Байдабек — Сары Үйсін, Дулат — Шапыраштының атасы.

Байбұлан — Алматы (Бұрынғы Верный) қаласындағы бір бай.

Байбосын — 1916-жылғы көтерілістің басшысы. Жайылмыс деген жердегі көтеріліске белсене араласқан. Қолға түсіп дарға асылған.

Байзақ — Дулат ішінде Шымыр руынан шыққан батыр, датқа. Кенесары көтерілісінде жауынгер батыр болып қатысқан. Кенесары өлген соң Қоқан ханы өлтірген.

Байтыл, Битуған, Бұқай — Орман ханның қолындағы жауынгер жігіттер. Қырғыз тарихында батырлығымен атағы шықпаған. Орман ханның айдап салуымен қазақ ауылдарын талай шапқан. Саурық батырды өлтіріскен.

Балта — XIX ғасырдың орта шенінде жасаған айтыс ақыны, руы Тобықты. Абайдың әкесі Құнанбаймен тұстас.

Балуан Шолақ — (1856—1919) Нұрмұкамбет Баймұрза баласы, қазақтың атақты сері әншісі. Жамбасы жерге тимеген мықты балуан болған.

Барлыбай — (1898-май 1946) Хабиб Барлыбаев, дәрігер, профессор, медицина ғылымының кандидаты. Ғылымға еңбегі сіңген қайраткер.

Бармақ — Дулат ақыны.

Бақия — Революцияға дейін Алматы (бұрынғы Верный) қаласындағы үйездің тілмашы болған адам.

Бақтыбай — Ұлы жүз, Жалайырдан шыққан ақын.

Бекболат — Байбосынның інісі, батыр. 1916-жылғы көтерілісте айбынды ерлікпен халықты күреске бастаған. 1916-жылы дарға тартылып өлді.

Бекет — XIX ғасырдың 50—60-жылдарында патшаға қарсы халық қозғалысын бастаған айбынды батыр.

Болық — Қырғыздың XIX ғасырда болған қарт жыршы-манасшысы, Сүйімбаймен замандас.

Буденный — Михаил Семенович Буденный, қазіргі Советтер Одағының Маршалы, азамат соғысындағы айбынды қолбасшы батыр.

Біржансал — (1825—1887) Қожақұл баласы Біржан, қазақтың атақты халық ақыны, асқақ үнді әнші серісі, халық композиторы.

Бұхарбай — XIX ғасырдағы Кіші жүз Табын руынан шыққан атақты батыр, Кенесары көтерілісінде қолбасы жауынгер болған. 1880-жылдардың ішінде 90ға келіп өлген.


Бұхар жырау — (1693—1787) Абылай заманындағы атақты жырау.

Бұғыбай — Кенесарының жорығына қатынасқан айбынды батырдың бірі. Руы Ұлы жүз.

Бөгембай — XVIII ғасырдағы Қанжығалы руынан шыққан атақты батыр, Абылаймен тұстас.

Белтірік — Албан елінің атақты ақыны.





Бәйсейіт — Тойшыбек баласы, Дулаттан шыққан батыр. 17 жасында Кенесарының жорығына қатынасқан. Кейін Жетісу, Сыр бойында патша әскеріне қарсы күрестерге белсене қатынасады. Сыздық батырмен жолдас болған.

Бәуке — Сураншының заманында Дулаттан шыққан беделді қария, шешен.

## Г

Горький — (1868—1936) Алексей Максимович Горький — орыстың атақты данышпан жазушысы, совет әдебиетінің атасы.

## Д

Домалақ — ел әңгімесі бойынша Дулат, Албан, Суанның хасиетті анасы.

Досмағамбет — (1883—1910), 1902-жылы Жамбылмен айтысқан, Жалайыр руынан шыққан ақын.

Досқожа — (1801—1866) Кенесарының досы, жырауы. Кенесары Сары-Арқадан қоныс аударғанда қоштасу жырын айтқан.

Дулат жырау — (1802—1847) Бабатаев Дулат — Аягөз, Қарқаралы айналасында туып өскен. Руы Найман, атақты жырау ақын.

Дәркембай — Бақай руының адамы.

## Е

Ескендр — Ескендр Зұлқарнайын (Александр Македонский) біздің жыл санауымыздан бұрын 356—323-жылдарда өмір сүрген. Кіші Азиядағы атақты, жауынгер, батыр.

Естай — Беркімбаев Естай қазақтың атақты халық жыршысы, әншісі. Павлодар облысы, Қуйбышев ауданында тұрады. Қазір жасы 65тер шамасында.


## Ж

Жантай, Жанқараш — Қырғыздың атақты манаптары. Кенесарыны өлтіріп, басын Омбыдағы генерал-губернаторға тарту қып беріп, үлкен шен, мақтау алған.

Жангүтты — Шу бойында Көктерек ауданындағы Күнту көкірек елінен Жамбылға амандасуға келген шешен шал.

Жапа — (Жабай) Жапа—Жамбылдың өз әкесі. Жабайдың шын аты.

Жарлығанберлі — Павлодар облысы Баян ауыл ауданынан шыққан атақты әнші, ақын.



Жартыбай — Жартыбай Қырықбаев, Жамбылдың ағайыны, ақын жасы 55тер шамасында.

Жаяу Мұса — (1836—1930) Байжанұлы қазақтың белгілі халық композиторы, серісі. Павлодар облысы, Баян ауыл ауданында туып өскен. Атақты «Жаяу Мұса» әнін шығарған.

Жақсыбай — Жақсыбай Жантөбетов, қазіргі белгілі халық ақыны. Шу ауданында тұрады.

Жданов А. А. — (1896-жылы 26-февральда туган) БҚ(б)П Орталық Комитеті Саясаттық Бюросының мүшесі. БҚ(б)П Орталық және Ленинград Облыстық, қалалық комитетінің секретары.

Жиренше — XV ғасырда Әзжәнібек ханның тұсында болған беделді шешен. Ел жұмысын басқаруда, дау-жанжалда әділ, аса тапқырлықпен, билік айтумен аты шыққан.

Жуков Г. К. — Советтер Одағының Маршалы.

Жүніспай — Ұлы жүз Теке руынан шыққан беделді адам.

Жәңгір хан — Бөкейдің баласы. XIX ғасырдың 30-жылдарында Кіші жүзде патша үкіметінің айрықша тағайындауымен ресми хан болған. Халыққа қатал, мейрімсіздігімен, Исатай—Махамбет көтерілісін басуда атағы шыққан.

## И

Исатай — Исатай Тайманов 1836—1838-жылдары патша мен ханға қарсы халық көтерілісін бастаған айбынды батыр.

## К

Кебекбай — Қасқарау елінің мықты адамы.

Келлер — Борис Александрович Келлер — Биология ғылымының докторы, академик.

Кемпірбай — XIX ғасырдағы атақты айтыс ақыны.

Кемшат — Күнту-Көкірек елінде Керім дегеннің қызы.

Кенен — Кенен Әзірбаев, Алматы облысындағы атақты халық ақыны, әнші. Жамбылдың шәкірті. Қазір жасы 50дің ішінде.

Кенесары — (1807—1847) Қасымұлы, қазақ халқының патша отаршылдығына қарсы ерлік күресін бастаған халық батыры, басшысы.

Кеншімбай — XIX ғасырдағы халық ақыны.


Киров — Сергей Миронович Киров — Ленин-Сталиннің ең жақын серігі, большевик партиясының ұлы қайраткер басшысы. 1934-жылы, 1-декабрьде троцкишкіл-бухариншіл жаулардың қолынан қаза тапты.

Клим батыр — Климент Ефремович Ворошилов, Советтер Одағының Маршалы.

Коккинаки — Советтер Одағының батыры, ұшқыш.

Колпаковский — Жетісу, Түркстан аймағын жаулап алған, XIX ғасырдың 50—60-жылдарында болған патшаның генералы.





Кутузов — (1745—1843) Кутузов Илларион 1812-жылғы Отан соғысының қолбасшысы, фельдмаршал.

Күләш — Күләш Бәйсейтова — ССР Одағының орденді халық артисткасы.

Көкім — Көкім Мәйке ұлы, Жамбылдың жақын інісі, бұрын старшы болған. 1933-жылы 40тың ішінде өлген. Пысық, шешен кісі болған көрінеді.

Көрүғлы — Шығыс елі халықтарының арасына көп жайылған Түркіпен халқының атақты халық жыры «Көрүғлының» бас қаһарманы.

Кәрібоз — а) Қырғыздың манабы; б) Дулаттың ақылгөй, шешен кәриясы, Сұраншымен замандас.

Кәрім — Жетісудағы атақты бір бай, Сұраншы батырдың тұсында қоқан жағына тыңшылық жасаған.

## М

Мәйке бала — Бақтыбай ақынмен айтысып, ақыры жеңілген соң соған тағен әйел.

Мәйкөт — XIX ғасырдағы атақты айтыс ақыны. Руы Дулат, туып өскен жері Әулиеата, Жетісу бойлары. Құлмамбетпен де айтысқан.

Майлықожа — Түркістан айналасында Қоңрат руынан шыққан XIX ғасырдағы атақты ақын. XX ғасырдың басында да өмір сүрген.

Маман — Найманның атақты бай адамы. 1902-жылы 63 жасында өлген.

Манас — Қырғыздың зор батырлық эпосы. «Манас» жырының бас қаһарманы, батыр, жауынгер хан.

Махамбет — (1803—1845) Махамбет Өтемісұлы — батыр, ақын. Исатайдың жолдасы, 1836-жылдардағы Кіші жүз қазақтарының патша мен хандарға қарсы көтерілісінде ерлік көрсеткен, жалынды, шешен ақын.

Маясар — Маясар Жапақов, 1943-жылы Қарағанды облысынан айтысқа қатысқан халық ақыны.

Мыржы — Жамбылдың жақын, бауыры. 76лар ішінде, қартайған, момын кісі.

Мұрат — (1843—1906) Мөңкеұлы атақты жырау ақын. Батыс Қазақстанда өмір сүрген. Халық өмірінің қайғысын, бұрынғы батырларды жырталаған. Талай ақындармен айтысқа түскен. Өлеңдері революцияға дейін де және кейін де басылған.

Мұхамбет (Мұхаммед) — Мұхамбет Ғабдолла баласы (569—632) ислам дінін таратушы, мұсылмандардың «пайғамбары».

Мұхамбет-хайдар — XIV ғасырдың орта кезінде жасаған жазушы, тарихшы. Жетісудағы Дулат руынан шыққан. Жетісу және Батыс Қытай, Қашқар төңірегінде біраз уақыт әкім болған.

Мәді — Ислам дінінің аңыз бойынша Мәді Әзіретғалидің баласы. Ғалимен күресіп жер астына кіріп кетіпті-мыс. Ақыр заман болғанда дүние жүзіне дажалдар шығып, жан иесінің бәрін жалмай бастағанда жер





астына кіріп кеткен Мәді шығады екен де, аспаннан түскен Айсәмен бірігіп, жалмауызды кұртады-мыс дейді. Сөйтіп, Мәді ақыр заман болғанда жер бетіне шығады деген аңыз таралып кеткен.

**Мәлік** — Мәлік Ғабдуллин, Советтер Одағының батыры. 1915-жылы туған.

**Мәмбетәлі** — Қырғыздың манабы, би Шәбденнің баласы.

**Мәңке Смаилов** — Ұлы жүз Жанқойлық руынан шыққан пысық болыс.

## Н

**Нартай** — Бегежанов, Қызылорда облысындағы қазіргі халық ақыны. Көркем өнерге еңбегі сіңген қайраткер.

**Наурызбай** — (1823—1847) Қасым баласы Абылаев, айбынды батыр. 1837—1847-жылдар арасындағы қазақ халқының патша үкіметіне қарсы көтерілісінде тамаша ерлік көрсетумен атағы шыққан.

**Нағашымбек** — Нағашымбек Байсабаев, Жамбылдың шофері, жақын ағайыны.

**Ноғайбай** — Қасқараудың мықты адамы.

**Нысамбай** — (1821—1870) Кенесары-Наурызбайдың жорықтарын жырлаған атақты жырау. Кенесарының жорығында бірге болған. Нысамбайдың руы Кіші жүз, Керей.

**Нұрбапа** — Нұрбапа Өмірзақов, 1937-жылғы ССРО Жоғарғы Советінің I сайлауының депутаты.

**Нұржан** — (1865—1919) Нұржан Наушабаев белгілі ақын. Жас кезінде сері, әнші, балуан болған. Айтысқа да түскен.

**Нұрила** — 1919-жылы 11 ақынмен айтысқан ақын қыз.

**Нұрлыбек** — Нұрлыбек Баймұратов, Семей облысындағы қазіргі халық ақыны. Көркем өнерге еңбегі сіңген қайраткер.

**Нұрпейіс** — (1859—1945) Пұрпейіс Байғанин, Ақтөбе облысындағы әйгілі халық ақыны. 1939-жылы ноябрь айында Қазақ ССР Ұлы Советінің

Президиумының указы бойынша көркем өнерге еңбегі сіңген айраткер атағы берілген.


## О

**Оразалы** — XIX ғасырдағы қырғыздың атақты күйшісі. Жамбылмен айтысқан.

**Онегин** — Пушкиннің «Евгений Онегин» атты романының бас қаһарманы.

**Орман** — Қырғыздың манабы. Кенесары, Наурызбайды өлтіріп, патшадан шен алған. Кейін Саурық батырды да өлтірген. Сұраншымен соғысқан.

**Орымбай** — Тарихта Орымбай ақын екеу. Біреуі, XIX ғасырдағы Көкшетаудың Қарауыл Орымбайы, әйгілі айтыс ақыны. Екіншісі, Оңтүстік Қазақстан облысындағы қазіргі халық ақыны Тайманов Орымбай.



## П

Папанин — Солтүстік Мұз теңізін жаулап алуда айбынды ерлік көрсеткен Советтер Одағының батыры.

Петр — (Петр I) Орыстың XVIII ғасырдағы Ұлы жауынгер патшасы.

Пушкин — (1799—1837) — Александр Сергеевич Пушкин, орыстың Ұлы классик ақыны.

## Р

Рақымбай — Рақымбай Досымбеков, Жамбылдың дәрігері.

Рүстем батыр — Парсының ақыны Фердаусидың «Шаһнама» атты эпопеясының басты қаһарманы, атақты батыры. Шығыс елі әңгімелерінде Рүстем батырлықтың ұлы бейнесіне айналып кеткен.

Рүстем төре — XIX ғасырдың орта кезінде өмір сүрген. Жетісудағы төре Рүстем.

## С

Салиха Оңғарбаева — ССРО Жоғарғы Советінің I-II сайлауының депутаты.

Сары — Үйсін руының ақыны.

Сарыбай — (Сареке, Сарыбай би) Екей елінің басын қосқан беделді адамы. 65—70терге келгенде 1886-жылдары өлген.

Сарбас — (1848—1913) Жамбылмен айтысқан Жетісудағы ақын.

Саурық — Шапырашты руынан шыққан атақты батыр. 1866-жылдар шамасында, 49 жасында қырғыз манабы Орманның қолынан өледі. Жамбылдың айтыс жырларының қаһарманы.

Саттар — 1916-жылдың көтерілісіне қатынасқан ер, батыр.

Сатыш — Сатыш Тәйтнев, Жамбылдың туған ағасы Тәйтнінң баласы. Қазір колхозда жылқышы. Жасы 50лерде. Әкесі Тәйті Мекеге барған кісі.


Сағит — Арап жұртының легендасы бойынша Мұхамбетке кұранды жырлап берген ақын.

Стаханов — Алексей Стаханов, көмір өндіруде тамаша рекорд жасап, тез қарқынмен мол өнім берудегі ұлы халық қозғалысы — стахановшылар қозғалысын бастады.

Сүлейман Стальский — Дағыстанның атақты ашуғы (жыршысы). Лезгин тілінде жырлаған. А. М. Горький жазушылардың I съезінде оны «XX ғасырдың гомері» — деп атады. 1869-жылы 18-майда туған, 1937-жылы 23-ноябрьде қаза тапты.

Сыздық — Кенесары баласы (орыстар Садық, Сыдық дейді). Атақты батыр, жауынгер. Орта Азияда патша үкіметіне, хандарға, Қытайға қарсы халықтың жауынгерлік күресін бастаған (1860—1877). Сыздықтың батырлығы жайында тамаша бай, қызықты халық әңгімелері, жырлары





ел аузында көп таралған. Орыс тілінде Сыздықтың ағасы Ахметтің 1889-жылы «Кенесары және Сыздық» дейтін кітабы шықты. Карузин дегеннің орыс тілінде романы да шыққан. Орыс тілінде Сыздық жайында мақалалар көп жазылған. 1880-жылдарда Сыздық Жамбылмен кездесіп, жолдас болған. 1890-жылдардың ішінде Амангелдімен кездеседі. Сыздық 1910-жылы 71 жасында өлді.

**Сырттан** — Наймандағы Қаптағай ішінде Құлшан тұқымынан шыққан кісі.

**Сырымбет** — Өтеген батырдың аталары.

**Сыпатай** — Дулаттан шыққан батыр. Әуелгі кезде Кенесарыға қосылып, артынан жау жағына шығып кетеді. Сұраншының Қоқанға қарсы соғысында да қара басын сақтап қашып кетеді. Сыпатай 1860-жылдардың ішінде 70ке таяп келіп өледі.

**Сүйімбай** — (1827—1895) Жетісудағы Шапыраштыдан шыққан атақты халық ақыны. Жамбылдың ұстазы.

**Сұраншы** — Бұл да Шапыраштыдан шыққан айбынды батыр. Жамбылдың дастандарының, зйтыс жырларының қаһарманы. Сұраншы 1870-жылдарда, 39 жасында Сайрам деген жерде қоқандықтардың қолына өлген.

**Сөртi** — Найман-Қаптағай ішінен шыққан батыр.

**Сәт** — Сәт Ниязбеков, Дулат ішінде Жаныстан шыққан болыс.

## Т

**Тарас** — (1814—1861) Тарас Шевченко — Украинаның ұлы халық ақыны.

**Татьяна** — Пушкиннің «Евгений Онегин» атты романының героинясы, Онегиннің ғашық жары.

**Тезек** — Нұралин Әділ ұлы, Абылайдың шөбересі. Жетісуда Албан ішіндегі төре. Патша үкіметінен полковник чинін алған. Ақын, әншілерді өз айналасына жыйнаған, өзі де ақын болған. Шоқанның қайын атасы. Тезек 1880-жылдары қартайып өлген.

**Тезекпай** — Жамбылдың кенже баласы. 1912-жылы туған.

**Тойшыбек** — Жетісуда Дулаттан шыққан батыр. Кенесарының Қозғалысына белсене араласқан.


**Тілеміс** — Ұлы жүз, Дулат ішінде Қасқараудан шыққан шешен адам.

**Тұрап** — Мыржиев — Жамбыл ауданы, Жамбыл атындағы колхоздың председателі, Жамбылдың немере інісі. Жасы 45тер шамасында.

**Төлеген** — Ахметжанов Жамбыл ауыл советінің бұрынғы председателі.

**Төле би** — Әлімбаев Төле, XVII ғасырдың ақыры мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында жасаған қазақтың әйгілі биі. Ұлы жүз Үйсін руынан шыққан. Тәуке ханның тұсында бас би атанып, Күлтөбенің басында күнде кеңес құрып, Жеті Жарғыш заңды қабылдауға белсене қатысқан. Қазақ халқының сыртқы жауларға қарсы күресін ұйымдас-





тыруға араласқан. 1743-жылы Абылай Түркстанда қалмақ ханы Қалдан Сереннің қолына тұтқын болып түскенде Орынборға орыс патшасына елші болып барып, орыс үкіметінен Абылайды босату туралы өкілдік алып қайтып, қазақ халқы атынан ультиматум беріп, Абылайды босатып алады. Төле өз заманындағы қазақ батырларына ақылғөй болған, туралық сөз айталған ірі тарихи адам. Төле би XVIII ғасырдың орта кезінде жүзге жақындап келіп өлген.

Тәжібай — Жамбылдың замандасы, ақын, тамыршы, тәуіп кісі. Ақсайда (Каскелең маңы) Елтай атындағы колхозда тұрады. Жасы 80дер шамасында.

#### Ф

Фердауси — Әбілқасым Фердауси X ғасырдағы парсының данышпан ұлы ақыны. «Шаһнама» дейтін дүние жүзіндік ұлы шығарманың авторы.

Фрунзе — (1885—1925) пролетариаттың талантты қолбасшысы. Қызыл Армияны ұйымдастырушылардың бірі. Большевиктер партиясының қайраткері. 1919-жылы Түркстан майданында Орынбордың ақ-қазақтарын қыйратты. Орта-Азия республикаларын босатты.

Фурманов — (1891—1926) 1919-жылы атақты Чапаев дивизиясының комиссары. 1920-жылы Жетісуды азат еткенде Қызыл ту орденін алған, жазушы.

#### Ч

Чапаев — (1889—1919) Василий Иванович Чапаев азамат соғысы дәуірінде ақтарға, революцияның барлық жауларына қарсы айбынды ерлікпен күрескен халық батыры.

Черияев — Жетісу, Сырдария бойын жаулаған генерал.

#### Ш


Шалтабай — Құдайберген, Шапыраштыдан шыққан болмыс, бай.

Шапырашты Наурызбай — Абылай заманында аты шығып, Қалмаққа қарсы жорықтарға қатнасқан. Шапырашты руынан шыққан атақты батыр.

Шашубай — Қошқарбаев, Қарқаралы төңірегіндегі Дадан Тобықтан шыққан әйгілі халық ақыны; сері, әнші. Жамбылмен айтысқан. Қазір жасы 81-де, Балхаш қаласында тұрады. Көркем өнерге еңбегі сіңген қайраткер.

Шернияз — Ақтөбе облысында Кіші жүз Кете руынан шыққан атақты жыршы. Исатайдың жолдасы, досы болған.

Шжу-Де — Қытайдың революцияшыл армиясының жауынгер, комму-



нист командирі, легендалы халық батыры, жапондарға қарсы күресте айбынды ерлік көрсеткен.

**Шмидт** — Отто Юльевич, Советтер Одағының батыры, академик.

**Шота Руставели** — XIII ғасырдағы Грузияның ұлы ақыны. Белгілі «Жолбарыс терісін жамылған батыр» деген дастанның авторы.

**Шортанбай** — (1808—1871) Шортанбай Қанаев — атақты зарзаман ақыны Қарқаралы төңірегінде болған.

**Шыңғыс хан** — XIII ғасырдағы Монғолиядан шыққан ұлы жауынгер жорықшы. Бір кезде Қытай, Орта Азияны, Ауған, Персияны, Кавказ, Ресейді түгел жаулап алған. Соғыс уақытында қарсылық жасаған елдердің қалаларын аяусыз қыйратып, құртып жіберіп отырған.

**Шөже** — XIX ғасырдағы атақты айтыс ақыны. Арғын ішіне сіңісіп кеткен қырғыз. Өз заманында Шөжемен айтыспаған бір ақын жоқ. Айтысқанның бәрін Шөже жеңген. Шөже 1890-жылдардың кезінде, 90ға таянып келіп өлген.

**Шәбден** — Шәбден Жантай баласы, белгілі манап, әкесі Жантай Кеңесарыны өлтіргені үшін патшадан чин алған. Кейін Шәбденге генерал чинін берген.

### Ш

**Щорс** — Николай Щорс, азамат соғысы кезінде жауларға қарсы күрескен украин халқының айбынды ері, большевик батыры.

### Э

**Эренталь** — Қапалдың үйез бастығы.

### Қ

**Қабанбай** — Абылайдың қолбасы батырының бірі. 1870-жылдардың шамасында Қабанбай 90ға жақындап келіп өлген.

**Қалый Ордабаев** — Жетісудағы бай, біраз оқыған интеллигент-сымақ.

**Қалқа** — Қалқа Жапсарбаев, Алматы облысында тұратын белгілі халық ақыны.

**Қалқабай** — Жамбылдың ағайыны, кедей. Узынағаш бойында Қаратас деген күнгейді мекендеген.

**Қарасай** — XIX ғасырдағы қазақтың атақты батыры, Шапырашты руынан шыққан.

**Қарымбай** — Кемшат қызды (Кемшатты кара) қатын үстіне айттырған Малай елінің байы.

**Қатаған** — Қырғыздың ақыны.



Кобланды — Ноғайлы, Қыпшақ дәуіріндегі қазақтың батыры, «Кобланды» атты халық дастанының қаһарманы.

Қожамберді — Алматы (бұрынғы Верный) қаласында болған бай.

Қожақан — Жалайыр ішінде Балғалы Бабаның баласы. Болыс болған кісі. Бұл Абак, Тарақ елінің ақындары көбірек түсетін үй болған.

Қоркыт — Легендалы халық қобызшысы, ән-күйдің ұлы атасы. IX—X—XII ғасыр арасында Қыпшақ Оғыз хан заманында жасаған қазақтың данышпан күйшісі, зор ақылғөй тарихи адамы. Арап жаулаушыларының қаталдықтарына, ислам дінінің фанатизіміне қарсы шыққан, наразылық бейнемен халықтың еркіндігін, өлмейтін мәңгі бахытты өмір сүруін аңсап арман еткен халық ұлы.

Қуаныш — Жамбылдың немересі. Майданда өлген Алғадайдың баласы. 1942-жылы туған.

Қуат — руы Найман. Қазір Ақсу ауданында тұрады. Халық ақыны.

Қыйсыбай — Сарыбайдың баласы, Жамбылдың жақын ағайыны.

Қылышбай — Қылышбай Ержанұлы, Ұлы жүз Бопай еліндегі Қоралас руынан шыққан ғұлама ақын.

Қырбас — Дулаттың батыры, Сұраншымен замандас болған.

Кұдайберген — Албан ішіндегі бай. Жамбылдың Кұлмамбетпен айтысын осы Кұдайберген ұйымдастырады.

Кұдыяр — 1840-жыл мен 1860-жылдардың арасында Қоқанның ханы болады. Жетісу, Сырдария бойындағы қазақ халқына қатты қысым көрсеткен, кейін орыс патшасына сатылып, чин, шекпен алмақ болады. Кұдыяр 1879-жылы өлген.

Кұлмамбет — (1826—1903) XIX ғасырдағы қазақтың ірі айтыс ақыны. Майкөтпен, Жамбылмен айтысқан.

Кұлтума — (1840—1915) халық ақыны: «Тайпалмалы» деген тағы басқа әндер шығарған композитор. Руы арғын ішіндегі Алтай.

Кұл, Қуандық — рулары Албан, халық ақындары.

## Ғ

Ғали Орманов — 1907-жылы туған. Жамбылдың әдеби хатшысы.


Ғали — (Ерәлі) Мұхамбеттің (VII ғасырда) ислам дінін тарату жолындағы соғыстарда әскер басы болған. Дінмен байланысты әдебиеттерде Ғалиді дәріптей суреттейді.

Ғасем Лахути — (Лахути Абдул Ғасем) 1887-жылы туған. Коммунист. Тәжікстандағы қазіргі атакты парсы ақыны.

## Ү

Үмбетәлі — Кәрібаев (1889-жылы туған). Осы күнгі халық ақыны, Жамбылдың шәкірті.





Ө

**Өмірзақ** — Қарғабаев Өмірзақ, Алматы облысындағы халық ақыны Жыршы, Жамбылдың замандасы, шәкірті.

**Өтеген** — Жамбылдың дастанының қаһарманы. Қазақтың елін, жерін қорғаған атақты батыры. XVIII ғасырда Абылайдың калмаққа, Қытайға қарсы жорықтарына қатынасады.


Ә

**Әбілмәмбет** — Абылайдың немере ағасы. Абылайдың тұсында Орта жүзге хан болған. 1862-жылдары өлген.

**Әбілпейіс** — Тарихта Әбілпейіс екеу. Бірі XVIII ғасырдың алғашқы жартысында бұхарда хан болған, Түркстан бойын билеген. Абылайдың арғы атасы. Екінші Әбілпейіс — Абылайдың замандасы Әбілмәмбет ханның баласы. Абылайдың досы болған. Абылайдың қол астындағы Жетісудың бір елін билеген.

**Әлімкұл** — Қырғыздың қазіргі белгілі халық жыршысы. Жамбылдың замандас досы.

**Әсет** — (1857—1923) атақты халық ақыны, композитор. Руы Найман.






## ЖАМБЫЛ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ АЛФАВИТТІК ТІЗІМІ

### А

|                          | Беті  |
|--------------------------|-------|
| Абайдың суреті.          | 411   |
| Абышқа                   | 22    |
| Албан елінде             | 54    |
| Алатау                   | 208   |
| Алышбас камал            | 473   |
| Алғадай туралы әрбір ой  | 512   |
| Алғыс                    | 427   |
| Амангелді тойына         | 227   |
| Асау үйреткен жігіттерге | 408   |
| Асқан бұлбұл             | 184   |
| ✓ Ата жаумен айқастық    | 431 ✓ |
| Атамыз Жамбыл ақынға     | 497   |
| Атаның әлдіні            | 524   |
| ✓ Аттан, батыр ұрпағым   | 449 ✓ |
| Аттандыру                | 469   |
| Ақынға                   | 255   |
| Ақындарға арнау          | 518   |


### Б

|                                    |     |
|------------------------------------|-----|
| Балаларға                          | 212 |
| Балама хат                         | 475 |
| Барлыбайға                         | 418 |
| Батыр туы                          | 522 |
| Біздің Қиров                       | 383 |
| Белсенділерге                      | 145 |
| Бесік жыры                         | 214 |
| Болат тонды батыр                  | 397 |
| ✦ Большевиктер тобына              | 402 |
| Большевиктік шындық туралы         | 477 |
| Біздің дәуірдің батырлары          | 350 |
| Бір жыл                            | 246 |
| Бөлектің қызының Жамбылмен қағысуы | 45  |



| В   | Беті          |
|---|---------------|
| Воронеж батырларына                           | 483           |
| Ворошилов туралы поэма                        | 612           |
| Д   |               |
| Дастарқан жыры                                | 166           |
| Дәрігерлер съезіне                            | 337           |
| Е   |               |
| Егіс жыры                                     | 191           |
| Ел едің күт дарыған Есім—Малай                | 12            |
| Елімнің қыздарына                             | 328           |
| Ж   |               |
| Жаз   | 25            |
| Жаз жыры                                      | 206           |
| Жаз тілі                                      | 463           |
| Жайлау  | 151           |
| Жамбыл мен Жалайыр Досмағамбет ақынның айтысы | 101           |
| Жамбыл өлең айтпайды жантайған соң            | 421 ✓         |
| Жамбылдың Айкүміспен айтысы                   | 9             |
| Жамбылдың Бақтыбай ақынмен танысуы            | 42            |
| Жамбылдың халық үшін қалған жасы              | 307           |
| Жамбылға                                      | 170           |
| Жаныс ақынға                                  | 7             |
| Жанғұттымен әңгіме                            | 405           |
| Жастар алдындағы сөз                          | 148           |
| Жастық жыры                                   | 331           |
| Жау ажалы жақын                               | 508           |
| ✓ Жауға оқ                                    | 324           |
| Жаңа жыл                                      | 34            |
| Жаңа жыл сәлемі                               | 34            |
| Жетіппін жүре-жүре қыр басына                 | 481           |
| Жеңімпаздар съезіне                           | 426           |
| Жеңіс жыры                                    | 426           |
| Жеңіс жырын сайрандар                         | 353 ✓ мен, ая |
| Жеңіс пен шаттық                              | 367           |
| Жол үстінде                                   | 313           |
| ✓ Жоғалт көзін                                | 274 ✓ мен     |
|   | 36            |
|   | 286           |





|                              | Беті |
|------------------------------|------|
| Жыйырма (XX) жылдық тойда    | 241  |
| Жылқышы                      | 9    |
| Жүз жасаған жүректен         | 502  |
| Жүніспайға жүгіну            | 52   |
| Жүрек неге соғады өрге қарай | 419  |

### З

|              |     |
|--------------|-----|
| Замана ағымы | 602 |
| Зілді бұйрық | 32  |

### И

|                       |     |
|-----------------------|-----|
| Испандық туысқандарға | 221 |
| Иісті майға           | 380 |

### К

|  |     |
|--|-----|
| Кавказға                                   | 254 |
| Кавказға сәлем                             | 256 |
| Калинин ақсақалға                          | 161 |
| Кедей күйі                                 | 15  |
| Кекті ашу                                  | 174 |
| Кекілік ұшып дүр етті                      | 386 |
| Клим батыр                                 | 158 |
| Кемшат қыз                                 | 10  |
| Кеңес гвардеецтеріне                       | 452 |
| Кеңес жауынгерлеріне                       | 456 |
| Күн нуры                                   | 288 |
| Күн толғауы                                | 300 |
| Күні туған елім                            | 406 |
| Көктем менен май даңқы                     | 428 |
| Көкімге                                    | 27  |
| Кәрілік (көкірегің күрілдеп)               | 375 |
| Кәрілік (жасықтан асыл шықпас қайрағанмен) | 425 |

### Л

|                     |     |
|---------------------|-----|
| Ленин               | 185 |
| Ленин мавзолейінде  | 153 |
| Ленинградтық өренім | 436 |
| Ленин өреніне       | 485 |



| М                                   | Бет |
|-------------------------------------|-----|
| Май                                 | 200 |
| Майданға хат                        | 459 |
| Майкөтпен дидарласу                 | 49  |
| Мал өсірген аймаққа                 | 343 |
| Мен де бір жас баламын қыңқылым көп | 430 |
| Менің бахытым                       | 664 |
| Менің өмірім                        | 654 |
| Москваға                            | 442 |
| Мыржыға                             | 396 |
| Мұғалімдерге сәлем                  | 362 |
| Мәмбетке                            | 28  |
| Москва туралы жыр                   | 238 |
| Мәстек пен тұлпар                   | 292 |
| Мәңкә туралы                        | 23  |

#### Н

|  |     |
|--|-----|
| Нурилла мен ақындардың айтысы және Жамбылдың берген төрелігі | 130 |
|--|-----|

#### О

|                           |     |
|---------------------------|-----|
| Одақ                      | 267 |
| Одақтас                   | 194 |
| Отан әмірі                | 470 |
| Отанды сүй                | 298 |
| Октябрь толғауы           | 376 |
| Он екінші (12) декабрь    | 251 |
| Оныншы (X) съезге         | 193 |
| Орден алғанда             | 168 |
| Орындалған ант туралы жыр | 346 |

#### П

|                        |     |
|------------------------|-----|
| Патша әмірі тарылды    | 30  |
| Пушкинге               | 189 |
| Пушықтың ұрыға айтқаны | 8   |

#### С

|                             |    |
|-----------------------------|----|
| Сарыбайға                   | 6  |
| Сарбас пен Жамбылдың айтысы | 72 |



|                                | Беті      |
|--------------------------------|-----------|
| Сары ақынмен қағысу            | 47        |
| «Социалистік Қазақстан» тойына | 341       |
| Соңғы сөз                      | 527       |
| Сталин                         | 387       |
| Сталин урпақтары               | 223       |
| Сталинді тыңдадым              | 176       |
| ✓ Сталинді сайлаймын           | 229 ✓ мен |
| Сталиндік ұлы заң              | 181       |
| Сталиннің ер досы              | 163       |
| Сталиннің туған жері           | 276       |
| Сыздыққа                       | 17        |
| Сыйлық                         | 460       |
| Сырттанға                      | 16        |
| Съезге                         | 178       |
| Сүлейман Стальскийге           | 203       |
| Сураншы батыр                  | 564       |
| Сур жылан                      | 196       |
| ✓ Сәлем берем, Москваға        | 339       |
| Сәлем, саған комсомол!         | 525       |
| Сәлем бүкіл халықтан           | 284       |
| Сәт сайланарда                 | 20        |

#### Т

|                         |           |
|-------------------------|-----------|
| Тарас                   | 355       |
| Тауда                   | 410       |
| Тағы бітті жаңа күш     | 303       |
| Тезекпай туралы         | 401       |
| Темір тұлпар мінген қыз | 465       |
| Той күні таяу           | 495       |
| Толғау                  | 310       |
| Трамвай                 | 335       |
| Ту астында берген ант   | 505       |
| ✓ Туған елім            | 630 ✓ мен |
| Туысқан ел              | 271       |
| Тынық Донның ұлдарына   | 264       |
| Тілеміске               | 21        |
| Тураптан сұрау          | 394       |
| Төлегенге               | 395       |
| Тәжібайға               | 409       |

#### У

|                      |     |
|----------------------|-----|
| Уа, қарағым келіншек | 147 |
|----------------------|-----|






| Х   | Беті |
|---|------|
| Халық туыскандығы   | 243  |
| Халық қазынасы  | 364  |
| Халықтың жарық сәулесі, адамның досы —<br>Сталин                                  | 636  |
| Халықтың сәлемі   | 153  |
| Ч   |      |
| Чапай   | 261  |
| Ш   |      |
| Шалтабайға  | 25   |
| Шашубай мен Жамбылдың айтысы  | 120  |
| Шақырған жоқ сендерді Жамбыл жайға  | 420  |
| Шағым   | 3    |
| ✓ Шын жүректен  | 296  |
| Шынықтырды болаттай   | 248  |
| Шәбденге  | 14   |
| Шәкірт балаларға  | 412  |
| Қ   |      |
| Қазақстан тойына  | 146  |
| ✓ Қайта жасардым  | 199  |
| Қайта келген жастық   | 281  |
| Қалжың  | 455  |
| Қалыйға   | 26   |
| Қамал бұзған қаһарман   | 489  |
| Қаны бір бауырларымызға   | 372  |
| Қаһарман халық достығы  | 514  |
| ҚССР Улы Советінің І сессиясын ашардағы қос<br>орденді халық ақыны депутат Жамбыл | 316  |
| Жабаевтың сөзі  | 13   |
| Қуғын   | 517  |
| «Қызыл жұлдызды» кұттықтау  | 219  |
| Қызыләскерге  | 19   |
| Қыйсыбайға  | 306  |
| Қымбатты сый  | 210  |
| Қымыз   | 217  |
| Қытайға   | 56   |
| Құлмамбет пен Жамбылдың айтысы  |      |

мен

мен



|                | Ғ | Беті |
|----------------|---|------|
| Ғалім ініме    |   | 326  |
| Ғасем Лахутиға |   | 171  |

Ү

|              |  |     |
|--------------|--|-----|
| Үлкен МХАТқа |  | 330 |
| Үндеу        |  | 381 |

У

|          |  |     |
|----------|--|-----|
| Улыма    |  | 290 |
| Улы көш  |  | 232 |
| Усынамын |  | 231 |

Ө

|                        |  |     |
|------------------------|--|-----|
| Өлгенің жоқ сен тірі   |  | 225 |
| Өлім мен өмір белдесті |  | 434 |
| Өмір жыры              |  | 258 |
| Өнердің өсуі           |  | 282 |
| Өсиет                  |  | 24  |
| Өстепкеде              |  | 29  |
| Өтеген батыр           |  | 31  |

Ә

|                       |  |     |
|-----------------------|--|-----|
| Әкеме                 |  | 5   |
| Әке әзілі             |  | 511 |
| Әлемде бір жұлдыз бар |  | 413 |

## МАЗМУНЫ

|  | Беті |
|--|------|
| Шығарушылар алқасынан . . . . .                | IX   |
| Жамбылдың өмірі және ақындық қызметі . . . . . | XII  |

### БӨЛІМ

#### РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ӨЛЕҢДЕР

|   |    |
|---|----|
| Шағым . . . . .                                     | 3  |
| ✓ Әкеме . . . 20 . . . . .                          | 5  |
| ✓ Сарыбайға . . . 24 . . . . .                      | 6  |
| ✓ Жаныс ақынға . . . 20 . . . . .                   | 7  |
| Пушықтың ұрыға айтқаны . . . . .                    | 8  |
| ✓ Жылқышы . . . . .                                 | 9  |
| ✓ Қемшат қыз . . . 40 . . . . .                     | 10 |
| ✓ Ел едің құт дарыған Есім-Малай . . . 20 . . . . . | 12 |
| Қуғын . . . . .                                     | 13 |
| Шәбденге . . . . .                                  | 14 |
| Кедей күйі . . . . .                                | 15 |
| Сырттанға . . . . .                                 | 16 |
| ✓ Сыздыққа . . . 28 . . . . .                       | 17 |
| Қыйсыбайға . . . . .                                | 19 |
| Сәт сайланарда . . . . .                            | 20 |
| Тілеміске . . . . .                                 | 21 |
| Абышқа . . . . .                                    | 22 |
| Мәнке туралы . . . . .                              | 23 |
| ✓ Әсиет . . . 18 . . . . .                          | 24 |
| Шалтабайға . . . . .                                | 25 |
| Қалыйға . . . . .                                   | 26 |
| Көкімге . . . . .                                   | 27 |
| Мәмбетке . . . . .                                  | 28 |
| ✓ Әстепкеде . . . . .                               | 29 |
| ✓ Патша әмірі тарылды . . . . . 48                  | 30 |
| ✓ Зілді бұйрық . . . . .                            | 32 |
| ✓ Жол үстінде . . . . .                             | 36 |



## АЙТЫС

|  |     |
|--|-----|
| ✓ Жамбылдың Айкүміспен айтысы . . . . . 52                             | 39  |
| Жамбылдың Бақтыбай ақынмен танысуы . . . . .                           | 42  |
| ✓ Бөлектің қызының Жамбылмен қағысуы . . . . . 35                      | 45  |
| Сары ақынмен қағысу . . . . .  | 47  |
| ✓ Майкөтпен дидарласу . . . . . 32                                     | 49  |
| Жүніспайға жүгіну . . . . .  | 52  |
| Албан елінде . . . . .   | 54  |
| Құлмамбет пен Жамбылдың айтысы . . . . .                               | 56  |
| Сарбас пен Жамбылдың айтысы . . . . .                                  | 72  |
| Жамбыл мен Жалайыр Досмағамбет ақынның айтысы . . . . .                | 101 |
| Шашубай мен Жамбылдың айтысы . . . . .                                 | 120 |
| Нүрилла мен ақындардың айтысы және Жамбылдың берген төрелігі . . . . . | 130 |

## III БӨЛІМ

## РЕВОЛЮЦИЯДАН КЕІПНГІ ӨЛЕҢДЕР

|                                   |     |
|-----------------------------------|-----|
| Белсенділерге . . . . .           | 145 |
| ✓ Қазақстан тойына . . . . . 13   | 146 |
| Уа, қарағым келіншек . . . . .    | 147 |
| Жастар алдындағы сөз . . . . .    | 148 |
| Жайлау . . . . .                  | 151 |
| ✓ Ленин мавзолейінде . . . . . 33 | 153 |
| ✓ Халықтың сәлемі . . . . . 37    | 155 |
| Клим батыр . . . . . 44           | 158 |
| ○ Калинин ақсақалға . . . . . 30  | 161 |
| ✓ Сталиннің ер досы . . . . .     | 163 |
| Дастарқан жыры . . . . .          | 166 |
| Орден алғанда . . . . .           | 168 |
| Жамбылға . . . . .                | 170 |
| Фасем Лахутиға . . . . .          | 171 |
| ○ Кекті ашу . . . . .             | 174 |
| Сталинді тыңдадым . . . . .       | 176 |
| Съезге . . . . .                  | 178 |
| ✓ Сталиндік ұлы заң . . . . .     | 181 |
| ✓ Асқан бұлбұл . . . . .          | 184 |
| Ленин . . . . .                   | 185 |
| Пушкинге . . . . .                | 189 |
| Егіс жыры . . . . .               | 191 |
| X съезге . . . . .                | 193 |
| Одақтас . . . . .                 | 194 |

|                                     | Беті           |
|-------------------------------------|----------------|
| Сұр жылан . . . . .                 | 196            |
| 0 ✓ Қайта жасардым . . . . . 20     | 199            |
| Май . . . . .                       | 200            |
| Сүлейман Стальскийге . . . . .      | 203            |
| ✓ Жаз . . . . . 24                  | 205            |
| Жаз жыры . . . . .                  | 206            |
| Алатау . . . . .                    | 208            |
| Қымыз . . . . .                     | 210            |
| ✓ Балаларға . . . . . 32            | 212            |
| ✓ Бесік жыры . . . . . 30           | 214            |
| Қытайға . . . . .                   | 217            |
| Қызыләскерге . . . . .              | 219            |
| Испандық туысқандарға . . . . .     | 221            |
| Сталин урпақтары . . . . .          | 223            |
| Өлгенің жоқ, сен тірі . . . . .     | 225            |
| ✓ Амангелді тойына . . . . . 28     | 227            |
| 0 ✓ Сталинді сайлаймын . . . . . 62 | 229            |
| Усынамын . . . . .                  | 231            |
| Улы көш . . . . .                   | 232            |
| Москва туралы жыр . . . . .         | 238            |
| ✓ XX жылдық тойда . . . . .         | 241            |
| Халық туысқандығы . . . . .         | 243            |
| Бір жыл . . . . .                   | 246            |
| Шындықтырды болаттай . . . . .      | 248            |
| 12-декабрь . . . . .                | 248            |
| Кавказға . . . . .                  | 251            |
| Ақынға . . . . .                    | 254            |
| Кавказға сәлем . . . . .            | 255            |
| Өмір жыры . . . . .                 | 256            |
| Чапай . . . . .                     | 258            |
| Тынық Донның ұлдарына . . . . .     | 261            |
| Одақ . . . . .                      | 264            |
| Туысқан ел . . . . .                | 267            |
| 0 ✓ Жеңіс пен шаттық . . . . . 28   | 271            |
| Сталиннің туған жері . . . . .      | 274            |
| ✓ Қайта келген жастық . . . . . 24  | 276            |
| Өнердің өсуі . . . . .              | 281            |
| Сәлем бүкіл халықтан . . . . .      | 282            |
| <del>Жоғалт көзін . . . . .</del>   | <del>284</del> |
| Күн нұры . . . . .                  | 286            |
| Улыма . . . . .                     | 288            |
| Мәстек пен тұлпар . . . . .         | 290            |
| 0 Шын жүректен . . . . .            | 292            |
| Отанды сүй . . . . .                | 296            |
| Күн толғауы . . . . .               | 298            |
|                                     | 300            |

|  | Беті           |
|--|----------------|
| Тағы бітті жаңа күш . . . . .  | 303            |
| Қымбатты сый . . . . .   | 306            |
| Жамбылдың халық үшін қалған жасы . . . . .   | 307            |
| Толғау . . . . .   | 310            |
| Жеңіс жырын сайраңдар . . . . .  | 313            |
| ҚССР Ұлы Советінің І-сессиясын ашардағы қос орденді халық<br>ақыны депутат Жамбыл Жабаевтың сөзі . . . . . | 316            |
| Жауға оқ . . . . .   | 324            |
| Ғалім ініме . . . . .  | 326            |
| Елімнің қыздарына . . . . .  | 328            |
| Үлкен МХАТқа . . . . .   | 330            |
| Жастық жыры . . . . .  | 331            |
| Трамвай . . . . .  | 335            |
| Дәрігерлер съезіне . . . . .   | 337            |
| Сәлем берем, Москваға . . . . .  | 339            |
| «Социалистік Қазақстан» тойына . . . . .   | 341            |
| <del>Мал өсірген аймаққа . . . . .</del>   | <del>343</del> |
| <del>Жаңа жыл . . . . .</del>  | <del>345</del> |
| ✓ Орындалған ант туралы жыр . . . . .  | 346 ✓          |
| Біздің дәуірдің батырлары . . . . .  | 350            |
| Тарас . . . . .  | 355 ✓          |
| Жеңімпаздар съезіне . . . . .  | 358            |
| Мұғалімдерге сәлем . . . . .   | 362            |
| ✓ Халық қазынасы . . . . .   | 364            |
| Жеңіс жыры . . . . .   | 367            |
| Қаны бір бауырларымызға . . . . .  | 372            |
| Кәрілік . . . . .  | 375            |
| Октябрь толғауы . . . . .  | 376            |
| ✓ Иісті майға . . . . .  | 380            |
| Үндеу . . . . .  | 381            |
| Біздің Киров . . . . .   | 383            |
| Кекілік ұшып дүр етті . . . . .  | 386            |
| Сталин . . . . .   | 387 ✓          |
| Тураптан сұрау . . . . .   | 394            |
| Төлегенге . . . . .  | 395            |
| ✓ Мыржыға . . . . .  | 396            |
| Болат тонды батыр . . . . .  | 397            |
| Тезекпай туралы . . . . .  | 401            |
| Большевиктер тобына . . . . .  | 402            |
| Жаңғұттымен әңгіме . . . . .   | 405            |
| Күні туған елім . . . . .  | 405            |
| <del>Асау үйреткен жігіттерге . . . . .</del>  | <del>408</del> |
| <del>Тәжібайға . . . . .</del>   | <del>409</del> |
| ✓ Тауда . . . . .  | 410            |
| ✓ Абайдың суреті . . . . .   | 411            |
| Шәкірт балаларға . . . . .   | 412            |



|  | Беті |
|--|------|
| Әлемде бір жұлдыз бар . . . . .              | 413  |
| Барлыбайға . . . . .                         | 418  |
| Жүрек неге соғады өрге қарап . . . . .       | 419  |
| Шақырған жоқ сендерді Жамбыл жайға . . . . . | 420  |
| Жамбыл өлең айтпайды жантайған соң . . . . . | 421  |

IV БӨЛІМ

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ КЕЗІНДЕГІ ШЫҒАРМАЛАР

|  |       |
|--|-------|
| ✓ Кәрілік . . . 16 . . . . .                       | 425   |
| ✓ Жетіпін жүре-жүре қыр басына . . . 12 . . . . .  | 426   |
| Алғыс . . . . .                                    | 427   |
| Көктем менен май даңқы . . . . .                   | 428   |
| ✓ Мен де бір жас баламын қынқылым көп . . . . .    | 430   |
| ✓ Ата жаумен айқастық . . . 20 . . . . .           | 431   |
| ✓ <u>Өлім мен өмір белдесті</u> . . . 56 . . . . . | 434 ✓ |
| Ленинградтық өренім . . . . .                      | 436   |
| Москваға . . . . .                                 | 442   |
| Аттан, батыр ұрпағым . . . . .                     | 449   |
| Кенес гвардеецтеріне . . . . .                     | 452   |
| Қалжың . . . . .                                   | 455   |
| Кенес жауынгерлеріне . . . . .                     | 456   |
| Майданға хат . . . . .                             | 459   |
| Сыйлық . . . . .                                   | 460   |
| Жаз тілі . . . . .                                 | 463   |
| Темір тұлпар мінген қыз . . . . .                  | 465   |
| Аттандыру . . . . .                                | 469   |
| Отан әмірі . . . . .                               | 470   |
| Алынбас қамал . . . . .                            | 473   |
| ✓ Балама хат . . . 61 . . . . .                    | 475   |
| большевиктік шындық туралы . . . . .               | 477   |
| Жана жыл сәлемі . . . . .                          | 481   |
| Воронеж батырларына . . . . .                      | 483   |
| ✓ Ленин өрениңе . . . . .                          | 485   |
| Қамал бұзған қаһарман . . . . .                    | 489   |
| ✓ Той күні талу . . . 34 . . . . .                 | 495   |
| Атамыз Жамбыл ақынға . . . . .                     | 497   |
| Жүз жасаған жүректен . . . . .                     | 502   |
| Ту астында берген ант . . . . .                    | 505   |
| Жау ажалы жақын . . . . .                          | 508   |
| Әке өзілі . . . . .                                | 511   |
| Алғадай туралы әрбір ой . . . . .                  | 512   |

|                                      | Беті |
|--------------------------------------|------|
| Қаһарман халық достығы . . . . .     | 514  |
| «Қызыл жұлдызға» құттықтау . . . . . | 517  |
| Ақындарға арнау . . . . .            | 518  |
| Батыр туы . . . . .                  | 522  |
| Атаның әлдіі . . . . .               | 524  |
| Сәлем, саған комсомол! . . . . .     | 525  |
| ✓ Соңғы сөз . . . . .                | 527  |

40

V БӨЛІМ

ДАСТАНДАР

|   |     |
|---|-----|
| Өтеген батыр . . . . .                                  | 531 |
| Сураншы батыр . . . . .                                 | 564 |
| Замана ағымы . . . . .                                  | 602 |
| 0 ✓ Тұған елім . . . . .                                | 630 |
| Халықтың жарық сәулесі, адамның досы — Сталин . . . . . | 636 |
| Ворошилов туралы поэма . . . . .                        | 642 |
| Менің өмірім . . . . .                                  | 654 |
| Менің бахытым . . . . .                                 | 664 |

VI БӨЛІМ

ТҮСІНІКТЕР

|  |     |
|--|-----|
| Жамбыл шығармаларына берілген түсініктер . . . . .   | 671 |
| <i>I бөлім. Революцияға дейінгі өлеңдер — 671. II бөлім. Айтыс — 678. III бөлім. Революциядан кейінгі өлеңдер — 684. IV бөлім. Улы Отан соғысы кезіндегі шығармалар — 700. V бөлім. Дастандар.</i> . . . . . | 706 |
| Жамбыл шығармаларында кездесетін кісі аттарына берілген түсініктер . . . . .   | 712 |
| Жамбыл шығармаларының алфавиттік тізімі . . . . .  | 724 |

Handwritten notes in Arabic script at the bottom of the page, including numbers like 38, 45, and 30, and some illegible text.

Ответственный по выпуску  
*Турганбаев Курман*

\*\*\*

Художник *Тимофеев Н.*

\*\*\*

Технический редактор  
*Кривулин С.*

\*\*\*

Корректор *Молдашева М.*

\*\*\*

Сдано в набор 4/II 1946 г.  
Подписано к печати 29/V 1946 г.  
Тираж 15000. УГО1612.  
Издательский № 15.  
Объем 49 п. л. + 14 вклеек.  
Уч. авт. листов 35.

\*\*\*

г. Алма-Ата, Гостипография № 1 Управления  
Полиграфии и Издательств при Совете  
Министров Казахской ССР. Заказ № 205.  
Вклейки отпечатаны в Гостипография № 2.

\*\*\*

Цена 40 руб.  
В лидериновом переплете 50 руб.



51

NO TO  
DYE

40

